# Софы Сматаев

2





***Не тындырдым,***
***Не бітірдім,***
***Не бердім?***
***“Ел!” деп соққан жүрегіме сенер кім?***
***Мүмкін әлде көкте Күн боп жанармын,***
***Мүмкін әлсіз шырақтай бон сөнермін...***

АЛМАТЫ 2008
"ЕЛ-ШЕЖІРЕ"

# Софы Сматаев

*Көп томдық*
*шығармалар жинағы*

**2 том**

# Софы Сматаев

## Аймаңдай

*Повестер,*
*әңгімелер*

ББК 84 Қаз 7-44
С 52

Сматаев С.
С 52 . Аймаңдай. Повестер мен түйсіктер. - Алматы: “Ел-шежіре”, 2008.
**Т.2.** -432 б.

ISBN 978-601-7011-43-7

Мамандығы инженер-металлург әрі қара сөздің майталманы, белгілі қоғам қайраткері Софы Сматаев Мәскеу, Тула, Теміртау зауыттарында от пен шоқтың арасында шойын құюдың да, адам танудың да мектебінен өткен. Оның “Алау” повесіндегі жас маман Сапар қаламгердің бейнесін қайталайтыны хақ. Ал “Дүние өтерінде шыр айналды” повесінде атақты Біржан сал ғұмырының қасіретке толы соңғы үш жылы суреттеледі.

ББК 84 Қаз 7-44

С $\frac{4702250201}{00(05)-08}$ –2008

Шетская
центр...ская
библиотечная сеть
16471

ISBN 978-601-7011-43-7

© Сматаев С, 2008
© “Ел-шежіре”, 2008

# П О В Е С Т Е Р

## ДҮНИЕ ӨТЕРІНДЕ ШЫР АЙНАЛДЫ...

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Жүйрік домбыра күмбірінің күрмелгеніне де үш жыл болды.

Жазғытұрымғы шуақ та, жаңадан қылтиып бой көтерген көкті майда сипай жететін қоңыр самал да оны сергітер емес. Аяқ-қолды тас құрсаудай шырмап буып тастаған қыл арқан сәл қозғалса, жанын көзіне көрсетеді. Содан запыланған ол қыбырсыз отырып, нұры тайған көздердің қарашығы ойнамас күңгірт жанарымен бір нүктеге ұзақ телміреді.

Адам өмірі о баста оған мәңгі таусылмас, бітпес ғұмырдай сезілуші еді. Енді барлап отырса, сол аяқ-тамас дейтін тірліктің соңғы қақпасын жапқалы тұр. Бәрінен де бұрын қуаныш-қызығынан да, қайғы-қасіретінен де бөлек осы бір ақтық ажал сәтінің тағы қайталанбай жетері әрі ойлантатын да, әрі сол ойымен еріксіз берік байламға жетелеп, іштей көндіретін де тәрізді.

Көктем шіркін тіршіліктің желпініп, желкілдеп өсер бастауы ғой. Жан-жануар біткен өлі жүнін түлетіп, жаңа көктемнің жаймашуақ нұрына бой ұрғанда, құрсаулы қолын қозғай алмай, үнсіз ой қудыратын дәл осы жазғытұрымын бұрын-соңды кездестірмеген қимасындай көре ме, қас қағымдай шаққа сонау, сонау бір кеуденің түкпіріндегі әлдебір қуысынан үрей аулайды. Сол-ақ екен, тұла бойын түгел дірілдетіп, бақайшақтан жоғары өрмелеп келіп, суық қорқы-ныштың тарамыс саусақтары алқымына тас кенедей жабысады. Жабысады да, осынау соңғы көктемінің құлпырып оянған қызыл-жасыл қызғалдақтарын көз алдына төндіре тақап әкеліп, өмір көксегіш қазымыр аңсаумен қош-қош айтар сағатының жақындап қалғанын қоңыраулатып тұрып және қинайды.

Рақымсыз тірлік қуатын ұрласа, әлсіз үміт ақырғы шырағын да өшіріп алыпты. Содан ба, талайдан бері өзін-өзі о дүниеге дайындап, қиялмен қиямет асуын жиі-жиі елестететін. Кей-кейде осы торығу мен түңілуден сәл айығып, өткен күннің мұнартып көлбеген сұлбасымен қауышып, ой шырағы жанғандай көзіне нұр жүгіретін. Сол кезде жанары жасаурап, ерні жыбырлайды. Әлдебір құштарлықпен ішкі зейіні еміс-еміс шалып қалған бір әуенді бал сорғандай тамсана созады. Ондайда домбырасын іздейді. Шырмаулы қолын жұлқып-жұлқып қалып, жарасының аузын ашып алады. Сыздықтаған қанға да, жанына батқан жараға да қыңбайды. Баяу басталып, бірде шұғыл, бірде тосаң саздарға ілесе күбірлеген еріннің уілінен асқақ сазға ауысқан өз халін де аңғармайды. Лезде қаяулы жүзі сан құбылып, бір нұр, бір жалынмен алау атып, сонау ешқашанда ұмытылмас уазипалы шағын қайта кешкендей жүрек лүпілінің дірілққан ынтығымен қоңыр саздың әсем нақышына сүңгіп кетеді.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің...

Ән шырқағанда, көңіл шешіледі. Қай-қайдағы ойға түседі. Ащы күйік намысты бұрқ еткізсе, сол намысты өршіткен содыр соққысы отыз жыл бұрынғы бар бояу-бедерімен көлбендеп оралды...

1865 жылдың жазы. Көкшетау қаласы үлкен әбігер үстінде. Омбының генерал-губернаторы дуанға келеді деген хабар қала ұлықтары тұрмақ, бүкіл бір ояздың даладағы бай мен биін, болысы мен шонжарын да төрт аяғынан тік тұрғызып, дүрбелеңге салып қойды. Осынау қалың елді түгел қозғап, шаруасынан қалдырып, қаракет-тірліктен бөліп, одағай жеткен әбігер хал Ақ-сары Жанбота болысты да титықтатып тастады. Алыстағы ауылдардан алтын үзік, ақ отауды іріктеп, сайлап алғызып, қаланың шыға берісіндегі ат шаптырым шалғынды жазыққа қаз-қатар тіктіріп жатыр. Шетінен сегіз қанатты, ақ жүннен басып, күйген сүйектің күлімен бояған үзік-туырлықты, сүйегі



шомбал, қыпшақ иінді киіз үйлер Жанботаның бай-лығын да, атағын да алыстан айбарақтай танытқандай. Генерал-губернатордың жолы түсіп, ел арасына ар-найы шыққан ұлықтық ілтипатына орай қазақ жуандарының сый-сыралғысы да осындай бақас-тықпен жарыса орнап, жағаласа бой көрсетіп шыра-шыға келді.

Азнабай болыс Жанботаның көл жағасындағы бытырата шашылған қаз жұмыртқасындай ақ шаңқан үйлеріне ат үстінен шаншыла қарап қойып, басқа әрекетке көшті. Генерал-губернаторға төңкерілген тостағандай бөлек-бөлек орналасқан қазақы жай таңсық емес. Сондықтан, бірнеше үйді іркес-тіркес жалғастыра тіккізіп, ақ патша ағзамның қадірменді ұлығына лайық қала тәртібімен ұзыншалатып “қабыл-дау кеңсесін” сайлатты. Көгебай бешпентінің етегін ат сауырына жайып жіберіп, доғал саусағымен дөң мұрнын сипап қойып, қадау-қадау бұйрық береді:

Қорасан кілемдердің оюы біртүстілерін аяқ астына төсеңдер. Ұзын көше болсын. Табалдырықтан төрге дейін жайыңдар!..

\- Жанботаның жігіттеріндей болбырап қал-ғандарың қалай! Тез қимылдаңдар! Керегенің көгінің шытырашын жақсылап сүртіңдер. Көздің жауын алатын болсын!..

\- Анау қоңыр туырлықты қайдан алдыңдар? Аулақ! Әкетіңдер! Жанботаға апарып беріңдер, жыртығына жамасын...

Болыстың сөзіне қасындағылар түгел даурығыса күлді. Әсіресе Жанботаны қыжырта тиіскен Азна-байдың бәсекелес сырын білетін үзеңгілестері аяқ астынан ермек табылғанына қуанып, қызғаныш отына май үстей түседі.

\- Ойбай-ау, біздің мырзаға ілесем деп, байғұстың таңы айрылатын болды.

\- Қайтесің енді. Жанбота бота екенін білмейді. Бота екенін білсе, бураға қарсы шығар ма еді!

\- Әлін білмеген әлек деген осы-ау!

\- Е-е, ботамын, боспын дер ме ол. Бүріп, жұлып тастардай құтырарын қайтерсің!

Кең көгалға жайыла, жапсарласа қонған екі шоғыр

ауыл кеш түсе саябыр тапты. Әлгінде қазбауыр бұлттан сеуіп өткен өткінші жауын шаңды басып, маңайды тегіс шайып, тазартып кеткен еді. Жұпары аңқып, еркін тыныстап тұрған табиғат аясына кенет шарықтап ән көтерілді. Көкжиекке шаршап жетіп қонақтаған күннің алауымен батыстан шашырай тараған қоңыр қызғылт сәуледен сол ән нұр боп, сыр боп құйылып жатқандай.

Жұрт тегіс ән шыққан үйге дүркірей ағылды.

Жасты көзін сығырайтып кимешекті кемпір белі бүгіліп, бүкеңдеп барады. Қос етек көйлегін дөңгелетіп қыз-бойжеткен шұбырады.

Қара мақпал жеңіл шапанды желбегей жамылып, сері жағалы ақ көйлектің омырауын ағытып жіберіп, кең жазық мандайлы әнші жігіт оқалы тақиясының жібек шоғын ырғалтып, құйқылжытып ән шырқап отыр. Қиық қара мұрты жылтырап, жұқа жүзге әлдебір нәзік күлкі тектес рең жүгіріп қалың жұртты сілтідей тұндырған әнші ойнақы, жеңіл әуенді балдай созады.

“Дүниеде мұң жоқ. Уайым-қайғы жоқ. Шаттық бар, шадыман тірлік бар. Күліп өтейік, күлдіріп өтейік. Нұр аулаған ынтықшыл көңіл сарыжайлау мекенін қызық пен думаннан ғана сайлайды. Ыстығы-суығы аралас, оты мен ойыны көп желең шақ алпыс екі тамырдың түгел иіген құмар аңсауындай емес пе. Теңселіп барып, лықсып қалып жол беретін ән мен әуен - серінің серігі ғой. Ескек желдей құтырып, атой үніндей дауылдап, шығандап барып атырап пен атыраптан мың сан қауымды дүрілдете тік өргізіп әкелетін ән құдіретін мен тапсам, ол осынау шуақ көңілдің алаңы жоқ тазалығынан ғана болар. Саумал көлдің майда желпіген лебіндей қалың жұрттың жүрегіне тұнған киреукені серпіп бір кетсем, сергітіп бір тастасам, одан артық сыбағаны қалар ма едім. Қыз ерніне үйірілген сұлу күлкіні сыбырлаған бұлақ үніндей ақтартып жібере алсам, одан арғы өмірде нені іздермін. Іздерім жоқ. Сол өзі жетеді. Әнмен уантып, әуенмен көңіл көлеңкесін қуалай білсем - дүниенің басқа бәсіне таласарым болмас-ау!”

Әнші жүзіндегі дәл осылай балқыған ырзалықты таныған қошеметшіл қауым елти түсіп, ынтыға



қаумалап, риясыз көңілмен ден қояды. Әннен уаныш пен жұбаныш тапқан көпшілік тамсанысып қалып, ұйып тыңдап тұр.

Көңілді әннің бірінен соң бірі кетті. Екпінді өршіл ырғақ та, назды қоңыр майда әуен де, еркін ерке нақыш та кезек ауысып, жүрек сырын талмай шертеді. Тіл-көмейден бал алысқан жастық жайлаудың қайталап жетіп, әлі талай жалынды түнді кездестіретінін толқынды тыныспен алау дем, жалын лептей үздіктіре бұралтқанда, іштегі-сырттағы тыңдаушылар жасаураған көздерін жасыра беріп, шынашақтарымен жүздерін елеусіз сүйкесіп қалады.

Аузы ашылып, бар ынта-бейілін әншінің қимыл-қозғалысына бағыштағандар тіпті көп.

Өңі сұп-сұр боп, қамшысын екі бүктеп ұстап, әлденеге сабырсызданып, ақшулан сақалының дірілін баса алмай, қара көзде қызыл от шашқан кейбіреулер тыпыршып сырт айналады.

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса...

Ән өрлегенде, кеуденің көп түкпірінен бас көтеріп небір әдемі, сұлу суреттер туындайды. Ынтызар жігіттің қауіп-қатерге бас тігіп, нар тәуекелге бекінген мәрттігі қандай! Жылап тұрып, күле білер ерлігі қандай! Көп қақпа, мықты торуылда қапаста отырса да, дүниенің бір жұтым шипалы ауасындай еркін қызығын аңсап, армандап жанып тұрып “сертке серт!” деген асық қыздың құрбандығы қай-қайдағы қиырдан жалғыз жылтыраған сәуледей боп жалт-жалт қаратпай ма!

- Уай, көп жаса!
- Мәртебең аса берсін, азаматым, ардақтым!
- Тағы да, тағы айт!
- Бізді қуантқан сені құдай қуантсын!

Әнші сәл тыныстап, шәйі орамалын желбіретіп маңдайына басты. Бетін, көзін сүртті. Домбырасын қайта қолға алды. Шалқақтап кеудесін көтерді де, бір сәт маңдайшаға шаншыла қадалды. Сәл елжірей жымиды. Ешкімге қарамай басын изеді де, құп алған көңілдің ілтипатымен тағы бір әнді шырқап кетті.

Азнабай өзіне жеке тіккізген ақ ордасында қымыз алдырып, тыныстап жатқан. Манадан ән шыққанда елеңдеп отырған жандайшаптары азайып қалғанын енді байқады. Сол-ақ екен, кеудесіне қызғаныш еніп, шала бүлінді. Етті келген қара бұжыр бетте толқын жүгіріп, бітік көздерге ашуға мінгенде оралатын ызғарлы сес ойнап шыға келді.

Қазақ бәсекесіз жүре ме. Қарсыласының қара күшігі қаттырақ үрсе де, қағанағы қарс айрылатын кәрлі болыс жамбасының астынан шақшасын суырды. Тығынын бұрап ашып, қос шөкім насыбайды ерніне тастап-тастап жіберді.

“Мына заржақтың қылғаны-ай! Әлден-ақ айна-ламды айтақырлап жатыр. Ертең жандарал келгенде, шошайып қарақан қу басым қалса, атақ-беделден жұрдай екен деп кетпей ме. Әй, зымыстан-ай! Әй, кәпірстан, Жанбота-ай! Мен тас санасам, сен құм санайтын зымиянсың-ау! Ырду-дырдумен алдап, атағыңды өткізбексің ғой. Көрерміз. Сенің шаңы-рағыңнан өрген ән менің ордамда қалай құбылмас екен. Сенің артыңнан бұралқы иттей еріп келген заржақ немеңді менің жылмаңдаған тазыдай қарғы-баулап жетектеп алғанымды да көрерсің...”

Дауыстап поштабайын шақырды.

Ашулы жүздің әр түгінен от атылғанын көргенде, көңіліне күдік аралас қорқыныш енген поштабай ұстарамен сыпырған тақыр төбесін төмен тұқыртып, дағдылы әдетімен қаһарлы иесінен бұйрық күтіп, қыбырсыз қол қусырды.

Жамбастап жатқан орнынан ырғала көтеріліп, Азнабай сыртқы тоңы салмақты, етженді денесін обадай қадап алды да, сыз тартқан өңін жандайшабына бұрды. Бұл - доң айбат емес. Бұл - ызғар. Сұр бұлтты күздің қара желді қарашасындай бұйрық кескіні. Соны көрген поштабай бүгіле берді, бүгежектей берді.

- Әй, анау заржағың кім? Кімді басынады!

- Ол - Біржан сал ғой. Атақты Біржан ғой, - деп, поштабай бір сәт басын көтеріп, көз салып еді, болыстың зәрлі қарасынан тайсақтап, қайта тұқырды.

- Біржан болмақ түгіл құдай болса да, ұлуын тоқтатсын! - деді де, Азнабай қисая кетті.



- Апыр-ай! Ол шіркін көнер ме... Көне қояр ма... Оны түлетіп отырған Жанбота қырсыққой. Шабынан түрткендей... - дей бергенде, Азнабай басын жұлып алды. Шатынай қарағанда, поштабайдың жаны мұрнының ұшына келді.

Ендеше, бұйрық етем. Мында әкел! Дәл осы ордаға әкел! Битін сығып қанын жалаған кедейдің мал көзіне біттпей ме. Жанботаның бір беретінін мен үш есе ғып төлеймін. Қасындағыларын да қарқ қылам. Қарайлама. Дәл осымды ұғындырып жеткіз. Жетпесе, ар жағын өзің біл! Сенің қолыңнан кім алар екен. Жауабын өзім берем. Бар!

Содан кейін ішіндегісін түгел ақтарып алғандай қалт тыйылды да, түйіліп отырып қалды. Түнеріп, түгі түгел бозарып, томырық ашуға берілген болыстың үлкен қаһар жиып, суық сұмдыққа бейімделгенін анық сезінген поштабай енді ләм деп үн қатпай, бестемше қамшысын мытып ұстап ап, үйден атып шықты.

...Зор дауысты әншінің үнінде ынтығу, аңсау бар. Жан сырының еміренуімен толқып кеп, ұмтылып кеп ақтарылуы, ашылуы бар. Сый-сұқбат тапқан қос жастың дүниенің бар асылына теңгермес жан жарастық күйі осынау жазғы түнде, жайлау төрінде келгені қандай ғанибет. Ғиззат көңілдің бар риза, шүкір-лігімен, бар ынтызар, бейілімен табысқанына мақпал түннің майда лебі тілеулестік білдіргендей екен. Қылдай нәзік, тылсымдай берік куәлікпен іңкәрлік тапқан қыз-жігіт барлық болмыстан бөлектеніп, әншінің сәнді үнімен жаңаша бейбіт шадыман отау құрып, ерке тоты нақышпен сыңғыр күлкісін төгіл-теді... Біріне-бірі сенеді. Сеніп тұрып өмірден күлкі ғана аулайды. Қорқыныш пен күдігі, уайым мен сергелдеңі жоқ сүйісер жастың қуанышы, қызығы таусылмас алтын табылдырығына иыққа иық тірестіре, шарпыған демге ыстық жалын лебін қосып, қатарласа аттап барады...

- Апыр-ай, асықтық деген құдірет-ау!

- Жақсы тілек айтты-ау. Ылайым, қабыл болсыншы!

- Оны айтқызған әнші ғой!

- Әншіге де, әніне де рақмет! Бір марқайдық!

- Шіркін, әриайдайды ыңылдаған Бошан қойшының қойыртпағын тыңдап келген құлағыма болайын.

- Қайтелік, кім бізді елеуші еді. Қарағым Біржан, шынды, сырды: тауып айтып мына жаман ағаларыңды бір жасартып тастадың. Сен ән айтқанда, мен тасып отырдым. Алғысымнан басқа берерім де жоқ. Батаменен ер көгерер. Өнерің, өрлей берсін, - деп, босаға жақтан елтірі тымағын желкесіне қарай ысырып жіберіп, жүрелеп отырған мосқал кісі орнында бір қопақтап қойды. Біржан әлгіге өткір көзінің ризалық тұнған жарқын қарасын жалт еткізді де, жымия түсіп басын изеді.

Осы кезде үйге Азнабайдың поштабайы кірді. Жайшылықта еліріп зәрін шашып жүретін пысықай жігіттің едірең мұртына күлкі қонақтап, сол мұрты жапсырып қойған жабағы жүндей еп-ерсі көрініп, әншіл қауымды дүр шайқалтты.

- Армысың, әншібегім!

- Сәлемшіл болсаң, төрлет.

Поштабай бірі ығысып, бірі кейін сырғып орын босатқан кісілердің арасымен өтіп, салдың дәл қасына бір тізерлеп отыра кетті. Пұшпақ бөркін қамшысының сабымен түртіп көтеріп қойды да, қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған тайқы маңдайын сол қолының сыртымен сүйкеп тастады.

- Біржан, мен саған келдім. Жұмсаған - Азнабай болыс. Менің айтарым: сен ән айтудан жалықпайсың. Үйткені, сенің қуарың да, қаузарың да әләулай. Мен айтсам, Біржан, сен қалған өлеңіңді біздің болыстың ордасында отырып айт. Азнакең аянбайды, аямайды. Тақымың толады, жетегіңе ілеседі. Осыны айт деп жіберген Азнабай болыс, - деп, соңғы сөздерге айрықша екпін беріп поштабай қадалып тоқтады.

Біржан үндеген жоқ. Үлкен көздердің қан шегір қарасындай қиғаш қиығымен әлгіге серпіп қана көз тастады да, домбырасын шертіп кетті. Лекілдетіп, түйдек-түйдек жететін қызуы мол күйді бармақ астынан бипаздата саумалатып алып және бір әсерлі әуенді шырқай жөнелді.



Бар жиын: Жанбота да, поштабай да, басқалар да қыбыр етпей үнсіз тыңдайды. Тұла бойды тылсымдай баурап, шіміркендіре жететін ыстықтолқын шым орап әкетті. Осынау толқын әншінің балбұл жүзінен тарайды. Он саусақтың сері домбырадағы жүйткуінен төгіледі. Қызыл ерін, қара мұрт, ақ тістердің ерекше үйлесімді сұлу-сәнді қимылынан түзіледі.

Есілдің ар жағында көрдім сені
Сырғанды қайық қылып өткіз мені...

Қайырмалап, қайтармалап үздігетін жүрек жарды сырды сырбаз әуен бірде қалқыта созып, бірде баяулата есіп мол жиынды үнсіз табынтады. Сырттағы қыз-келіншектер мынау алпыс екі тамырды түгел идіріп, өне бойды қыл бұраудай құрсап алған сиқыр саздың жеңіл лыпыған ырғағын әлдебір жүйрік көңілмен тап басып сезіне ме, құралай көздері жаутандап, жасаң-ғырап ортада өрт пен от тұрса да, шын теңі дәл осылай үзіліп шақырса, еріп кете беретіндей үнсіз ғана “аһ” ұрысады.

Бірақ осыншама дүйім көптің емен жарқын ықыласына бөленген Біржанды жалғыз ғана адам атарға оғы болмай, іштей қатты қыжыртып отыр. Ол-поштабай. Қамшысын қымтып алып, тісін шақыр-шұқыр қайрайды. Еркелікті көтеретін ерлік қайда, келтекті тентек қатты шырқау үннен құлағы тұнғандай шоқша жирен сақалын тұштаңдатып айналасын-дағыларға сүзіле қарап қойып шала бүлініп, жарылып кетуге шақ тұр еді, ән бітті.

Поштабай әншінің тізесінен ұстады.

- Біржан, тағы айтам. Пайдаңды біл. Жерде жатқан мал жоқ. Жаман ырым жасама. Кердеңдік сені мен маған жараспайды. Барға, байға ғана жарасады. Қане, жүр. Жүре ғой. Азнабай алдыңа айдап салады.

- Жарқыным, мен байлық қусам, баяғыда-ақ Азнабайыңды екі орап алар едім. Ол мұрат емес. Ал бірақ мені кедей деп кім айтты. Ақпанда азынаған аяздай Азнабай құдайың дүйім жұртты дәл мендей бір серпілтіп, сергітіп көрді ме. Ендеше, сен мені байытам,

жарылқаймын деп босқа тыраштанба. Ноқтамды беріп қойып, басқаның аяғына бас ұрар осалың емеспін. Сырттан бар жақыным жаттай көрсе де, жақындап кетсем жатым да жақыныма айналады. Өлеңіме еміренген жұртым, өлімімде оқшау қала алмас. Олай болса, сауын айтып олжа жимай, ән салып көңіл ашсам, Азнабайың өмір бойы түсіне алмас бір құдіретке бойлағанымнан да шығар. Кескекті төбеттей айтақтап қосқан қожаңа дәл осымды бұлжытпай жеткіз. Жігіт қадірі өнерімен өлшенер. Сен білмегенді әне анау ағайыным айтты. Халқым айтты. Тәйірі-ай, кедейлігімді бетіме басып, кескектеп айдап апарам деген күштілігіңе болайын. Қысастың әндем жетерін білмесем, ашуға құрық созар ем. Онда ырылдаған ит қасиетінен басқа не табар ем, - деп, ызалы мысқылмен езу тартқан Біржан домбырасын қайта шертті.

Поштабай сәтте күрең тартты. Едірең мұрты қара қоңыздай тоңқайып, жыбырлап сала берді. Жалтақтап жан-жағына қарады. Өзіне қадалған көздерден кекесін, мысқыл, әжуа қарастарды анықтанып, бүкіл денесімен шұғыл көтеріле берді де, қамшысын құлаштап қайырып алып, алдында қаперсіз отырған әншіні тартып-тартып жіберді. Тартып-тартып жіберді де:

- Көзіңнің еті өскен екен, жаман сасық кедей! Кімді басынасың! - деп домбыраға жармасты.

Отырғандар өре түрегелді. Қасқырша тап берген қас қимылды танып қалған көпшілік поштабайды дырылдата сүйретіп есіктен тысқа атып жіберді. Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шыққан есерсоқ немеге жауып кеткен жұдырық пен тепкіде есеп жоқ.

Біржан домбырасын құшақтап орнынан жұлқынып тұрды. Өмірінде алғаш рет басқа тиген сұмдық соққысы осы болар. Иісі қазақтың қай аулына барса да, атынан көтеріп түсіріп, аялап алақанда ұстайтын серісі туғалы көрмеген қорлығын бүгін көрді. Іштей бір сөз, жалғыз сөз сан қайталанып, миына шақ-шақ тиеді. "Қорлық! Қорлық!" Көзі түк көрер емес, қанталап сала берді. "Ұрды-ау! Кеудемді бастырмаған асқақ ем, басыма сұмдық соққы тиді-ау! Бұдан өткен қорлық бар ма? Ішімді өртеген жалын денемді қорлық боп шарпи ма? Одан да неге біржолата жоқ



қылмайды. ұрды-ау! Азнабай содырдың жаман құлы ұрды-ау! Әттең-ай, неге өліп кетпедім! Неге?..." Осы бір удай ой әншінің бар сезім-түйсігін шырмап алып, құрсап барады. Тұла бойда алдымен әлсіз діріл жүгіріп, сәл-сәлден кейін денесін түгел қал-шылдатып әкетті. Үзік-үзік ой баурайды. Бірде ашу, бірде қорлық қамайды. Осы екі қызу жалынды сезім кезек-кезек арпалысады. Дүние - алау, дүние - өрт. Өртеп, күйдіріп барады. Қинап, қорлап барады. Ын-тықтық, пәктік жайлаған болмысы алдамшы сағымдай сусып ұстатпай кетті де, кеудеге жалын аралас өксік пен өкініш оралды. Қамығу мен күрсіну жетті. Ах ұрған көкіректің ыстық лебі жалғыз ғана "қорлық!" деген сұмдық сөздің ызғарынан қалтырай суынып, асқақ жанды өлермендікке жетелейтін де тәрізді.

Тірлікте ауыспалы, айнымалы жағдай кеп. Өзін қоршаған ортадан қызық пен шадыман күткен сал Біржан қас қағым сәтте ғана осы ортаның көптен анталап кеп, ырылдап жетіп, кіжініп ашылған қаскөй түрін көрді. Ашынып, запа шегіп, жаза кешіп көрді. Арман деген ақ ниеті қара көңілдің қанды шоқпарымен көміліп кететін болса, күншуақта отырып қыс ызғарын сезбеген нәрестедей алданып қана келіпті. Қадыр тұтқан тілегі, іштей мәпелеген іңкәрі жалп-жалп өшкен бұл тұста әнші тез опырылып, кең маңдайға ұзарып тереңдеген қос сызықты қат-қабат түсірді.

"Неге тудым? Осындай қарғыс соққысы тиер болса, о баста тумасам етті. Мақтан етер азаматы болсам, мені мынандай қорлыққа батырып отырып, жұртым қалай шыдайды? Үндемей, бір бұлқынбай өмірден өгейсіп өте бергені ме? Қысасты кім тыяды? Жауызды кім ауыздықтайды? Мұңым, жоғым бір халқым қара көрсете алмаса, жалғыз қара мен не таба алам? Не таба алам?.."

Талықсып, булығып демі үзілердей қиналып тұрған әнші тысқа жүгіріп шықты. Кермеде байлаулы тұрған атына қарай асыға адымдап барды да, қалт тоқтады. Үндемей кете берсе, ақындық сүйегіне түскен таңбасы мәңгі-бақи бірге ілесетіндей сезілді ме, ақ ордаға шұғыл бұрылды. Қара көздерге кекшіл уыт оттары оралды. Жас тыйылды, діріл басылды. Біржан сал

табалдырықтан аттағанда, сері домбыра ашулы күмбірге ауысты. Күйік шағу емес, күйінішке кек ату күмбірі. Сонау зеңгір көктен құлдилап, тас түйін боп шүйіліп түсетін қаршыға болатын. Шығандап барып-барып, оқтай құйылатын. Әнші даусы дәл солай аспандап шырқап тұрды да, лек-лек толқынымен намыс боп, ыза боп, қарғыс боп төгіліп-төгіліп кетті.

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің.
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды қалды тартып.

Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,
Намыстан, уа дариға, өлгенім жоқ .

Асқақтап басталған шер шеменнің куәгері - асау ән асау қанның намысшыл тасуымен шырқап көтерілді де, бірте-бірте майда баяулап, желпи есе жөнелді. Лапылдап тұрып өкініш айтты. Жалындап тұрып өкпе тақты. Түкпірлі алыс ойлардан ауыр-ауыр кінәларды тұспалдап: жеткізіп, бай-бағлан Жанбота, Қарпықтарға шаншылып жатыр. Оқыстан атқан оқтай түйреп түскен адуын әуен Жанбота болысты бір бозартты, бір күреңітті. Жетті де, жерге қаратты. Ән айналадағы қауымды түгел қоздырды. Жұдырықтар тас түйіліп, қабақтар қарс жабылды. Қолдан келер дәрмені жоқ қара халық әншіге тиген соққыны өздері көтергендей іштен тынып, үнсіз томсарысады. Әннің өршелене шығып, қиналып баяулаған тұсында ашулы кеудеден күрсініс атып, қатты ширыққан қалың ағайын, қарапайым жұрт тым-тырыс қалып, қабақ аңдысады. Үн шығармай жас төккен қыз-келіншектер аяулы жанды қатты аяп күйзеліп тұр. Қапа-қасіреттен ақтарылып жатқан намыс үні мен кек қыжылындай



оқшау өнді бар жүрек қанымен, ынтызар жанымен тілеулес, дерттес боп қабылдайды. Жәіііл жауыздыққа қарсылық танытқанмен, қару көтере алмай және булығады.

Жанбота тықыршып отыр. Күрең жүзде шып-шып шығып суық тер білінді. Май басқан томпақ көздер аунап кетіп, қалың кабақ астында жасырынып жатыр. Өн бітпей, әнші тоқтамай ашылмақ емес. Қалай ашылады, қай түрде жалт береді, әзірше белгісіз. Айып-тыны таныса, ғазиз жанның сырын ұғар-ақ. Түршігіп, шошынып тұрған көп жүректі сабасына түсіріп, әділет, адалдық табар-ақ. Әзірше болыс көздері тас қорған, терең шыңырауда. Жалпақ беттің түгі тірілген қы-бырсыз қалпында майлы бітік жанарлар енді қайтып ашылмастай суық ажармен көміліп кетіпті.

Біржан домбырасын бебеулетіп желдіртіп алды да, жан жарасынан сорғалаған күйігінен туған “Жан-ботасын” шерлі үһілеуімен бітірді. Үндеген жоқ. Үяты, ары болса, ашпаған сыр, айтпаған уәж қалмады. Ендігі сөз артық. Соны болыс түсінсе, шақпақ таңба әншіге емес өзіне түсерін сезер-ақ.

Жанбота көзін ашып алды. Көзін ашып алды да, ұзын сызық қос шоқты шашып-шашып жіберді. Майлы бітік көздер - қанталаган қос сызық қана еді.

— Әй, жетер! Тоқтат! Осы ұлығаның да болады. Шағым айтар сен сондай-ақ кім едің? Жөніңді біл! — деп, ақырып қалды.

Әнші сәл аңтарылып, қуқыл тартып түрды да, кенет жүзіне қызыл жалындай бояу жүгіртіп, құбылып кетті. Әлі де болса, әділдік, билік, туралық күтіп тұрған ез халіне іштей ащы мысқылмен ызалана күлді де, домбырасын және бебеулетті. Отты қараста енді ашыну мен жирену бар. “Апыр-ай, мынау нагыз жыртқыш қабақ зұлымдықтың өзі ғой. “Қарға қарғаның көзін шұқымас” деген қайран даналық қалай тауып айтыл-гансың. Азнабайдан мазақ көріп, сенен көмек күткен мен байғұс мықтап адасқан екем-ау. Бай байта, сай сайта құяды. Азнабаймен бәсекеге түскеніңмен, мен үшін қырғи қабақ болмайтының белгілі. Намыс дерті мені басқанымен, сенің аспаныңа бұлт оралган жоқ окон. Ендеше, “бас жарылса бөрік ішінде, зарлар,

зарлар да басылар” дейтін шығарсың. Олай болса етіме тиген соққыны сүйегіңе кетпестей қып таңбалап берейін. Шынды сыр қылдым ғой. Сол сырым мұңымнан өрген кегімді қамшы ғып сілтесін. Сілтесін-ақ!”

- Уай, Жанбота! Мені ұлыдың дедің ғой. Ұлығаным рас. Ұлытқан Азнабай мен сен! Біріңнің қорлығың, екіншіңнің зорлығың өтті. Қалай адасқам. Сендерден рахым күткенше, қара тастан ізгілік іздесемші. Өнеге болар қай қылықтарың бар еді. Үлгі шашар қасиеттерің де жоқ. Кеш білсем де, анық ұқтым. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Қай қадір-құрметіңе сеніп ілесіп едім? Ол құдірет сенде жоқ екен. Әттең кеш біліп, адасып келгеніме өкінем. Қатты адасып келгеніме қапаланамын. Бірақ, енді адаспаспын. Ендігі мақсатым - адасқандардың көзін ашу болар,-деп, майда қоңыр бір сазды бастап кетті.

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Жиылысы жандаралдың болады деп,
Жанбота, мазамды алдың ала жаздай.

Айтады Біржан өлең ентелетіп,
Біржанды халқым қойды еркелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдыңда
Біржанды қойғаның ба желкелетіп...

Ән бітті. Жиын үнсіз. Әнші кілт бұрылып үйден шықты. Ән мен өлең сөзді қабат өріп, өр қиялы тудырған құдіретпен азулы болысты жермен-жексен етіп кеткен Біржан салға риза болған жігіттер бірі тізгінін ұстап, екіншісі қолтықтап көтеріп аттандырып салды. Қос ішекті домбыраның күмбірі мен жез таңдайдың бұлбұл нақышы бүкіл атырау, алапқа жуансып келген паң көкіректі бір-ақ сілкіп, жермешел етіп тастағанын Көкшетау өңірі алғаш рет кездестірген еді.

Кеш батып қалған. Жайлаудың оты шайылмаған шалғынды құрағына көліктерінің бауырын сыздырып, батысқа маңдайын түзеген әнші тобы батып бара



жатқан күннің қызыл арай, қызыл алау нұрымен түйдек шоғырр жалынға айналып алыстап барады.

Салдың кең, маңдайы, үлкен көздері осы күңгірт қоңыр бояуда ерекше өзгеріп, ішкі ширыққан күйдің әсерімен "Адасқақ” әуенінің шалдуар, серпінді қайырмасын лекілдете қайталайтындай. “Сен астамсып едің, артықсынып едің. Шеніме келмей қалғаныңды ұға алдың ба? Қорғалап күн кешкен көп сорлыға ең болмаса бір рет қажыр қосар қаракет танытсам керек. Ылайым, әнімді атой қып өтермін-ақ. Бүгінгі тапқаным осы болды-ау. Адаспай таптым. Бұрынғы күнімді, бұрынғы адасуымды айғақ етіп мына әнімді "Адасқақ” деп атайын. Тілін безеп, жанын жалдап ел ақтаған ақын көп. Солардан сәл де болса оқшау тұрып, ел жүзіне қуаныш әкеле алсам екен. Жалғыз да болсам жауыздықпен жағаласып кетермін. Жол азығым да, жан азығым да әнім, тек қана әнім болар...” Әнші үнсіз. Әнші үнсіз болғанмен, ой жүйрік, қиял ұшқыр.

Осы шаққа шейін елемей келген көңіл түкпірінен тың арна ашты да, мына жарты әлемді жалын жалауға ораған күнге қарап келе жатып іштей серт байлап, көңіл жадыратқан қошуақ тыным тапты.

Бұл кезде Жанбота да, Азнабай да әрқайсысы өз ордаларының алдында ашу мен долылықтан іштері күйіп, не істерін білмейқыжырланып тұр еді. Жарты шеңберленіп жотаға шөге берген күннің қызыл бояуында қос жерде қос жаулық оты тұтанып, майлы беттердің жыртқыш жанарларында лапылдап тұрған-ды. Соны байқап қалған жас өспірім балаң жігіттердің бірі қыбы қанғандай сақ-сақ күліп алды да, “Жанботаға” басып жіберді. Әлгінде тез ұғынып, асыға жаттап алған уытты шумақтарды жіңішке өр даусымен құшырлана созады.

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық
Ішінде сегіз болыс шенің артық
Өзіндей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды алды-ау тартып...

Сарт-сарт қамшы ойнағандай асау ән бар жиынды елең еткізді. Ашу артынан өрбитін қатты қақтығыс

сесіндей толқынды күбір жұрт аузында құйындай ойнақтап өтті.

- Қайран Біржан! Қадіріңді білмеппіз-ау!

- Құдіретін енді ұқтық қой. Сен бастым деген кеудемді құдайың да аттай алмас дегені екен-ау мынау әні!

- Бәрекелді! Өркенің өссін, ұланым! Осылай шырқаңдар.

- Тоқтат! Өшір үнін!

- Жап аузын! Құм қаптыр!

Қос дауыс қос жерден ашу атып, ақырып-ақырып қалды. Қабат ұмтылған Азнабай мен Жанбота болыстар еді. Келген бетте әнші жасты дырау қамшылар ысқыра суылдап көміп кетті. Әрі күйініп, өрі қорланып тулаған қос бөрі бір-біріне деген бәсеке, бақталастығын ұмытып, алыс-жұлысқа бет алғанда тізе қоса қалатын қаскөйлік қылығын танытып, ырсылдай сілтеп жүр.

- Өлтіре ме!

- Уа, ұмтылыңдар!

- Жабылыңдар! Қарап тұрып кісі өлтіртіп қоямыз ба?

- Үндемегенге үрке береді дейтін шығар.

Дуылдаған көпшілік шын қызынып, қатуланып ызалы қабақ білдіргенде, екі жуанның қолындағы айбарлы қамшылар сылқ-сылқ түскен еді. Жанбота мен Азнабай бастарын төмен салбыратып, әрқайсысы өз үйіне ілби жөнелгенде, уынан айрылған өлі жыландай қимылсыз қолдарда әлгі дойырлар әлсіз сүйретілді.

Ұланның үстіндегі түйе жүн шекпені қырық өрім қызыл жолақ қанға боялған. Тәлтіректеп тұрған жас әнші сонда да мойитын емес. Ерні әлсіз күбірлеп ән жолдарын сыбырлай қайталайды.

Топ ортасынан жас қыз кібіртіктеп шығып ұланға жақындады. Дәрмені біткендей шарасы кең қара көздерін бадырайта ашып, жұмыр иегін кемсеңдете ауыр дем алып тұрды да, екі қолымен бетін басып ыстық-ыстық кесек жастарды төгіп жіберді.

Қараңғылық ұйыды, ымырт тез түсті. Жым-жырт тараған жұрт көңілді торлаған қара пердені анық



сезінгендей ұзап барады. Ұрпақтан ұрпаққа аманаттай етіп аялап, мәпелеп тапсырған жалғыз құдіреті ән болса, сол бағалысына сілтенген қысасты да көрді. Қиналып жүдеп көрді. Жаз шуағындай әсеріне қыс аязы енді.Бірақ аяз да өтер, ызғар да қашар. Келер күннің,мөлдір болашақтың лебізіндей саз туар. Туар әлі.Сондағы ұрпақ, сондағы жас бүгінгі “Жанбота”, "Адасқақты” емірене қарсы алар. Әншінің мұңын, мәнін ұғар.

Қара түн оралды. Мақпал көкте күміс теңгеліктер жылтырады. Далаға әр жер әр жерден ән тарады. Шындық жыры тыңдаушысын қатты таңырқатып бірде жеке, бірде көп дауыспен жаңғырығып Көкше өңірін аралап кетті.

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай...

* * *

Қол-аяққа қыл бұрау түскеніне үш жыл толды. Арқаның атырабына сыймаған өр кеуденің керегенің сағанағына байланғанына да үш жыл болды. Шорланып біткен ескі жараның орнын қанталап жаңа жара басты. Әнші көңілді мұң жайлады. Нәзік әуенді кеудеден қуып, шерлі толғау оралды. Уануды ойламаған, қасірет сімірген қапалы жанның көз алдына күңгірт кештей өлім суреттері елестеді. Ақырғы сағатын шыдамсыздана күтті. Сонау күндерде шарасына сыймай буырқанған жастық жалыны “ажал”, “өлім” деген ұғымды ескертіп пе еді. Күліп енген дүниесімен жылап қоштасатын соңғы сәттің көз ашып-жұмғандай тез жететінін қалай білмеген. Енді сол құтылмас тұзақтың дем-лепті сығымдап тауысып бара жатқанын сезгенде, “не де болса тезірек жетсе екен” дейтін бір ынтығу, асығуға іштей бой алдырғанына өзі де қайран. Бірер сәт қимылсыз қалып сыртқа телміреді. Көктемнің балауса шағы. Жұпар аңқиды. Жалбыздың, шайырдың, түйежапырақтың кермек иісі жетеді. Көктем-тірліктің бастауы, жас өркеннің

талпынуы. “Апыр-ай, мына көктемді тағы да бір көре алармын ба? Әй, енді көрмеспін-ау. Қарға адым аттап шығуға да зар болып тұрғанда, ілік етер күтерім не? Неге күтем? Нені күтем? Ынтығарым бар ма? Жоқ қой. Жетпеді ме күткенім. Ажалдан артық бостандығым, еркіндігім бар ма еді?”

Кеудеге суық леп шымырлап енгендей болады. Сол суықпен сап етіп белгісіз үрей оянады. Алқымға әлдене кептеле тіреледі. Нұры сөнген көздерге қорқыныш ұялайды. Сол сәт аспан төмендеп төбесіне құлайтындай, жер жарылып тереңіне тартатындай қайдағы бір құбыжық ойларға шым батады. Көкірегін қарс айырған арманындай, булығып жеткен өксік демдей шала есірік халінде сипап оралар әуені және бар. Соны еске алғанда, ерні жыбырлап, көмейден небір ән төгіледі. Өткен дәуреннің күй созып, үн салып тұратын мамыр шағы тағы да аударылып-төңкеріліп келіп, әншінің әбігері көбейген мына сұсты күндеріне кәдімгідей талшық болады.

* * *

Алыстан талықсыған күркір естілді. Алыстан ысқырта сілтеген бишіктей найзағай жарқылы жетті. Әлгіндегі сарғыш мұнар сәуле жұқара азайып, біртебірте сұрғылт реңге ойысты. Аз-аздан кейін батыстан етегі түріле көтерілген қара бұлттың орнынан қызғылт арай шашылды. Күн көкжиекке асылды. Кеш түсті.

Ауада дымқыл леп бар. Жауын бұлтын түйдек-түйдек жентектей қуып келе жатқан желдің өтіне ат басын қасқайта тіреп, бұлаңқұйрықпен жортқан жолаушы көз байланған сайын елсізде жалғыз қалатындай елеңдеуі көбейе бастап еді, иек астындағы жотаның ар жағынан әупілдесе үрген иттердің даусын естіді. Естіді де, жарау бестісіне қамшы басты.

Бес-алты қараша үйлі кедей ауыл екен. Сам жамыраған бейуақ шақта, тымырсық ауалы жаңбыр алдында сыртта қыбырлаған жан көрінбеді. Қотан үстіне келген жалғыз жолаушыны маң төбеттер шабаланып қарсы алды.



Ортадағы киізі бүтіндеу шағын төрт қанатты үйге жолаушы ат басып тірегенде, есіктен сақалы күректей мосқыл адам шықты. Түйе жүнінен тоқыған жеңіл шекпенін иығына желбегей жамыла салыпты, сол қолымен екі өңірін қаусыра ұстап тұрып, оң қолын көзіне төсеп, жолаушыға тесіле қарады.

- Қонақпын, ақсақал!

-Е-е қонақ болсаң, төрім дайын. Адасып келмеген боларсын. Қане, түсе ғой, шырағым, барымыз әзір, - деп тізгінге қол созды.

Қонақ отырысымен, ортаға от жағылды. Баялыштың жалп-жалп еткен жарығы жұпыны үйдің бар адамын кезектеп-кезектеп “көріп қал” дегендей бірде шалқып, бірде бәсеңдеп қалады.

Үй иесі елуді қусырған кең иықты қара сұр кісі екен. Биік төсекке арқасын сүйеп, малдасын құрып алып шақшасын тықылдатып, тырнағымен сүңгілеп отыр. Бір кез қос саусағымен шөкіп апарып, таңқиған танауларға насыбайды тығып-тығып жіберді. Сөйтті де, рақаттана түшкірді. Үй иесінен жоғарылау күпі жамылып ашаң кемпір бүк түсіп жатыр. Қара сұр өңі, таңқиған танаулары “мосқал еркектің анасы болам” дегенді айтқызбай танытқандай. Шүңірейген суық көздерімен әлгінде қонаққа шаншыла бір қарап еді, енді кірпігін айқастырып алып, әлде ұйқы, әлде ойға батқандай қыбырсыз қалыпты.

От жағып, су әкеліп, кешкі тірліктің қамына кіріскен орта жастағы әйелдің ғана ниеті түзу. Кіргенде басын изеп, ернін жыбырлатып, тіктеп көз тоқтатып, тәуір амандасып еді, үнсіз отырған отағасына жапақ-жапақ қарап, тықыршып жүр. Бұйрық берілмей, ыңғай көрсетілмей, өз бетінше қимылдай алмайтын әйел байғұстың мына кіріптар халін жолаушы да түсініп отыр. “Танымасын сыйламас” кейбіреулерді бұрыннан талай кездестірген әнші әйтеуір жауыннан паналар жылы орын тапқанына шүкіршілік етіп, шай-суын ішсе де риза боп аттанбаққа пейілденіп, тоқмейіл көңілмен қоржынына қол созып, қималы домбырасын алды.

- Ақсақал, жол серігім - жан серігім - домбырам еді. Ат баптаған сыншы сайгүлігінің қас-қабағына қараумен болатын. Айып етпесеңіз екі-үш күннен бері

мына шіркінді қолыма ұстамап ем, ермек болсын, шерте отырайын, - деп, шанағына сүйек қаптаған аспабын алдына өңгерді.

Үй иесі бейсауат қонағына бажайлай қарады. Құндыз жағалы бешпентіне, сусар бөркіне, сері жағалы, жеңіне желбірек салған жібек көйлегіне тез-тез көз тоқтатып өтті де, домбыраға ұзақ қадалды.

Неткен әдемі! Мынаны жасаған шебердің қолы алтын ғой. Сүйекті қалай ұстатқан! Қиюында бір мін болсайшы! Апыр-ай, мына жігіт тегін болмады-ау! Әлгі Батырхан қайда жүр екен. Қозысын қасқыр тамақтап кеткен қоңыр саулықты сойғызайын. Барыма ырза болар. Қырықтың бірі қыдыр деген. Сырлы, нәрлі сөзді қадірменді жігіт сияқты. Көңілімді берейін".

- Шырағым, түксиген қабақ, дөңкиген жотаны көп көрген пақырыңмын. Тұқымына пандық пен зорлық тимеген жуас атамыз. Өзім деп күле сөйлеп, күлімдеп қабақ таныттың. Осы бейіліңақ тойдырды. Ырзамын. Күйіңді де шерт, жырыңды да төк, еркің білсін. Серік дос санап жатсынбай жатқаның жақсы туысыңнан болар. Бітім-келісіңе сүйініп отырмын. Өнерің де өзіндей оза шауып, өрлей берсін, - деп шын ниетпен ырзалық еткен үй иесі әйеліне бұрылып әлденені сыбырлап бұйрық берді де, кесек денесімен түгел ойысып, қонағына ден қойды.

Осыдан кейін домбыра күмбірлеп, ән шарықтап кетті. Салалы ұзын саусақтардың сағалыққа тас кенедей жабысып нәзік әуенді балдай тамызғаны да, күміс сұлу әнді ынтықтыра созғаны да отағасыны, бәйбішені, әйелді үнсіз тамсандырды. Әйел жүзінде қан ойнады, жымиғанда екі бетінің ұшы шұңқырайып келісті жарастық шақырады екен, қызыл жүгірген қазіргі бәдені сонау алыстаңқырап кеткен аяулы көктемнің ынтызар шағымен қайта қауыштырғандай. Әттең, қол қысқалығы жолыңды бөгеген-ау. Әйтпесе, үлде мен бүлдеге оранған талай бай-бағланның көкілташынан артық екенсің" деген өкінішті ойды күрсіне ойлай ма, әнші бір сәт әйелден көзін ала беріп кемпірге қиыстайды. Кемпірге де жан кіріпті. Ақ шаңқан жаулығын оқшырайтып, басын көтеріп апты. Кимешегінің шытыралы жиегін кейін ысырып, оң



құлағын ашып, алақанын қалқалап ұйып қалыпты. "Айта түсші, әншібегім! Құлақ құрышымды бір қандырдың-ау. Қайбір ән мен әншіге шүкірана боп жүр едім. Өркенің өссін, өркенің өскір, азаматым!" дейтін елегізумен ұйып отыр. Өмір бойы қолға түсіре алмай жүрген қымбаты аяқ астынан оралғандай сезініп, тар үйді түгел толтырған әсем әуенді бар тұла бойымен сіміреді.

Үй иесі де үнсіз. "Дәл бұған дейін дүниеден жалғызсырап, іш пысқандай күңіреніп келмеп пе еді. Ақ қар, көк мұзда жылқы бағып құрығына сүйеніп ұзақ таңды ұйқысыз атырғанда, сықырлаған үскірік түн, тымырсық қара түн, ұйтқыған желді түн еңсесін басқанда, азулы жыртқыштай анталап жетер құбыжығы да осы жалғыздығы емес пе еді. Жортуыл жортақ, барымта-шапқыншылық сүрлеуінде қаба-ғынан қан тамып баз біреуді түсіріп, баз біреуден өзі соққы жеп алыс-жұлыстың итырғылжын күндерін кешкенде де мағынасыз меңіреудей үңірейген суық шыңырауымен алды-артын бірдей ораған тағы да осы жалғызсырауы, жат ортадан түңілуі еді ғой. Енді содан айрылып қалуы қалай, сондағы көңіл күйінен адасып қалуы қалай? Шынымен ән бе, әнші ме? Мына өне бойды шым-шымдап баурап бара жатқан тылсым саздың құдіреті де шығар-ау. Түйсініп қарасаң, жалғыздық өзіңнен ғана өрбитін тәрізді. Өнеге қумай, өре салып өлім септкен озбырлықпен сырық жалғасаң, омырауыңнан тер кебер ме. Кеппегені де, кетпегені де содан екен-ау. Талайдың көз жасы сорғалаған бейуақ кеште, атымды аламанға алаша қып аңыраған зар мен шер топсасы берік кеудемнің пұшпағына тарының дәніндей тысыр етіп тимесе, жалғыздықты еншілемегенде нені еншілермін. Тірлік пен дүние шіркін бас жарып, көз шығару емес екен. Соны неге ұғындырмаған, соны неге ұқпаған. Азу тісті қарш-қарш қайрап, жақ етті кірш-кірш шайнағанда кімді жазғырардай, кімді мұқатардай әрекет етіпті. Сорлаған да, қан жылаған да өзі. Өзі сияқты жарлы-жақыбай. Мұны бірдің күні бір екенін ерте ұқса, ер жастанар ма еді. Ел шабар ма еді. Боз ала таңмен қоштасқан боздақтардың қош-қошын ұрлаған жалғыздығын

айғақтаған дәл мына әндей, әншідей біреудің бұрын кездеспегені қалай? Кездестірмеген өзінен бе екен? Қыр кезіп, сай жағалаған бөрі тірліктің ән мен күйде шаруасы болды ма. Ендеше, кең далаға сыймай, айдалаға күңірене созған ұлуы - маңдайға тіліп салған жалғыздық, жаттық, жатбауырлық белгісі ғана болар. Ән - құдірет екен-ау. Он саусақ неткен шебер. Сонау-сонау жалаң аяқ құм басқан, жалаң бұт тал мінген пәк күнім, құлын кезім шақыра ма. Онда қандай едім. Қызғалдақтың бояуынан қан емес әдемілік көруші ем ғой. Бұлақ сылдырынан өксік емес күлкі естуші ем ғой. Сондағы бұлақ ағысындай бипаңдаған мына домбыра әуезі кейін неге жетпеген? Қырықтан асып қырқылжың тартқан шағымда гүл жапырағындағы жалғыз шық тамшысына телміре қарап, оңаша ойға кетер бал балалық оралар ма енді? Мөлдір шық - жас тамшысы болса, сол тамшы қуаныш іңкәрі ме, әлде күйік өкініші ме? Қауызын енді ашқан шоқ гүлге неге тамды екен? Соны дәл қазір неге есіме түсірдім? Мына домбыра ма, ән бе еркімді билеген? Япыр-ай, жалғыздықтан жәбірленіп келгенде сонау бұлақты, шық тамшысын, гүл қауызын қалай ұмытқам? Неге ұмыттым екен? Ақ тақырға қызарып тамған қан қызғалдақ емес пе екен? Қара көзден сырғанап түскен ауыр жас таңғы шықтың тамшысы болса қайтем? Булығып аққан бұлақ тығылып жылаған шерлі жанның күйігімен алыстайды екен-ау. Бәрінің бастауы - ән ғой. Соларды сөйлеткен әнші ғой. Қырықтың бірі қыдыр деуші еді. Рас екен. Қыдырым болды. Сол болды. Әмір-құдірет, тағдырдан да астам боп келді. Әпішім қайда жүр? Естімеді-ау, тыңдамады-ау”. Ұзақ-ұзақ ой-толғауға шомған үй иесі әнмен мидай араласып, өріліп шыққан бір сергек көңіл ырғағын тауып, өзін-өзі бірде ұмытып, бірде оятып қиял қуалап кетеді.

Әпіш - отағасының жалғыз қызы. Көрші үйдегі құрбысының қасында кесте тігіп отырған. Ән шыққанда елең етіп еді, қазір үйге кіруге бата алмай, құрбысы екеуі жабықтан сығаласып тұр. Үлкен көзі, ақ маңдайы, аппақ ұсақ тістері - бәр-бәрі әннің ырқына беріліп, қуаныш ойнаған күлкілі ерінде әлсіз



діріл жүгіртеді. “Шіркін, бал көмейлі деп осындай әншіні, керім жігітті атайтын шығар! Ер дәрменді ап кетер мұншама сиқырлы дауыс қай жеріне сыяды екен. Айта түс, құрбым! Тұла бойымды дуылдата өртеген әнің бе, әйтеуір, жұмбақ сезімге бөленген біз байғұс ұзақ түндерде еске ала жүрерміз” дейтіндей ақшыл реңі жүз құбылып, құрбысына қарамай, тесікке ентелей түседі.

Әпіш-ау, мен де бір сығалайын да. Кішкене сырғышы.

Қазір, Балкен. Қазір!

Екі қыздың сыбыры да ыстық. Өрт боп жанып, от боп жүз шарпиды. Әлденеге жүрек лепірткен қызумен ұзын қос бұрымды сұлу бастарын түйістіре, тар саңылауға таласады.

- Түу, Әпіш-ай, көрсетпей қойдың ғой, - деп, Балкен бұртиып шегіне берді. Құрбысына қуана бұрылған Әпіш дәл қазір еш нәрсені көріп тұрған жоқ. Қасы-кірпігі діріл қаққан түсініксіз халде бір аттап орын босатты да, Балкеннің иығына бетін басып өксіп-өксіп жіберді.

- Әпіш, саған не болды?!

- Жай, әшейін, Балкен.

- Жылағаның не?

- Балкен, білесің бе, әлденеге қуанатын тәріздімін. Әлденеден және қорқам. Мынау ән-жалын сияқты. Жақындасам күйдіреді, алыстасам шақырады, - Әпіш ақ қызыл ажарын түгел көрсетіп құрбысының құшағына кіре түседі. Балкен де Әпіштің құлын денесін құшып тұрып, бөтен уәлаят адамын көргендей дірілді кеудеге таңырқай қарайды.

- Әй, отпысың өзің?! Сен тегін болмадың. Тұп-тура өртеніп барасың. Рас айтам. Осы сен ғашықсың. Иә, иә, арманды асықсың. Осым өтірік деші, қане, - деп қыстыға күліп:, Балкен өз сөзіне өзі нанар-нан-бастай құрбысының бетіне тесіле қалды.

- Үндеме, күлме! - Әпіш нәзік саусақтарымен серігінің ернін басты. - Балкен, онан да сен мынаны айтшы! Мынау азамат кім? Танимысың? Аты-жөні белгілі адам ба, әлде пері ме? Айтшы, тез айтшы! - деп үздігіп барады.

- Жоқ, кім екенін мен қайдан білейін. Бірақ бар ғой, Әпіш, дәл осы жігіт сенің тағдырың, - деп, Балкен және күлді.

Әпіш балқып барады. Өзі де іштей ырым қылғандай құбылып тұрды да, құрбысын шөп еткізіп сүйіп алды.

- Айтпадым ба, сен тегін емессің. Айрылам-ау, сенен, Әпіш, жалғыз қалам-ау, - деп, Балкен сәтте өзгеріп, күрсініп салды.

Ән бітті. Дастарқан жайылды. Әйел тысқа шықты. Босағаға сүйеніп тұрған қыздарды көрді.

- Әпішпісің? Неғып тұрсыңдар, қос қызғалдағым-ау. Үйге кіріңдер. Біржан салдың әнін тыңдаңдар. Онысы несі, жабықтан сығалап.

Балкен әрнені бір сылтауратып, ақыры үйіне қайтып кетті. Шолпысын сыңғыр еткізіп Әпіш табалдырықтан аттады. Сұңғақ бойлы, талдырмаш солқылдақ денесіне қиылта киген батсайы көйлекті қыз үйге енгенде, бейсауат мейман жігіт қадала қарап еді, бойжеткен ернін жыбырлатып сәлемдесті.

Қызы мен қонағының арасындағы осы бір елеусіз ғана амандасуды сырт көзбен бағып, танып қалған еркек жалт бұрылып шешесіне көз тастады. “Не дер екен, қайтер екен?” деген сұрақпен қиыстайды. Кемпір күлімдеп отыр екен. Тіссіз иегін әлсіз жыбырлатып алды да, аңдаусыздау етіп екі қолын жайып, бетін сипады. Шешесінің жүйрік көңілмен тез таныған бір сырын бұ да түсініп, жүз аудармай разы кейіппен ықыластана қосылды да, іштей жақсы тілек арнады.

Шай жиналысымен, ас келгенше тағы да бірталай ән айтылды. Бұл тұста әншінің бар зейінін, бар сезімін бір өзіне тартқан сиқыр нұры болды. Ол - Әпіш қыз.

Алгүл жүздегі сәт-сәт сайын ауысып тұрған нұрлы құбылуды жақсылыққа балаған жігіт үкілі домбырасын шайқалтып қойып, толқынды ырғақты үсті-үстіне төпейді. Жібек талдай есіліп, сызылып көтерілген асқақ әуен жаудыраған қарақат көзден сыр аңдып, сол сырдың төлеуіндей етіп құпия назды және сездіреді. Мынау жаңбыры сіркіреген бейуақ кеш тілек кеші болса, екі ішек, тоғыз пернені басып жатқан он саусақ емес - жүрек дірілі. Үздігіп қалып, еркелеп



жанып қиылатын әуен - жүрек баяндауы. Дүниені ұмытқан екі жас нәзік орамды саздан алдағы тірлік - уақыт, тірлік - қуанышқа асыққан лепіру, ынтығу тапқан. Жеңіл ырғақ, ойнақы нақышта ақау түспеген, кір шалмаған ынтықтық іңкәрі бар. Алыстан аңсап кеп табысқан қос маралдай қос жүрек әнмен жауаптасқандай тілсіз ұғынысып, біріне-бірі еріксіз ұмтылысып отыр. Өрімталдай қыздың күнәсіз пәк қарасынан күн шуағына еркелеп бой жазған еркін балауса қылықты таныған Біржан жастық дәуреннің сыңарын іздеттірген құйын лепті адуын күйін алғаш рет сезініп тоқтаусыз шырқайды. “Сен үрікпесен, мен жатырқамаймын. Жалыныма жаныңмен қосыл. Аласыз көңіліңмен адалым боп кел. Аялап өтуге мен дайынмын” деген серт сөзін домбыра шертсе, ән үстемелейді.

Сырттан қатты келген ат дүсірі естілді. Үйдегілер елең ете қалысты.

- Кім екен?!

- Тағы да саған келген шығар. Тыныштық бермеді ғой. - Айтып ауыз жиғанша, өктем дауыс қоса шықты.

- Тұрсын! Уау Тұрсын, үйдемісің?

- Уа, немене? Жайшылық па?

- Шықсаңшы мұнда, соншама шіреніп ұлық болғаннан саумысың. Әлде қатыныңды бүгін көре қалып па ең, - деген сырттағы дауыс әндем-әндем шығады.

Тұрсын одан әрі отыра алмады. Қонағына “мынау жанымды қояр емес” деген сыңайын әлсіз кекесін күлкі жүгірген кескінімен білдіріп, табалдырықтан сыртқа аттады.

Әпіш оқыс мұңайып жерге қарап қапты. Әлгіндегі балбұл жанған жүз қуаң тартқан. Үнсіз күрсінетін тәрізді. Біржан қыздың тез сына қалған ажарына, кірбің қабағына көз жүгіртті де, оңашада көп жылаған ойлы, уайым торлаған кейпін таныды. Таныды да, қиналып отырып аяушылық көңілдің ұмтылуымен Әпішті іштей қатты ұнатты.

Тұрсын сәлден соң қайта кірді. Бұның да жүзі сынық.

Ал, шырағым, жөнің бөлек азаматым екенсің.

Біржан деп ат-атағыңды талай естуші ек. Бүгін өзіңді көріп, көңіліміз толды. Әмсе, жақсы атағың осылай дүңкілдеп өсіп, шартарапқа кете берсін. Жата-жастана тыңдап шер-құмардан бір шығармын деп ойлап қап ем, қысқа жіп күрмеуге келе ме, тығыз жұмыс боп қалды. Ғұмыр болса, әлі талай кездесерміз. Тастап кетті деп айып етпе, маған рұқсат бер, інім, - деп жолға жинала бастады.

Біржан ілесе шығып, Тұрсынды аттандырып салды.

- Жолыңыз болсын!

- Жолдың да жолы бар-ау, Біржан шырақ. Дәл осы жолыма өзімнің де қыбым жоқ, - деген Тұрсын сойылын сүйретіп желдірте жөнелді.

"Апыр-ай, барымтаға аттанды-ау, шамасы. Алыс-жұлыстан арыны азайып, тауы шағылғандай болған екен. Булығып, күйініп бастаған осы қаракетінен жеріген сыңайы бар сияқты. Тартынғаны рас болса, шын неге тартынбады. Неге айтпадым? Неге тоқтатпадым?"

Қонаққа төрге төсек сап қойыпты.

Біржан қол созым жерде жатқан Әпіштің ыстық демін бүкіл тұла бойымен сезердей көпке дейін ұйқтай алмады. Қыз да ояу тәрізді. Тынысын іштен тартып, қыбырсыз жатыр. Жайшылықта ірге жағына алып, бауырына қысып жатып ұйқтайтын әжесінің бүгінгі мінезіне қайран. Қызғанышы жоқ. Анау қонақты дәл бір кенжесіндей қадірлеп, осы үйдегі немересінің жасауына арнап қабытқан бірен-саран таза көрпесін өзі әдейі төсеткізген. Қазір қаннен-қаперсіз ұйқыға кірісіпті. Бұл да қыз көңілінен тыс қалмады, бұрын әлдеқалай қонақ түнеген түндерде күрк-күрк жөтелін көбейтіп, боз ала таңды сығалатып барып, аунақшып-дөңбекшіп әзер көзі ілінетін.

Тыстағы жауын әлсін-әлсін себелеп қояды. Содан ба, ортадағы оты сөнген киіз үйдің іші біраздан кейін ызғып кетті. Суыққа мән берер қонақ жоқ. Екі қолын айқастырып желкесіне төсеп шалқасынан жатыр. Сол жағындағы Әпішке қарай бір аунап түссе, демдері шарпысып, алау жалын күйге оранарын сезердей әлден-ақ қыз-қыз қайнайды. Еркін жастық, қиялын мастық шалығы билеген бұрынғы кездерде дәл



бүгінгідей бұйығы тартып, тартынып көрмеп еді. Казіргі дірілді ынтық күйін күшпен тежеп, сабыр-лылық, тапқан халіне жігіт те қайран.

Әпіш те кірпігіне кергіш қойғандай ұйқыдан баз кешкен. "Сырбаз жігіт. Бойында нәрі бар. Қасиетінен қасіреті көп еркек аз ба. Астамсып келіп, шам сөнісімен ұры қолын сумаңдатудан басқа білерлері жоқ. Бұл ондайлардан емес. Осы өңірде Біржаннан қадірлі жан бар ма? Жоқ қой. Тілегі, талабы біржарқын көңілімен қол созса, әй былқ ете алмас едім. Дәл қазір бері аунаса, құшағына құшағым табыса кетері хақ... Ойпыр-ай не ойлап барам. Мынау уытты сезімді осыған дейін кездестірмеп едім ғой. Балкен айтқан асықтық осы шығар... Осы болар... қой, қой. Сый-ластықтан асып кетпесек еді... Көкемнің бетіне қалай қарармын онда. Көкем демекші, асығыс аттануына қарағанда, бір бәлеге ұшырамаса жарар еді".

Әпіш ойы он бөлініп дуылдап жатыр. Бір сәт кесек-кесек ыстық жастары қос самайдан төмен сырғанап құс жастыққа тамып-тамып кетті. Көрпесін басына бүркеніп булыға жылады.

Қарагеріне тақым қысқан Тұрсын қара түнді кеудесімен үңгіп келеді. Атқа қонғалы қасындағы серігіне жақ жазған жоқ. Елтірі тымағының құлағын түсіре киіп, бауын байлап алған. Жауыны сіркіреп, ат тұяғы дүсірлеп келе жатқан бұл жүрісінде әңгіме-дүкен құруға зауқы соғар емес. Іңірдегі ән мен саздан өрбіген қалың ойының бір арқауын қайта ширатып, бүлкекпен келе жатқан көлігінің ырқын өзіне тапсырып, күңгірт қиялға шомып-шомып кетеді.

Тұрсынды шақыра барған Қабан болыстың шабар-маны - Едірей еді. Сырқынды байдың зорлықшыл жуан кеудесін асқарға балап, нашар мен сіңірі шыққан кедейге айбар атып, көз аларта жүретін домбытпасы желөкпе болатын. Болыстың хабарын әкелгенде, ауыл-үйге долы дауыл тұрғызғандай күмпілдеп жетсе де, мына Тұрсын екеуі оңаша келе жатқан кезде тым кораш. Аңысын аңдып, аузын басады. Апалақтап шабатын байғұстың Тұрсынның түтеп кететін жүзіне карсы иіні бір көтерілмейді. Өзінен кем, қор санайтын

“сасық кедейдің” артында бұралқы иттей ілесіп келе жатқан қазіргі күйіне ызасы қозғанымен, сыртқа тебілмей шерменде боп қалды.

“Осы немені-ақ тайраңдатып қойды. Көп бұлғаңдата бермей бір сілкіп алса, жүні жығылып, өз-өзінен шөкімденіп қалар еді-ау. Қабекең де кім-көрінгенді жоқтан бар қылып қолпаштай береді. Әйтпесе, мына түксиген Тұрсын баукеспені шоңқайтып алғанда, бірдеңесі құри ма”. Едірей есік пен төрдей алдында бара жатқан Тұрсынның қарауытып көрінген сұлбесін оқты көзімен атып келеді. Екі тізесі аттың қос құлағын қағып, денесі ерге құйып қойғандай қозғалмай мығым отырған дәуқараға бірер сәт қорқыныш аулай көз тастайды. “Не дегенмен дәу өзі. Анау-мынау екі-үш жігітті жалғыз түсіреді. Қапысын таппаса оңайлықпен құлату да қиын. Әй, жарайды. Менің немді бүлдіріпті. Осының қолымен Қабекең от көсесе, байдың сарқыты маған бұйырар. Әзірше қыбын таба тұрайын. Қасқыр алатын дегдар тазыны да түп атасы ит екеніне қарамай төрге шығарады ғой. “Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста” деген, соншама бүлінетіндей бұл неме қызымды оятып па...”

Қыз дегенде Едірейдің шамына тиетін бір дүмпу кеудесінде солқ етіп аунап түсті. Құнжыңдап тебініп қалды да, шоқырақтап шаба жөнелген атының басын тарта қойды. Тағы да кейіндей берді.

Едірейде бала көп, қатын жоқ. Халал жұбы қайтыс болғалы жыл жарымға таянды. Уақытымен қазан-ошақ сылдырамаған, от басында ақ жаулық жүрмеген үй үй бола ма. Үй демей мола десейші оны. Әйел алмайын деп жүрген Едірей жоқ. Соның ретін келтіре алмай жүрген Едірей ғой. Қабекеңе құлаққағыс қып талай айтып тауы шағылса да, үміт жібін үзе қоймайды.

“Қабекеңе де өкпе тақпаймын. Маған деген ниеті түзу. Құдалық айтып талайдың алдынан өтті. Баламның алды отау құруға жақындап қалғанда, оң босағада толықсып отырған қызын кім бере қойсын...”

Өзін-өзі алдаусыратқанмен Едірейдің күрсінгенде көкірегі қарс айрылады. Қарс айрылуының да мәні бар. Құдалыққа шығып, құлын-тайдай ертіп, аз да



болса көңлін аулаған Қабан болыс шабарманының көңілін өзі қалдырды. Оған да себеп қыз болатын.

“ Көкпектінің” жылғасына жер тырнап егін егетін Қорғанбай кедейдің жалғыз үйлі қонысына әлдеқалай жолы түскен Едірей үй иесінің жыртық ийнді бойжетіп қалаған қызын көргенде, қоқсықтың арасынан маржан аршып алғандай есі шығып Қабекеңе жеткенше асыққан.

Қабеке, таптым! Өле-өлгенше құлдығыңызда өтейін. Ретін келтіріңіз! - деп, шоқтай жанған көздерін бір тайдырмай тілек білдірген-ді.

Сығыр-ау, нені таптың? Түсіндірші әуелі.

Қатын тауып кеп отырмын! Құдайдың маңдайыма жазғаны дәл сол, - деп, өзеуреген шабарманын біраз әжуа-күлкі қып алды да, болыс іштей келісім жасады. Арсылдап қотан қорыған төбетке де сіңірлі сүйек тастайтын. Едірейді де сауырдан сипап қойып, қолбала қылып ұстау керек.

- Кімнің қызы?

- Егінші Қорғанбайдың. Көкпектідегі суыр Қорғанбайдың, - деп, Едірей пысықтай түседі.

- Қой әрі. Тұлдырсыз кедейдің қайбір оңған қызы болушы еді. Ең болмаса қара шайын дұрыстап беретін жөні түзу де емес. Сыз сасыған жеркепесіне қалай кірем,- деп, Қабан болыс лезде айнып кетті.

- Қабеке, осы жолғы тілегімді орындасаңыз, қарғылаған төбетіңіз болайын, - деп Едірей өлердегі. сөзін айтты.

- Әй, Едірей, көзің әбден қарауытқан екен.

- Ойбай-ау, енді не істейін. Қарауытса қарауытқан да шығар. Ку тізені құшақтағалы жылдан асты.

- Жарайды.

Қорғанбайдың қызын көргенде, Қабан болыс сабындай бұзылды. Шоқпыттың ішіндегі сұлуды бұл да айнытпай таныды. Ақырында киіті мен қалыңмалды “осы мөлшерім де жетеді” деген шамамен бір-ақ айдатқызып апарып, қызды екінші тоқал қылып үйіне түсірді. Қабан жаңа отауда жас иіс құшқанда, Едірей іші ұлып суық төсекте қырық дөңбекшіді. Дөңбекшігенімен етер амалы, жасар айласы жоқ, өзегіне құрт түскен ағаштай жүдеді де қалды.

Қабан болыс шабарманының халін ұқты. Оның үстіне өзін кінәлы санап, Едірейдің де қолына құс қондырып беруді ойластыра бастады. Ондағысы адамгершілік биіктен қарау емес, қараулығын жабудың жоралғысы ғана еді. Сөйтіп жүргенде Тұрсынның Әпішін кездестіріп, қызға өзі де қатты қызығып, шабарманына сырттай соны лайықтаған. Қасында жүрсе, қапысын тауып көңіл қосу оңай. Оның ретін табады. Едірейге ішкі сырын оңаша білдіргенде, ананың қысық көздері ұшқындап-ұшқындап кетіп еді.

- Әзірше дымың ішіңде болсын. Кедей болса да Тұрсынның еті тірі, мойнына тұзақ тастап бұлқынбастай етіп көндіру керек, - деген. Соны Едірей әлі күтіп жүр. Тұрсынды суқаны сүймесе де, ақ сазандай аппақ Әпішті ойлағанда қолындағысы жерге түседі. “Әпіш! Сұлу Әпіш! Әлі-ақ сүйріктей саусағың майысып шай құйып беріп отырарсың!”

Аттар пысқырды. Алдан от көрінді. Ауыл әлі жата қоймапты. Бұлар болыс үйінің кермесіне ат басын тіреді.

* * *

Қасына он шақты әлекедей жаланған жігіт ертіп Тұрсын қарагеріне қамшы басқанда, Жетіқарақшының шөміші көкжиекке еңкейіңкіреп қалған еді. Таң қараңғысы ұйып түсті де, маңай меңіреу бүркенді. Жер бағдарын жұлдызға қарап тез болжағыш Тұрсынға ерген жігіттер ештеңені уайымдамай, аттарын сар желдіртіп, жеделдете жүріп келеді. Кәнігі тірлігінде алыс-жұлыс пен ат үстін өмірінің ажырамас мәніне балап өскен қыр қазағы алдан тосар қиракезік сапарын көп ойлаған ба. Өздері үшін өзгенің күні бұрын шешіп, пішіп қойған кесігін ғана орындауда бас жарылып, көз шықса да тайсақтап көрген емес. Қадау-қадау көтерілген шоқпарларын көкке білемдеп, секек-секек сүйретілген сойылдарын аяқ басына іліп алып, ат үстінің желікті жүрісінде шақпақ отындай туындайтын әзіл-қалжынды бұрқ-бұрқ атады.

Тұрсын есік пен төрдей алға озып, серіктерінің қызу



күлкілі әзіліне араласпай үнсіз келеді. Бұрын қалжыңға жоқ болса да, кеңк-кеңк күлкісін аямай жолдастарын қолпаштап қоятын. Ол дағдысынан қазір ажырап қалып, ұзақ ойға шомады.

Қабан болыстың соңғы жарлығын жақтырмағанды “Қабан десе қабан ғой. Азуы сояудай боп әркімнің санынан бір тартып, сойдақтатып өтпесе көңілі көншімес” деген сыпсың өсекті естіпті. Естіпті де, шала бүлініпті. Осы сөз оңды-солды айтылып, ел арасына тарап кетіпті. Түп төркіні болыстыққа таласқан Сәмен байдан шықса керек. Бақталас байдың кемсіте айтқан сөзі Қабанның қытығына тиіп бұрқан-талқан болмасына қоймапты. Қаны қайнап отырып, Тұрсынға қадау-қадау бұйрық берген:

- Сәменнің көзінің еті өскен екен. Кімді басынады. Үркөппе, даңғойдың құдайын ұмыта бастағаны-ау! Тұрсын, сені әдейі алдыртып отырмын. Күпсінген кеудеге жел толған екен. Соны басып кел. Құр күпілдектіктен аса алмайтын неменің арты белгілі. Тәубасын бір келтір. Сойыл-шоқпарлы сайыскер жігіттеріңді дайындап қойдым. Дәл қазір атқа қон да, Сәменнің бір айғыр үйірін қайтсең де айдап қайт! - деді.

- Қабеке, кім: не демейді. Ін аузында қылтиған суыр екеш суыр да күштілік білдіреді. Үйінде жатып қымыз ішіп желік шақырған әлдекімнің қатын бопсасын тергейміз деп жазықсыз жандардың көз жасына қалармыз.

- Әй, не оттап отырсың! Кімді үйреткелі отырсың сен мұндар! Қабанның бұйрығына қарсы келетін кім едің! Көзіңді ашып қара! Бір сығып, екі бұрап, омыртқаңды үзіп қолыңа беретін құдайыңмын, - деген Қабан күш көрсетіп қыңыр тартқан. - Тулағанда қайда барасың. Бала-шағаңды ойламайтын көрсоқыр ма едің әлде. Алақанға салып әлпештеп отырған қызыңды ат көтіне жатқызып шауып әкелдірсем қайтесің!

Тұрсын жалт етіп Қабанға қарады. “Мынау не дейді, нені көңірсітіп отыр? Әпішімді аузына алғаны несі? Арам ойы бар екен ғой” деген шұғыл ойдан шиырығып қамшысын қысып ұстап тұра берді де, қайта шөкті. “Қой, бекер арандамайын. Қарақан қу басыма мың қарғысын жаудырса да түк етпес еді,

Әпішімді аямас. Сәмені не, Қабаны не - екеуі де зұлым. Бірі өліп, бірі қалсын...”

- Қашан жүрейін?..

- Е-е, солай жөніңе қисайсаңшы, батыр. Қазір аттанасыңдар. Жылқыны Үңгіртасқа қамап, ізді басқа тұсқа тастап кетіңдер, - деген Қабан орнынан жылдам көтеріліп, Тұрсындарды өз қолымен аттандырып салған.

* * *

Біржан атын ерттеп жүруге қамданып жатқанда, ауыл үстіне таянып қалған екі-үш аттыны көрді. Ортада жетектеулі келе жатқан қарагердің үстіндегі адамның басын ақ шүберектен таңып тастапты.

Әпіш қонақ жігітке ұрлана көз тастап үй іргесінде тұрған, келе жатқандарға қарап жіберіп, ащы дауыспен шыр ете түсті.

- Көке!..

Басы жарылып, қолы сынып мүсәпір халде оралған Тұрсынды екі жігіт аттан көтеріп түсіріп, көтеріп апарып төсегіне жатқызды.

- Оташы керек!

- Басының жарасы да қатты.

Бәйбіше тіс жарып ләм деместен ұлының қолынан ұстады, сынығын көрді. Көзі шүңірейіп бір түннің ішінде жүдеп қалған баласына қабақ түйе қарады.

- Тәйт! Соншама сүмірейме. Қой деп едім, қоймадың. Енді кеп сыныққа бола салың суға кетіп... Опырылып түсерің бар, отырмаймысың жайыңмен... - деп, жеңді түріп жіберіп, білекті сипалай бастады. - Қатты ұрған екен. Екі-үш жерден сыныпты. Ештеңе ете қоймас. Енді тәубаңа келерсің. “Зорлық түбі - қорлық” дегенімді тындамаушы ең.

Біржан ананың күңкілдей ұрсып отырған қазіргі қалпынан көз алмағанымен, оташыға адам жіберілмегеніне қынжылып отыр еді; кенет Тұрсын сәл ыңырсығандай бетін тыржитыңқырап қалды.

- Болды. Орнына салдым. Әпішжан, белбеуімді әперші. Қазір таңып тастаймын.



Кемпір жұмысын бітірген соң маңдайынан шып-шып шыққан терді қолының сыртымен сүртіп тастап, орнына барып отырды. Күпісін жамылды. Содан кейін сөйлеп кетті.

Ал, балам, ақыры басқа соғылып тоқтадың. Ағайын берекесін арсылдап қуушы ең, енді мені мына қартайған шағымда тірі өлтіріп және отырсың. Сен мұнда қан жуынсаң, анау сен ауылын үркіткен елдің қанша боздағы қой бауыздағандай қанына шомылып жатыр екен. Қоймадың. Өспейтін ұрпақ өнегесіз іске құмар. Тәңірден тілер тілек қалмады. Сенің жаманатыңды күнде естігенше құдайдан қаза күтуден басқа түгім жоқ. Енді қар баспаспын. Басқызбас жасаған.
Бүкіл тірлігімде бір еміренер сәт кешпеппін. Осы түнде ғана анау, өнерінен садаға кетейін, әнші жастың игілік дәміндей әуезін естіп ем, ең болмаса сәрі асындай сол құмарымды да толық бермей мына бәлеңді алдыма көлденең тостың-ау. О да болса таласқан иттің талқысына түскен қу тірлігімнің сыбағасы болар. Түңіліп-түңіліп таусылып тынғам. Есің болса ендігі бір ғана өсиетімді тыңда. Мен анаңмын. Әпіш - балаң. Ана - кешірімшіл, бала - кекшіл. Әпішті жылатпа. Осы қызығымның қылдай қиянат көріп, көз жасын төгуіне себепкер болсаң көрде де тыныш жатпаймын. “Тең-теңімен, тезек-қабымен”. Көңлі қалап, жүрегі таңдаса еріксіздік торын қол-аяғына тастама. Өкінішпен өгейсіп өтпесін, - деді де, күпісін жамылып жантая кетті. Ананың тілек сөзі тұсында үй ішіндегілер түгел үнсіз қап еді, Біржан Әпішке қиыстады. Әпіш те мұны көзінің астымен бағып тұр екен; екі беті ду етіп қызарып кетті. Әпіштің шешесі ене сөзінің әр лебін дұғасындай сіміріп елтіп қапты, ерні жыбырлап екі алақанын төсеп бетін сипады.

Тұрсын әнтек қана бас изей түсіп, келісім танытқан ыңғай білдірді.

Біржан аттануға қамданды. Қамшысын саптамасының қонышына тығып, орнынан көтерілді.

Ал, отағасы, тез айығыңыз. Рұқсат болса, мен жүрейін. Аман-сау көріселік.

Жолың болсын, шырағым. Әпіш, аттандырып сал ағаңды.

Атқа қонған Біржан қыздан көз алмайды.

- Әпіш, есіңе ала жүр.

- Ағасы ұмытпаса, қарындасы ұмыта қоймас. Ұмытпас та.

- Ұмытармын ба, о не дегенің, Әпіш қалқа! Оралармын.

- Сіз қайта оралғанда, құрбыңыз орнынан табылса ғой. Кім білсін, - деген қыз әлдебір қаяулы мұңын сездіргендей күрсініп қалды.

- Әпіш, Әпішжан, ниетің шын екен. Келемін. Жетермін қайта. Өзіңнен белгі шықпай өзеуреп қатыгездік жасаймын ғой деп қорқып қап ем. Айта алмай қиналып бара жатқан ем. Сағынарым, іздерім де өзің ғанасың, Әпішжан, - деп, Біржан ат үстінен еңкейіп қыздың шашынан сипады.

- Тез оралыңыз, Біржан аға, - көзін төмен төңкерген Әпіш сәл басын иді. - Тосам. Сағынып тосам!

- Тос, Әпіш! Көп күткізбеймін.

- Сау болыңыз!

Ұзап бара жатқан әнші жігіттің соңынан қарап қалған қыз қара көзі жасқа буланып қыбырсыз тұр. Ерiндерi баяу күбірлейді.

- Қош, ұмытпа, Біржан аға!..

Қол аяққа қыл арқан түскеніне аттай үш жыл толды. Қиналған жанға қайғы-шері көп толғақты күйік жамалғанына да тура үш жылдың мұғдары өтті.

Іштегі жегіден құтылар пана таба алмай, екіленіп бұлқынғанда, шорланып біткен ескі жараның орнына білем-білем жаңа жара түседі. Шып-шып қан шығады. Қыл арқан қан сіңіп, қақ-қақ болған. Аяқтағы темір кісен күн өткен сайын ауырлай түсіп, зіл батпан салмағымен қозғалуға пұрсат бермей, керегенің сағанағына тапжылтпай таңып тастаған. Содан ба сахараның сағымындай сусыған еркін, ерке Біржан бұл күнде үстіне жалған жапырылып құлағандай ауық-ауық күрсінгенде, көкірегі қарс айрылады.

Алғаш, осыдан төрт-бес жыл бұрын шау тартып,



ақшулан сақалы молайып, кәріліктің алғашқы сызды салқынын сезіп, бұрынғыдай ұзақ-ұзақ сапарға шықпай үйінде отырып қалып еді. Теміртас, Қалкен ұлдары өсіп, Ақық, Асыл қыздары бой жетіп барады. Халал жұбы - Әпіші баяғысындай. Салдың қас-қабағынан көңіл күйін танып, жүріп жататын.

Біржанның Ержан, Нұржан ағалары інісінің осы бір үйкүшік болған тірлігіне шүкіршілік білдіріп, “Енді қартайған шағыңда әуп-әуп етіп беделіңді түсірмей шаруамен айналыс. Осыншама жын қуғаның жетеді”, деп өздерінше ақыл айтып қоятын.

Біржан біраз шыдады. Біржан шыдағанмен, сал-сері жолдастары шыдамады. Ат көпір боп келіп жатты, ауылды думандатып жатты. Қонақасы судай төгілді. Біржан кедей болғанмен, ағайын-туыс бай. Бірақ бай туыс бағыланының басы кеміген сайын кейістігі ұлғайып, кедей Біржанға кекірейе қарайтын болды. Ауылда жиын азайды. Дүрмек дүбір жоғалды. Ақын жалғыз қалды. Ақынның өзімен бірге ойы ғана қалды. Дәрменсіз ой ұзай түседі. Ұзатып аулаққа, оңашаға әншіні алып кетеді. Біржан жалғыз қалған, жайрап қалған дүниеден іңкәр іздеп, көңіл алдап, ән шырқатады. Оңаша егіледі, оңаша жылайды. “Айтып қалайын, соңғы рет ашылып қалайын” дейтіндей оқшау терекке сыр шертеді, серек жартасқа тіл қатады. Күбірлеп жыр жолдарын іздейді, күңіреніп әуен шақырады.

- Ей, дүние! Мен саған ән сыйладым, сен зар бердің! Мол бердің. Аямадың. Тулаған жанымның парша-паршасы шыққан тілім-тілім жарасын көрші...

- Ей, дүние! Мен асқарыңа құлаш сермедім, сен шыңырауыңа тарттың. Соншама азап берердей неңді бүлдіріп ем. Не жазып ем саған!..

- Ей, дүние! Бозторғай құрлы қадірім жоқ. Сар далада жалғыз түп қараған да бой көтереді. Көлеңке түсіреді. Менің саямнан пана тапқан тірі пендені көрсетпедің. Не істедім саған мен?..

Әнші зары тынбайды. Ән күңіреніп шалқиды, күрсініп төгіледі. Улы дертпен бойды алған оңаша ойы аулақ-аулақ әкете береді.

Біржанның оқшаулануы көбейді. Оның үстіне Қа-

рауыл мен Керейдің дау-жанжалына қарамай Қарауылдағы дос, серіктерінен де қол үзбеді. Бөріктінің намысы бір. Бірақ намыс қуған Біржан жоқ. Оның қуары - ойы. Оңашалығы. Қымбат дүние тәрк етсе, қимас тірлігі азабына айналды. Ықылық атқан көкіректен запыран төгіліп, "Ей, дүние!" дейтін бітпес шерге ұласты. Соның аяғы "Біржанды шалық басты, жын иектеді" деген сұмдық кесікке байлап, аяқ-қолға кісен салдырды. Асқақ Біржанды тұтқын қылып ұстады.

Әл-қуат күн санап кеміп барады. Мысқалдап таусылған дәрмен ес-сананы да әлсіретеді екен. Есі кейде бар, кейде жоқ. Қауесет хабар аздап шындыққа айналғандай. Бота көздері жасаурап, құр сүлдерімен керегенің тор көзінен қараңдайтын жандарға үнсіз, дәрменсіз тесіледі. Әннен тыйылған әнші сөзден де қалды. Ендігі ермегі де, бір уақыт уанышы да ойы. Бітпейтін, үзілмейтін ойы.

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жыл толды.

Үш жылда үш күн домбыра ұстаған жоқ. Үш сағаттық еркіндік көрмеді. Сөзден қалғанда, жасы да тоқтады. Ендігі күңгірт жанарда бір тамшы сор жоқ, құрғап, кеуіп біткен. Ендігі қалған ғұмырда тірлік өткен, тіршілік кеткен. Үнсіз азабы, бітпес тозағы бар.

Ақиығы, арысы бұғауланғанда, елі жүдеу тартты. Шұбырып келді. Жадау тарады. Ағылып, төгіліп оралды. Ағылып, төгіліп еңіреді. Бірі сенді, бірі сенбеді.

Ал дүние, өтеріңді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін
Үш жүзді сайран қылған Біржан едім,-

деп халқына әнімен қош айтысады. Әнімен өткен күнін аңсайды.

Бірде құрдасы Тәнкебай келді. Бар денесі жер тартқан салды құшақтай құлады.

- Не болғансың, Біржаным?! Сен мұндай азап тартып жатқанда, менің тірі қалқайып жер басып жүргенім кімге қажет. Кешегі думандатып жүретін



ақиығым, бүгін сенің мынандай қорлықта, тірідей жермешел боп қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! Әлде дүние деген қатыбас өмір осы ма. Қыранып қанатынан қайырып, жер соқтырып кете бере ме? - деп, өксіп-өксіп жіберген Тәнкебай орнынан опыр-топыр ұмтылып айқай салды.

- Уай, Керей, жынданған Біржан емес, сендерсіңдер. Уай, Ержан, Нұржан, сен екеуіңсің! Арым, намысым, әншім, ақылым Біржан жынданбайды. Жынданды деп сендер үнін өшірмексіңдер. Әнін ұрламақсындар! Өшпейді, ұрланбайды. Ұрлай алмайсыңдар! -деп, қатты ызадан кіжіне сөйледі.

Құрдасының даусын естігенде, Біржанның тандыр боп кеуіп қалған көздерінен үнсіз жастар бұршақтай саулап үзіліп-үзіліп түсті, төгіліп-төгіліп кетті. Көптен бері алғаш рет жанын ұққан, сырын, шерін түсінген мұңдас достың күйігінен демеу тауып, ұзақ жылады. Тәнкебайдың жас жуған бетін бетіне басып отырып, жалынын жоғалтқан ұшқыр көкіректен өкініш атты.

Қарасу есік алды лайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ құдайдан-ды.
Қамзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды...

Ән қамыққанда, тұрғандар түгел жылады. Ән - Біржанның ақтық қош-қошы сияқты. Запыланып үһілеуі тәрізді. Дос-жарға аманаты да іспетті. Ақ сақалы ұзара өсіп, жақ жүні үрпиіп кеткен жүдеу жүзде қан-сөл жоқ. Жүдеулік, кемдік табы бар. Қадала қарап, өкси егілген Тәнкебай "Қысқа пішкен дөңгеленген қамзолдай" тірліктің қатыгездігін бетпе-бет көріп отыр. Көкшеде бұлақ көп. Көлі сексен. Саздауықтан жылап аққан бұлақ тостаған көлге сақылдап күліп құятын. Сексен көлдің екі тостаған көзі суалыпты. Күліп құятын қос бұлақ жылап ағып құрдымға құлдилайды. Біржан көзі - қос тостаған, күңгірт көл. Әнші жасы - құрдымға бет алған өкініш тамшысындай сағыныш бұлақтары. Ағыл-тегіл төгіліп жатыр. Шыр айналып дүние өтіп барады. Ақындық, салдық сол тамшылармен бірге үзіліп бара жатыр.

- Апырым-ай! Мынау тынысты тарылтар зелзала ғой. Өксімеші, құрдасым! Сен... Сен тарылмашы. Санаулы күніңде сарғаймай, самғап бір қалшы, ардақтым. Абзалым, Біржан! Тауыспашы мөлдір тұнық бұлағыңды. Серпілші, қайта бір серпілші! - деп, Тәнкебай досының иығынан ұстап тұрып сілкіп-сілкіп қалды. Ән тоқтады. Біржан жасы да тыйылды. Өз сүрлеуін тауысып біткен жолаушыдай тіл қатпай, сұлқ түсті.

Қол-аяққа қыл бұрау оралғанына тұп-тура үш жыл толды.

Ұғымтал, сергек жүректің ұғымсыз дертке шалынғанына да үш жылдың көктемі жетті.

“Әй, осы көктемім ақырғы көктемім-ақ болар. Енді көре алмаспын. Қараңғы көрдей мына бейуақ ертең таң болып қайта білінер ме? Теміртас, Қалкен - қос қарашығым, қайдасыңдар? Келсеңдерші, маңдай-ларыңнан иіскейін. Қолымды босатыңдаршы, арқан батып барады. Әпіш-ай! Сені де сорлатты ғой. Жібермейді ғой маған. Кім көрінгеннің тепкісінде кетермісіңдер. Келсеңші! Құсаңшы мына меңіреу қараңғылықты. Шам жақшы! Әкелші жарықты. Ең болмаса саңылау енгізші мына қапасқа.

Көктем иісі аңқыды-ау! Түңлікті түріп тастар ма еді. Теміртасым - қарағым, айдарыңнан бір сипатшы. Келе ғойшы, құлыным...”

Біржан әлсіз күбірлейді. Кеберсіген еріндер үнсіз сыбырлайды. Ауық-ауық ыңырсып қан шыққан білегін ыстық демімен үрлейді. Бір сәт анталаған қараңғыдан азу тіс ақсиған Жанботаны көреді, қайқайтып қамшы сілтеген поштабайды көреді. Керегеге тығылып бетін басады.

- Ұрма! Қайт кейін!...

Үні булығып ән салмақ болады. Толқын келгенімен ауыздан сөз шықпайды. Соған уайымдайды. “Жанботам” қайда? Неге айтпаймын”. “Адасқақ” та жоқ. Мынау дойыр “өл!” дей ме? Өлгенім дұрыс па әлде? Қорлық таңбасын сүйегіме салғызғанша, неге өлмеймін”...

Өлім деген түйсік миына оралғанда, сұлық қалады.



Кеудеден бір күй аулайды. Ол - өлімнен сескену емес, қайта сол жұмбақ белгісіздікке асығу сияқты. “Өлсем қайтер еді? Ештеңені түсінбес меңіреуге батам ба? Шын батам ба? Ешуақта қайта оралмай жер боп, топырақ боп шіріп, тозып таусылам-ау...”

Ауыл шетіндегі қараша үйден қарлыққан дауыс бұрын жиі естілуші еді, Мамыр туғалы сирек шығатын болды. Әдеттегідей ертемен түңлік те ашылмайды. Боз ала таң көп тесіктен найзадай үңгіп жарқ-жұрқ шаншылады да, жылжи-жылжи кереге бойлай барып бейуақ ымыртқа сүңгіп, жоғалып тынады. Сырттағы жарық дүниенің белгісіндей осы найза-сәулелер Біржанның көз құртына айналды.

Бұ күнде тіл күрмелген. Күрмеп қойған өзі. Тіл айтпасты сайрап тұрған көңіл айтқан соң қайғы-қасіреттен туындап бара жатқан ішкі жегісін анда-санда бір үһілеп, ащы, ауыр деммен лықсытады да және тыншиды.

Кеудеде зіл қаратас бар. Зіл қаратас - дерт меңдеткен ауруы емес, жүйке-жүйкесін сенделткен шер-шемені. Сол шер-шемені қоюланған кезде алақандай көздері бақырайып, кірпік қақпай мелшиіп қалады.

Көзі ілініп кеткен екен. Шыр-шыр етіп безек қаққан бала даусынан шошып оянды. Жазбай таныды. Теміртасының жан ұшырған шырылы. Біржан шыдай алмай керегенің сыртынан ұстаған шиді саусақтарымен осып-осып жіберді. Саңылау білінді. Саңылаудан кешкі дала, кешкі далада көйлекшең бала, қамшылы молда көрінді. Ысылдаған әбжыландай ауыр қамшы сегіз-тоғыздардағы баланың арқасына шып-шып тигенде, Теміртастың көз жасы мен қоңыраулы бәйек үні қоса шығады.

- Ібіліс иектеген неменің тұқымы! Аяғыңды қия басасың ба солай қарай. Ендігәрі қия басып көрші! Анау жын шалықтаған әкеңнің қасына тас қылып мататып қояйын! Сені қашанғы қоримын, ә! Әй Нұржан, мына күшікті байлатып таста!

- Ұрмаңызшы, молдеке! Көкеме тамақ апарып берейін деп едім.. Қарны ашты ғой, молдеке! Ұрмаңызшы! - деген баланың ащы даусы Біржанды мында дөңбекшітіп жатыр.

- Ержан, Нұржан! Оңбассыңдар екеуің, оңбассыңдар!

Біржан дір-дір етіп: екі ағасын қарғайды. Құлыншағын аяйды. Арыстандай ақырып, бұрқ-сарқ бұлқынады. Жолым үй дүр-дүр шайқалады. Бұлқынған денеге қыл арқан кіре түседі. Жарадан шып-шып қан ағады.

- Сорлы құдай сорлатқаны аз ба еді? Мұныңыз қалай, молдеке! Тимеңіз балама! - деп кимешегінің етегі шұбатылып Әпіш жетті. Жүзі сарғайып әжімді өңі күлбеттеніп кетіпті. - Есі ауысты деп күйеуімді байлатып тастаттыңыз. Жыны жұғады деп балашағаны жолатпайсыз! Тозақ отына тірідей күйдіріп отырып, ұрмаңыз баламды. Оны ұрғанша мені ұрыңыз!

Қаһарлы қолдағы ашулы қамшы сөз тыңдар ма, әйелдің де арқасында ойнап кетті.

- Қор болдыңдар-ау! Тірі жетім, тірі жесір сор маңдай бәйбақ болдыңдар-ау! Ей дүние, енді көрсетпегенің осы ма еді. Көз алдымда қатын-баламды тулақша сабатып тірі қойғанда, алмағың не еді менен! Нең қалып еді әлі де тонамаған? Әнімді алдың! Атақ-абыройымды алдың! Өмір серік достарымды, ел-жұртымды алдың. Қанбап пең, тоймап пең! - деп аһ ұрып күрсінді де, басын керегеге соғып, кемсеңдеп жылап жіберді.

Қараша үйге қара-құра көп енбейді. Енгізбейді. Кешегі кербез әнші бүгінгі керексіз “жынды”. Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді әнмен ұйытқан Біржан сал “арық қойдан бағасы кем” кем-тарлығын ойлап-ойлап кетеді.

Бұлың-бұлың сурет келеді. Ақ-қарасы айқын, таза ұзынша көзді Абай демін ішіне тартып тыңдап отыр. Балқып отыр. Айналадағы жиынды түгел ұмытып аңыра қадалып, әнші жүзінен көз айырмайды. Ән біткенде Біржанға қуана бұрылды:

- Өзге, өзгеңді қайтейін, Біржан аға. Босағадағы әнді өрлетіп төрге шығардың-ау! Қадір-қасиетіңді таныдым-ау! Сенен зор,сенен қадірлі кім бар!

Біржан мырс етті. Қанталаған білегін сипады. “Қайран, Абай-ай! Жалғыз сенің ғана қадірімді білгенің дәл қазір мына өңшең жыртқыштың қаперіне кірер ме. Төрдегі басым босағадағы торда отырғанын



естідің бе екен? Естіген болсаң, бір хабар білдірер едің-ау!”

Көкіректе сырыл бар, демігіп жатып алыс-жақынын еске түсіреді. Сал-сері достарын іздейді. Бұлт бүркесе, жел үрлеп үй шайқалады, кереге-уық сықырлайды. Қыбырсыз жанға тықыр да ермек. Басын жұлып алып талай түнде тың тыңдаған. Кілең күрең жорғалы, күдері белбеулі өнерлі достары көзі ілінсе күмбірлетіп күй шалып, сан құбылтып ән салып жиылып келіп тұрғандай болады. Содан ұйқысы қашады. Қараңғыға ұзақ телміреді. Аулақтан, тыншыған ауылдың ту сыртындағы жыңғылды сайдан кісінеген аттың, кіселі белдіктің шылдырын естімек боп көтеріліп отырады. Ыңылдал ән салады, достарын шақырады. Күбірлеп жыр толғайды. Серіктерін іздейді. Тілініп-тілініп кеткен еріндерін жалайды. Қарманып ауа құшады - балаларын аялағаны, аймалағаны. Ән жылайды, армандайды. Жыр күрсінеді, кек атады. Ән ширығады, аңсайды, өксиді, өгейсиді. Күбір-күбір ерін еміренеді, сағынады, жалынады. Жалыныш сағынышқа ауысады. Сағыныш әуенге, сазға ұласады.

Теміртас, Асыл, Ақық-қарақтарым,
Үкідей жақсыларды балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Бір құдай ғапу-айлап күнәмді кеш!
Бірде сау, бірде ауру Біржан ғарып
Замандас, аяқтағы кісенді шеш!..

Жазықсыз тұтқынның запыран гөй-гөйі саз боп төгіледі, саз боп алыстайды. Алыстағы қойшы, таудағы жылқышы жанарына жас алып, үнсіз егіліп тыңдайды. Он жатталып, қиырдан киырға тарап жатты. Ұйқысыз түндерде үзілмей ұзарды. Ауыздан-ауызға кетті. Ауылдан ауылға көшті. Ән - салдың зары, салдың басындағы заманына деген наз-наласы боп мұңға мұң қосып, алыс-алысқа кетіп жатты. Ықтиярдан тыс ерік алған әуен көкірегін жарып шығып, шартарапқа шығандап тарады. Торығу емес. Түңілу емес. Өткенді

өгейсу, әлі де болса бір қанат серпіп, қияға қырандай самғауды аңсау. Соның белгісі - осы әні. Тоқтамаған, тынбаған, ұрланбаған, “жынданбаған” әні.

* * *

Қолына арқан түсіп, аяғына кісен салынғанына аттай үш жыл толды.

Жел қанатына ән мен жыр тоғытқан сергек ойдың қапасқа қамалғанына да үш жылдың мұғдары болды.

Қызғылт өңді, кең маңдайлы сұлу жігіттің орнында ақ сақалы желбіреп, ұрты суалып, көзі үңірейіп, мұрны сорайып тірі аруақ отыр. Тірі аруақта сұр жоқ. Тіл жоқ. Құрмет-қадірі қашқанда, құрбы-құрдас та алыстайды. Жоламай, жоғалып кетеді. Біржан соларды ойлағанда, ат ізін сирек салып, қара көрсетпей кеткен ағайын-туысты іздегенде, жаны өртене күңіренеді. Қожа-молда, бай ағалардың елге тыйым сап, ауылға енер қара-құраны аластап қуатынын байлауда жатқан Біржан қайдан білсін. Нелер зарлаған мен жылағанды жұбатқан әнші сал өзі еңіреген кезде маңайынан қол ұшын берер, сәлем сөзімен көңіл аулар жаубөрік көрмеген соң, ішінен сұмдық түйткілге кездесіп, бар тұлабойы қалтырап, адам біткеннен үрке түседі. Сол сәттерде дүниеде екі аяқтыдан өткен жыртқыш та болмайтындай көрініп, бар түйсігі - ендігі еркіндігі мен бостандығы іспеттес “өлім”, “ажал” деген ұғымға саяды. “Қазадан қашып құтылған пенде жоқ. Дүниенің төрт бұрышын түгел аралаған Қорқытты да ақырында ажал құтқармаған. Содан артық емеспін. Келер болса тезірек келсе екен. Жетсе екен жылдам... Мен ішпеген у жоқ, әлі келем итшілеп... Бұның несі тірлік. Жалғыздықтағы қайғы ауыр екен. Менің күңіренгенім кейбіреудің күлкісін көбейтсе, құз биіктің түпсіз шыңырау жиегіне тақалғаным болар. Құлайын да... Біржолата өшейін де...”

Мамырдың ортасында, шуақ күндердің артын ала, суық ызғарлы күндер келді. Сол ызғар ашық-тесігі көп қараша үйде ызғып тұр. Кіріп-шығар кісісі аз тұтқын қостың оты да жағылмайды. Қыбыр-тықырды аңдыған



Біржанның санасы ғана сау, бірақ ұйқылы-ояудай бір халдің айықпай жеткені соншалық, суық сорған еріндері көгеріп, қозғалмай, табжылмай сүлесоқ жатыр. Қол созып қасында жатқан күпіні де жамылуға әрекет жасамайды. Ауық-ауық ызыңдап оралатын ән жолдарын ақырын сыбырмен айтады.

Саясы кем болады ку қайыңның,
Жігіттер керегі не уайымның.
Келгенде алпыс жасқа қонды қонақ
Білмеймін не қыларын құдайымның...

Осы сыбыр, осы ызың үзілмейді. Айтқан өзі ме, өзге ме оны тексеріп жатқан жоқ. Әйтеуір ұзақ түннің баяу таңы сызат бергенше, бір ұйқы, бір елеспен сарын мен ызыңға мидай араласып жатады.

Бірде таң алды болатын. Ал-анық дыбыс естілді. Кәдімгідей боп табалдырықтан аттап әлдекім кірді. Тізесін бүгіп, тал шоқы үкісін бұлғаң еткізе иіп сәлем берді.

- Арқаның ақиығы асыл Біржан, халіңді ұғып, хабарыңды естіп әдейі келдім. Мен сені ұғынып тауып, үміт етіп асылға балап қалып ем. Ардагерім, азаматым деп, ерекше туған замандасым деп қадір тұтып ем. Тұр! Серпіл! Мойыма! - деп, жұбаныш айта келді.

- Апыр-ай, Сарамысың?

- Иә, Сарамын. Ешкіөлместен кеп тұрмын. Уа, Біржан аға,

Жорға едің сарыныңмен самғайтұғын.
Бәйге аты серпініңді шалмайтұғын.
Әніңді он екі ызбот жіберсеңші,
Есімнен өле-өлгеншс қалмайтұғын.

Соныңды ұмыттың ба? Ұмытпа! Тұр! Көтеріл. Берілме қайғыға. Сен одан жоғарысың, - деп қызыл еріндері дірілдеп сәл езу тартты.

- Жақсы келдің-ау, Сара! Түңіліп кетермін бе деп жатқанымда түнегімді серпіп жеттің-ау. Кім қалды, кімім қалды деп алақтай беруші едім,

Дем берді, Сара жаным, осы сөзің,
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің.
Сөз айтар қандай кісі деген кезде.
Көтерер қолтығымнан келді кезің!

Рақмет! Кел, қасыма кел. Дос көңілің әлі баяғыдай екен. Бек ырзамын, жаным Сара! - деп, қолын созғанда керегеге тиді. Көзін ашып алды. Тағы да елес екен. "Апыр-ай, алдары бар, аңсатары бар елес деген де жауың болады екен-ау. Жеткізбесі бар неге шырмай береді. Қыл мойынға төндіріп әкеп, асқындап, атқуылдап тұрған бір пәле..."

Қараша үйдің есігі күніне бір-ақ мезгіл ашылады. Есікті ашатын да, тамақ әкеліп, салды сүйемелдеп аулаққа алып барып келетін де - саңырау Төреқұл. Саңырау Төреқұлға Біржан сал да бір, ала өгіз де бір. Он жасында екі құлағынан бірдей кереӊ боп қалған жанға ән де, зар да естілер ме. Ержан мен Нұржанның тауып қойған күзетшісі осы.

Бүгін де Төреқұл Біржанды орнынан көтеріп тұрғызды. Мойнындағы кілтті алып, кісенді ағытты. Әншіні жетектеп тысқа шығарды.

Аспанда өркеш-өркеш ауыр сұр бұлт баяу жылжып барады. Күн көрінбейді. Өкпек жел бар. Қыстан шыққан бірер тал қызыл қурайды дірдектетіп тұр. Төреқұл Біржанға жыңғылды сайды ымдады. Әдеттегідей жұлқа тартып, сүйрелей жөнелген жоқ. Артынан жай басып ілбіп келеді.

Біржан тысқа шыққалы айналасына жиі көз тастайды. Күніне осы бір серуенін асыға күтетін. Қоңырқай үйлі қара лашықты ауылға жалтақ-жалтақ қарайды. Ауылдың тірлік белгісі аз. Түтін шамалы. Қарасирақ бұралқы иттер күлі ұшқан жерошақтарды тінтініп, әлдебір сүйекке таласып ырылдасып қалады.

Қараша қоңыр үйдің есігі ашылып, сыртқа бір бала шықты. Теміртасы екен. Көкесіне алыстан қадалып тұр. Шолақ көйлек, шолақ дамбалдан басқа лыпасы жоқ. Біржан кібіртіктеп тоқтады. Саңырау да аялдады. Бала сайға қарай жүгірді.

- Теміртасым! Құлыным! Сағынған екенсің.

"Мына саңырау неме бөгет болмаса екен! Айтпаса екен аналарға..."



Теміртас әкесін көргенде жылап жіберді. Құшағына сүңгіді. Біржанның да көзінен тарам-тарам жас ақты.

- Көке! Көкетайым!

- Жылама, Теміртас! Ұл бала жылай ма екен. Сен мықты бол. Апаңның ендігі тірегі сенсің. Берік бол!

- Көке, сені неге босатпайды?

Біржан үндеген жоқ. Жас жуған ұлының жүзін көргенде қатты қобалжып, ащы зәр жұтқандай тыжырынып кетті.

Саңырау Төреқұл әкелі-балалы екеу емін-еркін сөйлесіп, мауқын бассын дегендей аулақтап тұр. Екеудің не айтып жатқандарын естімесе де, жүздеріндегі қайғыны аңғарып, толқын оймен түйіліп қалды.

"Жасың жетпей, бұғанаң бекімей жетім қаласың-ау. Алдыңда малың жоқ. Кімге көз салар екенсің..."

- Көке, қашып кетейік. - Бала діріл қағады. Дірілдеп тұрып бір амал айтады. Қолынан бар келері де сол.

- Қашып қайда кетерміз. Уайымдама, құлыным. Мені ауру деп ұстап отыр ғой. Ертең жазылам. Сонсоң баяғыдай өзіңді қыдыртам әлі, - деп, ұлының маңдайынан сүйді. - Ал, Теміртас қалқам, үйге қайт. Тоңып қалдың. Біреу-міреу көріп қалса, ұрсып жүрер.

Бала кібіртіктеп қайтып барады. "Көкем жазылады" деген қуанышы да бар. "Жазылмаса, босатпаса қайтеміз" деген күдігі де бар. Ұзаған сайын тоқтап бұрылып, әкесінің еріні тиген маңдайын ұстап-ұстап қояды. Біржан, "бар, бара бер, балам!" дегендей басын изеді. Көңлі жайланған Теміртас жүгіре жөнелді.

Үйге кіргізіп, Төреқұл салдың арқанын сәл босатып байлады. Шығып кетіп біраздан соң тайжақыдан тіккен жеңсіз әкеп кигізді. Соның бәрін бір ауыз ләм демей жасап жүр.

- Апыр-ай, мына Төреқұл екі ағамнан артық жақсылық жасады-ау. Адамның асыл қасиеті ішінде болады екен. Дәл соны танытты-ау. Сені ел саңырау деп атағанмен, құлағы саулардан гөрі мұң-зарды сен естігіш, ұққыш боп шықтың. Рақмет дейінші. Естімесең де айтайыншы..."

Біржан риза кейіппен басын изеді. Арқаға қақты.

Төреқұл басын шайқады. Қабағын түйді. Қалай шайқады, кімге қабақ түйді - айтқан жоқ.

Күн түнге, түн күндізге ауысып өтіп жатыр.

Ызғарды шуақ қуып, май күні, мамыр күні тамылжып тағы ашылды. Аспаннан жылуы мол нұр сорғалады. Жан-жануар түлеп оянды. Тірлігі мол күнеске талпынды. Бәйшешек бой жазып, қызғалдақ қауызын ашты. Көлге саңқылдап ұшып қаз қонды. Желіге құлын байланды. Күмп-күмп етіп сабада қымыз пісілді. Жайлауға бет алған ауыл-ауыл жылжып қонып, ірге ауыстырып, қоныс жаңартты.

Ақын тірлігіне ғана өзгеріс енген жоқ.

Жаңғырып жаз шығар. Жаңарып ән-жыр қалықтар. Қынаменде болар. Қыз-қыркын, жігіт-желең желкілдеп шығып, желік қуар. Ән салар. Біржанның "Ләйлім шырақ", "Керкекіл", "Ақ серкеш", "Мәті-Дәулен", "Жамбас сипар", "Көкегіне" басар да. Бірақ сол қызық пен сайран, ойын мен той енді қас қағымға қайта оралып келер ме. Мынау толықсып өскен бойжеткендей шуақты ғұмыр ақын кеудесіндегі ызғарын неге аластамайды. Жұпары аңқыған мерейлі мекені сонау дүбірлі думанды кезеңін еске түсіріп, құсамен қинайтыны несі. Осы жайлауда Әпішін әкелмеп пе еді! Сондағы салтанат-сәні қайда? Сондағы ескен желдей гулеген салқар шабыты қайда? Сондағы әншіл, өнершіл сал-сері нөкері қайда? Сондағы аялаған, ардақтаған ағайын қайда? Бірде жылатып, бірде қуантатын қайғы мен қуанышты егіз ғой деуші еді. Күлкісі кетіп, өксігі қалғаны несі? Сондағы үміт пен күдікті бірдей бағып, алашақ берешекті тең бөліскен достар қайда? Бұлт басса қашып, күн шықса ілесіп бой көрсететін көлеңке болғаны ма?

Мамыр күнінде шуақ мол. Бәйшешегі бойлап өсіп, тұнып барады. Далада тамылжыған жаңа өмірдің, жас өркеннің үні бар. Жер бетінен ызғар мен суықты қуып, аластап жатыр. Әлі келмейтіні - әнші көкірегіндегі ызғар ғана. Аластамайтыны - әнші жүзіндегі мұң ғана.

Ауыл көшкенде, Біржанды түйеге мінгізген. Түйенің мұрындығын Төреқұл жетелеген. Төреқұлда етік жоқ, шоқай бар. Төреқұлға ат тимейді, жаяу



жүреді. Жаяудың жүрісі өнбейді. Айдалада екеуі кейіндеп қалды.

- Әй, Төреқұл!

Төреқұл естімейді, жырық мұрын атан бақырады. Түйе үстіндегі аяқ-қолы таңулы Біржан итіңдеп келеді. Ойға шомады. "Төреқұл! Мені саңырау сен түгіл есті-құлақты ағайыным да тыңдамайды. Шыр етіп туғанда, атаң саған Төреқұл деп азан шақырып ат қойған. "Төресі дұрыс, құлы не? Төреден құл шықпайды. Құл төре болмайды. Қашанғы Төреқұл болып үй-күйсіз жүре берерсің. Кетсеңші. Қашсаңшы бір жаққа. Мені тұтқын ғып ұстағанда, сені аяр ма. Өзіңді өзің тұтқын қылмай босатсаңшы. Кетейік те үш мұңлық үш жаққа. Аяқ-қолымды шеш. Атанды қоя бер. Өзің құтыл..." .

- Әй, Төреқұл!..

Төреқұл естімейді. Атан бақырады. Біржан ойға шомады.

Алыстан ән жетеді. Көш үстінде жорға-жүйрігін мінген қыз-бозбаланың жүрек тыныстары ол. Арқаның қоңыр, бейуақ кештерін тіліп өтіп талай көзде жас тұндырған Біржанның сезім нұры - әуендері ол.

Ей, бозбала-ай,<br>
Өтті-ау, заман-ай,<br>
Қош бол аман! -

деп бүлініп, қозыкөш жерден жетіп жатқан "Қозыкөші".

Ахау айдай,<br>
Жариям айдай,<br>
Достың көңілін қалдырма,<br>
Қыз қалқатай! -

деп үздігіп жалындаған "Бурылтайы" ол.

Қиын екен жалғанда сүйген ғашық,<br>
Сөйлеспесе екеуі мауқын басып, -

дейтін опалы жастық тілімен үн қататын - "Ғашық жары" ол.

Бірақ Біржан селт етпейді. Жүректен шыққан толқынды ырғақ енші алған ұлдай, отау көтерген қыздай. Қайта оралмайды. Ол қалың көпшіліктің қанына сіңіп, бойына жайылған. Ендігі иесі - халық. Бүлініп, бұлықсып жеткенімен, бүркеу көңіл қабылдамайды. Ақын жүзі селт етпейді. Сұп-сұр өңі алға қадалады. Дірілді саусақтары өркешке жабысады. Әнші ерні күбірлейді. Жаңа ырғақ, жаңа өрнек іздейді. Әнші кірпік қақпайды. Сонау ұбақ-шұбақ шұбырған көштен бала-шағасының қарасын бір шалып қалуға ынтық. Сол ынтық ұмсындырып, тың сарынға жол берді. Біржан ақырын ғана қоңыр үнмен кең далаға зар қосты:

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан.
Шешеннің сөз шығады таңдайынан.
Теміртас, Асыл, Ақық-қарақтарым,
Иіскетіп кетсеңдерші маңдайыңнан.

Ән алысқа ұзамайды. Қозыкөш жерге кетпейді. Ол сағыныш атады, өкініш айтады. Баяу созылған әуенде зорлықшыл күшке әлсіз ғана ықылық атқандай қабақ түю бар. Ол қорлығын сезінген өр көңілдің әбден титықтап, жалығып шыққан жалын демімен ғана ұзарады да тез өшеді. Ән алдағы, көш маңындағы жігіт-желеңдерге жетпейді. Күйік үні көмескі, күңгірт. Жастықтың рахат, жалыны мол асқақ әуендері оны көміп-көміп кетеді.

Атан ауық-ауық бақырады. Төреқұл басын бір көтермей ілби береді. Біржан ойға шомады. Ой сағынышқа бастайды. Асыл, Ақық, Теміртасын іздеттіреді.

Көктем бусанып, жер түлеп тұр. Ағаштар бүршік атып, бозторғай заңғар көкке іліп қойған ортекедей қалықтап тұрып қоймай-қоймай құйқылжиды.

Тасырлатып әлдекім қуып жетті. Ауыздықпен алысқан атын шірене тартып қатарласып келді. Төреқұлға қарады, атанға қарады, Біржанға қарады. Төреқұлға қарап, ернін шығарды. Атанға қарап, мұрнын шүйірді. Салға қарап, қарқылға басты. Мазақтап, менсінбей күлді. Ер үстінде бір бүйірлей



қисая отырып қамшының сабымен бір шекіп, бөркін кейін сырғытты. Қызыл белдеуленіп бөрік ізі қалған маңдайын сипап қойды.

- Аруақ-құдай барлығы рас екен. Салды аруақ атыпты. Атса атсын! Маған керегі де осы. Сазайыңды тартқан екенсің! Сен сал болғанда, мен кіммін? Ха-ха! Салдығыңа болайын сенің!..

Қамшысын қайқайта көтеріп Біржанға жақындап төне берді де, тайсақтап бұрылып кетті. Көтерілген ауыр дойыр Төреқұлдың жон арқасын осып түсті.

Атты адам ұзап барады. Қарқ-қарқ күліп мазақтап барады. Күлкісі, үні таныс. Біржан есіне түсіріп отыр. Поштабайдан естіген үні. Мынау поштабай емес. Бірақ поштабайдың көзі. Баласы. “Жауыздық-ай! Айналып соғып қайталай береді екенсің-ау! Балалап өсіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысар сенің тамырыңа балта салар табылар ма?”

Төреқұлда үн жоқ. Арқасына тиген соққыны да ауырсынған жоқ. Аяңын үзбей, ілбіп келеді.

Аяқ-қолға қыл бұрау түскеніне үш жылдың жүзі болыпты.

Жүйрік домбыраның шешен сөйлер қос ішегіне қол тигізбей, түйткілді жүрегінің ауыр ырғағын ғана сайратқанына үш жылдың мөлшері өтіпті.

Қапалы көңілдің қайғылы шеріндей үһілеу таусылғанымен, үнсіздік жойылмайды. Ақау түспеген жанының сау жері жоқ. Содан ба, қабақ шытып жасаурамайды. Күрсініп қалып, тілек те күтпейді. Іздері, аңсары жоқ. Ашу-кейіске толы жүзі болушы еді, бүгін одан да айрылып қалды. Өңінен реніш те, сүйініш те білінбейді. Әншілік пен серілік ұйыған тал бойда енжарлық бейім. Еркін, бұлғақ, әзіл-сықақты жанның қазірде самарқаулығы басым. Қат-қат тамған ыстық жас пен шып-шып шыққан қызыл қан ақын бойындағы шабытты қызу жүрегін түгел сарқып біткендей. Мезетсіз шақтың ұрланып жеткен тыйымсыз құдіретіне бас игендей күрт түсіпті.

Төреқұл бүгін әдеттегіден өзгеріп, екі-үш мәрте кірді. Ұрлап, жасырып әкелді ме, сұрап әкелді ме, бір жанан сары уыз қымызды қойып кетті. Екінші

оралғанда ауыз тиілмеген жананды көрді. Басын шайқады. Салдың қасына бір тізерлеп отырды. Насыбайын екі танауына жүгіртті. Біржанға ұсынды. Біржан саңырау, соқыр адамдай. Мәңгіріп отыр.

Төреқұл тағы тысқа шықты. Бұлт үйіріле бастапты. Батыстан сыбызғылатып жел көтерілді. "Дауыл болады"... Төреқұл ұй іргесіндегі ораулы затын ашты. Қолдан шапқан домбыра екен. Соған ішек тағып, тиек орнатпақ. Пернесін өзінше қондырып, тыңқ-тыңқ шертіп қояды.

Жел күшейді. Бұлт қоюланды. Жалп-жалп үзік-туырлықтар жалпылдады. Бірі бақанын, бірі қазығын көтеріп ауыл адамдары әбігерге түсті. Әлгінде өркеш-өркеш бұлт арасынан ақшыл сәуле қиғаштана көрініп тұр еді, о да жоғалып кетті. Аспанды бұлт тегіс бүркеді. Ұзақ ызың салып жел қатайды.

Төреқұл түңліктің төрт бауын қайта байлап, қазық қағып, желбауды қатайтты. Салдың қарсысына отырды.

Біржан басын көтерді.

- Не айтайын деп ең, Төреқұл?

Төреқұл үндеместен артына бұрылып, домбырасын алды. Салға ұсынды.

- Қолымды босат.

Домбыра қолына тиісімен күмбірлеп шешен сөйлей жөнелген жоқ. Кібіртіктеген саусақтар қос ішекті бірбірлеп шертіп өтті. Ақырын күрсінген әлсіз кеудедей қат-қат ызың шықты.

- Қасиетті, қара домбыра-ай! Сен екеуміз ықтиярсыздық кебін тартып, бір-бірімізден айрылып қалып едік. Ақырғы сәтте табысып отыр ма екенбіз? Бір безілдеші, кәрі серігім!

Осыдан кейін үншіл аспап құйқылжып кетті. Алыстан дауыл үйіріп, толқын аулады. Тыстағы дүрілдеп жеткен нөсерге қосылып бебеу қақты. Сонау жоғалып кеткен достарды бүліне іздеді. Сонау ыстық достық мейірді сағына шақырды. Перзенттеріне бақыт тілеп, аңырап шарқ ұрды. Көп-көп толғады. Көп-көп құбылжытты. Сонау қызуы мол жастықты өгейсіді. Соншалық нәзік мұңмен тіл қатып отырып, ақтық



қош-қошын айтты. Сонау дүбірлі кезеңін көз алдына елестетіп отырып, енді бір қайта қауышпас өкінішімен күрсін атып, ақырғы аманатын жолдады. Сонау тілек кешінде арманы қабысқан Әпішке сырын шертті. Қоштасып, бақұлдасып шертті. Сонау көркіне құмартып, көңілмен танитын көп құрбысына құпия назын арнады. Армандап, ащы жасы ағындап отырып арнады. Сонау әнімен ұйытқан тесік өкпе, алқынған демді ел-жұртын ойлай түсіп, қапастағы халінен ауыр күй төкті. Зарығып, аңсап, қоштасып отырып төкті.

Төреқұл жүзін жас жуды.

Домбыра жылады.

Нөсер төпеледі.

Сонау жазирада жай оғындай жалт-жұлт еткен жалынды жігіт үзілер шағының соңғы демін екі ішектен ықылық атқыза шығарып жатыр...

Қыл ішек үзіліп кетті. Саусақтар сұлық қалды. Ақ сақал төске құлады. Үш жылдың азабына төзген алып жүрек, ақын жүрек соғуын тоқтатты.

Алпыс төрт жасқа аяқ басқанда, 1894 жылдың көктемінде сал Біржан мәңгі көз жұмды.

Домбыра бебеуі тыстағы дауыл үніне жалғасты. Сонау-сонау күндердің мол ызыңын жоғалтпай, іліп әкетті.

*1973 жыл.*

# АЙМАҢДАЙ

**Киноповесть**

Құбаш, қазір қай
жерде жүргеніңді білмеймін.
Саған арнаймын бұл еңбегімді.
*АВТОР.*

Аспанда жентектелген алабауыр бұлт баяу ғана көшіп барады. Ақ қарда алатоқым көлеңке ақырын сырғанайды. Күзгі қатқақ жолмен кібіртіктей ілбіген бірен-саран адамның қарасы әр жерден бір қадау-қадау көрінеді.

Шағын вокзал үйінің темір торлы терезесінің кәшегіне әрең ілініп тұрған сынық әйнегін ұйтқыған жүрдек жел жиі дірілдетеді.

Жағаларын көтеріп, тұмсықтарын тұқырта тығып алған жұрт есік алдында үнсіз тықыршып, теріскей тұстағы жым-жырт мелшиген бағдар шамнан назарын айырмайды.

Маңдайшаға керіп тастаған қос құлаш қызыл шүберекте дамыл жоқ. Екілене соққан жел өтіне қарсы кездескенде транспаранттағы “Эвакуацияға келген балаларға төріміз дайын!” дейтін ұранның сөздері бірін-бірі бастырмалата қуалап кетеді.

* * *

Ойдым-ойдым қар қос қапталда ғана. Жол үсті қатқақ. Сарнаған шананың артында сайраған із де жоқ. Төрт тұяқ, екі аяқ құм жалаған қатқаққа дүңк-дүңк



тиеді. Аттың да, адамның да бастары төмен тұқырып, шытынаған табан жолға көз байлап қалыпты.

Қоңыр жүзді таспалай айғыздаған ащы тердің соңғы тамшылары маңдайдағы ойыңқы тайтұяқ таңбада іркіліп кілкілдеп тұр. Құбаш басын көтермей:

- Шу, жануар! - деп көмейден қылғынады.

Анда-санда дүмпусіз самарқау естілетін қарлы-ғыңқы дауысқа шұбар аттың еті әбден өліп кеткен. Құлағын жымитып селт етпестен қыбырлай береді. Кей-кейде резеңке ұзын бишік оқ жыландай ысқыра атылып сарт етіп сауырына тигенде, кеудесін созып, бөксесін сүмпитіп, мықшыңдай қалады.

Шұбар қандай шабан болса, атшы сондай көнбіс. Шұбардың оқта-текте желгенін, атшының зәуіде бір желпінгенін ауылдастан көрген жан жоқ шығар. Бірақ жануарда шаршау болмайды, айдаушысында тоқтау болмайды. Таңертең көрсең де осы мимырт сылбыр жүріс, түсте де - сол, кешке де осынау бір сарынды дағдылы ілбу. Шұбар кісінемейді. Құбаш сөйлемейді. Шағын қыстақтың ана шетінен де, мына шетінен де сықырлаған ат-шананы кездестіріп қаласың. Бірде көмір түсіріп жүреді. Бірде шөп тасып жүреді. Кешке ат қораға Құбаш шаршап қайтады, шұбар болдырып оралады. Алакөбеден ат пен адам тағы қыбырлайды.

- Айт шу, жануар!

* * *

Сығырайған көзді жұтып жіберген жалпақ бетте ызғар жоқ. Әдеттегідей резеңке бишік те беймезгіл сартылдамайды. Қисық сабаудан жасаған қысқа сабын жастанып, қарала жыландай қыбырсыз ирелендеп, қорап толы көмірдің үстінде жатыр.

Кенет құлақ түбінен оқыс шу шықты.

Құбаш селк етіп басын көтеріп алды.

Оң жақ қапталдағы қабырғасын жауын сойып кеткен тоқал үйдің іргесінде он шақты бала алқа-қотан дөңгелене тұрып алып, әлдекімді екілене мошқай мазақтап жатыр, әлдекімді жабыла түртіп, дүрілдесе түртпектеп жатыр.

Шу шыққанда, шұбар ат қалт тоқтады. Шұбар тоқтаған соң, қайыс делбесін қорап үстіне шиырып тастап, Құбаш балаларға қорбаңдай басып үнсіз жақындады. Маңдайдағы ойық тыртығы күреңіте дір етіп, түсі бұзылып кетті.

Ортада қаршадай бала қалшиып тұр. Жеті-сегіздер шамасында. Шарасы жасқа толған шөлмек көзін бір төңкеріп, кірпік ұшынан жасыл тамшыны сілкіп жіберді. Артынша қайғыны көп шеккен ересек қараспен жалт қарады да, бала ауыр күрсінді. Бір түрлі оғаш, кекселік күрсініс көргендіктен бе, Құбаш қабағын дүмпите түйіп, жалма-жан жанарын тайдырып әкетті. Жазда кірпіш құю үшін балшық айналдырған үй орнындай дөңгелек қырманның іші тобықтан келетін жұмсақ қармен толыпты. Жалаңаш аяқтар лай басқандай кезек көтеріледі. Қар - аппақ, табан - қып-қызыл. Аппақ қарға қызыл қан тамғандай. Бірақ қызарған қан емес - табан!

Балада тырс еткен үн жоқ. Көзінде енді жас та жоқ. Шолақ шалбардан сидиған жіп-жіңішке сирақтары бүгіліп-түзеліп, тәлтіректеп кетеді. Қаны қашқан түсі бозарып, көкшіл көзін жоғары тіктеп, қар себелеген қарабауыр бұлтқа қадап қалыпты.

Балалардың ішіндегі ең ересектеуі апыл-ғұпыл еңкейіп жерден бір уыс қарды қос алақанымен жентектеп алды да, көйлекшең тұрған әлгі баланың ашық мойнынан сүңгіте салып жіберді.

Құбаш өзінің мойнына сұп-суық жылан оралғандай қатты тітіркенді. Сол-ақ екен, ештеңенің байыбына бармастан шуылдаған балалардың олайғысын олай, бұлайғысын бұлай жұлқа итеріп, әлдебіреуінің қаймыжықтай жағына шапалағын сарт еткізді.

Балалар аяқ астынан опыр-топыр болып, араның ұясындай айқайласа даурығыл ала жөнелді:

- Жынды болған ба, Аймаңдай неме?
- Өй, мылқау, қайтеді?
- Кімді ұрасың өзің! Апама айтам!
- Саған да мықты табылар!
- Неміске болысады-ей.
- Өзі де неміс!
- Неміс баласын қорғайды.



Құбаш кілт тоқтап, ортадағы бөтен балаға жалт қарады. Сығырайған кішкене көзіне әп-сәтте жиіркеніш ұялады. Бала болса меңіреу қалпы тіл қатпай, мұң шақпай қырман ішінде аспанға қадалған күйі мелшиіп тұр. Құбаш оң қолын қылышша бір сілтеп, үнсіз бұрылып жүре берді.

"Неміс!.. Қайдан келді екен? Жоқ еді ғой бұрын..."

"Қайсарын-ай! Мойымады-ау!"

Сүйсінгені ме, шіміріккені ме, добалдай ернін жинай алмай әлсіз күбірлеп, қайталай береді.

Шұбар ат баяу ілбиді.

- Шу, жануар...

* * *

Біріне-бірі иық тірестіре іркес-тіркес жапсарласа салынған ұзын барақтың шеткі ауласында дегбірі қашып Несіпжан тұр. Қара торы келіншек. Бұлт арасынан анда-санда бір сығалап қалатын шұнақ күн көкжиекке еңкейген сайын жолға сүзіле қарап, тықыршып қояды. Бір кез үйге кіріп кетіп еді, іле тостаған көтеріп шығып тауық қораға барып, жем шашты.

- Шіп-шіп-шіп! Осы қораздың басын қағып алар ма еді! Мешкей! Аумаған Сәрсен! Шіп-шіп-шіп!

Дәл сол сәтте шанасының табанын құяң аурудың ойбайындай сарнатып Құбаш жақындады. Ыржиып күлді.

Несіпжан тостағанды төсіне басып алып қарсы ұмтылды:

- Айналып кетейін қайным-ау! Сені тоса-тоса екі көзім төрт болды ғой. Түс болмай әкелем дегенің қайда? Міне, кеш те жетті. Үй болса азынап тұр. Әскер семьясына жандарың ашымайды-ау. Айдасаңшы атыңды. Әй, екеуіңді келістіріп қосқан қай құдай екен?

Құбаш үндеген жоқ. Үнсіз қимылдап көмірді түсірді. Үнсіз жүріп көмірді отын қораға үйді. Үнсіз жүріп жұмысын тындырды. Содан соң елтірісі тықырланған құлақшынын шешіп, алақанымен бу шыққан маңдайын, бетін сүртті. Жем шоқып түртінектеп жатқан екі мекиен мен қызыл қоразға елжірей қарады.

Несіпжан үйден күлімсіреп шықты. Екі қолын қос өңіріне үйкеп-үйкеп жіберді.

- Жел айдаған қаңбақтай қу соғыстың салдарынан арамызға кеп қалдың, қайным. Күндік жерге көлең-кесін түсірер бәйтерек болдың ғой. Рақмет. Сен жалғыз, мен жалғыз. Жатсынбайық бір-бірімізді.

Құбаш ала көздерін болар-болмас жылтыратып, дүрдік еріндердің арасынан сызат ашып, ризашылығын үнсіз ғана білдірді.

- Аймаңдай, үйге кір. Жуын, шай ішіп қайт.

Келіншек "Аймаңдай" дегенде, Құбаш көмір күйесі жұққан доғал саусақтарымен маңдайындағы тайтұяқ таңбаны еріксіз бір сипап өтіп, қорбаңдап теріс айналды.

- Өй, жазған-ай! Көңіліңе алып қалдың ба? Бады-райып көрініп тұрған соң қалай айтпассың. Жә, жүр енді. Жуынып, жылынып шық. Дастарқанды жасап қойдым, - деп Несіпжан еркіндеп келіп Құбашты жеңінен тартып, үйге қарай жетеледі.

Ауыз үй, төр үй - шап-шағын. Тап-тұйнақгай. Басы артық дүние жоқ. Бар болса ендігі бір пұт, жарым пұт астыққа әлдеқашан айырбасталып кеткен.

- Шешін! Су жылытып қойдым, жақсылап жуынып ал.

Несіпжан Құбаштың еркіне қоймай күпәйкесін шешіп, шегеге ілді. Едендегі шүмегі сәңкиген жез құмғанды лып көтеріп, оттықтың аузындағы қаңылтыр легенге апарып, саусағына тамызып көрді де:

- Кел, құйып жіберейін, - деді.

Су қап-қара бояудай сорғалап жатыр. Күйе кетер емес.

-Тоқтай тұршы.

Келіншек құмғанды жерге қоя салып, жұқа шыт көйлектен буылтықтана шерткен толық денесін ойнақ-шытып барып ескі әбдіресін сыңғырлата ашып, ора-малға түйіп қойған көк жұпар сабынын әкелді. Құбаш кірпіктерін қайшылап, басын шайқады. Үнсіз жымиып, қазандықтың желкесінде тұрған сақардың асықтай алқындысына қол созды.

Бет-ауыз күйе мен кірден тазарған соң күреңіте жарқырап, әжептәуір ажарланып шыға келді. Ортасы дөңес біткен үлкен мұрын, етті ерін еркекке тән



қажырлылық айғағындай сезіліп, келіншек жанарын өзіне тартып барады. Қиық көздердің қысыңқылығы, жалпақ беттің шығыңқылығы сірә, сезілмейтін тәрізді.

- "Ат ерінді, ер мұрынды" дегендей өзің тәуір жігіт екенсің, Аймаңдай! - деп Несіпжан сақинасына сиқыр қондырғандай саусақтарын жыбырлатып әкеліп қонағының қарынан бұрап шымшып алды да, әуен-ділігі әнге бергісіз сылқ-сылқ күлкіге басты. Құбаш екі аяғын кезек сілкіп пимасын тастап, төрге озды.

Екеуі дастарқанның екі шетіне жайғасты. Келіншек көз астынан Құбашқа жиі қарайды. Бір кезде Несіпжан орнынан атып тұрды:

- Әй, өзің шынымен-ақ жігіт боп қапсың!

Сол-ақ екен, тықыршыған құлын дене барлық қимылымен сөйлеп кетті. Кесе әкеле жатқанда толық мықын былқ-сылқ биледі. Еңкейе түсіп шай құйғанда, тіп-тік қос анар дірілдеді. Қысқа жең көйлектен оза шығып, жалаңаштана жарқ еткен жұмыр білек сөйледі. Кішкене аппақ құлақтардың үзбелі сырғасы сыбыр-лады. Ештеңені аңғармай, асжаулықтың үстінде шашырап жатқан күрең қоңыр бауырсақтарды екі ұртына кезек тоғытып отырған Құбаштың бүйірінен Несіпжан аямай шымшып алды.

Құбаш жалт қарады. Сұғанақ қол тоқтады, аузына апара берген кесесі кідірді. Көзі тайқып кетті. Бұрылар емес. Бұрқ етіп маңдайдан суықтер атылды. Қосылып ағып, әлгі кесек тамшылар тайтұяққа кілкіп тұрақтады. Тұрып-тұрып төмен қарай лап берді. Келіншек бұрала басып барып, сыңғырауық әбдіресін тағы ақтарды. Бір құлаш түкті орамалды суырып алып, екі шетінен салмақтай ұстай тұрып, ұланның маңдайын, бетін сүртті. Елжіреп, еркелетіп сүртті.

Бір кез... Несіпжан кеудеден толқындап ытқыған ып-ыстық демімен шарпып өтті. Қос бұрымның жас баланың білегіндей толық өрімі алдына сұлап, биік төстен ақырын сусып келіп, Құбаштың дуылдаған бетіне тиді. Шаш тигенде қытығы келді. Жұпар сабынның иісі ме, қолаң шаштың өзіне ғана тән жұпары ма, танауды әлдебір аңсар қытықтады. Еш-теңенің байыбына барған жоқ. Қолын дірілдете созып, қаз мойынның жұмыр доғасын айқара құшақтады...

Етті келген добал ерін икемсіз жыбырлап оймақтай ерінге жабысты. Ерінге ерін жабысқанда, Құбаш шалқалап құлап бара жатты. Құлап бара жатып төсіне қос үшкілімен томпайып тиген ыстық кеуденің алау қызуын сезінді. Сол ыстық кеуде дүрс-дүрс соғып аттандап жатқандай. Жо-жоқ! Сол ыстық кеуде дүрс-дүрс соғып қуанып жатқандай, құмарланып жатқандай. Құбаш сасқалақтап тізесін бүккенде, жалаң аяғы жалаңаш балтырға тиді. Жалаңаш балтырды сезінгенде, өн бойында лапылдап от, өрт жүгірді...

Келіншектің оң қолы дірілдеп жайлап төмен сырғыды. Қол қозғалғанда, Құбаш дір етіп есін жиды. Жыбырлап қана түртінектеген дәрменсіз қолды қағып жіберіп, жауырынын көтеріп келіншекті үстінен аударып тастады. Бір түрлі таңырқағандай состия қарап қалып, орнынан жалма-жан ұшып тұрды. Белдігінің темір айылбасын қос алақанмен шеңгелдей бүрді...

Несіпжан аппақ мойнын аққудай иіп теріс айналды. Тізерлеп отырған күйі бүйірі қабысып, иығы селкілдеп ұзақ үнсіз жылады. Оң қолымен жер таянып, сол қолын көзіне көлегейлеп басып алыпты.

Құбаш күпәйкесін киді. Шұлғауын қалай болса солай орап, ауыр пимасына аяғын сұға салды. Есік алдына бара беріп, әлгі бір шетін жайдың оқыс болғанына қатты кінәлы жандай бір қызарып, бір сұрланып қалт тоқтады. Дір-дір етіп солықтап отырған келіншекке аяй қарады. Ақырын тамағын қырнай жөткірінді.

Несіпжан басын көтеріп алды. Жас тұнған қызарыңқы көздерден ашу атылды.

- Әй, кетпеймісің енді. Құры тез! Көрінбе көзіме. Құдайы құрғырға не жазып ем! Не? Жиырмаға келгенде байдан айрылдым, бір ай ғана тұрмыс құрдым. Енді ол күндерді кім қайтарып береді? Күйеуімді кім тірілтіп береді?

Құбаш кібіртіктеп төрге қарай бірер аттады.

Келіншек орнынан сілеусіндей серпіле атып тұрды. Екі жұдырығын тас түйіп алыпты.

- Кет Жолама маңайыма! Жола-ма! - Жүзінде ызалы жек көру сызы бар еді. Құбаш есікті сарт еткізді. Келінінек күрсініп қалды. Келіншек сылқ түсіп, екі бүктетіліп, солқылдап жылап қалды.



* * *

Ат қора іші ала көлеңке. Ақырдағы көк шөпті бырт-бырт шайнаған шұбар ат анда-санда пысқырып қояды.

Жеңді білектей ағаш дөңбектің үстінде Құбаш құнысып отыр. Ауыздан сыздықтап шыққан буы қарсы алдындағы қисық тіреуге бір елі мұз болып қатып қалыпты. Қолындағы тал бұтағымен жер шұқиды. Алыстан паровоздың талықсып жеткен даусы естілді. Құбаш селк етіп еңсесін тіктеді.

* * *

Сықыр етіп киіз қаптаған аласа есік ашылды. Пимасының табанынан қар ұшқындатып табалдырықтан Құбаш аттады.

Жалғыз бөлменің жер еденінде сумандап "ала-күшік" бу жүгірді.

Будың ортасынан қалбалақтап қара кемпір - Рабиға әжей көтерілді. Жүзі құмырсқаның илеуіндей әжім-әжім. Өзі шүйкедей-ақ. Денесіне даусы сәйкес емес. Самбырлап сөйлейді.

- Келдің бе, Құбашжан? Кешіктің ғой. Аяз буып тұр, ә? Тоңған жоқсың ба? Ой айналайын, азаматым, - деп Рабиға қарсы жүріп Құбаштың құлақшынын шешіп, шегеге ілді. Айналып келіп иығына басын төсеп және сөйлеп жүр. - Құбашжан-ау, білесің бе, аяқ астынан мен бүгін қызды боп қалдым. Енді ұлым да бар, қызым да бар. Қалыңмал беріп келін түсіріп, қыз беріп, құдағи атанам әлі.

Құбашқа елжірей қарап, мейірлі жүзін күлімдетіп құптау күтті.

Ала көлеңке бөлменің ішіне шыдамсыздана көз жүгірткен Құбаш пеш түбінде сүйеп қойған қапшықтай сыналанып бүрісіп отырған әлдекімді әрең шырамытты. Түр-түсіне онша зер салмай тай терінің пұшпағына отыра қалып пимасын шешті.

- Жуынасың ба? Жер май шақ келмейтін болды. Жаяу шам сықсиып не көрсетеді дейсің? Тағы біреуін жағайыншы, - деп кемпір тас кебісін тарпылдатып

босаға жақта ілулі тұрған ескі күпінің әлдебір жыртығына қолын тереңдете сұғыл жіберіп ұйысқан мақта суырып алды. Шиыршықтай есіп, май жағып, сынық кесенің төңкерілген түбіне қойды да, сіріңке тұтатты. Үй ішінің бұрыш-бұрышына тығылған қою көлеңкесі біршама сейілді.

- Ал енді анықтап қарашы қарындасыңа. Қордың қызынан кем бе?

Құбаш көңіл жықпас қимылмен мойнын бұрды. Мойнын бұрды да замат тіксініп қалды. Өңменінен өтердей көкшіл көздер қадалып қалыпты... Қайғыны көп көрген ересек қарасты манағы шөлмек көздер!...

“Бала емес пе?.. Бағанағы бала ғой. Қыз дей ме?!..”

Құбаш жүзіндегі дүдәмал күдікті көргенде, көкшіл шөлмек көздерде сарғылт от тұтанды. Сыналап қойған қапшыққа жан бітіп, жеп-жеңіл қозғалып, орнынан ұшып түрегелгенде, жұқа көйлектен басқа лыпасы жоқ талдырмаш дененің ақ балтыры жарқ етті.

“Қыз ғой!.. Бала емес”.

Жалаңаш балтыр жасырынбай көзге ұрады. Алдамайтын анық белгі сияқты. Он алтылар шамасындағы қыз әлі де үрке қарап, үрпиіп тұр.

Рабиға құшағын жайып қызды бауырына қысты.

- Неден үріктің, қарағым-ау! Отыр, отыра бер! Ол Құбаш дейтін ағаң болады енді. Оны да бала ғып асырап алғаныма жарты-ақ жыл болды, - деп Рабиға қызды иығынан басып қайта отырғызды. Өзі буын-буыны сылдырлап қасына жайғасты.

- Әй, екеуің тату болыңдар. Сынай-міней қарайтын тілемсек көз көп. Соған себеп тауып бермеңдер. Ой-қырым түгелденгендей болғанда, мені ренжітпеңдер.

Рабиға бет-аузының шүпірлеп көбейіп кеткен әжімін онан сайын қоюлата, көзін сығырайта күлімсіреді. Күлімсіреп отырып ернін жыбырлатып, қос алақанымен бетін сипады.

Құбаш қимылдамастан бағжиып қалыпты. Көз алдында қос балтыр кезек-кезек алмасады. Жылап қалған келіншек елестейді. Құбаш әлдебір түйсікті енді ғана жүрек қылымен сезінгендей болды. Жылаған Несіпжан емес, жылатқан соғыс екен. Сонау ойналмай қалған, тойланбай қалған жастығының әсем әуеніне



ықыластана ұмтылған келіншекті еріксіз бұғаулаған соғыс екен. Бұрқ еткен сәттік сезімін тыйғызбаған да сол екен. Сол екен!..

- Неміс!!!

Жалғыз сөз тітіркенген Құбаш аузынан жиіркенішке толы уыт боп атылды.

Рабиға қолымен көзін жасқап елең етті. Қыз жіңішке мойнын соза үрпиіп қарады.

- Әй, неміс дедің бе? Неміс болса қайтейін? Неміс те болса-жетім. Енді менің балам. Менің қызым.

Құбаш қалың қабағын түйілдіре қызға шұқшия бұрылды. Қысық көздері кірпік қақпастан тесіп барады. Қарсы алдынан дәрменсіз қызды емес, құбыжық көріп отырғандай. Жұдырығын тас қып құшырлана түйіп алыпты.

- Немі-іс!..

Содан кейін қара жерді тоқпақтап-тоқпақтап жіберді де, етпетінен түсіп солқылдап жылады. Бетін алашаға басып қыстыға булығып жатыр. Екі иығы селк-селк етеді.

Жылап жатыр, кіжініп жатыр. Үнсіз жанның уайымы еленбейтін: іште туып, іште өлетін. Қыжылдатқан кек қыжылы сыздаған жүректе аунап қалып, сол жаралы жүректе қайта тұншығатын.

Алты айдан бері көз алдында алғаш рет ағыл-тегіл еңіреп, шарт-шұрт ашынған Құбашты көргенде Рабиға да бой-бой босады. Кәрі жанардан домалай ытқыған сараң моншақтар қамзолының омырауына үзіліп-үзіліп түсті.

- Қара түйнектей кеудеңде түйіліп келген құсаң неткен көп еді, пақырым сол!? Көңіл қамырығы жыласаң ғана басылады. Жыла, Құбаш, жыла!

- Неміс дейді. Неге кіргізесің? Неге жібересің? Бірге тұрам ба? - деп, Құбаш басын көтеріп алды да, қызды көріп кіжініп қайта жатты. Иығы тынымсыз селкілдегенде, сақ-сақ еткен азу тістері “неміс, не-мі-с” дейтіндей ызалы сықырын көбейтті.

Рабиға бүкеңдей еңбектеп келіп, Құбаштың иығынан тартты. Басынан емірене құшақтады.

- Болды енді, құлыным! Қой, Құбашжан!

Құбаш құшақтан жұлқына босап, одан сайын екілене еңіреді.

Рабиға орнынан оң қолымен жер тірей көтеріліп, іргеде сүйеулі тұрған ақ сабауын алды. Май құйрықтан аямай осып-осып жіберді.

- Жә, жетер! Еркек басыңмен соншама солқылдағаның не? Өй, кепиетіңе!.. Әке-шешең тап бүгін өлгендей... Жылау-сықтауды осы үйге ғана жазып қойса да тоқтататын кезің жетті ғой! Қарап тұрып еңіреп бірдеңе көрінді ме?

Кемпір аяқ астынан тұлан тұтып бұрқ етті. Рабиға ашуланғанда, Құбаш сап тыйылды. Жабығып қалғандай басын жасқаншақтана көтеріп, ызғарлы жүзге мөлие қарады.

Құбаштың ойы: "Кіріптар екенмін. Апа деп сыйлаушы ем. Қас-қабақ есеппен ашылатын тәрізді. Әне, аумалы ықылас бір шүйкебасқа әлден-ақ төңкеріліп түсті. Шын жанашыр болса, бүйтер ме еді".

Рабиға сөйлеп жүріп сенектегі дөңгелек үстелді домалатып әкелді. Күңкілдеп жүріп дастарқан жайып, шай жасады. Бүрісіп үнсіз жапақтап отырған қызға тіл қатты.

- Шыныларды жу. Ойбүй, түсінбейді-ау енді бұл!..

Қыз түсінді. Түсінді де, басын изеп, өз тілінде біраз шүлдірледі.

Осы дауыс шүлдірлеп жетіп, сестенген Құбашқа қатқыл естілді.

"Өтірік пе, шын ба" деп әлі де болса іштегі күдігіне сенбей жатыр еді. Бөтен тіл ширығып тұрған жүйкесін ток соққандай, толқын ұрғандай шым еткізді. Апыр-топыр түрегелді. Жан-жағына бұрылмай апыл-ғұпыл киінді.

- Құбаш-ау, құлыным-ау!?..

Рабиға жаман састы. Жайшылықта аузын ашса көмейінен құйылып, ақтарылып кететін түйдек сөздің бірі жоқ. Ысылдаған ыстық леп кемсеңдеген иек қимылымен үзік-үзік шығады. Буын-буыны босап, пеш қасындағы орнынан тұра алмай, саусақтары жыбырлаған екі қолын дірілдете созып, ауа қарманып жатыр.

Қоңыр есік ыңырана сарнады да, лап етіп бөлмеге еден жалаған суық ауа ақтарылды.



Сылағы түскен, кірпіші жалаңаштанған аласа тоқал тамның алды кісі бойы күресін.

Рабиға көнетоз шапанының қос өңірін қаусырынып есік алдында бір уыс боп тұр. Көп болды. Қимылдар емес. Шыңылтыр күннің бетжалаған зілді ызғары бар. Тіссіз иек сақылдауға шамасы келмей әлсіз ғана дір-дір етеді. Ауыр өксікпен тереңнен солқылдап жеткен ұзақ күрсініс бір құшақ ауаны ауыздан бұрқ-бұрқатты. Рабиға көзін сығырайтып, иығын қушитып ат қора жаққа қарады. Нұрсыз жанар көрмей тұр-ау деген күдік оралды ма, иілуден қалған саусақтарын әрең қосып, маңдайына күркелеп төсеп, құн салып тағы қадалды. Бұлдыраған көзден ып-ыстық жас ыршыды. Сұқ саусақ шыланған кірпікті сипап өтіп, кідірместен өңірге сүңгіп кетті.

- Келмейін дегені-ау... Сенен де айырылғаным ба?

Тас кебіс тарп-тарп сүйретіліп, табалдырықтан аттар-аттамастан екі жаққа ұшты.

- Үй суып кетіпті-ау...

Кемпір кібіртіктеп келіп от аузына жүрелеп отырды. Пештің қақпағын ашып, қызарған қоламтаға суық сорған алақандарын тосты. Сәлден кейін қара көсеуді көтеріп, оттықтың астын түртті. Дүр ете жөнелген оттың жарығына үнсіз телміріп, ұзақ отырып қалды.

- От! Қайран от...

* * *

Қабырғаларына жылтырап қырау қатқан сұп-суық бөлмеде жақ жүндері үрпиген төрт бала ескі-құсқыға оранып, мойындары ғана қылтиып отыр. Ең кішісі қарлыққан дауыспен қыңқылдап нан сұрайды. Ұзын бойлы қатпа қара шал жалғыз терезенің жарығын көлегейлеп жол жүруге жиналып жатыр.

Жұлығы шұрқ-шұрқ тесік саптама етікке от аузында бір қасық тоң май жағып көне сіріні жұмсартпақ болып әбігерге түскен қазіргіден гөрі жастау Рабиғаның жүрдек қолы жып-жып етеді.

- Бидай таппай оралмаймын. Табуға тырысармын. Балаларға өзің бас-көз бол!

Үндемес шалы осылай күңк етті. Үндемей кетсе де, өкпелейтін Рабиға емес. Отағасының мінезіне жасынан қанық.

Шал екі-ақ аттап келіп бір сәт үнсіз қалған төрт ұлының келте кекілінен кезек-кезек сипап, еңкейіп тұрып кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Жүні жұлмаланған күпісін киіп, қос құлаш ақшыл шүберек белбеуін беліне үш қайтара орады. Есікке жете беріп, тұтқаға созған қолын түсірместен айналып артына қарады. Қарап тұрып төрт шырағын жасаураған көзімен түгендеп өтті.

Далаға шыққан соң шал бәйбішесін ымдап тоқтатты. Басын көтеріп, сақалын шошайтып тоқал үйдің қысқа мұржасынан тіп-тік көкке өрлеген сұйық түтінге қарады. Түтінге қадалып тұрып, алқымының астынан тымағының бауын асықпай байлады. Көзін қиғаштай жүгіртіп үй іргесіндегі бір арқа шөпшек отынды, қаңырап бос тұрған ағаш ақырды тез шолып өтті. Содан кейін тамағын қырнап, қылғынып еп-ерсі жөткірінді. Сонысынан ұялып, аузын алақан сыртымен баса қойып, теріс айналды. Айырбасқа жарар деп үйіндегі барлы-жоқты жарамдысын салған орта қап түйіншекті арқалап алған. Өзі еңкек шалды әлгі жотада жарбиған түйіншек жалғыз өркештендіріп, бүкірейтіп жібереді екен... Рабиға отағасына көрсетпей көзін сығып алды.

Шал үй іргесіндегі қасқа жолға қарай екі-үш аттады. Кібіртіктеп тоқтады. Қайта оралып келіп состиып тұрып қалған Рабиғаның қолын ұстады. Мәпелей сипады. Тағы сипады. Тіл қатқан жоқ. Бұрылып адымдай басып жөнеле берді.

Рабиға ашылған алақанына үңіле қарап қалды.

* * *

Кемпір от аузында әлі отыр. Қара көсеуді бойлата сұғып жіберіп пештің астын көседі. Бойына лып-лып жайылып сергек жылу жүгірді. Елеусіздеу қырындап алақанына үңілді.



- Алақан...

Мәпелеген саусақ табы ашық алақанда бадырайып таңбаланып, өшпестей боп қалып қойса, жаралы көңілдің о да болса тәубешіл медеуі ғой. Бірақ еш белгі білінбейді. Сол алақаны жанасып келіп оң алақанды сипалады. Сондағыдай кеудесіне тағы да іңкәр мейірім оралды. Шал қолы сіңірлі еді. Өзінікі де тарамыстанып қалыпты.

- Алақан...

* * *

Босағаға жабыса сүйеніп қасқа жолға тесіле қараған жас Рабиға отағасын өлермен сабырмен күтеді. Бірақ ол қайтқан жоқ. Отағасы да, отағасы әкелем деген нан да оралмады.

Албарда төртінші төмпешіктің жас топырағы қоянжондана үйілді. Күрегіне сүйеніп, арса-арса шаршап, маңдайдағы төрт қатар сызығын төрт қабірдей тереңдетіп Рабиға үнсіз жылап тұр...

* * *

Кемпір от аузында бүрісіп әлі отыр. Қара көсеуге маңдайын шаныша тіреп алыпты.

- Алақан...

Отағасы сонда ақтық рет сипаған. Суық қарыған сіңірлі саусақтан тұла бойын ду-ду қыздырған жылылық сезінген.

От дүрілдеп жанып жатыр. Шалқыған жалын сәулесі кәрі жүзде бұлт-бұлт ойнайды. Ұсақ торлы сансыз әжімде көлеңке қуалайды.

- Түтініңді үзгем жоқ... Әлі үзбей келем... от сөнсе, алақан табы жоғалардай сезем.

Сырттан әлдебір тықыр естілгендей болды. Рабиға елең етіп, көсеуді пешке сүйеп, жалма-жан кимешегінің шажамайынан оң құлағын шығарды. Бүкіл денесімен есікке ошарыла бұрылып, демін де алмастан тың тыңдап отыр.

- Келмегені ме? Қайда барады? Қайда түнейді? Кімге дәркер еді?

Есіне енді ғана түсті ме, түзеліп алды да, манадан қыбырсыз отырған қызға қиыстады.

- Жетімегім-ай, сені қайда жіберем? Үйден шықса, талап жейтін көз көп. Обалыңа қаламын ба? Құбашым жоламай кетсе қайтем? Төрт ұлымнан айрылғанда тандыр боп қалған төсім игендей болып еді. Жасағанның енді одан да айырғаны ма?

Сауалына жауап таппай бүрісіп, бір уыс болып қалды. Қу үміт күдер үзбейді. Сырттан тықыр білінбейді. Оң құлақ әлі де есікке тосулы. Кенет!..

Опыр-топыр жанталасып орнынан жығыла-сүріне ұшып тұрды.

-Апыр-ай! Келгені ме? Шынымен-ақ келгені ме?!.

Тұра беріп қайтадан етегіне оралып құлап түсті. Қыз шұрқырап келіп иығынан тартып, сүйеп жатыр.

Есік жайлап, ыңыранып ашылды. Алдымен бір құшақ аяз енді. Бу сейілгенде, босаға жақта серейіп, мойны салбыраған Құбаш анық көрінді.

- Құбашым! Құлыным!..

Басқа дәрмен жоқ. Басқа тіл де, тілек те жок. Тұра алмай, қалтылдатып етсіз қолын ілгері созады. Қолын созады да, бой-бой егіледі.

Құбаш үнсіз тақалып, тізесін бүгіп, екі бүктетіліп иілді. Әженің тарамыс қолынан ақырын ұстап, алақанымен аялап сипады. Алақан мейірімі ана көңілін ағыл-тегіл босатты.

- Алақан...

Көз алдына зымырап жетіп басқа алақан елестеді. Отағасының суық алақаны... сіңірлі алақаны... Сүйікті алақаны сипап жатыр.

Мына алақан да суық екен. Бірақ сол суықтан тұла бойына лып-лып жайылып, жалын еніп барады.

Құбаш пен қыз Рабиғаның, екі қолтығынан демеп көтеріп, пеш түбіндегі құрақ көрпешенің үстіне әкеп отырғызды. Күпісін иығына жапты.

- Апа! - деді Құбаш.

- Ап-па! - деді қыз.

Бірі күрсініл, бірі егіліп айтты. Екеуі де елжіреп айтты.



Кемпір әп-сәтте көңілденді. Жас іркілген жанарға кірпік ұшын ұшқындатып қуаныш оралды. Мейірленіп екеуін кезек сүйді

- Шай жаса, Ылизашым!

Содан кейін ықыластанып Құбашқа бұрылды.

- Аты Ылиза. Әкесі соғыста екен. Біздің әскерде көрінеді. Шешесі осылай келе жатқанда жолшыбай қайтыс бопты. Бұ да өзің сияқты тұлдырсыз жетім. Мен десең, тілегім болсын, Ылизашты ренжітпе, күнім.

Құбаш үндеген жоқ. Қыз жаққа қарамастан, киімшең төр алдына жантая кетті.

* * *

- Айт шуу, жануар!

Төрт тұяқ, екі аяқ қатқақ жолға келі түйгендей дүңк-дүңк тиеді. Шұбар кісінемейді. Құбаш үндемейді.

Ат-шананың қасынан торы төбелмен басып кетердей омыраулатып көршісі Сәрсен желіп өтті.

- Әй, айдасаңшы! Ішің ауырып келе ме? Шықпыртпаймысың бишікпен.

Құбаш асықпай басын көтеріп, Сәрсеннің соңынан аларып ұзақ қарады. Қайтадан инесін іздеген тігіншідей жерге үңілді.

Ұлтандатқан үлкен пимасын қолқ-қолқ сүйретіп, сегіз-тоғыздар шамасындағы Қиясбек дүкен жақтан далбақтап ентіге жүгіріп келеді.

- Көке! Көке-е-е! Сүйрете кетші.

Сәрсен естіді ме, естімеді ме, екі өкпесін қолына алып ұшқан ұлына тоқтаған да жоқ.

Құбаш жанынан өте берген балаға бұрылды. Үндемей қолын бұлғап қасына шақырды. Делбені шірене тартып, қыбырлаған шұбарды кідіртті. Қиясбек әлі де болса Құбашқа таңырқай қарап, “Не айтасың?” - дегендей жақтырмай жақындады. Шаршаса керек, кішірек қол шанасын мықшыңдап әрең сүйретіп келеді.

Құбаш үндеместен баланың қолындағы жіпті алып

Қол шананы үлкен шанаға тіркеді. Ымдап: “Отыр!” деген ишарат білдірді.

Қиясбек күнұзын осы белгіні күткендей жайласып отырып алды. Екі езуі екі құлағында. Мәз-мейрам. Құбаш масайраған балаға қарап тұрып дыбыссыз ыржиып күлді. Кілт бұрылып делбені қағып қалды.

- Әйт шуу, жануар!

* * *

Рабиға пеш түбінде күңкілдеп отыр. Шынашағына секитіп қондырып алған шүйке жүн күбірлеген сайын жан біткендей әлсіз ғана дір-дір етеді.

- Қараң қалғыр-ай сол! Отбасы болып әжік-бүжік сөйлесетін де ешкім жоқ. Бірі - мылқау, бірі - шүлдірлек. Қайтемін-ай бұларды. “Дұрыс қой, апа!” дегенді құдай ауыздарына салса, бірдеңелері кетер ме? Біріне-бірі ит пен мысықтай.

Рабиғаның дағдылы күңкілінде кейіс жоқ. Осы күйін қызықтау көп.

- Сендерді ме, сендерді... Тап осы екеуіңді, айтпады демеңдер, тұп-тура өз қолыммен қосам. Сонда көрерсіңдер бұл кемпірдің қиқаңын. Ойпыр-ау, ұлы қыз демейді, қызы ұл демейді. Сыйлау жоқ, сыйласу жоқ! Қашан көрсем, екі жерде қырсығып отырғандары

Тыңдап отырған “ұл” мен “қыз” болса екен. Бірі пима табандап, сабын жаққан кендір жіпті құлаштай тартса, Ылиза-Эльза қос уыс қожа бидай салынған кетік тостағанды қасына қойып алып, қол диірменді баяу айналдырады.

- Әй неге үндемейсіңдер? Тіл-ауыздарың байланып қалған ба. Қараң қалғыр-ай! - Кемпір үзіліп кеткен жібін қайтадан жалғап, ұршықты оң жамбасына салып, бір нұқып айналдырып жіберді. -Ылиза-ау, осы сенікі де дұрыс бір есептен. Қарамасаң қарама. Сол шіріктен түк шықпайды. Манадан “ләм” деп жақ жазды ма. Бұл не бұл? Үндемес ойнағаннан саусыңдар ма өздерің? Бір ауық шүйіркелесіп мауқымды басайын десем, тырс етпейсіңдер...

Рабиға шүйке жүннің тасасынан сығалап қарап,



“Өкпелетіп алмадым ба” дегендей екеуіне кезек-кезек қадалып өтті. Содан кейін көнетоз барқыт қамзолының қалтасынан екі түйір малта алып, лақтырып-лақтырып жіберді.

- Ең болмаса ауыздарың жыбырлап отырсын. Құбашжан-ау, көзің бар емес пе? Көрмеймісің. Ылизажан періштеден бір кем бе? Көз десең көзі қандай! Түр десең түрі қандай! Көрмесең көрме. Сендей көрмәдіктер өмір бойы аузындағысынан қағылып жүреді. Адырам қал! Енді саған жақ жазсам, не дерсің. Соншама бұлданып қайдан шыққан төре едің?..

“Төреден” төрелік мінездің салқыны да білінбейді. Шықшытты дөңгелек жүз манадан бері әлі бір қыбыр еткен жоқ. Қиық көздердің жылтындағы төңкерулі кесенің түбіндегі жаяу шамның бұлың-бұлың ойнаған сәулесі тірлік белгісін танытпаса, қыбырсыз жалпақ бет дәл қазір сүреңсіз маскадан ешбір айырғысыз еді.

Рабиға сәл кідіріп ұршығын тізесінің үстіне қойды да, сұқ саусағын кимешегінің шажамайына сұғып жіберіп, құлағының түбін қасыды. Оң көзін қысып тұрып әлгі қиық көздердегі ұшқын сәулеге қадалып отырып мейірлене күлімсіреді.

- Тіфә, тіфә! Тіл-аузым тасқа! Күпірлік айтсам, асылық көрме, жасаған. Төресі өзіне. Құбашжаным тірі болса ешкімнен кем болмайды. Азамат қой. Ілігім, үміт-дәнекерім ғой екеуі. Тәуба, жасаған. Бұрын кіммен сөйлесуші ем. Шүкірлік еттім, - деп сөзінің аяқ жағын естілер-естілмес күбірлі батамен жалғастырып, ұршығын бір түртіп қалды.

- Ылиза қалқам, бидайды тартып боп қалыпсың ғой. Қазір өзім елеймін. Бері кел. Бейбақ-ай! Көйлегің шолтиып тізеңнен шығып кетіпті-ау. Ұят-тағы! Қара кемпір қызына киім тауып бере алмайды деп ағаш атқа мінгізеді-ау енді мені. Жә, бір жөні болар. Құбаш, әй, кереңбісің, саған айтам. Көргеннен көз ақы алмай, сығалай берме. Сонша сүзіліп, аяқ көрмеп пе ең. Ой, жетесіз сол. Біле білсең Ылиза - қарындасың. Неміс болса қайтейін. Маған неміс емес. Мен жетім, бұл жетім, сен жетім. Ошақтың үш бұтындай боп мына шаңырақ астына құдай айдап жиналыппыз. Білсең,

бір-бірімізге еш бөтендігіміз жоқ. Сен ақпа құлақ болмасаң, ендігі осыны ұғып алар едің-ау. Қой, бұртима. Ой, айналайын сол! Жыртық-тесігімді бүтіндеуге жараған, қос қарашығым! Әжік-бужікке жарамайсыңдар дедім-ау. Бұдан артық енді азан шақырам ба? Өздеріңмен сөйлесіп біраз мұң-шерімнен айықтым. Тәуба дейінші тағы да, - деп ұршығына сүйеніп, бір тізерлеп орнынан тұрды. - Ойбай-ай, салдауырға жүк артқандай боп қаппын-ау. Сырқырауын-ай, сырқырауын!

Шойнаңдай басып екі бүктетіліп диірменнің қасына барды. Қасынан өте беріп, "Ылизасын" иығынан емірене құшақтап қойды.

Құбаш орнынан лып түрегеліп, диірменнің еркек тасын тік көтеріп алды да, ұнын тулаққа сілкіп-сілкіп түсірді. Сонан кейін ұрғашы тасын да тулаққа дүңк-дүңк түйіп, тазалап, қабырғаға сүйеді.

- Ой, ақылдым, қамқорым! Әй, осы сен бір мезгіл тізе бүгіп қисайсаңшы. Күндіз баласында жұмыстасың, үйге келсең, әрнені бір шұқылап, тағы тыным таппай-сың. Тәйт әрі, мені өйтіп ұшпаққа шығармай-ақ қой.

Рабиға мол тігілген екі жеңін білектен сыбанып алып, апыл-ғұпыл ұн елей бастады. Елеуішпен бірге бүкіл денесі қоса шайқалып отыр. Қос уыс ұн бір көсуден қалмады. Елек астындағы тозаңдап төгілген аз ғана талшыққа көзін бір сүзді де, кебекті оң қолымен араластырып-араластырып жіберіп тағы да ұнға қадалды. Жарманың тең жартысы елеуіште қалды.

- Қараң қалғырдың елеуіші де сараң. Тесігі бітеліп қалған ба, түк түсер емес қой. Кебек жесем ішегімді жарып кетпес. Ой адырам қалғыр! - деп бір кез електегі кебекті ұнға төге салды. - Ақ бауырсақ, сары май жейтін күн де келер. Соғыс та бітер. Кебегі не, ұны не - бәрібір тамақ.

Рабиға кемпір далбасалап өзін-өзі жұбатқанымен көңілі орнықпады ма, Эльза мен Құбашқа қабақ астынан бір-бір шаншылып өтті. Эльза сүйкімді күлімдеді, Құбаш үнсіз жымиды.

- Әй, көген көздерім! Қарындарың ашты-ау әбден. Қазір таба көмем. Сәл шыдаңдар. Ылиза, сенің көйлегіңді қайтсем екен? Еңкейіп-шалқая алмай-тындай шоп-шолақ. Таң атсын, бір амалын жасармын. Ылиза, анау менің шапанымды алып жамылшы. Мысыңды құртқанда, бұл байғұс тіліңді түсінбей құртады енді. Шапан деймін. Мұншама кеңкелес болармысың. Құдайы құрымағыр, Құбашжан, сен әпере қойсаң. Ой, көсегең көгергір, өзіне бер. Жабу жапса да жараса кететін ақсүйрігім. Тіфә-тіфә, сұқтана бермейінші.



* * *

...Түннін бір кезінде "Несіпжанның қызыл қоразын шақыртып барып" үшеуі дөңгелек үстелдің қасына жайғасты. Ыстық наннан да, сынық кесе, шұңғыл табақшадан да шудаланып бу шығады.

Құбаш ыстық нанды екі ұртына үрген қарындай томпайтып екі-ақ қылғиды да, ыстық шайды өңешіне төңкере салады. Артынша-ақ жидіп қалған таңдайын ауырсынып және бәйек таппайды. Эльза күлкіден шыдай алмай, булығып теріс айналды. Шымшықтың тамақ жегеніндей бір кесек нанды шұқылап әлі тауыса алмай отыр.

- Ас - адамның арқауы. Тойып ал, Құбашжан. Ылиза, қыз болмай кеткір, ыздимай асап-асап же. О несі, тамаққа ұяттық жүрмейді. Айналма өйтіп. Мұрныңды мың жерден шүйіргенмен Құбаштан артық таппайсың. Қосам дедім бе, қосам. Сөйтіп көрем әуселеңді. Оу, Ылиза-ау, сенікі астамшылық. Бақыр басты болса да; еркек аты бар емес пе? Солқылдаған нағыз азамат қой. Іш, Құбаш, тағы бір кесе құяйын. Аққұман шығып тұр.

...Шай жиналды.

- Ылиза-ау, төсеніш жай. Құбашжанның көзі кіртиіп кетіпті. Дем алсын, - деп Рабиға жез құмғанын ұстап, күпісін жамылып сыртқа беттеді.

Эльза иығындағы шапанды шегеге іліп, от басын-дағы қараған сыпырғышты алып, дәл төрде қалшиып отырған Құбашқа жетіп тірелді. Ләм деп аузын ашқан жоқ. Ақ селеу шашы ит көрген мысықтың жүніндей үрпиіп кетіпті. Үндемей қитығып тұр.

Құбаштың күреңіткен дөңгелек жүзінде болар-болмас толқын төменнен жоғары қарай жүгіріп өтті. Қиық көзге ұшқындап кек тұнды.

- Не-міс-с!

Жалғыз сөз түйткілді кеудеден жауығып шықты да, заматта дәу жұдырық тарс түйіліп, талдырмаш дененің томпиып білініп қалған құс төсіне бар салмағымен сарт етті. Қыз тәлтіректеп ұшып түсті. Шөлмек көзден жас шықпады. Оймақ ауыздан ашынған ыза атылды.

- Дас ист айне Гемайнхайт! Флейчер![1]

Құбаш өртеніп туған кекшіл қарасын өзгертпей шұбалаңдап орнынан тұрды.

- Неміс! - деді тағы да шеге қаққандай нығарлай тістеніп.

Эльза сыпырғышты қос қолдай көтерді. Оңтайланып төніп келді. Оңтайланып келді де, кілт бұрылып кетіп, бұрқыратып жыртық алашаның үстін алас-күлес сыпыра бастады. Бұрқыраған шаң төрге де, есікке де ұшып жатыр.

- Бәрібір не-міс!

Құбаш баяу ғана күңк етті. Әлгіндегі ызалы ысылдың зілсіз суылы ғана қалған. Үйге Рабиға кірді.

- Күн райы бұзылып кетіпті. Аяз буып тұр екен, - деп құмғанды плита үстіне қойды. Кебісін шешіп, төсек үстінен жайнамазын алып құбылаға қарата жайды. Отырды. Намазын бастай беріп, әлдене ойына түскендей бұрылып Эльзаға көз тастады.

- Әй, неге бұртиып жүрсің? Не болды? Тағы да Құбаш шығар. Құтырар бұл, құтырар!

Намаз оқылмай жайына қалды. Түрегеліп Эльзаның жазық маңдайынан сипады. Одан кейін босаға жақта сүйеулі тұрған сойқан сабауға қол созды. Салмақтап ұстап тұрып Құбашқа тігілді. Түсі тым қаһарлы екен.

Сабау көз ілестірмей шошаң етті. Эльзаның көзіне үрей оралды. Кірпігіне жас үйірілді. Құбаштың жонының шаңы бұрқ етті. Ақ таспаланып көнетоз бешпентте ашулы үкім ізі қалды.

-Ой, адырам қал сол! Қадір-қасиетті білмейтін маубас! Бір емес, екі емес, қоймайсың ба? Қаршадай

[1] Бұл неткен дөрекілік! Қасапшысың!



қызға әлімжеттік қылғанда не өндірем дейді екен. Мә, ендеше! Әбден мысымды құрттың ғой!

Ақ сабау тағы да екілене көтеріліп, төбеге тиердей жарқ ете қалғанда, Эльза ұшып кеп кемпірдің қолынан ұстай алды. Шұлдірлеп асығыс әлденені түйдек-түйдек шұбыртып жатыр. Анда-санда құлаққа майдай жағып "апа" деген қазақ сөзі анық естіледі. Рабиға кілт мейірленіп, сабауын лақтырып тастап екеуін кезек құшақтады.

- "Апа" деген тіліңнен айналдым, күнім. Шұлдірлеген үніңнен айналдым, күнім! Кәрі саулықтың жасындай жасым қалғанда естімей кетем бе деген ынтық сөзім еді. Құдай аузыңа салған шығар, Ылизажан. Апамын мен! Екеуіңнің де анаңмын! Ырзамын, тәңір! Қазір алсаң да, арманым жоқ!

* * *

Эльза есік алдында бел күрекпен қар күреп жүр. Анда-санда қолғапсыз жаураған қолын аузына апарып демімен жылытып, екі аяғын бір-біріне жиі соғып қояды.

Аққалада сырғанақ теуіп ойнап жүрген балалар жүгіріп қасына келді. Ортасында Қиясбек. Бәрі Эльзаға таңдана қарап, анандай жерде топталып тұр.

- Өзі орыс сияқты. Аумайды, ә.
- Көзі көкпеңбек. Метрейдің көзі де сондай.
- Салып жіберейін бе! Метрей біздің туыс, неміс емес.
- Әй, мүйізі қайда?
- Сен немене? Сиыр ғой деп пе едің?
- Мен суреттен көргем. Пәшістерде мынандай... міне, мынандай мүйіз болады.
- Мүйізі онда шәлінің астында шығар.
- Көрейік!
- Иә саған, көрсете қояр.

Балалар бірін бірі итермеледі. Батылдары жетпей кібіртіктеп даурығысты.

- Сен айт, көрсетсін.
- Батыр болсаң - өзің айт.

- Пәлі, Қордабай қорқақ!
- Қорқақ, қорқақ, қораға тышқақ!

Қордабай қасындағы өзеуреген кетік тіс қара баланың мұрнынан шертіп жіберді де, танауын қорсылдатып бір тартып қойып қолымен мықынын таянды. Қарғаның қанатындай жалпылдаған құлақ-шынының екі құлағын түріп, “Мені көрдің бе” дегендей кеудесін оздыра шireніп тұрды да, тамағын қырнады.

- Әй, немісский дебішке. Сен іскажи бізге, сенде, твоя мүйіз бар ма? Му-у-у. Сиырский мүйіз... Немісский, пашеский мүйіз. Мынандай... - Екі қолын жалмажан шекесіне төсеп мүйіз қып көрсетті. - Твоя іскажи, Біз көредский.

Эльза сықылықтап күлді. Шәлісінің байлауын ағытып, иығына түсірді.

- Муиз жоқ. Найн.
- Әй, рас жоқ!
- Күледі өзі. Күлкісі әдемі екен.
- Өзі де әйбәт.

Эльза шәлісін қайта салып, іркілмей келіп Қиясбектің қолынан ұстады.

- Киясбек, ду, сен Куваш зухен... изде. Аппа, кранк. Ауырады.
- Апа... Әжем бе?! Ауырып қалды ма?
- Иа, иа. Кранк. Ауырады. Куваш жох.
- Мен қазір. Балалар, жүріңдер, Аймандайды табайық.-Балалар пыр етіп ұшқан бір топ торғайдай жүгіре жөнелді.

* * *

Рабиға пештің түбінде жатыр. Аузы жабылмай күрк-күрк жөтеледі.

Эльза аурудың қасынан шықпайды. Төсегін дұрыстап, қайта-қайта көрпесін қымтайды. Маң-дайына қар салған түюлі орамалды тегістеп қояды.

- Муттер... аппа, сен жазылады... Куваш келеди. Киасбек изде.



Рабиға ес-түссіз, денесі күйіп-жанып сандырақтап жатыр. Анда-санда үзік-үзік сөздері естіледі.

- Көкесі-ау, алақаныңды берші, ұстап жатайын...
- Келем деп келмей қойдың ғой. Төрт құлының өзіңді тоса-тоса үзілді...
- Неге теріс қарайсың? Көкесі-ау, маған өкпелеме. Түтініңді үзгем жоқ...

Одан әрі сөзден де тыйылып сұлық қалды. Құбаш алғаш рет Эльзаға тура қарады. Көзінде: “не істейміз” деген жалынышты сауал бар. Қыз үн қатпастан талықсыған кемпірдің аузына қасықпен су тамызды.

Бір кезде Рабиғаның “Сорпа-а-а...” деген дауысы анық естілді.

Кемпірдің басында жүрелеп отырған Құбаш атып тұрып, асығыс киінді.

Эльза: “Қайда барасың?” дегендей есік көзінде тұрған ұланға үнсіз тесілді. Содан кейін терезенің шүберегін ашып, сыртқа қарады. Басын шайқады.

Құбаш тоқтаған жоқ.

* * *

Түн тастай қараңғы. Жымыңдаған жұлдыз білінбейді. Аяқ тықыры алысқа кетеді.

Биіктігі кеудеден-ақ келетін аласа сарай жақындап қалды. Есігіне салған қос жұдырықтай үлкен қара құлып ызаландыра көз қариды.

Құбаш төртбұрышты кішірек қақпаның алдына келді. Батылсыздау қол созды да, күрсініп қалып қайта бұрылды. Аяғын кезек көтеріп, көбік қарды лай басқандай шылп-шылп таптап тұр. Кейін қайтты. Қанша жүргенін білмейді, бір кез бұрылып артына қарады. Ұзамапты. Қараңғылыққа сіңбей қора қа-рауытты.

“Сорпа-а-а”. Рабиғаның дауысы құлағына анық естілгендей болды.

Құбаш өзін-өзі қайрап күңк етті.

- Апам ауырып жатыр. Ұрлық емес.

Салбырап қайта оралды. Қара құлып мазақта-ғандай қомақтанып үнсіз телміреді. Саусақтар әлгіге

дірілдеп жанасты. Суықтемір су алақанды тыз еткізіп қарып түсті.

Құбаш құлыпты жұлқып-жұлқып қалды. Ілгекті ұстап тұрған жалғыз шеге бөрене жақтаудан ытқып кетті.

Есік ашылғанда, сырғауылда қонақтап отырған екі мекиен мен қызыл қоразға қанат қақтырмастан Құбаш тауықтың бірін шап берді. Мойнын бұрап жіберіп, сып еткізіп қойнына тықты да, дереу сыртқа атылды. Бір ұрып шегені орнына кіргізіп, үйіне қарай дедектеп жүгіре жөнелді.

* * *

Аядай ғана шағын дүкен кезекте тұрған адамдарға лық толы. Пальтосының сыртынан қара желеңді қабаттап киіп алған дүкенші алдындағы адамға жарты бөлке нанды беріп, карточкесін қиып, оң жақтағы тартпаға тастады. “Одан көп беруге болмайды” дегендей қасын керіп, үндемей екі қолын жайып, басын шайқады. Екінші кезекте томсырайып тұрған Құбашқа қарады.

- О-о! Келдің бе, Аймаңдайка. Сәлем, жігіт. Сен маған бүгін тағы біраз әңгіме айтып, құлақ құрышымды қандырарсың. Солай ғой, ә?

Кезектегілерге қуақылана қарап, таңдайын тақ еткізіп қойды да:

- “Менің бір жолдасым болған. Фин майданында. Оһ, сөзуар еді-ау! Он күнде бес сөзді әрең айтатын. Ал өзі - ғажап мерген-ақ еді! Бір ұрыста отыз бес жауды атып түсіргенін өз көзіммен көргем. Әне, жігіт! Сөзбен емес, іспен дәлелдейді. Вот! - деп бармағын шошайтты.

- Бар ғой мықты жігіттер!
- Соғысып жатыр ғой.
- Әйтеуір, жеңіспен аман келсін деп тілейміз.

Дүкенші сөреден асылып келіп Құбашты иықтан түртіп қалды.

- Нағыз жігітсің! Аймаңдай, бүгін де үндемейсің ә...

Құбаш әдеттегі мінезін ұмытып, ауызы жабылмай



сөйлеп кетті. Сөйлеп кетті де, жұрттың бәрін сілтідей тындырды.

- Дядя Миша! Миша ағай!.. Мен... апам ауырып... Қатты ауырып... сорпа ішем дейді. Ыстығы бар. Күйіп жатыр... Егер... Егер... дядя Миша, ет беріңіз. Шай беріңіз... Мен... мен,-қолын бір сілтеп алақанындағы көбелектің қанатындай желбіреген карточкасын дүкеншіге ұстата салды.

“Көп сөйлеп қойдым ба” дегендей жан-жағына карауға ыңғайсызданып құлақшынын шешіп, маңдайына жіпсіп шыққан терін алақанының сыртымен сүртті. Дүкенші Миша ағай ә дегенде аңтарылып қалып еді, іле екі саусағын сарт-сарт еткізіп ақтарылып кетті.

- Оу, молодец. Мен беремін, босатам. Жолдастар, Аймаңдайға рұқсат етесіздер ғой. Ауру кісіге сорпа керек. Сен молодец, Аймаңдай. Апаңды ешқашан ренжітпе! Мынаны да апаңа... Мынаны да апаңа... Мынаны да апаңа. Бәрін апар.

Құбаш езуі жайылып, көзі күлімдеп барынша мәз. Құбаш өзіне өзі риза.

- Апам жазылады. Сорпа ішеді. Маңдайы терлейді.

Өзі қуанып, өзі марқайып, дәл қазір ауруды ойымен теп-тез жазып алды. Дядя Мишаның жеке-жеке орап бергендерін құшақтап, табалдырықтан асыға аттап далаға беттеді.

* * *

- Ойбай-ай, ойбай! Неміс байымды өлтіреді. Жесір қалам. Неміс қызы тауығымды ұрлайды. Аш қалам. Қураған қу құдай соншама зауалды сендерден-ақ жазып қойса да, осы көрейінші! Көзіңді, көгерген көкшіл көзіңді шұқып, шүйкедей тұлымыңды ғана бір талдап жұлып қолыңа берейін, қолыңа! Кім арашалар екен! Кім алар екен қолымнан, ойбай!

Тұлданған Несіпжан екі жеңін сыбана түрініп, езуінен көбіктенген түкірігі шашырап бүріп тастардай таптап береді. Түймесі ағытылып кеткен сырмалы қоңыр күпәйкесінің екі өңірі ұмтылған сайын қабаттаса қосылған қос төбеттей жалп-жалп етеді.

Эльза ештеңеге түсінбей жыламсырап өзінше әлдене деген болады. Ысылдай зәрленіп, тықсырып бара жатқан адуын келіншектен үрейленіп еріксіз кейін шегінеді.

- Көрдің бе мына жұдырықты, қасарған қаншық? Көрсең, дәл қазір бір қойып төбеңді оямын, қаншық! Миыңды аузыңа түсірем.

Несіпжан шын қаһарланып адымдай аттай беріп, қар астында қалған жаңғырыққа сүрініп мұрттай ұшты.

- Ә, сен мені жықтың ба? Неге итересің? Неге шаласың? Сен кімді жығасың?

- Найн! Жоқ! Мен - жоқ.

Несіпжан ұшып түрегеліп, жаңғырықты бір теуіп жіберіп, тағы да ақырды:

- Қолыңда өлейін! Ал, өлтір мені!

Қабырғаның тасасынан Құбаш шыға келді. Құшағында сатып алған түйіншектері бар.

Құбашты көргенде Несіпжан жүгіріп алдынан шығып, етегінен жұлқылай тартып одан сайын екіленді.

- Ойбай-ау, Аймаңдай-ау, қайным-ау, әбден өлдім ғой мына неміс қызынан! Неге ұрлайды тауығымды? Кімді басынады, қу тұтақ! Тауып берсін тап қазір.

Құбаш келіншектің бетіне бір түрлі жиіркене қарап қалыпты. Әнеукүнгі дірілдеген дәмді ерінді емес, дүрдиген ашулы ерінді, билеген білекті емес, жұмылған жұдырықты көрді. Ләм демей, етегін босатып басын шайқады.

Эльза әлденені жыламсырап айтып Құбаш пен Несіпжанға түсіндірмек болады.

- Шүлдірлеген тіліңе с... Жаман қатты-ақиландым. Қазір өлтіріп жіберсең де...

Жұдырық сақпан тасындай көз ілеспей оқыс сарт етті.

Эльза жіңішке саусақтарын қалтырата біріктіріп апарып бетін басты.

Мұрнынан саулап қып-қызыл қан ақты. Көзден жас шықпады.

Құбаш лезде құбылып, өңі өрт сөндіргендей өзгеріп кетті. Алғаш рет қызды туған қарындасындай ып-



ыстық бауырмалдықпен сезінді. Үн-түнсіз ғана тағы да жұдырығын көтере берген Несіпжанды жұлқып қалды.

- Ә, сен осындай ма едің? Білдім, білдім. Екі жетім...Қосылған екен күндерің. Сендерді құтыртып отырған Рабиға қақбас қой. Құдай зауалын берсе, өзі де көпке ұзамас. Итжемеде өлер. Мылқау неме, тауығымның құнын тап қазір төле. Әйтпесе қолыңда өлем, ойбай!

Құбаш қолтығындағы түйіншекті келіншекке ұстата салды. Несіпжан ә дегенде түйіншекті ызалана лақтырып жіберді. Бір кесек майлы ет, бір түйір сары май, бір тақта шай шашылып түсіп арыққа қарай сырғанап барады. Несіпжан бауырын жазбастан еңбектеп жинап жүр. Күңкілдеп сөйлеп жүр.

Құбаш үнсіз сірескен Эльзаның қасына келді. Шегір көздің қайқы кірпігінің ұшында дірілдеген түймедей-түймедей жасты көрді. Басынан сипады. Еркелетіп сипады.

Түймедей-түймедей жастар екі беттің қызарған томпағына үзіліп түсті де, ар жағынан қыздың алғысқа толы риза қарасы ап-анық көрінді.

Құбаш оң қабағын көтеріп жымың етті. Маңдайдағы тайтұяқ бұрынғысынан да тереңдеп айқындала түсті.

- Эльза, үйге кір. Тоңып қалдың.

- Сен, ду[2] , мені Эльза дейді.

Қыз жалтаң етіп моншағын жарқыратып, лезде жадырады. Екі бетінің ұшындағы кішкене шұңқырында нұр ойнады. Езу тартқанда ұсақ аппақ тістердің дымқыл тізбегі жылтыран түгел көрінді.

* * *

Рабиға іште кеудесін тіктеп елеңдеп отыр. Сыртқа сабырсыздана құлақ түреді. Есік ашылғанда қабаттаса кірген Эльза мен Құбашты сөйлей қарсы алды:

- Әлгіндегі даңғыр-дүңгір не? Шаң-шұң ұрысып

[2] Ду - сен.

жүрген Несіпжан ба? Соның даусы шықты ғой. Ол не іздеп жүр? Аузы жеңіл еді патшағардың. Біреуіңе тілі тиген жоқ па? Ойбүй, Ылиза-ау, мұрның неге қызарған? Ісіп кетіпті ғой добалдай боп.

Ұмтылып әбігерленіп орнынан тұрмақ болды. Қайда оған, дәрмен жоқ.

Эльза жүгіріп кеп құшақтай алды. Жастығын төсеп арқасын биіктетті.

Құбаш сырт киімін шегеге іліп жатып жалтарта жауап қатты.

- Апа, Эльза қызыңыз байқаусыз тайып жығылып... мұрнын қанатып алды... Жер тайғақ.

Эльза Құбашқа жалт етіп риза боп қарап, селеу шашын сілкілеп құптай жөнелді.

- Шней[3]...қар таяды. Их[4] жығылды, апа... Куваш көтер мені. Их... мен рақмет оған береді.

Рабиға жадырай күлімдеді. Оң қолын босатып еңкейген Құбаштың басын сипады. Сергек көңілмен мына екеудің бір-біріне алғаш рет қамқор ниетпен қарағанын сезді.

- Мен оған рақмет береді... Рақметіңді де, мейіріміңді де бер. Адам мен адам бауыр. Ұрысып керілдесетін, атысып-шабысатындар - жауыз. Жауыз болмаңдар.

* * *

Түн буып тұр. Құбаш әлденеден оянып кетті. Сол қолы аурлап ұйып қалыпты. Сөйтсе, білегі Эльзаның астында жатыр. Тарта беріп кілт тоқтады. Демін ішінен алды. Эльза баяу тыныстайды.

Пеш аузынан шілтерленген әлсіз сәуле шашырайды. Үй іші ала көлеңке. Бір кез Рабиға ұйқысырады. Ап-анық: “Тәубе”, - деді.

Құбаш жайлап қана Эльзаға бетін бұрды. Сызықсызат түспеген аппақ маңдайды көрді. Көз жұмылыпты. Ұзын кірпіктер қос сызық боп жымдасып жатыр.

[3] Шней - әар.

[4] Их - мен.



Жұқа ерін сәл ашылыпты. Саңылауланып ақ тістердің нобайы білінеді. Жүзінде еркелік рең бар.

“Ұйқтай берсін. Ұйқтасын. Шаршаған шығар. Аунаған кезде қолымды босатармын”.

Эльза да өзінше ұйқысырады. Екеуінің үстіне жапқан жалғыз шапанды серпіп ашып тастады. Тамсанды.

Құбаш оң қолын созып шапанды бүре ұстады. Кенет... Жанары тұрақтамай тайқып кетіп... ұрланып қайта бұрылды. Арық иықты көрді. Бұғана сүйегі шығыңқы, омырауы ашық қалыпты. Ашық омыраудан қос томпақтың жарты шеңбері шалынды. Жып еткен қол шапанды жоғары тартып әлгі томпайған кеудеге жаба салды... Шалқалап төбеге қарады. Талмен жапқан төбенің қара сылағына қиғаш-қиғаш жарық жүгіріпті. Сонарға түскен шым-шытырық іздей.

Құбаш кірпіктерін қаластырып үнсіз күлді. Үндемей қуанды. Несіпжанның жалаңаш балтыры елестеді. Келіншектің жұдырығы елестеді. Сонан соң қан аққан мұрын елестеді.

Бұрылып қасындағы Эльзаның бетіне үңіле қарады. Ақ селеу шаш толқындап иегіне қытықтай тиді. Танауына лек-лек жұпар есті. Сол-ақ екен, белгісіз қуаныш тұла бойын тоғытып әкетті.

Шапан тағы сырғыды. Шапан төмен сырғығанда-ақ Құбаш лып етіп теріс айналды. Бір лықсып жалмажан іргеге шегінді. Шегіне беріп, шапанды тез қармап жоғары көтерді. Асыққан қол томпақ төске абайсыз тиіп кетті. От қарығандай жұлып алғанда, алақан сырты қабырғаға қатты соғылды. Тез-тез қимылдап, үстіндегі шапанның өңірін қыз бен екі араға жұмарлап бүктеп кәдімгідей шекара жасады.

* * *

- Әйт шу, жануар!

Көкейден күмбірлеп шығатын мазасыз айқай бүгін тым көбейіп кетті. Айқай көбейген соң, әдетінен жаңылған шұбар байырғы шабан аяңынан айрылып қалды. Кішкене ауылдың қазір бір шетінен көрінген

жүрдек ат-шана, енді бірде екінші жағында зымырап бара жатады. Шұбар желгенде, Құбаш жеделдеді. Күрек жыпылдағанда, дүрдік ерінге таусылмас ыңыл оралды. Күй ырғағы ма, ән сазы ма - әйтеуір, ұзақ сарын күні бойы үзілген жоқ. Анда-санда шығатын "өйт шуу!" сол шексіз ызылдың айнымас қайырмасындай.

Бүгін ауылда Құбашқа риза болмаған қам көңіл қатын-қалаштан ешкім қалмады. Айтты - әкелді. Уәде берді -көңілдендірді.

... Тауық қораның алдында ескі шпалды бұтарлап тамызық жарып беріп жатыр...

Оң көзінің алдында тырнақ сынығындай тыртығы бар кәрі кейуана ағаштарды бүкендеп жинап жүріп, Құбашқа жалтақ-жалтақ қарап қойып алғысын жаудырады:

- Сиырымыз жақында бұзаулап еді. Кішкене немерелерімнің напақасы ғой. Аузымыз аққа жетіп, бір жасадық. Ең болмаса, айран ауыз ти, балам! - Үйіне бүкендеп жүгіріп кіріп, бүкендеп жүгіріп шықты.

Құбаш тіл қатпай басын шайқады. Ұсынған тостағанды қолымен жасқап, алмайды.

Үнсіз жымияды...

...Бір аулада шөп қораның сабан толып кеткен ақырын тазалап беріп жатыр...

Мосқал әйел еріні дірілдеп, көзі жасаурай қос уыс құрт ұсынады:

- Қарағым, суықта малта қуат! Қалтаңа салып берейінші, сорып жүресің.

Құбаш басын шайқайды. Үнсіз жымияды...

...Бір үйдің есігінің алдында бораннан кейін тау боп үйіліп қалған қарды үлкен күрекпен кертіп-кертіп алып, күресінге құлаштай ытқытып жатыр...

Артында қисық таяғына сүйеніп бүкірейіп тұрған кемпірдің басы қалт-қалт етеді. Қолындағы төрт бүктеген көнетоз шарфты дірілдете созады.

- Шырағым, тамағыңнан суық өтеді. Ағаңның бөкебайы еді. Әскерге бармай тұрғанда өзім тоқып бергем. Орап алшы. Ауырып қаларсың.

Құбаш басын шайқайды. Үнсіз жымияды...

...Албардың ішін босатып, ыбырсыған кәкір-



шүкірді бір бұрышқа жинап беріп жатыр. Бір кез құлашқа жуық кепкен қайыңның жуан кесіндісін ұстап тұрып қалды. Жеп-жеңіл, сыңғырлап тұр. Қасындағы шелекпен көмір алып жатқан әйелге қысыла қарап тұрып, қолқа салды:

- Осыны маған берсеңіз... Мен, мен сізге басқа ағаш әкеп... Қайың таба алмай жүр едім...

Әйел шын көңілден қуанды.Шелегін тастай салып, екі қолын ербеңдетіп жатыр:

- Ойбүй, ағашты да сұрап. Еңбегіңді, азаматтығыңды өтей алмай жүргенде. Ала бер, шырағым. Қайырымың менен қайтпаса, алладан қайтар. Ертең ағаң келгенде жәрдемі тиер.

Ат қораға шұбар болдырып қайтты. Құбаш үйге ыңылдап әндетіп оралды.

* * *

Ағаш жаңқасы еденге шиыршықталып ұшып түсіп жатыр. Өткір шапашот тықылдаған сайын ағашты үңгіп кеулеп барады.

Ағаш жаңқаларын сыпырғыш жинап, қуалай ысырып барады. Қараған сыпырғыш әлгінде ғана жалап өткен жерге қайтадан ұсақ жаңқа шиыршықталып шашырап түседі.

Ағаш шауып отырған Құбаш қараған сыпырғышты көрер емес.

Эльза үйге шаң жуытпайды... Бір сыпырды, екі сыпырды. Жаңқа азаймады. Эльза бұрынғыдай ренжіген жоқ. Сыңғырлап күлді де, орнына барып етегімен тізесін қымтай отырды.

Рабиға шүкірана үнмен мекіреніп алды да, елжірей сөйледі:

- Құбаш-ау, асыңды іш, құлыным. Содан кейінақ жаңқаларсын. Ылиза, жылытып бер.

- Апа, мен жылытты. Куваш ішпейді.

- Тіліңнен айналайын, тіліңнен. Қолғанатым сол, екеуің болмасаң, ауырып-ауырып өліп кетер ме едім.

Эльза зәре-құты қашып кемпірді құшақтай алды.

- Найн, жоқ! Сен өлер жоқ, апа!

Рабиға мейірлене күлді.

- Өлмеймін. Неге өлемін? Ылиза, үстіме қалың-датып тағы бірдеме жапшы. Бір суық тер азаннан бері қысып тұр. Көрпе де жоқ осы үйде. Әй, екеуің түнде тоңып жүрген жоқсыңдар ма? Жалғыз шапан қайсыңа жетсін. Құбаш-ау, сен бас-аяғыңа оранып алып, Ылизажанды ашып тастама.

Құбаш сәтте қызарды. Шапашотын қасына тастай салып қабақ астынан елеусіз ғана Эльзаға қарады. Рабиғаның көк шыт ұзын көйлегін сәл қысқартып, белін бүріп киіп алыпты. Омырауы жабық, алқым бітеу.

- Апа, мен бөлек жатайын.

- Қой, тоңасың.

-Апа, мен бөлек жатайын...

- Қыңқылдама. Жамылатын түк жоқ. Төсеніш те аз. Астыңнан сыз өтеді.

- Апа, бөлек жатайын-н-н. - Бір түрлі демі жетпей қылғынып айтты. Рабиға шынтағын тіреп, басын көтерді. Күреңіткен жүзге сығырая тігілді. Құбаш шыдай алмай төмен тұқырды. Кемпір одан әрі қыстаған жоқ.

- Е, жарайды, өзің біл. Тоңатын сен. Шапанды онда Ылиза жамылады.

* * *

Әк өртейтін шыңырау шахта-пештің үстінен күндіз-түні бір тынбай көк түтін көлбеңдеп ұшады. Жұмыс басында еркекше киінген әйелдер қолдарына күрек ұстап, темір вагонеткалардың біріне әк тасын тиеп, біріне көмір толтырып, шахта-пештің үстінен қатар-қатар жүргізген рельспен итеріп әкеліп шынырауға төгіп жүр.

Шолақ тонының елтірі жағасын дулығадай көтеріп алған ақсақ десятник қырау басқан сақал-мұртын сұқ саусағымен қағып-қағып қалып, дамылсыз айқайлайды:

- Қадиша, тасты бір жерге үйме. Ойпырау, үйме



деймін саған. Шашыратып төк! Вагонетканды әрі итер! Тегіс жайылсын.

Шойна4дап пештің екінші жағынан сап ете қалады:

- "й, Наталья, көмірді қайда апарасың? Алдымен әктасты түгел жаймалап салып, соның үстіне көмірді бір тегіс етіп қабаттап тиеу керек. Сонда әктас біркелкі жақсы күйеді. Брак азаяды, брак.

Ауыр балғамен құлаштай сілтеп тас уатып жатқан әйелдер қосылып өлең айтты.

Қайран да менің ауылым,
Қызар ма екен сауығың?
Соғыстан аман оралып,
Келер ме екен бауырым?

Құлақшынының сыртынан қызыл орамал тартқан жайнаң көз орыс келіншегі мұңға толы жіңішке дауыспен жеке өзі шырқады:

... Любимый едет на войну...

Шұбарды баяу айдап қыстақ жақтан келе жатқан Құбаштың қарасы көрінді. Әйелдер жапа-тармағай тұс-тұстан андағайлап қарсы жүгірді.

- Айманқдай, бүгін біздің үйге көмір түсірдің бе? Отынымыз таусылып қалып еді. Бір салар тамызық та жоқ.

- Бізге қашан апарасың?

- Күнде ертеңмен діңкемізді құрттың ғой, шырағым. Қашанғы созасың?

- Ты, братец, завози к нам.

- Анау десятникке айтыңдар, - деп, Құбаш қолын сілтеп бар шуды бір-ақ тыйып тастады да, құлақшынын шешіп терін сүртті.

Қадиша түтіккен күйі, беліне байлаған боз шүберегін қайқайта бір тартып, десятникке бара жармасты.

- Әй, мен өзім мұнда, ал байым соғыста жүр. Шиеттей балаларым көздерінен сорасы ағып суық үйде бүрісіп отыр. “Көмір жазып бер”, - деп құдайдың құтты күні қанша жалындым. Бересің бе, жоқ па?

- Ал, тағы не айтасың? Екпінің күшті екен бүгін. Бәрін түгел айтып қал, - деп десятник мықынын таянып сыздана ыңыранды.

- Наряд жазып бер.

- Кезегің келсін. Сенен басқа да отынсыз қаңсып отырған жұрт көп. Килікпе. Соншама үздігетіндей сен кімнің шікірасы. едің.

- Балаларым үсіп өлсін бе?

- Көмір аз. Кімге жеткізем?

- Жеткіз. Көз жұмбайыңды таста!

- Былшылдама!

Десятник қақырынып тастап бұрыла берді. Қадиша қатты ашуланды. Шап беріп оның ту сыртынан қапсыра ұстады да, бір сілкіп оппа қарға алып ұрды.

- Сенен-ақ өлдім ғой! Әбден мазақтап біттің ғой. Байымды құныңа беріп пе едім, өл де маған! Қазір соттатсаң да, қолыңда өлейін бе осы, - деп құнжындаған тіземен астындағы адамды нығарлап жатыр.

Әйелдер құрбысын жабылып тұрғызып әкетті.

Құбаш аяғының ұшына назарын жіпсіз байлап дірілдеп, көгеріп тұрған Қадишаның қасына келді. Қадишаның ашуы басылар емес.

- Әрі тұр, мылқау! Айманңдай неме, сен де мазақ қыласың ба? Кет әрі, сүметілмей!

Құбаш күрсінді. Басын көтермей, қолын уқалап, екі аяғына кезек теңселді.

- Қазір тұп-тура сіздің үйге көмір апарам. Нарядсыз-ақ апарам, жеңеше.

Қадиша үндей алмай көзі бақырайып тұрды да, сылқ отыра кетіп, еңіреп жылап жіберді.

* * *

Ағаш кесіндісі үңірейген көмейін кеңейтіп, ту сырты сүйірлене жұмырланып, мойны жіңішкере ұзарып, кеуделігі домбыраға ұқсап қалыпты.

Манадан күпісінің саңылауынан сығалап жатқан Рабиға басын көтерді.

- Құбаш-ау, құлыным-ау, мынауың керемет болды ғой. Өзің тарта білесің бе?



Құбаш әдеттегісінше үнсіз күлімдеді. Эльза тізерлеп қасына отырды.

- Куваш, сен... ду нихт безе[5]. Сен жақсы Менш[6].

- Жақсы, Ылизажан. Ол жақсы жігіт. Өнерлі азамат жаман болмайды.

- Вас ист да, Куваш? Лойеркастен? Шарманка?

- Домбыра.

- Домбура?!

- Иэ, домбыраны тартады. Домбыра қуана біледі. Домбыра егіле біледі, Эльза.

- Куваш, ду... сен домбура ойна!

Құбаш серпіліп орнынан тұрды. Босаға жақта ілулі тұрған күпәйкесінің қалтасын ақтарып ораулы ішек алды. Алдымен домбыраға елілеп өлшеп перне тақты. Құлағын орнатты.

Эльза ақ селеу шашы толқындап жайылып Құбаштың қарсы алдында жүрелеп отыр. Туғалы көрмеген, білмеген аспап, әрине, таңсық.

- Куваш, сен музыкант?

Құбаш жымиып қойып, саусақтарын қимылдатты да, басын шайқады.

Рабиға дауыс берді:

- Тарта ғой, Құбашжан.

Домбыра кенет ызың етті. Зың етті, сыңғырлап барып-барып үнсіз қалды.

Алғаш екі ішекке саусағы оқыс тигенде, Құбаш дәл солай сиқырлы ызыңмен үн қатар деп сенбеп еді. Жүйке-жүйкесі тегіс шымырлап кетті.

Көз алдына алыстан бұлдырап оралып ұмытылмас елес келді.

* * *

Өзен. Ойыл өзені. Жағадағы жасыл құраққа бойлай бес-алты үй қатар тігулі тұр. Ортадағы бес қанат киіз үйдің іргесіндегі текеметтің үстінде ақсақал адам үш-төрттердегі баланы алдына алып домбыра тартып отыр.

[5]Сен ашулы емессің (нем.).

[6]Адам.

Ойылдан салқын самал лып-лып еседі. Баланың маңдайындағы тайтұяқ таңбаны бір ашып, бір жасырып жабағының келте кекіліндей майда кекілді жиі желбіретеді.

- Үйрен! Үйреніп ал, балам! Домбыра білгеннің зияны болмайды, ұлым!

Әкесі баланың саусағын алақанымен қысып ұстап әкеліп пернеге тигізді. Содан кейін өзі ілестіре қуалатып, әлгі нәзік саусақты сағаққа шаншылтты.

* * *

Домбыра безілдей жөнелді. Әке сабағын ұлы ұмытпапты. Он саусақ машығынан жаңылмапты. Үш-төрт күннен бері әлдебір қуанышпен алып ұшқан кеудеге орнап алған елгезек ыңыл бас бармақтан бипыл уіл төгіп, төрт саусақпен термелеп кетті.

Эльза сілекейін жұтына тамсана түсіп, көзін кең ашып қалыпты. Кең ашылған жанарда жаңа қонысқа келгелі бұған дейін білінбеген көкшіл ұшқын, көгілдір ұшқын жылтырады. Бадырайған әр көз-бір-бір кішігірім тостаған, немесе бетіне кілегейленіп қабыршақ мұз тұнған ойық. Күлімсіреген жүзі ояу отырып тәтті түс көргендей елтіп алған.

Бас бармақ тәтті уіл созады. Төрт саусақ жүрек дүрсілдетеді.

Рабиға күпісін ысырып, басын көтерді. Алдымен Құбашқа, содан кейін оршыған саусақтарға үңілді. Қалтылдаған қолымен кимешегінен құлағын шығарды. Әлгінде зың еткен тосын үн құдыққа құлаған кесек тастай бітеу кеудесін солқ еткізіп еді. Күлгін көзде күңгірт жалын тұтатып кеткен екен.

Бір жанарда көкшіл ұшқын жарқырайды.

Екінші көзде күңгірт сәуле бұлдырайды.

Баяу уіл тентек желдірмемен алмасты. Жылдам терме майда уілмен ажарланды. Астыңғы ішек - үстіңгі ішектің жетектеушісі. Үстіңгі ішек - астыңғы ішектің жебеушісі.

Эльза қыбыр етпейді. Алыстан, көкжиектен жаңа ғана шашырап туып келе жатқан күннің қызыл шуағын



алғаш қарсы алғандай, танауы қусырылып, екі қолын кеудесіне қыса тас қып айқастырып алыпты.

Рабиға сыздықтата күрсініп, көзін жұмды. Баяу бұлдыраған күңгірт жалынды жыбырлаған сирек кірпіктер жұтып жіберді. Сирек кірпіктердің астынан мөлт етіп қос маржан ытқып шыға келді де, өрмекшінің торындай әжімді жүзді қақ тіліп, төмен сырғанады. Қиян қиырдан адасып келіп, қаңғып келіп құлағына таныс шумақ құйылды.

“Ақтілегім!
Өзіңе бақ тіледім.
Қайтейін, бұйырмады ақтілегің, қалқажан!..”

Баяу уіл әлдиледі. Әлдиледі де жылатты.

Эльза қыбырсыз отырып ұйып барады, мүлгіп отырып зымырап барады.

Жетім сырын жетім жүрегі түсінді.

Ұланды қыз ұқты.

Разы көңіл іңкәрлік сезінді. Сағыныш та-іңкәрлік.

Эльза күрсініп қалды...

Домбыра кілт тоқтады.

Құбаш иегін шошайтып Рабиғаға қарады. Бүк түскен кемпірдің беті көрінбейді. Құбаш секем алды. Алақанының сыртымен маңдайын бір сүртіп тастап, домбырасын алдына қайта өңгерді. Қабағының астынан қасындағы қызға жалт етті. Эльза күлімсіреп отыр екен. Көкшіл көзге тұнған қуаныш нұры Құбашқа да ауысты.

- Эльза, “Кеңес” күйін тартайын ба?

Қыз сол мерейлі раймен тез келісіп, басын изеді. Рабиға кеудесін тіктеді.

Асқақтап шалқып күй кетті. Әлгіндегі уіл жоқ, мұң жоқ. Жігер мен екпін бар.

Эльза домбыраға қадалды. Саусақ жағалай қыдыр-ған жанары арбалғандай жоғары өрлеп, жігіт жүзіне тоқтады.

Не деген сыршыл жүз! Жүз емес - көз! Ішке сәуле түсіп, сол сәуле жанарда құбылып ойнап тұр. Шілдеде қайнары шымырлаған ақ бұлаққа аспаннан мөлдірей нұр құйылып, су бетінде кемпірқосақ, жайнататын. Дәл сол! Оның бояуықкызыл да емес, жасыл да емес-

бәрі емес. Жанардың бояуы - қуаныш, сенім, іңкәрлік, тазалық, пәктік. Сонан соң сәл ғана мұң шалған сағыныш.

Күй бітті.

Эльза лып тұрып барып, тұңғыш рет еркін жанасып Құбаштың маңдайын аялай сүртті. Тайтұяқ таңбаға ақ саусақ сәл кідірді. Ыстық дірілі білінді. Саусақтан жылылық сезілді. Құбаш қолын көтерді. Алақанды алақан сипады. Нәзік саусақтар доғал саусақтардың арасында қалды.

Екеуі біріне-бірі елжірей қарады.

Рабиға бергі жақтан мейірлене тіл қатты:

- Рақмет, Құбашжан! Өркенің өссін! Сөйт, құлыным! Қарындасыңды аяла солай! Түсінісіп өткен ғұмырдың қадірі артық. Жоғалтып алмаңдар...

Құбаш саусақты қоя берді. Сырғып кейін шегінді де, домбыраны қабырғаға сүйеді.

Эльза тізерлеп барып кемпірді құшақтай алды. Қушық иық тынымсыз селкілдейді. Бетін Рабиғаның кеудесіне көміп алыпты.

- Мына шіркін... Шіркін неме қайтеді?! Жылағаны несі? Сен де, Ылиза-ау, осал ма едің? Қой, жасық болма... Босама босқа... Күй ғой босатқан... Айналдым сол көңіліңнен... Соншама нәзік болармысың, күнім...

Кәрі жүрек қапысыз түсінеді. Түсінеді де түспалдатпай, түкпірлемей ауызға түскен алғашқы сөздерді айтады. Солай жұбатады.

- Құбашжан, әлгіндегі бірінші тартқаның қай күй? Естімеген сарыным екен, - деп Эльзаны әлдилегендей теңселіп отырып ұланға бұрылды.

- Апа-ау, өзім де білмеймін.

- Ә, солай ма...

Күлгін көзде күңгірт жалын тұтанды да, сөнді.

Рабиға басын салбыратып құшағындағы қыздың ақ селеу шашын саусағымен тарамдады. Аппақ мойнын сипады.

- Құбаш, сен әлгінде күй шығардың, құлыным. Күйіңнің атын “Ақтілек” қой. Иә, “Ақтілек” болсын. Ақ тілеуден өткен ардақты аманат жоқ.

- Жарайды, апа.



Эльза басын көтеріп екеуіне кезек қарады. Көзінде дымқыл қалмапты. Жайнаңдап тұр.

- “Ақ тілекті” тағы бір тартшы, - деді Рабиға жастыққа бүйірлей қисайып.

Эльза тез тұрып барып сүйеулі домбыраны алды, Құбашқа күліп ұсынды.

Кәрі кеуде қыбыр етпей сағыныш сазы - үстіңгі ішекті ғана тыңдайды.

Жас жүрек - қуаныш, шаттық дүрмегі - астыңғы ішекті ғана тыпырши аңдиды.

Ақ тілек дүрілдеп тұр, дірілдеп тұр.

* * *

Бұлт басқан кешкі даланың қою ірімтік көлеңкесі темір жолдың төс табанының түбіне ұйлығыпты. Қатарласа жарысқан қос рельстің бір тіні үзіліп қалып, екі қоспаның арасы алшақтанып ырсиып тұр. Әлдекім әдейі бұзып кеткен тәрізді.

Қауқита көк шөп тиеген екі ат-шана темір жолдан арқан бойы жерде тоқтап қалыпты. Рельс пен шаналардың арасында - дәл ортада - Сәрсен мен Құбаш айтысып жатыр. Шырылдаған Сәрсен домбыққан бетін өршелене уқалап-уқалап қояды.

- Жо-жоқ, бір минут та кідірмеймін. Мен қайтам. Бәлесінен аулақ. Әрі-беріден соң, анау рельсті бұзған үшбионы ма, зиянкесі ме тасадан бізді тырс еткізуі мүмкін. Аңдып отырған пәлелер ешкімді де аямайды.

Құбаш жауап қатқан жоқ.

- Әй, неге үндемейсің? Апырау мылқау болсаң да, саңырау емессің ғой енді, ымдасаң да бірдеңе десеңші. Үсідік қой, Аймаңдай.

- Жолды жөндеу керек.

- Атаңның басына жөндей қоярсың. Екеуден екеу айдалада не бітіреміз? Кім бұзса, сол жөндесін, біздің жұмысымыз қанша? Біз шөп тасысақ - басқасына пысқырмаймыз. Әркімнің өз міндеті өзіне. Қайтасың ба өзің? Әй, Аймаңдай! Үсіп өлеміз! Қатып қаламыз!

Сәрсен шап беріп жағаға жармасты. Сілкіп-сілкіп

қалды. Екі саусағы жоқ мұқыл қолдың тегеуріні мықты, Құбашты селкілдетіп барады.

- Мен қайтам. Қайтам, Аймаңдай! Қарап жүріп босқа өлер жайым жоқ.

Құбаш жағасындағы Сәрсеннің қолын қағып жіберіп, үнсіз бұрылды да, адымдап шөп тиеген шанасына барды. Сауыт-сайманын салатын кішірек қобдишадан жеңіл балға, шапашот, бұрандалы кілтін алды.

Сәрсен әлі де болса сөзін өткізбек боп жанталасып едіреңдей жақындады.

- Не істейін деп жүрсің? Өзіңнің есің дұрыс па? Осындай қызыл шұнақ аязда жұмыс істей ме кісі? Онан да тез барып, стансаға хабарлайық.

Құбаш жауап қатпастан темір жолдың төс табанына өрмеледі. Сәрсен артынан ілесті.

- Мен қайтамын.

Құбаш иығын қиқаң еткізді.

- Әй, құдай сені де адам ғып жаратқан соң не жорық. Ақылыңды алмайды. Айтқаныңа түсінбейді бұл Аймаңдай. Апыр-ау, сенің осы араға қыстырылатын нең бар? Тіпті сен екеуміз көрмеген-ақ болайық осы құрып кеткір рельсін. Бізден кім сұрайды?

Будақ-будақ бу шыққан бойда сіреу боп омырауға қатып жатыр. Будақ-будақ бу үскірік боп бет қариды.

Жауап ала алмаған соң титығы құрыған Сәрсен қолын сілтеп кете берді. Айналып қайта оралды. Даусында ашу да бар, жалыну да бар:

- Өлсең өзің-ақ өл, мен қатын-баламды жетім-жесір қалдырғым келмейді. Әй, Аймаңдай, жүр! Керек десең, стансаға өзім-ақ хабарлай салайын.

- Алыс....

- Алыс болса қайтеді?

Құбаш күңк етті:

- Оған дейін бұл арадан поезд өтсе...

- Өтсе өте берсін. Сенің нең құриды? Екі туып. бір қалғаның жоқ ол поезда.

Құбаш серігіне алара қарады да, басын шайқады. Содан кейін отыра қалып қолымен жерді сипады. Еңбектеп маңайды тінтіп жүр.

- Таптым!



Сәрсенге алтын тапқандай ұсынып болтты, гайкаларды көрсетті.

- Ақымақ! Мәз болмасқа мәз болуын. Бітірерсің жаман қатты. Маған десең үсіп өл! Арам қат! Мен сен сияқты ақымақ емеспін. Кеттім!

Сәрсен аяңдап атына барды. Арқаннан тартып шананың үстіне шығып, делбені қағып қалды. Темір табан шыңғырғандай сықыр етті де, таусылмас ұзақ әнімен сарнай жөнелді. Кетіп барады. Ұзап барады.

Құбаш әлі де болса дәмеленіп соңынан қарап тұр. Бұлдырап алыстады.

Сәрсен қалтасынан нанын алып, ашқарақтана асады:

- Бағана Аймаңдайдың нанын бөліп жегенім мұндай жақсы болар ма, қалсын енді ішегі шұрқырап.

Құбаш қойнына қол салды. Орамалдың арасында қалған нан қиқымын алақанына төгіп аузына ытқытты. Сілекейімен тамағын құрғатты. Тамсанды. Содан кейін орамалды тұмшалай бетіне орап алды.

Бұрылып Сәрсенге қарады. Шана көз ұшында қыбырлайды. Қолын ызалана бір сілікті.

Отыра қалып шатқаяқтанған екі рельстің шетін екі қолымен күшене тартып біріне-бірін тақамақ болды.

Қатты аязда шеңбірек атып шертіп тұрған темірге не істесін, босқа діңкесі құрыды.

- Сүймен болар ма еді!

Қытымыр аяз бұрынғысынан да күшейіп кетті. Қолғабын шешіп тастап қышырланып мұрнын үйкеледі. Уысына қар толтырып бетін уқалады.

* * *

Шанадан үш тармақ айырды әкелді. Рельстің астына тіреп итере бастап еді. Қарағай сабы қақ бөлінді. Айырдың басын бір жаққа, сабын екінші жаққа лақтырып жіберді. Ыза боп ернін тістелеп шпалға отыра кетті. Шалқалап жатып рельсті теуіп-теуіп қалды.

Үскірік буып тұр. Қолғабын шешіп бетін, маңдайын, мұрнын уқалады. Бұрылып шанаға қарады. Иесін

шақырды ма, шұбар оқыранды. Құбаш жымың етіп тез тұрып, жүгіре басып атқа келді. Делбені ұстады. Тер сіңіп әбден сіңірленген өрме қайыс делбе шымыр екен.

Шұбарды жалма-жан доғарды. Жетектеп әкеліп қайыс делбені рельстің тесігінен өткізіп, тас қып байлады. Екі ұшын қамытқа тақты.

- Әйт шу, жануар-а-р!

Ышқынып айқайлады. Ашынып айқайлады.

Шұбар төрт табандап мықшыңдай тартты.

- Жарадың шұбар!

Қос рельстің ұштары бір-бірімен қиюласты. Құбаш етпеттей жата қалып рельстің екі жағынан қысатын екі қапсырманы жанталаса итерді.

- Бір болтты өткізіп, гайкасын бұрай алсам!

Ентіккен шұбар тәлтіректеп шегініп кетті. Рельс кейін серіпті.

- Қап!..

Аяз тіпті қатайды. Қысқа күн тұңғиық түнге ауысты. Қараңғылық ұйыды. Құбаш ұйқылы-ояу бір халде қыбырсыз жүрелеп отыр.

- Сәл дамылдайын.

Денесі ауырлап, сүйек-сүйекке суық өтті. Көз жұмыла бастады. Кірпіктер айқасып барады. Әлдеқайдан толқындап жетіп ұйқы буды.

Шұбар оқыс кісінеді. Дауыс естілгенде Құбаш селк етіп, омырауға сүңгіп кеткен басын көтерді. Қалшылдаған иегі тісін-тісіне тигізбейді.

- Сәрсен хабар береді. Жол жөндеушілер келіп қалар. - Станция жаққа үміт сызы кілкіген жүзбен үңіліп ұзақ қарады. Бірақ қанша сүзілсе де, қараңғыдан қараң еткен белгі білінген жоқ.

Ат тағы пысқырды. Адамға қыбырлап жан кірді. Қолымен жер таянып, бөксесін оздырып орнынан әрең тұрды. Бишікті суылдата үйірді.

- Айт шуу, жануар!

Қайыс делбе қатты бұраған домбыраның ішегіндей сыңғырағанда, рельс қайта қиюласты.

Жанталасқан жалаңаш саусақтар темір болтты тесікке әрең өткізді. Гайка екі дөңгелеп бұралды. Гайкаға қызыл қан жұқты.

- Уһ!



Рельсті кеудесімен құшып, ауыр тыныстады. Қолын созып жіберіп алақанымен қарды көсіп алып, арандай ашылған аузына тығып жіберді.

Кілтті қайта ұстады. Бұрандалы кілт орнықпай жиі тайқи береді. Бірақ болт бірте-бірте тартылып, накладкаларды қиюластыра жапсырып барады.

Түн ортасы болды. Жұмыс сәтімен бітті. Құбаш бүкіл дөңгелек бетімен жымиды.

Шұбарды рельстен босатып, шанадан әкеліп алдына бір құшақ шөп салды.

Осы кезде бұрылыстан прожекторларын жарқыратып поезд көрінді. Машинист ат пен адамның тұсынан өте беріп, будкадан кеудесін лықсыта шығарып Құбашқа өзеурей айқайлады:

- Не қып тұрсың? Есің дұрыс па? Ақымақ-ау, тезірек үйіңе жетсеңші, айдалада үсіп өлесің ғой, - деп қолын сермеп қойып, бұрқыратып будақ-будақ бумен атқылап, арқыратып гудок берді.

Жолаушы вагонының терезелерінен әйнекке тұмсықтарын жапсыра тірелген әуесқой жүздер көрінеді. Саусақтарын шошайтып әлденеге мәз болады.

Құбаш шұбарды шанаға жекті.

* * *

Тоқал үйдің бұрышынан қырындап айнала берген Құбаш Эльзамен соқтығысып қалды.

- Эльза?! Сенбісің? Бұл жерде не ғып тұрсың? Әлі ұйықтамағанбысың?

- Сәрсен келді. Сен жоқ. Мен ұйқы жоқ, Куваш. Дих, сен ойлайды. Форст! Аяз! Фрирт хойте[7].

- Сәрсен ештеме айтпады ма?

- Найн... Жоқ! Мен сұрады. Ол... ол ашулы. Безе!

- Жарайды. Сәрсені бар болсын. Үйге кір! Ойбай-ау, тоңып қапсың ғой!

- Мен тоңбайды. Сен тоңады. Куваш, сен нихт кранк? Ауырмайды, иа?

[7] Бүгін суық.

- Оның не, Эльза? Маған ауыруға болмайды. Сен апам екеуің ауырмаңдар. Жүрші өзің, дала суық.

- Куваш... сен жақсы.

Эльза сыңғырлай күліп үйге кіріп кетті.

* * *

Рудниктің ескі шпалдан тұрғызған шағын шебер-ханасы-екі кісі қатар айналуға келмейтін аядай-ақ бөлме. Бірақ сонда да ішінен адам аяғы арылмайды. Қолы босаса, жылынып шығуға бас сұқпайтын жан жоқ. Темекінің көк ала түтіні қою тұмандай жырты-лып-айрылады.

Құбаш ішке сабы сынған айырын ұстай кірді.

Құбашты көрісімен терезенің ернеуінде қонақтап отырған Сәрсен орнынан тұрды. Темекі тұқылын есік жаққа шиырып жіберді де, ұстадан бұрын ұрса жөнелді:

- Тағы да сындырғанбысың? Нойыс неме-ау, осы саған темір де шақ келмес.

Құбаш иегін оң жақ иығына төсеп алып, кірпік қақпастан Сәрсенге сығырая қарады.

- Кеше неге хабар бермедің?!

- Көзін қараңдаршы! Көзін! Қып-қызыл боп қанталап тұр. Мынау бар ғой, ағайын, нағыз зиянкес! Өздеріңе ескертіп қойғаным осы. Әй, енді сен мылқаумен бірге шөпке шықсам ба? Ілесіп қатар жүрмейді ғой. Әй, кеше қай уақытта оралдың? - деп Сәрсен Құбаштың түсі бұзылып кеткенін көріп қарсы шабуылға көшті.

- Өтірікші!

- Не дейсің? Байқа, бала! Сендейлердің талайын көргенбіз. Сенікі көзбояушылық. Бір сағаттық жерге бір күн жүресің. Мен кеше қай уақытта келдім? Сен қай уақытта келдің? Ағатайлар-ау, мына мылқаудан неге кешіктің деп неге сұрамайсыңдар. Сұрасаңдаршы!

- Ал, иә Аймаңдай, неге кешіктің?

- Оны Сәрсен айтсын.

- Айтсам, айтам. Мен ештеңені жасырмаймын. Кешке дейін аң ауладың. Анау неміс қызына қоян ұстап апарып берейік деп мені де қоймай азғырғансың.



Жұмыс бітірудің орнына ақ тер, көк тер етіп үкімет малымен өз пайдаңды көздейсің. Шұбардың обалы саған.

Құбаш оң қолын босатып, рельс қарыған алақа-нындағы жараны көрсетті.

- Оның несін көрсетесің. Менде де жара бар.

- Өтірікші! - Құбаш басын шайқап, басқа сөзге келмей есікке беттеді.

- Өтірікшіден естіп тұрмын. Қараңдаршы, айыпты болған соң зытып барады.

Сәрсен шіңкілдек дауыспен шиқ-шиқ күлді. Құбаш қалт тоқтап, жалт қарады. Бір-ақ аттап келді де, қатулы жұдырығын әлгі күлмеңдеген бетке сарт еткізді. Тұмсық бұзылды. Қан саулады.

- Ойбай, өлтірді-ау! Қаңғырып келген жетесіз құтырды-ау! Жіберіңдерші, қолыңда өлейін, - деп қылғына айқайлаған Сәрсен қан жұққан алақанын өңіріңе сүртіп-сүртіп тастап, тап-тап ұмтылды. Бірақ қол сілтеуге жүрегі дауаламай, араша түскен адамды тасаланды.

Құбаш есікке бұрылды.

- Ағайындар-ау, кегім кетті ғой, кегім!

- Кегің де, өзің де құры! Бар пәле өзіңнен. Сенің тұмсығыңды ғана бұзбай қолқаңды жұлып алса да аз емес. Аймаңдай тегінен-тегін мөңкімейді. Оны ызаландырған сенің иттігің. Арамсың! - деп ұста босағада жатқан сынған айырдың сабын қолына алды. Содан соң шаңқ етті, - Сәрсен, далаға барып даурық. Жұмыс істет!

* * *

- Ей-ей, Аймаңдай! Көзің бар ма? Ашсаңшы сығырайтпай! Қайда бара жатырсың? Тоқта!

Атжалданып созыла үйіліп жатқан, үстін қар басқан көмірдің қасында десятник тәштиіп тұр. Дауыс естілгенде, шананың үстінде екі бүктетіліп құнысып отырған Құбаш басын көтеріп алып, көмір тұсынан өтіп бара жатқанын байқады. Шанадан секіріп түсіп, шұбарды делбеден тартып шегіндіріп әкеп көмір тией

бастады. Аязда тас боп қатып қалған көмірге күрек батар емес. Шақ-шақ тигенде жарқ-жұрқ от қана ұшады. Бос күрек бос көтеріліп қорапқа асылады.

Десятник аузы ашылып, сілекейі шұбырып, танауы пысылдап таңданып тұр.

- Аймаңдай! Уау, Аймаңдай! Көзіңе қара! Өзіңе не болған бүгін?

Десятник қалтасын ақтарып нарядтарды алды. Саусағын жалап жіберіп санап шықты.

- Бүгін үш үйге көмір түсіресің. Қалампыр кемпірге, Захаровтың үйіне... сонсоң біздікіне. Айтпақшы, Әлиман кассирдің қадағалап тапсырған бұйымтайы бар екен-ау. Жалғыз басты келіншек. Оның өтінішін орындау қажет. Болмас. Аймаңдай, сен былай ет. Алдымен біздікіне апар. Сонсоң Захаровтікіне. Содан кейін Әлиманның үйіне. Солай!

Құбаш үндеген жоқ. Бұрылып қараған да жоқ. Сүйменді құлаштай көтеріп, кірш-кірш ұрып, көмірді кесек-кесек опырып жатыр.

Десятник шыдай алмай қақырынды. Тамағын қырнады. Даусын бәсеңдетті.

- Қара кемпір әзірше шыдай тұрар. Қалампырды айтам. Қайнысы фермада қойшы. Қи әкеліп үйіп бермеді деймісің... Әлимандікіне түсір.

* * *

Айдау жол - айдын мұздай. Тағасы мұқалған шұбар қайта-қайта тайғанақтайды. Тұрып қалады. Тайғанақтап жүріп Құбаш шананы артынан күшене итереді. Итеріп тұрып шешусіз ойға шомады.

“Адам неге азады? Адам адам емес пе? Оны азғыратын не? Шайтан ба? Сәрсен неге алдады? Неге алдады? Неге? Неге? Неге?”

Инесі бұзылған ескі патефондай осы сөзге тұрып қалып, іштей қайталай береді. Жауап тапса, кеудені кернеп алып сыздатып бара жатқан жазықсыз жапасы тарқап кетердей сезеді.

Жол тайғақ. Ой одан өткен тайғақ. Шұбар шаттаяқтаса, Құбаш кібіртіктейді. Шireніп шананы итереді. Сарт еткізіп делбені қағып қалады...

- Айналып кетейін, Құбашжан! Құлдығың болайын. Құбашжан! Көсегеңді құдай көгертсін! Үбірлі-шүбірлі бол! Бақытың жансын, балам!

Құбаш кірпік арасынан сығалап Қалампыр кемпірді таныды. Есі шыққан байғұс кейуана Құбашты бір құшақтайды, айналып барып шұбарды бір сипайды.

- Апа, сарайыңыз, отын қораңыз қайда?

- Міне, мұнда. Қақпасын әлгінде ашып қойғам. О-ой тәңір жарылқағыр! Әлгі десәтнік қайным-ау сені жұмсаған. Екеуіңе де рақмет!

Құбаш үнсіз қорабын көтеріп қап көмірін түсірді. Отын сарайға кірді. Сарай қаңырап бос тұр, қи түгіл тышқан қорығы да жоқ. Жымиып күлді. Тездетіп бір түйірін қалдырмай көмірді сарайға үйіп берді.

Қалампырдың аузында манадан тыным жоқ, алғысбатасын үйіп-төгіп жатыр.

- Үйге кір, бойыңды жылыт, Құбашжан!

- Бидай қуырып қойдым, Құбашжан!..

Сөмкесін салақтатып почташы қыз келді. Құбашқа анадайдан тілін көрсетті.

- Апа! Сізге хат бар!

- Ойбай-ау, сүйінші сұрамаймысың. Рақмет, қалқатайым. Өзің де мендей бақытты бол!

Қалампыр қолына ұстатқан хатты олай айналдырды, былай айналдырды. Сығырайып үш бұрыш қағазға қадалды. Жүзіне мейірім үйірілді.

- Алда ғана құлыным-ай! Тірі екен ғой, шыбыным! Айналып кетейін қолыңнан! Қолыңнан, жарығым! Белгісі тұр екен-ау. Мынау құс - сағынышы ғой. Апасына деген сәлемі ғой! Сәлемі, - деп, тұмсығына үшкіл хат тістеген қолдан салған қарлығаштың суретіне телмірді. Қолы қалтырап Құбаш пен қызға көрсетеді.
- Көрдіңдер ме, баламның салғаны! Маған деген белгісі! Сағынып ұшқан жүрегі!

Құбаш қорапты орнына салып, жайлап шұбарды айдады. Далбалақтап жүгіріп келген Қалампыр Құбаштың етегіне жармасты. Ентігіп сыбырлады.

- Аллай! Есім шығып сені ұмытып барам-ау, Құбашжан! Ақ түйенің қарны жарылды. Үш айдан бері

хабарсыз жүрген Оралымнан міне, хат келді. Аман екен! Бар екен! Тірі екен құлыным! Үйге кір қазан асам!

- Рақмет, апа! Жұмыс көп.

- Қап енді, қап! Жұмысың көп екені рас. Жолың-нан бөгемейін көп жаса, балам! Алғысқа бөлене бер! - деп тағы да қауқылдап тұрды да, почташы қызға жабысты. - Қызым-ау, сені жібермеймін. Бірің бір, екің екі... Болмайды. Ойбай-ау, мына хатты өзің оқып бермеймісің...

* * *

Түс ауа жұмыс басына шойнаңдап жеткен десятник Құбашқа түнеріп келді.

- Біздің үйге неге көмір түсірмедің? Айтқан тілді қашан аласың, Аймаңдай?

- Қазір апарам.

- Мен саған бірінші шанаңды апар деп ем ғой.

- Оны Қалампыр шешейге түсіріп бердім.

- Немене? Не? Мен апар дедім бе? Түсір дедім бе? Не деген ақпа құлақсың.

Құбаш үндеген жоқ кесек-кесек опырылған көмірді қорапқа тией берді.

- Қуам! Шығарам! Соғысқа айдаймын!

Құбаш мырс етті.

- Сен айдамай-ақ кетер ем, әттең, жасым толмай жүр.

Десятник мұрын мен тамақтан кезек ытқыған тарғыл дауыспен сөздікке жазылмаған сөздерді шұбыртып жатыр. Ерсілі-қарсылы шойнаңдап басып адымдап жүр.

Күрек қаттырақ шақылдай бастады. Күрек ерекше екілене бастады. Күрек тік көтерілгенде шықшыт жүгірді, тіс егелді. Құбаш ілгері аттады.

Десятник кілт бөгелді.

- Жарайды. Жақсы. Келістік.

Артына жалтақтап қарайлап қойып, десятник аяғы теңеліп зытып барады.



Айдау жол - айдын мұздай. Жол тайғақ. Шұбар шабан. Жүріс мандымайды.

Құбаш күңк етті.

- Дұрыс істедім. Десәтнек ашулана берсін, Қалампыр шешей қуанды.

Ширыққан көңіл демде жадырады. Ыңылдап “Ақ тілекті” ернімен тартты. Жүрегімен тартты.

Делбені сарт еткізді. Шұбар оқыс қимылдады. Мұз қатқан түйетайлы жар қабаққа таянып қалған екен, төрт тұяқ тиянақ таппай сырғанап барады... Шана ауытқып, үстіндегі қорап сырғыды. Жан дәрмен жармасқан Құбаш шана мен қораптың астында қалды.

* * *

Төрде шапан астында Құбаш бүк түсіп жатыр. Эльза мен Рабиға пеш түбінде алдарына шүберек төсеп алып, қобыратып жүн түтіп отыр.

- Апа, Куваш жазылады, Иа, апа?

- Жазылады, күнім! Жазылады! Ештеңе етпес. Жаны аман қалды ғой. Әлі-ақ тұрып кетеді.

- Апа, мен шай қайнатады.

- Бар ғой, қайнап тұр ғой.

- Апа, Куваш оянады. Их... их.., мен...

- Жылама, Ылиза. Жаман ырым жасама, қызым. Бейнетсіз зейнет болмайды.

- Найн! Найн! Жыламайды.

Құбаш қозғалды. Әлдене деп ыңыранды. Эльза орнынан ұшып тұрды.

- Апа! Куваш зих бевегт[8]... Қалай айтады? Куваш қозғады. Жазылады! - деп Эльза қуанып айқайлап жіберді. Ұмтылып кеп шапанды қымтады. - Зих рюрт![9]

Кемпір бәйек боп жатыр:

- Айтпадым ба? Мертік-шортықтан аман болса, құлан-таза жүгіріп кетеді ғой құлыным.

[8] Қозғалды.

[9] Қимылдама!

Ертеңгілік мезгілдің қызыл сәулесі қабырғада дірілдейді. Үй-іші толы кемпір-шал. Рабиға әжей дастарқанға барын салған.

Шыны-аяқты өзі ұмсына әперіп, шыны-аяқты өзі ұмтыла алып қонақтарына құрмет жасап отыр.

Шай таусылып, сары самауырын соңғы тамшысын ақтара сарқып, дастарқан жиналды.

Ақсақалдар аяқ астынан қуыстана қипақтасты. Айнала қарасып, шақшаларын суырып насыбай атысты. Құбаштың ден-саулығын сұрады.

Рабиға сөйледі.

- Көңіл білдіргендеріңе рақмет. Ел іші-алтын бесік. Қайғырсаң - тербетеді де жұбатады. "Жігіттің ататегін сұрама" деген нақыл бар. Балаларымның орнына балам ғып бағып, байғұстың қас-қабағына қарап уаныш тауып отыр ем. Тәңір хақ соны да көпсініп, мына кездейсоқ кеселге душар етті. Ел ағасы, жөн білетін кешегі ерімнің тұстастары деп өздеріңді әдейі шақырып отырмын. Бір ғана қолқам бар. Қайтар-майды, қайтады деп айтам. Ертең өлсем, жаназама байлар бір тоқтыларыңды аямайсыңдар. Сол тоқтыны бүгін беріңдер. Құбашты ыстық теріге ораймын. Қолқам осы.

Қабақтар ілгері итініп, кірпіктер айқыш-ұйқыш жабылды. Қимыл тоқтап, іиндер сұлқ түсті. Тыныштық орнады. Ешкім ыңғай білдірмеді.

Рабиға жез қаңылтырмен төрт жерден шандыған қара әбдіресін ақтарды. Ұзақ ақтарды. Қаржы жоқ, бұйым жоқ. Іші толған ұсақ-түйек.

Әбдіре аузы-мұрнынан шығып ұзақ ақтарылды. Тарамыс қол бір затқа кібіртіктеп тіреледі де кідіреді. Кідіреді де қалтылдап шегінеді.

Ұйқылы-ояу Құбаш ауырсына ыңыранды. Көздер ұясынан жалт етті де, заматта қайта жасырынды. Тарамыс қол әлгі затты суырып алып шықты. Қымбат былғары кісе екен.

- Барым да, байлығым да осы еді. Отағасымның көзі еді. Сақтаудай-ақ сақтап ем. Қайтейін, өлі аруағы риза шығар, тірінің тірлігіне арашашы болғым келеді.



Осыны алыңыздар,-деп дірілдеген қолмен кісені ортаға тастады да, дәті шыдамай сырт айналды.

Дүние шіркін - көз құрты. Жасырулы жанарлар жылт-жылт жүгіріп, түнерген қабақтар тез-тез ашылды. Кісеге байланып қалыпты.

Қақырынып тастап, бөркін бір шекесіне едірейте қондырған Әбілда ақсақал сөйледі.

- Таусылып айттың. Тарыққаныңнан болар. Аналық тілек осындай-ақ айтылар. Басымызды қосып, қолқа салыпсың. Уақыттың тарлығы ғой. Әйтпесе бір қойға тұрар қолқа бар ма, тәйірі. Көп болып көтереміз. Тоқтыңды қазір ал. Кісені орнына салып қой. Аманатты саудалауға болмайды. Бір тірегіңді бекітем деп, екіншісін сындырма. Құбашың жазылар. Ақ тілегің ішіндемін, Рабиға. Мұңсыз бол.

Бірі дуылдай қостап, екіншісі риза көңілмен шұлғи бас изеп, шалдар түгел мақұлдау білдірді. Кемпірлер жағы еріндерін шылп-шылп еткізді.

* * *

Үй іші ала көлеңке. Құбаш төбеге қарап ояу жатыр. Диірмен тартып отырып Эльза кенет ән шырқады. Мөлдір жіңішке дауыс сыңғырлай жөнелді.

Ақ бұлтқа жоғарыдан қарқарадай құйылып ақ сәуле орнап, төменге мап-майда нұр себелейтін. Биікте, заңғарда басталатын сол мөлдіреген ақ шуақ бойға жеңілдік беріп, қалғыған ойды түртіп қозғайтын. Мынау ән ұланға дәл солай әсер етті.

Құбаш кеудесін көтеріп шынтақтап тыңдап қапты. Бір кез үстінен сырғып кеткен шапанды қайта жамылам дегенде, қолы байқаусыз тиіп, іргедегі домбыра даңғырап құлап түсті. Эльза әнін кілт тоқтатты.

- Сен неге жамылмайды чапан? Тоңасың. - Жүзінде қамқор пейіл бар.

- Эльза, жазылдым ғой мен. Әнің неткен жақсы еді! Тағы айтшы, үзбеші!

Қыз дереу күреңітті. Майда шашын толқындата дірілдетіп басын шайқады.

- Найн! Сен ұйқта керек, Куваш.

- Жарайды. Ұйқтасам ұйқтайын. Тек, сен Эльза ән сал. Әлгі әнді сал.

Ақ шуақ нұр себелеп, әдемі ән әуелей өрледі. Қой көз кірпік тасасынан Эльзаны бағып қалыпты. Көкшіл көз ағыл-тегіл мейірім төгіп Құбашты аймалады.

“Эльза болмаса жазылмас едім”, - деді қой көз.

“Куваш болмаса қайтер едім?” - деді көкшіл көз.

* * *

Сәрсен аулада жалғыз өзі мал жайғап жүр. Екі қой, қызыл сиырын қораға байлады. Ақырды тазалап, бір талын қалдырмай сабанды жинап алды. Содан кейін белін қиқандата қозғап, айырына сүйенді.

Күнбатыс көкжиек қып-қызыл. Аспандағы қара бұлт тарам-тарам. Етек жағы жосаға тығып алғандай қан күрең. Жапыр-жұпыр орналасқан аласа үйлерді көлеңке басқан. Будақ-будақ түтіндер есіліп тарайды. Оң қапталда жалғыз төбе бар. Көлеңкесі аяқ астына жақындап қапты.

Сәрсен әлгі сүйреленідеп жылжыған қап-қара көлеңкеге сүйсіне қарап тұр. Күн батты. Сәрсен қақырынып түкіріп тастады да, айырын шөпке сүйеп, шарбақтың есігін қиюластырып жапты. Сықыр-сықыр басып үйге кірді.

* * *

Табалдырықтан аттай беріп, есікті де жаппастан Сәрсен айқай салды.

- Қаты-ы-ен! Шам жақ!

- Жер майың толып тұр ма еді? Еркек боп тауып әкелсең мен аяй ма екем? Он жерден шырақ жақ-қандай жарқыратып қояйын. О несі, есіктен кірмей айқайлап, - деп әйелі дүрсе қоя берді.

- Апыр-ай, қатын-ай! Ауыз ашсаң аттандап кететін әдетің-ау! Әкелмейін деп жүрмін бе? Жоқ қой сол жер майы құрғырың. Кәресіні құрғырың қасқалдақтың



қаны боп тұр-ау қазір. Енді пілте жасасаң да, бірдемені ілделдалай қойсаңшы, - деп пеш түбіне жантая кетті.

- Жат. Жатқанға берсе, саған берер.

- Тіліңді, тіліңді ғана кесер ме еді!..

- Жетісерсің жаман қатты. Сен шірікті адам ғып жүрген мен шығармын.

Сәрсен шынтағын қос қолдай тіреп, жауырынын бүлкілдетіп басын көтерді. Төрде ілулі тұрған тобылғы сапты қамшысына қадалды.

- Өрім-өріміңді шығарайын ба осы! Көптен көзіңе көк шыбын үйелемегенге әбден құтырып барасың.

- Адырам қал! Сен еркек болсаң Рабиғаның үйіндегі күміс кісеге ие болар едің-ау. Арал атаң ұрпағы екенің рас болса, қарашаңырақтың белгісі шүйкедей кемпірде қала берер ме. Ертең анау қақпас “жаман айтпай, жақсы жоқ” олай-бұлай боп кетсе кісе Аймаңдайға қалады. Басқаға кетеді. Аруақ арты жын болды деген сол.

Сәрсен кілт өзгерді. Құйрығымен жылжып барып кереует астындағы қағаз-қапшық салатын көнетоз қол сандықты суырып алып ақтара бастады.

- Сия қайда еді? Жоқ па? Бидай қуыр! Азырақ күйдіре қуыр. Сия жасаймын.

Сәрсен түннің бірталай уағына дейін тапжылмай шоқиып отырды. Көп жазды. Көп сызды. Қайта толтырып, қағазды қайта жыртты. Ақыры бір парақ қағазды көшіріп, уһ деп демін алды. Үш бұрыштап бүктеп, адресін жазды. Әлдекімге қыжырланып жұдырығын түйді.

Енді көрсін, білсін Сәрсеннің қалай кек қайтар-ғанын. Тұмсық бұзғыш неме ғой!

* * *

Рабиға кимешегінің сыртынан аппақ кұндігін қоқырайтып күбірлеп отыр.

- Немере сүйем. Шілдехана, бесікке салар жасай-мын!.. Уай, той көп-ау! Тұсау кесер, тоқым қағар, сүндетке отырғызу, - дегенде тарамыс саусақтар жыбыр-жыбыр санайды. Түгел бүгіліп, қайта ашылады.

Санаған сайын әжімі азайып, мерейлі жүзге қуаныш үйіріледі.

- Ылиза, сендерде той көп бола ма?
- Той? А-а, Файнер, Фест! Иа, той көп.
- Шілдехананы білемісің? Ойбай-ау, ол дегенің тойдың нағыз көкесі ғой.
- Найн! Жоқ!
- Сүндетке отырғызу тойын ше?
- Жоқ!
- Саспа, Ылиза, асықпасаң, құдай қаласа, өзіңе әлі бәрін көрсетем.

Рабиға әжей әлден-ақ сол ынтық күндерді кеше бастағандай сылқ-сылқ күледі.

Есік шалқасынан ашылды. Қолтығында сары қағазға ораулы қомақты заты бар, аяғына үлкен пима сұққан Қиясбек тарп-тарп басып кірді.

- Әже! Әже-ау, үйдемісің? Міне, мен сендерге бар ғой, ет әкелдім, ет...
- Қиясбекпісің! Ойбүй, жарығым, даусыңның зекеті болайын. Келе ғой, күнім! Етің не айтып тұрған? Тышқақ лағының әлдеқалай аяғы сынса, әкесі өлгендей қарау қабақтанып көкең бала-шағаға күн көрсетпей-ақ қоюшы еді. Ол шіркін әдетінен қалай жаңылып қалды екен, ә?

Орнынан бір тізесін қос қолмен басып түрегелген Рабиға еркелеп келіп қаспақ танауды бір тартып, алдына тұра қалған баланы құшақтап маңдайынан сүйді.

- Өстіп анда-санда келіп тұрсайшы, Қиясбек. Әжең байғұс сені сағынбайды деймісің. Күніне он барып, он иіскеп кеткім келеді. Біздей кәрілерді жақтыра ма осы күнгінің кербайтал қатындары. Жарайды. Жарайды, бұртима. Саған шеше болғанмен маған келін ол.
- Әже, мен биыл оқуды қойдым ғой. Барғам жоқ. Былтырғы етігім жыртылып қалған. Көкем пимасын кигізбейді. Су қыласың дейді. Жалаңаяқ далаға қалай шығарсың. Анада, апам үйде жоқта ойнағым кеп есіктің алдына шығып ем... ой! Табаным тызылдадыай кеп, тызылдады-ай кеп!
- Етті кім берді? Көкең беріп жіберді ме? Біреу қасап қылып па екен?



- Ойбай, әже! Білмейді екенсіз ғой. Шұбар ат мертігіпті. Мал болмайды деп үреднік нәшандігі өзі сойғызыпты. Етін жұмыскерлерге бөліп беріпті. Сізге деп көкем әкеліпті. Мынаны қайда қояйын?
- Қоя сал анау әбдіренің үстіне! Құбаш қарағым шұбарынан айрылған екен. Жануар да мертігіпті-ау. Қайтейін, обалы сұм соғысқа болсын.

Рабиға сылқ отыра кетті. Біраздан соң еңсесін тіктеп бәсең тіл қатты.

- Ылиза, қазанды отқа қой. Тамақ істейік. Көмірің аз емес пе екен, күнім?

Қиясбек орнынан тұрып бара жатқан Эльзаға қарады. Қалтасынан екі бояу қарындашын алды да, әлдене ойына түскендей қайтадан жасырды.

- Апа, ет пісіреді сен, иа?..
- Пісіреміз, Ылиза. Көмір әкеп салшы. - Эльза шапанды иығына жаба сап шелекті ала сала сыртқа беттеді.
- Апа, сен неге неміс қызын асырайсың?
- Ылиза - менің қызым.
- Неміс қой, шашы аппақ.
- Менікі де аппақ. Міне, көрші өзің.
- Иә деген. Нанбаймын. Ол неміс.
- Бұрын неміс болса, енді қазақ болды. Қазақша сөйлейді. Сенің әпкең.
- Менімен ойнай ма?
- Ойнайды, Қиясбек. Ойнайды.

Эльза ентігіп кірді. Шымшуырмен плитаның қаңылтырын ашып, көмір салды. Су құйып темір шөгенді тесікке қойды. Пеш аузындағы құмғанмен күйе жұққан қолын асықпай жуды. Содан соң ұйқтап жатқан Құбаштың үстіндегі ескі көрпені қымтап өтіп, Рабиғаның қасына тізерлеп отырды. Еркелеп кемпірдің маңдайына маңдайын тигізді.

- Ой, қыз болмай кет, қыз болмай кеткір. Аймаламасаң отыра алмаймысың. Ішің пысып бара жатса әне, анау Қиясбекпен ойна. “Хан талапай” ойнаңдар. Мен ет салайын, - деп ұршығына сүйеніп орнынан тұрды.

Эльза енді екі ұртын томпайтып бағжиған Қиясбекке күлімдеп қарады.

- Сен маған айтады ертек. Иа?

- Қазақшаны қайдан білесің?
- Апа үйретти. Куваш үйретти.
- Аймаңдай ма?
- Найн! Найн! Нихт Аймаңдай[10]. Аймандай жоқ, Куваш айт. Ол - Куваш.
- Жарайды, Құбаш дейін. Ендеше неге былдырлайсың. Үйретти-сүйретти емес.

Эльза сәтте бұртиды. Көзіне буалдырланып кейісті көлеңке жүгірді.

Қиясбек аяп кетті.

- Мен де үйретем. Жарай ма?
- Иа-а! Иа! Мен үйренеди. Жақсы сөйлейди. - Қиясбек оң аяғын созып жіберіп қалтасынан қарындаштарын шығарды.
- Көрдің бе, Ылиза!
- О-о, жақсы. Сен маған береди?
- Көкем ұрсады ғой. Әйтпесе берер едім. Ылиза, сен өкпелеме. Рұқсат ет деп көкеме айтайын. Ешкімге ұстатпа деген. Мен күзде тағы да мектепке барам ғой. Аймаңдай... Құбаш ағатайым әнеукүні ескі пиманы табандап берем деген. Мен екінші класқа көштім ғой.
- Сен оқы. Жақсы оқы.

Қиясбек бұрыштағы домбыраны көрді. Екі көзімен тесіп, қызығып қарап қалыпты. Жалбыраған кекілін бір сипап қалып, ернін күбір еткізді.

- Домбыра ма?
- Иә. Домбура. Куваштикі домбура.

Құбаш қыбырлап оянды. Эльза тез тұрып барып көрпемен аурудың кеудесін қымтады. Саусағын безеді.
- Нихт бевегт. Қозғалма, Куваш.

Құбаш өзіне қадалып отырған баланы көрді. Күлімсіреп езу тартты.

- Қиясбек?! Сен қашан келдің?
- Ағатай! Міне, бояу қарындашымды көрші. Мен енді оқимын. Сурет саламын, - деп Қиясбек еңбектеп Құбаштың қасына барды. - Домбыра сенікі ме?
- Иә, өзім жасадым.
- Құбаш, ынтықтырмай ойнап берші ініңе, - деді Рабиға мына жақтан.

[10] Аймаңдай емес (нем.).



Сол-ақ екен Қиясбек ытқып барып домбыраны әкеліп берді.

Құбаш “Ақтілеуді” ойнады. “Кеңес” күйін тартты.

- Мә, енді сен тарт, Қиясбек.

Қиясбек икемсіз саусақтарын әрең бүгіп, домбыраны тыңқ-тыңқ шертіп көрді. Божыраған үннен ұялып Эльзаға қабақ астынан көз тастады.

- Ағатай, үйретесің бе?
- Үйретем. Сен білесің бе, Қиясбек, Эльза керемет әнші! Эльза, сен ән салшы...
- Айта ғой, күнім!

Эльза сәл жымиды. Кейін шегініп жүрелеп, мойнын соза отырды. Маңдайына түскен кекілін сілкіп қап, шырқап жіберді. Мұңлы ән діріл көбейтіп, кішкене бөлмені өзгеше ырғақпен толтырып барады.

Қиясбек қыбыр етпей мүлгіп қапты. Әлдекімді қатты сағынатындай, әлдекімді аңсап іздейтіндей. Ән біткенде көпке дейін үнсіз отырды.

- Әже, мен қайтайын. Тағы келем ғой. Көкем пимасын іздеп жатқан шығар.
- Тамақ ішіп кет. Ет пісіп қалды.
- Ет?! Апа, етті қайдан алдыңыз? - деп Құбаш көтеріліп, жауырынын қабырғаға сүйеді.
- Оу, ағатай-ау, білмеймісің. Шұбар атты сойып.. жұмыскерлерге бөліп беріп, етті мен әкелдім, - деп Қиясбек мақтана сөйледі.
- Шұбар ат па?

Рабиға күрсінді. Төмен еңкейді. Етегін уыстай бүріп сипақтап отыр.

- Мертігіп қалған соң жануарды босқа арықтатпайын деп нәшандік сойғызыпты.

Құбаш бүк түсіп жата кетті. Көрпені басына тас қып бүркеніп алды.

***

- Құбаш, тұр! Басыңды көтер. Қолыңды шай, қарағым. Тамақ суып барады.

Эльза мен Рабиға буы бұрқыраған бір табақ етті

алдына қойып, қыбырсыз жатқан ұланды тосып көп отырды. Құбаш қозғалмады.

Екеуі де бір үзім ет ауыздарына салған жоқ. Табақтың буы таусылды.

* * *

Шуылдасқан бір топ бала, орталарында шөлмек көз неміс баласы - Ганс бар, ауыл сыртындағы кішкене төбеде сырғанақ теуіп жүр.

Қордабай қолдан жасаған шанасына енді отыра берген еді. Бір бала жоғарыдан Гансты ту сыртынан итеріп жібергенін шалып қалды. Қордабай айқай салды.

- Тиме! Неге итересің?
- Мәссаған, мынау да неміске болысады.

Қордабай жығылып қалған Гансты қолтығынан көтеріп тұрғызды.

- Сендер бұған тиіспеңдер, Ганстың әкесі - герой. Орден алыпты, отыз пәшесті өлтірген.
- Әй, рас па?
- Нағыз батыр екен!
- Немісті неміс өлтірген бе?
- Жоқ! Онын әкесі - біздің неміс. Мүйізі жоқ. Анау Ылиза сияқты, мынау Ганс сияқты жақсы неміс.

Балалар Гансты қоршап алды.

- Ганс, мә менің шанаммен сырғана.
- Сенікі жаман!
- Қайта айтшы!
- Жаман! Жаман!

Дауласқан екеуі аяқ астынан шартта-шұрт төбелесіп қалды.

Қордабай ешкімге билетпей жалғыз иемденіп Ганске өз шанасын берді.

Балалар қайта тыныштанды.

- Осы Қиясбек қайда? Неге келмейді? - деді бір кезде Қордабай.
- Қиясбек ауырып қалған. Тұра алмайды. Аяғынан суық өтіпті.



- Жүр, Қиясбектікіне барайық.
- Давай! Кеттік.

Балалардың біреуі кілт тоқтап, төменге қолын нұсқап айқай салды.

- Әй, анау екеуі кім?
- Пәлі, солдаттар!
- Солдат емес, кәмәндір.

Рудниктің кеңсесіне қарай екі әскери киімді адам кетіп барады екен.

Балалар тұра жүгіргенде, Ганс орнында тұрып қалды. Қордабай қайтып келді.

- Сен неге бармайсың, Ганс?

Ганс басын шайқады.

- Анау, анау, алдындағысы: нашар адам. Бізді әкеле жатқанда мамама ұрысқан.
- Жүр, Ганс, енді саған ешкім ұрыспайды. Сенің әкең герой. Ұрсып көрсін!
- Жоқ! Ол бәрібір жаман адам!

* * *

- Куваш, сен оянады?

Эльза аяғының ұшымен тықырсыз басып келіп ұйқтап жатқан Құбаштың иығынан жайлап тартты. Алақанын маңдайына төседі. Ыстығы қайтқанына қуанып өзінше мәз-мейрам.

Құбаш кірпігін жыбырлатып көзін ашты. Күн нұры төгілген жалғыз терезеге қарсы тұрған қыздың шашы алтынға малып алғандай сап-сары.

- Сенбісің, Эльза? - Құбаш дауыстап қалды.
- Иа! Мен!

Құбаш шап беріп аялай ұстап қыздың жұмсақ алақанын бетіне басты.

* * *

- Сен, Куваш, глюхенд... ыстық чай іш.
- Рақмет, Эльза!
- Апа, мен қант тістемейді. Куваш бер.

- Оу, кішкентай қамқорым! Айналдым ниетіңнен сол, ниетіңнен. Ұзағынан сүйіндірсін.

Рабиға бір түйір шақпақ қантты лөкет пышақтың қырымен ұрып екі бөліп, екеуінің алдына қойды. Эльза өз еншісін кейін сырғытты.

- Куваш, мен сені көрді. Траум... түсімде. Сен гроз батыр болған.

- Эльза, сен қандай әдемісің!

- Найн... найн! Жоқ. Мен... их бин глюклих... Мен бақытты болады.

-Боласың, қызым. Бақыттысың. Айтпадым ба, екеуіңнің қызығыңды көрем деп. Құдай берді ғой бір тілеуімді. Соғыс та бітер. “Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман” да келер. Ой, сол кезде айдай әлемге дүрілдетіп той жасап жіберем. Әй, әй Құбаш, сен өйтіп сырт айналма. Айналма деймін саған. О несі! Ұялғышын бұл шіркіннің. Ал, қатынсыз өт онда. Менің нем кетер екен. - Рабиға өкпелеймін деп отырып ыстық шайды асығыс ұрттап қалды. Дереу от басына түгел денесімен аударыла бұрылып, аузындағыны бүркіп жіберді. Эльза сықылықтап күлгенде, Құбаш үнсіз селк-селк етті. -Күл, күліңдер! Екеуің жабылып мені мазақтандар. Тілім жидіп қалды. Сендер күліңдер...

Эльза кемпірдің мойнынан құшақтады. Кеседегі ыстық шайға кіжiніп кішкене жұдырығын түйді.

Рабиға сабасына түсті.

- Түу-түу, саппас! Әй ақылдым, алданышым! Кішкентай ғана жан саям! Саған кісі өкпелер ме. Не деп кінәлармын. Қызығым, қуанышым! Құбаш, Құбаш-ау, сырт айналмақ түгіл тескен тау өтіп кетсең де, күні ертең тойларыңды жасаймын. Ерегіскенде сөйтемін...

Албардағы ыдыс біткенді тегіс салдырлатып, қарбалас үйге біреу кірді.

- Ассалаумағалайко-о-ум!

- Әлік болсын. Кім де болсаң, жоғары шық. Ой, десәтнік қайным екенсің ғой. Тарсылдатып жүрген кім десем. Келе бермеуші едің. Жай жүрмісің?

- Осы күні жай жүріске қол тие ме, шешей. Тығыз жұмыспен келдім.



- Отырсаңшы, ең болмаса, тізеңді бүк. Дастарқанға жақында, шай ауыз ти.

- Рақмет! Аймаңдай, киін. Болсаңшы бажыраймай. Конторға шақырып жатыр.

- Қарағым-ау, не боп қалды? Жайшылық па өзі? Құбашжан әлі сауыға қойған жоқ. Нәшәндік балам түсінуші еді ғой. Асықтырмасын де.

- Болмайды. Тығыз шақыртып жатыр. Қаладан кісілер келіпті. Әй, Аймаңдай, бол тез!

* * *

Дастарқан жиюсыз қалды. Рабиға есікке қадалып мелшиіп отыр. Эльзада да үн жоқ. Мөлт-мөлт көз жасы дастарқанға тырс-тырс тамады..

Аспанда ақ түбіттей қалықтаған жұп-жұмсақ ала бауыр бұлт теріскейге маңып барады.

Шағын станция үйінің алдындағы перронда үшеу тұр. Ортадағы Құбаштың екі жағында қыбырсыз сірес-кен әскери киімді адамдар кірпік қақпайды, Станция үйінің маңдайшасындағы қос құлаш қызыл шүберектің түсі оңған. Жазуы көрінбей шайылып кеткен.

Шатыр кенересіндегі сүймендей сүңгі мұздың дәл ұшынан анда-санда бір тамшы үзіліп түсіп темір қоңырауды әлсіз ғана зың еткізеді.

Алыстан қоп-қою қара түтіні будақтаған паровоздың арқыраған гудогі естілді.

* * *

Пеш түбінде бетін іргеге қаратып айқара жапқан шапан астында бір-ақ уыс боп бүрісіп жатқан Рабиғаның ауырғанына үш күн болды.

Қасында күбір-күбір сөйлесіп бес-алты әйел қоршалап отыр.

Рабиға бір кез шапанды үстінен жайқай серпіп тастап, басын көтерді. Ұйпаланып, кимешегінен шығып тұрған ақ шашын сұқ саусағымен шажамайына тықққыштады. Есік пен терезеге сүзіліп өтіп бір сәт айналасына алара қарады. Күңгірт жанардың кішкене қарашығы төңкеріліп кетіп еді, көз орнындағы сарғыш тартқан ала айран қос нүкте - ешнәрсеге тұрақтамады. Сызық-сызаты көп әжімді жүз төменнен жоғары қарай дір етті. Әлдебір сиқыр қол жүгіріп өтіп, кәрі беттің бар бояуын сыпырып әкеткендей болды да, құп-қу өңді адам танымастай өзгертіп жіберді.

Әйелдер күбірлесті.

- Түсі бұзылып кетті!
- Жатқызайық, тынышталсын.
- Тастаған сойыл сорлыға тиер деген рас екен. Баласындай бауыр басып қап еді. Қаусаған көңілдің тірегі сынды-ау. Қиын ғой.
- Әй, сол Айманддайды не үшін ұстап әкетіпті?
- Дабырламашы сен. Мазасын алмайық. Мына бишара көзін іліндірсін.
- Ал, иә, білесіңдер ме? Не үшін әлгі Аймаңдай байғұсты алып кетіпті?
- Әркім әр түрлі қауесет таратып жүр ғой. Үшбион дей ме, жау дей ме, айтпаңыз, беті жаман! - деп таңдайы тақылдаған Сәрсеннің әйелі сүйреңдеген ернін сылп еткізіп, жағалай көз жүгіртіп өтті.
- Қой әрі! Жаманатқа аузың қалай барады? Не деп қараламақсың? Үшбионы несі? Сонда біздің Құбашжан үшбион бе екен. Құбаш үшбион болса, онда сенің байың, анау Сәрсен алаяқ бесбион ал, - деп жаны тызылдағаң Қалампыр әжей әйелге шап ете қалды.
- Адамға қарап отырып сіз де күйе жақпаңыз. Ол Аймаңдай неме үшбион болмаса, теміржолды неге бұзбақшы болған, ә? Тексергенде кісілер көріпті. Әлгі рельстің бенттерінің бұрауы босап қалыпты дейді. Біреу үстінен кеп қалып, толық бүлдіре алмапты. Әйтпесе пойыз құлап, сұмдық апат болады екен. Оны аз десең, ореднектің шұбар атын әдейі мертіктіріп зиянкестік жасағанын ұмытпаңыз, -деп әйел аузынан түкірігі шашырап тізерлеп төніп барады.
- Тұтақ! Жаман қатты иландым. Құбашжан



теміржол бұзады дейді. Зиянкестік жасады дейді. Өтірігіңе болайын. Соқ, соқ! Шұбар атты мертіктірді дейді. Оу, аттан да бұрын өзі өліп қала жаздамады ма? Тіпті әлі сауыға да қойған жоқ еді байғұс. Қайда әкетіпті? Білдіңдер ме? Жай шақыртқан шығар. Қайтып келер.
- Үйбай-ау, нашандік қайнымнан естігем. Ешқандай да үшбион дейтін сөз жоқ, жақында ғана жасы толып, солдатқа алыпты ғой ол Аймаңдайды. Келсе, кейін жеңіспен келер. Келмесе, еліне барар. Оған ештеңе бола қоймас. Қиналғанда мына байғұс кемпірге қиын ғой.
- Иә, иә! Баяғы отағасы тірі, балалары көз алдындағы кездей адам болып құтыңдап қалып еді, дәл осы соққы ауыр тиді. Үміті үзілгендей болды ғой. Қайтеміз, бір құдай өзі жар болсын!
- Әй, Аймаңдайы кетсе, мына шүлдірлек қызы бар емес пе? Ылиза ма еді аты?
- Ылиза ғой. Көп-көрім қыз өзі. Инабаты жақсы. Апалап Рабиғаның қасынан шықпайды. Неміс те болса көргенді, ақылды бала.

Рабиға тағы оянды. Көзін бадырайтып отырғандарды тегіс бір-бірлеп шолып өтті. Ыстықтағандай шапанды ысырып тастады. Бүрісіп бүкіл денесімен селк-селк етті. Ымдап Эльзаны шақырды.

- Ылизажан, Құбаш келді ғой. Үйге кірсін деші. Тоңып қалып жүрер.

Эльза үндемей келіп, жалынышты көздерге қарауға шыдамай қан-сөлсіз жүзін сыртқа беріп, шапанды қымтай жапты. Рабиға қыздың алақанын сипалады.

- Алақан...

Көз алдына екі алақан қатар елестеді. Екеуі де суық болатын. Бірақ екеуі де жылытатын. Екеуі де жоқ. Екеуі де егілте сағынтады.

-Домбыра... Әперші.

Эльза кішкене домбыраны ұстатты. Рабиға сәбиді емірене құшақтағандай аспапты бауырына қысты. Тарамыс саусақ жіңішке шекке тиді. Домбыра зың етті. Зың етті, булығып барып үнсіз қалды. Әжімді бет толқып кетті. Иектен жоғары өрмелеп маңдайға қарай толқынды көлеңке жүгірді. Күңгірт жанардан

жап-жасыл запырандай боп қос моншақ үзіліп түсті. Рабиға талып қалды.

* * *

Сәрсеннің ауыз үйі. Сықырлауық кереуеттің үстінде дөңбекшіп Қиясбек жатыр. Назары терезеде. Әйнек шынысы көкшіл көздің жас тұнған шарасындай дымқыл тартқан. Арғы жағынан Эльза сығалап тұрғандай.

Кенет... Әлдеқайдан шырылдай көтеріліп тұп-тұнық мұңлы ән жетті.

- Апа-а-а! -Дегбірі қашқан Қиясбектің ышқынған жан даусы шықты.

Кереуеттің басынан ап-арық қолдарымен жармаса ұстап орнынан көтерілді. Тәлтіректеп жүріп киінген болды. Әкесінің ауыр пимасын аяғына сұға салып есікті шалқасынан түсіріп тысқа беттеді.

Дала жап-жарық. Күн сәулесі қыстай көлеңке сорған баланың кірпіктерін аштырмайды. Көзін жұмып аз-кем тұрып қалды да, қайта қозғалды.

Бұрыштан қыбырлап айналғанда, Әлиман кассир-дің үйінің сыртқы қабырғасын лай балшықпен сылап жатқан Эльзаны көрді. Эльза жалаңаш қолмен суық лайды от қарығандай іліп алады да, ырсиып айғыз-далған қабырғаны қайта-қайта үйкелейді. Бес-алты бала қасында тұр. Сүйретіліп Қиясбек жақындағанда, Эльза әнін тоқтатты.

- Қиясбек?! Сен нихт кранк? Сен ауырмайды? - деп Эльза қарсы жүріп келіп балшық жұққан екі қолын тигізбей, қарымен баланы құшақтады.

Қиясбек жылы құшақта тұрып әлденеге мәз болып, әлденеге мерейлене көңілденді. Жарығы көп жайраң көктемге жаңа туған жас төлдей аман-есен жеткеніне қуана ма, ойын, күлкісі таусылмайтын достарымен қайта қауышқанына іштей марқая ма, әлде жүректе жатқан ынтызар әннің ырғағын шала естіп масайрады ма, өзінше күлген болады.

- Ылиза, сен неге біреудің үйін сылайсың? Керек



болса Әлиманның өзі сыласын. Сен оның малайы емессің. Суық тиіп ауырасың ғой.

- Найн, жоқ. Ауырмайды. Апа тамақ керек. Мен сут алады. Апа сут ішеди.

Қиясбек тыңдаған жоқ. Лай жұққан нәзік саусақтарды екі қолдап ұстай алды. Мұп-мұздай екен. Демімен үрлеп жылытпақ болды.

- Бәрібір суық. Әлиманның сүті керек жоқ... Ылиза, мен саған бояу қарындашымның біреуін берем. Өзім әкеліп берем.. Иә ма?

- Гут, Қиясбек! Данке... Рақмет...

- Ән. Ән салшы-ы-ы...

Эльза үнсіз келісті, шашын сілкіп қап, маңдайын жарқыратты.

Ән баяу көтеріліп шарықтап барады.

Қиясбек көкшіл көздерге құмарта қадалды. Бір кез... Әлгі көздердің кірпіктеріне лып етіп қос маржан жылтырап қонақтай қалды.

Қиясбек теріс бұрылып мойны салбырап кібіртіктей басып ұзап барады.

* * *

- Құбашжан-ау, құлыным-ау, ойпыр-ай, соншама неге жүдеп кеткенсің! Құр сүйегің қалыпты ғой, балам-ау. Баяғыдан бері бір келмей осынша неге кешіктің? Ылизажан екеуміз өзіңді күте-күте жалығып едік. Сен бар ғой, сен тасбауырсың, Құбаш. Әлдеқашан келер едің ғой әйтпесе. Ылиза, самауырға от салып тез шай қой. Қазан көтер.

Рабиға самбырлай сөйлеп оянды. Қамзолының қалтасын сипалапораулы түйіншекті қасына қойды. Есікке қарап тың тыңдады. Түс көрді ме, қуанып отыр.

- Әй, әлгі Құбаш қалқам тағы шығып кеткен бе? Отырмайды-ау, ол, отырмайды. Шұбар атқа шөп салып жүр дейсің бе? Ойбай-ау, күпәйкесі көрінбейді ғой. Мына боранда қайда барады, ей. Тағы да шөп тасымақ па? Үсіп өлетін болды-ау байғұс бала. Елгезек болған соң жұмсай береді де. Жылы киінсіңші. Мойнына бөкебайын салсын. Ұмыттырмашы, Ылиза...

Рабиға бір кезде орнынан көтеріліп тысқа тұра ұмтылды. Эльза ұстай алды.

- Апа, сен жат. Дем ал.

Жібер, Ылиза. Үсіп өледі әлгі Құбаш. Үйге шақырайын, өзім шақырам...

- Апа, Куваш жоқ. Ол келеді. Ертең.

- Келген құлыным. Келген. Осында. Әлгінде ғана далаға шығып кеткен.

Эльза сүріне-жығыла жүріп арпалысқан Рабиғаны пеш түбіндегі орнына сүйеп әкеп отырғызды. Әжей тыныштанған соң дөңгелек үстелге дастарқан жайды. Алдына тамақ қойды.

- Апа, сен шай іш. Ыстық. Сонсоң сен басыңды жуады мен. Тарайды. Камм... Тарах бар.

Рабиға қайтадан жүдеу тартты. Бірер кесе ыстық шай ішті де, кейін сырғыды. Сүзіліп қызға қарады: - Әй, Ылиза, соғыс бітер. Құбашым да келер. Келеді құлыным. Екеуміз той жасаймыз. Жасаймыз тойды. Күнім, алақаныңды берші. Түу, жарылып-тілініп кетіпті гой. Аллай, су тисе ашытады ғой мынау. Кілегей жағар ма еді.

- Найн. Ауырмайды. Апа, Куваш келеді. Сен айтты. Біз той жасайды.

Эльзаның жүзіне нұр жүгірді.

- Ылизажан-ау, көктем шықты ғой. Мені күншуаққа апаршы. Келші, иығыңа сүйенейін.

Эльза кемпірді әрең деп көтеріп орнынан тұрғызды. Рабиға қыздың жүдеу түріне қарап басын шайқады. Қолын босаға жаққа созды.

- Жо-жоқ! Таяғымды әпер. Соған таянайын. Сен қолымнан ұста, қолымнан. Суыққой буын-буынымды жібермей ұстап тұрған. Күн ысысымен құлантаза жазылам. Екеуміз Құбашжанды әлі-ақ қарсы аламыз.

Шуақтап есік алдында көп отырды. Төңірекке сығалап көз тастайды. Сабауымен топырақты түрт-пектеп шимай-шимай сызық түсіреді.

Эльза келді.

- Апа, жүр. Су ысыды. Саған бас жуады.
- Кейін, Ылиза. Кейін.

Эльза тұрып-тұрып әжесінің шапанының етегін қымтап үйге кіріп кетті.



Тұла бойына қызу жүгіріп шуақта маужырап отыр. Кеткісі, тұрғысы жоқ.

Бір кез айқай салды:

- Ылиза! Уау, Ылиза, аналар неге жүгірісіп кетті? Неге айқайласып кетті?

Жарысып балалар келеді. Ең алдында Қордабай. Қиясбекті жетектеп алыпты.

- Әже! Сүйінші! Жеңіс! Біз жеңдік!
- Ура-а-а! Жеңіс!
- Көп жаса, Қиясбек! Сүйіншіңді аласың. Бар, басқаларды да қуантыңдар!

Екі бетіне қан жүгіріп есі шыға қуанған Эльза әжесін құшақтай алды.

- Сииг... Женис! Апа, енді Куваш келеді!
- Келеді күнім, келеді.
- Апа, сен жылаған не? Жылама.

Ақ сабау анандай жерге ұшып түсіп, кемпір шалқалап құлап бара жатты. Күлгін жүзді ыстық жас жуып, тыржың-тыржың еткен қан-сөлсіз беттің тор-тор әжімдеріне мөлт-мөлт іркіліп қалды.

* * *

Жаз күні мейірленіп, барынша жайнаған. Аспанда шөкім бұлт жоқ. Тек түстіктегі “Үш қызылдың” баурайында сусыған көкшіл мұнар ғана тыным таппайды.

Көз ұшындағы шағын вокзалдың маңайы қаптаған қара-құрым халық.

Бұл араға үстіне бар жаңа бір киерін ілген үлкен-кіші, бала-шаға тегіс жиналған. Жүздерінен қуаныш нұры, күлкі шуағы төгіледі.

- Әй, сулы көз қайным, сағатыңа бір қарап жіберші. Уақыт жақындап қалған жоқ па екен? - деп қызыл бөртпе шәлінің шашақтарымен ойнаған жас әйел қасындағы жігіттің шаужайына жармасты.

- Ақысына не бересің? - деп таңқы мұрынды әуелете шүйірген жігіт қыңар емес.

- Ағаңның әкелген ең қымбат мүлкін сыйлайын.

Бұл арада Ганс пен Қордабай да жүр.

- Сен Қиясбекті көрген жоқсың ба, Ганс?
- Жоқ. Мен шақырғам оны.
- Тағы да Ылизаларға кеткен ғой.
- Келем деп еді.
- Сен, Ганс, әкеңнің орденін маған көрсетесің ғой. Қолыма ұстатасың ғой.
- Иә.

Бұл арада әркімге бір жақындап, әркімге бір жапақтап Сәрсен де жүр. Сәрсенді ешкім жақтырмайды. Сәрсен бәрібір мойымайды.

- Ақ түйенің қарнын жарып тастайсың ғой, ә, келіншек. Ақ су, көк суыңды да аяма.
- Көтек! Саған ненің күйігі түсіп тұр.
- Сәрсендікі “Күріш арқасында күрмек су ішердің” кебі ғой. Әбден жаман үйренген.
- Аймаңдай байғұсты шыдатпап еді.

Сәрсен одан әрі тыңдаған жоқ. Тарп-тұрп аттап ұзап барды да, кілт бұрылды:

-Шаштарыңды ұрайын! Жетіскен екенсіңдер!

* * *

‘Жүндінің” тұмсығын алдымен қап-қара қою түтін көміп кетті. Көміп кетті де, іле тіп-тік көкке өрлеп, будақтап ұзарды. Артынша-ақ әлгі тұмсықтан суырыла озып, қара паровоз көрінді. Арындаған паровоз бір, екі, үш... жасыл жолаушы вагондарын айналмадан біртіндеп шығарып жатыр.

Айқай-шу вокзал маңын кернеп кетті:

-Алақай! Көрінді!
- Поезд келе жатыр!
- Ағатай-ы-ым келеді!
- Кө-е-ке-ем! Менің көкем!

Вокзал үйіне жақындағанда жиналған жұрттан тайсақтағандай қара паровоз оқыс ышқына дауыс созды да, екі бүйірінен ысқырта будақ-будақ ақшыл буды ытқытты.

- Былай жолды босатыңдар!
- Өлемісің, шегін! Кейін шегін!



- Әй, сәл шыдасаңдар нетеді. Төрт жыл жандарың қалай шыдап жүрген.

Қара паровоз біраз өтіп барып тоқтады.

Жасыл вагондардың есіктері ашылар емес.

Қатып қалған күтуші халықта үн жоқ, қыбыр жоқ.

Кенет... Орта тұстан бір есік жайлап ішке қарай ашылды. Екі-үш тепкішекті баяу санап басып әлдекім жерге түсті.

Жалғыз солдат!..

Тұрғандар қайта даурығысып әлгіге лап қойды.

Шырылдаған бала даусы...

Қарлыққан шал даусы...

Ентіккен ана өксігі...

Бәрі қабат өрбіп, қабат тұтасып, жалғыз солдатты тұс-тұстан қамап алды.

Сәлден кейін солдатты төрт-бес адам бөліп әкетті. Тұрғандар жүзінде айықпаған реніш пен сағыныш сызы тұнып қалыпты. Екі-ақ минут аялдап өте шыққан поездың соңынан көз алмайды.

* * *

Ганс пен Қордабай ілбіп келеді.

- Көкең келеді. Сен жылама.
- Жылағам жоқ. - Ганстың көкшіл көздері моншақ жастардан бұлдырап, көрінбей тұр.
- Келеді. Жаңағы Орал да аман-есен келді. Ал, сенің көкең-герой. Геройлар өлмейді.

Ганс бұрылып алып, шырқырап жылап айдалаға безе қашып барады.

- Ганс! Га-а-анс! Мен саған арқар құлжамды беремін!.. Мен сені жақсы көр-е-ем! Га-а-анс!

Қордабайдың аптыққан даусы шырқау көкке сіңіп үзілді.

* * *

Біріне-бірі иін тіресе жалғасқан тоқал тамдардың қасындағы жұрттың қарасы да қомақты. Бұлар да вокзал жаққа күн сала қарап қалыпты.

Екі шетте екеу ғана үнсіз шоқиып отыр. Олар- Несіпжан мен Қалампыр әжей. Әжей жүзінде үміт тілегі әжімді жүзді тілгілеген жас тамшыларымен тірілсе, келіншек қанын ішіне тартып сұрланып алыпты. Тірегінен айрылып, үмітін үзген жан дәл солай мелшиеді.

* * *

Есікті сарт еткізіп ашып, Эльза үйге жүгіріп кірді. Пеш түбінде бүрісіп отырған Рабиға әжейге қуана қарап, ентіге самбырлады:

- Апа! Зольдат, Кригер келеди!
- Кім?! Кім дейсің Ылиза-ау?!
- Зольдат! Кригер. Аскер.
- Ойбай-ау, Құбаш емес пе?
- Иа, иа! Куваш Зольдат! Сол!

Рабиға тырбанып қол созады. Тұра алмай жан ұшырады.

- Апа! Жүр! Біз Кувашты көреди... Куваш қуанады.

Тәлтіректетіп әжейді есік алдына алып шықты.

- Қайда? Кәне? Ылиза-ау, неге көрінбейді?
- Анау... анда қара. Банхоф... вокзал жаққа...
- Құдайым-ау, шынымен иігенің бе? Көргенің бе көз жасымды. Анау, менің құлыным ғой, Құбашым ғой!.. Рабиға әженің бүкіл тұла бойы дірілдеп кетті.

* * *

Қарасудың өткелінен бері шыққанда, жалғыз солдат өзімен ілесіп келе жатқандардан бөлініп, ілгері ұмтылады. Екі қолын жайып айқай салды:

- Апа! Апа-та-ай!

Баласының даусы естілгенде Қалампыр шешей ыршып түсті. Қолымен жер тірей көтеріліп, даусын аңыратты:

- Құлыным! Оралым!

Бұлдыраған көздер түк көрсетпесе де, ұлының исін сезе ме, бағыты дұрыс. Аналық мейірді жан-жаққа түгел ақтарып, Оралын құшағына алды.



- Неге бөгелді? Неге кідірді?

Рабиға әжей Ылизаға сұрақтарын қардай жаудырды.

Эльза иегі кемсеңдеп жақ жаза алар емес. Ақселеу шаштарын сілкілеп әжесінің иығына бетін төсеп жылап жіберді.

- Эй, не болды? Айтсаңшы.

Біріне-бірі сүйенген екеуге кішкене Қиясбек көмекке келді. Әжесінің қолтығының астынан кіріп талдырмаш денесін тіреу ғып тосады.

- Әже, Орал ғой келген. Солдаттар орала бастады! Кешікпей Құбаш ағатайым да қайтар.
- Қайтады... Оралады құлыным.

* * *

Сәрсен түскі асына күндегі уақытынан біраз кешігіңкіреп келді.

- Шай суып кетті, қайда жүрсің? Әлде бір жерден тойып келген шығарсың.
- Қайда жүруші ем, десәтнек жұмсады. Ебакуа-сиямен келгендер түгел өз мекендеріне қайтатын боп, бәрін аяқ астынан стансаға жинадық. Қазіргі екідегі түскі пойызбен жүргізеді.
- Ылиза ше? О да кете ме? - деп дастарқан шетінен Қиясбек ұшып тұрды.
- Е-е, кетпей, ол сондай-ақ кімге дәркер еді. Анау ауыш кемпірден көресімді көрдім ғой. Ылизаны жібермеймін деп байбалам салып, діңкемді құртқаны. Қызды үйден күшпен сүйреп шығардық.

Қиясбек ештеңеге бұрылмай апыл-ғұпыл далаға ұмтылды. Асығып жүріп кетік тостағандағы сүтті аяғының ұшымен қағып кетті.

- Қағынғыр-ай, ақтарып тастадың ғой!
- Қайда барасың?

Әке-шешеге бұрылып қарап жауап беруге шамасы жоқ, табалдырықтан аттар-аттамастан, Қиясбек бір шақырымдай жердегі станцияға далақтап жүгіріп келеді.

Қасында қатарласа ентіккен Қордабай бастырмалата үзіп-үзіп сөйлейді.

- Тез! Болсаңшы! Неге бөгелесің?

Қордабайдың сирағы ұзын, оның үстіне қыстай ауырып тұрған жоқ. Озып барады да тосып алады.

- Болсаңшы, сүйретілмей!

Тұмсықтан сұғына айналған жолаушы поезы көрінді. Тақалып қалды. Қиясбек тіпті жан ұшырды. Қордабай дедектетіп қолынан жетектеп алды.

- Пойыз екі-ақ минут тоқтайды. Көкем айтқан. Бол енді. Тез жетейік.

Поезд көп кідірмей өте шықты. Станция тұсында паровоздың мұржасынан ытқыған қою қара түтіні ғана қалықтап тұрып қалды.

- Ылиза! Мен саған бояу қарындашымды берем! Мен саған Құбаш ағатайымның домбырасын тартам. Кетпеші, Ылиза! Кетпеші, әпке!..

Қиясбек қарындашты құлаштап лақтырып жіберіп, етпетінен құлап түсті.

Қордабай қасында жүрелеп отырып ызың-ызың сөйлеп жатыр. Паровоздың ащы арқырауы мен өзінің дірілді өксігі арасынанан бір кезде құлағына еміс-еміс ән жеткендей болды. Эльзаның мұңды әуені.

- Ылиза, ұмытпа!..

* * *

Қиясбек табалдырықтан аттады.

- Әже, мен саған келдім.

- Қиясбекпісің? Жалғыз қалдым ғой, қарашығым! Құбашым қайда? Ылизам қайда? Айтшы, неге әкетті? Қос құлынымды менен неге айырды?

Қиясбек кемпірдің алақанына маңдайын тигізді.

- Әже, мен саған келдім...

Құбаштың іргеде сүйеулі тұрған домбырасын алды. Малдасын құрды. Сұқ саусақ шекке тиді. Домбыра зың етті. Зың етті, үнсіз қалды.

- Тарт, құлыным! Тарт.

Тыңқ-тыңқ кібіртік шертіс басталды. Мүмкін ол бір кезде Құбаш - Аймаңдайдың "Ақ тілегін"



жорғалатар. Эльза - Ылизаның әсем әнін шырқар. Әзірше тәй-тәй басқан сәбидей кібіртіктеп жылжыған нәзік саусақтар жұбаныш күйін түртінектеп еміп жатыр. Осы "Жұбаныш" атты күй болашаққа дән тастаған құдірет екенін дәл қазір анық ұғынбаса да, анау күңгірт жанарға үміт сәулесін түсірді.

- Әже, мен саған келдім!..

*1980 жыл.*

# А Л А У

### Бірінші тарау

Будақ-будақ қарақұрым көк түтін. Үйіріліп, құйындап, жоғары лықсып барып, кең цехтың әр жерден бір жарыла сынған шиферлы төбесіне соқты да, қайтадан төмен құлдилады. Жараланған алып самұрық құстай қос қанатын сабалап, далбалақтап келіп, тұтаса ұйысып маңайды жауып кетті. Сәлден соң төмендегі чугуновоздан тіп-тік қызыл баған көтерілді де, шампанның көбігіндей бұрқырап жан-жаққа мың сан ұшқын шашырай бастады. Гүрілдеген, суылдаған үн домна маңайын кернеп кетті.

Кеудесімен цехтың төбесін тіреп, мойны сорайып тыста тұрған отыз метрлік алып пештің жіңішке көмейінен - леткадан - бұрқылдап, ысылдап, ысқырып шойын ағып жатыр. Етек-жеңі ұзын, мол пішілген киіз спецовкасын қаусырынып, шыны маскалы киіз қалпағын жымырайта киіп алған горновойлар дәл қазір өте сақ қимылдап, асып-сасып абдырамай машықты жұмыстарын атқарып жүр.

Летканың қарсысындағы бас арықтың жанындағы алаңда мастер тұр. Қолындағы көк әйнекті көзілдірікті көзіне тосып, толқынданып ағып жатқан сұйық шойынға қарап қояды. Қасындағысы - дублер, практикада жүрген студент.

- Температурасы қандай?

Мастер ұзын мойнын бұрандаша бұрып тосын сұрақ қойды. Шып-шып тер шыққан күреңіткен жүзін бас арықтағы сұйық металдың аптап жалынынан жасырып, үлкен сірі қолғаппен - вачикпен - қалқалап тұр. Құлығы жоқ, бар ойы қалқып бетіне ойнап шығатын жас жігіт. Институт бітіргеніне екі-ақ жыл болған. Өз әріптесі - болашақ инженердің білімін



тексеріп сынағаны да, білмей жатса түсіндірмек, үйретпек болып сұрағаны да осы екі-ақ сөз.

- Температурасы шамадағыдай. Артық емес, Алексей Дмитриевич.

- Қалай білдің?

- Арықтың бетінен шашырап жатқан ұшқын аз.

- Дұрыс. Үйреніп қапсың, Сапар. Әр нәрсеге осылай зейін қойып, ұқыпты қара.

Мастер көзәйнекті бетіне төсеп арыққа үңіліп қарап кетті де, бұған қайта бұрылды.

- Күкірті қанша?

- Көп емес, десульфурация[1] жасаудың қажеті жоқ.

- Оны немен дәлелдейсің?

- Анау ағып жатқан шойынның бетінде қаймақшыған қою қосынды көп емес. Демек, күкірт белгілі мөлшерден артпаған.

- Тағы да дұрыс. Бар, бара бер.

Жылғаланып ағып жатқан сұйық шойынның
үстінен аттап өтіп, студент кең алаңға шықты. Өзінің меншіктеп алған жұмысы бар. Төмендегі үш чугу-новозға науа - желобтарды кезек-кезек бұрып, ша-шыратпай, асырып жібермей құю - бұның міндеті. Күкірті көп боп кетсе, арықтың ернеуінде тұрған үлкен темір қораптағы қағаз қапшықтардағы соданы шойынға салу, одан кейін жаңа балқымаға арықтарды дайындау - кетілген ернеулерін құм салып тегістеп, қатып қалған қабыршақ металды алып тастау және еншілеп алған қарекеті. Алғашқы күндері тұла бойын қара тер жуып, қияметтің қиынындай көрінген осы тірлігі бұл күнде үйреншікті әдетке ауысып, жұмысқа әжептәуір төселіп қалған. Қазір де үлкен күрегіне сүйеніп бір жалын, бір түтін атқылап арсылдап-гүрсілдеп жатқан горнның[2] тар өңешіне қарап қалды.

Көк жойқында ақ шағала көлбеңдегендей болды. Ақ шағала дегені аппақ жұқа жеңіл жібек көйлекті, ақ халатты әсем қыз екен. Қайдан сап ете қалғанын білген жоқ. Қыз аппақ тістерін көрсете күліп тұрғандай көрініп еді, іле әлгі көңілді жүзді заматта көлеңке

[1] Десульфурация - металдағы мөлшерден тыс күкіртті азайтудың тәсілі.

[2] Горн - домнаның сұйық металл жинайтын бөлігі.

торлады. Әжімі аз уыз бетте қос тамшы жас жылжып барады. Қызыл жалынның сәулесіне оранған сол маржан тамшылар сұйық металлдай бояу сырғанап барып, темір плитаға тамып-тамып кетті.

Одан әрі...

Одан әрі қыз жүремелете тез аттап, алаңшықтың ернеуін қоршаған темір шарбақ-парапеттен бір-ақ ырғыды.

- Тоқта!

Сапардың даусы шықпады. Өнебойы шымырлап, жылан жорғалағандай түршігіп сала берді.

Чугуновоздың ішінен сәт қана лып еткен баяу лептей бір шөкім ақ түтін бұрқ етті.

- Тоқта!

Ендігі "тоқтасын" кімге айтқанын да білген жоқ. Әйтеуір ышқынған ауыр солықтай кеудесін соғып өткен ішкі толқынның көмейге тірелгендегі шығарған сөзі осы.

Жан-жақтан айқайлай жүгірген жұрттың ызың-шуы цехтың ішін кернеп барады. Лап-лап дуылдап, үзік-үзік естіледі.

- Өлді!..

- Тыныштық тапқан жерін-ай?!

- Қу қасірет қайда қумайды!

Студент ештеңені естірдей емес. Көз алдында дүниені түгел жасырып, қос тамшы жас тұрып алған. Құдды бір мөлдіреген қос жанардай. Енді бір сәтте әлгі қос жанар қызға айналды.

"Өлмеймін" дейді. Ап-анық айтады. Өкініші жоқ. Қызарып барып, көкжиектен асып түскен күннің соңғы алау шапағына сұқтана қарап тұр. Сәл-сәл тыныстаған кеуденің әлдебір баяу солықтаған әлсіз күрсінісіндей қаяуы болмаса, аппақ қыздың ақша жүзінде уайым-мұң жоқ.

...Шымыр-шымыр қайнаған чугуновоз сұйық шойынға толып, шеткі ернеулері қанқызыл күреңденіп қабыршықтана бастапты. Самалмен желбіреп көтерілген ақ шөкім түтін, енді-енді ыдырай сейіліп, біртебірте аппақ нұрдан жаралған аруға айналып кетті.

"Өлмеймін дедім ғой. Осылай қалқып, қалықтап жүрем. Үміт боп, ұмытпас серік боп қалам..."



Сапар ышқына айқайлады. Көз алдындағы қатал суреттен тіксінген жан даусы ащы қырылмен шықты.

Өз даусынан өзі шошып оянды. Түсі екен.

...Оң қолы ұйып қалыпты. Қозғалтпайды. Ап-ауыр. Қарны сыздап ауырып барады. Алақандай жері ойылып, күлдіреп күйіп қалған. Жайшылықта сағынып көрісетін жұмсақ төсекте әбден зықысы шығып, керіліп жатқаны да содан. Шарасыздың күйімен оңаша "демалып", аунап-қунап жатыр.

Сапар басын көтерді. Жастығын жотасына төсеп кереуеттің арқалығына сүйеніп отырды. Үлкен терезеден мол құйылып тұрған күн сәулесі қапырық бөлмені қайнатып барады.

Есік ашылып, табалдырықтан Акулина әжей аттады. Акулина әжей - бұлар жататын үйдегі қожайынның үлкен шешесі. Жары тоқсанға таянып қалған. Қалт етіп қолы босаса, Сапардың қасынан шықпайды.

- Іше ғой, балам. Шипалы сусын. Өзім жасадым.

Тарамыс қолдар дірілдеп келіп дудар шашты сипайды. Әрі жұмсақ, әрі мейірімді. Тіссіз иек әлсіз күбірлейді.

- Колосованың ар жағында деревняда тұратынбыз. Тұңғыш ұлым ауырып жатқан. Құдайым-ау, сонда ылғи жылап жүрем. Жылап жүріп баламды емдеймін. Әлгі Василий, менің күйеуім орманда ағаш кеседі. Ағаш дайындайды, үйге жібермейді. Тамақтары таусылған.

Баламды орап тастап, орманға тамақ әкеле жатырмын. Жылап келем. Ауру ұлым үйде жалғыз қалды...

Акулина әжей ақырын ғана күрсініп қояды. Үш саусағын бүрістіріп апарып үнсіз шоқынады. Еті қашқан жүзінде қым-қиғаш түскен өмір жолындай әжім іздері сайрап тұр.

- Үйге келсем, ұлым... О құдайым, қара жеріңді жұмақтағыдай жұмсақ қыл. Ұлым өліп қапты... Адам не көрмейді. Бәріне де үйренеді екен...

Тарамыс қолдар дудар шашты емірене сипайды. Сондағы тұлабойы тұңғышына көрсете алмаған мейірімін қазір аямай төгетіндей. Уілдеп сөзі жоқ

қоңыр әнді ұзақ айтады. Бесік таянған ана әлдиіндей. Осы уілмен Сапар тағы да ұйықтап кетеді.

* * *

Май айының аяқталып қалған кезі. Күн - аптап. Әлгінде домна цехының бастығына кірген төрт студент, қазір төрт бөлінді. Енді әрқайсысының өз жұмыс орны болады. Сапарды әлдекім иығынан тартты.

- Жүр! Мастеріңе апарайын.

Екеуі кеңседен шығып, кең ауланы кесіп өтті.

- Абайлап жүр! Бұл жерде шу көп, шуыл көп. Сақ бол!

Сапар басын изеді.

- Митрич, қонақтарыңды қабылда!

Аядай ғана мастерлер үйшігінің табалдырығынан обермастер[3] Ануфриев Матвей Константинович дабырлап сөйлей кірді. Жасы жетпісті алқымдап қалса да, ұзын бойлы қапсағай денесі әлі де тіп-тік. Үлкен қой көздердің жарлауытынан төнген қалың қабағынан ғана сұс білінбесе, тіктеп қарағанда жүзі жылы. Бір көрген адамын тез үйірілтіп, тез тәнті ғып баурап алатын ақкөңіл, ашық-тесік жан үйшікке міне өзімсініп кіріп келеді.

- Митрич, көресің бе, мен саған әдейі өзім таңдап мынау деген инженерді әкеп тұрмын. Өзі сахара жігіті. Даланың аптабында әбден піскен. Анау-мынау жалыныңа пысқырмайды да, - деп "солай емес пе, жігітім. Өтірік деші кәне" дегендей Сапарға бұрылып, көзін қысып қойды. - Практикаға келіпті. Сенің сменаңа горновойдың кезекшісі етіп белгілеп отырмыз. Ал енді аянбаңдар. Бәрін өзің қадағалап үйрет. Келістік қой, Митрич?

"Митрич" - Боков, жас мастер, жауап қатпастан Сапарды бастан-аяқ бір қарап өтті де, жазып отырған журналына қайта төнді. Жігіттің аласалау бойын көріп, хал-қауқарына көңлі толмады ма, енді мүлде бұрылған жоқ.

[3] Домна цехының аға мастерін солай атайды.



Үйшіктің үш қабырғасын бірдей алып тұрған кісі бойындай ұзын панельдердегі неше алуан счетчик-жазғыштар. Әлдебірінің алдына барып қарап тұрған обермастер әлденеге кейіп, басын шайқады.

- Калашниктег. қысым төмендеп кетіпті. Воронкалардың бірі қиғаш түскен-ау. Қап, тағы да шихта ауласындағылар кесек руданы байқаусыз жіберіп алған ғой.

Сапар құлақ түреді. Күнделікті қағаз бетінен ғана кездестіретін сөздерінің енді міне алғашқы адымында-ақ алдынан жұмыс-қарекет, уайым-өкіну болып бадырайып шыға келгеніне таң. Калашниктің - домнаның ұшар басындағы шихта қабылдайтын бөлігі екенін де, воронкалардың (екі воронканың) сол калашниктің асты-үстінен кезектесе ашылатын қақпа-қабылдауыш екенін де бұл біледі.

Кенет... қатты дүмпу естілді. Зеңбірек үніндей. Сапар "қайдан шыққан зеңбірек" дегенше болған жоқ, іштегілер тысқа лап қойды.

- Он алтыншы фурма!.. Кеше ғана ауыстырып едік!..

Мастер сөйлеп барады. Қағылез, арық, қатпа жігіт екен, жүгіргенде аш күзендей бүгіледі.

Асыққан топтың соңын ала Сапар да жетті. Бұрын-соңды көрмеген сұрапыл!.. Екіленіп, гүрілдеп, ысылдап атқылап жатқан қып-қызыл шоқ.Шоқ емес-ау, анау алып самауырдай сақырлай қайнап жатқан домна шырт-шырт түкіріп, қорқ-қорқ қақыратындай сияқты. Кесек-кесек от ұшқындары жиырма-отыз метрге дейін сатырлай ұшып жатыр.

Обермастердің даусы саңқ-саңқ естіледі.

- Қысымды азайт!
- Болванканы дайында!
- Тұрма! Бол! Тездет!
- Үшінші пештегілерді шақыр! Тез жетсін!

Състиып, үркектеп шеттеу тұрған Сапарды әлдекім қағып кетті. Цех бастығы екен. Екі иығынан дем алып, ентігіп о да жетіпті. Сукно костюмын жүгіре басып, киіп келеді.

Сапарды танып қап:

- Неғып тұрсың? Бар көмектес! Әй, үстіңе спецовка

ки. Будкадан тауып ал, - деп, одан әрі жұмыскер-лермен араласып кетті.

Қоқыс пен кокс әлі атқылап жатыр. Кілк-кілк етіп сұйық шойын шашырайды.Ұзын сапты ағашқа әлденені добалдай етіп таңып алған, бет-аузы күйе-күйе әлдекім, сірә бірінші горновой болар, тесікке төніп барады. Ал тесіктен айдаһардың аузындай боп ысылдап от шашырап жатыр.

- Серега, басыма сулық жапшы.

Қолыңдағы “болванка”. Тесікке тығылды.

- Кәне, жабылыңдар!

Фурма аспабы сұмдық ауыр екен. Горнға оттегі үрлейтін көлденеңі өңештей-ақ жез түтікті ұстап тұру үшін осыншама үлкен жабдықтың қажеттігін студент Сапар бұрын біліп пе еді. Білмесе, көрмесе енді міне бет-аузын шарпыған жалын астында борша-борша терлеп, төрт-төрттен бөлініп, белдеу темірмен ауыр фурманы көтере алмай әлек боп жатқандардың арасында мықшыңдап жүр.

Қай жағына бұрылса да, ысылдап, ысқырып бір бу, бір жалын атып тұрған түтік пен трубалар. Мыналарды біліп-ұғып болғанша қалған ғұмырдың ұзын керуені де шолақ құйрықтай шолтаң етер. “Оқыған-тоқығаным көп, маңдайалды студентпін. Біліміммен жұмыскерлерді таң қалдырмасам ба” деп алақанына түкіріп, көңіл шіркіннің аста-төк көрігін күмпілдете басып келген жігітіміз екі айналуға жарамай, бүрісіп, шүйкедей боп қалғаны қалай?

- Итер!

- Қимылда!

- Ей, студент, күш сал!

Фурма орнына салынды. Горновойлар маңдайына шып-шып шығып, маржандай тізілген, мөлдіреген тамшы-терлерін алақанының сыртымен сипап тастап, аулақтау барып отыра-отыра кетісті. Жаңағы қарбалас, қатты қатаң сөздер, алқынған өкпе-қолқалар болмаған, кездеспеген түс сияқты. Мына жайбарақат қана темекінің түтінін будақтатып, дамылдап отырған топ әлдебір жиынға келіп, соның басталуын үнсіз тосатындай көрінеді.

Сапар екі иығынан дем алып, көзі-басын жуған



ащы терін қайта-қайта сүрткілеп әлек боп оқшаулау тұр. Енді білді. Білезіктігі күйіп қапты. Шыдатпай барады. Ыңғайлы болсын деп, ұзын жеңді бір-екі қайыра бүктей, түріп алып еді, “білмеген у ішедінің'' кебін киді. Бүйте берсе, шұбарала болып, күйіп-пісіп қайтарына сөз бар ма.

“Мыналар қалай шыдайды ә? Отпен алысып, жалынмен арпалысып жүргендері бір бүгін емес қой. Әлде әбден күйіп-пісіп, шынығып кетті ме екен? Бердіғұл ұста қызған темірді жалаңаш қолымен ұстайды деуші еді, ауылдағылар. Жалын мен шоққа қарсы адам терісінің әлдебір иммунитеті бар шығар.

Боков ойланып қалған Сапардың иығынан тартты.

- Жүр, студент, инструктаж өткізейік.

Манағыдай емес, іш тарта қараған көздерде қуақы жымиыс бар. “Қалай екен! Көрдің ғой. Мен де сені көрдім. Жарайсың” дейтіндей мейірлене қадалады.

Жарты сағаттан кейін болашақ инженер ауыр күректі ырғай сілтеп, арықты жаңғыртып жатты.

* * *

Қаракөк түтін будақ-будақ шығып, құйындатып, толқып көкке өрмелейді. Құдды бір ауылдың ақ тақырын ойпаң-тойпаң еткізіп, бұрқыратып, сабалап, шырқ айналдырып әкететін жынды құйынындай, чугуновоздың дәл үстінен қара бағандай тіп-тік өршелене шапшиды. Сарт етіп төбеге тіреледі де, сылқ етіп төмен құлдилайды. Сонан кейін жербауырлай жылжып кеп, сағынып қауышқан ыстық құшақтай айналаны тегіс бүркеп көміп кетеді.

Сол көкала тұманды үңги жарып, жыланша ирелеңдеп сұйық шойын ағады. Ұшқындап, жол-жөнекей түтін салып, жалын атып барып, сарқырамаға құлаған тентек өзендей чугуновоз ішінде сақырлап қайнап жатады.

Сақпаннан тас атқылағандай домна кесек-кесек кoксты ытқытып-ытқытып жібереді де, бір сәт көзі бітеліп баяулай қалады.

- Түрт, қауза! Қаузап жібер!

Ұзындығы он метрдей темір сүйменмен летканы піспектеп жатқаның сонсоң. О дүниенің тозағы бары рас болса, дәл осы бас арықтың аптабынан артық емес. Отқа қақтап, шоққа қарып қу жанды қу шүберекке түйіп, дір-дір етіп ақырғы дем, ақтық күшіңмен тырбанасың кеп, түрткілейсің кеп!

Көмей ашылады бір кезде. Лақ етіп тағы да от-өзен ақтарылады. Маңдайыңды бір сипап қойып рақаттана жымиясың. Тынысың да кеңіп сала береді. Шоқты да, отты да ұмытасың, елемейсің.

Қаракөк түтін - қаракөк торғындай. Мойныңа оралады. Қойны-қонышыңа кіреді. Көзіңді ашытады.

Бетіңді сипайды. Бәрі түк емес. Қаракөк түтін - қарагөз серігіңдей. Үйреніп кетесің.

- Қашты! Тоқтат! Алдын бекіт. Профессор, саған айтам.

Бірінші горновой қатал адам. Қатаң командирдей. Сәл босағаныңды, сәт қиялдап кеткеніңді сынықшыдай тап басып, табандатып тұрғаны.

Шойынның температурасы қалыптағыдан сәл асып кетсе, әбден титықтатып бітіреді. Сынаптай сусып ұстатпайды. Арықтың ернеуін әне жерден де, міне жерден де бұзып кетіп, саяқ қашқандай жөңкіліп бір береді дейсің. Тоқтатып көр. Күрекпен құм тастаудың да өзіндік академиясы бар. Сылқ еткізіп бел омыртқасын бір-ақ үзіп, қақ бөліп тастамасаң, жеңілгенің. Онда сөз де естисің, алаңға сұйық металды жайып та, жамыратып та аласың.

Сапар оған да үйренді. “Бірінші” бұған сенеді. Ал “біріншінің” сеніміне ие болу, құдай-ау, қара жерді тұтқасынан ұстап, шыр айналдырып жіберуден бірде-бір кем емес қой!

Қаракөк түтін арасынан қаракөк дүлейді жанап өткен ақ шағаладай ақ бейне тағы да қылаң етті. Ақ пен қараның жігі жұғыспай, бірін-бірі айғақтап, айбарақаттап көзге ұрады екен. Әлгі ақ бейне де айқын көрініп ажырап шыға берді. Ақ жібек сусыма жеңіл шәйі көйлек, ақ фаталы қыз. Жүзінде діріл жоқ, қобалжу мен қорқу да сезілмейді. Анықтап қараған жанға сәбидің алаңсыз-қамсыз, бейкүнә пәктігіндей алабұрту, құмарту, қызығу сияқты балаң қызықтары



тұна қалған ақжарқын жүз көрінер еді. Көк аспанда еркін қалықтаған ақ қанат періште тобынан, шоғырынан адасып қалып, фәни дүниенің бар болмысымен ашылған кескін-келбетіне тосырқай қарайтындай.

Сарылдап, шапшып шойын ағып жатыр.

Сапар күрегіне сүйеніп, қыз бен қызыл шойынға кезек-кезек қарайды.

Ақ торғын шәлі желбіреп, шарбаққа таянды.

Сонсоң...

- Тоқта!

Солқ еткен демдей шылп етіп шойын лықсып қалды. Ақ торғын шәліні ала қашқан ақжелең самал лүп етті. Түбіттеліп, ақ шөкім бұлт көлбеңдеді.

- Тоқта!

Дауыс шықпайды. Көмейіне тығылған өкініш пен қорқыныш алқындырып тастады.

Сапар сілкініп қалды. Елес екен. Кетпейді. Үзілмейді. Үзік-үзік оралып қамалай, каужалай береді.

* * *

- Кешіріңіз, сіз де индонезиялықсыз ба?
- Жоқ. Қазақпын. Қазақстаннанмын.
- Досыңыз Индонезиядан ғой.
- Иә. Джакартаның өзінен.
- Өте ұқсайсыздар.

Джаз үні бөгіп тұр. Металлургтер сарайының кең фойэсі түгел билеп, сазбен тербеліп кеткендей. Ақ білегін иығына бос арта салған аққұба қыз Сапардың көзіне тік қарайды. Жанарда ынтығу, құмарту бар. Тосын жанның бар сырын егжей-тегжей біліп алам дейтін әуесқойлық сұлу өңіне тұна қалған.

- Азиялықпыз ғой.
- Жо-жоқ. Ол жағынан емес... Киген киім, жүріс-тұрысыңыз ұқсайтын болған соң...

Қыз қысылып қалды. Ақ құба жүзге қан жүгіріп, екі бетінің ұшы ду ете түсті де, іле қайта кері теуіп, ендігі өңін тіпті сұрландырып жіберді. Қыз мойнындағы қаратасты алқаның түсі бұрынғыдан да ашыла түсті.

- Басыңыз айналып кетті ме деймін. Биді доғарайық онда?

- Жо-жоқ. Аздап айналғаны рас... - Қыз бетінің қаны қайта тепті. - Сіз биші екенсіз. Рас айтам.

Өз-өзінен бәсеңдеп, ұят буған бикештің қысылғаны, ыңғайсызданғаны қандай әсем де, қандай жарасымды болмақ!

Сапар көз қиығын айырмай бақылап жүр.

- Көп боласыздар ма?

Үнсіздікті бұзғысы келді ме, әлде жаңағы қолайсызданған халінен арылды ма, қыз тағы сауал қойды.

- Үш айға келгенбіз. Жарты ай да міне, өте шықты.

- О-о, үйреніп қалған шығарсыздар...

- Е-е әрине. Нағыз горновойдың өзі болдық.

Сапар мақтанатын сияқты.

- Сізді бұрын көрмедім ғой. Қаладан келдіңіз бе? - деп енді өзі сұрады.

- Осында тұрам. Осы металлургтер поселкесінде. Заводта істеймін.

- Оу, онда қалай кездеспедім екен?

Демалыстан кеше ғана оралдым.

Джаз үні аңырап тұр. Кең фойенің асты-үсті бірдей би құшағында.

- Досыңыз жалғызсырап қалыпты-ау.

- Жүріңіз, таныстырайын. Айтпақшы біз өзіміз де таныспаппыз ғой әлі.

- Мен - Иннамын. Инна Ануфриева.

- Ал мен Сапар Саматов болам. Кешіріңіз, Инна! Матвей Константинович сіздің...

- Иә, атам. Ануфриевтер династиясы заводтың тең жартысы десем артық айтпаспын.

Екеуі де күлді.

Би бітті. Ортаға алтын тісі жарқыраған келіншек шықты. Кештің бүгінгі билігі соның қолында. Би мен әнді кезек алмастырып, қалыс қалғандарды құр тастамай сыпайы әзіл, орынды тілек-талаппен ойынға қосып жіберіп жүр.

- Ендігі кезек әнге берілсін. Осындағы көптің тілегін айтсам, айып етпессіздер. Арамызда қонақтар бар. Таныс-біліс болып қалдық. Әр елдің әдемі жүрегін білдіретін жақсы елшісі болады. Ол - ән. Енді ән



тыңдайық. Ән тыңдайық та, жаңа дос, жаңа құрбының жақсы елшісін емірене қабылдайық. Жолдас, атыңызды білмейміз, сізді ортаға шақырамыз, - деп келіншек алтын тісін күлдіріп, манадан ошаулау тұрған индонезиялық студентке сәл иіле түсіп құрмет білдірді.

Сыпайылық шіркін құдіреттің көкесі ғой. Көлгірсіп күлімдемей, астамсып аспандамай көңілдің қалауын жүрек тілімен айтсаң, алмайтын асылың, аспайтын асуың болар ма. Көп көзінен гөрі оқ көзін қалайтын ұялшақ достың бұл жолы қысылып-қымтырылмай-ақ ортаға бірден шыға бергенін көрген Сапар жаңағы келіншекке шын тәнті боп қалған. Иннаны бастап бұл да досына жақындады.

Рахман Субандрио қос қолын кеудесіне басып, жұрт ілтипатын қабылдады да, қасындағы жігіттің гитарасына қол созды.

- Рұқсат етіңіз...

Сәтке ғана орнай қалған тылсымдай тыныштықты бастан кешіріп пе едіңіз. Жаудыраған мың көздің нысанасына айналып, әрі жүрегің лүпілдеп, демтынысың тарылып ауа қарманған дәрменсіз күй-халды азапқа салған ауыр қоржындай арқалап тұрсаң, әрі сол жаудыраған мың сан көзден үміт пен тілек, достық пен сенім көріп, сол лүпілдеген жүрегіңнің және бір серпінді сергек қылының діріл қағып уілдеп қоя бергенін сезінсең, әлгі әрі-сәрі тыныштықты қалай созып алғаныңды түсіндірер кибернетика да, әй, табыла қоймас.

Сапар терлеп қоя берді. Анау-мынау ыстыққа қыңбайтын горновой емес пе, маңдайдан бұрқ етіп төгілген ащы тері - “ауылдастың аты озсын” дейтін ата қазақ жолын діттеген намысшылдығынан да болар.

Рахман гитараның бауын иығына асып алды да, жеті шекті тегіс, бір-бірлеп шертіп өтті. Алысқа шабар жүйріктер бойын қыздырып, басын шұлғып, төрт аяғын кезек қайшылап, тепкіленіп тұратын. Бұл да сондай. Жоғарғы аккордтарды қағып-қағып жіберді де, майда қоңыр әуенді балдай тамызды.

Гелаң, сипату гелаң,
Гелаң, сирама рама -

Мари пулаң, марилах пулаң,
Берсама сама...

Сауыққой топтың әсершіл келетіні бар. Әсіресе, татпаған тағамыңның тіл үйірер дәмді шырынын сорғандай жүрекке жылы тиер әсем әнмен кездесер сәтіңнің ерекшелігін қалай жеткізерсің. Бұрын-соңды естілмеген бал тәтті әуеннің жатырқамай, былпып кеп майдай жағар жақындығы керемет қой. Жаудыраған қара көз, көк көз, шегір көз, қой көз, өткір көз, нәркес көз - жер басып жүрген екі аяқты пенденің осы фойедегі сан түсті көзі Рахманға мейірлене қарайды. Өзімсініп, еркелетіп, іші тартып қадалады. Үш мың арал елінің аласа бойлы сіліңгір қара жігіті мына өздерімен күнде араласып, ақ балтыр қайыңды орыс даласында өскен ақ селеу шашты Иванындай көрінгені қалай! “Жақсыда жаттық жоқ” дейтін даналықтың қиялап келіп жарқ еткенін сезгендей болды Сапар.

Инна елтіп қапты. Жұқалау қызыл ерні сәл-сәл ашылып, ұзын қара кірпіктері үздіксіз діріл қағып тұр. Іштей алғыс-сүйінішін, ырзалық-құрметін айтқан сезімтал жүректің қол соққан ақсүйрік саусақтарындай. Жіңішке, қыл қаламмен құдірет қолымен қондырғандай қасы да, қырланып, түзу құлап кете жатып әнтек шалқайыңқырап кеткен мұрны да, самай тұста үлбіреген балапан қауырсын майда бұйра локондары да бәр-бәрі тез еліткіш иесінің қазіргі күй-халінің айғақшыл куәларындай.

Сол ақпейіл қыздың ырзалық кейпіне Сапар енді мүлде ынтыға қадалды. Алғысы, рақметі бар қимылмен қыз иығына қалай қол салғанын да сезбей қалды. Әйтеуір, досының әні екеуін бірдей баурап, шырмай оралып, жақ ашқызбай ұғындырып жібергендей болды.

Ду қол шапалақтаған жұрт дабырласып кетті. Сол шудан селт етіп ес жиған жігіт, омырауы кең көйлектен жалаңаш жарқылдап көрінген аппақ иықта жатқан қолын тартып ала қойды. Сәт-сәт қана жанарлары шарпысты да, тез тайқыды. Ұялу ма, ұнату ма, ұрсу ма, көкшіл көздің жарқ еткен алыс найзағайдай болар-болмас ұшқыны тұтана беріп, өшіп кетті.

Кештен Рахман, Инна және бір-екі қыз бәрі бірге



қайтты. Әсердің әсірекызылға ауысқаны жаман ғой. Әлгі қыздар ауыз жаппайды. Бірінен-бірі қызғана, бірін-бірі тоспайды. Алғашқы білсем, ұқсам деген ұмтылу бірте-бірте жас баланың жағымсыз “неге? неліктен? қалай?” дейтін бас ауыртар сарсылма қылығына ұқсап бара жатқан соң, Инна құрбыларына наз тастады.

- Қыздар, горилланы да, түйені де зоопарктен көрдік қой. Оны несіне сұрай береміз. Онан да ән тыңдайық. Ән салайық.

- Түн ішінде бүкіл елді оятармыз.

- Ой, сонысы бар екен-ау!

Ақжарқын Инна ағыл-тегіл күлді кеп. Сапарға бұл мінезі де сондай ұнап қалды. Сары уыз, жас балапан мінездің мүлде бүкпесі жоқ.

Кенет қыздар әлденеге тықыршып, саябырлай берді. Алдарынан үшеу қарсы шықты.

- Жол болсын!

- Мыналарың кім?

- Нинка, бері кел!

Ортадағы ұзындауы өктем сөйледі.

Нина әлгіге барып, әлденені сыбырлап жатыр.

- Жарайды. Тұра тұр. - Қолымен қызды сәл ығыстырды да, бері қарай бірер аттап тоқтады.

- Өзіміздікі қайсысың?

Инна тез-тез сөйлеп жатыр.

- Саня, бәрі өзіміз. Студенттер. Оның үстіне - қонағымыз. Ұят қой енді. Кейін сөйлесейік.

- Әй, өзіміздікі қайсысың дедім ғой. Орысша білесіңдер ме? Жауап беріңдер.

Сапар түсіне қойды.

- Мен.

- Сен болсаң, бері шық!

Әр жерде бірлі-жарым шамы бар қаракүңгірт көшеде ел аяғы сиреген. Жарығы шақырайған терезе-көздерімен қараңғыға тесіле қарап үнсіз мелшиген зәулім үйлер үнсіз серейеді. Алыстан, завод жақтан қоқысқа шлак төккен кездерде ғана найзағай бишігіндей сәуле жүгірген түнгі аспанның қара бояуы сәл сұйылады да, іле қайтадан тұңғиық құрсауына шомады.

Ортада екеу тұр.

- Сен өзімізсің ғой. ССРО-дан? Анау досың ба?
- Иә. Индонезиядан.
- Маған сенің Индонезиядан болмағаның керек.
- Қазақстаннанмын.
- Өте жақсы мен мына Макар Мазай көшесіненмін. Таныс болалық.

Сапар қолын ұсынды.

- Е-е, институтта оқысаң да, төбеңнің тесігі жоқ екен. Біз былай танысушы едік.

Көзінің оты жарқ етті. Қапелімде сасып қалған еді, Инна араға түсе кетті.

- Ұят, Саня. Ұят мұның. Масқаралық!
- Инна, араласпа!...

Сапарды ыза ма, ұят па, әйтеуір бір алапат дүлей сезім буды.

- Иә, Инна, араласпаңыз.

Сәлден соң Саня жерде екі бүктеліп сұлап жатты.

- Ал енді сіздер де танысарсыздар...- деп қалған екі жігітке бұрылды.
- Қой, Сапар! Кетейік. Жүріңіз...

Инна мен Рахман екі қолтығынан сүйрелеп жүр.

Бұлар ұзай берді.

- Кешіріңіз, Инна...

Инна жылап жіберді.

- Олар үшін менің кешірім сұрауым керек... Осылар-ақ қоймайды екен. Александр екі рет отырып келді. Бүгінгісі мынау...

Қара түн үнсіз тұнжырайды. Түнгі қала самарқау жатыр. Әлгіндегі тоқайласудан белгі қалмағандай, терезе-көздерін бір-бірлеп жұмып, ұйқыға шомды.

**Екінші тарау**

Шілде түскен. Жас баланың еңбегіндей былқылдып жатқан жұмсақ асфальттың қызуы табаныңнан өтсе, шақырайған күн тас төбеңнен төніп тесіп барады. Алатаудың құзар басына оқта-текте ақ қалпақтай оқшырая шыға келіп, содан бірте-бірте ұлғайып өсіп, қалаға қарай жаңбыр боп ойысатын қазбауыр



бұлттарды жер жұтқандай. Жарты айдан асып барады, тырс етіп тамшы тамған жоқ.

Сапар сырттағы аптаптан безе қашқандай қаланың тау жақ тұйық көшелерінің біріндегі биік ағаш дуалмен қоршалған үлкен үйге асығыс кірді.

- Мама, сусын берші!

Ішкі бөлмеден шешесі шықты.

- Құлыным-ау, қайда жүрсің? Күн өтіп кетті ғой. Сабағыңды пысықтасаңшы.
- Мама, қорықпаңыз. Конкурстан шауып өтем, - деп Сапар зал есігінің тұтқасына қол созды. Шешесі ұстай алды.
- О жаққа кірмей-ақ қой. Бері жүр, лимонад берейін. Папаң тағы қонақ шақырған.
- Папамның қонағы таусылмайды екен, - деп ренжіген Сапар шешесінің соңынан ілесіп, ас үйге кірді. - Неге шықыра береді?
- Қайдам, қарағым. Бір білгені бар шығар... шешесі күрсініп қойды.

Кішігірім мекеме бастығы боп істейтін әкесі апта сайын үйінен қонақ үзбейтін кеңқолтық пенденің санатынан табылатын. Мөлшерсіз арақ пен бәсекелі қонақасы бермесе қуаты мен құдіретінен, атағы мен абыройынан тоналып қалатындай көре ме, әйтеуір есіктен топырлатқан тобырды төрінде топалаң тигендей тырайтпаса, көңілі көншімейтін. Бітпейтін, таусылмайтын сыбыр мен күбір хрусталь шынылардың сыңғырында өсек пен ғайбатқа жалғасып, мас өңештің оқыранған үнімен жаңғырып жататын.

Сапар өз бөлмесіне кіріп, емтиханға дайындала бастады. Келесі бөлмедегі қарқ-қарқ күлкі, гу-гу сөз құлақ түбінде беймаза масаның ызыңындай тыншымай тұр.

Бір кезде бөлмеге әкесінің бірінші орынбасары қалқанқұлақ сары кісі кірді. Тәлтіректеп кеп Сапардың қарсысына сылқ етіп отырды.

- Хал қалай, Сапаржан?
- Жақсы.
- Е, жақсы болсын. Жаман ағаң өзіңе тілектес, - деп бет-аузын тыржитып, у жатқандай анда-санда лоқсып қалып отыр. - Түу, көп ішіп жібердіңіз.

- Арақ жақпаса неге ішесіз?

- О-о, қарағым. Сапар-ау о не дегенің? Әлі жас екенсің ғой. Бұл ішімдік атаулы - тамыр-танысты үйірлеп матайтын бұғалық емес пе. Құрып қалғырды, әйтпесе, ішейін деп ішесің бе. Қарым-қатынастың қабақ андыстырған айла-тәсілін шұбыртатын құдірет те, тіректе сол зәмзәм суы ғой. Қан ішкендей қиналып отырып, жұтқыншағыңды бүлкілдететін кезің болады-ау. Сапаржан, сен бақыттысың. Папаңның денсаулығын тіле. Бәрімiздің қамқоршымыз ғой Сәкең. Сол кісінің арқасында осындағы жерлес, туыс түгел қара көрсетіп, шалқайып жүрміз. Сәкең - жақсы азамат. Сыйлаймыз ғой, әрине. Әй, бірақ менің балдымызды жұмысқа алмай көңілімді қалдырды. Ол шірік те бір жерге тұмсық сұғар-ау. Оны қайтейін, дық қалды ғой кеудеде... Дық қалғанның қандай болатынын білесің бе. О-о, білмейсің, Сапаржан... Ал мен білем... Кішкентай жанмын. Кішкентай жанның дығы үлкен кекке айналуы мүмкін бе. Әбден мүмкін... Сәкең түйені түгімен жұтады. Біз көрмеген боламыз, көрсетпеуге тырысамыз. Алда-жалда көре қалсақ - дықтың көкесі сол. Келмесіне кетеді. Мынау бас, мынау көкірек көп сұмдықтың куәсі. Міне, дық қайда бастайды...

Сапар одан әрі тыңдаған жоқ. Өн бойын өкініш пе,ұят па, қорлану ма - бір ауыр сезім езіп барады. Стол басынан үнсіз тұрып кетті.

Қонақтар кеш түсе қайтты.

Сапар кушеткада жатып, қалғып кетіп еді, иығынан әлдекім түртіп оятты. Күн тимеген аппақ майлы омырауын сипалай күліп мәйкешең келген әкесі екен. Сәл қызулау. Жалпақ беті жайылып, ауыр бұғағы дірілдеп, жіпсік көздерінің алды терш іп жымиған кескіні баласына алғаш рет оғаш көрінді. Сапар тұрмақ боп, көтеріле берді.

- Жат! Жата бер!

Сапар үндеген жоқ. Дірілдеген буын-буынын баса алмай, кітап сөресінен қос қолымен ұстап апты.

- Ертең маған кел. Жұмыс істейсің.

- Оқымаймын ба. Институтты қайтем?..

- Оқу қашпайды, орын қашады. Реті келіп тұрғанда, орналастырып қояйын. Ешкімді алмай әдейі саған сақтап жүргем. Инженерлік окладың болады.

- Бармаймын!

- Не дейді? Немене!?

Әлгінде төрт құбыласы түгел, гүл-гүл жайнап тұрған пішіні сәт суыды. Қағыс естідім бе дегендей, төне түсіп, қайталай сұрады:

- Не дейсің? Немене дедің?

- Бармаймын. Мен әлі инженер емеспін.

- Ақымақ! Оқу бітіріп келіп инженер бола алмай жүргендер көп. Ал сен ештеңеден қам жеме.

- Жоқ. Мен ол орынға бармаймын.

- Неге?

- Лайық емеспін.

- Енді кім лайық? Ұсынып отырмыз ғой.

- Мені ұсынып отырған сен. Сенің ақшаң, арағың! - Осыларды айту қиын екен. Айтып салып еді, буын-буынының босағаны да сап тыйылды. Тынысы да жеңілдегендей болды.

- Иә, менің ақшам! Бердім, тағы берем! Сен үшін, адам болуың үшін ештеңемді аямаймын.

- Мені қылмысқа итеріп адам қылма.

- Жын ұрған шығар сені. Жалғыз баласына жағдай жасамады деп көрінген жұрт ағаш атқа мінгізсін деймісің?

- Папа-ау, өзімнің де ойлануым керек қой.

- Нені ойламақсың? Не білуші ең сен... Дайын ас, тігулі киімнен басқа көргенің бар ма? Тарыққан күнің болды ма? Ойланбақ екен... Өз ойы, өз миымен күнелтпек екен...

- Иә, папа! Өз ойыммен неге күнелтпеймін...

- Жетер! Әкеңмен салғыласуды шығарсаң - өскен екенсің ә! - деп тұтығып сөйлей алмай қалды. Ауыр адамның ашу қысқанда жеңілденіп кететіні болады. Атылған серіппедей ұшып тұрды. - Сонда саған әкеңнің қалауы қолайсыз болғаны ғой, ә?

- Иә, папа! Ұнамайды.

- Сен... Сен... не деп тұрғаныңды білемісің осы. Түк білмейсің. Ойшылын бұның. Өз ойыңмен қайда соғарыңды, қайда жығыларыңды сезесің бе? Сезбейсің. Өйткені, сенің басыңда бір шайнам ми жоқ. Асырап,

сақтап отырғанымда жасаған құрметің мынау болса, өз қолың өз аузыңа жеткен кезде сен маған не көрсетпексің. Ал, айтшы. Айта қойшы! Қолыңнан боқ келе ме? Не тындырып алғандайсың? Ешнәрсеге икемің жоқ. Сенен не үміт, не қайыр.

Аузынан түкірігі шашырап төніп кеп тұр. Алқынып, ысқырып-ысылдап дем алады. Шегелей түсейін, бекіте түсейін дегендей және ағытылды.

- Әй, бетсіз боп осы сен кімнен тудың? Қарсыласып не бітірмексің. Ерегіссем, салпақтап жұмыс істейтініңді ойладың ба? Ойлансаң, менің мына табанымнан таусылып, жақсыға да, жаманға да басымды иіп, бағамды түсіріп жүргенімді неге ескермейсің. Алдымнан аттап өтпейтін талайлардың әуеніне төңкерілген түрімді неге ұқпайсың. Бәрі бір ғана сенің қамың! Сен ше?.. Сен не істеп отырсың. Мына мені тірідей өлтіріп отырсың. Ақылдысын мұның. Әкесінің абыройын айрандай төгіп, данышпан аталмақ қой... Істейсің. Айтқан жеріме барасың!

- Жоқ, папа!

“Көндірдім, иліктірдім, қайырып әкелдім” деген далбаса үміті тағы ұстатпай сусып шығып кеткен соң көзіне қан толды, безгелдектей жұдырығын салмақтап көтеріп, ұлына төне берді. Бір сәт әкелі-балалы екеудің жанарлары кездесе кетті. Бірі һәм таңдана, һәм үрейлене жапақтаса, екіншісі әрі ашулы, әрі ызбарлы ұшқын атады.

Сұсты қол сылқ түсті. Қолмен бірге ауыр дене де екі бүктетіліп жығылып бара жатты...

Дауыс қаттырақ шыққан кезде ас үйден апасы жүгіріп келді:

- Не болды?! Сәке! Сапар, су әкелші! - деп шырылдады да қалды.

Әкесінің мүсәпір халін шынымен аяп қалып еді, Сапар ас үйге жүгірді. Тездетіп су алып оралды. Есік аузына таянғанда іштен әкесінің үнін есітті.

- Әлгі қайда? Мен ол күшікті өтірік ауырып, тәубасына келтірейін. Сәл шыда...

Қолындағы кесені жерге бір соғып, Сапар үйден атып шықты.



“Неткен аяусыздық! Неткен мәнсіздік! Қалай ғана сенесің, сүйесің. Болымсыздық қой мынау. Ең болмаса, өзін өзі аямас па? Ұят қой, масқаралық қой” деп аяғын әр жерден бір тигізіп жүгіріп келеді. Алдамшы қиялдың күл-паршасы шыққан ұнтағын дүлей өтіне сеуіп жіберіп, әкеден әбден біржолата безініп бара жатыр.

* * *

Сапар алғаш рет бірінші сентябрьді жайбарақат қарсы алды. Жыл сайынғы, он жыл бойы күнде ертемен атар таңды асыға күтіп оянатын елгезек шағы бүгін міне, бір-ақ күнде ұмыт боп шыға келді.

Осыдан екі апта бұрын әкесімен жүз жыртысып кеткенде, тұп-тура осы қаладан бір-ақ шыққан-ды. “Асырадым, сақтадым деді ғой, енді өз бетімше күнелтіп көрейін” деген іштей бір ширығуы жетелеп келіп еді. Екпінді құрылыс жұмыскерге зәру екен, жұмысқа тез-ақ орналасты. Көктемде таситын шолақ сай тым адуын болмай ма. Гүрілдеп-көпіріп, буырқана-толқып алдындағысын қағып ала жүгіріп, шат-шәлекейі шығып бір жасап қалатын. Содан кейін “қайтейін, қашанға дейін әйкәпірлене берем. Әйтеуір, бір дәуірледім ғой. Сол бойыма құт болсын” деп қанағат тұтып, тұтамдап бөлініп, бара-бара таусылып буланып ұшып кететін. Сапар қазіргі күй-жайын сол шолақ сайдың содыр мінезімен салыстырады да басын шайқайды. Ойланған сайын мойындайтындай, сол сай мен өз мінезінен іштей ұқсастық табатындай. Алқынған көңілдің бұрынғы алабұртуы жоқ. Желігі кеткен желсіз толқындай, бұрқ-сарқ қайнаған асау екпінінен айрылып қалып, баяу солықтайды.

Өзіне деген мақтанышы бар еді. Ә дегенде бұғау үзген, шынжыр кескен асау еркіндікті сезген-ді. Енді ол да алдамшы қиялдай көп қонақтамайтын болды. Лепірткен әсершіл леп қос қанаттай аспандатып көтеріп әкетпеп пе еді. Топшысы сынған қайран сезім бүгіндері еңсесін көтертпейтіні несі екен.

Қалтасы тықырланды. Шешесінің кетерде әкесінен

жасырып, салып берген ақшасы бүгін таусылды. Ақырғы тиынды таңертең ыстық шайға жұмсаған. Содан бері аузына бір түйір дән түскен жоқ. Туғалы ашыққаны осы. Балдырлы көлдің бақалары шұбап кіргендей шұрылдаған ішек-қарынның шуылы мен шорылы аттандап бас көтергелі де ет пісірімдей болды. Ол аздай-ақ қаңыраған үйдің қараңғы төрінен күмбірлеп төгілетін жаңғырықтай асқазанның ауық-ауық дүңгірлеп қоятын бір бәлесі тағы бар.

Қас қарайды. Кеш соңынан ілесе жеткен мақпал түннің күміс теңгеліктей жылтыраған жұлдыздары да аш қарынға алданыш әкеле алмады.

Шешесін сағынды. Шешесінің мол дастарқанын сағынды. Апыр-топыр киініп, апыл-ғұпыл жиналып, алыстағы өз үйіне тартып тұрғысы да келді. Көшеге шықты. Жарығы аз жадау көшенің асханасы мұндай көп болар ма. Жайшылықта көңіл бөлмейді екен, аяқ аттаған сайын алдынан кездесе берді. Тағамның иісінен құдіретті нәрсе дүниеде жоқ шығар. Әне жерден де, міне жерден де қуалай жетіп, сілекей ағыза азапқа салып, дүреледі де отырды.

Жатақханаға әлсіреп, шаршап қайтты. Бөлмелес серіктері оралыпты. Төрт көзі түгел. Шуылдаса, қалжыңдаса сөйлесіп мәз-майрам боп отыр. Мынау жарық ғұмырда нан, тамақ, тағам дейтін атаулардан мүлдем хабарсыз, меңіреу, мешеу қалған тоқмейіл пенделер. Әзіл-күлкілері жарасып, кекірік атады. "Тоғышарлық пен топастық - тоқ қарынның бәсіресі болар. Томпиып-томпиып отырыстарын қарашы. Тарығу дегенді ойлай ма бұлар. Ештеңемен ісі жоқ" - деп Сапар көршілерімен іштей ұстасып қалды. Күндегі елпілдек жігіттің оқыс өзгерісін түсінбей қалған жолдастары тұс-тұстан жамырай сұрақ қойды:

- Сапаржан, саған не болған?
- Бір жерің ауырып отырғаннан саумысың?
- Үйіңнен жайсыз хабар алдың ба?

Үндемей тек қана басын шайқап жауап берген Сапар кереуетіне дүрс құлай кетті.

Біреу иығынан түртті. Өзінен бір жастай ғана үлкен "студент" деп аталған көршісі екен. Институттың бірінші курсынан кетіп қалған. Әркім әртүрлі



жорамалдағанымен, оқуды тастау себебін өз аузынан ешкімге ләм деп айтқан емес.

- Тұр! Жүрек жалғайық.

Тумбочкасынан нан, колбаса шығарып, столға жайнатып жайып салды.

- Рахмет!..
- Алдымен ауыз ти, рахметіңді содан кейін айт.

Сапар іштей риза. Қашанғы сыпайылық жасай берсін, оның үстіне шұрылдаған ішектің ұлыған үні тар бөлмеде барабан ұрып бара жатса.

Ар жағына аз да болса ел қонды. Қабағы ашылды. Дүниесі де кеңіп сала берді.

"Студент" арқаға қақты.

- Солай, Сапар! Бәрін бастан кешіруің керек. Бір күн аш жарап едің, ұнжырғаң түсіп кетті, жассың ғой. Дегенмен, жігітсің. Ал енді бар ғой, келісіп алайық. Бұдан былай өзіңдегіні өзгеден жасыруды қой. Көзіңдегіні жасыра алмайсың. Жасырып қайтесің. Бәрібір біліну қалады. Ал сен бізді жатырқай берме. Үйреніскенімізше сол боп жатыр. Сенде жоқ болса менде бар. Менде жоқ болса, сенен табылады. Әйтеуір тарықпаймыз, - деп тағы да арқадан қағып тұрып, көзін қысып қойды. - Қалай, ашығу дегеннің не екенін ұқтың ба. Солай, Сапар, мен сені түсіне қойдым. Өз басымнан талай кешкем.

## Үшінші тарау

Уақыт білдірмей өте шығады. Бүгінгің өткенге, ертеңгің бүгінге ауысып, зымырап бара жатқаны. Ескерусіз, елеусіз кеткен күндер кей-кейде көз алдыңа оралып келіп, қимас бір сәтімен ашылатыны да болады. Сағындырып жеткізбей және өкінтетіні тағы бар. Әйтеуір, уақыт толастап қалған емес.

Арада бес жыл өтті. Сапар бұл күнде төртінші курс студенті. Болашақ инженер-металлург. Сонау жұмыскер болып жүрген кезінде экскурсиямен металлургия заводына барған-ды. Тарсыл-гүрсілі көп, шуылы мол алып завод ұланның ақыл-есін бірден баурап алды. Әсіресе, бес жүз тонналық көпір кранның

ерекше үлкендігі, сомдығы бұған сондай қатты әсер етіп, көз алдында көпке дейін қалып қойып еді.

Бір жылдай жұмыс істеген соң жаз шыға Москваға аттанған. Жалғыз кеткен. Жолы болып оқуға түсті. Түсеріне өзі де сенімді болатын.

Оқу жылы басталысымен студенттерді бөлме-бөлмеге орналастырғанда, Сапар да бір кереуетке ие боп шыға келді.

Көршісі - бұдан үш курс жоғары оқитын, ақ селеу селдір шашты қазақ жігіті екен, екі кісілік тар бөлмені жалғыз өзі толтырып, өңкиіп түрегелген бойда қос қолын қос теректей ілгері соза берген:

- Әбілтай... Осы кабинаның үш жылдан бергі аборигені болам, - деп аппақ тістерін ақсита күлді. Жатырқамай, тосырқамай іш тарта қабылдаған көршісін Сапар да ұнатқан-ды. Төсек-орнын алып, жайғасып орналасып болғаны да сол еді, Әбілтай мұны арқадан қағып қалды.

- Жұмыс бар, Сапар. Жүр, қыдырып қайталық.

Екеуі ұзынды-қысқалы болып Ленин проспектісімен қыдырыстап келе жатты.

- Кірейікші бір жерге, шаршадық қой.

Әбілтайдың өзінен гөрі қимылы сөзшең. Көп сөйлемейді, айтса - орындатады. Шалыс баспайтын, жаңсақ кетпейтін сенімді жандардың бірбет қайсар қылық-мінезін Сапар да ұнататын. Өзі де солар сияқты турашыл, әділ бірмінез болуды іштей қалайтын-ды. Содан ба, шілденің ақырғы күндеріндегі аспан айналып жерге түсердей аптабынан запыланып келе жатқан ол, серігі көп ұзамай үлкен дарбазаға қарай үнсіз бұрыла бергенде де, ләм деп жақ жазған жоқ.

Көрмеген жердің ой-шұқыры көп" дейтін елгезек әуесқойлықпен кіре берісте маңдайшаға қағып қойған "Ресторан Южный" деген екі сөзді көзінің қиығымен шалып қалды. Сол-ақ екен, өз-өзінен тартыншақтап, кібіртіктей берді. Сезсе де, сезбегендей түр танытып, Әбілтай ілгері озып табалдырықтан аттады.

Кішірек, шағын ғана зал екен. Тап-тұйнақтай. Көз жауын алатындай салтанаты аспаса да, тазалығы керім. Абыр-сабыры, у-шуы аз жайлы мекенжай.

Әбілтайдың үйреншікті ресторанын болса керек,



даяшы қыздармен бас изесе амандаса жүріп, төр жақтағы оңашалау столға бастап келді. Бастап келді де, жұмсақ креслоны сырғытып, бұған ыңғайлай ұсынды.

- Отырыңыз, мырзам!

Даусында күлкі сыңғыры естілгенмен, көзінде, жүзінде қуақылықтың титтей де нышаны жоқ. Әлгібір сөздерді шынымен сен айттың ба дегендей Сапар серігінің бедірейген жүзіне қадалып қапты.

- Не қалайсың, бауырым?

Бір жапырақ қағазды Әбілтай алдына тастай салды. Құрғақ, қысыр мезіреті сияқты. "Әдептіліктен аттап өтпейін, бәрібір айналып соғып өзіме тірерсің" деген нығыздық лебі барлық қимыл-қозғалысынан желпіп-шарпып тұр.

- Өзіңіз бере берсеңіз қайтеді.

- Онда мен былай істейін, - деп Әбілтай манадан бері бұлардан көз алмай тұрған даяшыны шақырып алып, күбір-күбір сөйлесіп, заказ бере бастады.

Сапар айналасына қабақ астынан көз тастайды. Қайдағы бір жоқты шығарып, залдағы жұртты санай бастады. Әйел мен еркекті жұптады. Жас пен мосқалды бөлектеді. Ара қатынастың тепе-теңдігіне таң қалды. Артық, кемі жоқ. Содан кейін қабырғалардағы суреттерді шолып өтті. Бамбук ағашынан тоқылған гүлсалғыштарды қызықтап біраз отырды. Май шамның жобасындай етіп жасаған асыл шамдалды люстраларды санады. Соның бәрі адам қызығарлық, тебіренерлік сұлулықтың өзіндей сезіліп, жас жігітті нәзік қуанышқа бөледі.

Біреу жайлап қана түртіп қалды. Әбілтай екен. Күліп отыр. Стол үсті жайнап тұр. Қай уақытта жасап үлгергенің сезбей де қалыпты.

Қыпша бел ұзын бокалға сылқылдатып шарап құйды.

- Таныстық үшін! - деді Әбілтай.

- Таныстық үшін! - деді Сапар да.

Сәлден соң шарап буы басқа шапты. Алғаш тартыншақтап отырған Сапар ілезде өзгеріп, әлденеге біртүрлі көңілденіп кетті. Ресторанда отырудан артық қызық нәрсе жоқ сияқты. Өзіне өзі біртүрлі өсіп

кеткендей, өзгеріп кеткендей көрінді. Әбілтайдың қызылқоңыр күреңіткен жүзі де жылыұшырап, жақын тартып бара жатты.

- Жолдастық үшін! - деп төртінші тосты бұл көтерді. Даусы да манағыдай емес, анығырақ еркін шыға бастады. Көз қиығындағы қазымыр ұшқын хрусталь бокалдағы әртүрлі бояудың шағылысуынан бір де кем емес. Көкжиегі түрілген нөсер бұлтының сауырын тіліп өткен найзағай отының шұбалаң бишігіндей. Жарқ-жұрқ етеді. Ес-сананың буалдыр тартқан сағыныштай, әлде одан да ерекшелеу бір сезімге шым-шым еніп, оранып бара жатқанын еміс-еміс сезеді. Сонысын қызықтай ма, Әбілтайға жиі-жиі сұрақ қоюмен болды. Институт, оқу, стипендия, сессия - бәрі таңсық жайлар. Жүйткіген жеңіл машинаға мінгенде тұла бойы шымырлап тәтті қиялға шоматын. Мына отырысы, серігінің баяу ырғақты әңгімесі сол шақты айнытпай қайталағандай.

- Өзің аспирантурада қаларсың? - сыпайы “сізді” ұмытып “сенге” көшіп кетіп еді.

- Аспирантураға қалам дедім бе?

- Жоқ. Айтқан жоқсың, Әбілтай.

- Айтпасам - ондай ойым болмағаны. Білдің бе. Ойға алмасам, оның мені қызықтырмайтыны белгілі ғой. Өзіңнен білімі де, мәдениеті де көп төмен әлдебір доцентсымақтың қарамағында істеп, күні-түні лабораториядан шықпау - мен үшін қазанның қаспағын жалаумен бірдей. Жо-жоқ! Шыбындаған аттай көрінгенге бас изеп, аузына қарап күлкі аңдып, қабағына қарап кейіс күтіп отыра алмаймын. Бұлт сауған тақырдай емініп, қол созған қайыршыдай тіленіп қашанғы ыңғайға бағарсың. Өз білгенің өзгеден асып тұрса, бастығым һәм жетекшім екен деп үнсіз мақұлдай берермісің. Мәселен, менің жетекшімді алайық. Әдебиеттен не біледі? Хабары жоқ. Сен оған “Сонау Сібір түкпірінде, жасыма дос, сабыр ет” десең, тозығы жеткен ескі пластинкадай "қос қатпарлы окатыш” немесе “агломерат” деген жаттанды сөзін қайталайды кеп. Айтысып көр сонсоң. Екі көзі қанталап шыға келсін. Жо-жоқ! Мен тұп-тура



заводыңа бір-ақ тартам. Әне, сол ара - нағыз плацдарм. Емін-еркін көсілесің. Кәне, бауырым, алып жіберелік.

### Төртінші тарау

Қарақұрым түтін. Будақ-будақ. Шапшып, секіріп, лықсып толқындап көкке өрлейді. Үйіріліп құйындап барып шатырға соғылады да, жалт етіп кейін серпиді. Одан әрі цех іші көк ала қою түтінге толады. Қоймалжың құрғақ тұманға оранасын. Әйтеуір, табанжолыңды ирелеңдеген жыландай аққан сұйық шойнның сәулесі ғана айқындайды. Шашыраған ұшқын баяулай барып, таусылып тынады. Артынша-ақ, сәлден кейін, шойынның ағысы бәсеңдейді. Өңеш жабылады.

Анық қарбалас енді-енді басталады.

- Тездет! - дейді бірінші горновой. Біріншінің сөзі де, өзі де, қимылы да - бұйрық. Көз қиығына бір ілінсең, одан кейін сәтке ғана толастауыңа, дем алуыңа мүмкіндік қалмады дей бер. Ауық-ауық терге малшынған жейдеңнің омырауын ашып жіберіп, желдеткіштің қарсы алдына тұра қалып кеудеңді суық ауаға тосып жан шақыруыңды да санайды. Әр бес минут сайын газды суды құныға жұтқаныңды да құр жібермейді. Талшыбықтай дірілдеп, ұсқының қашып, тұлабойыңды тырналап жатқан қызуды басатын желдеткіш - бірінші горновой үшін құбыжықтан да жаман. “Үзіп тастар ма еді, бұзып тастар ма еді!” деп шала бүлініп қалатыны бар.

Бірінші “тездет” деген соң тездетпеуге әддің де жоқ. Пеш басындағы бес адам жаппай жұмылады. Сапар - төртінші горновой. Қара жұмыс - ауыр жұмыс осының міндеті.

Өңеш бітеліп, балқыма ағызу тоқталысымен, арықты жағалай қарап өтеді. Сұйық металдың сойып, іреп кеткен тұстарында іркіліп шойын қалып қойса, Сапардың да қабағы салбырап, ұнжұрғасы түсіп, жүдеп қалады. Арықты тазартпай, шойын қалдығын түгел аршымай, жаңа балқыма ағызуға болмайды.

Ер қаруы - бес қару дейді. Сапардың қаруы бесеу болмаса да, жетіп жатыр. Екі метрдей сүймен (сұйық шойынға салып үшкірлеп отырмаса, оның да қауқары шамалы), жарты пұттық балға, кіші-гірім ковштай темір күрек. Сүйменмен шұқылап жүріп қабыршықтана қатқан металды босатады. Көтергіш кранның темір тұяқ ілгегі кірердей әлгі іркіліл қатып қалған шойынды ұрғылап тесік жасайды. Төменнен бу ұшса, маңдайдан бұршақ-бұршақтер тамады. Бәрі түк емес. Сапар оған да көндіккен. Маңдайын жеңімен бір сүртіп қойып, дем алмастан тырбана береді. Тез тындыруға тырысады. Алғашқы күндері уақытында үлгере алмай болдырып, қиналып жүргенінде бір пештегі қалған төрт горновой өз жұмыстарын бітіріп келіп, бұған көмектескен-ді. Ештеңе айтпаса да, сылып алар майы жоқ тарамыс денелерін шақтап- қозғап, есептеп қимылдап жүрген серіктерінің шаршағандарын сезген-ді бұл. Содан бері өз иелігіне "бөгде" аяқ сұққызбауды намысына балаған болатын.

Краншы әйел - елгезек адам. Аққөңіл, аңқылдақ жан. Кісіге қарап дауыс көтеріп сөйлемейді. Өз жұмысына мығым. Тарсыл-гүрсілі мол цехтың дауыс естіртпейтін кереңдігі - "сөйлесудің" өзінше жолын тапқызған. Қолдың қимылы, дененің қозғалысы, бастың шұлғуы - бәрі сөз, бәрі сөйлем. Бұйрық пен орындату. Алғашқы күндері шартты белгілерді шатастыра берген соң Сапар өзінше әдіс шығарған. Онысы өзіне де, крандағы әйелге де қолайлы болды. Құнжың-құнжың қимылдап, бүкіл тұла бойымен "сөйлеп", өз ойын ұқтырып, ұғындырып жатқаны. Жұмысын оңайлатудың да айласын тапты. Ұзыншалап бөліп-бөліп алып, екі-үш қабыршақты қосақтап бір-ақ іледі. Өнімді. Біріншінің алакөзіне де соңғы кездерде кешігіп туған жұлдыздай жылтырап сәуле орнайтын болып алды. Содан ба, Сапар жұмысын тез аяқтап тастап, летка мен бас арықты жөндейтін бірінші горновойға жәрдемге жиі барады.

- Дем ал, Сапар, - дейді бастығы, ар жағы әрине басқаша ойлап тұр.

- Шаршаған жоқпын, Иван Сергеевич.

- Олай болса, анау тоқпақты алып графитті



тығыздап жібер. Дұрыс-дұрыс. Асықпа. Баппен, салмақпен соқ. Үйреніп қалыпсың. Үйренгенің жақсы. Сапар, сен бар ғой мықты мастер боласың. Айтпады деме.

Сапар үйренуді өзі де жақсы көреді. "Біріншіге" сұрақты да көп қояды. Ондайда Иван Сергеевич тым сөзуар. Білгенін, түйгенін түсіндіріп жатады.

- Сапар, сен желдеткішке көп бара берме. Өкпеңді суық қабады. Терлеп жүріп жиі-жиі салқындайсың. Сақ бол, балам. Денсаулық таптырмайды.

- Рахмет, Иван Сергеевич.

Үш-үш жарым сағаттан соң келесі балқыманы ағызуға бәрі дайын болады. Он бес, жиырма минутқа қол босайды.

- Перекур!

Васяның (үшінші горновой ғой ол) ең сүйетін, ең қадірлейтін бір сөзі болса, дәл осы "Перекур". Аузын толтырып, ұзақ әуендей қоңыраулата созып, барлық шу мен шуылды басып кететін гүжілдек үнмен цех ішін гүмбірлетіп жібереді.

Васяның өз айтуынша көрмегені жоқ. Соңғы тұрақтаған орны - осы домна. От-жалын мінез от-жалынмен тіл табысты ма, әзірше шешілген теңі қайта буылған жоқ.

Жұмысқа алғыр-ақ. Ойнап жүріп, ойнақтап, әзіл-қалжыңдасып жүріп бәрін лезде тындырады. Езуінен бір арылмайтын қуақы күлкі тұла бойының ерекше көркі іспеттес - онсыз Васяны Вася деп атау ұғымға да сыймайды.

- Перекур!

Содан кейін темір плиталардан қалаған алаңшыққа шығады. Маскасын, сірі қолбағын тастайды. Тақасы қос елі ауыр ботинкасының өкшесімен темір плитканы тарсылдата тепкілеп "цыганочкаға" басады. Қос қолы - қос қанат. Серпіліп-жиналып, жайылып-серпіп бір кетеді. Ауыр ботинкаға көз ілеспейді.

- Соқ! Соғыңдар! Қыздырыңдар! Аянбаңдар!

Көтерме тілеген жүйріктің мінезіндей өзі айқайлап, өзі қолпаштайды.

Сол кездегі түрін көрсеңіз... Бас шалқақ. Шұрқ-шұрқ тесігі мол шатырдың әлдебір қуысынан әлдене

бір ғажайыпты көріп қалғандай айнымайды, ауыспайды. Езуіндегі үзілмейтін күлкі ғана сәтке жоғалып, қуақы Васяның орнына басқа, әрі байсалды, әрі өзгеше Васяны қойып кетеді.

Сапармен достасып алған. Үш-төрт жас үлкендігіне қарамастан құрдасынша әзілдеседі.

Кей-кейде Сапарға оңаша келеді.

- Өмір деген не осы?

- Өмір ме? Жұмыс пен тірлік, өкініш пен қуаныш... және бір жұтым ауа, - дейді Сапар оқыс сұраққа қинала отырып жауап беріп.

- Өкініш пен қуаныш дегенің дұрыстау. Толық емес бірақ, - деп Вася қадалады.

- Өмір - махаббат.

- Өмір - зұлымдық десем не айтасың?

- Зұлымдықтан махаббат күшті.

- Көбінесе зұлымдық жеңбей ме?

- Иә, жеңетіні рас. Бірақ махаббат құдірет қой. Жеңілсе де мерейі үстем.

- Сонда өмір деген жеңіліс болғаны ма?

- Жоқ. Мың жеңілістен артық бір жеңіс неге тұрады. Сондықтан да өмір - жеңіс.

- Жеңісіңнен гөрі жеңілісің қинайтыны қалай?

- Вася, сен бір қызық жағдайды түсіндіре аласың ба? Мәселен, дүниедегі ең қымбат жаның - анаң ғой. Ал анаң туралы әңгіме айту қиынның қиыны емес пе. Көз алдыңда көлеңкесі, суреті тұрады, кетпейді. Сағынышың мол. Бірақ кездейсоқ әлдебір танысың жайлы егжей-тегжейлі әңгімең, анаға келгенде кібіртіктей бермей ме. Мүмкін ол қаныңа, жаныңа сіңген сүйіспеншілігіңнің өзіңдегі “меніңмен” жымдасып, араласып кетуінен де болар. Олай болса, жеңісіңді қадірлемеу, ескере бермеу сол анаға деген сүйіспеншілігіңдей жұмбақ та тылсым түйсіктен шығар. Өмір - жеңіс деп өз түсінігімді ғана айтам.

- Жігітсің, Сапар! Адам боласың!

Васяның сирек айтар “бағасы” бұл. Әбден разы болғанда ғана осылай ағынан жарылады.



Мастер Боков балқыманы ағызардан он минут бұрын үйшігінен шығады. Серейген ұзын сирақтарын әзер бүгіп-аттап, арықты жағалап тексеріп етеді. Қимылы баяу болғанымен, көзі жіті - ештеңені қағыс қалдырмайды.

- Боков - нағыз жігіт, ұрыспайды, сөкпейді. Ал көңілін қалдырдың ба, онда біттің дей бер - сөйлеспей қояды. Сенің бар-жоғың оған бәрібер, - деген Вася Сапарға.

Бірінші рет оперативкаға - бес минуттік жиналысқа - қатысқанда-ақ Сапар болашақ бастықтарын іштей сынап көрген. Жуантық, дөңгелек жүзді цех бастығы бойына ойы шақ ауыр адам екен. Төменнен өскен, тәжірибемен көтерілген, техникум көлемінде ғана білімі бар. Жасқаншақтық, жаңыс баспайын деушілік қорғаншақ, аянкес етпей ме. Көлденең көзге тез шалынғыш адам бойындағы ең бір жағымсыз қасиет те осы болар деп Сапардың іштей түйген түйіні де бар.

Смена бастығы - уақытша адам, қатардағы мастер, бұрынғы бастықтың демалысқа шығуына байланысты жаңа жұмысқа жегіліпті. Бөгденің иығындағы мол пішілген киімді өзіне олқысынатын тәрізді. Қырып-жойып, апырып-жапырып бара жатқаны шамалы.

Сапардың оған ісі түсіп көрген жоқ.

Боковтың жөні бөлек. Көп үндемейді. Көп үндемесе де көптің құрметіндегі жігіт.

Міне, қазір де летканың аузында бурмашинаны[4] жөндеп, мұқалған бұрғысын ауыстырып, жаңасын салып жатқан Сапар мен “біріншінің” жанына келді.

- Иван Сергеевич, қалай? Ағызамыз ба?

- Дайын болды ғой деймін. Ағызуға болады.

Сол екі арада күлімдеп Вася жетеді. Иығында ұзын сүймені бар.

- Кеттік! - дейді.

Бірінші горновой бұрғыны өңештің аузына тура-лайды. Бурмашинаға көлденеңдете орнатқан білік

[4] Бурмашина - моторлы бұрғы.

темірдің екі жағынан темір сүйменмен тіреп бұлар қос-қостан бөлініп алып итереді кеп.

- Бір, екі, күш сал!
- Бір, екі. Аянба!

Зырылдап, ышқынып қалып, бурмашина кілт тоқтайды.

- Серпіл! Баспа!
- Босат! Сәл босат!

Кейін лықсыған бұрғы қайта зырылдайды. Бет-ауыздарына шыны маскаларын баса киіп, құнжыңдасқан төртеу дірілдеген үнмен бірін-бірі қамшылайды.

- Бір, екі, үш!
- Итер!
- Бір, екі, үш!
- Тағы да!

Сүймен ысып кетеді. Қолғаптың әлдебір жыртығынан саусағыңа тисе қарып, күйдіріп жібереді. Ол сөз емес. Дененің ашық жерін шұрқ-шұрқ тесіп, шұбарала еткен шойын ұшқынының қасында қызған темірдің қызуы бұйым болып па.

Бүлк-бүлк қан соғады. Тарс-тарс жүрек ұрады. Бірі құлақшекеңде. Екіншісі - бүкіл тұлабойыңда. Қадірлейтін де, қашып құтыла алмайтының да дәл сол екеуі. Аптап ауаны ыс-ыс қабасың. Сондайда бір жұтым мұздай су болар ма еді...

Сапардың тізелері бүгіле береді. Бүгілгенімен жығылуға болмайды. Әлсіздігін жасыра білу де - азаматтың құдіреттілігінің белгісі болар. Сапар солай ойлайды. Серіктеріне қарайды. Олардың да әрең-әрең шыдап тұрғандарын сезеді. Бәсең үнмен қарлыға айқайлайды.

- Бір, екі, үш! Күш сал!
- Итер! Қимылда!
- Енді кішкене!

Құлақта азынаған шуыл бар. Домнаның гүрілі оның қасында адыра қалғандай. Бітпейді, толастамайды.

- Сақтан!..

Мастердің дауысы.

Бурмашинаны сүйрете-мүйрете кейін қарай опыр-топыр қаша жөнелесің.



Летка - өңеш ашылады.

Алдымен пулемет оғындай кесек-кесек от ұшқын - кокс пен қоқыс ұшады. Ытқып, атқып барып бас арықтың бітер жеріндегі темір қалқанға тарс-тарс соғылады. Содан соң кілкіп, жайлап қоймалжың қою ертінді ірімтіктене жылжып өңештен бері асып түседі де, артынша-ақ лақ ете қалған сұйық шойынның астында қалады.

Балқыманы ағызу басталады.

Қарақұрым түтін будақ-будақ көтеріледі. Шұ-бырып-шұбатылып, үйіріліп-толқып чугуновоз үстінен тік шаншылады да, шиферлі төбеге барып сарт етіп соғылады. Соғылады да, сылқ етіп төмен құлдилайды. Одан кейін маңайды түгел қымтап көк түтін көміп кетеді.

- Сапар, металдың күкірті қандай?

Боковтың ежелгі сұрағы. Қолындағы көк әйнекті көзілдірікте кішкене от-өзен баяу сырғанайды.

- Бұл жолы көп екен. Десульфурация жасаймыз ғой деймін.
- Иә, он бес-жиырма қап сода тастарсың.

Қап ауыр. Шойынның қызуы ғаламат! Түтін иісі сода араласқан қоп-қою сары түтіннің иісі - қолқаны қабады.

Шаршап, солырқап аулақтау барып дем алып тұрған Сапарды әлдекім дауыстап шақырды. Күліп амандасты. Инна Ануфриева екен. Жұлым-жұлым үсті-басынан күйе жұққан бет-аузынан ұялған Сапар теріс бұрыла берген. Күтпеген жерден кездесе кетер деп кім ойлапты. Дәл қазір Иннаға да аздап өкпелі.

- Проба[5] алуға кеп едім.
- Қазір алып берейін.

Бір жарым метрдей сабы бар темір ожаумен арықтан шойынды іліп алған. Іліп алғаны бар болсын, қалыпқа құйғанша бәрі ағып кетті. Ыстық металды көп ұстап қалған ба, ожаудың түбі еріп, ойылып қалыпты.

[5] Проба - металдың сапасын тексеруге алатын жарты килограмдай ғана бөлшегі.

11-205

Ер жігіт қой Вася! Үнсіз кеп жаңа ожау ұстата салды. “Ештеңе етпейді, уайымдама” дейтіндей көзін қысып қояды. Әдетте, пробаны өзі алатын.

- Көрінбей кеттіңіздер ғой. Кешке киноға келіңіздер, - деді Инна кетерінде.

- Иә, иә, барамыз, Инна. Күтіңіз...

**Бесінші тарау**

Сапар ауырып жатыр. Қарнының алақандай жері күлдіреп күйіп қалған. Төсегінен тұрмайды. Саржамбас болып жата берген жанның сарғайған уайым-мұңы да көп болады екен. Қай-қайдағыны дөңгелетіп тірілтіп, түгендеп, түстеп әуре-сарсаңнан бір арылмайды.

Ақжелең желпіген көк түтін... Көз алдында.

Аппақ қыз... Ару қыз... Бұрқ-сарқ қайнаған қазандағы сұйық шойын. Кезек-кезек ауысады. Бір кез... Әсем қыз, ақ желекті бойжеткен ақ шағаладай қалықтап келіп қызыл айдынға бір-ақ сүңгіді. Лүп етіп ақжелең есті. Ақжелең есті де, ақ шөкім бұлтты алақанға сап аялағандай баяу ғана желпіп әкетті. Ақ желең бар, ақ шөкім бұлт бар. Басқа ештеңе де жоқ. Сағыныш-мұң бар. Аңсау-армандау бар. Аппақ жүздің басқа реніш-қайғысы жоқ.

Сапар шошып оянды. Басын көтеріп керуеттің арқалығына сүйеніп отырды. Намаздыгер болып қапты. Көкжиекке шаршап барып шалқалай құлаған күн қып-қызыл. Домнаның шойыны түгел ағып, таусылып біткен қыл өңеш - леткасындай. Сәл-сәлден кейін мың сан ұшқынын шашырата атқылап, апыр-топыр толқындата лекілдей жөнелетіндей көрінеді.

Аулада қыбыр еткен жан жоқ. Қайдан болсын, төрт жағы бірдей тұйық. Кәрі қарағаш оқшау серейеді. Желсіз, тымық кештің қызыл-күрең бояуын жамылып мүлгіп қапты. “Көргенім көп, естіген-білгенім тағы сондай. Ішке жия берем. Құя берем. Сыр шашар мен емес. Шашылып-төгілер арзандықпен аразбын” дейтіндей терезеден үнсіз төнеді.

Сапардың көз алдына және бір суреттер ірімтігі түйдектеліп, тізбектеліп келе берді.



- Смена бастығы келіпті.

- Демалысы бітіп қалған-ау. Кеше ғана кетпеп пе еді?

- Тағы да дікеңдейді десейші.

Адам жаны елеңдегіш ғой. Адам жүрегі махаббат гүлін қалай өсірсе, қалай ардақтаса, сол солған гүлдің, сөнген махаббаттың күлін де ұзақ уақыт ұмыта алмайды. Солған гүлді, сөнген күлді қадірлейді, қастерлейді, тастамайды. Тастай алмайды. Адам әуесқойлығы да махаббат құштарлығынан кем емес. Алдымен су тиген отындай бықсып тұтанады да, сәлден кейін лап етіп дауылдай, дүрілдей жөнеледі. Әуесқойлық та сол. Қауға еркін түскен қара өрт.

Сапар да жаңа бастығын асыға күтеді. Әсіресе, асығатын себебі - бастықтың қазақ екендігі.

Оперативка басталды. Оперативкаға смена бастығы кешігіп келді. Пештерді аралап, тексеріп болып жеткені осы.

Ақ селеу шаш, өңкиген ұзын, жуан дене Сапарға жылы ұшырап сала берді.

- Әбілтай...

Әбілтай дауыс шыққан тұсқа көз тоқтата бірер қарады да, сәл-сәл басын изеп Сапармен сәлемдескен болды. Содан кейін цех бастығына төне түсіп сөйлеп кетті.

- Бұл қалай, Никита Федорович, екінші сменаның бүлдіріп, былықтырып кеткенін тағы да біз жөндейміз бе? Бірін ішке тартып, екіншісін сыртқа тебуді қою керек қой. Сменалық жоспарын артық бере берсін. Құптамасақ, несіне қарсы боламыз. Бірақ шындығы керек, жолдастар. Ануфриевтің сменасы алда. Рас, мойындаймыз. Қалай шықты, несімен ұтты? Соны білеміз бе. Әрине, білмейміз. Никита Федорович, өзіңіз айтыңызшы. Қашанғыға дейін осы біз өгей ұлдың кебінде жүрмекпіз. Бүгін бірінші пеш бес балқыма, екінші үш, үшінші төрт балқыма беріпті. Дұрыс-ақ болсын. Ал соны қалай берді? Екінші пештің шлак ағызатын платформасы қоқыстың астында қалған. Шлаковоз жетіспеген. Міне, соған қарамастан

Ануфриев жолдас қоқысты тұп-тура жолға ағыза берген. Оны кім тазалайды? Тағы да біз. Жолдастар, бұл болмайтын нәрсе. Төзбейтін жағдай. Әркім өз пайдасын ойлайтын болса, заводты тып-типыл етіп өртеп жіберумен тынармыз.Ануфриевтің басындай бас бізде де бар. Сол құрлы есеп-қисап, айла-тәсілді біз де білеміз. Жоспарды біз де артық бере аламыз. Сыйлықтан қашқан жанды көрген емен. Мынау отырған жұрттың қай-қайсысы болса да, қалтасының қалыңдығынан қашпайды. Ендеше, біз де Ануфриевше әрекет етеміз. Біз біреудің бүлдіргенін жөндесек, біздікін де жөндейтіндер табылар, - деп аз-кем үнсіз қалды. Күреңіткен жүзіне шып-шып тер шығыпты. Оң қолындағы умаждап алған қалпағымен бір сүртіп тастады.

- Жолдастар, дұрыс айтам ғой, ә? - деп отырғандарды жағалай шолып өтті.

- Дұрыс, Әбілтай Сұраганович, жүз рет әділін айтыңыз.

- Жоқ! Дұрыс емес. Оған бара алмаймыз. Бармаймыз. - Әбілтай тағы кілт тоқтады. Қара көздері қызыл бұрыш ішін тінте, әркімге бір тоқтап қадалып-қадалып қалып, сәлден соң қайтадан цех бастығына тірелді. - Никита Федорович, Ануфриев сияқтылардың өзімшіл әрекеттеріне жол бермеудің бір ғана жолы бар - ол сменалық жоспардың орнына жалпы цехтық жоспар тағайындау. Сонда ғана әркім бүкіл цехтың абыройын ойлайды. Сонда ғана жұмыстың, жалпы жоспардың орындалуы ойдағыдай болады. Сонда ғана ұрыс-керіс, дау-дамайдан құтыламыз. Менің айтарым осы.

Сапар Әбілтайға дән риза. “Қалай-қалай сөйлейді. Нағыз өндіріс басшысы бопты-ау. Сөзінде жан бар. Әділін айтады.Бір айдан бері Ануфриевтердің сменасының рельске ағызып кеткен қоқысын тазалағанымыз рас. Мәселені төтесінен қойып тұр. Азамат екен!”

Зал іші құлаққа ұрған танадай. Әркімнің өз ойы, өз бүкпесі бар. Жалпыцехтық жоспар деген дұрыс та шығар. Дегенмен әй оған көпшіліктің көне қоюы оңай болмас. Алдымен Ануфриев шыға келер айқайлап.



Бұлардың да сменасы алға үзіліп кетпегенімен құйрық тістесіп қалыспай жүрген жоқ па. Сонда анау қалған екі смена әсіресе, Булгаковтың жоспарын өмірінде бір орындап көрмеген сменасындағылар ақшаны бірдей бөліспек те.

Цех бастығы үнсіз. Не айта қойсын. Бұл шеше қоятын мәселе емес. Директор, партком, завкоммен келісіп бір байламға келетін қиын түйін.

Әбілтайдың араласпайтын, қатыспайтын жері жоқ екен. Онысын Сапар алғашқы күні-ақ көрді. Үш домна пешінің арасында жүгіріп жүргені. Көрмейтіні, елемейтіні болсайшы. Балқыма ағызып жатқанда түймең салынбады ма, ерінбейді - өзі келіп салып береді. Сүйменің тұқылданып қала ма, ұштатып әкеледі.Чугуновоздардың науаның астына тура тоқтауына шейін қадағалайды. Әйтеуір, қай уақта байыз табатынын, дәйек табатынын өзі білсін. Дауысында зіл жоқ. Бірақ кеңесі - ұрыстан артық. Соны сезген Сапар әлденеге іші опырылып қалғандай бұрынғы көршісінен, бүгінгі бастығынан қашқақтап, көзіне көп түспеуге тырысады.

Әбілтай сонда да Сапарды өзімсініп, әріптестік ыңғай танытып іш тартпақ болады. Кездескен сайын иығынан қағып қалып, хал-жай сұрап іші-бауырына кіріп бара жатады.

Сапар жұмыстан соң душқа түсіп, айнаның алдында шашын тарап тұрған. Әбілтай асығыс келді.

- Бірге қайтайық, коллега.
- Жарайды.
- Сен мені азырақ күте тұрарсың.
- Күтем ғой, Әбілтай Сұраганович.
- Әй, екеуміз ресми сөйлеспейтін болайық. Келістік пе, - деп Әбілтай бұны иығынан салып қалды.

* * *

“Не үшін сүйеміз, жақсы көреміз? Не үшін жек көреміз, қастасамыз? Жүректе сөнбейтін екі-ақ нәрсе бар. Бірі - махаббат. Екіншісі - өшпендшік. Сүюің де, жек көруің де содан болар”.

Сапар қыбырсыз, қимылсыз жатыр. Қатты қозғалса күйген жері ауырады. Сол күйіктің нағыз бір қитұрқы, қиянқы жерге қоныс тепкенін қайтерсің.

Қимыл жоқ. Қимыл-қозғалыс болмағанымен қаумалап қоршап алған ой көп.

"Махаббат деген не? Дірілдеген икемсіз еріннің әлсіз сыбыры - құмарлықтан ғана туатын желұшық қана бірдеме ме? Өткеннің естелік-әңгімесі, әсірелеу-қиялдауы жаңғыртып оятқан құдірет сезім, тірлік болмыста кездеспейтін ақ қанат арман ғана емес пе екен?!"

Инна... Матвей Константиновичтің немересі. Смена бастығы Ануфриевтің қызы.

Инна демекші... соңғы кездері Сапар сол қызды көп-көп ойлайтын боп алды. Мүмкін онымен жиі-жиі кездесетінінен де болар. Әйтеуір, қыз бейнесі көз алдынан бір кетпейді.

Кездесе қалса екеуінің әңгімесі айтысқа бергісіз.

Бірінің ұнатқан ақынын екіншісі жақтырмайды.

Кино туралы кереғар пікірлері бар.

- Осы біз неге таласа береміз? Екеуміз де студентпіз. Айырмаймыз - мен сырттай оқимын. Көрген-түйгеніміз де шамалы. Сен мен сияқтысың. Ал мен дәл сендеймін. Бірақ таласымыз бір бітпейді, - деген бірде Инна.

- Мүмкін менің азиялық болуым - бәріне кінәлі шығар.

Әзілдеп айтқан. Ойында бүкпесі жоқ еді.

- Менің азиатым бәрінен артық.

Инна тез сөйледі. Сөйлеп тұрып Сапардың қара бұйра дудар шашын сүйріктей саусақтарымен салалап тарап, ұйпа-тұйпасын шығарып жіберді...

Сол сәт... Сапардың өнбойын құйындай үйіріп ыстық толқын соғып өтті. Чугуновоздың үстінен тіп-тік көкке өрлейтін будақ-будақ қарақұрым түтіндей...

Құшақтай алуға шақ қалған. Әрең-әрең тежегенді өзін.

"Махаббат деген сондағы алақұйын сезімі ме екен? Ойнақы ғана тентектік болса ше. Мүмкін сол қимылы, сондағы өзімсінуі - бар сыры, бар шыны болар ма еді."

Ануфриевтің үйіне жиі баратын. Үлкен, кең ауласы



бар, металлургтер поселкесінің шығысында, завод пен екі ортадағы бау-бақшасы мол әдемі коттедждердің бірі. Обермастер Матвей Константиновичке тиген бұл үй - Ануфриевтер әулетінің сенбі сайын бас қосатын қасиетті мекені.

Алғаш кездерде тосын көздерден тайсақтап, көбіне көп оңаша бұрышқа тығыла түсіп, Сапар айқай-шуы, күлдіргі әзілі көп кешті бұйығы өткізетін. Бара-бара оған да үйреніп алды. Уақыты жақындап, практикасы бітер сәт таянған сайын әлденеге тынышсызданып, әлденеге өз-өзінен дегбірсізденіп қалатын болып жүр. Онысы - мына үйреніскен қонақжай мекенді қимаудан ба, әлде осы гүл бақшалы үйдің көркі - перизат қызды ұната бастаған жүрек дірілінің қоюлануынан ба, білмейді.

Бірер сенбіні бос өткізген, бармаған. Бармағаны құрысын. Еш жерге сия алмай, кешті әрең өткізгенді. Әрі-беріден соң Әбілтайдың үйіне кетті.

Әбілтай жастар жатақханасында бір бөлмеде жалғыз тұратын. Әлі үйленбеген. Сүрбойдақ. Дүние-жиһаздан жинағаны - кітап қана. Бір қабырға толған сөре. Өзі үйінде екен.

- Кел, Сапар! Төрлет! - деп орнынан жылдам көтеріліп, қолын созды. - Осылай келіп тұрсаңшы. Қанша дегенмен бір институттың түлектеріміз. Ал сен отыра тұр. Мен дүкеннен жейтін бірдемелер әкеле қояйын. Бойдақтық деген осы. Үйде ештеңе тұрмайды.

- Қайтесің, Әбілтай, жай әңгімелесуге келдім. Ештеңенің қажеті жоқ.

- Сөзді қой, жігітім. "Қуыс үйден құр шықпа" деген ата қазақ жолы бар. Көзді ашып-жұмғанша осында болам. Зеріксең, мына кітаптарды қарай отыр. Кішігірім кітапханаңнан кем емес.

Әбілтай шығып кетті.

Сапардың кітап оқуға да зауқы соқпады. Көз алдынан Инна кетер емес.

"Осы біздікі рас па? Шынымен бір-бірімізді сүйеміз бе? Сүю деген не сонда? Ойы бір, мақсат-мүддесі бір, тілек-талабы, талғамы бір жандардың бір-біріне ұмтылуы ма екен? Ондай болса Инна екеуміз ұғыныса, түсінісе қойдық па?"

Әбілтай тез оралды. Құшағы толы. Екі қалтасынан шөлмектің бастары қылтияды.

- Отырайықшы бір...

Түн ортасы ауып барады.

Екіленген үндер бірін-бірі көміп-көміп кетеді.

- Заводқа барасың ғой, Сапар?

- Заводқа барам. Емін-еркін көсілетін нағыз плацдарм сол, - деп Сапар күлді. Бір кездегі Әбілтайдың сөзін ұмытпапты. Өзіне қайталап айтты. Анау оған мән берген жоқ.

- Дұрыс! Бізге кел онда. Көріп жүрсің, атағым әзірше жаман емес.

- Оны көрерміз, - деп Сапар екі ойлы жауап қатты.

- Несін көресің. Кешікпей кандидаттық диссертациямды қорғаймын. Сонан кейін цех бастығы мен болмағанда, кім болмақ. Не қалайсың, бәрін жасаймын.

- Диссертация деймісің?..

- Иә. Қарап жүрген жоқпын. Институтта шалбарының құйрығын тоздырып, әр кітаптан бір көшіріп жүрген аспиранттарыңнан әлдеқайда тез қорғамасам, оң қолыңды бері әкел, - деп Әбілтай стаканын көтерді. - Үміттердің орындалуы үшін!

- Жарайды.

- Сен енді маған бірер жыл уақыт бер. Сонда көресің, о-о көрсетем мен әлі...

Сапар үндеген жоқ. Әбілтай сөйлеп отыр. Ішкіліктен бе, қызу. Есесі кеткен, ұпайы жоғалған адамның қомағайлығы, қызғанышы мол қыжылды жүрек жарды әңгімесі қандай татымсыз естілуші еді. Ызыңы, шуылы ғана жетеді. Мағына-мазмұны тасқа соққан жаңғырықтай құлаққа кірер емес. Сапар сілкініп қалды. Дудар шашты басын шынтақтаған қолына төсеп қарсы алдындағы серігіне барлай көз тастады. Ақ селеу, сұйық шаш аққұба әдемі өңді аша түседі екен. Жұқа қыр мұрын алакеуімде қарауытып, тұңғиықтана мөлдіреген тостаған көлдердей қос жанардың ортасына түп-түзу боп құлаған. Маңдайы таң шапағына шомған қырқадай. Қып-қызыл еріндердің көбесі сөгілгенде қарауыл қарағандай алтын жалатқан күрек тістер сығалайды. Бір көргенге әдемі-ақ. Көздің жауын алғандай сұлу кескін. Бірақ Сапарға



ұнаған жоқ. Сырт сұлулығы іш қаралығымен үйлеспейтіндей көрініп, өзгеріп күңгірттеніп сала берді.

- Әбілтай, махаббат деген не?

- Жалғыздықтан қашып, мұңдас көңілдің үндестігін іздеу ғой ол.

- Қалай?..

- Өмірдегі жұмағы, идиллиясы - семья деп ұғатын ерлі-зайыпты екеудің күнделікті саудаласуы, ұнатуы мен жақтырмауы, керісуі мен татуласуы.

- Тек қана сол ма?

- Ол аз ба? Тыңда онда. Қуыс-қалтарысыңда, бүкпе-қыртысыңда өзің білмейтін кемістік-кемшілігінді жұбайыңның күн өткен сайын кен қопарғандай аршып алып, көз алдыңа көлденең тосуы ол. Бойыңдағы мініңді, ойыңдағы кеміңді бадырайту. Бәріне төзесің. Төзбесең, әйел жанының жұмбағын шешпек болсаң, жығылған үстіне жұдырық, сенен жексұрын, сенен өткен қатыгез пенде табылмайды. Махаббат деген сол. Махаббаттың құлдырауына, сөнуіне, өшуіне тек қана кінәлі - әрқашан да еркек. Әрине, әйел көзімен қарасаң.

- Өзің сүйіп көрдің бе?

- Соншама мені түк сезбес өгіз ғой деп пе едің. Сүйгенмін.

Сапар серігін түсініп болардай емес. Түсін мың құлпыртқан хамелеондай бір ұстатпайды. Аяқастынан тағы бір қырын ашып салып “менің мынандай астарым да бар” деп қарап отырады.

- Е-е, неге үндемей қалдың? Кел, махаббат үшін көтерелік те, сонымен доғаралық. Дем алу керек, - деп Әбілтай түрегеле беріп, стаканын созды..

- Махаббат үшін!..

“Махаббат үшін ішуге болады. Қиялға қызықтау, елеске еміну емес, шындыққа табынудан ғана туған ыстық та құдіретті сезім шығар ол. Жоқтан бар тумайды. Сағымнан сағыныш қана өрбиді, салтанатты сарай орнамайды. Дауыл ғана телегей теңізді сапырады. Теңіздей толқытатын сезім серпіні дүниеде болмауы мүмкін емес. Ендеше тірлікте махаббаттың да бар болғаны.

Махаббат үшін көтеруге болады”.

### Алтыншы тарау

Қырқадан ай қылаң етті. Қып-қызыл, үлкен диірмен тасындай.

Тіп-тік көкке өрледі. Өрлеген сайын сарғайып, кішірейіп кеміп барады.

Сапар балконда тұр. Цех іші ысып кеткен соң түнгі самалға желпінуге шыққаны сол еді, бірінші горновой айқай салды:

- Шойын ағызатын уақыт болды.

Сапар асыға жүгіріп ішке кірді. Әбілтай да, Боков та летканың қасында екен.

- Қайда жүрсіңдер? Вася қайда? - деді мастер.
- Вася тамақтануға асханаға кеткен болар.
- Тездетіңдер! Болыңдар! Сәл кешіксек шойынның температурасы асып кетеді.

Әбілтай асықтырып барады. Осы айда смендық жоспарын Ануфриевтен асырмақ боп жанталасып жүр. Вася жоқ. Онсыз үш адамның бурмашинаға шамасы келмейді. Екінші горновойдан қайыр жоқ. Ол шлак ағызатын леткадан өмірі босамайды.

- Кел, әкеліңдер. Тездетейік. Сапар, маған бір сүймен тауып берші.

Әбілтайдың айқайы басым болғанмен, қол ұшымен көмек бере қоймайтын. Қазір еріксіз көмектесуіне тура келді.

Сұйық шойын лақ етті. Құйындай үйіріліп, арық қуалап жүгірген қарақұрым түтін чугуновозға барып тірелді де, аспанға көтерілді...

Асығып Вася келді. Шала тамақтанып жеткен бойы. Әбілтай қасына шақырып алып, ұрсып тұр. Көзіндегі ызғарлана жалт еткен бір шоқ мына лапылдап, алаулап, ұшқындап жатқан цехтың бар отынан да сұсты зәрлі көрінді.

- Қайда жүрсің? Неге кешіктің? Осы сен жұмыс істеуге келесің бе, жоқ әлде уақыт өткізуге келесің бе. Бұл ара ырду-дырдудың орны емес. Бұл жер - домна! Қиқаңыңды көтере алмаймын. Істегің келмесе - есеп айырыс та, табаныңды жалтырат! - деп Әбілтай Васяның екі аяғын бір етікке тықты. Горновойдың қуақы жүзі сәтке бозарып, сұрланып сала берді.



- Бар! Сода таста! - деді Әбілтай оған.

Вася бұрылып, жөнеле берген. Смена бастығының аяқ астынан бұрқан-талқан бола қалатынын жақтырмаушы еді, түтігіп кетті. Уақытты есептеп, асып-сасып тамақ ішіп жеткені де осы еді, летканы тез аша қояр деп ойламаған. “Самодур!” деп күңк етіп іштей қырыстанып барады. Асыққан жігіт арық үстіндегі алмалы-салмалы көпірге бұрылмай, төтесімен шойынның үстінен аттай берген... Оң аяқ тобыққа дейін сұйыққа, сұйық отқа күмп ете қалды... Ұмар-жұмар, бірер жалғыз аяқтап секіріп барып, құлап түсті.

- Вася-а-а!

Сапар шыңғырып жіберді.

Әлдеқайдан сирена ұлыды.

Жұрт жиналып қалды.

Әбілтай айқайлап, кимелеп жүр.

- Өзі кінәлі. Өзі ғана! Көпірден неге өтпейді...

Ешкім үндеген жоқ.

Үлкен ботинканың жұқанасы ғана жатыр. Тобықтан төмен жерде қаракүйелеген шоп-шолақ бірдеме қараяды. Қарауға қорқынышты...

Сапар көп қарауға дәті шыдамай шеттей берді. Шегіншектеп, аулақтап шығып, көз алды тұмантып бей-жай тұр.

Алқымына жас тығылды.

Көз алдына жымия күлген Вася оралды. “Перекур” деп кеудесін толтыра дем алып, бұрынғысынша әндете созатындай. Содан кейін темір плитаға шығып, “цыганочкаға” басты.

Кенет... “Цыганочканың” орнына ақсақ киік орғитындай болғаны несі... Вася ғой!.. Шоқырақтап жүр ғой. Қайран Вася!..

Сапар үн-түнсіз қыбырлап жүр.

Сменаның аяғына әрең шыдады...

Шығысымен ауруханаға барды. Халық көп. Палатаға кіргізбейді. Әбілтай да сонда екен. Екеуі көшеге бірге шықты.

- Көрдің бе ЧП-ны. Үш жылдан бері ешқандай оқиғасыз, айқай-шусыз келіп ем. Енді қоймайды. Қалмайды. Кінәлі тағы да - мен. Әрине менен көреді. Кім көрінген үшін сөгіс естіп жүр енді. Жо-жоқ!

Көнбеймін. Қаңғалақтаған көбелектей ұшып-қонған бір сүмелек үшін ауыздағы астан айырылар жайым жоқ, - деп қызына сөйлеген Әбілтай Сапардың қолынан ұстай алды.

- Немене?

- Сапар, екеуміз жарты нанды, кепкен нанды бөле жеп екі жыл бір бөлмеде жаттық. Жүз жыртысқан жеріміз жоқ. Сені туған інімдей көрем. Болар іс болды. Енді мың жерден даурыққанмен күйген аяқ орнына келмейді. Жігітке обал болды. Қайтерміз, одан да бас арашалаудың қамына кірісейік. Сенен өтінішім: бір рет жақсылық жаса. Мастеріңе Вася буфеттен арақ ішіп келді, аузынан мүңкіп тұрған еді деп елеусіздеу білдіріп қой.

Сапар түтігіп кетті.

- Жексұрын!

- Әй, не деп тұрсың! - деп Әбілтай қалт тоқтады.

- Оңбаған екенсің! Жауызсың! Сенің адамға жаның ашымайды! - деп Сапар өршелене айқайлап жатыр.

- Көкеңді танытайын! Жауыз екем ғой! Мә, онда сыбағаң!

Әбілтай құлақшекеден сарт еткізді. Сапар тәлтіректеп, құлап барып, түзелді. Бұ да ұмтылды.

- Жауызсың! Адам емессің!

Әбілтай ұрған сайын ырсылдайды. Өзі де жұдырық иіскеп жүр.

Қайдан сап ете қалғаны белгісіз, Инна араға түсті. Кішкене қолдарымен Әбілтайды кеудеге түйгіштеп-түйгіштеп жіберіп, Сапарды құшақтай алды.

- Жүрші, Сапар! Кетейікші.

Әбілтай енді қарайламады. Қан аралас түкірігін секірте түкіріп тастап, ентіге дем алып кете барды.

- Сапар, жүр біздің үйге барайық. Көйлегіңді жамап берейін.

Инна Сапарды өз бөлмесіне кіргізіп, қолына альбом ұстатты.

- Мынаны қарай тұр. Қазір келем.

Сапар альбомды қарап отыр.

Обермастердың жас кезі... Қияқ мұрт, жылтырата тараған қою шашты әдемі жас жігіт күлімсірей қарайды. Міне, уыздай бойжеткенмен бірге түскен



суреті. Екеуі иықтарын тиістіре уайым-қайғысыз жайраңдап отыр. “Қалыңдығы болар.”

Инна бөлмеге енді. Сапардың оң иығына басын сүйіп альбомға үңілді.

- Инна, мына қыз кім?

Сапар Иннаға бұрылды. Бұрылды да, көзіне жас үйіріліп, булыға жылап отырған құрбысын көрді.

- Инна, саған не болды! Неге жыладың?

- Жай, әшейін...

- Инна, неге ренжідің? Айтшы. Сүртші жасыңды.

- Қазір... Мынау, мы-нау атам... А-ал, қасындағы... - булыға өксіп еңіреп жіберді.

Біраздан соң солығын басып, Инна әңгімесін бастады.

1916 жылдың қоңыр күзі. Бірінші дүниежүзілік соғыста әбден титықтаған Россия жалғыз сиырын қақтап сауған шаруадай кішкене металлургия заводының түтінін бұлтты аспанға будақ-будақ шұбатып жанталасып жатыр.

Матвейге ол кезде он сегіз жас толған. Домницада істейді. Кең жауырын, еңгезердей жігітті акционерлік қоғамның қожасы швед Енудсен қолтығына тартып, алдап-сулап қоятын.

Заводтың іргесіндегі тарыдай бытыраған поселокте бүгін той бар. Ертеңнен бері бір тынбаған айқай-шу, күлкі-қалжың бейуақ кешке сол қалпында енді.

Ануфриевтердің кішкене үйінің желкесіне қас қарая үш ат жеккен арба тоқтады. Ортадағы қанжиреннің доғасындағы жез қоңырау сылдыры сыңғырлап күлген қыз үніндей жаңғырып барып басылды.

Осы кезде үйден екі-үшеу тысқа шыға берген. Қалыңдық пен қалыңдықтың құрбылары екен. Айналып, ауладан өтіп бара жатқан қыздарға ту сыртынан әлдекімдер тап-тап берді. Тап берді де, қалындықтың басына қара жабуды бүркеп жіберіп, тік көтеріп арбаға атып ұрды. Қыздар шуылдап, айқайға басып үйге жүгірді.

Түптегі қан жирен шіреніп барып, қозғалып кетті. Бірте-бірте құйғыта шапқылап, күймелі арба көзден ғайып болды.

Той топалаңға айналды. Қалыңдық қолды болғанда

қызық-қуаныштан қандай береке қалмақ. Қызу тобыр тайлы-тұяғына дейін шұбырып, із кесуге аттанды. Жерден тартып, көктен сүйретіп түсіретіндей шиыршық атып, екшеніл-екіленіп кетіп түнеріп-түтігіп оралып, қайтадан самогонға бас қойысты. Сыбызғылатып жел басталды. Түйдек-түйдек бұлт көшіп, қыламықтап қар жауды. Қыздан әлі сыбыс жоқ. Ұшты-күйлі жоғалды.

Ымырт түсіп, түн жетті. Хабар жоқ.

Поселок жанындағы завод жұмыс істеуде. Кішкентай домница өз әлінше гүрілдеп, ысылдап шойын балқытып жатыр.

Түн ортасы ауа домница ағытылды. Шойын ағызылды. Маңайды түтін бүркеп алып кетті.

Төменде, үлкен қазанда, шойын бұрқырап қайнап, толып бара жатты.

Осы кезде түтіп арасынан біреу шыға келді. Тұп-тура қара қазанға беттеп барады. Ыстық қазанда бұрқ-сарқ шойын қайнап жатыр.

Горновойлардың бірі әлгіні танып қалды.

- Глафира... Глаша-ау, тойың қайда? Матвей сені жалғыз жібергені несі. Не ғып жүрсің?

Глафира бір сәт тоқтай қалды. Тоқтай қалды да әлгі дауыстаған жігітке ұзақ қарады. Жанарына жас іркіліпті. Әлденені айтқысы келетін тәрізді.

Содан кейін сәл ғана басын изеген қыз қазандағы отқа бір-ақ ырғыды.

- Тоқта!
- Глаша-а-а! Глафи-и-ра!..
- Құдайым-ай! Секіріп кетті.
- Не болды?!
- Неге тоқтадыңдар?
- Жап! Бекіт! Өңешті тығында!
- Тоқтама! Бекітпе! Аға берсін!
- Біте, деймін, өңешті!

Жұрт жиналып, топырлап қалды. Бір шеттен жайлап басып обермастер швед келді.

- Не болды? Неге тоқтадыңдар? - деп тісін шұқып тұр.

- Қыз құлады... Глаша, Глафира Неклюдова қазанға түсіп кетті.



- Қайдан жүрген қыз ол? Кім ол?

- Қайдан жүргенін білмедік, мырза. Бүгін үйлену тойы еді. Матвей Ануфриевтің қалыңдығы ғой. Мана той жасап жатқан-ды.

- Мен айтады. Шулама! Жұмыс істе айтады. Орын-орынға бар!

- Жоқ, мырза! Болмайды оныңыз. Поселокке хабар беру керек. Білесіз бе, бұл - өлім ғой. Қандай өлім! Сұмдық нәрсе! Тегін емес!

- Иә, істемейміз. Қазанда Глашаның сүйегі бар.

- Қазанда - фосфор. Мен біледі фосфор. Басқа жоқ. Глаша - түтін. “Уф” - ұшып кетті. Глаша - жоқ. Мен айтады, жұмыс істе!

- Ағайындар! Тыңдамаңдар! Істемеңдер! Мынау қорлығыма көн деп тұрған көпе-көрнеу зорлық қой. Қара қазанда қарындасыңның мәйіті жатыр. Кім білсін, қарғыс тілегін арнап кеп тапқан тыныштығы - сұйық шойынның құшағы шығар. Қорлық тірліктен бездірген қиянаты шығар.

- Істемейміз!
- Алмаңдар тілін! Қорықпаңдар!
- Өлігіңді қайтсін!
- Өлмесең өрем қап дейді бұлар!
- Сережа, сен жүгір! Поселокке хабарла.

- Мен бұйырады! Жұмыс істе! Әйтпесе, сендер соғысқа кетеді. Бәрің кетеді.

- Кетсек кетерміз. Соғысыңмен бізді қорқыта алмайсың. Қорықпаймыз оныңнан. Ал мына қазанға енді шойын ағызбаймыз. Онда Глаша бар.

- Сен айтады ақымақ сөз. Глаша - жоқ. Глаша - хаос. Глаша - түтін. Онда фосфор ғана. Аз-аз фосфор. Тырнақтай фосфор. Глаша - жоқ. Шойын ағызу - жақсы, жұмыс істе айтады мен.

- Жұмыс жақсы болса, өзің-ақ істе. Үйірге қосар асыл тұқымды бұқадай күдірейген жуан мойның бар, төрт-бесеудің жұмысы бір өзіңнен артылмас. Ал Глашаға тиіспе. Бар Глаша. Рухы ұшып кетті, оған таласпаймыз. Қазанда денесі, сүйегі бар. Қара жердің қойнына тапсыру біздің міндетіміз. Сүйегін қорлата алмаймыз.

- Сен мені түсінеді. Айтамын. Фосфорлы

шойыннан зеңбірек құяды. О-о, жақсы зеңбірек құяды. Мен айтам. Зеңбірек көп-көп керек. Соғыс! Ақша керек... Россия соғысып жатыр. Зеңбірек жетпейді. Біз зеңбірек құяды.

Шойынды ағыз айтамын.

- Жоқ. Зеңбірегіңмен қоса қирайын деген екенсің. Көнбейміз енді.

- Тыңдамаймыз!

- Жетті! Төзе-төзе шыдам да таусылды.

- Полиция!.. Сақ болыңдар!

Цехқа бір топ кіре берді. Алдында Енудсеннің өзі. Шала ұйқы көздері зәр шашып, кірпиязданып қадалады.

- Не болды? Неге тоқтаттыңдар! Пеш суымасын.

- Тыңдаңызшы, Енудсен мырза! Мына қазанда Глашаның сүйегі бар. Адамның сүйегі бар. Тірісінде талай қорлық-қорлауға кездескен болар, енді осы пақыр мұңлықтың өлігін, өлі аруағын қадірлейік, қорламайық. Бұл қазанға енді шойын ағызуға болмайды. Қазандағы шойынды - Глафира Неклюдованың мәйіті деп жерлеуіміз керек. Сізден сұрарымыз осы ғана. Тілегімізді орындасаңыз, пеш те суымайды, жұмыс та тоқтамайды.

Енудсен кең маңдайын жібек орамалмен сипай сүртіп, ыңыранып қалды.

- Бұл қыз қалай келген?..

- Білмейміз. Балқыманы ағызып жатқанда түтін арасынан шыға келді де, кідірместен қазанға бір-ақ секірді. Бүгін тойы еді өзінің. Матвей Ануфриевтің қалыңдығы болатын. Поселокке хабарға жібертіп едік. Келіп те қалар...

Сол арада Матвей бастаған тобыр да жетті. Естіп, біліп келсе керек, бәрі қазанға төнді. Содан кейін Матвей Енудсенге бұрылды.

- Үш ат жеккен есік алдында тұрған күйме сенікі ме?

- Иә, менікі. Менде күйме көп.

- Онда Глашаны да өлтірген сен екенсің. Жауыз! - Матвей Енудсенге тап берді. Қасындағы жолдастары жібермей ұстап қалды.

- Оны күндіз менің ұлым мініп еді, - деп Енудсен



жан-жағына жалтақтай қарап тұр. - Өзін көрген жоқпын. Бір жақта жүрген шығар.

- Өлтіремін оны, - деп Матвей ызадан қалш-қалш етіп отыра кетті.

- Өлтіру керек! Құрту керек шетінен бәрін!

- Дәл осы мырзаның қанішер ұлынан келген кеп бұл.

- Былтыр да Андрюханың солдаткасын орманда зорлап кеткен.

- Тыңдамаңдар! Лақтырыңдар шойынға! Бәрін тегіс лақтырыңдар.

- Қанға қан!

- Кекке кек!

Лепірген қызу топ, кектенген ызалы жұмыскерлер даурығыса айқайлап, әркім әр жерде жатқан бір-бір кеспелтек темір сүймендерді тауып алып, полицияның қоршауында тұрған Енудсендерге төніп барады.

Ортаға обермастер шықты.

- Мен айтады сендерге. Тоқтаңдар! Келіседі біз. Көп ақша береді. Шойында фосфор бар. Глаша жоқ. Глаша рухы - түтін. Ұшты-кетті. Жұмақ кетті. Біз зеңбірек құяды. Енудсен мырза Глаша памятник-постамент қояды. Забастовка жоқ. Жұмыс бар. Жұмыс керек. Сендер ақша керек. Матвей ақша керек. Матвей ақша алады. Глаша жоқ. Глаша - хаос, стихия. Матвей қалыңдық табады. Басқа қалыңдық. Мен айтады, шулама!

- Тыңдамаңдар былшылын. Дұрыстап сөйлей алмай тұрып, ақыл үйретпек. Ақшаға сатылған өздеріндей көреді ғой елдің бәрін. Анау ақ періште қарындасыңнан жаның ардақты емес. Шошымаңдар да жасымаңдар!

- Тараңдар! Тараңдар, әйтпесе...

Полиция бастығы айқай салды.

- Тараңдар! Әйтпесе, қару қолдануға мәжбүр боламыз. Ақырғы сөзім бұл.

Іркіліп бөгеліңкіреп қалған топтың ішінен манағы горновой ілгері шықты.

- Жолдастар! Тынышталыңдар! Айқай-шумен орыс қоғамдық құрылысын, тірлік-болмысты өзгерте алмайсыңдар. Оны өзгертудің жолы бар. Өзгертетін

және біз боламыз. Соған апаратын да, жеткізетін де мына Енудсен мырзалар, осы мырзалардың қол-шоқпары - мына жандармдар. Ақиқат, әділет жолы шын ұлдарын тайдыра алмайды. Олар көп. Халқының, отанының бақытсыздығын жанымен түсінген, ұғынған ұлдарын тоқтатар күш жоқ. Айқай-шуды, даурығуды тоқтатайық. Даурығу, дабырласу - күрес жолы емес.

Енудсен мырза, қайтыңыз. Жұмыс тоқтамайды. Қазандағы шойынды Глафира Неклюдованың мәйітіндей қастерлеп жер-анаға тапсырамыз... Біздің де ақырғы сөзіміз осы!

* * *

Инна үнсіз қалды. Сапар да мүлгіп, қалың ойға шомып кетті.

"Өлім... Өлімнің түрі көп. Өлгендер қайтып келмейді. Қайтып келмеген соң, ешнәрсе айта алмайды. Өлген адамның ештеңе айтуға шамасы жоқ.

Өлімнің түр-түрі көп. Ауырып өледі, қиналып өледі. Күліп өледі, жүріп бара жатып өледі. Оқтан өледі. Соғыста өледі. Суға батады. Уланады. Бәрі бір өлім. Өлімнің артық кемі жоқ. Барлық өлімге аза тұтамыз. Өшкен рухына жас төгеміз.

Қолапайсыз, өрескел, адам ойы сенгісіз өлім бар. Бір сәтте жоқ болып кету, түтін боп ұшып, сейіліп кету - қиын. Сөнген оттың күлі қалады. Семген жанның денесі, сүйегі қалады. Оттан жарық та, түтін де шығады.

Өлім?.. Өлім деген не? Тірілер үшін ғана ой елегінде жылтыраған шоқтай елес берген қорқыныш па? Торықтыру ма? Өлілерге "өлім" деген ұғымның керегі жоқ. Олар оны сезбейтін де шығар.

Өлім?! Кімге, қандай керегі бар? Глафираны әкеткен өлім бе? Өлім болса, сүйегі қайда, денесі қайда? Шойыннан, металдан құба талдай нәзік мүсін қайта жасалар ма, қайтадан өз қалпына оралар ма? Ендеше өлім неге керек. Бүгінгі тірлікті күні ертең өшіру, сейілту, мәңгілікке жоғалту үшін ғана ма?

О дүниеден сескенбейтін жан жоқ шығар.



Жалғыздық, қаратүнек жалғыздық кімді де болсын қорқытады ғой. Өлілер сезе ме екен? Сезетін болса, жалғыздыққа шыдар ма?

Глафира ше? Оның мәйіті де қалмады ғой. Ол қайтпек?!"

Көз алдына көлденеңдеп тізіліп қаралы тобыр келеді. Ұбақ-шұбақ шұбырып молаға қарай бет алған...

- Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойын қара жердің астына түсе берді.

-Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойында - он-ақ мысқал қыз мәйіті бар.

- Аллилуйя... аллилуйя...

Он тонна шойында - он алты-ақ көктемнің қуаныш-қызығы қалды.

- Тәңірі, өзің жар бол, тәңірі, өзің жар бол...

Бауырымен жер сызған күзгі қара бұлттан бозторғай төмен құлдилайды. Қайтадан жоғары атылады. Таң алдында ғана сайрайтың жұдырықтай бозша құстың дәл қазіргі аласапыран қимылы - сонау он тонна шойында еріп кеткен ақ періште қыздың қалықтап ұшып жүрген жүрек дірілі ме екен? Көз жасы мен шық тамшысындай мөлдір жүрегі сол ма екен?..

- Тәңірі, жар бола гөр, тәңірі, жар бола гөр...

Алыстан талып жетіп қоңырау сыңғыры естіледі. Азан-қазан азынаған шіркеу азаны ол. Талықсып, шаршап барып дала тыншиды. Ауа қозғалысы саябырсиды. Бәйек тапқан демдей. Мәңгілік тоқтаған он тонна шойындағы талшыбық жас тірліктей. Жас өспірім ғұмырдай.

- Тәңірі, жар бола гөр, тәңірі, жар бола гөр...

Дың-дың-дың!..

Зың-зың-зың!..

Әлсіреп соққан шала жүрек соғуы ма?

Бүлк-бүлк ұрған қан тамыры ма?

Жоқ! Шымырлап тұла бойға азалы күйік енгізіп тарап жатқан қоңырау үні. Шіркеу азаны...

- Аллилуйя,,, аллиуйя...

"Он тонна шойын - он батпан қарғыстың айғағы. Он батпан көз жасының сорғалар, сарқылар арнасы. Көз жасынан пайда не? Көз жасы - қорғасыннан ауыр. Қорғасындай оқ болмайды бірақ. Көз жасы оқ болса,

дүниеде қастық пен қастандық қалмас еді. Көз жасын тірілер ғана көреді. Өлілерге пайдасы жоқ. Олар көре алмайды. Олар көрмейді. Ендеше көз жасының кімге қажеті бар? Алдау үшін, арбау үшін жас төкпеу керек...”

- Тәңірі, жар бола гөр, тәңірі, жар бола гөр...

-Аллилуйя... аллилуйя...

Қара жолдың қасқайып барып тірелер жері - зират па? Қабірдегілердің қарекеті - үндемеу, мелшию, тырс етпеу ме?

“Он тонна шойын - он қызыл гүлді төсіне қысып жер астында қалып барады. Он қызыл гүлдің керегі қанша? Он қызыл гүлдің орнына он тамшы қан құйса қайтер еді. Қан мен гүл неге бір түстес? Он тонна шойында он тамшы қызыл қан бар ма екен?”

-Аллилуйя... аллилуйя...

“Қоштасу керек. Кіммен қоштасады? Он тонна шойында он саусақтың ізі болса екен-ау. Оймақ еріннің белгісі болса екен-ау. Жоқ. Бірі де жоқ. Ендеше, қоштасудың қажеті қанша? Суық шойын - суық дене емес қой. Қаны қашқан, кірпігі айқасқан сұсты мәйіт те емес. Кіммен қоштаспақ? Кімді азаламақ?”

- Тәңірі, жар бола гөр... тәңірі, жар бола гөр...

“Үнсіз, дыбыссыз күбірлеген еріндер неге бүрсеңдейді? Еріндер неге жыбырлайды? Сүйе білген ерін жылай да біле ме? Жылай білген ерін сүюге ынтық па?

Сүю деген не? Жоқ болып құрып кетуге - өлімге деген тірінің әлсіз бұлқынысы ма? Махаббаттың тұрағы қайда? Өліммен бірге ол да қоса жоғала ма, ізсіз-тозсыз ғайыпқа сіңіп, құрып кете ме?”

- Аллилуйя... аллилуйя...

“Өмірде жете алмайтының көп. Жеткізбейтіндер көп. Асығасың да жүресің. Асықпайтын күнің жоқ. Уақытында жететін, дәл басатын өлім ғана”.

Он тонна шойынға он тамшы жас төгілді.



- Сапар, неге үндемей қалдың?

Сапар селк етіп ойын үзіп алды.

- Инна, сұмдық оқиға ғой мынауың. Сонымен анау жігітке, Енудсеннің баласына не істеді?

- Енудсеннің баласын атам өлтірген ғой.

- Қашан? Қалай?

- Үш жылдан кейін. Петроград түбінде. Азамат соғысында.

- Глашаны аяп отырмын. Неткен қайсар еді!

- Иә, аянышты. Вася да аянышты... Сыңар аяқ...

- Мен қайтайын. Дем алайын. Түнде тағы сменаға шығам.

- Сапар... - Инна иығы дірілдеп үнсіз жылайды. Сапардың кеудесіне басын төсейді.

- Ертең Васяға кіріп шығайық.

**Жетінші тарау**

Сапар үйінен хат алды. Анасы жазыпты.

“Ұмыттың бізді, күнім. Хабарласуды қойдың. Хатыңды тоса-тоса шаршадым. Папаң орынша. Қарның ашып қалған жоқ па? Отқа көп жақындама...”

“Мама! Ұмытам ба сені. Сені неге ұмытайын. Сүйем ғой өзіңді, мама. Айта алғам жоқ әлі. Рақмет саған, мама. Өмір бергенің үшін рақмет. Дәрігерге бармағаның үшін, түсік тастамағаның үшін рақмет! Сен мені дүниеге әкелдің. Өмір бердің, мама!”.

“...Келіп кет. Көрініп қайт, күнім. Сен жоқта жарық сәуле қараңғы тартады, Сапаржан!”

“Барамын, мама. Уайымдама, мама”.

Ана сөзіне құлақ асар кім бар екен! Қаланың қым-қиғаш қызығы, даланың ұзын салқар сағымы алаңдатқан баланың уәдесінің шегі болар ма! Ананың сағынышы - көл болса, жастық жел - ғой. Алаңдатып, алдарқатып қуалайды да жүреді. Ал ана аңсауынан айнымайды. Бала уәдесінен жаңылмайды. Аңсаудың алданышы - уәде ғана.

“Барамын, мама! Әлі-ақ барамын”.

Уәде - сөз. Айтылды - кетті. Желге ұшты, құмға сіңді.

"...Ауырып қалдым, Сапар. Онша қинамайды. Түрегеліп жүрем. Бірақ қорқамын. Өзіңді бір көрсем екен... Бар арманым сол..."

"Ауырма, мама. Қорықпа, мама. Жазыласың, мама".

Айту оңай. Ананың уайымын сезіну, ұғу қиын. Көңілінің сергелдеңін жеңуің қиын. Ана баласын қорғайды. Әбден жеңіліп титықтап барып қана перзентіне қорқынышын білдіреді. Үрейленуі үдегенде ғана барып ұлынан жәрдем тілеп, қол созады. Келіп кет деуі - жарасына шипа, үмітіне арқау, сағынышына талшық. Келіп кет дейді. Тосады. Күтеді. Күн санайды.

"Ауруым меңдеген сияқты. Көп ойлаймын. Көп қорқамын. Жалғыздықтан қорқамын. Өлімнен сескенем..."

"Өлімнен мен де сескенем, мама. Қорқынышты ғой ол. Қара жерде бір күн... екі күн... мәңгілік жата беру кімге де болса қорқынышты. Ал сен қорықпа, мама. Сенің қорқатын жайың жоқ... Жоқ, мама!"

Неге қорықпасын. Белгісіздік - үрей ғой. Үрей туғызған сағыныш бәрінен де ауыр. Уайым ғой ол. Келіп кет деуі - сол уайымды бір сілкіп, серпіп тастар самал, акжелең тілек қой.

Келіп кет. Уақыт тап, қайтсең де келіп кет. Анаң шақырады, балалар! Анаң іздейді, балалар!

"...Тапқан қызың, таңдағаның бар ма, ұлым? Бар болса, болашақ келінімді көрсетіп кет. Білдіріп, ескертіп кет. Ақылымды айтармын..."

"Айт, мама. Ақылың керек, мама. Таңдағаным, тапқаным бар, мама".

Ананың бала үшін білмейтіні жоқ. Анадан сұрамайтының да жоқ. Бәрін біледі. Өмір туралы, тірлік туралы сұрай бер. Жауап аласың. Бірақ өлім туралы сұрама. Өлімді білмейді ол. Өлімнен қорқады ол. Өлімнен қорғайды да ол. Кішкене алақандарын ажал аранына қалқан етіп тосады. Анадан өмірді ғана сұра. Өмір туралы сұра. Өлімді сұрама. Өлім туралы айтпа. Айта көрме. Ол одан сескенеді. Өмір мен ана егіз. Өлім мен ана қатар тұра алмайды. Қатар тұрмайды да. Ананы өлтірмейік, балалар.



"...Алма толып келеді.. Алмаң өсіп келеді, балам. Келіп өз қолыңмен үзіп жеп кет.. Өз қолымнан дәмін татып кет. Ешкімге тигізбеймін. Ешкімге жұлғызбаймын... "

"Өзім үзіп алам, мама. Ешкімге тигізбе, мама".

Ананың сақтағаны көп. Ананың аузыңа тосары да көп. Үмітін үзе көрме. Толып піскен алманы үзуге болады. Талықсып жұқарған төзімді үзуге болмайды. Үмітті қиюға болмайды. Алма ағашы гүлдейді. Алма ағашы гүлін шашады. Алма ағашы жұпарын аңқытады. Алма ағашы түйін салады. Жемісіне шырын жинайды. Алма ағашы - ақ шашты анаңдай. Алма ағашты ойласаң - анаңды ұмытпа. Алма жесең - анаңды еске ал.

- Мама, алма жейін.
- Жей ғой, күнім.
- Өзім үзіп алайын, ә, мама.
- Үзіп ала ғой, күнім.
- Жоғарыда қып-қызыл біреуі бар екен.
- Онда өзің басына шығып ала ғой, күнім.
- Шалбарым жыртылып қалса, қайтем?
- Жамап берем, күнім.
- Мама, алманы саған әперем!
- Әпере ғой, күнім!..

... - Жығылып қалдың ба, күнім. Ауырған жерің жоқ па, ұлым! Тұра ғой. Келе ғой. Қазір мен сені сүйем, сонсоң жазылып кетесің, күнім.

- Мама, міне алма. Тістеші, мама!
- Рақмет, күнім. Рақмет, асыраушым менің. Рақмет кішкентай ғана қамқоршым...

Ұмытпайық ананы. Ұмытпайық алма ағашты.

"...Көп кешіге берме, күнім. Түнгі сменаңа ұйқыңды қандырып бар, Сапаржан. Заводыңды көрмеген анаңмын. Жан-жағым түгел ұшқын атқан от деп едің. Абай бол, күнім. Жазымға дауа жоқ. Сенің түнде істейтін кездеріңде менде ұйқы болмайды. Сақ жүр. Асығып-аптықпа, құлыным..."

"Асықпаймын, мама. Абай болам, мама. Ұйқымды қандырып барам түнгі сменаға, мама".

Ананың ойламайтын, қам жемейтін күні бола ма! Сенің құлағаның да, сүрінгенің де, жарақаттанғаның

да - ананың кішкене жүрегінің үлкен тосқауылдары ғой. Сенің өскенің, есейгенің, қуаныш-қызығың кішкене ана жүрегінің үлкен жеңісі де ғой. Ананың қуануы да, қайғыруы да тез. Ананы қуанта білейік. Ананы тек қайғырта көрмейік.

- Жол жаққа бармашы, құлыным.
- Мама, машиналар неге көп жүреді?
- Жұмыс істеп жүр, күнім. Жолына шығып кетпе.
- Шықса қайтеді, мама?
- Басып кетер, құлыным. Абайлап жүр.
- Көшеге барайыншы, мама.
- Алысқа ұзап кетпе. Адасып жүрерсің.
- Алыста не бар, мама?
- Онда да осындай үйлер бар.
- Ол үйлердің ар жағында не бар.
- Дала бар, орман бар, күнім.
- Далаға барамыз ба?
- Барамыз, құлыным. Жалғыз кетіп қалма.
- Орманға да барамыз ба, мама?
- Орманға да барамыз, күнім. Жалғыз ұзама.
- Адасып кетсем не істейсің, мама?
- Жылаймын, күнім.
- Жылама, мама. Адаспаймын.

Адаспайық. Өмірде адасып жүрмейік. Жалғыз қалмайық. Жалғыз болмайық. Ананы жылатпайық.

“Ауырып қалма. Тер қатпасын. Суық тигізіп алма, құлыным. Дәрігеріңе көрініп тұр. Ауыра көрме. Ыстық ішіп жүр. Денің сау болса, бәрі орнында болады. Ауырып қалма. Ауыра көрме...”

“Ауырмаймын, мама. Ыстық ішіп жүрмін, мама. Терлейтінім де рас. Көп терлеймін. Суық тигізбеспін, мама”.

Дүниедегі ана біткеннің тілейтіні - баласының саулығы, аман-есендігі. Дүниедегі ана біткеннің тілейтіні - тыныштық. Ауыра көрмеңдер, балалар. Жаралана көрмеңдер, солдат-ұлдар. Ананың қорқынышынан ауыр, ананың үрейленуінен қасіретті нәрсе жоқ. Баланың тәні ауырса, ананың жаны сырқырайды.

-Түн ұзақ. Ұйқысыз түн қалталанып ананың кірпік ілмеген жасты көзінің айналасына үймелейді. Ана ұйықтай алмайды. Ана әлдиі ананың жүрегінде



сайрайды. Ана әлдиі көмейіне тығылған өксік жасымен шығады. Ана ұйықтай алмайды. Төсектегі бала ауру. Бала ыңқылы ана жүрегінен ғана төгіледі. Ана үһілеуімен ғана ұзарады. Ауыра көрмеңдер, балалар.

- Жылама, мама.
- Жылағам жоқ, ұлым. Ұйықтай ғой.
- Мама, мен қашан тұрам?
- Жазылғанда тұрасың, құлыным.
- Қашан жазылам, мама?
- Жөтелің басылғанда, ыстығың қайтқанда, күнім.
- Мама, кетпеші сен.
- Кетпеймін, құлыным, қасыңда болам!
- Мама, қолыңды ұстап жатайыншы.
- Ұстай ғой, ұстай ғой, балам.
- Мама, сенің қолыңдағы мына бұдырлар не?
- Тамыр ғой, құлыным.
- Ағаштың тамыры сияқты ма?
- Иә, ағаштың тамырындай. Адам тамыры да нәр жинайды, құлыным. Көп көрген, көп істеген қол осындай болады. Тамырлы қолды қадірле, балам. Анаң қолы осы.
- Мама, жасты неге жинап алмайды?
- Жинамайды, құлыным. Көз жасы ауыр болады. Жинауға әуестенбе. Судың бәрі - көз жасы емес. Жастың бәрі - су емес. Өмірде өзгермейтін нәрсе жоқ. Жастың да жасы болады. Нәресте мен ананың жасы өзгермейді.
- Мама, жыламашы.
- Жыламаймын, күнім. Сен ауырма. Ауыра көрме.

-Ауырмаймын, мама...

Ауырмайық. Ауруымызбен ананың жанын сыздатпайық.

Өлілер ғана ауырмайды. Тірілердің ауруы мен өлуі көп.

Өлім азайсын. Ана жасы сорғаламасын.

- Аллилуйя... аллилуйя...

Аллилуйя сирек айтылсын.

- Құлыным... боздағым... арысым...

Аңыраған, еңіреген азалы үн сирек естілсін.

Өлгендер қайтып келмейді. Келмейді - ақиқат.

“Тез орал, күнім. Аман-есен кездесейік. Жолыңды тосып өтермін...”

“Тос, мама. Күт, мама. Сағын, мама”.

Ана күте біледі. Тоса біледі. Сағына алады. Жер бетіндегі қара жолға қара жамылып көз салмаған ана жоқ шығар. Әлемдегі ақ сәулелі айға мұң шағып, сыр ашпаған ана жоқ шығар. Баласын сағынған ұлын тосудан жалыққан ана жоқ шығар. Аналар ғана тоса алады.

- Сағыныш деген не, мама?
- Жақсы көретін адамыңды іздеу, күнім.
- Сен сағынып көрдің бе, мама?
- Иә, күнім. Сағынғам. Әлі де сағынамын.
- Ол кім? Алыста ма?
- Алыста, балам. Өте алыста.
- Келмей ме? Қайта оралмай ма? Шақырдың ба?

-Шақырдым. Іздедім. Күттім.

- Келмеді ме?
- Келе алмады, күнім. Келе алмайды...
- Мені сағынасың ба, мама?
- Сағынамын, құлыным. Түн ұйқымды төрт бөліп іздермін. Бір кездегідей жанымды қоярға жер таппай күтермін.
- Кімді сағындың, мама?
- Адамды сағындым. Жақсы адамды сағындым, балам.
- Мен де жақсы адам болам, мама. Мені де сағын, мама.
- Сағынам, құлыным, сағынам.

“...Түс көрдім. Сені көрдім, Сапаржан! Күліп бара жаттың. Алысқа аттанып бара жаттың. Соңыңа ерген көп адамды бастап бара жаттың. Сенің күлкіңді көрдім. Сенің өскеніңді көрдім,. Сенің білімді болғаныңды көрдім. Қуанып ояндым...”

“Мен де түсімде жиі көрем, мама. Сен де қуанып, күліп жүресің, мама. Адам болам, алдамаймын, мама”.

Қыран қанаты қылыштай. Қиял қанаты жебедей. Үкінің бадырайған көзі ғана бар. Қыран қалықтап ұшқанды ұнатады. Қиял шартарапқа кезеді. Үкі ұшпайды. Үкі ықтайды, аңдиды. Үкінің қалықтап ұшқанын көргендерің бар ма.



Қиял көшірмесі - түс.

Түс - сағынудан, аңсаудан туған елес, талпынудан тірілген үміт пен тілек.

- Мама, мен бәрін көргім келеді, білгім келеді.
- Көресің, білесің құлыным. Тірі бол.
- Көре берген сайын біле берем, бе, мама?
- Иә, біле бересің. Білуге, ұғуға тырыс, күнім. Адам ғұмыр бойы үйренеді.
- Адам ғұмыры қаншама, мама?
- Әр адамның өз ғұмыры болады. Әр ғұмырдың алары да, берері де әртүрлі.
- Мен бәрін-бәрін білем, иә, мама.
- Білесің, құлыным. Сен бәрін-бәрін білетін боласың.
- Көп-көп оқимын, мама.
- Иә, көп оқисың, жарығым.
- Папамның барлық кітабын тауысам.
- Тауысасың, күнім.
- Кітапханадағыны да түгел оқимын.
- Оқисың, балам.
- Сонда сен сияқты бәр-бәрін білетін болам ба, мама?
- Мен де бәр-бәрін білмеймін ғой, ұлым.
- Мама, сен бәрін білесің.
- Жоқ, күнім. Зұлымдықты білмеймін, өлімді білмеймін, соғысты білмеймін.
- Зұлымдық деген не?
- Жақсыны көрмеу, жаманды дәріптеу болар. Мүм-кін жақсылықты кездестіре алмай, жамандықтан ашынғандықтан соған бейімделу де шығар. Жақсылық көрінбейді, жамандық бадырайып тұрады. Терең батырады, жайдақтық басындырады. Соны түсінбеуден де болар.
- Өлім деген не?
- Жоғалу, өшу шығар. Мағынасыз, мәнсіз түс шығар. Кім білсін, айта алмай кеткен ақтық өкініш те болар.
- Соғыс деген не?
- Орны толмас қайғы, суалған жанар болар. Ананың үңірейіп қалған қуыс кеудесі болар. Тұтқиыл

сойқаннан өрбіген қарғыс пен нала болар. Қара ниеттен ерте ағарып жайылған шаш болар.

...Зұлымдықты білмейік. Өлімді білмейік. Соғысты ұмытпайық. Ана кеудесі - әлемнің алтын сарайы ғой. Қаңырап бос қалмасын. Ана жанары - жарық сәулең мен жарық күнің ғой. Жас сорып суалмасын. Айтылмаған ақтық өкініш іште кетпесін. Өксікпен көмілмесін. Адамдар өкініші, аналар өксігі - дүниенің зілзаласы. Зілзала құрысын!

“...Сау бол, Сапар. Бетіңнен сүйдім, құлыным. Адалдықты сүй, адамды сүй. Сүйе біл, күнім”.

“Сүйем, мама. Адамды сүйем, мама. Адамдықты сүйем. Сүюді түсінем. Түсінуге тырысам, мама”.

Түсіну керек. Тырысу керек. Адам өмірімен емес, ісімен өлшенеді. Көп жасап, аз қалдыруың мүмкін. Аз ғұмырдың мол тартуы, көп қалдыратыны болады. Өмірді сүйе білу керек.

- Сүю деген не?
- Жақсы көру, сәулем.
- Мама, сенің мамаң болды ма?
- Болған. Менің де мамам болған.
- Ол қайда?
- Білмеймін, құлыным?.. Адасып қалғам, айрылып қалғам. Қиын жыл болған.
- Мамаң аты кім?
- Білмеймін. Ана деймін. Одан артық ат жоқ.
- Түрі қандай?
- Мен сияқты болар.
- Сүйесің бе оны, мама?

-Анасын кім сүймейді. Анасын кім аңсамайды, құлыным. Ынтығам, армандаймын.

- Біреуді қарғап көрдің бе, мама?
- Жоқ! Қарғаған емеспін. Қарғыс өзіңе қайта айналып соғады. Қарғыс киелі. Сонсоң махаббат киелі.
- Қарғысты ұмыту керек пе?
- Қарғысты ұмытпайды. Зұлымдыққа, соғысқа деген қарғыс махаббат сияқты. Жүректе жатады. Махаббат - гүлі болса, қарғыс - тікені. Бірге өседі, бірге өшеді.
- Папамды сүйесің бе?
- Бүгін көп сұрап кеттің ғой, балам...



- Папамды сүйесің бе?
- Сен алғаш мектепке барғанда өзеннен арқалап өткізетінмін, есіңде ме, балам?
- Есімде, мама. Онда сен үлкен едің.
- Жарқабақтағы жалғыз талды, тамыры ашылып, тармасып өскен жалғыз талды ұмытқан жоқсың ба?
- Ұмытқан жоқпын, мама. Сен соның қасында дем алатынсың.
- Сол тал өсе бермеп пе еді.
- Өсе берген кейін құлап қалды ғой.
- Өмірге құштарлық деген сол. Бұтақ жайған жерін қия алмай күн көзіне жапырағын тоса береді. Мен де сөйтем.
- Папамды сүйесің бе?
- Айтқан жоқпын ба, балам. Айттым ғой. Кейін түсінерсің.

Ананы ұғайық, түсінейік. Ана арманын үзіп алмайық. Ана - махаббат. Түсіну керек. Ұғыну керек. Ананың өмірі, қимылы ісі - бәрі өнеге. Үйретеді, үйренеді. Жерітеді, жериді. Бірақ сол әркетінің саяр бар арнасы - ізгілік, жақсылық, махаббат қана.

Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Аспан мен жерді топан су қаптап, жер аспанға, аспан жерге құлағандай. Қай жаққа қарасаң да - су. Сарылдап, суылдап құйылады. Шылп-шылп шашырайды. Әйнекке тырс-тырс ұрады.

Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Бір сарынды айнымас, ауыспас ызың-суылы бар. Аспан ақтарылып жатыр. Алып қазанның түбі тесіліп кеткендей.

Бөлмедегі төртеу төрт жерде, төрт түрлі қаракетте. Сонау бұрыштағы кереуетте отырған Сухов Славаның осыдан екі жарым ай бұрынғы бейнесі жоқ. Кіші-гірім паровоздай ысылдап дем алатын жуан дене бұл күнде қымызы ортайған торсықтай жіңішкере, жұқара түскен. Ақ жүзі тотығып, бұғағы азайып кәдімгідей адам келбетіне жақындап қалған. Сонда да үйренген

ауыз үйреншікті кәсібін ұмытпапты. Майлы шұжықты былш-былш малжаңдап отыр.

Рахман Субандрио кішкене денесін екі бүгіп алты. шекті гитарын баяу шертіп, өзі елінің әлдебір мұңды әнін баяу қоңырлатады:

Нона манис сипаяң пуня,
Расса саяң саяңи...

Жаңбыр құйып тұр. Толастар емес. Терезе әйнегін тырс-тырс ұрып үздіксіз сабалайды.

Тілепберген ұйықтап жатыр. Түнгі сменадан шаршап қайтса керек, тұяқ серппейді, әлденеге күлімсіреп ұйқысырап қояды.

Сапар ұйықтай алар емес. Әрі-бері дөңбекшіп аунай береді.

Ауыз үйге - дәлізге әлдекім кірді. Аяғын сүртіп суын сілкіп, бөлмеге енді.

- Отырсыңдар ма?

- Жоғары шығыңыз, Әбілтай Сұрағанович!

- Жо-жоқ, рахмет. Асығыспын. Сапар, сен мені шығарып салшы.

Жаңбыр шелектеп тұр. Төгіп тұр. Табиғаттың да ағыл-тегіл жас төгетін кезі болады екен. Жылайтын, еңірейтін шағы болады екен. Тұнжырап, түйіліп келіп бір-ақ босапты. Іштегі бар өксігін лықсытып ақтарып жатыр.

- Кетем. Біржолата кетем. Шығарып сал.

Әнеукүнге оқиғадан кейін екеуі кездеспеп еді. Әбілтайдың әдейі іздеп келуі Сапарға қатты әсер етті. “Қатесін түсінген-ау. Не дегенмен жақсы жігіт”! деп риза боп үнсіз ілесіп келеді.

Әбілтай шалшықты былш-былш кешіп барады. Бұрынғы адуын мінез, өр көкіректен із де жоқ. Артына бұрылып, сәл тоқтап Сапармен қатарласты:

- Босқа адасыппын. Әлі де кеш емес. Теміртауға тартам. Білімім бар. Тәжірибем мол. Жергілікті кадрмын. Ескермей көрсін, елемей көрсін. Көрсетемін. Танытамын әлі.

Сапар қайта тіксінді: “Өзгермеген екенсің” деп бас шайқайды.



Трамвайға отырып, вокзалға келді. Поездың келуіне бес минут уақыт қалыпты.

- Сен маған өкпелеме, Сапар, мен де саған өкпелей қоймаспын. Әлі жассың ғой. Кейін мені де бір түсінерсің. Түсінбесең де енді маған бәрібір. Мен өз үлесімді мол қамтуға тырысатын, ұмтылатын жанмын. Өмір - талас, тартыс. Таласып алып, тартысып жеңу керек. Жеңемін!

“Жоқ, жеңе алмайсың. Жеңілесің. Жеңілгенің де осы. Сенің талас дегенің, Әбілтай Сұрағанович, талас емес - далбасалық. Тартыс дегенің - өзімшілдік, қара бастың қамын күйттеу ғана. Сен жеңе алмайсың. Жеңіле бересің. Өйткені, өзіңді өзің ұрлап жүрсің, өзіңді өзің бөлшектеп жүрсің”.

Сапар үндеген жоқ. Іштей арбасты, іштей ғана айтысты. Поезд тоқтады. Қолшатыр көтерген жұрт жапатармағай вагон-вагонға жүгірді.

- Ал, сау бол. Тірі болсақ талай кездесерміз.

- Кездесуіміз мүмкін.

- Хат жазып тұр. Сен маған жұдырық көтерсең де, менен артықты таба алмайсың.

- Адресіңді білмеймін.

- Жақсы, өзім хабарласармын.

Әбілтай тамбурға көтерілді. Поезд қозғалды. Вагон буферлері сарт-сарт етіп сіресе қалып, дөңгелектер жайлап айнала бастады. “Бір, екі, кеттік! Бір, екі, кеттік!”

Сапар вагонмен қатарласып, ілесіп келеді.

Бір кез Әбілтай терезеден сыртқа қарады.

- Сапар, ұмытып барады екем. Мынаны Боковқа, мастеріңе бере салшы, премияны осы адреске жіберсін.

Лақтырған конверт шалшыққа шылп етті.

Сапар еңкейген жоқ.

## Тоғызыншы тарау

Қаракөк түтін будақтап көкке өрлейді. Құлдилап төмен шүйіледі. Сылқ етіп темір плиталарға соғылады да жербауырлап жан-жаққа шашырайды

Балқыма ағып жатыр. Екі пеш те қатар ақтарылып жатыр...

- Перекур!...

Даусын созып, ұзақ әндей, бал тәтті әуендей тамсана айтады.

"Кім екен?!"

"Вася ма?"

Сапар жан-жағына қаранды. Арық бойлай жүгірген сұйық металл қою түтінді қақ жарып,үңги алыстап, төмендегі чугуновозға сарылдап құйылуда. Бір-бір күрек, сүйменіне сүйеніп шойынға телміре төніп тұрған горновойлардың жабысқан еріндерінің көбесі сөгілердей емес.

"Кім айты? Анық айтты гой. Әлде қағыс естідім бе?"

Боков бас арықтың қасында тұр. Көзіне тосқан көк әйнегінде ұшқындап сәуле ойнайды. Қолын бұлғап, жан-жағына алақтап тұрған Сапарды шақырып алды.

- Қаузап жібер.

Неге қаузамасын. Сапар қаузайды ғой. Қалш-қалш етіп ауыр сүйменді тәлтіректей сүйреп апарып, леткаға тығып жібереді. Маскасын бетіне түсіріп алып, ұзын темірді ерсілі-қарсылы ырғап жатыр. Сүймен гранит тасқа тигендей. Зырқ-зырқ етіп қары салдырып қалды.

- Бол! Тездет!
- Қатты! Қаттырақ!

Сапар еріп, балқып қысқарып кеткен сүйменді тастай беріп, басқасын алды. Киіз курткасының түймесі үзіліп, өңірі ашылып кетті. Асығып жүріп оған қараған жоқ. Өңешті тезірек кеңейтпек боп өршелене қимылдайды.

- Қаш! Сапар, қаш!

Айтуға оңай. Қашып көр. Құтылып көр. Өңештен лықсып атылған сұйық от бас арықтың маңайын жауып кетті.

Сапардың қарны шыж етті. Сірі қолғап - вачикпен



ашыған жерін уқалай түсіп, кейін шегінді. Көйлегінің алақандай жері ойылып қалыпты. Аржағы... жалаңаш қарны күлдіреп тұр.

- Не болды? Күйіп қалған жоқсың ба?

Боков құшақтай алды.

- Жо-жоқ, Митрич. Жай әшейін... Горновой күймеуші ме еді. Әлде мен горновой емеспін бе.
- Көрсетші. Ашшы!
- Жай ғана шарпып кетті.
- Бар, тез медпунтке бар, Сапар!
- Ештеңе етпейді, Митрич. Балқыма бітсін.
- Сапар, көп сөзді қой. Тез жөнел...

Бөлме іші қаракөлеңке. Кеш түсіп келеді. Қабырға қуалай жүгірген сирек жолақтар - күн сәулесі қазір көрінбейді. Бұрыш-бұрышқа алакөлеңке ұйыды.

Қара бұйра дудар шашты сипалаған тарамыс саусақтар енесінің емшегін алғаш рет әлсіз түртінектеген қозы ерніндей, әрі жұмсақ әрі мейірімді. Қоңыр дауыс айлы түнде ұзақ жырымен бесік таянған келіншек әлдиіндей, талықсып жетеді. Жетеді де, жүректе ұйыған сезімді ұйқы-тұйқы сапырып жібереді.

- Қол - қатқан қара таяқ деме. Аққудың мойнындай аппақ, ақ нандай жұмсақ болған осы қолдар бір кезде. Бір сипауға да зар болғандар көп-ті.

Акулина әжей сөйлеп отыр. Еңкейіп төніп келген жүзі Сапарға толық көрінеді. Еті қашқан жүз - Акулина әжейдің туғаннан бергі өзі өткен жолдарының картасы. Айқыш-ұйқыш. Қара жердің сауырын тілгілеген жота-қыртқасы, өзен-көлі, тау-суы тік көтеріліп келіп, суалып сарғайып тозған газет қағазындай көне жүзге түп-түгел орналасқан да қойған. Жерді көр де, жүзді көр. Акулина әжейге қара да, қара жердің бұдыр-бұдыр белесін есіңе түсір. Алданбайсың. Көгершіннің көмейден төгілетін күркіліндей баяу ақтарылған әже лебізі сылдыраған бұлақты, судырлаған орманды, мүлгіген тоғайды, сиқырлы ертекті, сыбызғыны әуенді, күңіренген өксікті кейіген күрсіністі, емен-жарқын қыз күлкісін - бәр-бәрін қат-қабат көшіріп әкеп құлағыңа құя салады. Нанасың да нанбайсың. Өрімтал дене өзегі шіріген қарағаштай мүжіліп, сояу-сояу бұтақтарын

арбитып тұрғандай. Аппақ мрамордай бұрынғы жұмсақ тән мойынтұрық қажаған көк өгіздің көн терісіндей бұжыр-бұжыр. Таңдана қарайсың. Қарайсың да уақыт деген ғажайып тылсымның құдіретіне әрі бас иесің, әрі бас шайқайсың.

Акулина әжейдің әжімді жүзі шексіз дүниенің өзі ғой. Жұмыр жердің көшірмесі ғой. Миына құйғаны, ойына терген-жинағаны кішігірім энциклопедия ғой. Тарамыс қолдардың қадірін сезе білсеңші. Байыптап көз салшы, назар аударшы. Ашық есіктен аңқып ескен жаз исін сезбейсің бе сол қолдардан! Уылжып піскен жеміс дәмі танауыңды қытықтамай ма!

Толықсып толған алқызыл алманың алақанында табы тұр ғой. Алма ұстаған ана қолы - күн ұстаған батыр тегеурінінен кем бе екен. Жерден нәр, күннен сөл алған жемістің ана мейірімен және толатынын ұғасың ба. Су керек пе - мына тарамыс қолдар тәлтіректеп шелек көтерген. Жаз керек пе - семген дене қалтылдап шуақ тасыған. Құлақ сал, зер сал. Акулина әжейдің үнінде, күрсінуінде найзағай күркірі қалған, жаз лебі қалған, жаңбыр суылы қалған, жел ызыңы қалған. Ұзақ ғұмыры, жылдар тізбегі соларды сіңіріп алуға, соларды жоғалтпауға бағышталған. Акулина әжей - өткен жылдар, көшкен күндер белгісі. Жоғалған жаздардың жаңғырығы ол. Гүл атқан бақшаның хош иісі ол. Ертеңгі самалдың кешкі салқыны. Кешегі рауанның бүгінгі көлеңкесі ол.

- Колосованың ар жағына шықсаң, құдайым-ау, ит тұмсығы батпайтын сыңсыған орман. Қандай орман десеңші! Ағаштары көкпен тірескен, кілең бір батыр - нағыз Евпатий Коловрат! Сұлуын-ай! Көз айырмайсың. Жылап келем. Жыламай көр. Семкам, менің қайырымды ұлым ауырып жатыр ғой... Ағаштар керемет! Құшақ жетпес діңгектерін құшақтап тұрып жан-жағыңа қарасаң! Әне, Русь! Русь орманымен - Русь, байлығымен - Русь. Евпатий Коловрат сияқты алып ағаштарымен - Русь!

Жолға шығасың... Ох, құдайым-ау сол, құдайым, аяғың асты толған қозықұйрық. Көтергеніңше әкет. Әрі қарай аттасаң - бүлдірген, құлпынай көз тимесін, сыңсып тұр. Не істерсің! Жейсің, жейсің. Әрі кетесің,



Байлық таусылмайды. Орман! Жабайы орман. Өзі өскен, өзі бой жазған. Қолдан дәл сондай боп өспейді. Ал жабайы орманның жөні бөлек. Онда өспейтін шөп жоқ, тамыр жоқ. Жинап ала біл. Жарата біл.

Жылап келем. Семкам, бишара ұлым ауырып жатыр ғой...

Таза киінгем. Тазаланып жуынғам. Ақ көйлек, ақ шаршы байлам. Дәрі-дәрмек тазалықты сүйеді, ақтықты ұнатады.

Құдайым-ау, орманда не жоқ. Бәрі бар. Тоғыз күшті тамыр ма, алаугүл мен тазатән[6] бе - ала бер, тере бер. Еңкеюге ерінбе.

Жинап ал. Теріп ал. Гүлін түсірме, ұрығын ұшырма.

Жылап келем. Көз жасы - көңіл бұлағы ғой. Аққан сайын ашылады. Семкам менің, кішкентай құлыным, ауырып жатыр ғой.

Құдайым-ау, орманда жазда болып көрсең ғой. Бәрі гүлдейді. Бәрі жапырақ жаяды.

Қазып алам. Қазып алам да үйге әкелем. Кептіру керек. Шардақтағы шабатаға салып тастаймын.

Акулина әжей сөйлеп отыр. Акулина әжей көгершінше күркілдеп отыр. Акулина әжей Сапардың қарнындағы күйікке әлденебір май аралас дәрі жағып отыр.

- Адам деген осы. Өседі, өнеді. Өсімдік те бір, адамзат та бір. Ұрық шашады. Өскін жинайды. Қартаяды, семеді. Маған қара! Маған қара да, ұлым,өмірді ұқ. Адамның да тозарын, ескірерін жадыңда тұт.

Сояудай болған мынау аяқтар қаншама версты адымдады. Құдайым-ау, кім есептеген соны. Сиыр сау, от жақ, картоп түпте, нан иле, айран ұйыт, капуста тұзда, шошқаға тамақ әзірле, әйтпесе болмайды - бәрі жұмыс. Күнделікті машақат. Ол ол ма, егістігім бар, шөмеле үйесің, ау саласың. Солдатканы кім асырайды. Анау менің Василийім, құдай өзі жар болсын, бірінші дүниежүзілікте пруссактармен шайқасып жүрген. Ох, мамочка, сондағы балықтар-ай! Сұрама! Бір-біреуін әрең-әрең көтересін.

[6] Девясильник, горицвет, чистотел - тамыр мен гүлдер.

Акулина әжей Сапардың шашын сипайды. Акулина әжейдің көгерген еріндері әлсіз күбірлейді. Көздері жұмылып кеткен. Не ойлап отыр екен. Қай көктемін еске түсірді екен. Қай жазын аялайды екен. Дүниедегі ескірмес, тозбас құдірет - адам ойы, естелігі ме екен. Жаңғыртып ояныл, жарақаттап жетер қарғыстан да, күлдіріп кіріп күрсіндіріп оралар қуаныштан да абзал, тылсым жад, сенен өтер не бар екен?

... “Алысқа кеткеннің жолын тосудан жалықпа. Жақындағының жаласына ұшырамауға тырыс.

Айқайлап абырой таппайсың.

Үндемеймін деп үдеден де шықпайсың.

Көп көрген көп тергемейді, көп тербейді.

Жыласаң да жалынба, жалынам деп жылама.

Ойын қуған ой қумайды.

Жалыны жоқтың жаңғырығы көп болады, бос күбі даңғырауық қой.

Әр заттың өз орыны бар. Мөлшерден артықтық бәрі былапыт.

Қозықұйрыққа құмшекер қоспайды ғой...”

Акулина әжейдің үзік-үзік ойлары, толғаулары осылай жетеді, тарамыс кәрі қолдар, сүйекті саусақтар майдай жағады. Сапар осы қолдарды аялағысы келеді. Осы әжімді жүзді аймалағысы келеді. Қартайып қалған анасына ұқсатар, бәлкім.

- Матвей Ануфриев менің Семкаммен жасты ғой. Көрмегені жоқ. Семка екеуі жеті жасар кезінде орманда адасып кеткен. Ой, қорыққаным-ай! Айқайлап жүрмін. Күн батып барады. Орман ішінің кеші қандай. Тез түседі. Айқай не? Орманда айқайладың не, жыладың не, бақырдың не? Бәрібір. Төрт тұсыңнан тоқсан тоғыз жаңғырық қосылып кеп береді. Қасқыр ұлыды ма, бұғы мөңіреді ме, бала жылады ма - айырып, ажыратып көр! Жүріп келем, сенделіп келем. Ананы түсін. Аңыраған сырын ұқ. Күн емес жыл өткендей. Семкамды енді қайтып көре алам ба. Ұлынан айрылған, тірі айрылған шеше мұңы - қасіреттің ауыры ғой.

Түн болды. Орман іші қап-қара. Ұлымды жалмаған тас қараңғы қабірдей. Айқайлап келем. Егіліп келем. Бір кез ұшып түстім. Қу бұтаққа сүрініп жығылыппын.



Жатырмын. Жоғарыда ағаш жапырақтары суылдайды. Ышқынған өксіктей. Менің алқымыма тығылған өксігімдей.

Жатырмын. Ауық-ауық дауыстап қоям.

- Семка-а-а!

- Матвеюшка-а!

“А-а-алаған” дауыс жаңғырып келіп кеудемді толқындай соғады.

Тықыр естілді. Құдайым-ау, құдайым, қорыққан мен қуанған бірдей. Орнымнан тұра алсамшы. Ұлдарым келе жатқандай. Қорқау қасқыр және ұрлана жақындайтындай.

“Бұ кім?”

Дауыс жуан. Еркек даусы.

“Мен. Акулинамын. Балаларымды іздеп жүрмін” деймін мен. “Көрмедің бе, қайырымды жан”.

“Жоқ, көре алмадым”, - деп әлгі сыбырлап қояды.

Қараңғыға көз үйренген. Жолаушымның ұсқыны жаман. Киімі алба-жұлба. Қорқып барам.

“Сен менен қорықпа. Аздап дем алайын, сонсоң кетем. Жейтін ештеңең жоқ па?”

“Ой-ай-ай! Қайдан болсын. Ұлдарымды іздеп есім шығып жүр емес пе”.

Жігіт көп бөгелген жоқ.

Мен де орманды аралап дауыстап жүрмін.

Таң атты. Орманның таңы әдемі ғой. Оны қайтейін. Семкам мен Матвейді тауып алмақпын.

Таптым ғой. Қорыққаннан естері шығып, бүрісіп-бүрісіп отыр екен. Екеуін екі құшағыма қысып бір күлемін, бір жылаймын. Семкам қайсы. Матвеюшка қайсы, бәрібір.

Ақселеу шаштарды кезек-кезек сүйемін.

Қайттық. Үшеуміз де әбден шаршаппыз. Ілбіп келеміз. Екі ұл нан сұрап қыңқылдап қояды.

Бір сәт Матвей оқыс шегініп кетті. Екі көзі шарасынан шығып барады.

“Акулина тәтей, бармаңыз”.

Неге бармайын. Бардым. Көрдім...

Ох! Шығы кеппеген шалғында көк құрақтай орылып жігіт жатты. Жер қойны тәңірінің құшағындай аяласын байғұсты. Көрдім. Көріп тұрмын. Танып

тұрмын. Түнгі жолаушым!... Ұйықтап жатыр... Мәңгі ұйқымен. Маңдайында қарайып оқ орны көрінеді.

О-ох! Жыламай көр! Күрсінбей көр! Қандай әдемі бозбала еді! Атып кеткен. Өлтіріп кеткен.

Құдайым-ау, құдайым, неткен қатал ең, қатыгез ең. Аямайсың ғой, аямайсың...

Акулина әжей сіңірлі қолының үш саусағын бүрістіре қосып баяу ғана шоқынып алды. Еріндері үнсіз күбірлейді.

Бөлме алакөлеңке. Бейуақыттағы бейуақ кейуананың қоңыр үні талықсып жетеді.

"Күлкіңді жасырма. Ақпейіл күлкі адамның айнасы да, ажары да.

Ақыл - тірлік. Ақыл - жан. Ол жоқ жерде тірі өліксің.

Ақымақтың бір көзі оқта, бір көзі боқта.

Сүю - қуаныш. Алдану - қайғы. Екеуі егіз.

Тілемсек болма. Ең болмаса, күлкі сыйла.

Шын жыласаң, жасырма. Шын ашынсаң, аянба.

Қыз орамалы - қуаныш самалы. Қойныңа тықпа, қолыңда ұста, желбіреп тұрсын".

Сапар риза. Бас жағында тұрған тумбочкадан қағаз, қалам алып Акулина әжейдің сөздерін жаза бастайды.

- Не жазып жатырсың?
- Сіздің айтқандарыңызды, әже.
- Е-е, мен не айта қойыппын.

Акулина әжей одан кейін көпке дейін үнсіз қалады.

Қыбырсыз мүлгіп кетеді. Әжімді жүзін алақанына төсеп, бір қырын отырады.

Ымырт түсе Инна келді. Қызыл алмасы бар.

- Алматының апорты. Әдейі саған базардан сатып алдым. Мә! Сауығып кетесің.
- Рақмет!

Екі жас өз-өзімен күбірлесіп мәз болып қалады. Біріне-бірінің айтары көп.

Акулина әжей ұмыт қалады. Шала жұмылған кірпігі сирек, нұрсыз жанардың қиығымен Сапар мен Иннаны бағады. Көп отырады. Күндізгі алау ыстығы азайған бөлменің қапырығы саябырлаған дәл осы алакөлеңке шағына еріп сіңіп кетіп, қыбырсыз қалған күйінде мына екі жастың мәз-майрам кейпінен өзінің



сонау көз жетпес қиырда қалған жасыл көктемін еске ала ма, үндемейді. Жоқ. Акулина әжей үндемегенімен осы бөлменің күндегі тәулігіне бір оралып соғатын дәл осы бейуақ шағының аса қадірлі бір белгісіндей. Анау тіссіз иектің опырылып кеткен еріндері енді-енді ашылып, орманы, тоғайы, бұлағы, тау-тасы ғажайып көрініс беретін ертегідей еліне, жастық жазына шақырып кететіндей көрінеді. Енді-енді алыс дүниенің асыл қақпасын жауып тұрған күңгірт көздер жалт-жұлт ашылып, ұшқындап кететіндей.

Бір сәт... Көгершіннің көмейден төгілетін күркіліндей нәзік үн естілді. Бұл - Акулина әжейдің күлкісі. Бұл - Акулина әжейдің риза көңілінің еміренуі.

- Инна, сәулешім-ау, ән сал. Бақыт деген күбір-күбір күңкілге сыймайды. Бақыттың үні - ән ғой. Ән сал.

Майрампаз оңаша сәттің қыбырсыз толқынына дауыл үрлегендей желпінтіп алады да, және үнсіз бұйығады. Жапыр-жұпыр ұсақ әжімдердің әр сызы-ғына жып-жылы мейірім үйіріледі. Ағына қызыл сар-ғыш бояу сіңген көмескі жанардың емірене қалған сәтін көріп пе ең? Қараңғы түнде елсізде адасып жүрген-де зарығып барып шалатын алаулаған оттай ғой ол.

Инна ән бастайды. Иннаның ән айтқанынан гөрі сықылықтап күлгені-ақ жақсы. Бірер шумақтан кейін саябырлап қалып тоқтайды.

Қызым-ау, атаңа тартқансың. Нағыз әншісің өзің. Матвеюшка ән салғанда лақ маңырап, ит ұлитын.

Акулина әжей қызыл иегін көрсете сылқ-сылқ күледі. Көгершіннің үніндей. Емен-жарқын күлкісінен өзі де, өзгелер де тыным рақат тапқандай. Күрмеліп күмілжітер күйбеңі жоқ кәрі әженің ақпейіл көңілі бейуақ іңірдің әдемі бір шұғыласындай. Көрінбесе де айналасына тарап, ұзарып, кеңіп бара жатқандай сезіледі. Сезіледі де, үнсіз табысқан екі жасты бір-біріне іштей ұмсындыра, ұмтылта түседі. "Қауыш та табыс, табыс та ынтығып жетіп өртеніп, дуылдап кетердей жалынмен шарпыс" дегендей тілсіз сәуе айтады.Сеніп айтады. Акулина әжейдің мейірбан жымиысы, көмескі көздерінің мейірлі қарасы - соның айғағы.

Көңілде қуаныш барда - дүниедегі қорқыныш атаулы сандырақ қана. Айыққан сағымдай тез ыдырап кетеді. Бұл күндері Инна мен Сапар бірін-бірі анық ұққан, анық түсініскен, ілгері үміттен қуаныш-қызық қана тосатын күй-хәлде еді. Қиял жұлдызы жарқырап туған бұл шақта мұң қосар басқа арман-тілектері де жоқ. Үміті қабысқан, сүрлеу-соқпағы тұтасқан еркін жастар уайым-қамсыз жастық ғұмырдың сайранын ғана күтеді. Шадыманын ғана кешеді.

## Оныншы тарау

Қою түтін қопарылып көтеріледі. Қотарылып, ақтарылып шүйіледі.

Еңбек тынысы тоқтамайды. Үш сағат, төрт сағатта бір ақшыл күрең балқыма құлдилайды. Сарылдап ағып, сарқырап құйылады.

Заводқа күні-түнің бәрібір. Жұмыс тоқтамаса, шойын ағыла берсе болды. Заводты жоспар, жоспарды жұмысшы билейді. Қажыр мен қайрат, сана мен сапа басшылық етеді. Қиналуың мүмкін, қынжылуың мүмкін. Бірақ оның бәрі - еңбек зейнеті мен еңбек қуанышының бір ғана сәтіне қарсы тұра алмайды. Кеудеге қақтырар, кейін тартар кертартпалық аяқ астындағы кесектей. Теуіп кетсең, аттап өтсең - артыңда қалады...

... Қарақұрым түтін будақ-будақ ұшады. Арық қуалай шойынға ілесе жүгіреді. Жыл уағын күткен көктемдей, күзінде қайтқан жыл құсындай айналып соғар машықты қарбалас тыншымайды.

Төменде, чугуновозда, сұйық шойын сақырлап қайнап жатыр.

Ұзын сапты күректеріне сүйенісіп горновойлар сұйық металға үнсіз төніп, мелшиіп-мелшиіп қалған.

Көк түтіні - көк айдындай. Бұрқ-сарқ атжалданып, аударылып-жөңкіп көшіп барады.

Көк түтін. Аппақ бейне...

Жайқынды жанап ұшқан ақ шағаладай ақ көйлекті қыз көлеңдейді. Жеңіл аттап, алаң жиегіндегі темір



шарбақ қоршауға таянып қалды. Екі қолтығынан көтере қысып ұстап алған екі қара киімді жетектеушісі бар Инна екен.

- Тоқта!...

Инна артына бұрылады. Әлсіз бұлқынады.

Қарысып, тас боп жабысып қалған екеу жібермейді. Енді таныды. Бет-аузын жауып тұмшалап алған қара-киімділер - әкесі мен Әбілтай. Сұйық оттың сәулесі көздерінде жылтырайды. Ұшқын шашады.

- Тоқта! Тоқтаңдар!...

Ақжелең лүп етті... Ақжелең желпіп өтті. Ақ шуда бу қалды. Ақ ұлпа түбіт жайылды...

...Сапар шошып оянды. Бөлмеде жалғыз жатыр екен. Көршілері жұмысқа кетіпті.

Күн сәскеге тырмысыпты. Терезе жақтауынан бір елідей ғана бері аттап түскен сәуледен білді. Бір жақ бүйіріне аунап түсті.

Ішке Акулина әжей енді. Қолында төрт бүктеулі сап-сары қағазы бар.

- Сапар, мынаны саған бер деп кетті.

Әкесінің салған телеграммасы екен.

“Мамаң әл үстінде. Келе алсаң келіп қайт”. Басқа сөз жоқ. Төбеден ұрғандай тоқ еткізген.

Сапардың көзіне жас үйірілді.

“Келіп кет” деп еді. Медеу еткен тілек-ынтызары екен ғой. Әл үстінде... Асыл ана хабар күтеді. Зарыға тосады. Үмітіне арқау, сағынышына талшық ұлы лепірген көңілімен еш алаңсыз жүре беріпті. Асыққан, алып-ұшқан серсаумал тірлік қамсыз-мұңсыз күй кешіріпті. Сапар соны ұқты. Сәтке ғана жүдеп, жүнжіп күрт түсті. Жас толы көздің алдындағы алақандай ақ қағаз енді бір сәтте алыстағы ана саусағындай діріл қақты. Өз шері, өз ойы бөлінбеген қымбат жан дәл қазір де тілдей қағаздан үнсіз сыр тегіп, іштей иіскеп, сүйіп, бар дұға мен тілек мінажатын арнайтындай көрінеді.

- Мама! Ма-ма-тайым!..

Солырқау жүректің дірілді үні үзіліп-үзіліп естілді де, іле өксік буған жылауға жалғасты.

- Сапаржан! Анаң ауырған екен ғой. Уайымдай берме. Қайғыға өзегін берген ер емес. Ауырып тұрды

- аунап тұрды. Сырқат келмей, рақат болмайды. Кел десе, бар. Көріп, көңілі уансын. Сүйіп - мейірі қансын. Бала - ана нұры, жүрек гүлі. Сүйініп марқайып, серпіліп сергіп қалады. Дайындала бер, күнім. Жолыңа самса пісіріп берейін, - деп Акулина әжей ауыз үйге беттеді.

- Тос мені, Инна!
- Тосам, Сапар!

Аэропорт басы ығы-жығы. Оқшаулау топ құрып жолдастары тұр. Қарны тартылып, бөрі құрсақтартқан Слава Сухов та әдеттегіден көп бөлек. Томпаңдап жүгіріп жүріп соңғы рейске билет тапқан да сол. Индонезиялық досы Рахман Субандрио да үнсіз тілек қарасын жиі танытады. Тілепберген ағасындай қамқор.

Өмірде тыныштық жоқ екен. Байырқалау, толастау адамзатқа мұрат емес. Көксеген арман - көп тілегімен жалғасын тапса қана ардақты. Әке тірлігі осының қарама-қарсы айғағындай. Тілек-армансыз түйген бір қу түйінді қайта селкеулемей, қайта тарқатпай, құн-жың-құнжың шиелей беріпті ол. Мың бұлақтан жырақ қап тақырдың табанында сасып, құрғап таусылып бара жатқан қақ суындай көлеңкелі ғұмыры бала көңілін бей-жай қылып, жиренте бездіріп, аулақтатып барады. Есеп пен өсек билеген тұтам бойдың тұлабойынан тырбанып өріп, тырбиып тарап жатқан мың сан бүйінің қорқынышты суреттері елес береді.

- Сапар, аман-есен орал! Мамаң тез айықсын!...

Еміс-еміс жеткен сөздер құлақ астынан шығады. Ерні дірілдеп айырылысар сәттің кешікпей жетімсірете жетіп, жүдетіп ораларын сезе ме, Инна әлден-ақ кейісті бәсең реңмен сұрғылт тартыпты.

Дикторлдың жаңғырығып, даурығып сөздерін шатастырып шыққан даусымен бірге аэропорт алаңының есігі де ашылды. Жапатармағай лап қойған жұрттың артында қол бұлғап қалған ауқымды топтың "сәт сапар" жолдап тұрған ақпейіл тілектері жамырай қуып кеп жатыр.



Сапар Иннаны іздестірді.

Инна оқшаулау ілгері шығып, үнсіз қалт қарап қалыпты. Тас оба, ескерткіш-мүсіндей мелшиеді.

"Не ойлады екен? Танысқанына күпті ме? Үркек жүрекпен уайымға бойлап бара ма? Күн санап, әлде уақытты асықтырып тұр ма екен? Бүлк-бүлк ұрған қан тамыры өмір-мезгілдің тыншымас сағаты шығар. Тез өтсе екен!"

Сапар баспалдаққа көтерілді. Алаңдатқан екі жан - анасы мен құрбысы. Бірі сағыныш-ынтығымен күдік жайлаған көңілді қобалжытып оралса, екіншісі діріл буған жүректің әлден-ақ аңсата бастаған лүпілімен жетеді.

Күн сәулесі күміс қанатында ойнаған көк кемесі әуеде самғап барады. Сапар иллюминаторға көз тікті. Ақ шағаладай баяу қалықтаған ақша бұлтты көрді. Ақ желең желпіген ақ ұлпа түбіттей. Ақжелең үміт боп аспандап барады.

*Алматы, 1970 жыл.*

## ҒАРЫШҚА КӨЗ ТІККЕН ЖЕР

### Беташар

- Папа, ауылға қашан барамыз?
- Барамыз. Асықпа, ұлым...

Әкелі-балалы екеуміздің әңгімеміз үнемі осылай басталатын.

Ол кезде ұлым Алмас алтыда болса, Жезқазған облысы жаңа ғана құрылған-ды.

Әрине, ақыл тоқтатпаған баланың "ауыл" дейтін ұғымына бүкіл облыс көлемі түгел сыя қоймайтын. "Асықпа" деуімде өсе, есейе түссін дейтін ынтызар тілек төркіні жататын.

- ...Папа, биыл ауылға барамыз ғой...
- Иә, барамыз. Сәл шыда.

Бұл кезде Алмас он бірге, облыс бес жасқа толған еді.

Бірақ ауылға ат ізін құрғатпай, жиі барып тұрғанымыз да рас. Ұлымның ендігі "ауыл" ұғымының кеңейе түскеніне де күмәнім жоқ. Сонда да облыс деп аталатын адамдар ғұмырнамасы мен ерлік, еңбек шежіресінің құдіретін толық пайымдайтын халге жетуін мен де асыға күтіп, үлкен "ауылға" - ауқымды ауылға аттанар сапарды тосумен жүрдім.

Арада тағы төрт жыл өтті.

Каникулға шығысымен Алмас жолдорбасын қамдап, жиналуға кірісті. Қимылы ширақ, жіті дайындығында маған бұрын онша байқала бермейтін еркіндік, ересектік бар.

- Қайда жиналдың, балам? - деп ендігі сұрақты өзім беруге мәжбүр болдым.
- Ауылға. Облысқа. Туған жердің ой-қырын саяхаттап, аралап көріп, облыстың тарихымен таныспақ



ойым бар. Ата-баба туған мекен - маған да ыстық. Менің де туған жерім ғой. Туған жердің келбетімен кездеспей, тауы мен даласын аралап көрмей, сыртынан құр сүйсінгеннен не шығады? Жезқазған облысы - кенді облыс. Кені - металы ғана емес, адамдары екен. Ғарышқа ерлерін ұшырып жатқан Байқоңырдың бір өзі неге тұрады, папа?! Ендеше, енді бөгелуімнің реті жоқ.

- Сонда қалай, жалғыз бармақсың ба?
- Жоқ. Саяхатшылар тобымен.
- Оның дұрыс екен, балам. Қашан жүрмексіңдер?

Алмас күрсінді.

- Саяхатшылардың жиналуына байланысты ол. Мүмкін бір апта... он күннен кейін жүрерміз.
- Онда, Алмас, былай жасайық. Мен ертеңнен бастап бір айлық демалыстамын. Екеуміз машинамен тартып кетсек, не дер едің?

Алмас көңілдене жымиды.

- Қатып кетеді онда.
- Ендеше, дайындала бер. Кітаптарыңды, картаңды ұмытпа.
- Неге ұмытайын. Мына "Қазақстанмен танысыңыз" деген жол көрсеткішті көрдіңіз бе? Бүгін сатып алдым.
- Дұрыс. Мен осы күнді сенен де гөрі асыға күткем, ұлым. Облыстың мен бармаған ауданы, мен баспаған тауы мен тасы аз шығар. Талай рет аралап, талай рет мектеп оқушыларымен кездескен кездерімде Балқаш туралы да, Жезқазған мен Ұлытау жайында да оқыған-білгенімді, көрген-түйгенімді әңгімелеп бергем. Енді сол жаққа екеуміз аттанып, тағы бір аралап қайтатын болдық.
- Байқоңырдың аты естілсе, көз алдыма Гагариннің бейнесі елестейді. Өздері ұшырмаса да, космонавтарын аялап қондырып алатын ғарышқа көз тіккен жер ғой ол.

Елең ете қалдым.

- Жақсы айттың-ау, Алмас. Ғарышқа көз тіккен жер - бүкіл Отанымыз. Соның ішінде, ең алдымен Жезқазған облысы. Байқоңыр өңірі. Барамыз, бәрін де көзімізбен көреміз... Мынауың не?

- Қойын дәптер ғой. Естіген-көргенімді түртіп отыруға жақсы. Кейін достарыма, құрбыларыма ұмытпай айтып беруге оңай болады.

Балама қатты риза болдым. Ынтығуын, елігуін іштей құптап, іштей келістім. Білгісі, көргісі келеді екен. Көрген-білгенін достарына жеткізуге құмартады екен. Шынында да енді бөгелуіміздің жөні жоқ. Ауылын, ауданын, аймағын, ардагер азаматтарын көріп, танып, құрыш қолды жұмысшы мен күн қағып тотыққан малшы, диқан жүздерінен жанына нұр құйып қайтқысы келген ұлымды бұдан әрі тоқтата беруге болмайтынына көзім жеткенде, дереу мен де дайындалдым.

Бұл жолы әкелі-балалы екеумізді туған жердің өзі шақырғандай болып көрінді маған.

Туған жер...

Әркімнің кіндік қаны тамған ауылы болады. Ең алғаш сол сәт ауылдың ауасын жұтады. Азаматтарын таниды. Бұлағынан нәр алады.

Сәби іңгәсі не жұпыны отауда, не үлкен қара шаңырақта естіледі. Бірақ қай жерде шыр етпесін, өмір жылуын өз ошағынан көреді. Ошақтағы от ауыл түтінімен араласады. Табалдырықтан аттаған бала ауылының төбесіне шығады. Айналасына көз жібереді. Басқа ауылдарды көреді. Сонда барып дүниенің кеңдігін, әлемнің шексіздігін алғаш сезеді.

Ошақтағы от басынан Отаны басталады. Ол - анау жатағандау өз үйінде. Анау шағын ауылда. Мынау іші үңірейіп, мұрты кетілген ескі рудниктің орны болған - “Жүндітөбеде”. Сонау көк мұнарда дірілдеген көгілдір таулардың тасасындағы Көкше теңіз бен Балқаш қаласында.

Туған жер...

Ол - қай қала, қай жерде жүрме, іңкәр сағынышыңды үнемі шертіп тұратын құдірет. Кеудеңе тамырын жайған алып ағаштай сайраған құстарымен, сапырылысқан сағымымен, ауылдастарыңның сансыз сәлемімен жүрек қоңырауыңды жапырағымен желпіп, бұтақтарымен тынымсыз түртіп жатады.

Туған жер...

Ол - мен үшін бүкіл Жезқазған облысы.



Әкем Қарқаралыда туған. Балам Алматыда туған. Бірақ үш ұрпақты тоғыстырған жер - Жезқазған облысы.

Облыс.

Ауыз толтырып, кеуде керіп айтуға қандай жақсы.

Жезқазған облысы 1973 жылы 20 мартта құрылған.

Қазақстанның орталық бөлігінде орналасқан бұл облыстың жер көлемі 313,4 мың шаршы километр. Ол солтүстік-батыс пен солтүстігінде Торғай, Целиноград, Қарағанды облысымен, шығысында Семей облысымен, оңтүстігінде Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстарымен шектесіп жатыр. Жер бедері әрқилы. Өзен аңғарлары да, ойпаң, жазықтары да, аласа таулары мен шоқылары да көп. Осылардың ішінен Ұлытау (абсалюттік биіктігі 1134 м.), Бұғылы (1187 м.), Қызыларай (1565 м.) таулары ерекшеленіп бой көрсетеді. Климаты тым континенттік. Қысы әрі ұзақ, әрі суық болса, жазы тым ыстық. Жауын-шашыны сирек. Бірақ бұл облыс кенге бай. Халқы - қонақжай.

Бар болғаны бір мүшелі жастағы облыстың өткенін ойға елестетіп, бүгінгі көркін тамашалап, ертеңін ұғып қайту үшін, сөйтіп міне, ұлым екеуміз Алматыдан жолға шықтық.

Туған жерге жетіп, топырағына бір аунап тұрғанға не жетсін!

Тауыңның басына шығып, туған далаңа қыдырта көз жіберуден артық қуаныш болар ма!

Бізге серік болыңдар, жас достар!

* * *

Жусанды даланы қақ бөліп, қара таспа қайыстай тік тартқан оқтай түзу, кең тас жол кең-байтақ өлкенің бұрынғы іш пыстырар мешеулігін адыра қалдырғандай, жеңіл машинаны асықтыра ұшыртып келеді. Оң қапталдан - Тауқұм өңірінен ескен аңызақ аз болғандай, бірер сағаттан соң Мойынқұмның әр жерде бір сексеуілі шоғырланған етегі басталды. Құрғақшолақ, Ботабөрім өзендерінің қуаң тартып кепкен

арналарын артқа тастап, Ақсүйек тұсынан өткен соң терістік-батысқа қасқайып қарсы атылған қара асфальт көлігімізді одан сайын қайқандата жөнелді.

Алыстан, көкшіл мұнары көгілжім пердедей дірілдеген сағым арасынан дөңгеленіп аппақ аумақ көзге шалынды.

Алмас тыпыршып қалды.

- Папа! Қар! Қар! - Үңіліп отырған қалпы маңдайдан жіпсіген терін саусақ қырымен сипап тастады да: “Осындай аптапта қар қайдан жатсын”, - деп ойласа керек, қайта түзеді. - Көл! Көл! Балқаш басталды....

- Балқаш басталды десе де болады. Бірақ анау көрінген көл де емес, қар да емес, сор.

- Сор?!

- Иә. Балқаш көлі бұрын сонау сорға дейін созылып, шалқып, толқындап жатады екен. Көл суы азайған соң, теңіз деңгейі біраз төмендеп, жағалау алыстап, көл шегініп кеткен ғой. “Нәрінен айрылған жер - жетім” дегендей, қаңсып қалған көл табаны тұзын бетіне теуіп, сорланып жатыр.

Әне-міне дегенше-ақ машинамыз сорға жақындап қалды. Көлемі әжептәуір қомақты, теп-тегіс сор кәдімгі мұз айдынындай. Көк шыңылтырына қылау-ланған қар ұшқыны жабысқан Медеу айдыны кейде осылай ақтаңдақтанып көрінетін.

Бірнеше шақырымға ұзап кеткен көл тұсына әрі мейірлене, әрі елжірей, әрі ынтыға, әрі әлдебір аяныш толы қараспен ұзақ тесілген ұлым бір кез маған қарай бұрылды.

- Папа, Балқаш көлін ертеректе Көкше теңіз деп атаған ғой. Соған қарағанда түсі көкшіл болғаны ма?

- Бала күнімде сары тіс ақсақалдан осы көл туралы бір аңыз естіп едім. Жол қысқарсын, айтып берейін.



**Көкше теңіз туралы аңыз**

- Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде төрт түлік малға бай Көкше деген батыр арқада өмір сүріпті. Жаугершілік заманда бұл далада қоныс, құдық, жайылым-жайлау үшін алыс-жұлыссыз өткен күн аз болған ғой, тәйірі. Көкше де бесіктен белі шыққалы бел шешіп дұрыстап бір ұйықтамаған ел қамқоры батырымның нағыз өзі болған деседі. Бұл шеті Ұрымнан, мына шеті Қырымнан қиқулап тиген талай жау батырдың соққысына шыдамай осы өлкенің сайы мен жырасына жер жастана беріпті. Ноғайлы-қазақтың әлі де айрылмаған, татулықтың қаймағы бұзылмаған дәуірінде Көкше батырдың атағы шығандап Мұз еліне, шарықтап тұз еліне, қалықтап Оғыз еліне кетіп жатады. Содан не керек, Көкше батырдың өзі мен жеті ұлы найзаларының қыл құйрығын желбірете көтеріп шыққанда қарсы келе жатқан жаулары мысы басылып, жатып қалады екен.

Хош. Батырлық қай кезде де бағаланған ғой. Шебінен шапқыншы өткізбесе, шеніне шолғыншы жеткізбесе, ел тыныштығын күзеткен арыстың абыройы артпағанда не қылсын. Арқадағы сары көдесі ұйысқан, көк шалғыны жапырылмаған, боз бедесі желкілдеген, бидайығы жайқалып, мия, майсасы билеген, қолат-қойнауға, бұлақ-бастауға, өзен-көлге жағалай, жапсарласа қонып, ойда он отау, қырда қырық орда құрып, емін-еркін сайрандаған ел сол бейбіт тірлігі шайқалар деп күдік ойламаған ғой. Үйір-үйір жылқы, қотан толы қойды айдап тастап, иіріп бағып, сары уыз қымызды сапырып ішіп, сары ала қазыны кертіп жеп, кекірік атып, күміс әнді көкке созып, күмбірлеген күйді көкжиектен асырып, мәре-сәре ғұмыр кешіпті деседі.

Соның бәрі Көкше батырдың арқасы көрінеді.

Көкше десе, бұлт бүркеніп, жай атқан, жасын төккен, сел қаптатқан көк әп-сәтте ашыла қалады екен. Көктен нұр құйылып, шуақ шашылып, мейірім төгіледі екен.

Көкше десе, қыраулы қыс құрсауын босатып, қарын көпсітіп, ызғарын бәсеңдетіп, боранын жуасытып, үскірігін азайтып, ызғырығын тыйып, жуасып, жүнжіп сала береді екен.

Көкше десе, арқыраған асау өзен тыншып, өткел ашып, ұшар басы көк тіреген асқар тау аласарып, асу береді екен.

Көкше десе, Ай аспаннан сығалап, жұлдыздар жоғарыдан телміре төніп, өкпек жел самал боп сипап, қара бұлт мамық боп төселіп, сүңгі мұз май боп еріп, дүние түгел еміреніп, иісініп, тұшынып сала береді екен.

Өзі де жан біткеннің алыбы болыпты. Күлгені - күннің күркірін жасырыпты. Жүргені - күншілік жерге естіліпті. Бір төбеге жамбас басып, қарсы алдындағы екі төбені олай-бұлай орнын ауыстырып, ермек қылады екен. Жеті ұлы да жеті жұртты билеген, жеті жұртты қорғаған керемет дәу болыпты. Шебіне жау келмей, қотанына дау араласпай, жайлауынан шаң шықпай бұйығыланып отырып қалған кездерде сол жеті ұл бірін-бірі іздеп келіп, белдесіп - күш сынасып, сайысып - білек сынасып, кезенісіп - жүрек сынасып, талайдан бері сірескен қардағы күш пен кеудедегі сесті ыдырата сейілтіп, бой-бой босап, мүше-мүше арсаланып, байырқалап қайтады екен. Тепкі көрсе де тектіде өкпе болмайтыны белгілі. Әлгілердің ең көркемі де, ең алғыры да, ең қырғиы да - Тоқырауын деген Көкше батырдың кенже ұлы деседі. Сайысқа түссе, алты ағасын дуадақтай домалатып, белдескенде бесеуін бұлқынтпай бүктеп, алтыншысын арқалап жығады дейді. Жетеудің жұлқынысынан жер дірілдеп, көл шайқалып, тау қозғалатын көрінеді. Көкше батыр Ұлытауға басын сүйеп, Кішітауға аяғын көсілте тіреп, сұлап жатып, ұлдарының аударыспақ-төңкеріспек "ойынын" қызықтайды екен. Найзадан найза шыдамай, қарағайдың қарсы біткен бұтағы қақ айрылғанда, қақыраған үнінен құлақ тұнардай болыпты. Жебеден жебе таусылып, қырда қарағай, ойда орман азайып, өзен мен бұлақты балақтай өскен тал-шілік құрып бара жатқан соң, аруағынан садаға кетейін Көкше батыр балаларына тал-дараққа қол



созуға тыйым салыпты. Мұртының қылын жұлып беріп - ұлдарына найза ғып ұстатыпты. Кірпігін жұлып беріп - жебе жасатыпты.

Қармаса шеңгелі толатын, ұмсынса ұрымтал жерден дөп тиетін, түйресе іліп түсетін, сермесе жұлып түсетін, толғаса толғауыт бұзатын, ырғаса аймауыт бұзатын қыл-найза жеті батырдың бірін-бірі ойнап шабақтап, айлап сермескенде қандарын шып-шып ағызып, жотаға бұрқ-бұрқтамызады екен. Жосалы жота, күрең бел сол шабақтасудың әсері деседі көне көз қариялар. Қасиетті қан тамған туған жердің әр тасының, топырағының әр түйіршігінің киелі болуы, біле білгенге содан ғой.

"Тектіде кек болмайды", - демеп пе ем. Әлгі алпамсадай Тоқырауын ағаларын домалатып ойнап, аунатып байлап, қыран-топан жайғап жүрсе де, бір де бірі қыңқ деп үлкендік танытып, қыңыр тартып, қырсыздық білдірмепті. Қара көзден от шашқан құба жүзден нұр төккен ініні қаумалап ортаға алып, ең үлкені мергендіктің сырын ашып, екіншісі сезгіштіктің сиқырын кеудесіне құйып, үшіншісі ептіліктің есебін сабақтап, төртіншісі жылпыңдықтың жыңғыл-жыңғылына жаттықтырып, бесіншісі бекемдікке баулып, алтыншысы арбауды үйретіп, Тоқырауынды топ бастар көсем серкеге әбден лайықтаған-ақ екен. Ұлдарының ұлылықты - ұйымшылдықпен ұғынған зердесіне исінген Көкше батыр насыбайды қос танауға кезек шекіп, көк пен жерді түшкіріп тулатып, пысқырып дабылдатып рақаттанып қалады екен. "Күш атасын танымас" деп қарқ-қарқ күлгенде Ұлытау дірілдеп, Кішітау қалшылдап, тау мен дала бірнеше күн бойы жаңғырық қуалап азан-қазан боп кетіп, баяулап тыншиды екен.

Хош. Жеті ұлдың желкілдеген найзасы қара бұлтты шұрқ-шұрқ тесіп, жеті жақтан жеті қорғандай бой көрсеткенде, ойда одыраңдағанның құты қашып, қырда құтырынғанның сұсы басылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқа салған бейбіт өмір орнапты. Отаулар ойын-сауыққа бөгіп, ана әлдиі әлемді алақанында аунатыпты. Бұта сайын бота байланып, тобылғы түбінде тоқты-торым көлеңкелеп, қыр

жағалап, құрық сүйреткен, қылқан қырыққан бозбастардың құраулаған даусы қиян далаға қиқулап кетеді. Арқаның тарлауы мен бөтегесі, қияғы мен көдесі, жоңышқа мен көк жусаны, майсасы мен миясы төрт түліктің тұяғы талмай таптаса да, тапжылмай ұйысып, таласа тырмысып, қаулап өсіп, бұлағы бұрқырап шапшып, қайнары қайнап атылып, өзені өзек бойлап, көлі көпіршіп толқындап, берекені белден бере берген ғой.

Бұл кезде Көкше батырдың да шау тартып, көзі кіреукеленіп, тізесі дірілдеп, кірпігі іріңдеп, отырыңқырап қалған кезі екен.

Хош. Содан ескі кездіктің жанымаса өтпейтінін, алмас қылыштың қыннан суырылмаса тот басарын пайымдаған батыр ақырғы рет сілкініп, ақтық рет айқасып, құрыс-тырысын жазбақ ниетке бел буғанын ағайын-туған, ауыл-аймақ тегіс сезіп қойыпты. Алыстан аламан іздеген адамның жан амалдаған бейбіт тірліктен баз кешетінін түсінген момынбас жұрты қарт батырды райынан қайтаруға мықтап күш салады.

“Бейбіт елдің берекесі -бірлігі. Қылышты қолда қырғын жүреді. Қырылып, ел бүлінеді. Бұзылған ниетке бұзылған арман лайық. Ниетіңізден қайтыңыз”,
- деп үзеңгілестерінің бірі сөз бастаған екен.

‘‘Тәубаның басы - татулық. Тіленіп жау таппай, елжіреп дос табайық. Қан киесі - қасірет. Қасиетті қасіретке айналдырмайық, батырекесі”, - деп екіншісі қоштай жөнеледі.

‘'Ор қазба - көр қазасың” дегенді ұмытпайық. “Ай тұтылса - алапат, Күн тұтылса - кесапат”. Айды алқалап, Күнді қапқалап күнелтейік. Дау табу да оңай, жау табу да оңай, аужай табуға тырысайық. Елге келмеген ыланды еліктіріп әкелгеніміз болар ма”, - деп тағы бірі есілгенде, орта тұстан орта бойлы тұстасы сөз қосыпты.

“Елірмеге - жел үрме”, “Сайланғанды қайрама”,
- деген тізгін қақпамыз бар, құрдас. Айран ұрттап, қой құрттағанымызды көпсінсең - өзің білесің. Дүрілдеп тұрып, дүрілдетіп тартып кетсең - батырлығыңа байлағанымыз. Жылқы қайырып, үнем айырып жүргенімізді көпсінсең - оны да өзің білесің.



Жең түріп, жеңсіз киінсең - тағы да батырлығыңа жүгінгеніміз. Шаруа күйттеп, құда киіттегенімізді жақтырмасаң - өз еркің. Жау тілеп, найзаңды білесең
- және батырлығыңа жығылғанымыз. Бірақ ошақ қаңыратып, от сөндірердей қылмысымыз бар ма еді? Қатынды тұл, қалқайғанды құл ететіндей кінәміз қалың ба еді? Жүген ұстап, жұрт сипалап жылап қалар жұртыңды жәукемдеткенде не ұтасың? Ұл-қызыңды жәудіреткенде не табасың? Құндызыңды селдіреткенде не ұтасың? Шабуылыңа жабылып еріп, шандуылыңа сан рулап қосылармыз-ау. Тосыларымызды да, жөңкіле жосыларымызды да ескерсеңші. “Қиянат басы
- құрдымның басы” дегенді өткендер уағыздап кетпеп пе еді?! Қырылып жатсақ - қыңыратқымас едік. Қырғындауға құмартуымыз қалай?! Атқан таңды азсынсаң - батқан күнге зәру болмаспыз ба?! Өліммен ұзарған өмір жоқ. Кебінмен үзілген өмір көп. Соған неге ынтықтың, құрдас? Ел ішінен аулақтап, жер шетіне барам деуің - қай үрдіс? Баталы ердің елі опалы, көлі қопалы еді ғой. Батаңды жұтып, еліңді арытып, көліңді тарылтайын дедің бе? Елдің иесі өзің болғанда, сүйеніштің киең емес пе? Текті ата тентек ұлын тыйып ұстайтын. Текіректетіп текетіреске айдамайтын. Шеңгелден қан, көмейден ұран, кеудеден кек ағыз деуің қай сыбағаң? Аққан қан сұраусыз ба? Аттандаған ұран жаңғырмас па? Ашынған кек қарсы атылмас па? Соларды неге діттемейсің?” - дегенде Көкше батырдың басы еңкейіп, сүйек-сүйегі босап, иіні түсіп, көзі жасаурап сала беріпті дейді. Қайтсін, елім деген ердің уәлі сөзге қабырғасы қайыспасын ба. Аталы уәжге майыспасын ба. Бой-бой босағанда, екі көзден аққан жас сақал бойлап сіркіреп, Ұлытаудан төмен зырлаған ғой. Өзен боп аққан ғой. Сонда әлгі көз жасы, жылау жасы шық тамшыдай мөлт-мөлт тамыпты. Сол жылау-шықтар Ұлытаудың теріскей екі өңіріне қосыла жарысып, екі өңірді ыстық лебімен аймалап ағып, исінтіп кете барыпты. Бүгінгі “Үлкен Жыланшық, “Дулығалы Жыланшық” өзендері Көкше батырдың қос көзінен аққан “Үлкен жылау-шық ’, '‘Дулығалы жылау-шықтар” болған деседі. Бірақ кейін жыланы көп болғандықтан “Жыланшық’' атанған ғой.

Хош. Батырдың бағын, абырой-атағын көре алмайтындар іргесінен орын теуіп, іріткі салудан ол уақытта да кенде болмапты деседі. Апыр-ай дейім, жақсының етегіне жармасып, шылбырына оралып, тұнығын лайлап, адалын арамдайтындардың заман сайын шапанын айналдырып киіп, өзгеріп ілесіп отыратынына таңым бар-ау. Сондай бәле басы біреу Көкше батырдың да ауылында жүрсе керек. Намаздыгердің көлеңкесіндей сорайған, қатқан қараның аты ұмытылып, көрші-қолаң Ұзынтұра атап кеткен көрінеді. Көкшеден кейін бойының сорайғанына мәз болып, өзін өзгеше қадір тұтады екен, әйтпесе қауқар-қайраты шамалы-ақ болыпты.

Дүниеде күншілдік - қиянат, қызғаншақтық - қасірет. Батырдың батпандай бағасын барша жұрттың аузынан естігенде Ұзынтұраның беті бедірейіп, бүйрегі безеуленіп, өкпесі қабынып, жүрегі алқынып қалады екен. Оның үстіне батырдың уылжыған тоқалына үздігіп жүріп, қыбын тапқан ба, Көкшені біржолата құртудың барлық айла-шарғысын шарқ ұрып іздейді ғой. Ұзынтұраға елдің берекесі не, бейбіт тірлігі не - қарны тойса, құшағы жылынса, жетіп жатыр.

Көкшенің тұстастарының жетесіне жеткізген кеңесіне ойысып, ұйып, илігіп қалғанын байқаған Ұзынтыра ырғай мойнын ырғап созып, өндіршектей жөнеліпті.

- Уау, батыр! Аламан барда ел аман болғанын естігеніңіз бар ма? Елі аманның аламаннан қорыққанын естігеніңіз бар ма? Ел шебі, жер шеті деген не?-Жаңадан жер алса, ел шебі ұзамай ма? Жер шетінен жау тисе, ел шебі бұзылмай ма? Шеп деп шек қойып епсектеудің несі сән? Сойылды қол соға ма, жол соға ма? Жөнім деп жолыңызды бөгесе, шебім деп қолыңызды бөгесе, батырлығыңыздың бәсі не? Арқандап ұстап, тұсаулап баққан сәуріктен қай жеріңіз артық? Биіктегі басты билік деп төменге тартса, күйкілік күпсініп кетіп жүрсе қайтеміз. “Елірмеге - жел үрме , - деді жаңа. Айтсын-ақ. Бірақ соның әу бастағы жел үрлесін” қайда қоямыз. “Сайланғанды байламаны” неге ұмытамыз? Арынды басқанша, қаруды асынсақшы. Аймауытты жарқыратып,



торғауытты кисекші. Сөйтіп анау бері жөңкіген “күңнен туған күндерге” қарсы барсақшы.Еділ атты патшасының басын кесіп алсақшы. Сөйтіп ерлік қылсақшы. Әйтпесе батыр деп бедел тұтып жүргеніміз бұл жолдан бөгелсе, былайғы ел: “Бас сауғалап бұғынып қалды. Еділ патшадан қорқып, тығылып қалды”, - деп қауесет таратып жіберсе, батырдың бағын байлағанымыз ба, бағасын арттырғанымыз ба?

- деп тырнадай мойнын созғанда, Көкше батыр екі алақанымен жер тіреп белін көтеріпті. Найзасына сүйеніп, иығын өсіріпті. Ежелден халық айтатын: “Батыр - аңғал” деген сөз рас. Қыздырманың қызыл сөзі көкірегін қыз-қыз қайнатқан аңқау жан ақырып айбат шақырып, күркіреп қайрат жинапты деседі.

Ер туласа - тоқтамас, ез туласа - қоп-қораш. Көкше қатуланған соң жеті ұл қаһарланады. Жеті жұрт жиналады. Күнді шаң жабады, күлді жел суырады. Күлкіні өксік басады. Көріктіден әр қашады. Амал не мал бағып, жан күйттеп амалдап отырған ел аламан іздеп ала-күлік бүлінеді. Ала мініп тебінеді. Қона жүріп бөлінеді. Ана әлдиі зармен жалғасады. Дала ән-күйі зармен алмасады.

“Жол көп пе, қол көп пе” деген мәтел сол кезде туыпты. Арқаның сауыры мен бауырын, қыраты мен қыраңын, сайы мен саласын, жалы мен белін, ойы мен ойпатын, үстірті мен адырын, ылдиы мен еңісін, өрі мен төрін шиырлап, шимайлап жатқан сүрлеу мен соқпақ, шұбырыңды мен сорап, жым мен жолдар сол Көкше батырдың қолының табанының табы, тұяғының мөрі деседі. Әрине, байқағанға қолдан жол көп. Қолдың жолы қасқая тартса, ұры сүрлеу, сатқын соқпақ сыңараяқтап қана із тастайды-мыс. Сондай сүрлеуді Ұзынтұра да қалдырған ғой. Бүгінгі “Ұзынтұраның үркек сүрлеуі” содан қалыпты.

Хош. Көкше батыр ел шебінен өтіп, Еділ патшаның жеріне жетіп еру жасапты. Алмасын қайрап, қылышын шыңдап, жебесін егеп, кіресін үшкірлеп, торғауытын жамап, дулығасына үкісін қадап, жасағы жасанып жата берсін. Енді Ұзынтұраның жайына көшейік.

“Арамның адымы - тұтам” - дейміз. Тұтамның да тұтқиылда ұтары болады. Ұзынтұра ұзап шыққан соң,

атты кезек алмастырып, күншығысты қасқа маңдайға беріп салдыртып отырып, Еділ патшаның елінен бір-ақ шығады. Ентігіп жетіп, демігіп сөйлейді.

"Еділ патша, басыңнан бағың, астыңнан тағың ұшқалы тұр. Атылғалы арыстан келеді Жарғалы жолбарыс келеді", - дейді.

"Уай, Еділ патша, елің қанға бөккелі тұр, далаң шаңға бөккелі тұр.Селдетіп жауын келеді. Долданып дауыл келеді", - дейді.

"Уау, Еділ патша! Қалаңды өрт алғалы, баланды дерт шалғалы тұр. Жаланып заманақыр келе жатыр. Жасанып Көкше батыр келе жатыр", - дейді.

Ә дегенде Еділ қатты сасып, құты қашып, бетін басып қалса керек. Ұзынтұра тағы да мәймеңдепті.

Уа, Еділ батыр! Ерден ердің қауіпі бар. Көкшенің аты болмаса, заты әбден тозған. Қаусаған сүйектің қауқары шамалы. Қабынып өкпеңді суытпа, алқынып жүрегіңді шошытпа. Тізесі ісініп, белі босаған. Қабырғасы қайысып, тарамысына ілінген. Жілігі - кемік, жігері - боркемік шалдан не тілейсің. Жағалассаң - жығасың. Салыссаң - сұлатасың. Найзалассаң - түйрейсің. Додалассаң - илейсің. Бұғалықтассаң - сүйрейсің. Қам жеме, қапыда дәл үстінен дөп түсірем", - дейді.

Еділ де ел қамқорын игілігім деп ұстанған батыр болса керек. Төрт тараптан қол жинап, аз ғана емес мол жинап, кешікпей аттанып кетсін.

Көптігіне сеніп, көкірекке нан пісіріп Көкшекең әдеттегідей ертәуілін ілгері шығармай, күзетші-сақшысын қарауыл төбеге қондырмай бейқам жатқан ғой. Көкжиектен белдеуленіп таң белгісі сызат беріп, Шолпан жұлдызы өңін алдырғанда, ұрандаған айқай шу аспан мен жердің арасын алып кетіпті. Күн күркіресе, ондай қорқытпас. Жер сілкінсе, одан артық үркітпес. Көкшенің қолы шошып оянып, үрпиісе өре түрегеледі ғой. Батырдың өзі де бас көтеріп алып, алдымен шығысқа қарапты: қызыл шапақтың асты найзасының масағы жарқыраған қолдан көрінбепті-ау, тау суы тасқындап құйылып келе жатқандай. Жалт бұрылып желке тұсына үңіліпті - қызарған күннің сәулесі дулыға мен аймауытта шағылысып қара өрт



қаптап келе жатқандай болыпты-ау. Оң қапталда он сан қол. Сол қапталда сондай түмен. Барар жер, басар із қалдырмай айнала шеп құрып, қабат-қабат көп құрып, темір құрсауға мықтап орап алған екен де.

Көкше батыр қапыда қан құсарын сезеді. Иіліп топырақ уыстамақшы боп еңкейсе -саусағы батпайды, қарманса - уысы толмайды. Өгей өлке тасын төсеп, ту сыртын тосқан ғой.

Содан батыр:

- Қасиетті далам-ай! Күпірлік кеудеме кіріп, жылуымды ұрлап, шырағымды үрлеп сөндірген екен-ау! Аһ, жалған дүние-ай! "Қадір білмегенді қайғы илейді", - дегенің осы екен де. Кіндік қан тамған топырақтан жырақтап, әруақ аттап кеткенімді кеш ұққанымды қайтейін-ай! Ердің сәні елімен, жердің сәні көлімен екен-ау. Кілең баршынды қыршынынан қидыруға бастаған екем-ау! Он екі құлаш оқ тістеп серт бергенде, мерт болуды іздеппін. Жырақ тұрақ табам дегенше, тұрақтан жұмақ жасасамшы. Шаңырақтан өрген әнді шыңғыртқан шермен көмер боппын-ау! - деп іштей толғанып қалып, алып денесін тік шаншып ілгері үзіліп шығады. Екі иыққа қонған қара бұлттың етегін қанкүрең жалқындатып күн арқан бойы көтеріледі. Қос бұлт төмендегі қос қолға қос қанаттай боп көрінеді ғой сол сәт.

Көкше батыр ыңырана дыбыстапты. Аузындағы бу бұлт боп төгіліпті. Қабағындағы ызғар сірне мұз боп шашырапты.

- Уай, Еділ батыр! Аспан ортақ, Ай ортақ, Күн ортақ. Ел сенікі, жер сенікі. Алысқанды да, тырысқанды да намыс жебейді. Жердің үстімен келіп, астымен қайту бар. Қырланып келіп, қыдырып қайту бар. Ол кездескен адамына байланысты. Құдірет құдіретті көріп кідіреді. Байламай жүгендеп, айдамай шідерлеп қойдың. Пірі қашқанның сұры қашады. Ниеті бұзылғанның - тілегі үзіледі. "Аламан іздеген алапатқа жолығар", -деуші еді. Жолығып та, торығып та тұрмын. Мен айбаттансам, Айды тұтушы ем, сен көлеңкеңмен Күнді жасырдың. Қапымды таптың. Жазықсыз қан төгілмесін. Орынсыз көбе сөгілмесін. Ортақ Айды сен де олжалама, мен де олжаламайын.

Ортақ Күнді сен де батырма, мен де батырмайын. Қасқайып қарсыма өзің шық. Менің жеңілгенім - елім жеңілгені болсын. Сенің жеңілгенің - елің жеңілгені болсын. Тұрасың ба осыма?

Еділ еңсегей бойын егеп ырғап, еңсе тіктепті деседі. Көкшенің басы Еділдің иығына әрең теңесіпті. Еділ иек қағыпты сонда.

- Тау төңкеріп, көл шайқаған, Көкше батыр! Бұлт бүркеніп, дауыл айдаған, Көкше батыр! Қонағым деп қой соярымды білмей тұрмын. Тамырын деп тай соярымды білмей тұрмын. Белдесіп, елдестік іздегенді көрмеп едім. Сермесіп, септестік іздегенді көрмеп едім. Сайраған ізіңнен жайраған жайлауымды танымай қалдым. Балтаңмен күзелген орман-тоғайлы қойнауымды танымай қалдым. Ылайлы көлден балық қашты. Жылаулы елден халық қашты. Бұланым маңып кетті, ұланым лағып кетті. Бүтінім бұзылды, түтінім үзілді. Сынғаным тұтылмаса қайтем, сөнгенім тұтанбаса қайтем?

Иә. Ай ортақ, Күн ортақ, Асыл ортақ. Айды қорғалатып, Күнді құлақтандырып, асылды жасытып бұл қай келуің? Төс түйістірмек болсаң, топан суыңдай төгілуің қалай? Түс шайыстырмақ болсаң хабарсыз келіп, ұрланып тығылуың қалай? Қас іздесең, желдіртіп жаушы жөнелтетін тайынбас жаһангерлігің қайда? Дос іздесең, күлдіртіп елші жөнелтетін мойымас кемеңгерлігің қайда? Не мәрттігіңді, не жомарттығыңды сезбедім-ау батыр. Аранға айдаған карттығыңды сыйлайын ба, арамға иланған қырттығыңды сыйлайын ба. Даналық - қарттықта, аналық - мәрттікте емес пе еді? Ақ басқа ақыл ұяламаса, қақ басқа ұрып кеткенде не қайыр, бұрылып кеткенде не қайыр, - деп ойсырай күрсінгенде бұлт түңліктей желпілдеп, Күн доптай домалап, тау жаңғырығып, тал шулапты.

Көкше батыр де жетесіз жан емес. Жүйелі сөз сүйегінен өткенде, тізесін бүгіп, кісесін шешіп, мойнына сала беруге ыңғайланады ғой.

Соны көргенде, Еділ батыр бір-ақ аттап келіп, иықтан көтеріп, Көкшені табанына тұрғызыпты.

- Иілме! Сынба, батыр! Тізеңнің бүгілгені - ниетіңнің түзелгені. Жетеді! Мен қайрамайын, сен қажалма. Сездім сырыңды. Татыңнан арылып, тозаңынды сілкімек болыпсың. Ендеше, сертіңе жет. Серпініңді баста! - деп кейін шегініп, қасқая қарап тұра қалыпты.

- Белдесеміз бе, сермесеміз бе? - дейді тастүйін түйілген Көкше батыр.

- Таңдау ағадан, - дейді тағы да Еділ батыр.

- Жебелесеміз бе, жентектесеміз бе? - дейді екіленген Көкше батыр.

- Таңдау ағадан, - дейді тағы да Еділ батыр.

- Салысамыз ба, табысамыз ба? - дейді шамырқанған Көкше ақтық рет.

- Таңдау ағадан, - дейді Еділ етегін қағып қана.

Сонда Көкше сылқ босап, қабағын қос саусағымен шымши көтеріп, Еділ батырға сығалай қарап қалады ғой. "Апыр-ай! Асып түсе берді-ау. Қашсам, аттатар емес, қусам, шалдырар емес. Иіліп тұрып, иілікпеу не теңім. Жөнімен жеңсе де, жолымды кеспей тұр. Ағалықты бағалайтындай қай қадірімді өткізіп едім. Шалалықты балалатқан қиянатымды ғана жеткізбеп пе едім. Үш рет қинадым. Үш мәрте үлкендігімді сыйлады. Үш қабырғам сөгілді, үш мүшелім кеміді. Ағалық менде емес, Еділде екен. Еділ әділ екен. Әділетімнен жаңылған екем".

Күрсінген Көкше найзаны тасқа шанышқан екен - тауды үңгіп, үңгір жасапты. Қылышты қыратқа шапқан екен - қақ бөліп, асу жасапты.

Қос қолды аспанға жайып, ақ сақалды заңғарға қадап, Көк Тәңірге құлдық қылыпты дейді.

- Бұралып сіңген тамырдың бек иесі Көк Тәңір! Айналасын су алған, ортасы дөңес өмірдің нақ иесі, Көк Тәңір! Шалғыны белден даланың тап иесі, Көк Тәңір! Жайсаң менен қараның жан иесі, Көк Тәңір! Ақыл-ой мен зерденің тақ иесі, Көк Тәңір! Құжынаған пенденің хақиесі, Көк Тәңір! Жалбарынам зар илеп. Мұңлығыңа құлақ сал. Қарабетке жасын ат! Қарғысыңды аяма. Құрбандыққа мені шал! Қара жерді қақырат! Қарық болып құриын! Қалың жұртты жылатпа! - дегенде дүние сарт-сарт, жарқ-жарқ атылып, гүрсілдеп, зіркілдеп, селкілдеп кетіпті дейді.

Дем арасында түнек орнап, аспан шатынап, көк түнеріп сала бергенде, Еділ батыр жалма-жан шалқалай кетіп, он саусақты шаңытқан аспанға тарбита жайыпты.

- Маңдай сипар кеңдіктің бек иесі, Көк Тәңір! Бет жыртыспас елдіктің нақ иесі, Көк Тәңір! Жүректе өсер мейірдің тап иесі, Көк Тәңір! Досқа деген пейілдің жан иесі, Көк Тәңір! Адасқанды кешпесең - жасыныңды маған ат! Өкінгенді көрмесең - қаһарыңды маған төк! Жазалайтын да өзің! Тазалайтын да өзің! - деген кезде түнек түріліп, аспан ашылып, арсыл-гүрсіл басылыпты. Сонда дейді Көкше батыр тізеден қара жерге кіріп кеткен екен. Еділ батыр еңкейіп келіп Көкшені ырғап-ырғап жіберіп, суырып алыпты. Суырып алыпты да, төсіне төсін тигізіпті, маңдайын маңдайға сүйгізіпті азамат ер.

- Армысың, Аға! - депті. Бір аттап шегініп, қолын қусырып, белін бүгіпті.

- Бар бол, Еділ бауырым! Бар бол, кең бол, суат бол, қуат бол! - деп дыбыссыз жылап, босай еңіреп Көкше батыр иіп қоя беріпті-ау.

Жас тамған жерге көл орнапты. Дымқыл тиген жерден өзен ағыпты. Тұмантқан сызды ауадан қоректенген тұл далаға тоғай өсіп, ну орман ұйысып - тайгаға айналыпты.

Таңдап-таңдап тай сойып, қоралап әкеп қой сойып, бұғалықтап ұстап, бұлан бауыздап, қырман басып, дән қауыздап, Еділ ер Көкше батырды ордасында қонақ етіпті. Алдымен қымыранды мұздатып беріпті. Ащыласын деп тұз қатық беріпті. Майға бөктірген бидайды қойыпты. Құйрық қосқан жай бауыр, буға ұстаған май бауырды тосыпты. Ұсақтап турап қолдаманы (қуырдақ) көлденеңдетіпті. Асты-үстіне түсіп сыйлау одан кейін де, оған дейін де болмаған деседі.

Хош. Екі батыр бірін-бірі қимай қоштасады ғой. Құшақтасқан екеудің шарпысқан лебінен дауыл тұрып, ентіккен демінен жел көтеріліпті.

Еділ ер Көкше батырды түстік жерге шығарып салады. Тұнжырап қалады.

- Елің ел-ақ еді, Көкше батыр. Деміңнен аңызақ



есті-ау. Сезігім келмесін-ақ, сергелдең енбесін-ақ, деп күрсініпті дейді.

Батырдың да өз түйсігі ойсыраған кеуденің қуысынан бас көтеріп тұрған еді, жыландай арбаған ғой.

“Демің - аңызақ” деді-ау. Сезді-ау Еділ ер бірдеңені. Кеудем күйіп, денем ысып, сүйек-сүйегім еріп барады-ау. Бір кәдіктің бары рас. Өзіммен кетпей, өзгеге жетер ме екен? Еліме сергелдең келгенше, шерленген денем күйіктен күлге айналсын да, дерттен құмға айналсын да”, - деп аһ ұрғанда даланы керімсал жайлап, айшылық жерге аңызақ андыздап кетіпті дейді.

Күпірлік - пенденің іштен сорған шемені ғой. Сыртына шыққанда запыран боп төгіліп, көлді булантып, жасылды тоздырып, бұлақты бітеп, қайнарды қамап, өзенді тарылтып, көз біткенді суалтып жібереді екен. Көкше батыр ел шебінен ұзап, жер шетіне аламан іздеп шыққан сәтте, Пірі қашып, Тәубасы жоғалып, Күпірлігі күшейіп сала берген, деп көнекөз қариялар айтады. Кеудедегі Күпірлікті бұрын Пірі буындырып, Тәубасы тізгіндеп отырады екен. Пірі мен Тәубасын өзі иектеп қуған соң, құнысып жатқан Күпірлік құтырмағанда қайтсін. Құтырынып көлге соқтығысып, сапырып шайқапты. Толқындатып жайқапты, үрлеп бұлтқа айналдырыпты. Кептіріп буға айналдырыпты. Көз біткенді бітепті, тамшыны тандырға тығыпты. Шық байланбаса, талшық айналар ма. Жасыл біткен нәрінен айрылған соң, жасыл шөп, жасыл жапырағын жоғалтқан жер сәнінен айрылыпты. Ол аз болғандай-ақ, бір кезде Көкше батыр қуып жіберген Бетпақ дәу төбе-төбе құм арқалап келіп, Арқаның пұшпағына жетіп, сайға сеуіпті, қырға сеуіпті. Тау-тау үйіпті, желіп жүріп құйыпты.

Хош. Көкше батыр еліне жетіп, есеңгіреп құлапты, еңіреп жылапты. Аңқасы кепкен жан, көзден аққан қан алдынан тосыпты да отырыпты. Көлі шөлге, нуы құмға, мәуесі мүкке айналыпты. Тұлпары тулақ болыпты. Арысы әруақ болыпты. Тұлғалысы шөгіп кетіпті, тұлымдысы семіп кетіпті. Қойы қояндай азып, байы дәруіштей тозыпты. Түңлігі жырым, туырлығы құрым болыпты.

Көкше үш күн, үш түн түнеріп отырып алған екен. Содан қара қобызын алдына өңгеріп, ой боздатыпты дейді. Өксіген үн шығандап қырға кетіпті, шырылдап Сырға жетіпті. Өкінген зар аспандап көкке атылыпты, ықылықтап жер бауырлапты. Бебеулеген күрсін тауда жаңғырыпты, тамырда бүлкілдепті.

Қыл қиғақ кескілегенде, қыл ішектер қиғылық салыпты-ау. Асудан арман іздеп, қиядан қиял қуыпты. Іргелес елден ізгілік күтіп, мүдделес елден үміт тосыпты. Ызыңдаған жел ізгілік іздеген сарынды үзіп кетіп, жеткізбепті дейді. Тозаңдатқан дауыл үміт сауған сазды бұзып кетіп, өткізбепті дейді.

Сонда қыл қиғақ қыңсылапты-ау. Қыл ішек талмаусырапты-ау. Талықсып тоқтапты-ау.

"Қайраным кеткен екен, дәуренім өткен екен. Тағдырмен ойнап, бұлдырап құрығаным ба, дегбірден айрылып, құлдырап өшкенім бе? Ел қарғаса да, жер қарғамасын, зар тоқтап шер қорғаласын. Қалған ғұмырды ел мен жер қорғаны қылайын", - деп Көкше батыр қобызын тастап, орнынан ыңырана тұрыпты дейді. "Ендігі жерде қолым қаруға, тәнім сауытқа тимесін", - деп үстіндегі жау-жарағын Ұлытаудың төңірегіне жұрт көзінен жасырып көміпті дейді. "Келер төл, өсер ұрпақ игілігіне жаратсын", - деп жез дулығасын жасырған жер Жезқазған тұсы болса керек. Аймауытын Жәйремге, қылышын Қаражалға, асыл ласты алтын, күміс жүзік, сақиналарын Арқаның сауыры мен бауырына тығыпты. Қола масақты жебесі мен найзасын Саяқ пен Қоңыратқа қалдырып, Бетпақ дәуге қарсы бет алады ғой.

Аңызақ айдап, құм бүріккен Бетпақ дәу Көкше батырдың келе жатқанын біліп, одан сайын долданады. Күнді құм тұтады. Аспанды тозаң алады.

Сол кезде Көкше батырдың Көк Тәңірінің жазасымен қара жерге тізеден кіріп шыққан аяғы жансыздана бастаған екен. Бетпаққа қарсы ақырып аттай бергенде, бүгіліп ұшып түседі ғой. Жансыз аяқтары шіріп түсіп, екі жерде қалады. Атылып, шапшып әрекет еткенмен Көкше батыр тұрып кете алмайды. Әлі құрып тыпырлап жатып қорланған батыр бар пиғылымен Көк Тәңірге былай деп жалбарыныпты:



- Киелінің киесі, күйген ердің иесі, Көк Тәңір! Жаралы ердің үкімі, қаралы елдің әкімі, Көк Тәңір! Кісілік танытқанды кісәпір қылған, Көк Тәңір! Күпірлік жасағанды мүсәпір қылған, Көк Тәңір! Күпірлік жасаған ақырғы мүсәпір де мен-ақ болайын. Кішілікті ұмытқан ең соңғы кісәпір де мен-ақ болайын. Қатемді түсінсем - кеңшілігің қайда? Кінәмді мойындасам - емшілігің қайда? Ел мен жерде жазық не? Тау мен көлде жазық не? Бүрістіріп елді азғырғанда, тырыстырып жерді тоздырғанда құдіретіңе сыяр ма? Қасиетіңе саяр ма? Тұрғызбастай құлаттың, бауырыма сұлаттың. Енді тұрғызба онда. Қара жеріме қаныммен сіңейін. Тамырына тарайын. Деміммен жылытайын. Теріммен суарайын. Далама ғұмырлық нәр болайын. Сусағанға сусын, шөлдегенге әл болайын. Тіршілік қайта оянсын, құлазыған жер жасыл нілге боянсын. Бетпақ дәу Сары Арқаға беттей алмайтын көл қыл мені! Көл, көл, көл!..

Сонда дүние бір сәт тым-тырыс тына қалыпты. Артынша-ақ түнере қалыпты. Замат ию-қию азынапты. Астан-кестен от ойнап, жасын атылып, жарқылдап барып, қалт тыйылыпты. Аспан жадырап, бұлт түріліп, шуақ жамырап, жан-жануар тіріліпті дейді.

Қос аяқ түскен жерде қос көл - Алакөл, Сасыққөл пайда болыпты. Бұл көлдердің аталуы да кейін басқаша әңгімеленеді. Ал Көкше батыр - Көкше теңізге айналыпты. Толқыны тулап, шағала құсы шулап, айдыны жарқырап, қамыс-құрағы жайқалып, буы бұрқырап, ақ көбігі шайқалып кең тыныстағанда, көмейге кептелген ән бұрынғыша шарықтап, шанақта булыққан күй қайта қалықтап даладан тауға өрлеген екен, таудан далаға көлбеген екен.

Сонда дейді мысы құрып, десі қайтып, сесі қашқан Бетпақ дәу күншіл бетпақтықтан сеспей қатыпты. Тырайып жатыпты. Бетпақ дәудің денесі қалған алап бүгінде Бетпақ дала аталынып кеткен көрінеді.

Көкше теңіз көктөсін сауып, жер сауырын суарған соң туған өңірдің құмы қайтадан нуға айналып, бастау-бұлаққа жан кіріпті, тандыры кепкен Арқаның тамырына қан жүгіріпті. Шөпке шық байланып, бетте

нұр ойнапты. Еміренген елі кешегі ерін, бүгінгі көлін ардақтап, атын аңызға арқау етіп әнге де қосыпты, жырға да қосыпты.

Хош. Әлгі Бетпақ дәуден туған, арамдық пен аярлықты қос аттап қуған Ұзынтұра елінің еріне деген ықыласы мен құрметін көре алмай, қызғанғанда өті қабыныпты дейді. Ниеті тарылыпты дейді. Олай ойланып, бұлай толғанып, ақыры қастандыққа бұрылыпты дейді.

"Сенің қадіріңді тасытып, құныңды асырған суың мен нәрің ғой, Көкше. Ендеше суыңды сор, нәріңді зәр қылайын. Содан соң жаныңа ел, жағаңа аң жоламас", - деп Ұзынтұра екі төбе тұзды қоржынының екі басына толтырып алып, долырып жетеді ғой. Иығындағы иіндеген қоржынды жерге қойып, маңдай терін сыпыра сүртіп солықтап, Көкше теңіздің көлеміне анықтап көз жіберіпті. Ол шеті мен бұл шетіне қанша сүзілсе де жанары жетпепті-ау. Жарықтық Көкше жайылып шалқып, шығандап дәуірлеп кеткен ғой.

"Сені мен бөлектеп құртайын, қылдай беліңнен қырқайын", - деп Ұзынтұра кесе көлденең түсіп жата кетеді де, қоржынды жұлқып қалады. Сонда қос төбедей тұз төңкеріліп, Көкше батыр - Көкше теңіздің аяқ жағына сау етіп төгіледі-ау. Қиыршық тұз құм болып себіледі-ау.

Әлқисса, Көкше батырдың Тау еліне ұзатқан Іле атты асқан көрікті, сымбатты сұлу, ақылы дария, мінезі келісті жалғыз қызы болған дейді. Желдің суылынан хабар алып, күннің жылуынан хабар алып отыратын сәуегейлігі және күшті екен. Суылға құлақ түріп, жылуға мойын бұрып жіберіп, Іле сұлу әкесінің бар жағдайын білген ғой, мүсәпір халін сезген ғой. Енді кешіксе нәрі сорға айналарын ұғынып, Көк Тәңірге жалыныпты дейді.

Көк Тәңір Хан Тәңірі тауына қонжиып алып, қолын сілтеп-ақ қалады. Сол-ақ екен Іле сұлу Іле өзені боп бұрымы бұраңдап, сылдырап аға жөнеледі. Тастан тасқа секіріп, сайдан сай қуалап еңістегі Жусан далаға жеткенде, Бетпақ дәудің жиендері Сарытау мен Мойын дәулер кес-кестеп алдын бөгеп, тынысын



тарылта бастаған екен. Бір кезде сыртынан сүйініп, сыртынан сұқтанып жүрген Ботабөрім, Құрғақшолақ, Ақсүйек, Тесік сынды жас батырлар, Айтаудың әр қырқасына тіккен қарауыл шатырларынан Іленің мүшкіл халін танып қалып, әрқайсысы арындаған өзен боп жөңкіліп тасып, бұйра жалдана арқырап жетіп Ілеге қосылады ғой. Содан жас сарбаздардың тың қуаты үстемелеген соң, Іле сұлу арынын арттырып, қарқынын күшейтіп, қос жағасындағы қос дәуді қағып-жығып тыпырлатып талдырып, Көкше теңізге күркіреп кеп құлдилайды ғой. Әлсіреген атаға ып-ыстық демімен шарпып дем берген дейді. Қарындастарының қайырымдылығы қайсар ер ағаларын да иітіп, ерлікке бастайды. Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аякөз балалары өзенге айналып, Көкше теңізге оңтүстігінен құйылып, Мойынты, Жәмші, Тоқырауын атты ұлдары да көлдің терісқейінен құлдилап, бұрынғыдан да әруақтандырып жіберген деседі. "Көкше батыр - Көкше теңізді бөлектеп құртамын, қылдай белінен қырқамын", - деген Ұзынтұраның үстінен су жүріп кетіп, тұншығып өледі. Ол ара бүгінде Ұзынарал дейтін төрт шақырымдық жіңішке қылтаға айналған. Қарғыс атқанды ғасырлап атсын деген Көк Тәңір Ұзынтұра-Ұзынаралды жан-жануардың аяғымен таптатып, тұрмастай етіп тұралату үшін теңіздің арғы-бергі бетіне жаяулап, сыңарсоқпақтап өтетін көпір қылған деседі. Әне, жауыздық жазаланып, сатқындық соққы алады дегеннің ақиқаты. Елінің ерін күндеген, жерінің көлін тілдеген қара ниет жан не көмілмей, не жер бетінде көрінбей тізеден келер су астында өкшенің нәлі мен тұяқ пен тағының тепкісін күні бүгінге дейін жеумен келеді.

Ал Мойын мен Сарытау дәулер не болды деймісің? Олар да өз кесірінен құтылмаған. Іленің лебіне шыдамай жалп-жұлп жығылған кездерінде бірі - Мойынқұм боп, екіншісі Сарытауқұм боп шөгіп-шөгіп қалған. Кей-кейде ашына ысылдап аңызақ атып, ысқырынып құм боранын зуылдататыны болмаса, бас көтерер дәрменнен баз кешіпті-ау. Қашаннан зұлымдықты ізгілік, өшпенділікті мейірім, жауыздықты жақсылық жеңетіні әлемге аян. Көкше батыр - Көкше

теңіз кейіннен Балқаш теңізі боп шалқып, балығын тулатып, бақасын шулатып, шағаласын шарықтатып, тұманын қалықтатып, бұлт төсін арда еміп, Арқаның сауыры мен бауырына нәр беріп, Бетпақтың бетін қайтарып - ел ырысының қайнар көзіне айналыпты...

- Шынында да қызық хикая екен, - деп Алмас тамсанып қойды. - Жер-су аттарының қойылуында мән бар-ау, папа?

- Иә. Әр өңірдің жер-суға, тау мен төбеге қойылған атауларына байланысты әр түрлі аңыз-әңгімелер өте көп, Алмас. Халық арманы көксеген қиялын жақсы-лықпен ғана сабақтастырып отырған ғой. Жерұйық іздеген ата-бабалар өздері өмір сүрген өлкенің әр пұшпағын қадірлеп, қастерлеп қаншама аңыз, ертегі шығарған. Көкше теңіз хикаясы сияқты аңыздар әр жерде де кездеседі. Сасыққөл, Алакөл туралы да, Жыланшық, Қоңырат туралы да небір тамаша аңыздар бар. Соларды ұғу, білу, түсіну - сендердің міндеттерің, балам.

- Папа, осы аңыздағы Еділ - Аттила ма, Көкше батыр - Ер Көкше ме?

- Халқымыздың ғибрат алар хикаясы, тәлім алар тәрбиелік аңыз-әңгімесі көп, балам. Соның бәрі жақсылыққа, адалдыққа үндеуінен ғой. Ал бұл аңыздағы Еділ - Аттила емес. Көкше батыр - Ер Көкше емес. Аттила мен Ер Көкше екі дәуірде өмір сүрген адамдар ғой. Бұл аңыздағы Көкше де, Еділ де кезінде елі үшін еңіреп өмір сүрген азаматтардың жиынтық бейнесі болар.

- Шынында кешегі Көкше батыр - бүгінгі Көкше теңіз халқына әлі де қызмет етуде, - деп Алмас көлге назар ұзатты.

- Ал енді осы Көкше теңіз - Балқаштың қандай көл екенін білемісің?

- Балқаш - тұйық көл. Құятын өзені біраз болса да, өзінен ағып шығатын бірде бір өзені жоқ.

- Сынған тағадай шығыстан батысқа созыла беріп, түстікке қарай еңкейе қалатын көлдің ұзындығын айтып берші?

Алмас басын шайқады.

- Көлдің ұзындығы 600 километрге жетеді. Енінің



ең жалпақ тұсы 65-70 километр. 1400 километр болатын жаға сызығын жаяу адам қырық күнде, атты адам жарты айда әрең айналып өтер еді. Ал енді осы көлдің алып жатқан алабының мөлшерін есептеп

көрші.

- Ұзындығы 600 километр. Жалпақжерінің ені 60-

70 километр...

- Иә. Ендеше көлдің алабын екеулеп есептеп шығайық. Ұзындығы 600 километр, орташа енін 30 километр деп алсақ...

- Онда көлдің алабы 18 мың шаршы километр болғаны ғой, - деп Алмас жүйріктік танытты.

- Балқаш теңіз деңгейінен 343,7 метр жоғары орналасқан. Тереңдігі 2-5 метрден 25 метрге дейін жетеді. Ұзынарал қылтасы көлді Батыс және Шығыс деп аталатын екі бөлікке бөлінеді. Балқаштың шығыс бөлігіндегі бір литр судағы минерал тұздардың мөлшері 5 граммнан астам болғандықтан, ащы суды ішуге жарамайды. Батыс бөлігіне құятын тұщы сулы Іле, Тоқырауын өзендерінің әсерінен бұл тұстың бір литр суындағы минерал тұздардың мөлшері 2,5 грамдай ғана, яғни ауыз суға әбден жарайды.

Балқаш көлінің теріскейіндегі шөлейт даланың ауа райы аса құбылмалы. Өгей анадай тым қатал. Ол - ентелеп құлаған Бетпақ даланың жаздағы аңызаққа толы отты лебінен де болар, қыстағы ызғарлы демінен де болар.

Жазда жауын-шашыны сирек. Көкжиектен түнеріп бұлт көтерілсе-ақ екпіндеп жел еседі. Ол бұлт шоғырын олай бір қуып тастап, бұлай бір айдап тастап, ыдыратып-ақ жібереді. Зәуіде әлгі түнерген аспаннан жаңбыр сіркіресе, тастаққа қақ иіріп, құмдаққа қорасан дағындай қожыр-қожыр із ғана тастайды. Нәрі, ылғалы шамалы. Құнары аз, тамары жоқ даланың құрғақ жазы, қытымыр қысы бұл өлкені Октябрь революциясына дейін маңайындағы жұртқа өгейсітіп тастаған. Алты ай жазда тырс етіп тамшы тамбаса, сұрапыл дауылы құм боранын айдаса, мал бағып, жан күйттеген шаруа адамына қайдан қолайлы бола қойсын.

Көл жеті ай шамасы - апрельден ноябрьге дейін мұз көрпесін сыпырып, айдынын жарқыратып,

толқынын шулатып жатады. Сарыарқаның ұсақ шоқылы тау сілемдерімен ұштасып жатқан теріскейі биік жарқабақ болып келіп, көптеген жыра-жылғалардың ескі арнасымен тілім-тілім жарылып, сойдақтанып қалған. Әсіресе самолеттен дәл төбесінен қарасаң, табанында су тұрмақ қақ жылтырамайтын құрғап қалған өзендердің ескі арнасынан көз тұнады. Шілдеде май ерітіп, ми қайнатардай күн ысып кеткенде жан біткенге көлеңке қуалатар ыстық 40 градуске жетсе, декабрь, январь айларындағы аяздың қаһары 30-45 градустан да асып түсетін кездер болады. Көктемі мұнарлы, күзі тұманды. Оның үстіне жер бетін жабатын қар да бір тегіс жаумайтындықтан, тоңның қалыңдығы 1,5 - 2 метрге дейін тереңдейді.

- Папа, кен жыныстарының осы өңірге қалай пайда болғанын аңыз өзінше түсіндірген ғой. Ол, әрине, адамзат өмірінің сәби кезеңінің түйсігі. Ал осы Сарыарқаның қай пұшпағын қазбасын, қай сайын шұқымасын пайдалы қазбаның мол қазынасы табылып та жатыр, ел игілігіне пайдаланып та жатыр. Сол кендердің түзілуі, құрылуы жайлы ғылым не айтады?

- Онда әңгімені тым әріден бастайтын болдық. Аздап аялдалық, анау төбеге қарай машинаңды бұр.

Шөл басылу жусан исін емірене жұтып, әкелі-балалы екеуміз тақыр төбенің дәл үстінде көсіліп жатырмыз. Қарсы алдымызда көз ұшына дейін көкпеңбек боп көсіліп кетіп, көкжиекпен астасқан көл жатыр.

- Жердің геологиялық тарихы туралы естігенің бар ма? Естісең, жер тарихының ірі төрт эраға бөлінетінін, әр эраның дәуірлерге, әрбір дәуірдің заманға, ал заманның ғасырларға жіктелетінін білсең, ұғынуың оңай, Алмас.

Жердің ең көне эрасы - архей. Гректің “архаюс” - ескі деген сөзінен алынған ұғым ол. Бұл кезде құралған жер қабатын ғылымда архей группасы деп атайды. Архей эрасы - жер қабаты қатайғаннан бастап, ең алғашқы тіршілік иесі мен өсімдіктің жер бетінде пайда болуына дейінгі уақыт аралығы.

Жердің екінші эрасы - палеозой. Бұл да гректің “өмір” және “ескі” деген екі сөзінен түзілген ұғым.



Полеозой эрасы - кембри, силур, девон, карбон және пермь деп аталатын бес дәуірден тұрады. Бұл атаулар ел, жер, қала, шөгінді жыныс аттарына сәйкес қойылған.

Жердің үшінші эрасы - мезозой. Грекше “орта өмір” деген ұғымды білдіреді. Бұл эра - триас, юра, бор атты үш дәуірге бөлінеді.

Жер тарихының ақырғы эрасы - кайнозой. Бұл сөзде гректің “жаңа өмір, жаңа заман” деген ұғымының баламасы. Кайнозой - үшінші және төртінші дәуірлерге жіктеледі. Біз, балам, сол төртінші дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Геология ғылымы Жердің жасын нешеде деп жүр?

- Бір жарым миллиард жыл шамасы дейді.

- Дұрыс. Соның бір миллиард жылдан астам уақыты архей эрасына, 330 миллион жылы полеозой эрасына, 110 миллионы мезозойға кетсе, кайназой эрасы басталғалы 56 миллион жылға созылыпты. Біздің қазіргі төртінші дәуірімізге де бір миллион жыл шамасы толыпты. Ал жер бетіндегі адам осы төртінші дәуірдің екінші жартысында пайда болғаны ғылымнан белгілі.

Жер шары алғашқыда балқыған ыстық заттардан тұрғанын өзің де білесің. Кейін жердің үстіңгі қабаты қатайып суыған. Ал ішкі қабаты әлі күнге дейін балқыған ыстық қорытпадан құралған. Оның айқын бір дәлелі - әлемнің әр тұсынан от шашып, алау атып, жалын - дария ағызып жататын жанартау - вулкандар. Жер қабаты мен тау, төбелерді құрайтын заттарды ғылымда - тау жыныстары деп атайды. Айналамыздағы сусыған құм да, батпақты саз да, тарғыл тас, қожыр жартас та - тау жыныстары. Тау жыныстары әр түрлі минералдардан құралады. Кварц пен дала шпаты құмнан да алынады, граниттен де алынады. Құрамы да біртектес. Құмның кварцы, граниттің кварцы деп бөлінбейді. Анау су да - минерал. Мынау саз да минерал. Ең ақыры қолыңа жұққан мұнай да - минерал. Табиғаттан тыс құдірет жоқ. Табиғат жаратылысы бермейтін минерал тағы жоқ. Бақ іздеп, таққа таласқандарды да, атақ іздеп, шатақ қуғандарды да, үнем іздеп, қанағат айырғандарды да қызықтырған

ғажайып қазына, асыл тастар - лағыл мен ақық, сутас пен алмас, меруерт пен гауһар, жақұт пен замартас - бәр-бәрі минерал. Қорғасыңды құйып алатын галенит, мысты қорытып алатын малахит, халькоприт, азурит те - тағы да осы минералдар.

- Папа, сонда минералдар қайдан шығады? Қалай пайда болады?

- Әлгінде айтып кеттім, жер қыртысы балқыған заттардан құралған деп. Алғашқы сұйық күйдегі балқыған массаны - магма деп атайтынын өзің де білесің. Ал магманың суынып, қатайып қатты күйге ауысқан түрі - тау жыныстарына айналған. Магма жер бетінде тау жыныстарын түзсе, жер қыртысының арасында сыналанып қалып, кристалдық жыныстарды құрайды.

Дүниеде өзгермейтін, құбылмайтын, ауыспайтын ештеңе жоқ. Оған ортаның әсері, табиғаттың ықпалы жаратылыстың шарпуы тиіп, өзгертіп, құбылтып отырады. Сандаған ғасыр бойы жел тауды мүжиді, күн қыздырады, жаңбыр шаяды. Жартас үгіліп құмға айналады. Құм иленіп сазға айналады. Табиғаттағы заттар бір күйден екінші күйге ауысады. Магмадан минералдар солай түзіледі.

Сарыарқаның бауыры мен сауыры, төбесі мен шоқысы, қыры мен қыраты - полезой эрасында дүниеге келген тау жыныстарының жиынтығы. Ал ойпаты мен ойынан мезозой, кайназой эраларында пайда болған жыныстарды кездестіруге болады.

Алмас, сен анау көлді көріп тұрсың. Ал енді мойныңды былай бұр. Сарыла созылып, сарғая ұзап салғырт мүлгіп дала жатыр ғой. Ал полезой эрасында осы қалғыған, мұнарын қалқытқан даланың орнында ұшы-қиырына көз жетпейтін телегей теңіз тулаған. Телегей теңіз толқығанда сусып түстікке, шапшып теріскейге өрлеген. Телегей теңіз бірде тартылып, бірде қайтадан кең жайылып, арнасына сыймай, аумағын көбейтіп, айдынын кеңейтіп, батысында Туран ойпатын түгел қамтып, Арал, Атыраумен араласып, шалқып жатқан. Осынау ұлы теңіздің әр тұсынан ауық-ауық дүмпіген жер қыртысы вулкан атып, магмасын шашыратып жатқан. Жылдар зымырап, ғасырлар



жүгіріп, дәуірлер алмасқан ұзақ уақыт ішінде Арқа алқабы төмендеп шөгіп, теңіз тереңдеп, жер қыртысына тау жынысының қалың қабаты текшеленген ғой. Үздіксіз атқылаған лава, балқыған магма осы ұлы теңіздің ана тұсынан от бағанын өрлетіп, мына тұсынан жалын-алауын жарқыратып Сарыарқаның тұла бойы - тұлғасына таусылмас байлық, бітпес қазынаны жинай берген, сықап толтыра берген.

Полеозой эрасында карбон (таскөмір) дәуірі болды дедім ғой. Бұл дәуірде ұлы теңіздер тартылып, суы сорғып, батпақты сазға, қопалы шымға, орманды жынысқа өріс ашқан. Мынау ұлы даладағы телегей теңіз де тартылып, орнына қалың орман, ну тоғай өскен. Кейіннен сол орманның жер қабатына сіңген шөгіндісінен көмірдің мол қоры жиналған. Оның ақиқат куәсі - Қарағанды мен Екібастұз көмір орындары.

- Ал, вулканның әсері қандай болды?

- Әсері аса ғаламат. Әлгі карбон дәуірінде әсіресе жиі атқылаған лава жер астынан әр түрлі металды ілестіріп шығарған ғой. Сол әр түрлі металл - мол байлық Арқаның бүгінгі жер асты ырысы - алтыны мен күмісі, қорғасыны мен мырышы, темірі мен вольфрамы, мысы мен қалайысы, молибдені мен марганеці.

Сарыарқаның үш өңірінде үш үлкен атақты кен орны бар. Қорының молдығымен, кенінің құрам байлығымен батысында Жезқазған, түстігінде Қоңырат, теріскейінде Бозшакөл ерекше көз тартады. Осы үш алыптың ортасына көмірлі Қарағанды орналасқан. Осыларға жалғас, жапсарлас ірге тепкен Жәйрем мен Қаражалды, Қайрақты мен Ұзынжалды, Ақжал мен Ақшатауды қоссақ, атақты Өспен кенді белбеуі асыл қазынасымен көлбеңдейді-ау, балам. Туған жердің әр тасына сүйініп, әр шоқысына иіліп тәжім етпеске дәтің шыдар ма. Қайдан шыдасын. Тасында асыл, тауында құдірет, бауырында құт, өңірінде өмір жатыр ғой...

- Папа, Балқаш көлі туралы мәліметтер баспасөзге қай кезден бастап жазылған?

- Кейбір елдердің жылнамаларында Көкше теңіз туралы деректер өте ертеден бар. Шетелдік жиһанкездер бұл көл жайында орта ғасырларда өз қолжазбаларында азды-көпті мағлұмат қалдырғаны және мәлім. Ал орыс саяхатшылары Балқаш көлін жан-жақты зерттеуді өткен ғасырдың ортасында қолға алып, соның нәтижесінде Европа жұртшылығы осы көл туралы ести бастады. Москвадағы табиғат қоғамының мүшесі, саяхатшы Г.С. Карелиннің (1841ж.) және Санкт-Петербург Ботаника бағының ғалымы А.И.Шренктің (1843 ж.) еңбектері - Балқаш көлі туралы жазылған алғашқы қарлығаштар.

1852 жылы көктемде қырық адамнан құралған әскери топограф А.Нифантьев бастаған қарулы отряд Омбыдан шығып, Балқаш көліне бет алады. Жаз бойы көлдің жағалауларын, шығанақ, қойнау, түбектерін, су ортасындағы аралдарын шарлап, көлдің біраз бөлігін картаға түсіреді. Судың ағыс бағытын анықтап, тұзының мөлшерін есептеп, тереңдігін өлшейді. Осы зерттеудің нәтижесі ретінде Балқаш көлі мен Іле өзені туралы жазылған экспедиция мүшесі В. Кузнецовтың мақаласы 1856 жылы "Императорлы қорыс география қоғамының хабаршысында" жарияланады.

Одан кейін де көлді жан-жақты зерттеп, балығын аулап, арнайы кәсіпшілік ұйымдастыруды көздеген бірнеше экспедиция шығып, біраз барлау жасаған.

Ежелден ну қамысы аң мен құстың, төңірегі әр түрлі кеннің, суы балықтың ен байлығы болған бұрынғы күңіренген Көкше теңіз, бүгінгі жаңғырған Балқаш көлі Ұлы Октябрь революциясынан кейін ғана түбегейлі зерттеліп, қойнын ашып, қазынасын күреп беріп, ырысын шалқытып, дәуірлеп сала берген.

Әңгімемен отырып байқамаппыз ғой. Күн еңкейіп қалыпты. Жиналайық, балам.



## Нұрлы Балқаш, құнды Балқаш

Балқаш қаласына ат басын тірегенімізде (атымыз, әрине, "Жигули") күн қызара батып, алауы теңіз бетінде ойнап, жағасындағы алып комбинаттың конвейторынан балқыма ағызған кезіндей жалқынданып тұр еді. Бертіс түбегіне орналасқан әдемі де әсем жұмысшы қаланың көрікті келбетіне сұқтана қарамасқа әддіміз қалмады. Шаһардың кешкі сұлулығын тамашалап тұрғанымызда, көкжиек алтын нұрын бірте-бірте азайтып, шығыс жақ аспан қара көк түске бейімделіп, көше шамдары сам жамырай жыпылық қағып қалды да, тұс-тұстан қайшыланған көлеңкелерді дірілдетіп, қаракөлеңкеге сүңгіген қаланы күндізгідей жарқыратып, жайнатып жіберді. Қызылды-жасылды, қоңыр-көкшіл жарықтарын, жазуларын кемпірқосақ шуағындай құлпыртқан түнгі қала көл бетінде ғажайып сурет тірілтіп, ертегінің әлеміне ұқсап кетті.

Завод мұржалары көк төсіне керіле мойын созып, будақтаған түтінін аспандата лықсытып, комбинаттағы еңбек күйін шар тарапқа жеткізіп жатқандай көрінді маған. Сол күй жүректің нәзік қылын шертіп, жанымды ып-ыстық сезімге бөледі.

Алмас қасыма үнсіз жақындады. Жүзімдегі толқыныс сырын түсінді ме, жоқ па - біраз бөгеліп барып, оқыс сұрақ қойды:

- Папа, неге үндемей қалдыңыз? Қала әдемі, ә? Әсіресе түнгі көл бетінің құбылуы керемет екен.

- Иә, балам, керемет... Бұл дегенің туған жердің пұшпағы ғой...

- Жердің бәрі бірдей емес пе?..

- Иә, бірдей... Бірақ туған жердің жөні бөлек.

- Сонда қалай? Туған жердің қасиеті неде?

- Туған жер. Осы екі сөзден қасиетті, осы екі ұғымнан қадірлі не бар, ұлым?! Туған жер - Отаныңның басталар босағасы, ашылар қақпасы. Алғашқы шырылдаған іңгәң - дүние есігін қағып кірген дабысың емес пе? Ендеше туған жерге деген сүйіспеншілігіңді соңғы демің қалғанша қолдан

келгенше ақтап өтсең, еңбегіңмен жаңғыртып өтсең, одан артықты тілермісің! Ақындар жырын арнар. Композиторлар әнін бағыштар. Ал әр азамат туған жерге деген сәбилік көңілдің ынтығы басылмас жүрек лүпілін әрдайым кеудесінен аулап отырса, әр азаматтың туған жері - байтақ Отанымыз гүлденіп, құлпырып, жасарып, жайнап сала беретінін қайталап айтып жатудың қажеті шамалы-ау.

Балқаш! Мен үшін бұл атаудан өтер сиқырлы сөз жоқ. Есімді білгеннен бастап өзім туып-өскен Киік станциясы, осы станциядағы әк тасын өндіретін рудник Балқашпен қан тамырындай байланысып жататын.

Балқаш - әкемнің, сенің атаңның жастығы өткен жер. Комсомол қатарына кіріп, жұмысшы атағын иемденген мекені.

Балқаш - Отан деген ұғымның баламасы. "Балқаш заводына әк (известь) тасы керек. Онсыз мыс балқытылмайды. Оқ жасалмайды. Ал Балқаштың оғы - жеңістің кепілі", - дейтін сөзді ауылдағы кәрі-жас айтатын.

Балқаш - ырзық, несібенің кілтіндей көрінетін. Қазандықта от жанбаса, қазанда су қайнамаса, қыңқылдаған баланы шешелеріміз: "Балқаштан азық-түлік толы вагон келеді. Ет келеді, ұн келеді. Ой, бір ыстық бөлке, ыстық сорпа ішіп қарық боп қаласыңдар", - деп жұбататын.

Үйді жылытып, отты маздатып, қазанды сақырлататын құдірет сол кезде маған Балқаш боп көрінетін. Балқаш атауымен елестейтін. Қырқыншы жылдардың соңында мектеп табалдырығын аттаған біздер қағаз, қаламның тапшылығын көп көргенбіз. Сонда қолымызға анда-санда біреу-екеуден тиетін көк дәптер, жалғыз-жарым қарындаш Балқаш атын жамылып жететін.

Сондайда жақсылықтың мекені - Балқаш, береке-нің тұрағы - Балқаш, шапағаттың шуағы - Балқаш дейтін сенімге ұйығаным сондай, аты - аңыз, атағы аспандай осы қаланы бір көрсем деп аңсай армандай-тынмын. Қуаныш нұрындай, жылулық лебіндей, мейірім деміндей Балқаш деген атының өзін ауыз



толтыра айтып, сыбырлап қайталап, жүрек қуысына жоғалтпастай қондырғам.

Сол кезде менен біреу:

- Балқаш қайда? - деп сұраса,

- Ол менің ырза болған күлкімде, әріп жазған дәптерімде. Кезекке тұрып алған нанымда. Әкемнің иісінде. Рудниктің вагонеткаларында, - дер едім.

Себебі, "Жүндітөбені" тұмсығынан бастап опырып алып, ішін үңги бойлап кеткен жұмысшыларға түскі тамағын апарған сәттерде еститініміз - "Балқаш", еститініміз - "Мыс заводы", еститініміз - "наряд", еститініміз - "рапорт". Соның бәрі жұмысшылардың еңбегімен сабақтасып, санамызға "Балқаш, мыс, завод, әк, рудник" деген бес саусағы тас түйілген еңбекқор жұдырық, жасампаз құдірет боп құйылатын.

Киік - шағын рудник болатын. Бірақ шағын да болса өндіріс ошағы. Мешеу даланың жым-жырттығын шайқап жіберген кішкене электростанциясының дүркін-дүркін дыбыс беретін гудогы бар. Сол гудок - біздің, балалардың, кеудесін кеңейткен, зердесін қалыптастырған, ойын өрістеткен тірлік сағаты.

Балқашты - туған жер дегенде, балам, мен осы ойларыма, балалық қиялыма сүйенем. "Жүндітөбенің" үстіне шығып, оңтүстікке көз жіберсем, көгілдір мұнарға жасырынған қырат, таулардың тасасынан Балқашты көргендей болатынмын. Сол төбеден төменге көз салғанда желпіген желмен ілесіп, алыстағы теңіздің самалы жеткендей сезілетін. Алыс қаланың жақын құшағы айқарғандай көрінетін. "Жүндітөбеден" даланы көргем. Тауды көргем. Балқашты көргем. Әлемді көргем. Ол кездегі бар әлем мен үшін бір Балқашқа сыйып кететін. Бүкіл жақсылық атаулы да, бүкіл қуаныш атаулы да Балқаш арқылы жететін.

Жеңіс солдаты! Бүкіл кішкене рудниктің үлкен-кішісі, бала-шағасы, орыс, қазағы дүркіреп станция басына жиналған. Оңтүстіктен келетін Балқаш поезын тосқан. Көздеріне күн сала сығырайып кемпір-шал тосқан. Ерсілі-қарсылы жүгіріп, дуылдаса айқайласып, сол жолғы күлкілерін бұрынғыдай үлкендер көзінен жасырмай балалар тосқан. Иваны бар, Иманы бар, Оттосы бар орыс, қазақ, неміс тосқан.

“Жүндітөбенің” тасасынан ирелеңдеп шыға келген жолаушы поезы сонда маған жеңіс солдатын, жеңіс солдатымен бірге Балқаштың бейбіт сәлемін рудниктегі барша жұмысшы қауымға, сол қауымның от басы, ошақ қасындағы үйелмендеріне жеңісті әкелуге септігі тигені үшін ырза-пейілін, рахмет-алғысын, тау-тау тілегін тиеп жібергендей сезілген.

Балқаш мен үшін өзім туғалы көрмеген телегей теңіздің кеуделеген толқыны еді.

Балқаш - мен үшін КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған, қаланың алғашқы қазағы Әубәкір Әлімжанов еді. Өйткені Әубәкір әкемнің тел құрдасы болатын. Тай-құлындай тебісіп бірге өсіп, ауыл шетіндегі тақырда асық ойнап, балалық базарын думандатқан кешегі батырақтар Балқаш мыс комбинаты салынбаса, бірі - сенің атаң жұмыскер атанып, бірі Одақтың парламент мүшесі болып, ел атынан сөйлей алар ма еді?! Мен Әубәкір Әлімжановты көре алар ма едім.

Балқаш - мен үшін туған жердің табалдырығынан төтелеп тіке тартатын өмір төбесі. Мәртебе төбесі. Дәулет, даңқ, ақиқат дейтін үш ұғымның тоғысқан жері, түйіскен мүйісі. Туған даланың қай пұшпағына маңдай тер тамшылап төгілмеді! Туған жердің қай жартасына аққан қан сорғалап құйылмады! Ақталған тер, жоқталған қан болды ма? Көшкен ел үркіп олай жылыстаған, босып бұлай жөңкіген. Сондайда жерұйықтың өзіндей болып, достық пен туысқандықтың символындай құшақ ашатын Балқаш сынды қала болмаған ғой.

Бүгінде менен әлдекім:

- Сен қайдансың? - деп сұраса,
- Балқаштанмын, - деп жауап қайтарам.
- Киік ше? - десе, мен:
- Киік - сол үлкен Балқаштың кіші інісі. Інінің баласын ағасы еркелетіп қойнына салып алатын. Ардақ тұтып мойнына салып алатын. Киікте тусам да, қиялыммен, ойыммен, ынтығуыммен, ырзық-несібеммен Балқашта өстім. Алғашқы уызданғаным - анам сүті болса, содан кейінгі талшығым - Балқаш сәлемдемесі. Кішіініден туған перзентін үлкен ағасы



аялап, үлкен әлемге жолдама әперсе, сол жақсылығын ұмытып кетуім әбестік емес пе?!

Бүгінде Балқаш тұрғындары арасында “Киік үйіне барамыз”, “Киік үйінде тұрамыз”деген тіркестер көп айтылады.

- Неге олай деп аталады, папа?
- 1974 жылы әлдебір себептермен Киік руднигі ертерек жабылып қалды. Рудник жабылған соң, рудниктегі жұмысшылар абыржыды. Сонда кіші Киіктің үлкен ағасы Балқаш тағы да құшағын айқара ашып, жәрдем қолын созды. Жаңадан ғана салынып, берілуге дайын тұрған екінші микроаудандағы бір үйін түгелімен Балқашқа келем деуші Киік тұрғындарына берді. Заводқа жұмысқа орналастырды. Әлгі үй содан бастап “Киік үйі” аталады. Содан бастап Балқашта біздің ағайын-туыстарымыз, жақын-жекжаттарымыз, көрші жерлестеріміз тұрып жатыр.

Жерлестеріміз мекені - менің де мекенім. Балқаштықтар - менің жерлестерім. Үлкен кемеге кіші қайықтар тиеліп, алыс сапарға шығады. Алыс аралдарды көреді. Қияндағы елдерге жетіп, якорь тастайды. Үлкен Балқаш арқылы кішкене Киік үлкен сапарға аттанды. Үлкен істің жалына жармасты...

Балқаш - мен үшін көл, мен үшін ел, мен үшін ер деген үш тағанның топтамасы. Яғни үш алып бағандай көп арманды асқақтатқан үш бастау, үш тіреу.

Көл - байлықтың, сарқылмас қазынаның, бейбіт тірлік берекесінің ұғымы.

Ел - достықтың, туысқандықгың, бауырмалдықтың айнасы.

Ер - сол байлықты достық қуатымен игеріп, сарқылмас қазынаны туысқандық қарым-қатынаспен өндіріп, бейбіт тірлікті бауырмалдықтың игілігімен жасап жатқан халық бейнесі.

Дүниеде айырбасталмас қазына, сыйланбас мүлік жоқ. Бірақ туған жер мәңгілік жүректе қалады. Туған Отан топырағынан ажырамайсың. Ащы да болса терің тамған төбеңе көктем сайын гүл шығады, қызғалдақ алаулайды. Кермек те болса бұлақтың тастай суы - шөліңді басып, мейіріңді қандырады. Өткір де болса

аязы бетінді сүйіп - бойдағы булыққан қаныңды ду-ду тасытады.

Қоныстану қиын емес, тұрмыстану машақат, ұлым. Бірақ ауырды жеңер ел бар. Жол бастар қол бар. Балқаш - отызыншы жылдар алыбы. Иен даланың киігі ғана тұрақтаған, жолбарысы ғана жортқан шөлейтке қала орнайды дегенге осы ғасырдың алғашқы ширегінде ешкім сенбес еді.

Бірақ "талай тауды тесіп өткен" жұмысшы қауымды жұмылдырған үкімет ұранынан кеудесіне ұшқын, көзіне жалын, жүрегіне жылу тарамаған осы өлкенің бір де бір малшы-жалшысы болмағанын әкелеріміздің әңгімесінен білеміз. Аңызға айналған ертегідей еңбектерінің нәтижесін көріп танимыз. Танимыз да, социалистік құрылыстың жасампаз құдіретіне тағзым етіп, табынамыз.

Шөлейтке қала орнаса, далада завод дүбірлесе, жанында көлі толқыса, қиялдағы ғажайыпты өңінде өмірге әкелген өз өкіметіне ұрпағының ұрпағына дейін борышкер қазақ қуанбағанда қайтеді, мәртебесі өспегенде қайтеді?!

Сол ұрпақтың ұрпағы - мен. Ұрпағының ұрпағы - балам, сенсің. Анау маяктың жарығымен нұрланған көл не дейді?

- Білмеймін, папа. - Алмас қысыла бас шайқады.

- Күміс сыңғыры, қыз күлкісі, тағы тықыры, жел суылы, еңбек күйі, бозбала өңі, ана әлдиі - анау көл тынысында. Еңбеккер кейіпінде. Аналық пішінінде. Көл жай керіліп жатқан жоқ. Жай ғана тыныстап жатқан жоқ. Көл ұлы еңбек үстінде. Анау заводтың құбырларын суымен жылытып, суымен салқындатып тынбай жұмыс істеп жатыр. Мынау көрікті қаланың жасыл желегіне нәр беріп, мыңдаған терезелерінен жылтыраған өмір сәуле-нұрынан көрінген шат жүздерге тірлік беріп, тынысын кеңейтіп, жұмыс істеп жатыр.

Балқаш - өзі аттас көлінде жағылған маяктай жан-жағына нұрын таратқан, шуағын жайған шамшырақ.

Балқаш - өмір отын тұтатқан, өмір таңын атқызған, адамға адамдығын танытқан мекен. "Жалшы" деген жалынышты естілетін жамау алғаш бұл өңірде қаланың



ірге тасын салмақ боп тастақжердің бірінші күрегімен алынған топырақтың астында көмілген.

Балқаш - жұмысшы атанып, жұлқына кірісіп, тарихтың жаңа беттерін қайла, күрекпен, қалақша, сүйменмен жаза бастаған, жүрегі бір соғып, тілегі тұтасып кеткен алғашқы екі жүз адам боп келген Москва, Ленинград пролетариатының өкілдері мен Ақтоғай, Қоңырат, Ақөлең, Бектауатаның кедей-батырақтары.

Менен біреу:

- Балқаштың түсі қандай? - деп сұраса,
- Балқаштың түсі қызыл, - деп жауап берер едім.

Өйткені таң атқанда қызарған күннің шұғыласы көл айдынын қып-қызыл алау нарт нұрға бояйды, Қазақ республикасы - адамзат дәуірінің мәңгілік атқан таңы. Ендеше, бостандықтың күні даламызды алқызыл шапағына бөлеп тұр. Балқашты өмірге әкелген - еңбек. Қызыл нұрға боянған көлдің жағасында әр жерде қол жалғасып қызыл оттар жанатын. Әр тұста қызыл шүберектерге ұрандар жазылатын. Әр сменаның, әр бригаданың озған құрметіне қып-қызыл жалаулар ілініп, құлпырып желбірейтін. Қуаныш белгісі - қызыл. Жеңіс белгісі - қызыл. Сұлулық белгісі - қызыл. Жосалы жотамыз да қызыл. Қызыл түс - от белгісі. От - өмір ұйтқысы. Туымыздың да нарт қызыл болуы тегін емес.

Сондықтан менен біреу:

- Балқаштың түсі қандай деп сұраса,
- Балқаштың түсі қызыл, - деп батыл жауап берер едім.

Әр жердің өз тағдыры болады. Жер тағдыры ел тағдырынан бөлінген емес.

Балқаш - менің бүгінгі қызығымның бастауы. Сенің ертеңгі нұрлы болашағыңның мызғымас кепілі, балам.

Балқаш - әр тілде сөйлейтін қала, бірақ бір ділмен түсініскен дене.

- Папа, осы Балқаш құрылысы қай кезде басталды, - деп енді Алмас кәдімгідей-ақ ынтыға қалды.

- 1932 жылы 29 июньде КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының коллегиясы "‘Балқаш мыс

комбинатының құрылысы туралы” қаулысында негізгі өндірістік объектілердің, атап айтқанда: байыту фабрикасының, мыс балқыту заводының, жылу электр орталығының, қосымша жөндеу базасының және Бертіс түбіндегі қаланың орындарын бекітіп берді. Сәт сапар айтылып, жаңа тағдырдың есігін ашты.

Осы жылы құрылыс жұмыстарына жүз миллион сом күрделі қаржы бөлінді. Орталық облыстардан әр түрлі мамандық иесі төрт жүз елу жұмысшы кадрлері жиналды. Әр қилы тағдырлар солай тоқайласты. Балқаш төңірегінен суылдап құйылып жатқан жергілікті адамдар бауырмал құшаққа кенеліп, сан алуан мамандыққа баулыған орыс жұмысшыларының қамқорлығына алынды. Кешегі жалшы майталман балташыға айналды, қалаушы да болды, ұста да болды, сылақшы да болды.

Балқаш - әр тілде сөйледі, бір тілекпен түсіністі. Бірақ көп ұзамай тілдік кедергі де жойылды. Аға халықтың өкілдері - орыс жұмысшылары Балқаш аудандық партия комитетіне өтініш білдіріп, қазақ тілін үйрететін үйірмелер ашылуын сұрады. Осындай он төрт үйірмеде қазақ тілін үйренген құрылыс басшылары, прорабтар мен мастерлер, бригадир мен десятниктер ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Қазақтар да орысшаға біршама жаттығып кетті.

Әкем айтатын:

“Нанның - хлеб, қардың - снег, жолдың - дорога, сүттің - молоко екенін білгенде, дүниенің төрт торабын шарлап шыққандай марқайғаным бар. Хлеб деп нан сұрай алсам, тарықпасымды білдім. Снег деп тоңғанымды білдірсем, жаурамасымды ұғындым, Дорога деп өмір жолымды басқалармен тоқайлас-тырып, сүрлеуімді даңғылға түсірген соң, артымнан ақ сүтін - молокосын елім - анам ұстап тұрғанына көзім әбден жетті”.

Әкем тағы айтатын:

“Бәрінен де біз “друг” деп, орыс достар “тамыр” деп бір-бірімізді арқадан қағысып, қабақпен түсініскен кездерді ұмытармын ба?! Менің ғұмырлық Черепан другымды табыстырған Балқашты әсте ұмытармын ба?! “Тамыр” қандай жақсы сөз еді! Достықпен



байланысып, тірлігімізбен жалғасып, ортақ іс, ортақ мүдде арқылы тамырласып кетпедік пе. Сол кездегі тамыр жайған туыстық бүгінде тереңге бойлап, мына өзіңді, балам, Москваның өзінде оқытып жүрген жоқ па .

Балқаш - бүгінде ұрпақтар ұясы, аталар даңқы, аңыздар атасы. Ұрпақтар ұлылықты жалғастырып әкетті. Аталар даңқы көшелердің аттарында қалды, гранит тастардың қашалған бетінде қалды. Аңыз-естеліктерде жаңғырды.

Балқашқа қарай түске дейін ылди қуалап жел суылдайтын. Көлден түстен кейін ызғырық есетін, Тосатын желегі, қалқалайтын бұдыры болмайтын.

Бүгінде Балқашта жел аз, шуақ мол.

Табиғат бұрынғысынан өзгерген емес. Ауа райы да, құрғақ климат та баяғысындай. Бірақ сол қытымыр табиғатты иітіп, қатаң климатты жуасытқан - адамдар, балқаштықтар.

Алмас жан-жағына ойлана көз жіберді. Санасына әңгімем түрткі салды ма, бір аттап қасындағы сида ағаштың дінін құшақтады. Сыбдырлаған жапырақтарына құлақ түрді.

Қарсымызға шетен қалпақты қария жақындады. Қол беріп амандасты. Жөн сұрады. Мән-жайды айтып бердім. Баламды ертіп туған жердің ер-азаматы мен тарихын таныстырмақ ниетімді ықыластана құптады.

- Дұрыс. Жөн-ақ. Алмасжан, атамекеннің құпия-сын білгің келгені өте жақсы, - деп еміреніп ұлымның маңдайынан иіскеді.

- Ағаштарыңыз жайқалып жақсы өсіпті, ата, - деді Алмас.

- О-о, оның тарихы көп, шырағым. Жаңалықтың ұйтқысы әманда жастар ғой.

Аудандық комсомол комитетінің мүшесі Шабленов деген жігіт комсомол жастарға: “Құрылысты көгал-дандырамыз! Гүл-бақшаға бөлейміз!” деген ұран тас-тауға үндеген. Жастар батыл серпіліске, жаңа бастамаға қашанда дайын тұрады емес пе. Іле көтере жөнелдік.

Ол кезде шаршадым, қажыдым, дем алам дегенді білмейміз. Жылы құшағын ашқан жаңа өмірге зарығып жеткенде кімнің кежегесі кейін тартушы еді.

Жұмыстан қол босасымен күрек, қайламызды алып көшеге топ-топ боп шығамыз.

Алдымызда ту, төбемізде қызыл матаға керіп ұстап алған ұран. Аузымызда ән. Жастық әні.

Бір дем, бір лекпен жүрген адам еш уақытта шаршамайды. Шаршауды ұмытып кетеді. Ол көптің, коллективтің құдіреті.

Лек басында - Шабленов. Отты, уытты жігіт болатын. Маңайдағы тал-шілік, қарағаш өскен өзен аңғарларына барып, түбімен қазып алып, түйелерге теңдейтінбіз. Теңдеп әкеліп поселкаға тамырымен егетінбіз.

Көк өскен жерде көңіл өседі.

Тал бар жерде тіршілік тұрақтайды. Жасыл желек тамыр жайып, бүршік атқанда маңайымыз құстың әніне толып кететін.

Кішкене құстың сайрауық әнінде өмір жыры жататынын сонда ұғынғам.

Біздің бастамамызды райком қолдап: “Поселка тұрғындары құрылыс территориясына жүз мың түп ағаш отырғызуы керек!” деген үндеу тастады.

Сол кездегі құлшынысты, қарағым, айтып жеткізе алмаймын. Қай тұстан, қай шаруашылыққа көмек сұраған, жәрдем тілеген ұсыныс білінді ме, бүкіл қыбырлаған жұртшылық бала-шағасына дейін бірі қалмай жаппай жұмылатын.

Қаланы жасыл желекке айналдыруда да Балқаш тұрғынының қол ұшын бермеген бір адамы қалмады ғой. Бесіктегі баласын емізіп кеп, жер қазып жатқан ананы көресің. Қазылған жерге мойнындағы алқызыл галстугы желбіреген шыбық қадап жатқан баланы көресің. Әне, ұйымшылдықтың көрінісі деп соны айт!

Балқаштағы ботаникалық бақ сол кезде орнаған. Ағаштың да әр түрі, әр парасы болатынын қыр қазағы сонда біліп едік. Бүгінде қала жасыл желекке оранып, ботаника бағы нағыз жаннатқа айналып кетті ғой...

- Қарияның әңгімесі әрине аңыз емес, Алмас. Бірақ аңыздан де кем емес. Аз ғана жылда шөлейт даладағы көл жағасында социалистік қала орнап, жасыл желегін желкен қып көтеріп, болашақтың ұлы жеңістеріне жүзіп бара жатты.

1934 жылдан бастап Балқаш құрылысы қарқынын



одан сайын үдетті. Шығыс Қазақстан облысы 200 комсомолын, Алматы облысы 150 коммунисі мен 250 комсомолын, Оңтүстік Қазақстан облысы 75 коммунисі мен 125 комсомолын, Ақтөбе облысы 75 коммунисі мен 150 комсомолын, Батыс Қазақстан облысы 50 коммунисі мен 25 комсомолын жіберіп, бүкіл Қазақстанның түкпір-түкпірінің жәрдем-тілегін, ықылас-көңілін Көкше теңіздің жағасына көшіріп келгендей болды. Жаңадан келгендер құрылыс мамандықтарын тез арада игеріп алып, еңбек қарқынын еселеуге жан аямай ат салысты.

Әрине қиыншылық болмады, бәрі дайын болып, сақадай сай тұрды деу қиын, балам. Жол қатынасы ауыр. Темір жол салынбаған кез. Азық-түлік жетіспейді.

Бір ғана мысал нан төңірегінде.

“Металл - өндіріс наны” дейміз.

Нанның құдіретін басқаша жеткізе аламыз ба?

- Жоқ, папа!

- Нан - диқанның қуанышы мен сүйініші, уайымы мен қапылысы.

Ағашта өсетін нан жоқ. Ол - еңбек өтеуі, маңдай тер - моншағы. Ол - жұмыла жегілген халықтың ұйқысыз таңы мен тынымсыз әрекетінің қарымтасы. Сондықтан да әлемде наннан қадірлі, наннан қымбат, наннан қасиетті ештеңе жоқ. Нан - қайырымдылықтың белгісі. Нан өткеннің қадірін бүгінге жеткізген. Бүгіннің қасиетін ертеңге апарады. Нан - адамзат ойлап тапқан құдіреттің ішіндегі ең құдіреттісі. Нан - нәр. Нан - тірлік. Нан - дамылдауды білмейтін нағыз еңбекқор. Соғыстарда солдат боп айқасады. Бейбіт тірлікте ән боп жырланады.

- “Нансыз қарын тоймайды, тұзсыз ас татымайды”. “Нан - ну, балық - су” дейтін орыс мақалдары бар ғой, папа! - деп Алмас қосарланды.

- Иә. Ол мақалдар тегін айтылмаған.

Ленинградтың тарихи музейінде әбден кеуіп, қарайып кеткен бір үзім нан сақтаулы тұр. Кепкен нан, қарайған нан. Бұл үзім - бір адамның блокада кезіндегі бір күндік корегі. Бұл нанда ұн аз. Бұл нанда әр түрлі қоспа бар.

Салмағы 125 грамм ғана.

1942 жылдың 24 январынан бастап жұмысшы паегі Ленинградта 400 грамға дейін өскен. Өзегі талса да өжеттігін шыңдаған ленинградтықтар ақыры жеңіп шыққан.

Тағы бір документке көз жүгіртейік.

1934 жылдың октябрінде Қазақстанның өлкелік ВКП (б) комитетінде комбинат құрылысы жайлы жасаған баяндамасында құрылыс бастығы В.И. Иванов тұрмыстық қиын жағдайларға назар аударды.

Күнделікті жұмысшы паегі 800 грамм, жұмысшы семьясының әр мүшесінің паегі - 400 грамм. Ленинград блокадасының паегімен шамалас емес пе. Өндірістік товар жетіспей, отын табылмай жатса, бір тілім қара нанның құнын қалай қадірлемессің?! Қалай құрметтемессің?!

Үкіметіміз - Балқаш құрылысына қатты көмек көрсетті. Ұзамай нан да жетті.

Нан - тірлік. Нан - қосымша еселенген қажыр-қайрат.

Осындай қысылтаяң кезеңнің ауыртпалығын елетпей, шала құрсақ халін, суық бүрсеңдеткен күйін ұмыттырып, ілгері күннің жарқын нұрына жетелеген жастар - Балқаш құрылысының нағыз жалынды дем берушілеріне айналды. Сауатсыздықты жою үйірмелерін ашып, жұмысшы клубтарында әр түрлі тақырыптардағы кештерді ұйымдастырып, сембіліктер жасап, қиындықты жеңілдетуге тырысты.

Балқаш - ән мен жырдың өлкесі. Балқаш дегенде алғашқы құрылысшылар, бүгінде қай жерде жүрмесін, қай қалада тұрақтамасын, өз жүрегінің аманатын, ықылас ынтығын, Көкше теңіз жағалауындағы жасыл желегі жайқалған жастық қаласына жолдап жатады. Сүйіспеншіліктерін сөзбен жеткізе алмаса да, сезіммен жырлай алатындықтарын толғанған көңіл күйлерінен көргем, кірпік ұшында дірілдеген шық тамшыдай жастарынан ұққам.

Ескі өлеңдер отызыншы жылдары жаңа жырлармен жаңғырған. Сол жырлар сары даланың желімен ұласып, көк теңіздің толқынымен араласып, еңбек күйінің ырғағымен жалғасып, жұмысшының мықтап



қаққан шегесіндей тапжылмай, завод құбырлары арқылы будақтаған түтінмен заңғар көкке өрлеп, ақ желкені керілген желқайықтармен теңіз төсін шарлап әлі күнге дейін тынбастан қалықтап тұр.

Жыр - көңіл тасқыны. Ән - жүрек тебіренісі. Ән-жыр бар жерде күйбеңдік қалмайды, күйкілік жоғалады. Жігер тасиды, қайрат шың-далады. Жан азық алады, рухани түлейді. Ән ойлантады, шамырқантады, еліттіреді.

Балқаш аудандық комсомол комитеті сол 1934 жылы жиырма жасын - жиырма мәдени шара ұйымдастырушыларын барақтарда тұратын жұмысшылардың арасына қоныстандырып, солар арқылы күнделікті тұрмыстың мәдениетін көркейтудің қамын ойластырған. Жастар жүрген орта - көңілділіктің тұрағы. Соны орната біл. Дұрыс бағытқа сала біл. Керек болса - қолыңа домбыра ұста. Сырнайдың жез түймесін саусақтарыңмен құдіреттендіріп жағалатып өт. Болмай бара жатса, ағаш қасықтарды алып, құйқылжытып тізеңе соқ, кеудеге соқ - ерікті алар ырғақ тап. Көкейден ән төгілсін, өкшең жер тепкілесін. Көпшілік жүрген жерде көңілсіздік жайламасын. Мекеніңді мерекеге толы күншуақ орасын. Жастарды жайраңдат. Жалынын шалқыт.

Барақтардағы жиырма жігіт, жиырма комсомол, жиырма мәдени шара ұйымдастырушылар сондай қуатты ұйтқыға айналып еді. Жыр көмейі ағытылып кетті. Ән тасқыны кернеп кетті. Күй сыңғыры қаулап кетті.

1934 жылдың 11 майы - балқаштықтар үшін ұлыстың ұлы күні. Сол күні орталық поселке барақтарының қасындағы жұмысшы клубында бұл өңірде бұрын болмаған алғашқы концерт берілді. Өнердің алғашқы отауы шаңырақ көтерді. Аспанда ән қалықтап, алаулаған жүздерге көңілді күлкі орнады.

Концерт қоюшылар - көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатын жергілікті талант иелері, он саусағынан өнері тамған күйшілер, күміс көмей әншілер еді. Қазақтың тума талант сандақтары мен қазақ өнерінің болашақ жүйріктері еді.

Солардың бірі қазақ даласындағы цирк ойындарының өзіндік ерекшеліктерін әрі сақтап қалып, әрі жаңғырта дамытқан майталман ақын, зерек композитор Қошқарбай ұлы Шашубай болатын. Шакеңнің асқақ даусы “Аққайыңды” созғанда он саусағы боздаған гармоньнің тілдерін қуалай жүгіріп, қыдырып кететін. Ол өткенін өгейсіп, бүгінгі шат-шадыман өмірін жырлаған. Ақ қайыңдай жапанда жалғыз сарнаған әншілік ғұмырдың жаңадан қуат тауып, бүршік жарғанына қуанған. Халықтың кен қазынасымен қоса жүрек, көңіл қазынасын да қоса ашып, жаңа дәуірдің, жаңа заманның демей жететін, сүйеніш, медеу боп қолтықтап әкететін құдіретіне сүйсінген. Тақиясын бірде төбе құйқасын жыбырлатып қабағына төндіріп әкеп қондыра қойса, бірде желкесіне ылдилатып жіберіп, арынды өндерін аңыратқанда, ескі серік сырнайы сыңсып, сыңғырап, боздап, бебеулеп, арындап, ағылып, тамылжып төгілген.

Солардың бірі - бүгінде Киік станциясында тұратын домбырашы, күйші Мұхамеджан Оспанов. Олар - скрипкашы Әшірбек Тілешов, жеті жасар күйші бала Мағауия Хамзин, он жасар күйші бала - Сыдық Мұхамеджанов. Өнер құдіреті - жүрек кілті, жемісті шабыттың куәсі. Мағауия Хамзин бүгінде атақты домбырашы. Сыдық Мұхамеджанов бүгінде даңқы туған даласынан қанаттанып самғап ұшып, Отан аспанында шарықтап, шет елдерге кең тарап кеткен аса көрнекті композитор. Екеуі де Қазақ ССР-інің халық артистері.

Балқаш - ана. Ана дейтінім, алғаш күннен жаңа тірлігінің қайырмасын әнмен бастаған. Жаңа туған баласына бесік жырын бағыштамайтын ана болмайды. Ана әлдиі - алғаш естір әнің, алғаш сусындар бұлағың, алғаш татар рухани қорегің. Ендеше, Ана-Балқаш өз ұлдарына, өз перзенттеріне, өз құрылысшыларына толқыған көлімен ән боп жеткен. Уілдеген желімен күй боп құйылған. Сол перзенттері - Сыдық Мұхамеджанов, Мағауия Хамзиндер.

Қазіргі Балқаш қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Сақатай Аманжолов осы әңгімені ұлым екеумізге айтып отырып, сөз соңында қолқа салды.



- Сыдық Мұхамеджанов ағайды Балқашка бір рет келіп кетуге біздің сәлемімізді жеткізсеңіздер. Туған жердің түлегін туған елі көрер еді. Бүгінгі көркейген қаланың тұрғындары ән-күйін, опера, симфониясының үзінділерін естіп, қуана қол соғар еді. Бәлкім, туған, өскен жерінің азаматтарының ыстық ықыласы қанаттандырып, шабытын шақырып, Балқаш қаласы туралы, қаланың жасампаз жұмысшылары туралы жаңа бір ән шығарар ма еді. Азамат ұлдарын аялауды білетін ағалары да, інілері де, жерлестері де көп мұнда. Жаңа Балқаштың шалқыған жаңа әнін жабыла қосылып шырқап қалар ма едік...

Кім білсін, Сыдық Мұхамеджанов ағамызды гүлденген Балқаштың бүгінгісі, жарқын болашағы тебірентпей жүрген де жоқ шығар. Толғантпай жүрген де жоқ шығар. Бәлкім, дарынды ұланы тұсау кескен туған жерге әнін де, симфониясын да арнап, жазып жатқан шығар. Бәлкім жазылып, орындалып та қояр. Әйтеуір, қарыздар жүректің қарымтасы ересен болары сөзсіз. Осы жолдар арқылы мен де балқаштықтардың композитор ағамызға сәлемін жеткізіп, қолқасын білдіріп, өз міндетімді атқарғанымды сезінем.

Жыр тебіренген жүректен, ән толғанған көңілден туады.Жастықтың әні де, жыры да ерекше. Ол - еңбегі. Еңбегінің жемісі.

...1935 жьшы Балқаш құрылысы 70 миллион күрделі қаржыны игерді. Игілікті істің, ауыр жұмыстың басы-қасында комсомол жастар жүрді. Бір ғана айдың ішінде құрылысқа кеңселер мен қосалқы мекемелерден екі жүз елу комсомол ауысты. Олар комсомол жастар бригадасын басқарды. Құрылысқа қажет мамандықтарды тез арада игеріп алып, социалистік жарыстың қарқынын үдетіп жіберді. Сол кезде бүкіл Балқаш өңіріне Н. Аюпов, К.Намазбаев, В.Алисин тәрізді бригадирлер мен С.Түндікбаев, А.Әукешев, Б.Тоқбергенов сынды еңбек екпінділерінің есімдері кең тарап кетті.

Еңбек жыры - үзілмейтін арқау. Ол жүректе туып, жүректе тұрақтайды. Базыл Тоқбергеновтың жүрек әні ұзағынан сүйіндірген. Он жасында байдың қозысын баққан. Он жасында табанына даланың шөгірі кірген.

Он жасында көзінен қан аралас жас тамған. Сондағы жылдық ақысы - жетім лақ болатын. Он жасында тауға мұң шағып, зарлы әуенді бұлыңғыр аспанға әуелеткен. Бірақ күлкі беретін, қуаныш әкелетін жүрек әні ол кезде туа қойған жоқ еді.

Теңдік заманы Базылға да еркіндік берді. Жүрек әні булығып, кеуде керней бастады. Тоқбергеновты қамқор Отан қарауына алды. Қарсақпайдағы мыс қорытатын заводта оны электрдәнекерлеуші мамандығына баулыды. Жүрек әні бұлқынды. Комсомолдық жолдамамен Балқаш комбинатының құрылысына келіп, бригада басшысы болды. Жүрек әні - жүрек жырын тапты. Тынбай сайрап, толғанып кетті. Жүрек әні - еңбек жыры дегенім де сондықтан. Ана әлдиі - адамзат жырының бастауы болса, еңбек жыры - сол ана мейірімінен нәр алып, бүкіл өмірді қуаныш күлкісі мен жасампаздықтың нұрына бөлейтін толастамас ән. Базыл Тоқбергеновтың кеудесінде күмбірлеген еңбек күйі жанын жадыратып, ілгері жетеледі. Ол көп ұзамай аудандық комсомол ксмитетіне мүше боп кірді. Жүректе жаңғырған комсомолдық әуеннің жігерлі сазын Балқаш төңірегіндегі ауылдардың түкпір-түкпірінде жаңғырықтырды. Комсомол отрядына ілесіп, мәдени жорыққа қатынасты. Алыс ауылдағы жастарды жаңа тірлікке шақырып, Балқаш құрылысына жұмысқа келуге жар салды. Жас жұмысшының, еңбек екпіндісінің үгіті - жүрек жалыны болды. Жүрек әні, еңбек жыры барлық сөзден де сиқырлы еді. Топ-топ боп жаңадан құйылған жастар осы комсомолдық мәдени жорықтың үлгілі нәтижесінің көрінісі еді.

Базыл бойындағы жүрек жыры ұлы симфонияға ұласты.Тоқбергенов Қазақстан жастары тарихының тірі бейнесі, жарқын айнасы болғандай-ақ еді. Ол КСРО жаңа Конституциясының жобасын талқылауға қатысқан.

Сол туралы естелігінде Базыл Тоқбергенов былай дейді:

“Михаил Иванович Калининнің қабылдауында болған делегаттардың екі жасы - қазақ мен екем де, ең жасы үлкені - дана ақын, дария ақын қазақ Жамбыл екен”.



Жас делегат - Балқаш құрылысының озат екпіндісі, комсомол түлегі - кешегі батырақ Базыл Тоқбергенов.

Ең қария делегат - ақ басты Алатаудың қарт қыраны, дүлділ ақын, жаңа заманда қайта түлеген, кешегі жалғыз аттылы кедей Жамбыл Жабаев.

Өмір иірімдері қалай тоқайластырады.

Өмір иірімін осылай үйлестірген замана жеңісі, Республиканың жеңісі. Әйтпесе, он жасында жалаңаяқ қозы баққан қойшы бала жетпіс жасына дейін жоқшылықтың зардабын тартқан, кеудесі күңіренген ақын ата осындай құрмет пен теңдікке жетіп, Ұлы Отанның елдігі мен бірлігін, теңдігі мен бейбіт өмірін қорғауға арналған заңды бекітуге қатыса алар ма еді,

ұлым.

Жаңа заманның жаңаша әні - жүрек әні, еңбек жыры дегенде мен осындай игіліктерді еске алам, балам. Осындай игілік әкелген Отанға шексіз риза болған көңілімді білдірем. Осы игілікке күн сайын кенеліп, күн сайын рақатын көріп жүрген саған, ұрпақтарға - жеткіншектерге: “Жаңалық бастауын ұмытпа! Отан алдындағы парызың мен қарызыңды ұмытпа. Ел ырысын еселе. Отан мүддесін өз мүдденнен жоғары қой. Отанда болса, от басында мол болады. Халқыңның қабағында кірбең болмаса, сенің де қабағың қатуланбайды. Бейбіт тірліктің берекесі - еңбек. Еңбек ете біл. Сенің қазіргі еңбегің - оқуың. Оқуда озат болсаң, еңбекте де озық боласың. Пайдаңды елің мен жерің көреді. Тың далада егін жайқалтсаң, мыңғырған мал өсірсең, жаңа кен көзін тапсаң, жас қаланы - Жәйрем сияқты болашақ мекенін көркейтсең, Байқоңырдан ұшатын жаңа космонавт - тұңғыш қазақ космонавы сен болмағанда кім болады?! Туған жерден ұшып космосқа шығып, космостан туған далаңа қайта кеп қонсаң - бүкіл бірлігі табыстырған халқың аялап алақанына көтермей ме?! Келешек қазақ космонавы болуға тырыс. Тырысыңдар!” - дер едім.

Бәрінің, бар жақсылықтың, бар арманның кепілі - жүрек жыры. Жүрек жыры үзіле көрмесін. Базыл Тоқбергеновтың кеудесін кернеген жастық әуеніндей ұзағынан сүйіндірсін. Еңбек жырын бойынан бір сәт аластатпаған Базыл Тоқбергенов Қарағанды облысы

құрылғанда, облыстық комсомол комитетінің тұңғыш бірінші секретары болды. Облыс жастарының сүйікті басшысы болды. Қай жерде, қай жауапты орындарда істемесін Базыл жүрек әнін жоғалтпады. Партия, кеңес мекемелерінде әртүрлі қызмет атқарған ол Жезқазған қаласына оралып, қою-механикалық заводта құрметті демалысқа шыққанша мастер боп елеулі еңбек етті. Ондаған ізбасарларын тәрбиеледі. Жүрек әнін жалынды жырға ұластырды.

Балқаштағы үш жүз отыз алты бригаданың елуі комсомол-жастар бригадасы еді. Соның екеуін қос қарлығаш - қазақ қыздары Айша Омарова мен Сара Мәмбетова басқарған. Екеуі де көп құрметіне бөленген. Қайрат күшпен қатар нәзік сұлулық, қайырымды ізгілік жүрген. Айша мен Сара апайлар нәзіктік пен ізгілікті бүгінгі Балқашқа өз жандарынан мәңгілікке сіңіріп кеткен. Аманат қып табыстап кеткен.

Әкем айтатын:

- 1933 жылы Қарағанды - Балқаш темір жолын салуға аттандым. “Темір жол - өмір жолы” деген ұғымның кең тараған кезі. Комсомолдарға үндеу таратып, жол құрылысына шақыру берілісімен көппен бірге келіп, скреперщик болып орналастым.

Әрине, қазіргідей техниканың мол кезі емес. Көп жұмысты қолмен атқарамыз.

Иә, әкелер еңбегі ұмытылмайды. Ұмытылмақ емес. Өйткені әкелер еңбегі тарих беттерінде қалған. Тарихи оқиғалардың ескерткішіндей болып, ұлы құрылыстарда қалған. Қарағанды - Балқаш темір жолындағы жолаушы поезына мінген сайын мен марқұм әкеммен қайтадан табысқандай болам. Қайтадан әңгімесін естіп, ақыл-өсиетін тыңдағандай болам. Өйткені теміржол - өмір жолына шын айналып, ұлы Отанның батысын шығысымен жалғап, теріскейін күнгейге жақындатып қоймады ма. Ал рельсті тоқпақтаған доңғалақ әуені әкемнің үзілмеген әні боп жалғасып, отызыншы жылдар жастарының өжет рухынан хабар бергендей жаныма шымырлап құйылады. Доңғалақтар дүрсілінде әке жүрегінің лүпілі бар. Доңғалақтар әуенінде әкелердің еңбек жырының мәңгі сақталып



қалған өміршең әні бар.Мен доңғалақ сазынан әкем әнін естимін. Әкем өсиетін ұғам. Әкеммен қайта кездесем. Сол шақтарда доңғалақ тарсылына, доңғалақ әуеніне іштей қосылып, сонау жас кезде әкеме арнап шығарған алғашқы сәби өлеңімді, сәби көңілдің ризалығымен тағы да әке рухына бағыштаймын:

Қолға алып кетпенді,
Тұрғыздың көпірді,
Жасадың өткелді..
Даланың қинады жауыны,
Қинады дауылы,
Төздің сен бәріне
Жүректің жеңді де дабылы.
Асыктың ілгері,
Сырынды білемін.
Даланың қуанды гүлдері
Өмірдің сол жолын
Балқашқа әкеліп тіредің...

“Балқашқа әкеліп тіредің...” Айтуға оңай. Құрылысы 1932 жылы басталған бес жүз жеті километрлік бұл жол 1935 жылдың күзінде бітпек болатын.

Бес жүз жеті километр. Сондай ара қашықтыққа қол күрекпен жал үйіп, төстабан (насыпь) төсеп, қайламен тас қашап, тау кесу керек. Қанша көпір тұрғызып, өткел жасау керек.

- Папа, сонда осы темір жолды қанша адам салған? Қарағанды - Балқаш өңірінің халқының шамасы жетпес еді, ә?

- 1935 жылы Қарағанды - Балқаш темір жол құрылысында он бес мың жұмысшы істепті. Олар - Ақмола мен Қарағанды, Жамбыл мен Шымкент, Қызылорда мен Солтүстік Қазақстан облыстарынан келген колхозшылар, Түрксіб магистралін салған тәжірибелі теміржолшылар, Орта Азия мен Сібірден, Ленинград пен Горкийден келген мамандар еді.

Әкем, сенің атаң айтатын:

- 1935 жылдың 2 декабрінде үскірік аяз буып берді дейсің. Түкірігің жерге түскенше дөңгеленіп мұз боп қатып қалады. Өмірімде дәл сондай қақаған аязды бұрын-соңды көрмеген шығармын. Тұла бойымды

мыңдаған инемен шабақтағандай шымырлата шаншып, бет қаратар емес. Бертіс станциясына небәрі жиырма үш-ақ шақырым жер қалған. Қалайда сол жылы бітіруіміз керек. Алдымызда - “Темір жолды қашан жеткізесіндер?” - деп құрал-жабдық, азық-түлік тосқан балқаштықтар, артымызда - біз салған темір жолмен ізбе-із келе жатқан жүк тиелген поездар. Екеуі де асықтырады. Асықпайық деген біз жоқ. Жұмысшы қауымы - уәдесіне берік қауым. Уәде бердің бе - өл-тіріл орында. Үкімет нұсқауы солай. Халық талабы солай. Жұмысты тоқтатқан жоқпыз. Күндіз-түні лапылдатып, лаулатып әр жерден от жағып қойып, соның жылуы мен жарығында еңбек қарқынын үдетіп жібердік. 21 декабрьде Қарағанды - Балқаш темір жолы құрылысының бас инженері Чудовцев соңғы күміс костыльді қаққызып, нөмірі ЭМ - 4880-ші паровозын ілгері өткізді...

ғ ЭМ - 4880-ші паровоз.

Былайша қарапайым ғана жағдай, қарабайыр ғана паровоз сияқты.

Ойлап қарасаң, балам, - аңызға бергісіз тарих. Сол паровоз Балқаш қаласына, Бертіс станциясына Москва, Алматы, Қарағанды қалаларының өкілдері мінген вагонды ғана жеткізген жоқ. Сол паровоз Көкше теңіз жағасына кеңес адамдарының құдіретінің куәсін, уәдесіне берік жұмысшының еңбек нәтижесін, кеңес үкіметі қамқорлығын және бүкіл Отанның балқаштықтарға деген жәрдем-көмегін жеткізген.

Темір жол келді де, Балқаш алып Отанмен жалғасты. Қарағанды көмірін берді. Сібір ағашын берді. Орта Азия жемісін берді. Туысқандық алақанын созды. Бауырмалдық құшағын айқара ашты.

Бар болса, ғ ЭМ 4880 паровозының Балқаштағы Бертіс станция-сының қасындағы тұғырда ескерткіш боп тұрғанын қалар едім. Өйткені еңбек жеңісін қадірлеуден өзгелерді қадірлеу туындайды. Отызыншы жылдар құрылысшылары - бүгінгі жастардың, сендердің аталарың. Өнегемен тәрбиелеу - өткенді ұмытпай, жаңғыртып отыру болса керек.

Қарағанды - Балқаш жол құрылысы сондай өнегелі істің ең жарқын көріністерінің бірі. Себебі ендігі



Балқаш құрылысы бірнеше еселенген қарқынмен дамыды.

1936 жылы жылу-электр орталығын іске қосуға барлық күш салынды. Бұл кезде Балқашта жиырма екі мың, Қоңыратта сегіз мың адам тұрған.

Осы жылдың алтыншы январында стахановшылардың бірінші слеті болып өтті.

Слет - озық тәжірибе алмасу, еңбек қарқынын одан әрі үдету мектебіне ұласты.

1935 жылы Донбасс шахтері Стаханов ұлы бастама көтеріп, социалистік жарыстың тарихтағы жаңа бетін ашса, балқаштықтар сол көтермені қызу қолдап кеткен еді. Қазақстанның 15-жылдығына арналған еңбек вахтасына тұрған құрылысшылардың стахановшылар қимылына үлес қосқаны сондай, құрылыста жыл аяғында екі жүз қырық стахановшының есімі құрметке бөленді.

Таңғажайып ерліктің мысалдарын келтіре кетейін.

Тоғыз жүз кірпіш. Бұл - әрбір тас қалаушының бір сменадағы орта есеппен қалайтын жұмыс жоспары.

Осынша кірпішті қабырғаға қалау үшін тоғыз жүз рет кірпішке, тоғыз жүз рет лайға еңкейіп, тоғыз жүз рет қалап, тоғыз жүз рет сылау керек. Ал Фролов, Гусев және Мартыновтар сменасына бір мың төрт жүз-бір мың бес жүз кірпіш қалап, рекорд жасаған. Ол ол ма, 1935 жылдың 31 декабрінде тас қалаушы Мальцев өз сменасында сегіз мың сегіз жүз жиырма алты кірпіш қалап, үздік еңбек өнімділігін танытып, бүкілодақтық рекорд жасапты.

Рекорд! Бұл алып құрылыстың шежіресіне алтын әріппен жазылған мақтаныш, құдірет, жасампаздық емес пе?!

Бұрын желі ызғырып, долданған толқыны жарға ғана ұрып, жартасты ғана жаңғыртып, жағасындағы жұртының өксігін ғана тыңдаған Көкше теңіздің даңқы енді Қазақстанға ғана естілмей, ұлан байтақ Отанға қалықтап, шарықтап тарап кетті.

Рекорд! Ол өздігінен жасалмайды. Рекордты рухы жаңа, ары таза, ел мүддесін жоғары ұстаған жаңа дәуірдің жаңа азаматы - совет адамы тудырған.

Олар Мальцев пен Тоқбергенов.

Олар - электрші Ахметов, балға соғушы Бекеев, ұста Рыбаков, арматуршы Әділбековтер.

Балқаш құрылысының көлемі күн санап ұлғая түсті. Тәжірибе байыту фабрикасында Қоңыраттың тотыққан кенін балқытудың технологиясын қалып-тастыру ойдағыдай жүзеге асты. Бұл технологияны байырғы коммунист И.А. Кочнев, инженер комсомол Камал Қадыржанов, Жармұхамбет Төленов және техниктер Л.В. Александров пен Н.Н. Семеновтар дайындаған еді.

Ендігі ән басқаша шырқалды. Ендігі жыр басқаша толғанды. Ән жеңісті мадақтады. Жыр еңбек жемісімен қанаттанды.

Ал әннің толғағы қиын, жырдың тууы қиямет екенін білмейтін жан аз. Әйтпесе ән шырқамас адам қалмас еді, жыр жазбас адам болмас еді.

Ендеше шыққан әнді үзіп алмауға тырысайық. Өз жүрегіміздің дүрсілін ән қайырмасына жалғап, қан тынысының бүлкілін еңбек жырымен ұластыра алсақ, бейбіт тірлікті зеңбірек үні, бомба гүрсілі, оқ бораны бұзбайтынына әлемдегі азаттық сүйгіш адамдардың тілек-талабы куә.

Балқаштықтар өмір әнін, еңбек жырын бір сәт толастатып көрген жоқ. 1936 жыл құрылысшылар ерлігінің тағы бір арай нұрына бөленді. Бұл кезде Қоңырат руднигінде алпыстан астам бұрғылау станогы, он бу және электр экскаваторы, он алты паровоз бен мотовоздар жұмыс істейтін. Экскаватор машинистері Дудин мен Гончаров, Вергунов пен И.Литьяковтар жергілікті ұлт кадрларын даярлауда үлкен туысқандық, достық қамқорлық танытты. Кешегі көшпелі елдің малшы, жалшыларын өз мамандықтарына баулып, тез арада Қоғабаев пен Иманбаевтың, Ниязов пен Қаламбаевтың, Әлижанов пен Нұрбаевтың маши-нистің көмекшісі мен кочегарлық мамандықтарды меңгеріп шығуына жәрдемдерін аямады. Осындай білгір мамандардың арқасында 1936 жылы руднике тау жынысына 517 тонна қопарғыш дәрі қойылып, бір ғана сәтте таудай төбені төңкеріп тастады. Осынау өндіріс жаңалығының бүкіл дайындығы мен есебін рудникке жаңадан келген жас инженерлер -



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, Александр Михайлович Богатиков және Александр Яковлевич Лукьяновтер жүргізген еді.

- Бес жүз он жеті тонна қопарғыш... Нағыз ертегідегідей... - Алмас таңдай қақты.

- Иә! Ертегінің алыптары ғана бұрын тау төңкеріп, көл сапыратын. Ертегінің ғана алыптары адам қиялының өмірде болса екен дейтін алыс арманын, жеткізбес үмітін, ұстатпас мақсатын орындайтын. Ертегіде орындайтын, үмітпен жетелейтін.

Қиялдағы сол ғажайып көрініс енді өмірдің өзінде жүзеге асты. Ертегіден де артық құдіретімен, қиялдағыдан да артық кереметімен көзді ашып-жұмғандай сәтте, бауырына ғасырлар бойы басып жатқан қазынасын жұрт көзінен қызғанған төбені төңкеріп тастап, болашақ ашық карьердің қақпасын ашты. Сөйтіп құрылысшыларды еңбек ерлігінің тағы бір арай нұрына бөледі.

Арай нұр.

Ол жұмысшы жүзіндегі күлкіде. Ой қуатын бой қайратына жеңіп беріп, жүздеген, мыңдаған адамның қолмен атқарар ісін бірер сәттік қопарылысымен тындырған жігерлі инженерлердің ырза болған пішінінде.

Ол жаңа дәуірдің тұс-тұстан ентелеген, кеуделеген өзгеше тірлігінде, туысқандық қасиетінде. Бүкіл Отанның бір мүддеге ұйысқан ғаламаттығында. Берік тұтастығында. Мызғымас достығында.

“Қадіріңді білмек болсаң, балам, қонақ шақыр”, - деуші еді әкем. Осы сөзінің қасиетін енді-енді ұғынғандаймын.

Қазір жаюлы дастарқаныңа есігіңді тықырлатпай-ақ келетін достар аз ба? Бірақ дос қуанышыңа жиналмаса, қайғыңа ортақтаспаса, дос болып жарыта ма?

Балқашқа қонақ шақырылмаған. Балқашқа ниеті бір, тірлігі табысқан, тілегі қабысқан ұлттардың өкілдері келмеп пе еді? Иә, келген. Қонақ емес, қожа болу үшін, ортақ дастарқанның ырысын қосыла шалқыту үшін, ортақ байлықтың көзін бірлесе ашу үшін келген. Келген де, халықтар достығы деп

аталатын қадірін тапқан. Отан мүддесі аталатын қасиетін ел мен жерге айғақтаған.

1938 жылдың мартында байыту фабрикасының барлық механизмдерін сынап жүргізіп көру басталса, бір айдан кейін-ақ, 23 апрельде алғашқы мыс концентраты алынды. Алғашқы мыс концентраты! Байқап отырсың ба, Алмас. Балқашта сол кезде алғашқы, тұңғыш деген атаулар күн сайын туындаған. Алғашқы коммунистік сенбілік, алғашқы стахановшы. Тұңғыш комсомолдың үйлену тойы...

Алғашқы қопарылыс...

Тұңғыш коммунист - қазақ әйелі...

Алғашқы инженер-байытушы қазақ...

Алғашқы мыс концентраты!

Тұңғыш мыс, қара мыс алатын күнде де алыс емес-ті. Осы тұңғыштар мен алғашқылар алыптың өзі, алыптың көзі болатын..

Алғашқы мыс концентратын берген сменаның адамдарын бүкіл Балқаш білген. Әліде білетіндіктеріне сенем.

Сол күнгі сменадағы аға классификаторщик Серікбай Талпақовтың, флотатор Әубәкір Әлімжановтың, қойылтушы Ақаш Әубәкіровтың, байытушылар Қабдырахман Құрышевтің, Айтқан Арымқановтың, Әділбай Әділбековтың, Құлымжан Ершойыновтың қуаныштарында шек болды ма екен?! Осы азаматтардың сол күнгі жүрек тебіренісін, көңіл толқуын шамалап болса да сезе алсам керек.

Меңіреу даланы кешегі жалшы, батырақтары комбинат басшылары мен партия комитетінің ұйғарымымен еңбек вахтасына тұрып, алғашқы мыс концентратын алу құрметіне ие болған ғой. Халқының ғасырлар бойы армандап, ертегі мен қиялында ғана ұрпағынан ұрпағына табыстап келген өсиетін орындап, қара жердің қыртысында көктас пен топырақ боп жатқан тау жынысынан алғашқы байлықтың көзі - концентратты қолдарына ұстағанда кеуделерін кернеген қуанышты қағаз бетіне ақындар ғана түсіре алар.

Сол кезде Балқаш туралы ағытылған Қазақстан ақын-жазушыларының өлең-жыры соның куәсі емес



пе? Кештеу болса да, Балқаш құрылысшыларының ерлігін жырлаған жыр-дастандардың әлі де соғылып жатқан әсем күмбезіне осы кітапшаммен мен де бір кірпішін қаладым деп есептеймін.

Ал бірақ Балқашта сол кезде-ақ жиырма мыңнан астам ақын тұрған. 1937 жылы апрельде Балқаш қала атанған. Қаладағы барлық тұрғын, менің ойымша, сол кезде-ақ акын болған. Өз қаласына деген сүйіспеншілік, өз ісіне деген ынтықтық, ортақ мүддеге деген ықылас қаланың бар-бар жанын шабытқа бөлеп, кеудесін ән мен жырға күмбірлетіп қойған. Өйткені асқақ әуенді оларға күні-түні тынбаған еңбек жыры үйреткен. Құрылыстағы әр объектінің жанында лапылдаған оттар жалыны, әр үйдің қабырға, маңдайшасында жарқыраған электр шамының нұрымен көз тартқан ұрандар үйреткен. “А” кварталындағы төрт қабатты он алты үйдің әр пәтерінен шыққан той жыры, бесік жыры үйреткен.

Көрдіңіздер ме, Балқаштың өз перзенттері туып жатыр. Тұңғыш Балқаштық сәби ол. Тұңғыштардың тұңғышы. Алыптардың құрдасы. Тал бесік сықырына ана әлдиі жалғасты. Өмір құдіреті тағы да ұлылық тапты. Ендігі бесік жырын завод гудогі, рудник техникасының үні, құрылыс ырғағы, көлдің кең тынысы қосыла жырлайды. Балқаш алғашқы мыс концентратын туғызды. Балқаш тұңғыш сәбилерін дүниеге әкелді. Ол елімізбен бірге адымдай аттап, Отанымызбен бірге қарыштап қадамдады.

Балқаш - жастық қаласы. Өнер мен білім отауы. Спорт пен мәдениет ошағы. Жастар өнерге ұмтылды, білімге талпынды. Спортпен шұғылданып, мәдени-көпшілік жұмыстарға араласты. Кейін бәрін жинап-теріп игеріп аламыз дейтін керенаулықтан аулақ болды. Алып заводтың ғимараттарымен қабаттаса тұрғын үйлердің кең көшелері сап түзеді. Кең көшелерде есігін айқара ашқан үш жүз кереуеттік аурухана, он жеті дәрігерлік пункт, емхана, жедел жәрдем көрсететін станциялар орын тепті.

Он екі асхана, бірнеше дүкен, екі почта үйі тұрғындарды түрлі тұрмыстық қажеттермен қамтамасыз етті.

Қоғамдық жұмыстардың және бос уақытты мәдени ұйымдастырудың орталығына айналған жұмысшы клубы мен әр түрлі спорт базалары сол кезде-ақ үлгілі істерімен мақтауға ілінген.

Орталық клубта қазақ жастарының театры, домбыра оркестрі, төрт драма үйірмесі, үш хор үйірмесі жұмыс істеп, мәдениет ұйтқысы болды.

Қазақ жастарының театры.

“Театр” деген сөз сол бір қарбалас кезеңде-ақ екі-үш жыл төңірегінде Балқаш атырабына кең тарады да кетті. Меңіреуліктің түкпірінен шырқау заңғарда шарықтаған елдің көңіл күйі емес пе “Қазақ жастарының театры”. Ол үлкен сахнаға шықпай-ақ қойсын, бірақ “режиссер”, “спектакль”, “рампа”, “репертуар”, “премьера” деген сиқырлы сыңғырлаған сөздерімен-ақ ауылдан келген қараңғы жастарды мәдениеттің асқарына қолынан іліп алып, жетектей жөнелді емес пе. Мәдениет, өнер, өсу, кемелдену басқыштары емес пе бұл.

Мен үкіметіміздің кемеңгерлігін осы жан-жақты қамқорлығынан, адамға, әсіресе патша, заманы тұсында бұратана халық аталған алыс өлкедегі көшпелі қазаққа жасаған ізгілігінен анық көрем. Анық көрем де, алқымыма тығылған ризалық жасыммен, кеудеме толқындаған шексіз алғысыммен басымды иіп, тағзым етем.

Әр халықтың әр түрлі әдет-салты бар, балам. Әр түрлі мінез, табиғаты бар. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан. Сол салт-дәстүрлердің жақсысын жаңғыртып, жаңасын туғызған да өмір, тірлік заңы. Оны дүниеге әкелген, Балқаш өңірінде тірілткен халықтың тарих ортақтығы, қуаныш ортақтығы, керек десеңіз, қам-қарекет ортақтығы.

Ат жалында ойнамаған қазақ жоқ. Бәйгеге шауып, көкпар тартып, күреске түсу - қанына сіңген. Бұның бәрі спорт деп аталатын дене шынықтыру мектебінің қарапайым түрлері.

Балқаш өз тұрғындарына спорттың мәдени түрлерін де кең ұсынды. 1935 жылы спорт базасында 300 жұп шаңғы, 600 жұп коньки болған. Бұл қала көк мұз айдынынан кенде емес. Көлдің бетіндегі қарын



жалтырата тазаласа - жетіп жатыр. Аяғыңа коньки байла да, сырғанай бер.

Аэродромдағы 8 оқу-үйрену самолеті мен 15 планерлік үйірме жастарды парашютпен секіруге жаттықтырды. Әсіресе қыздар арасынан ең алғаш парашютпен секірген Қапиза Қадіржанова мен М. Жүнісованы, олардың ізінше көк төсінен қалықтап түскен сылақшылар бригадирі Сара Мәмбетованы көз көргендер әлі күнге айтып отырады.

Парашют... Қазақ қыздары.

Бұл екі ұғымды содан 10-20 жыл бұрын бір тіркеске сыйғызу түгіл, ойға алудың өзі қиын еді ғой. Парашютпен секіру дегенді айтпағанның өзінде, самолетпен ұшудың не екенін білмейтін қыр еліне жеңіс шапағатымен бірге келген әйел теңдігінің құдіретін түсінесің бе?

Қазақ қыздарын теңсіздікте ұстаған бай, молдалардың жауыздығын кітаптан оқып білдің ғой, балам. Әжеңнің әңгімесінен де естідің.

Естісең, қалыңмал дейтін еріксіздік қамытын, теңсіздік бұғауын түсінесің.

“Қызға қырық үйден тыю” дейтін аңдығыш көз, қозғалтпас бұйрықты және білесің.

Енді ше. Азат қыз теңдіктің арқасында еңбек етіп, ел құрметіне бөленді.Бригада басқарды. Самғап көкке ұшты. Ержүректік танытып, тұнық аспаннан тұңғиық тереңге атылды. Қанат бітіп, парашютпен қалықтады. Сол Қапиза, Сараларды биікке самғатқан, туған даланың көгіне көтерген Отан құдіретіне тағы да бас июлеріңді өтінер едім. Мейірімді көңілдің кендігіне құлшыныңдар дер едім.

Балқаш өз төсінде толықсыған ұландарын көгіне ұшырып, төбесіне көтерді.

Соның бірі - Әубәкір Әлімжанов. Алғашқы мыс концентратын алушы бірінші флотатор. Ұлы Отан соғысы жылдарында ол комсомол-жастар сменасын басқарды. Қатардағы жұмысшыдан комбинат цехының басшысына дейін өсті.

Балқаш өзінде түлеп ұшқан перзентін ардақтап, мәртебесін көкке жеткізді. Ерлік еңбегі үшін, елгезектігі мен сергектігі үшін қала жұртшылығы оны

1946 жылы КСРО Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады. Комбинатта қазір Әлімжанов Әубәкірдің балалары істейді. Олар әке даңқын жемісті еңбегімен жалғастырып жүр.

1938 жылдың 13 июлінде бірінші шарпу пеші іске қосылып, металлургиялық өндірістің алғашқы алауын тұтатты. Көп ұзамай бірінші конвертер өз жұмысын бастады.

24 ноябрь. Кешкі сағат жеті. Бұл сәт балқаштықтар үшін мәңгі ұмытылмас қуаныш. Дәл осы сағатта Балқаш комбинатының бірінші конвертеріне оттегі беру тоқтатылып, астау-ожау жақындатылды.

1938 жыл. Ноябрьдің 24-і. Кешкі сағат жеті.

Балқаш тарихының ең жарқын беті.

Комбинаттың алтын әріппен жазылған шежіресі. Конвертер астау-ожауға алғашқы балқыған мысын төңкерді. Қызыл металл қызыл ожауға құйылып, қызарып терлеген жүздерде қуаныш, бақыт нұры ойнады.

Дүниеге ең алғашқы балқаш мысы келді!

Конвертердің өңешінен сол сәт күн туғандай, таң шұғыласы тарағандай болып еді.

Болып еді емес! Күн туғаны да рас. Таң шұғыласы тарағаны да ақиқат.

Бүкіл Отанның жәрдем-көмегімен Көкше теңіздің жағасындағы жас қаланың өмір үшін, бейбітшілік үшін, болашақ үшін қолдан жасаған ғажайып ерлігі еді ол.

Балқаш мысы!

Айналасы он-ақ жылдың ішінде, 1928 жылдың август айында М.П.Русаков тұңғыш рет Балқашқа геологтар экспедициясына аттанған күннен бері он-ақ жыл өткенде,болашақтың әсем қаласы орнап, болашақ күндердің игілігіне бағышталған Балқаш мысы таң нұрындай алаулап туды.

Британдық финанс олигархиясының ірі жетекшісі Қазақстанда корпорация ұйымдастырған Лесли Уркуарттың Совет өкіметіне: "Балқаш маңындағы қазақ даласын шұқылауыма рұқсат беріңдер. Сіздер ол маңайға берісі елу, арысы жүз жылдың ішінде маңайлай алмайсыңдар", - деген сандырағы да,



буржуазия баспасөз бетінде Қазақстандағы мыс алыбы құрылысына таңылған: "Большевиктердің Балқаш көліндегі бос ертегісі", ''Балқаш комбинаты құры-лысының күйреуі", - тәрізді неше түрлі өсек, лақаптары да адыра қалды.

Біздің халықта "Ит үреді, керуен көшеді" дейтін данышпандық мақал бар. Шәуілдеп үрген капиталистік елдердің кейбір сәуегейлері біздің социалистік ұлы керуеннің шаңына да ілесе алмай, құм қауып қала берген.

Балқаш мысы - алғашқы мысы қызарып балқып, ырыс дариясындай бірінші конвертерден астау-ожауға ғана құйылып қоймаған, ол мыс мың градустан астам ыстығымен қомағай өңештер мен сәуегей көмейлерге де құйылған.

Балқаш мысы шын мәнінде ақ таң боп атқан. Кең әлемге Отан құдіретінің жаңа бір айғағын көрсетіп, шашыраған алау ұшқынын таң шуағындай жамы-ратқан.

Жеңісті бағалай білу керек. Қадірлей, қастерлей білу қажет. Ол - өткенге құрмет, бүгінге үлгі, келе-шекке өсиет.

Балқаш мысы туған күн Балқаш мысына ойылып жазалып, Балқаш комбинатының металлургия цехы үйінің босағасында мемориал тақта боп жапсырулы тұр.

Ол кезде қазіргідей автоматты құю машинасы жоқ еді. Металлургтер қарадүрсін қалыптарды дайындайды. Сосын 50 тонналық көпір кран астау-ожаумен балқыған мысты мың сан ұшқынын жамырата құяды.

Арнайы қалыпқа штык түрінде алғашқы мыс құйылып, оның бетінде "БМЗ 24-ХІ-1938 г. черновая медь" деген жазу жарқырады.

Байқап отырсың ба, балам, құйылған мыстың штык түріндегі символдық мәнін. Балқаш мыс заводының 24 ноябрьде туған қара мысы ә дегенде-ақ Отанды қорғау, оның құдіретін өсіру, қайратын асыру жұмысына арналды.

Тағы да дерекке жүгінейік. Алмас, мә, мынаны оқышы, - деп "Правда" газетінің 1938 жылғы 25 ноябрьдегі санын ұсындым.

- Мына белгі қойылған жерінен бастайын ба... - Ұлым даусын қырнады:

Балқаш көлінің жанындағы Қоңырат даласынан большевиктер мыс кенін ашты. Міне, енді төбенің етегінде әлемдегі ең үлкен мыс рудниктерінің бірі жұмыс істей бастады. Рудниктің жанында 6 мың халқы бар қала бой көтерді. Зәулім үйлер, клубтар, мектептер салынды. Кешкілік электр оттары самаладай жарқырайды.

Қоңыраттан 18 километр жердегі Бертіс түбіндегі Балқаштың шөлейт жағалауында Совет одағының түсі металлургиясының мақтанышы - Балқаш комбинаты салынып жатыр. Қазірдің өзінде-ақ осынау алып социалистік индустрияның ең озық техникамен жабдықталған көптеген цехтары мен агрегаттары өндірістік эксплуатацияға берілді. Кеше ғана ағызылған 45 тонна қара мыс - комбинаттың ақтық дайын өнімі - бастама ғана” - деп жазылған...

- Иә, бұл бастама ғана, ұлым.

Комбинаттың даңқын аспанға шығарған еңбек жеңістерінің бастамасы. Даңқ тұғырының іргетасы еді ол.

Балқаш мысы үшін ерлік күресіне қазақтар мен орыстар, украиндер мен белорустар, татарлар мен өзбектер, грузиндер мен армяндар т.б ұлы Отанымыздың ондаған ұлт өкілдері қатысқан.

Ондаған ұлт өкілдері.

Сан түрлі, әр тілді адамдарды біріктірген Балқаш. Комбинат құрылысы. Соған шақырған ел үндеуі. “Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару” дегеннің нағыз ақиқаты да осы. Жұмылған жұдырықты ашу қиын. Жұмылған жұдырық тас илейді, тау үгітеді. Бес саусақ біріксе -жаға жырта алады, жамау сала алады, су көсіп ішеді. Бірімен бірі тұтасып алақан құрайды. Бірі сыздаса, басқасы ауырады. Біздің халықтар достығы одан да берік. Өз тауын сүйген ұлан басқаның қаласын да ұнатады. Шөлін ардақтаған азамат өзгенің көлін де қадірлей біледі. Өйткені туған жер - ана. Анасын сыйламаған, басқаны жарылқай алмайды.

1940 жылы декабрьде молибден байыту тәжірибе фабрикасы Қоңырат мыс кенінен қосалқы өнім -



молибден алу технологиясының өндірістік сынағын өткізді.

Молибден - халықшаруашылық және қорғаныстық мәні зор металл. Отан сақшысының қатарына енді Балқаш молибдені келіп қосылды.

* * *

Бейбіт өмірге соғыс өрті араласты. Еңбек жырының қайырмасына зеңбірек дүмпуі қосылды.

Отанымыздың шебіне тұтқиылдан басып кірген гитлершіл Германияның шабуылы балқаштықтардың да кеудесін кекке, жанын ашу-ызаға толтырды. Ендігі ән-жырға намыс қажыры құйылды.

Бізге ұзақ жылдар бойы Балқаш комбинатынщ кәсіподақ ұйымы комитетінің төрағасы болып істейтін Рахман Кенбаев аға жолықты. Әңгімешіл екен. Сапар мақсатымызды естіп білген соң бір әңгіме бастады Рәкең

- Алмасжан, өткенді естіп, ұғынып өскендерің өте жақсы. Соғыс кезі... Ол кез ұмытылар ма...

Соғыс басталғаннан-ақ қоңыраттықтар мен балқаштықтар еңбек қарқынын күрт еселеді. Ендігі қайрат-жігер еңбек майданындағы тасқындаған өндіріс өнімділігімен есептелмек. 23 июнь күні экскаваторшы Д.И.Кожин сменалық жоспарын 204 процентке орындады. Металлург цехы бұл күні қара мысты әдеттегіден едәуір артық ағызды.

Соғыс Балқаш тұрғындарының қалыптасқан тірлігін шайқап кетті. Азаматтар Отан қорғауға аттанды. Станция маңы шығарып салушыларға толды.

Заводтағы ерлерінің орнына әйелдер келіп, жұмыс қарқынын тоқтатпай жалғастырып әкетті. Алғашқы аптаның ішінде-ақ станоктар мен агрегаттардың тұтқасы төрт жүзден астам әйелдің қолына өтті.

Кеше ғана олар бірі жарын, бірі бауырын, бірі баласын Қызыл Армия қатарына аттандырып, аман-сау жеңіспен оралуын тілеп, батысқа мұңлы көзін қадаған еді. Ал бүгін шарпу пешін қыздырып, металл

ағызып, кен байытып, қолдарынан келгенше майданға жәрдемдесіп жатты.

Олар - смена бастықтары болған А.И. Климова мен И.А. Стародубцевалар. Олар - партия ұйымының секретарлары боп сайланған Н.М. Мурзина мен А.И. Арнаутовалар. Олар - паровоз машинистері Е.И. Ширимова мен Е.И. Козловалар...

Көкше теңіздің көбікті толқынында тағы да еңбек пен жауынгерлік даңқтың құдіретті шұғыласы жарқырады. Балқаш заводының өнімі майданға аса қажет нәрсе - оғы мен снаряды еді. Соны жүрегімен сезінген, жанымен түйсінген кеншілер мен металлургтер жанқиярлық еңбектің үлгісін көрсетті.

Тағы да дерекке сүйенелік.

1941 жылдың сентябрінде бірінші шарпу пеші тоқтап қалды. Жай уақытта мұндай аварияны жөндеу үшін отыз сағат уақыт кететін. Ал бұл жылы металлургтер пештің сууын тоспай-ақ, оның әлденеше жүз градустық ыстығына қарамастан агрегатты он сағат отыз минутта-ақ жөндеп, іске қосты.

Міне, мұның жауынгерлік ерліктен несі кем, балам.

Ерлік оқ бораны астында ғана тумайды. Ол - қажеттілік салдарынан кілт өршіген сана сезімнің, Отан сүйгіштіктің, неғұрлым мол пайда тигізсем дейтін жауапкершіліктің ширыққан сәті. Ерлік - елін сүюдің жарқын көрінісі. Азаматтығын ақтаудың нұсқасы. Жауына деген тұла бойда бұлқынған кектің, долданған ашудың, буырқанған жігердің шарпуы. Жарқ-жұрқ атылуы.

Екінші конвертер күрделі жөндеуден өту үшін тоқтатылды. Оны жөндеуге А. Бұқаев, А.Әбдіғалиев сияқты мамандардан құрылған бригада күніне он сегіз сағаттан жұмыс істеп, цехта түнеді. Жанқиярлық еңбек ету осы емес пе?! Отансүйгіштіктің үлгісіне бұдан артық мысал таба алар ма едік?! Смена басшылары Ж.Тілеуқабылов, М. Крупин және Ф. Бундиндер пеш жөндеудің десятниктері боп сайланып, жоспардағы үш жүз сағаттың орнына конвертерді тоқсан төрт сағатта күрделі жөндеуден өткізіп, қайтадан іске қосты.

Балқаш мысы қайтадан оқ боп құйылды. Снаряд



боп зуылдады. Солдат боп соғысты. Жеңіс күнін сәт сайын жақындата түсті.

1942 жылы май айының басында Қалибековтың сменасы молибден беруді бастады.

- Молибден не үшін аса қажет еді? - деп сұрақ қойды Алмас осы тұста.

- Молибденді болатқа қосса - ғаламат берік темір қоспасы жасалынады. Молибденді болат - бронь деген сөз. Яғни танк жасау үшін табылмайтын берік қоспа.

Балқаш молибдені бронь боп оққа кеудесін төсеп, снарядқа төтеп беріп, совет танкшілерін мызғымас берік қалқан, мойымас мықты сауытпен қамтамасыз етті.

Егер 1942 жылы Балқашта өндірілген молибденнің жылдық мөлшерін жүз процент деп есептесек, балқаштықтар Отан қорғау мүддесіне келесі жылы жүз жетпіс процент молибден жөнелткен. 1944 жылы жүз сексен сегіз процент беріп, 1945 жылы молибденнің мөлшерін екі жүз отыз процентке жеткізген.

Балқаш сол отты жылдары елімізде өндірілетін бүкіл молибденнің едәуір бөлігін жалғыз өзі өндіріп, жерде танктерді жүйткітіп, көкте самолеттерді самғатып, суда катерлерді сумаңдатқан.

Балқаш молибдені бірліктің символы болып, талай ғұмырды сақтап қалған. Жеңіс күнін - бейбіт өмір шуағын Отан көгінде жарқыратуға үлкен үлес қосқан.

Европаның бүкіл байлығын соғыс ісіне арнаған гитлершіл Германия осал жау емес еді. Сондай жан-жақты қаруланған басқыншыларды жеңу үшін, туған жерден түре қуып шығу үшін совет адамдары ештеңесін аяған жоқ. Асыл білезік, алтын сырға, айлық пен жалақысын жинап беріп, Қызыл Армияның жауынгерлерін әскери техника, жылы киім, азық-түлікпен қамтамасыз етуге барын салған бүкіл елдің бастамасын балқаштықтар да жалғастырып әкетті. 1942 жылдың январында Балқаш қаласының тұрғындары шүйілгіш самолет жасату үшін қырық мың сом қаржы жинап, майданға үш мың жылы киім жөнелтіп жіберген еді.

Тағы да дерек:

“Балқаштық жолдастар, мен сіздерді еңбек

қарқындарыңызды он еселеп арттырып, майданның алдыңғы шебінде жүрген біздерге жауға күйрете соққы беруге жәрдемдесуге шақырамын. Сіздер қорытқан мыс жаудың ажалын әкеледі, әрбір артық берген бір килограмм металдарыңыз бізге ондаған, жүздеген гитлершілерді құртуға көмектеседі, олардың күйреу сағатын жылдамдатады,” - деп қырық үш фашисті өлтіріп, жаудың бір танкісі мен бронемашинасын жойған Жауынгерлік Қызыл Ту орденінің кавалері балқаштық солдат, бұрынғы теміржол цехының диспетчері К.Қазымбетовтың майданнан жазылған хаты мыс заводында жоспардан тыс өнім алудың ұйтқысы болды.

Металлургтер жыл аяғына дейін екі жүз мың киловатт-сағат электроэнергия, екі жүз тонна отын үнемдеуді ұйғарды. Шығыс Қоңырат кеншілері жоспардан тыс молибден рудасын өндіріп, екі демалыс күнінде ақысыз еңбек етуге уәде етті. Олар уәделерін артығымен орындап та шықты.

Өлім алқымнан алғанда, елім өмір үшін соғысқан. Өмірдің болашағы үшін, мен үшін, балам, сен үшін, алдағы келер ұрпақтар үшін соғысқан. Майданда солдаттар, қала мен далада еңбекшілер бел шешпей, тізе бүкпей алысып, арпалысып, жеңіс кілтін екі жақтап жасап жатты.

Аналар шұлық тоқыды - ұлдарының аяғы жылы жүрсе, бойын суық алмайды, күш-қуаты еселенеді.

Арулар қолғап тоқыды, кисет, орамал кестеледі - жан жарының қолы жаурамаса, көңілі тоғайса, жауға жасын боп тиерін, белін сындырып, омыртқасын опырарын білді.

Кәрі-жас барын, тапқанын майданға жөнелтті.

Балқаштықтардың патриоттық ерлігінің куәсін тағы бір сарғайған қағазды алдарыңызға тосып, тебіренген көңіл күйімді өздеріңізбен бірге бөліскім келеді, - деп Рахман аға газет қиындысын балама ұсынды. Алмас оны дауыстап оқыды:

“Қазақстан гүлзары” атты танк колоннасы мен “Балхашец” самолеттер эскадрильясын жасау үшін алты жүз мың сом қаржы жинаған Қоңырат кенші-



леріне менің туысқандық сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын жеткізуді өтінем. И.Сталин”.

- Бұндай телеграмманы мыс заводының коллективі де алған. Алған да мыс пен молибденді жоспардан артық өндіру үшін жұмысшы уәдесін берген, - деп Рәкең әңгімені қайта жалғады. - Жұмысшы уәдесі - жоспардан тыс өндірілген металл болып, жау кеудесіне түйрелген.

Балқаш мысының жауынгерлік құдіретін, Алмасжан, енді мысал арқылы түсіндіре кетейін.

Алмас шапшандық танытты:

- Бір тонна мыс 72 миллиметрлік зеңбіректен атылатын екі жүз жиырма бес снаряд жасауға жететінін оқығам.

- Металлургия цехы жоспардан тыс әр ай сайын жиырма екі тонна мыс беріп отырған. Енді есептей бер, балам. Қаншама снаряд қосымша өнімнен алынып, қаншама снаряд гүлденген Отанымызды нәлімен таптаған басқыншыны жер жастандырғанын құрбыларыңмен бірге есептеп көр.

Алмас ойланыңқырап қалды... Сәлден соң Рәкең әңгімесін жалғап әкетті.

- 1945 жылдың 9 майы. Жеңіс күні. Зарыға күткен күн. Болжаған күн. Сенім күні.

Сағат 12-де үлкен бақта қалалық салтанатты митинг ашылды. Балқаштықтардың мерекесінде ал қызыл тулар желбіреп, Көкше теңіздің айдынында жыбыр-лаған толқында қуаныш күлкілері, өксік демдері жаңғырды.

Соғыс жылдарында Балқаш қаласының алты мың азаматы майданға аттанды. Еңбекте сыналған құрыш білек жұмысшылар жауынгерлік ерліктің даңқына бөленді.

Қайтпай қалған қаншама солдаттың ошағына қара қағаздар келіп, қасірет жасын селдетті?! Қаншама боздақ қыршынынан қиылды?! Қаншама үйдің оты сөнді?! Қаншама ошақ қаңырап қалды?! Бірақ олар жас ғұмырын жарқын өмір үшін соғыс атты кеса-паттың жолына қалқан қып тосып, қаншама ғұмырды аман сақтап қалды?!

Үлкен бақтағы митингіге жиналған балқаштықтар

қаза тапқан ұлдарын азалады. Балқаштықтар арасынан шыққан ұшқыштарын, теңізшілерін, танкшілерін, партизандарын, барлаушыларын, артиллеристерін мақтан етті.

Балқаштық Вера Хоружая, Петр Миллер, Николай Посадник Совет одағының Батыры деген құрметті атаққа ие болып, сонау салтанатты митингіге қатысқандардың көз алдына елестеп өтті. Үш мыңнан астам Балқаш тұрғыны жауынгерлік ерлік көрсетіп, орден, медальдармен наградталғандығы митингідегілердің мерейін тасытты.

Ерлік - елдік қасиеттен туындайды. Ел қасиеті ерін туғызады. Ел-ана ұлы мен қызын ерлікке тәрбиелейді. Ел-ана ұл-қызын нағыз батырлыққа баулиды. Балқаштықтар арасынан үш бірдей батырдың шығуы да содан. Балқаштық солдаттардың омырауында жарқыраған Отан наградасының көптігі де содан.

Тылдағы балқаштықтар да неміс фашизмін жеңуге елеулі үлес қосты. Қала кәсіпорындары соғыс жылдарында жалпы өнім өндіруді төрт есе арттырды. Қала тұрғындары өз қаражатынан майдан қажетіне алпыс миллион сом қаржы жинап берді.

Көкше теңіздің жағасында ал қызыл тулар желбірейді. Тұрғындардың жүзінде алаулап нұр ойнайды. Нұр ойнаған жүздер қызыл жалаулармен жараса қалған. Жеңіс күйі жүректерді дүрсілдетіп, кеуделерде күмбірлейді....

Рәкең әңгімелеген балқаштықтардың сондағы қуанышын мен көре алмап едім. Есейіп барып бәрін ұқтым. Ерлік жасаған ел еміренуде де алдында жан салмайды екен. Екі көзден баяу жылжыған қос тамшы - бірі соңғы қайғы-қасіреттің ақтық өксігінің айғағы болса, бірі ұлы қуаныштың, жеңіс салтанатының, болашақтағы бейбіт те жарқын күндердің шапағатына арналған ыстық ықылас жасы еді. Ел мен халықтың алғысына мерейленген көңілдердің үнсіз ғана іштей марқайып, ризалық танытқан сәті еді. Мемлекеттік қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл туын жиырма екі рет алған, ВЦСПС пен КСРО Түсті металлургия халық комиссариатының ауыспалы Қызыл туын жиырма бес рет алған мыс заводы коллективінің



еміренуі еді. Арада қырық жыл өткізіп барып мен жерлестерімнің сол күнгі қуанышына өзімнің перзенттік мақтанышымды қосып отырмын.

Елдің елдігі ерлігін құрметтеу арқылы алысқа тарайды. Құдіретін жер-жерге жеткізеді.Еңбектегі құлшынысы, жауынгерлік қаһармандығы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жұрт жадында жаңғырып отыруы тиіс.

Балқаш қаласындағы еңбек даңқы, жауынгерлік даңқ мемориалы осы ұлы дәстүрдің ардақталуының үлгісі.

Отан үшін от кешкендірдің рухына, Отан даңқы үшін от жағып, мыс ағызған жұмысшылардың құрметіне тағы да бас ием.

* * *

Енді әңгіме тізгінін қайтадан өзім алдым. Білгенімнің бәрін перзентіме айтып бергім келеді. Алмасымның әңгімеқұмар, тыңдампаз болғаны, атамекен жайында көп естіп, көп білуге құштар болғаны қаншалық болса, соншалық менің мейірімді тасытты десеңізші. Мен Алмасыма әңгіме айта отырып, көз алдыма осы балам тұрғылас жастарды елестеттім, өзімді бейне солардың алдында сыр ақтарып отырғандай сезіндім...

- Балқаш - өз тұрмысымен де, өзіндік тұрғысымен де үлкен әлемнің тынысымен тыныстап, тыныштығын күйттеген өзіндік бір кішкене әлем ғой. 1946 жылдың қарсаңында-ақ металлургтер төртінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға Қазақстанның барлық еңбекшілерін социалистік жарысты кеңінен өрістетуге үндеу тастаған.

1952 жылдың 3 майында заводтың катод бөлімшесінде таза мыс - катод мысы алынып, тагы бір еңбек табысына қол жетті.

Балқаштықтар соғыстан кейінгі бейбіт өмір жылдарының әр күнін, әр айын еңбек жемісі мен еңбек жеңісіне бөлеп отырды. Оның бәрін тізе берсек, әлденеше том кітапқа да сыймас еді. Отызыншы

жылдардың өршіл рухы, қырқыншы жылдардың жанқиярлық патриотизмі елуінші жылдардың елеулі табыстары алпысыншы жылдардың асқар белесіне ұласты. Түсті металдар мен күкірт қышқылын өндіруді арттырып, жаңа техниканы игерудегі қол жеткен табыстары үшін 1966 жылы комбинат Ленин орденімен награтталды.

Ленин ордені - қалаға берілген награда. Бұл - комбинат жеңісінің айғағы. Балқаштықтар еңбегінің нәтижесі.

Ленин орденінің нұры жетпіс мың тұрғынның омырауына тағылған, жүрегін жылытқан, кеудесін қуанышқа кернеткен, бұл ел алғысына кенелген, ел сеніміне ие болған балқаштықтардың үлкен жеңісі еді.

Еңбек ерлері қаншама! Олар - Елизавета Федоровна Иванова, Юрий Кенсоринович Победоносцев, Нина Григорьевна Чекушина, Жылқыбай Бейісов, Александр Григорьевич Самоновтар.

Олар - 1973 жылы алғашқы Балқаш мысының алынуының 35 жылдығына сәйкес Ленин және Октябрь революциясы ордендерімен наградталған К.Шәйкенов, Ж.Ә. Әбуғалиев, В.Д. Нагибин, Б.Ф. Манаенков және Я.Д. Пахаренколар.

Балқаш - алғашқы бесжылдықта өз құрылысын бастап, содан кейінгі бесжылдықтар баспалдағымен қарыштай қадамдаған ауыр индустрия мен жеңіл өнеркөсіптің, мәдениет пен өнердің шөлейт далада мәңгі сөнбес алауын тұтатқан алтын ошағы.

Балқаш - ұлы достықтың бесігін тербеткен бауырмалдық ұясы. Қаланы отыздан астам ұлттың өкілдері бірлесіп салып, отыздан астам халықтың ұлқызы интернационализмнің құдіретті туын аспандата көтерген.

Бүгінгі Балқаш он бір бесжылдықтың он бір белесіне өз шежіресінің жарқын беттерін еңбектегі үлгілі табыстарымен қашап жазып, алдағы әсем болашағына самғап барады.

Балқаш - ежелден қонақжай мекен. Досқа пейілі кең, мейманға жаны дарқан балқаштықтар алыстан келетін дос, туыс, бауырларын қуана тосып алатын екі үлкен қақпасын - темір жол вокзалы мен аэропорт



үйін қандай сүйіспеншілікпен салған! Темір жол вокзалы өзінің жеңіл де әсем, үлкен де ауқымды архитектурасымен көз тартып, Балқаш өңіріне алғаш табан басқан жолаушыны еріктен тыс сүйсіндірсе, аэропорт үйі салмақты сұлулығымен, байсалды әдемілігімен таң қалдырады. Екеуі де: “Көрікті қаланың, құт мекеннің, достық отауының берік қақпаларымыз, қуанышымызға ортақтас, шаттығымызды бөліс, табысымызға қуан, қадірлі мейман, құдіретті қонақ, мейірбанды дос!” - деп ілтипат білдіріп тұрғандай.

Бүгінгі Балқаш - келешек табалдырығынан аттап кеткен жастық қаласы. Ол “Орбита” қабылдау станциясы боп көңіл көншітеді. Пионер сарайы болып, жеткіншектер күлкісінің әсем сыңғырын жаңғыртады. Жаңа аурухана корпусы боп еңсе көтеріп, тұрғындарға жасалып отырған қамқорлықтың белгісін айғақтайды. “Строитель” атты спорт кешенін алдыңнан тосып, сұлулық пен денсаулықтың куәсін танытады. Жабық жүзу бассейні болып, есігін айқара ашады.

Мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету орындары да көптің көңілінен шығып, құрметіне бөленген. Қаншама универмаг-дүкендер, асханалар, тұрмыстық мекемелер, ет комбинаты, балық және сүт комбинаттары, құс фабрикасы, егін мен мал өнімін шығаратын кәсіпорындар бар.

Балқаш - мәдени орталық. Қарағанды политехникалық институтының филиалы мен тау-кен-металлургиялық техникумы комбинатқа керек мамандар мен инженерлерді өздері даярлайды. Педагогикалық және медицина училищелерінде оқитын жастар қала мен оның төңірегіне қаншама мұғалімдер мен медсестралар жөнелтіп жатыр.

Қай жерден, қай арадан “Балқаш” деген сөзді естісем, көз алдыма Бертіс түбіндегі жұмысшылар тұрағы ынтық көркімен елестей қалады. Сол сәтте металлургтер мен кеншілерді сақадай сай даярлап жатқан бес кәсіптік-техникалық училищесі, отызға тарта мектебі, екі музыкалық және екі спорт мектебіндегі бүлдіршіндерді көрем. Бір кезде Киік

станциясындағы - Киік руднигіндегі біздерге ай сайын жолдайтын бір көк дәптер бүгінде көп дәптерге ұласқан. Тегін берілетін оқулықтармен алмасқан. Күн сайын Балқаш қаласының мектеп табалдырығынан аттайтын жиырма мыңға тақау оқушыларды мыңнан астам мұғалімдер оқытады. Жаңа заманның өскелең тілегін жеткіншектер бойына құяды. Аталар даңқын сүюге тәрбиелейді.

Балқаштықтардың мәдениет сарайын көру керек. Іші-сыртын аралау керек. Сонда ғана үкіметіміздің жұмысшыға деген әкелік қамқорлығының шексіздігіне көз жеткізе аласың. Балқаш мәдениет сарайы - әдеміліктің, сұлулықтың символы болып қаладағы екі мәдениет үйі мен он екі клубтың, отыз киноқондырғының, қырық кітапхананың атасындай сезіледі.

Мәдениеті гүлденген Көкше теңіздің жағасындағы жасыл желекті қала өнері де шарықтап биікке өрлеумен келеді. Мен болсам, Балқаш халық театрының сахнасында қойылар пьесамның премьерасында болып, жерлестерімнің алдында перзенттік көңілдің ықыласын білдіріп, бас иіп тұрар күнге жетуден әлі де үміт үзбеймін.

Үш жүзге жуық дәрігері, тоғыз жүзден астам фельдшері мен медициналық сестралары бар қала - өз тұрғындары денсаулығының берік сақшысы. Балқаштықтар тымау-сымауға онша мойымайды. Төрт стадион, жиырма бес спорт залда шынығатын металлургтер мен кеншілердің арасынан шыққан жеңімпаздар есімі республика түгіл Одаққа да белгілі.

Балқаш - мен үшін бала көңілімнің ынтығы. Сәби жүрегімнің лүпілімен асыққан құштары еді. Балқаш атын ауыз толтыра айтып, сыбырлап қайталап, жүрек қуысына қондырып алғам.

Мен Балқашты алғаш рет 1956 жылы күзде көргем. Оның қалалық комитетінен комсомолдық билетімді аларда көргем. Сонда өмірімде алғаш көрген үлкен қалам - Балхаш маған жақсылықтың мекені, берекенің тұрағы, шапағаттың шуағы боп сезіліп, кең көшелеріне бастап, скверлеріне жетелеп, комсомол билеті кеудемді жылытқан құдіретімен болашаққа жолымды көрсетіп берген.



Содан бері Балқашпен тағдырым жалғасқан. Мақтанышымды қалдырып, сүйіспеншілігімді арнағам.

Алғашқы өлеңімді сол кездерде қазақша шығатын “Балқаш жұмысшысы” газеті жариялап, өз перзентінің қаламгерлік жолының тұсаукесерін жасаған.

Бүгінде Балқашта ағайын, туыс, дос-жолдастарым тұрады. Олар инженерлер Саржан Қарымсақов, Әнуар Мүсірбековтар. Олар - әдебиетші Сайлаубек Байымбетов, Абзал Бөкеновтер. Олар - дәрігер Көпен Бекмағанбетов пен Рафахаттар. Олар - әр кітабымды іздеп жүріп оқып, көрген сайын пікір айтып, бірде құптап, бірде қызу таласып қалатын, бірақ жерлес - достың қаламгерлік қадамына үнемі көңіл қойып жүретін Хасенхан, Совет, Әшімбек, Марат, Аман, Есен, Қуандық, Саралар.

Бүгінде менен әлдекім:

- Сен қайдансың? - деп сұраса.
- Балқаштанмын, - деп жауап қайтарам.

Мен Киікте тусам да, арманыммен, қиялыммен Балқашта өскем. Балқаш десе жүрегім дірілдеп, кеудем күмбірлеп, қуанышым тасып тұратыны содан, Алмас балам.

Балқаш түсі - қызыл түс.

Ол - жеңіс шапағатының нұры. Табысқа жетіп жатқан жерлестерімнің жүзінде ойнаған шуақ.

Ол - балқыған мыстың таң шапағы.

# Өмір аты - Қоңырат

- Папа, осы мыс, жез, қалайы, қола дегендерді көп атаймыз. Олар қалай пайда болған, қалай қалыптасқан? Адамзат осы кендерді ертеден пайдаланған ба? - деді Алмас Гүлшат руднигінің ескі карьеріне ұзақ қарап тұрып. Қамшылар тұста қалып бара жатқан қаңыраған жұртқа балалы көңілдің әлде бір іңкәр сағынышын жолдағандай сәл күрсініп қалды. Бір кездегі жұмысшы қауымының дуылдаған өмір қазанының бүгінгі жым-жырттығын өзім де өгейсіп келе жатыр едім. Ұлымның кәдімгідей жүдеу тартқан жүзін жақсылыққа жорыдым. Туған жердің әр сай, әр жыра, әр бұтасына деген перзенттік іңкәрліктің сол сай мен жыраның, бұта мен тобылғының ел игілігіне нәр құяр, қуат берер құдіретіне исініп, пайдаға асуын жан жүрегімен қалайтынын сезгендей болдым.

- Кенсіз, металсыз өмір жоқ, балам. Әр түрлі металл ішінен әсіресе көп пайдаланатынымыз - темір, алюминий, марганец, мыс, никель, қорғасын, қалайы, мырыш. Металсыз өндірістің өркендеуі өте қиын.

Деректерге қарағанда, адам металды осыдан 20 мың жыл бұрын қолданған көрінеді. Әрине, күрделі металлургиялық процестерді қажет ететін технологияның ол кезде туа қоюы мүмкін де емес. Бірақ ақыл-ойдың, сана мен түйсіктің даму жолына көз жүгіртсек, біздің дәуірімізге дейін тірлік еткен адамдардың еңбектегі дөстүрлік танымына бас июіміз қажет. Бүгінгі зымырап дамыған қоғамымыз өткен ұрпақтар алдында үлкен борышкер екенін ұмытпағаны жөн.

Мыс пен қалайы табиғатта саф таза құйма күйінде жиі кездеседі. Сен Ғабеңнің “Оянған өлкесін” оқып па едің?

- Иә.

- Сол романда айтылатын Нілдіден кесек күйінде табылған самородок мыстың салмағы қанша еді?

Алмас ойлы кейіппен көзін сәл жұмып, сосын оң бүйірде қалып бара жатқан Тарғыл тауына назарын ұзатты. Күрсініп бас шайқады.



“Успенский самородок - 53 пуда. Рязанов - Ушаков “К”. На парижскую выставку” деп қашап жазған жазулары ай сәулесіне шағылысып, саф алтындай жарқырайды” дегенді ұмытып қалғаның ба?

- Сонда... - Ұлым біраз бөгеліңкіреп барып, еңсеріле бұрылды. - Сонда 848 киллограмм салмақ тартқан ғой. Бір тоннаға таяу кесек мыс.

- Қалайы да таза күйінде көптеп табылса керек. Мыс пен қалайының қоспасынан беріктігі басым қола жасап, тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақты дайындаған ғой.

- Тарихтағы қола дәуірі деген ұғым содан шыққан екен-ау.

- Иә. Ғасырлардың белгілі үштік жүйесі - тас дәуірі, қола дәуірі темір дәуірі - адамзаттық өмір жолының шежіресі.

Асфальт жолдың кедір-бұдыры көбейіп, машина біраз мөңкіп алды. Тарғыл тауының баурайынан еңіске маңдай түзеген соң қайта жүйткіді.

- Мысырды білемісің?

- Египет қой. Фараондар пирамидалары мен сфинкстерді білем, папа.

- Сол Мысырды мекендеген халықтардан да ертерек осы өңірдің тұрғындары мысты біздің жыл санауымыздан 4 мың жыл бұрын кеңінен қолданған. Сол кезде жасалған алтындай жарқыраған ыдыстар, шамдалдар, әсемдік бұйымдар, қару-жарақ пен еңбек құралдары күні бүгінге дейін сақталып келіп тамаша ою- өрнектерімен көздің жауын алатын көрінеді.

- Мыс, сым... - Алмас осы екі сөзді күбірлей қайталады. - Мыс... Теріс оқыса, сым. Сонда сым “мыс” деген сөзден шықпады ма екең, папа.

- Кім білсін оны. Техника мен тұрмыста мыстың пайдаланылмайтын жері жоқ. Мәдениет дамыған сайын бұл металдың маңызы арта түседі-ау. Мыс сымыңның керексіз жері болсайшы. Электротехника мен машина жасау өнеркәсібіңде мыс - таптырмайтын металл.

Дәлел айтайын. Елімізде өндірілетін барлық мыстың 35 проценті электр энергетикасына, 32 проценті

түсті металдардың қоспасына, 25 проценті прокатқа, қалғаны басқа қажеттерді өтеуге кетеді екен.

- Ракеталар мен корабльдердің, реактивтік самолеттердің, экскаваторлардың ірі бөлшектерінен бастап, радиоаппаратуралардың ең нәзік қылына дейін мыс қолданылатынын оқығам. Электр тогін жеткізетін желілердің, электровозға, трамвай, тролейбусқа ток беретін троллейлердің, электроаппаратуралардың, электромоторлардың мыссыз жасалмайтынын білем.

Ұлым әдетте сұрақ-сауал қоярда үнсіз жымиып отырып, "неге, неліктен, қалай?" дегендерді қардай борататын. Бұл жолы сол машығын кілт бұзды.

- Папа, машинаның суы қызып кетіпті!

Жолдан біраз шығып, аулақтап тоқтадық. Алмас капотты шалқайта ашып тастады да, көлеңкеге төсеніш жайды. Ас-ауқат салынған қоржынды әкеліп, асжаулыққа дайын тағамдарды қоя бастады, Бір сәтте қолына іліккен шанышқыны көзінің алдында біраз тосып тұрып, сыртындағы жазуын оқыды.

- Мельхиор... Осында мыс бар ма, папа?
- Иә! Бар. Қай металмен қосылғанын білесің
- Есіме түспей тұрғаны... Никель емес пе?
- Иә. Никель мен мыс қоспаларынан мельхиор және нейзильбер деп аталатын тоттанбайтын, күмістей аппақ,ұзақ сақталатын, жалтыратып өңдеуге оңай қорытпаларын алады. Олардан хирургиялық аспаптар, оптикалық приборлар, түрлі бұйымдар жасайды. Никель мен мыстың әр түрлі қатынаста қосылатын Константин, никелин, манганин деп аталатын қоспалары электротехникада кедергісі күшті материалдар- ретінде жиі пайдаланылады.
- Мысымыз мыс, ал жез деген не? Ол да мыс па?
- Жоқ.. Жез - мыс пен мырыштың қоспасы. Жезден әр түрлі қалыңдықтағы жалпақ металл табақтар, трубалар, патрон гильзалар, сағат пен дәл механизмдер бөлшектері жасалады.

Әлгінде айтып кеттім, мыс пен қалайының қоспасы - қола машина жасау үшін, қатты құрыш құймалар өндіру үшін, арматура мен подшипник дайындау үшін аса қажет. Мыс пен алюминийден де металлургтер алюминий қоласын шығарады. Алюминий қоласы



(алюминиевая бронза) жез бен қалайы қоласына қарағанда әр түрлі химиялық әрекеттерге өте төзімді болады. Сондықтан да ол машина жасау өндірісіне, физикалық дәл приборлар, тісті дөңгелектер, қышқылды сұйық айдайтын насостар дайындауға, сонымен бірге автомобиль, корабль, сағат бөлшектерін, зергерлік бұйымдар жасауда өте қат қоспа...

Айтпақшы, сен мыстың ең негізгі қасиеттерін атап берші.

Алмас марқая күліп қойды. Жезқазған өңіріне аттанар алдында мысқа байланысты біраз кітаптар оқып жүрген сияқты еді, қазір солардан түйгендерін тезірек айтуға асық.

- Мыс электр тогін өте жақсы өткізеді. Бұл - оның ең негізгі қасиеті. Сондықтан мысты электр машиналарын, жоғарғы вольтты ток жүретін желілер мен байланыс жүйесінің сымдарын жасауға пайдаланады.

Екіншіден, таза мыс жылуды да жақсы өткізеді және химиялық әрекеттерге төзімді. Сол сбепті де оны органикалық заттар технологиясында - вакуум аппараттар, органикалық заттарды айдайтын насостар, сыра қайнататын қазандар, тоңазытқыш, жылытқыш құралдар және құбырлар жасауға көп қолданады.

Үшіншіден, әлгінде өзіңіз айтқандай алуан түрлі қоспалар алуға болады.

- Дұрыс. Енді мыстың табиғатта қандай минерал түрінде кездесетінін санап шыға аламысың?
- Қазір, папа, қазір, - деді Алмас басын шалқайта ақшыл аспанның мұнартқан заңғарына сығалай қалып, - борнит, малахит... -деп кібіртіктеп тоқтады.
- Табиғаттың құрамында мыс кездесетін минералдың 170 түрі бар. Олардың негізгілері борнит, малахит, халькопирит, халькозин, азурит, куприттер. Бұлар сульфидтер, карбонаттар, тотыққан рудалар, силикаттар сияқты бірнеше топқа бөлінеді. Осылардың арасынан өндірістік маңызы зоры - сульфидтер. Отанымыздағы барлық мыс қорының 90 проценті сульфидтердің құрамында кездесетін көрінеді.
- Папа, сонда мыс рудасы дегеніміз не?
- Әлгі миниралдар әр түрлі тау жыныстарымен бірігіп мыс рудасын құрайды.

- Рудaның құрамында мыс көп бола ма? Жартысына жете ме?

- Қайдан. Руданың құрамында мыс 2 процент не одан көп болса, ол мысқа бай руда деп есептелінеді де, бір процентке дейінгісі орташа аталынып, 0,5-0,7 процентке дейінгісі - кедей руда қатарына жатқызылынып, 0,5 проценттен аздары бос тау жынысы болып саналады.

- Сонда руданың қалған бөлігінде не бар?

- Мыс рудаларында темір, күкірт, күміс, алтын, қорғасын, мырыш, молибден, никель т. б. металдар қабаттасып, қаумаласып жүреді. Кейде әлгі аталған металдардың кейбірінің мөлшері өндірістік дәрежеге дейін жетеді де, ондай мыс кені полиметалл (көп металл) деп аталады. Мысалы, Жәйремде сол полиметалл шығады.

- Әке, осы қара мыс дейтін не? Мыстың қара болмайтыны белгілі ғой.

- Ә-ә, ол мысты өндірістік алудың нәтижесіне қарай берілген атаулар ғой. 100 процент тап-таза мыс алу өте қиын. Құрамында мыс 99,0 процент болса, оны қара мыс (черновая медь), 99,6 процент болса - таза мыс, ал 99,96 проценттен жоғары болса - электролиттық мыс деп технологиясына байланысты үшке бөледі. Балқаш металургия комбинатында өндірілетін электролиттық мыс дүниежүзіндегі ең таза мыстың эталоны ретінде Лондонда сақтаулы тұр.

- Папа, морфогенетика дегенді онша түсінбедім. Генетика - тек, нәсіл ұғымдарын берсе керек. Сонда морфогенетика кеннің тегін анықтайтын сөз бе?

- Жалпы жобаң дұрыс. Морфогенетика - кендердің шығу тегіне байланысты қойылған атау. Ол мыс рудаларының дүние жүзіне белгілі барлық түрлерін қамтиды. Олардың негізгілерін ғана атап өтейін.

Жер қойнауындағы қоры өте мол және құрамында мыстың мөлшері айрықша жоғары бір парасы - мысты құм. Мысты құм СССР- да алдыңғы орындардың бірін алады. Мұндай кен орындарына Жезқазған, Кенқазан, Өспен, Ақшоқыларды жатқызуға болады. Өйткені бұл арадағы кендердің құрамында қорғасын, күкірт, күміс,



мырыш, кадмий, кобальт,селен, теллур, висмут, молибден, рений т. б. қосылыстар бар.

Ашық әдіспен өндіруге болатын мыспорфир (сеппе мыс) кендері, әсіресе Америка жерінде Верхнее Озеро маңайында шоғырланған. Мыспорфир кендегі мыстан бөлек молибден, күміс, рений, серицит, андалузит сияқты пайдалы металдар алуға өте ыңғайлы. Мыс кенінің бұл түрі Балқаш комбинатының кен базасы - Қоңырат, Бозшакөл, Көктасжал, Бесшоқыларда кездеседі.

Мыс кенінің тағы бір саласы - колчедан Оралда, Алтайдағы Николаевскіде, Майқайыңда мол. Оралдағыдай емес, Қазақстандағы колчеданды ашық әдіспен - карьерден өндіруге тиімді, себебі бұл мыс кендері жер бетіне тым жақын жатады. Колчеданда мыспен бірге алтын, мырыш, күміс, кадмий, күкірт тәрізді металдар да бар.

“Скарн” типтес кендерде мыс және темірдің кобальттың компоненттері араласа жүреді. Бұл кеннің қоры Саяқ пен Ешкіөлместің кен орындарынан табылды.

- Осылардың ішінен ең көбі қайсысы? - деп Алмас ентелей түсті.

- Әлемдегі мыстың 80 проценті мысты құмдар мен мыспорфир кендерінен өндірілетінін бір кітаптан оқып ем. Мүмкін қазіргі кезде ол арақатынас өзгерген де болар...

Машинаның моторы біраз суыған шығар. Күн еңкейіп қалыпты. Кідірмейік.

Далада көгілдір сағым сусиды. Көз ұшында бұлдырап артта қалған Тарғыл тауы сол көк мұнарда баяу ғана жүзіп бара жатқандай.

- Папа, әлгі кен орнын неге Гүлшат деп атаған? - деп Алмас тағы бір сұрақ берді.

- “Оянған өлке” кітабындағы самородок мыс жайында айта келіп, Ғабең “Қабат-қабат жамылып, темір белбеулермен тас бекініп алып, енді міне, ағасы да (кесек мысты айтады) жүріп кетті... Бар даусымен айғай салып, бар көркімен сиқырлап, қазақ даласына дүние жүзінің обырларын шақыруға кетті , - деп жазады ғой. Мол байлық, ен байлық көз қызықтырып,

делебе қоздырып, пайда көздетіп дүние жүзінің шар тарапынан мынау ұлан даланың тұла бойы тұнған қазынасына ашқарақ көздерді құзғындай қаптатқаны рас. Тер төкпес тегінге емінгендер тіленіп келіп, талапайлап олжаға шаш етектен батпақ та болған. Солардың бірі - 1884 жылы Қазан қаласынан асығыс жеткен Бекметова Гүлшат деген әйел. Осы Тарғыл тауының баурайында қорғасын - күміс заводын ашып, осы өлкеге иелік еткен. Кейінен бұл өңір әлгі әйелдің есімімен Гүлшат атанған.

- Папа, бүгін Қоңыратқа қонамыз ба?
- Иә.
- Қоңырат деген аты қызық екен.
- Ертеректе Қоңырат руы осы өңірді жайлап тұрған ғой. Оның үстіне сол аттас төбеде баяғыда бір ат қалған деседі.
- Қалай қалған?
- Тұтқыннан қашып келе жатқан батыр жігіттің астындағы көлігі ұзақ жүрісті көтере алмай, төбенің үстіне шығып, қуғыншы көрінбес пе екен деп қарауыл қараған жігіт қайтадан ылдиға түсе берем дегенде, қалжыраған қоңыр аты құлай кетіпті. Содан бері әлгі төңірек те, төбе де Қоңырат аталып кеткен болар.

* * *

Қоңырат.

Қазақстан түсті металлургиясының көшбастаушы-сы ол.

Кеңес өкіметі 1928 жылы М.П. Русаков басқарған алғашқы геологиялық экспедицияны Балқаш көлінің төңірегін зерттеуге жіберген.

Экспедиция көп ұзамай-ақ мыс кенінің бай қорын тапты. Ғасырлар бойы жер қойнауында жатқан байлық көп ұзамай халық игілігіне айналар күн алыс емес еді. Айтқандай-ақ, 1929 жылдың 2 августында Еңбек және қорғаныс Советі Қазақстан түсті металлургиясын дамыту жөнінде арнайы қаулы алып, Қоңырат кенінен мыс қорытатын Балқаш мыс заводын салуға ұйғарым жасады.



Бірақ Қоңырат жол қатынасынан алыс, шалғаи түкпірде жатқан еді. Салыстырып көрші.

Балқаш пен Қоңыратқа ең жақын темір жол станциялары - терісқейде Қарағанды 430 километр қашықтықта, ал шығыстағы Түрксиб разьезі - Арғанаты 350 километр алыста жатты.

Қоңырат - елсіз, мекенсіз шөлеит даладағы жапырайған бірнеше киіз үй мен жеркепелерін түтіндеткен геологтар мекені болатын.

Қоңырат - көп ұзамай үлкен құрылыс орнына айналды.

Қоңырат мысы жер бетінен онша терең емес. Үстіңгі бос тау жынысын 20-30 метр тереңдікке дейін аршыса, мыс кеніне жетуге болады.

Кен шығарудың екі әдісі ежелден белгілі ірі жер асты тәсілі, яғни кенді шахтадан қазып шығару. Екіншісі - ашық әдіс, яғни карьерден алу өте тиімді. Мамандар Қоңырат кенін механикалық ашық әдіспен алудың әлдеқайда пайдалы екенін сол кездерде-ақ анықтап, карьерден қазып алатын руданың бір тоннасының өзіндік құны жер асты (шахта) әдісімен салыстырғанда 4-5 есе арзан болатынын дәлелдеп бергенді.

1934 жылы Қоңырат карьерін қазу жұмысы басталып кетті...

Міне, ұлым екеуміз Қоңырат карьеріне қызыға қарап тұрмыз.

Еңбек құдіреті, техника ғаламаты тағы да ертегіден де өтер ғаламатты көз алдымызға тоса қойды.

- Спутник арқылы түсірілген Айдың суретін көрдің ғой, Алмас. Сол айдың бетіндегі ірілі-ұсақты кратерлерді елестетіп байқашы.

Мынау ернеу мен сонау төмендегі табанның ара биіктігі 180 метр. Дөңгеленген карьердің диаметрі бір шақырымнан астам, ауданы екі шаршы километрден

Карьерді көз алдыңа анық елестету үшін өте үлкен аумақты стадионды ойша жобалашы. Дөңгеленген стадионда жоғарыдан төмен, не төменнен жоғары сатылана тізілген орындықтарды әрине білесің. Қоңырат карьерінде де осы орындықтардан карьер

қабырғаларын жанамалай төмен құлдырайтын қабаттарды көріп тұрсың. Оларды горизонттар деп атайды. Әр горизонттың қалыңдығы 10 метрмен 20 метрге дейін жетеді. Рудалар осы горизонттардан қазылып алынады. Горизонттар жер бетіндегі құрылыстармен екі көлбеу траншея арқылы жалғасқан. Бұл траншеялар карьерден бір шақырым тысқары жерден басталып, бірі шығыстан, екіншісі оңтүстіктен карьерге сұғына кіреді.

Алмас кенет оқыс сұрақ қойды.

- Траншея неге керек?

- Траншея үстіне төселген темір жолды көремісің? Осы жолдармен кен мен бос тау жынысын (порода) тасыған поездар ерсілі-қарсылы өтіп жатады.

Горизонт саны он екі ғой. Әр горизонтта бірден үшке дейін эскаватор істейді. Алып экскаваторлардың шөмішінің сыйымдылығы - 20-30 тонналық.

Карьердің қуатты техникамен жабдықталғаны сондай, сменасына он бес мың тонна тау жынысын екі жүздей-ақ жұмысшы сыртқа шығарады.

Қоңырат жылына қырық миллион тонна тау жынысын өндіреді. Егер соншама кенді машинасыз шығарар болса, қыбырлаған сексен мың адамнан жер қайысып кетер еді.

Біздің заманның құдіреті деп осыны айтар едім, балам.

- Папа, ашық әдіспен кен өндіру жеңіл, арзанға түседі дейсіз. Мен дәл осы арадан неше түрлі техника мен машиналарды көріп тұрмын...

- Дұрыс айтасың, Алмас. Сұрағанның жақсы, - деп әңгімеге инженер Тілеутай Рымбеков араласты. - Мен білетін карьерде жүргізілетін тау-кен жұмыстарының негізінен бес түрі бар.

Бірінші түрі - кен бұрғылау. Оның не үшін қажет екенін шамалай аламысың?

- Ол тау жынысын қопару үшін керек шығар...

- Иә. Жарғыш заттарды орналастыру үшін алдымен



тау жынысының ішіне қуыс жасайды. Ол қуыстардың көлемі де, түрі де әр түрлі болады. Соған қарай оларды шпур, скважина, камера деп жіктеп, бөлектеп атайды.

Шпур - інге ұқсас тік, кейде көлбеу кететін ұзынша қуыс. Оның тереңдігі елу метрдей болса, диаметрі жетпіс миллиметрден аспайды. Шпурды перфора-тормен - ауаның қысымымен іске қосылатын бұрғымен теседі.

Скважина - шпурға ұқсас қуыс. Бірақ оның тереңдігі де, диаметрі де шпурдан гөрі көп болады.

Камера - бөлмеге немесе погребке ұқсайтын тау жынысын үңгірлеп ендеген кеңістік. Қопарғыш заттарды камераға жәшікпен немесе қаппен тасып толтырады.

Айтпақшы, сен Медеу су тоспасын қопарылыс арқылы жасағанын білесің ғой. Сонда қопарғыш заттарды туннель арқылы кіретін камераларға толты-рып, содан кейін қопарылыс жасаған.

Қоңырат карьерінде камера мен шпур 1937 жылдарға шейін қолданылып келген-ді. Карьер жұмы-сына ол екеуі қолайсыз болғандықтан, бүгінде мұнда скважиналар кеңінен пайдаланылады. Бізде скважина жасайтын арнаулы станоктар бар. “Металлист”, “БУ-2” станоктары Қоңырат руднигінде отызыншы жылдардан бастап істеген. Кейін “БС-1” станоктары көбейеді.

Тау жынысы неғұрлым қатты болса, бұрғылау жұмысының бағасы да соғұрлым қымбаттай түседі. Сол себепті де Қоңырат руднигіндегі кен бұрғылау жұмысының құны тасмалдаудан кейінгі екінші орынды алады.

- Бұрғылау жұмысын арзандатуға бола ма?

- Неге болмасын. Қоңыраттық өнертапқыштардың бұл салада табыс-тары жеткілікті. Мәселен, екінші кен участогының механигі болып ұзақ жылдар бойы істеген М.В. Сабельников станоктардың бұрғы ауыстыру процесін механикаландырып, бұл жұмыстың мерзімін 20 минуттан 5 минутқа дейін қысқартты. Қаншама уақыт үнемделгенін есептей бер.

Бұрғы снарядының салмағын арттырып, соғу жиілігін реттеу де біраз пайда келтіріп отыр.

Бұрғының диаметрін үлкейтіп, шапқы жүзін тұяқ тәріздендіріп өзгертіп, сапасын күшейтіп, еңбек өнімділігін еселеген қоңыраттықтар тәсілін еліміздің талай кеншілері кеңінен пайдаланып жүр.

Қоңырат карьері - қазақ жұмысшыларының өндірістік мектебіне айналды.

Таңның атысы, күннің батысы мал соңында жүрген кедейлердің күні туған соң, жан-жақтан жаңа тірлікке ағылған қазақ жігіттері Қоңыратқа келіп, өмір жолын жаңаша бастап кеткен ғой. Солардың бірі - осы Қоңыратта ширек ғасыр үздіксіз жұмыс істеген Мешітбай Сыздықов. Ол сонау 1938 жылдан бастап жұмысшы боп орналасып, бұрғылау станогында машинист-бұрғышы мамандығына дейін көтерілген. Өндірістік тапсырмасы үнемі бір жарым, екі есе орындап отырған Мешітбай атаңа 1956 жылы "Бұрғы станогінің таңдаулы машинисі" деген құрметті атақ беріліп, есімі Қоңырат руднигінің Құрмет кітабына жазылған.

1947 жылдан бұрғышы-машинист болып істеген Секербековтің де еңбек жолы тамаша табыстарға толы. "БС-1"станогын алғашқылардың бірі боп меңгерген ол қазір ел алғысына бөленген қадірлі азамат.

Бұл күндері Қоңырат руднигі кен бұрғылаудың жаңа тәсілдерін қолдануда үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Бұрынғы ұрғылап соғатын станоктардың орнына СБШ-250 тәрізді агрегаттар келіп, бір өзі елу станоктың жұмысын атқарады. Осының арқасында скважина тесудің жұмыс қарқыны екі есе артып, экскаваторлардың тоқтауы азайды.

Тау - кен жұмысының екінші негізгі түрі - кен қопару. Ол жарғыш заттардың көмегімен атқарылады.

Қопарғыш заттардың негізгілері мыналар: динамит, тротил (тол), аммонит, игданит, түтінді дәрі.

Енді осылардың неден тұратынын таратып берейін.

Динамит - нитроглицерин мен калийдің, не натрийдің, кейде аммиак селитраларының қосындысынан түзіледі.

Тротил (тол) - толуолды нитрациялау (яғни азот және күкірт қышқыл қосыңдыларымен өңдеу) арқылы алынады.



Аммонит - аммиак селитрасының (80 процент) тротилмен (20 поцент) араластырылған қосындысы.

Игданит - аммиак селитрасына (95-96 процент) соляр майын (4-5 процент) қосу арқылы алынады.

Түтінді дәрі - селитра, күкірт, көмір үшеуінің қосылуынан жасалады.

Осылардың ішінен ең бірінші жасалғаны (XIV ғ.) - түтінді дәрі. Ол мылтық ату үшін пайдаланылған.

1866 жылы орыс ғалымдары Н.Н Зинин мен В.Ф. Петрушевский нитроглицериннің негізінде динамитті ойлап тапса, 1863 жылы француз инженері Вильбрандт тротилді ашты. Ал швед химиктері Ольсен мен Норбин 1867 жылы аммонитты жасауға патент алған.

- Ағай қопарылыс қалай болған?

-Химиядан жану дегеннің не екенін өтпедіңдер ме?

- Өткенбіз. Жану - жанғыш заттың ауадағы оттегімен қосылуы ғой,

- Иә. Жану үшін оттегі өте қажет. Ал химиялық қосылыс әрқашанда жылу мен жарық беретінін білесің. Оттегі тоқтап қалса, жану процесі үзіледі. Жанып тұрған шырақты стақанмен төңкеріп жауып қойсаң, бірден сөніп қалады. Түтін дәрі де - жанатын зат. Бірақ ол секундтің әлденеше бөлігінде бірден жанып, газға айналады, күшті қызу береді. Түтін дәрінің құрамында селитра, күкірт, көмір бар дедім ғой. Осы үшеуінен басқа түтін дәрінің жануы үшін оның құрамында жеткілікті оттегі де бар. Сондықтан да жарғыш заттар бірден газға айналып, көлемін он мың есе үлкейтсе, қызуын бірнеше мың градусқа жеткізеді.

Жарылғыш заттардың осы қасиеттерін соғыс кезінде снаряд, бомбаларда пайдаланса, бейбіт тірлікте тау-кен өндірісінде жер қабаттарын қопарып, тас ұсақтау үшін қолданады. Жарғыш заттардың қуатын мол пайдалану үшін оларды әдейі тар қуысқа - шпур, скважиналарға салады.

Соңғы жылдары рудникте кен қопарудың жаңа әдісі - скважинаны аз тығындап қопару әдісі кең өріс алды. Бұрын скважинаның жартысы аммонитпен толтырылып, жартысы тығындық материалдармен бітелетін. Скважинаны тығындау - әрі ауыр, әрі уақытты көп алатын процесс. Қоңыраттықтар бұл ауыр

процесті жеңілдетудің жолын жақсы тапқан. Скважинадағы негізгі аммонит зарядтың үстінен бір метрдей тығындық материалдарды салып, оның үстінен аз мөлшерде заряд төгіп, ал төртінші қабатқа тағы да онша қалындатпай тығындық материал салады.

Пайдасы - шаш етектен. Скважинаны тығындау жұмысының көлемі екі еседей қысқарып, уақыт отыз процент үнемделеді.

Үшінші негізгі жұмыс түрі - кен тиеу.

Қоңырат кені - қатты рудалы кен. Оған электр қуатымен жұмыс істейтін, шөмішінің сыйымдылығы 6-8 текше метрлік "ЭКГ-8" тәрізді экскаваторлар қажет. Сонда әр экскаватордың жылдық өнімділігі төрт млн. текше метрден асып түседі...

Қоңырат карьерінде осындай экскаваторлардың тоқтаусыз жұмыс істегеніне қарап тұрып, екеуміз риза болғандықтан таңдана бергенімізді де байқамаппыз.

- Төртінші тау-кен жұмысы - кенді заводқа тасып жеткізу.

Қоңырат кені 19 шақырым тұратын Балқаш қаласына, ал бос тау жынысы 5-7 шақырым жердегі үйіндіге (отвалға) тасылады.

Бұл аранның қысы қатаң және ұзақ болады. Сондықтан кенді тасымалдау үшін автотранспортта конвейер де тиімсіз. Сол себепті Қоңырат карьерінде электр қуатымен жүретін кең табанды темір жол транспорты жұмыс істейді.

Қоңырат руднигіндегі темір жолдың жалпы ұзындығы тоқсан километрдей. Карьердегі ирелеңдеген 12 горизонттан экскаваторлар тұрған забойларға тарау-тарау темір жол шығады. Содан олар шығыс траншеяда тоғысып, жер бетіндегі "Развязка" станциясына бет алады. Ал одан карьерге, Балқашқа, үйіндіге баратын жолдар салаланып бөлінеді.

Жоғарыдан төмен кететін темір жол карьер ішін бұранда сияқты орап жатыр. Ол сағат тілі бағдарымен екі оралып барып төмендегі төс табанға жетеді.

Кен таситын составта әрқайсысы жүз тонналық бес вагон бар. Осы ауыр составты бөгеусіз жер бетіне алып шығып жатқан электровоз машинистерінің еңбегіне еріксіз сүйсінесің.



Енді, Алмасжан, сондай атақты жерлес ағаларыңды таныстыра кетейін. Мысалы, Кәрмен Оспанов рудникте істеген 25 жылының тура жиырма жылын электровоз машинистігіне арнады. Қажырлы азамат өндірістік тапсырмасын үнемі асыра орындап отырғаны үшін 8 рет КСРО Түсті металлургия министрлігінің Құрмет грамотасымен наградталып, әлденеше рет еңбекшілер депутаттарының Балқаш қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Кәрмен Оспановты өсірген, баулыған Ұлы Отан, біздің заман. Бәрінен де бұрын халықтар достығы, туысқандық құшақ.

Оспанов Россия Федерациясында машинист даярлайтын курста оқыды. Ол сол сапарында орыс достарынан көп үйреніп, маманданып қайтты.

Бізде "досқа достық - қарызың" деген мақал бар. Осы мақал әр азаматтың жүрегін жылытатын достық құдіретінің негізін танытпай ма? Білмегеніңді досыңнан үйренсең, қуаныш-қызығыңды досыңмен бөліссең, қам-қарекетіне ортақтассаң - өмірдің мәні мен сәні өзгеріп, құлпырып сала бермей ме? Дүниедегі алақан біткендер бір-бірімен аймаласып, тілеулес көңілмен мерейлендіре арқаға қағып тұратын болса ғой! Алақан зұлымдық ойлаған жұдырыққа айналмаса ғой!

Кәрмен Оспанов атамыз да дос қарызын өтей білген азамат. Үздіксіз үйреніп, ізденіп отыру арқасында үлкен абыройға ие болған тарлан машинист өз білгенін басқаларға үйретуден де аянған емес. Оспановтың шәкірттері - машинистер Деров, Егоровтар бұл күндері өндіріс озаттарының қатарында келеді.

Тау-кен жұмысының соңғы түрі - бос тау жыныстарын (породаны) үйіндегі (отвалға) төгу.

Қоңырат карьерінің кен ашу коэффиценті - 1,9. Түсіндіре кетейін. Яғни карьерден бір тонна руда қазып алу үшін 1,9 текше метр бос тау жынысын үйіндіге шығару қажет. Қазіргі карьер төңірегіндегі әлденеше төбелер осы порода төгілген үйінділер, - деп Тілеутай Рымбеков әңгімесін аяқтады.

Қоңырат - еліміздегі ең ірі мыс руднигі. Қоңырат

аты алғашқы бесжылдықпен бірге аталады. Ол Қазақстан индустриясының көшбастаушыларының бірі.

Қоңырат туралы жыр көп, аңыз көп. Бірақ сол жыр мен аңызды туғызып жатқан кеншілердің еңбегі аңызды ақиқатқа айналдырған.

## Ұлы Ұлытау, үлкен Жезқазған

- Папа, Ұлытау Алатаудай биік емес қой. Сонда неліктен Ұлытау деп аталады?

- Ұлытау... Ұлытау өңірі. Осы сөз айтылғанда елең етпес қазақ болмас, балам. Ұлытау - ерте кезден-ақ бірліктің, тұтастықтың темірқағазы болған. Қазақ даласында Ұлытаудан әлдеқайда үлкен, әлдеқайда биік таулар көп. Бірақ ұлы деген атауға ие болғаны біреу-ақ. Себебі Ұлытау - Сарыарқаның кіндігі. Елдіктің тұтқасы. Бірліктің түп қазығы. Ұлытау өңіріндегі "Таңбалы таста" ұлдарының ізгілік үшін, татулық үшін, топтасу үшін, бірігу үшін ұлы мәжілісте бекіткен жүрек шешімінің шежіресі қашалып жазылған. Ондағы ру таңбалары әр рудың қол жалғасқандығының куәсі болып әлі күнге дейін таң нұрымен боялып, жаңбыр тамшысымен жуылып, өшпей, жоғалмай жарқырап тұр.

Ұлытау - қазақ елінің дербес тауы. Қысылғанда соған келіп, жан шақырған. Тарылғанда Ұлытауға келіп кеңшілік тапқан. "Ұлытау" аталуы да содан болса керек. Ұлылық- біріккен тілекте, өмір көксеген үмітте, тыныштық аңсаған арманда, азаттық іздеген жүректе. Сол ұлылық халқыңның меймандос жомарт қанына сіңген, жауға деген өпшенділігіне дарыған, досқа деген мейіріміне араласқан. Ұлылық - үлкенді сыйлағыш ата салтында, кішіге ізетшіл халық дәстүрінде, торыққан көңілін әнмен жұбатып, күймен емдеген халықтың қанағатшыл қарапайымдылығында, қажет кезінде ханға да басын имеген қайсар тәкаппарлығында! Ана сыйлаған әдебінде! Қарындас құрметтеген кеңшілігінде! Ұлан тәрбиелеген өміршеңдігінде!



Ұлытау - тарих шежіресінің қоймасы. Әр тасы сайрап кетсе, халқыңның сан жүздеген ғұмыр жолындағы қуанышы мен сүйінішін, қайғысы мен қасіретін, тапқаны мен жоғалтқанын жайып салар еді. Әр төбесі, әр қырқасына тіл бітсе, еркіндік үшін арпаласқан ұлдарының, азаттық пен тәуелсіздік үшін алысқан азаматтарының талай дастанға жүк болар хикаясын ашып салар еді, ұлым.

Ұлытау төңірегі түгел естелік, тұнған байлық..

Табысы сайрап жатыр. Төбе, қырқасы үндемесе де, дыбыры талай елге жетіп жатыр.

Ол - бүгінгі Ұлытаудың ұлылығы. Бүгінгі Ұлытаудың құдіреті. Оны ұлы қылған да, құдіреттендірген де жаңа заман.

Ұлытау. Ұлытау төңірегі дегенде асыл қазынасын бауырына басып жатқан Жезқазған оралады. Қарсақпай қыраттары көк мұнарда дірілдеп қалқып шығып, Байқоңыр белестері көз тартады.

Ұлытау төңірегі дегенде Кеңгір саласы, Апақай - Ақши, Жиделі - Баршын құмдары тізіле қалады.

Ұлытау - Жезқазған өңірі ежелден-ақ бай кенімен, қазба қорымен белгілі болған.

Топонимика -жер атауын зерттейтін ғылым. Жезді, Жезқазған, Қорғасын дейтін атаулар ертеден қойылып, мал баққан халқымыздың жер қазғанын да, жез қазғанын да тарихқа шегелеп кеткен.

Ұлытау даңқы Россия мемлекетіне XVIII ғасырда-ақ Николай Рычковтың 1772 жылы Санкт-Петербург баспаханасында басылып шыққан "1771 жылы Қырғыз-Қайсақ даласына жасаған саяхатының күнделік жазбалары" атты еңбегімен жеткен.

Орынбор генерал-губернаторы князь Григорий Семенович Волконский 1814 жылы Троицк коменданты подполковник Феофилатов пен кеңесші Чкалов басқарған әскери экспедицияны жасақтап, Ұлытау бойын зерттеуге жібереді.

Экспедиция Троицк қаласынан 689 шақырым жердегі Ұлытау өңірінен бұрынғы кен орнын тауып, жүз пұт руда алады. Кенді қорытқанда оның алпыс проценті қорғасын болып шығады.

Ұлытау байлығы бірақ игерілген жоқ еді. "Халықтар

түрмесіне” айналған патшалық самодержавие Жезқазған байлығын игеруге онша құштарлық білдіре қоймады. “Халықтар достығы” дейтін құдірет келу үшін Октябрь революциясының жеңісін әлі де бір ғасырдан астам уақыт күту қажет болатын.

Бірақ Ұлытау - Жезқазған өңірінің тұнып жатқан қазына байлығы - сары мысы, қоңыр қорғасыны Россияның пайда іздеген талай көпесі мен чиновниктерінің көз құртына айналып, қазақ даласына ашқарақтанған алпауыттарының легін көбейтті.

Ұлытау қыранының үнін күшіген мен қарға-құзғынның қарқылы басып кетті. Солардың бірі - Екатеринбург көпесі - Никон Ушаков. Ушаков 1840 жылдары Ұлытау өңіріне жиі келгіштеп, Нілді, Спасск, Қарағандыға жалақтаған приказчиктерін үсті-үстіне жөнелтіп жатты. Солар арқылы топырағы түгел асыл тас, қызыл қазынаға тұнған Нілдіден, Спасскіден, Ұлытаудан он сегіз кен орнының барын анықтап, қазақ даласына қапшығын арқалап, лап қойды.

Ұлытау аймағы ұры-қарының талапайына түсті. Ұлытау аймағында мыс кені орналасқан төңіректі Никон Ушаков Шияқ Тоқбергенұлы деген би мен Бақаншы батырдан бар-жоғы төрт жүз сомға сатып алды.

Ұлытау үндеген жоқ. Безерді де, бедірейіп жатты. Қойнын аша қоймады, құшағына енгізе қоймады.

Ушаковтың Ұлытау өңіріндегі мыс кенін тиісті орынға тіркету жылы - 1847 жыл - Жезқазған кенінің туу жылы ретінде есептеліп, 1972 жылы халқымыз кен орны ашылуының 125 жылдығын атап өтті.

Бір жамандықтың бір жақсылығын бар деген осы.Бірақ Ушаков кен көзін пайдалана алмады.

Патша үкіметі қиян шеттегі кенді алуға қаржы бөлмеді. Бөлгісі де келмеді. Бұратана халық деп есептеген қазақ үшін жанашырлық жасау патшалық самодержавиенің саясатына сыймайтын да.

1850 жылы Екатеринбургтің төрт кәсіпкері бірігіп компания құрғанда, Ұлытау өңірі қалталы Рязановтың түгелдей дерлік иелігіне өткен еді.

Оның бер жағында Рязанов та саф алтын, сары мысты игере алған жоқ. Ұлытаудың ұлылығын әлемге



жария ете алған жоқ. Ұлытау ұлы достықты күтіп, ұлдары мен ұландарын тосып, мелшиіп жата берген.

Ақыры Рязановтар 1904 жылы бұл өңірді тегінге емініп ұмтылатын шетелдік жыртқыштар - ағылшын капиталистеріне екі жүз алпыс мың сомға сатып, пайдаға шаш етектен күмп еткен.

- Байқайсың ба, балам. Сонда Рязановтар қанша пайда тапқан?

Алмас тез есептеді:

- Ушаков қазақтардан небәрі төрт жүз сомға сатып алса,Рязанов, Ушаковтар ағылшындарға алты жүз елу есе қымбаттатып сатқан екен. - Ұлым күрсініп қалды. Күрсінгені жанымды жайландырды.

- Ұйымшылдықтың ұйтқысы болған, бірліктің туын көтерген, қазақ халқының әлденеше ғасыр тұтастығының темір қазықтай кіндігіне айналған ұлы тауы - Ұлытау ондаған жылдар бойы Россия көпестері мен ағылшын капиталистерінің сауда-саттыққа айналдырған мүлкіндей қолдан қолға өткен ғой.

Ағылшын концессионерлерінің жалдамалы агенттері жергілікті жерден елдің жігіттерін топ-топ қып айдап келіп, табиғат байлығын ысырап ете қазғызып алып, ең бай, мол тұсын жыртқыштықпен пайдалана бастады.

Англия кәсіпкері жырақ далаға өндіріс ошағын орнатайын дегенді ойламаған. Бірақ өндіріссіз тегін байлықты көсіп алудың жолы да жоқ еді. Сондықтан алыс түкпірге құрал-жабдық жеткізіп, алыс түкпірдің күреп алатын қазынасын тасып әкету үшін, сол маңайдағы қазақтардың түйелерін пайдаланады.

Түйе... Қазақ үшін төрт түліктің қасиеттілерінің бірі еді ол. Дала кемесі, шөл пырағы дейтін жануарлар үстіне теңдеген әрбір пұт жүкке 2-4 тиындай иесіне үнем келтіріп, қырдың төсін шарлап, тауды бауырлап, шөлді шиырлап “Атбасардың азапты жолы”, “Жосалының шөлді жолы”, “Нілдінің желді жолы” деген жаңа соқпақтарды Арқа жотасына таспалай тартқан еді. Ұбақ-шұбақ шұбаған түйе керуені Жезқазған кенінің ең жоғары сапалы кесектерін төрт жүз шақырым жердегі Жосалы станциясына үздіксіз тасып, темір жол арқылы Европаға жөнелтіп жатты.

Көз алдындағы ырысы, даласының берекесі өзіне бұйырмай, өзгеге байлық боп құйылғанда қысқы қызыл шұнақ аязда жүздеген қазақ түйекештері суыққа ұрынып, үсікке шалынып, мүгедек болып қалған.

“Үсіген сол аяғым мұжық болды,
Сол қолым жаны кетіп, о да солды.
Құмандай домаланған мен бір бейбақ,
Табармын күн көрерлік қайдан жолды” -

деп зарлаған олар. Қазақ кірешілерінің үсінгені де рас. Қатып өліп қалғаны да ақиқат. Күн көрерлік жол таппай, күнелтерлік ыңғайлы кәсіп таппай, атқан таң мен батқан күнге мұң шаққан кедей-кепшік еріксіз ағылшын капиталистеріне жалданып, маңдай терін көл қылып төккен. Көз жасын сел қылып ағызған. Аққан тер мен жосыған жасты даласының желі ғана сипаған, даласының топырағы ғана сіңіріп, сіміріп алған.

Өз елінде өгей ұлдай көзін сатып, қаймақ түгіл қаспағы бұйырмаған ырзығын басқаға өз қолымен қазып беріп, түйесіне теңдеп тасып, алыс елдерге ұзатқан қазақтың күрсінгенде көкірегі қарс айрылатын. Шерленгенде кеудесіне шемен үйірілетін. Ұлытауды ұлтарақтай ұйпалап, бірі тауын, бірі шоқысын, бірі төбесін, бірі обасын тіміскілеп, кен барлау жұмыстарын жүргізетін ағылшын, француз, итальян, американ инженерлері жергілікті апай төс, атпал азаматтарға құрал-сайманын ғана көтертіп қоятын. Жерді қайла-шотпен қаздыратын. Отын тасытып, су әкелгізіп, тамағын пісіртетін. Ауыр жұмысты, қара жұмысты жотасының тұзын шығартып, маңдайына таспалап таңып берген. Мамандыққа үйрету, болашақ өндіріске баулу ойларында да болмаған. Қара жұмысқа күш-көлік қандай қажет болса, қазақ жігіттері де солай пайдаланылған. Қимылдаса болды. Тындырса жетті. Неге қимылдап, не тындырғанын түйе сұрай ма, балам? Ат біле ме, ұлым? Ендеше қазақ шаруаларына да ұғынудың, түсінудің, білудің қажеті шамалы. Шетел инженерлері солай ойлады. Мамандары соны бұлжытпай орындады.

Бір-бірімен бәсекелесе жарысып, тіміскілеп



жортуылдаған әр елдің инженерлері ақыры Жезқазғанның есепсіз қазба байлығының үстінен түсті.

Соның нәтижесінде жылына бес мың тонна қызыл мыс өндіретін завод пен тәулігіне екі жүз елу тонна кен ұсататын байыту фабрикасының жобасы 1912 жылдың декабрінде Лондонда бекітіледі.

Завод пен фабриканың қолайлы болашақ орны - Ұлытаудың оңтүстік сілеміндегі тұщы суы жеткілікті, құрылыстық материалдарға бай Қарсақпай ашасы белгіленеді. Қарсақпайды таңдаудың екінші бір тиімділігі - көмір шығатын Байқоңыр мен кен өндірілетін Жезқазғанның дәл ортасында жатуы еді. Екі жағы да алпыс шақырымның шамасында. Қарсақпайда суы мөлдір, дәмі балдай Құмола өзені бар. Құмоланы сай қыспасында бөгеп, су тоспасын жасаса айдынына шағала үйірілер, төсінде толқыны тулар көл жасауға болады. Сөйтіп өндіріске аса қажет су мәселесін шешіп алса, отыз щақырым жердегі Найзатастан мыс қорытуға қажетті - темір мен әкті тасымалдау түк емес еді.

Табиғат-ананың дала мен тауын паналаған перзентіне әдейілеп дайындағандай кені мен суы, көмірі мен темірі, әгі мен сөлі басқаның еншісіне бұйырды. Шығыны аз, шығымы мол тұздықты өлкенің ортасынан ойып алып ағылшын капиталистері Қарсақпай аймағын жергілікті ру басыларына аз-маз ғана жем тастап, отыз жылға жалдап алды. Ел ырысы елден кетті. Еншіден бөлінді. Жер бетіне тақау жатқан кенді алу - көп қаражатты қажет етпейтіндіктен, 1904 - 1915 жылдар аралығында 234 скважина бұрғылап, 17 шахта салған капиталистер Байқоңыр - Қарсақпай - Жезқазған арасын қосатын тар табанды темір жол салып, шикізат тасудың арзан да жеңіл тәсілін жеделдетуге шұғыл кірісіп кетеді.

Бес паровоз, екі жүз қырық сегіз вагон, отыз екі платформа, тоғыз теплушка мен бірнеше вагонетка 1914 жылдың жазында Жосалы станциясына жеткізіліп, 10 ноябрьде жолға шығады.

Бұл - бірін-біріне тіркегенде ұзындығы екі жарым километрге созылатын паровоздар мен вагондар тізбегін Қарсақпайға жеткізу үшін он екі шақырымдық

темір жол салынып, сол жолға ұзын состав өтіп отырған. Енді әлгі он екі шақырымға созылған рельстер қайта алынып, ілгері төселген жол төрт жүз шақырым жердегі Қарсақпайға жетуге тиіс болған.

Таспалап жал үйіп, топырақ төккендердің дені қазақ, орыс жұмысшылары еді. Елсіздің шөлі қинап, желі азынап, бейнеті титықтатып шарасыздықтың азабын тартқызған. Қиянаты көп, қайрымы жоқ тұлдыр жоқшылық аттың қамытып мойнына салғызып, аязда шытынаған темір рельске алақанын қарытқан. Ауыр балғамен арпаластырып, жуан темір қазықты қаққызған. Жасымен бірге жігері сорғалап жерге сіңген. Жалыны кеміп, жылуы жоғалып, сүйретілген құр сүлдері ілби отырып, бала-шағасының қара қазанда қайнар ыстық суын үзбеуді ғана күйттеген.

Осындай аса қиын ауыр еңбек жұмсап, арқалап тасыған темір жол керуенін жалдамалы жұмысшылар - жыл 11 ай өткенде 1917 жылдың 8-ші октябрінде, Ұлы Октябрь революциясына ай қалғанда Қарсақпайға жеткізеді.

Ұлытау бірақ ұлтарақ болуға көнбеген. Ұлдарына сіңірген ұлылықты қанаушылыққа қарсы өжет қимыл-дарымен сыртқа шығартқан. Өжеттік пен қайсарлыққа толы талаптарымен айтқызған. Құлдықпен қорлыққа қарсы тұрғызып, тұсаулы аттай тепіректеген ұйқылы-ояу күйінен сергітіп, қазақ шаруаларын орыс жұмыс-шыларымен табыстырған. Азаттық таңының қараңғы қапастан леп беріп, жаңадан туып келе жатқан шапағы Ұлытау - Жезқазған өңіріне де сәулесін түсірген. Россия пролетариатының қанаушыларға қарсы күрес жолына қазақ еңбекшілерінің сүрлеуі жалғасты. Қарсақпайға бет алған “азап керуені” деп аталған темір жолшылар арасында1915 жылы екі рет ереуіл жасалған.

- Е, бәсе! Ереуіл жасамаса, әбден асқынар еді, - деп Алмас қызынды.

- Әрине, бағыт-бағдары, мақсат-тілегі айқындала қоймаған стихиялық ереуілдер еді ол. Өкінішті күйіне, қайғылы халіне жеңілдік іздеп, бақытсыздыққа душар боп мүгедекке айналған жолдастарына жәрдем беруді сұраған. Азық-түліктің жеткілікті болуын талап еткен.



Еркіндік жоқ жерде серпіліс болмайды. Ереуілді патша стражниктері мен қарулы ағылшындар тез басып тастаған. Ондаған орыс жұмысшыларын сол жерде тұтқындап, бірінші дүние жүзілік соғысқа еріксіз солдат қылып аттандырып жіберген.

Бірақ күн көзін алақанмен жабу оңай емес еді. Долданған дауылды қылышпен жайқап тоқтату мүмкін емес еді.

Ұлытау өңіріне келешек теңдік, бостандық күні мен болашақ революция дауылының алғашқы жаршылары келе бастады. Солардың бірі - он екі жасынан он алты жасына дейін помещикте жұмыс істеген, сол күйбең тірлігіне алатын күндік ақысы он тиыннан аспайтын Иван Васильевич Деев еді. Ол өмір қазанында қайнап, тұрмыс тауқыметінде шыңдалған жалынды большевик болатын.

Шыңдалу жолы - ұзақ жол. Ол - адамдығын әр кезде сақтай білу, сын сағатта ерлік құдіретін таба білу, халықтық азаттық сүйгіш қасиетін қадірлеу.

Деев он жеті жасында фабрикада істеп, жұмысшы табының қажырлылыққа баулитын мектебінен өткен. Орыс-жапон соғысына қатынасып, революциялық күрес туын көтерген.

Деев өмірі - сын сағаттар тізбегі. Талай соққы төбесінен төмпештеген - майысса да қайыспады. Талай тауқымет жотасын басқан, күйінсе де иілмеді. Тік тұрып қалып, әділетке бастар жолын туралап тарта берді. Ол жолы - 1905 жылғы Москвадағы қарулы көтерілісті ұйымдастырған азаматтық шамырқануы. Ол жолы - Қызыл Преснядағы баррикада үстіндегі қызыл жалау көтерген жұмысшылардың бірнеше күнге созылған жан аямас қарсылығы. Ақыры осы әділет жолы И. Деевті 1913 жылы Қазақстанға, Байқоңырға әкелді.

Иван Васильевич Деев.

Аманкелді Иманов.

Осы екі есімді бүгінде ел біледі, жұрт жадында жаңғырады. Жалынды орыс революционері мен қайсар қазақты өмір иірімдері жолығыстырған. Замана толқыны табыстырған.

Аманкелді Иманов бастаған қазақ шаруаларының

көтерілісіне дем берген Деев кейінде Атбасар уезінде жасырын большевиктік үгіт таратып жүрген Сабыр Шәріпов және Әділбек Майкотовтармен астыртын байланысады. Солар арқылы Лениннің “Біздің ұйымдық міндеттеріміз туралы жолдасқа хат” мақаласын, үндеулерін алып, Жезқазған жұмыс-шыларына кеңінен таратады.

1915 жылы Байқоңырда алғашқы ереуіл бұрқ ете түсті. Ол Ұлытау ұлдарының орыс жұмысшыларымен бірігіп, езгіге қарсы, қорлауға қарсы, ауыр тұрмысқа қарсы шырыққан асау жүректің, адал көкіректің, арман аңсаған сергек тілектің бас көтеруі еді. Аспанды теңсіздік бұлты торлаған қатыгез заманда қарусыз жұмысшыларды патша жандармдары оқ астына алып, ереуілді тез басып тастайды. Қызыл шүберек - қызыл ту оқ тесіп шұрқ-шұрқ болды. Кеудесін оқ тесіп өткен жұмыскер Ержан азаттық үшін құрбандыққа шалынды. Азаттықтың арайлап атар алау таңы үшін қызыл ту түстес қызыл қанын туған топырағына сіңірді. Бақытты жырақтан емес, үйінен, елінен табар үміт үшін көз жұмды.

Ән әнді табады. Ән әнді таниды. Өйткені ол -жүрек үні, көңіл тілі. Қазақ әні “Елім-айдан” бастап еркін-дікті аңсаған. Орыстың “Ей, ухнемі” кіріптарлыққа лағынет атқан. Әнмен табысқан екі халық өкілдері енді бір мұңды кеуделеріне құйып алып, бір әнді - бір таңды - азаттық таңын қосыла іздеудің, бірігіп атқызудың арманды жолына, асқар мақсатына қатарласа, иық түйістіре бет түзеген.

Байқоңыр ереуілі соның айғағы еді, ұлым. Қазақ даласының көгінде халық кегінің найзағайы жарқ-жұрқ ойнады. Ұлытау өңірінде қайсар рухтың алғашқы дүмпуі леп берді. Түнекті түруге болады екен. Тұманды ыдыратуға болады. екен. Ол үшін тізе қосып, тілек біріктіріп орыс-қазақ еңбекшілері ортақ қанаушыға қарсы күресу қажет екен. Арқа атырабы осындай өмір мектебінің бірінші сатысынан өтті.



- Кейін ше? Октябрь келген соң Ұлытау бірден дүрілдеді ме, папа?
- Көне Ұлытау - жаңарған, жаңғырған Ұлытау атанар ұлы кезеңінің табалдырығында тұр еді.

Жаңа заводтың іргесін енді көтереміз, шаш етектен кенелеміз деп жүрген шетел концессионерлерінің көкірегіне нан піскен пайдақор есебін Октябрь революциясының жеңісі болдырмай тастады.

Ұлытауға азаттық таңы жетті. Ұлытаудың қар басқан шыңында теңдік, еркіндік күнінің шұғыласы жарқырады. Ұлылықтың қақпасы ашылды.

Жауыздық жағаласпай жүре алмайды. Ол қаты-гездікпен ауызданып, зұлымдықпен қоректенген. Сондықтан да көз алдындағы байлықтан қол үзуге еріксіз мәжбүр болған ағылшын капиталистері болашақ заводқа жеткізген құрал-саймандарды қиратып, Байқоңыр мен Жезқазған шахтыларын суға толтырып кетті. Машиналар мен агрегаттар ашық аспан астында қалып, сумен шайылып, тот басып, ұрланып, тоналып құруға айналды.

Жалданып келген қалаушылар, балташылар, құрылысшылар тұс-тұсқа ыдырап босып, Қарсақпай өндірісінің аз ғана мезгіл түтінін бойлата көкке созған кірпіш заводы жұмысын тоқтатты. Қарсақпай қаңы-рап, құлазып қалды.

Бірақ ел мүлкін, халық қазынасын сақтауды ойлаған революциялық комитет мүшелері ендігі болашақ кеңестік заманның заводының құрал-жабдықтарын бүлінуден, талан-таражға түсуден аман алып қалуды Александр Комиссаров пен Шенеу Далабаевтарға тапсырды.

1920-1924 жылдар Қарсақпай, Жезқазған, Байқоңыр тұрғындары үшін ауыр кезең болған еді. Жұмыс тоқтап, завод салу мәселесі шешілмей, күн-көріс қиындады. Тұрғындардың хаты мен өтініштері бойынша Ұлытау өңірімен танысқан орталық өкілдері. “Қиыр шеттегі темір жолсыз шөлейіт далаға завод салудың пайдасы шамалы. Сондықтан Карсақпайдағы құрал-жабдықты Оралға жеткізіп, ондағы ескі

заводтарды қайта жөндеп, мыс алуға болады", - дейтін теріс пікірге де барды.

Бірақ бұл шет аймақтарды жедел игеріп, артта қалған халықтарды мәдени-өндірістік өмірге тарту керек дейтінге қарсы пікір еді. Сол себепті Ленин Дзержинскийден "Қарсақпай өңіріне революция ісіне шексіз берілген, сенімді, білікті адамдардан арнаулы комиссия жіберуін" өтінеді.

1924 жылы С. Дыбец бастаған үкімет комиссиясы Қарсақпайда завод салуға толық мүмкіндік барын, және бұл кәсіпорын екі-үш жылда елімізге мыс бере алатынын дәлелдейді.

Еңбек және Қорғаныс Кеңесі 1925 жылдың 10 июнінде Атбасар түсті металдар тресін құрып, бұл треске Қарсақпай комбинатын салуды міндеттейді.

"Қарсақпай кәсіпорны қайтадан жүргізілетін болыпты" деген хабар маңайдағы елге тез тарап кетті. Енді Қарсақпайға қарай көшкен ел тұс-тұстан жолға түсті.

Бұл болашақ көші еді.

Бұл азат елдің арман қуған азаматтары еді.

Бұл ұлылығын тағы да танытқан көне Ұлытаудың ілгері күндерге қойнындағы асылы мен байлығын ашуға жар салған қуанышы еді.

Бұрын нөпір жұрт не асқа, не ұлы мәслихатқа, не жәрмеңкеге осылай жиналатын.

Ал мынау Құмола өзенінің жағасына таяқ тастам жер қалдырмай иін тіресе қоныстанған ауылдар болашақ өмірдің мәңгі тарқамас жәрмеңкесін жасау үшін қаптап келіп, тұтастығы мен құлшынуының құдіретің танытты.

Бірақ үміт бар да, үміттің жүзеге асуы бар. Ол үшін мамандар қажет еді, мыңдаған жұмысшылар керек еді. Мәселен, 1926 жылы Қарсақпайда төрт-ақ инженер, алты техник, бес жүз жұмысшы істесе, заводты тезірек іске қосу үшін одан да көп, одан да артық мамандар керек болды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығы арқасында сол жылы-ақ Қызылорда мен Қазалыдан, Қазақстанның басқа облыстарынан, Орталық Россиядан көмекке келушілер легі көбейді.

Олар - тас қалаушылар еді.



Олар - балташылар мен сылақшылар еді.

Олар - құрылыс мамандары мен инженер-техниктер еді.

Ұлытау енді достық аймағына айналды. Ұлылығының жемісін татты. Ұлдарының қуанышына ортақтасты.

1926 жылдың май - октябрь айларында Қарсақпайға үш жүз қырық тоғыз орыс, екі жүз жиырма жеті қазақ, екі жүз қырық татар жұмысшылары келіп, завод құрылысын бұрынғыдан да гөрі жандандырып әкетті.

Қарсақпай тағдыры - халқымыздың тағдырына айналды. Ортақ мүдде орасан серпіліс туғызды. Ұлытау өңіріне алуан бұтақты бәйтерек тамыр бойлатты. Ол - халықтар достығы еді.

Ұлытау ұландарының қауырсыны қатайып, топшысы бекіді. Қиырға қанаттанып ұшты. Қазақстан өлкелік партия комитетінің тікелей нұсқауымен Оралдағы түсті металлургия кәсіпорындарының жанынан ашылған курстарға болашақ кәсіпорындарға мамандар даярлау үшін құрылыс жұмысында жігер көрсеткен, аздап орысша сөйлей алатын алпыс жігіт жөнелтілді.

Олар - Рахымбек Байтасов, Біләл Әбиев, Жәкен Шаханов, Бодық Сәрсенов, Балықбай Байжановтар.

Алты айдан кейін Қарсақпай өзінің металлургтерін, байытушыларын, бұрғышыларын тосып алды. Жаңа, жас мамандар жүздеген жұмысшыларды үйретудің, мамандандырудың ұйтқысы болды.

1926 жылы Қарсақпайда электр станциясы іске қосылды. Сарыарқаның құба жонындағы кішкене қалада электр шамдары жарқырады. Қараңғы түнек қойнындағы далаға шын мәнінде шамшырақ тұтанды. Өмір шырағы, индустрия шырағы, советтік дәуір нұры сәуле шашты.

Ағылшындардан қалған тар табанды темір жолды енді қазақстандық құрылысшылары қолға алып, қысқа мерзімде жүз жиырма километрлік Байқоңыр - Қарсақпай - Жезқазған темір жолын дүниеге әкелді.

Енді Жезқазғандықтар мен ұлытаулықтар арасынан машинист, кочегар, кондуктор, диспетчер тәрізді ұлы

мәртебелі лауазымы бар жұмысшы табының жаңа өкілдері шығып, қалыптаса бастады.

1926 жылдың күзінде Доссор мен Риддерде және Қарсақпайда жаңа аудандар құрылды. Осыған сәйкес 10-октябрьде Қарсақбай аудандық бірінші партия конференциясы ашылды. Конференцияда Қарсақпай комбинатының директоры И.В.Деевтің құрылысты тез бітіріп, кәсіпорынды белгіленген мерзімде іске қосу туралы баяндамасы талқыланды.

Еңбек қарқыны енді жаңа серпінмен дамыды. 1926-1927 жылдың қатты қысына, жол қатынасының күрт ауырлағанына қарамастан, комбинат құрылысындағы жұмысшылар жанқиярлықтың үлгісін танытты. Соның арқасында Ұлытау өңірі ұлы жеңіске жетті. Ұлылықты ұлан даласына паш етті.

1928 жылғы 19 октябрьде түнгі сағат 11 -де Октябрь революциясының 11 жылдығы құрметіне Қарсақпай заводының шарпу пешінен тұңғыш мыс - қара мыс ағызылды.

Бұл - шын мәнінде Қазақстан индустриясының ең алғашқы, ең тұңғыш перзенті еді, балам. Алғашқы мыс - Ұлытау аймағының бай қазынасының тұсаукесері еді. Өйткені Балқаш мысын алуға әлі де он жыл керек болатын.

Мұржасын көкке кеуделей созып, қою түтінін бұрқ-бұрқ ытқытқан Қарсақпай заводы өзінің осынау мысымен қазақ даласындағы алаулап жанған үлкен кәсіпорын шуағымен қазақ пролетариатын дүниеге әкелді.

Дүниеге алыптардың, Қазақстан индустриясы алыптарының алғашқы көшбастаушысы, бірінші флагманы келді. Мешеу өлкені дүр сілкіндірген гудогімен, алау атқан жалынымен, қызара балқыған тұңғыш мысымен жар сала келді.

Дүниедегі ең әдемі сөз - махаббат сөзі, сүйіспеншілік тілі. Ол жүрек түкпірінде туып, жүрек лүпілімен мерейленген жүзден төгіледі. Өйткені сүйіспеншілік - бүкіл сезіміңнің буырқанған сәті, бүкіл қуанышыңның тоғысқан шуағы, барлық арманыңның орындалған кезеңі. Ұлытау ұландарының алғашқы мысты ағызып, алғашқы еңбек жемісіне қаншалық марқайғаны, аппақ қардан шындарына сәлде ораған, қыраның саңқылдатқан тау мен даланың сол бір елжіреген мейірімі алғашқы мыс балқымасының алынуына байланысты ашылған салтанатты митингіде сөйлеген аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қайырбек Дәулетбековтың сөзінен де, Алматыдан арнайы келген Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитеті Председателінің орынбасары Әліби Жангелдиннің құттықтауынан да көрінген. Тұңғыш балқыманы қорытқан балқытушы Батырбек Дәуітбаевтің тебіренген лебізі мен жұмыскерлік уәдесінен танылған.

Ұлы достықтың құдіретін, жасампаз өмірдің қасиетін байқайсың ба, балам. Ағылшын капиталистері қазақ шаруаларын тек қана қара жұмысқа жегіп, мамандық алуларына көңіл бөлмеген ғой. Енді ше? Кеңес үкіметі қазақ кедейлеріне кең жол ашып, оларды мамандандырып, жаңа балқыманы ағызуға лайықтап, сенім білдірді. Халықтар достығының жемісін танытты. Б.Дәуітбаевты үйреткен, баулыған орыс жолдастары еді. Қарсақпайдың алғашқы мысын сонау жиырмасыншы жылдары орыс жұмысшыларымен тізе қоса бірлесіп балқытқан қазақ металлургі Батырбектің мақтанышын сезіну қажет. Өз жүрегіңнен өткізіп барып, ұғынуың қажет. Сонда аталар үшін, отандастар үшін, еңбектегі ерлік бастауы үшін кеудеңді сүйіспеншілік толқыны кернемей ме. Ал дүниедегі ең әдемі сөз, ең құрметті сөз - махаббат сөзі, сүйіспеншілік тілі. Ол айтылмай-ақ бәрін жеткізеді.Ол - риза болған ұрпақтарының бүгінгі мерейі. Бүгінгі алғыс-рақметі. Мысын ағызып, Қазақстан металлургиясының шаңырағын көтерген қарсақпайлықтар даңқына түгел жаныңмен исініп, басыңды ій, жас дос, дер едім мен сен сияқты жастарға. 1928 жылдың 19 октябрін мәңгі жадыңда тұт. Бұл күн - елімізді индустрияландыру саясатының Қазақстанда алғашқы қадамы жүзеге асып, жұмысшының желбіреген ал қызыл туының Арқа төріне тігілген күні!

Бұл күн - кешегі теңдігін армандап, арпаласып жеңіп алған батырақтың қазақстандық пролетариатқа - айбынды жұмысшы табына айналған күні!

Ұлытау - ұлылық отауы еді. Енді шын ұлылық ордасына айналды. Халықты ағарту, хат таныту жұмыстарын жүзеге асыру үшін Қарсақпай комбинатының қызыл мүйістері мен кеңселері жұмыстан бос уақыттарда мектеп класына айналып, сауатсыздық пен қараңғылықтың құрсауындағы жергілікті тұрғындарға оң-солын танытып, жазу-сызуға үйрете бастады. Ересектерді оқытып, сауатын ашқан ардагер ұстаздар - Арыс Сақабаев, Сейітжан Смайылов, Магзұм Достауров, Қамаш Кәрібаевалардың есімі күні бүгінге дейін ел есінде құрметпен аталады.

Ұлытау - Жезқазған аймағы кадр даярлаудың үлгілі ордасы да болды. Талай көрнекті партия жетекшілері осы өлкеден самғап ұшқан.

Солардың бірі - Қайсар Тәштитов.

Қайсар Тәштитов Қарсақпайда аудан құрылғанда аудандық партия комитетінің бірінші секретары болып істеп, комбинат құрлысына жан-жақты көмек көрсеткен іскер басшы еді. Кейіннен ол Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің бірінші секретары болып қызмет атқарған.

1931 жылдың 7 ноябрінде қазақ және орыс тілінде шығатын аудандық “Қызыл кенші” және “За медь” газеттерінің тұңғыш сандары жарық көрді.

“Қызыл кеншінің” тұңғыш редакторы - бүгінгі көрнекті ақын ағамыз Әбділда Тәжібаев болатын.

Қызыл кенші'' - әдебиет пен өнерге талпынған талантты жастардың өсу, үйрену, кемелдену мектебіне айналды.

Кейіннен бүкіл отанымызға ат-есімі белгілі болған ақын Жұмағали Саин, көрнекті жазушы Мұқан Иманжанов, Отан соғысында қаза тапқан Баубек Бұлқышев, ақын Тәшібай Әлмұхамедовтар осы “Қызыл кеншіден” қанатталып ұшып, туған даласының көгінен тамаша туындыларын халқының игілігіне жүрек қазынасы етіп таратты. Жүрек жылуына ораған сүйіспеншілігімен ұлы өзгерістерді шабыттана жырлады.



* * *

Отызыншы жылдары елімізде түсті металдарды шапшаң өндірудің қажеттілігіне баса назар аударылып, соған байланысты Қарсақпай комбинатының өндірістік қуатын еселеп арыттыру жайлы арнайы қаулы қабылданды. Ендігі міндет - Қарсақпай мысын өндіруді бұрынғысынан екі есе көбейту.

Қарсақпайлықтар бұл міндетті қызу қолдап, еңбек өнімділігін еселеуге құлшына кірісіп те кетті. Күрделі қаржы мен жаңа техникадан комбинат ешқандай тапшылық көрген емес.

Деректерді келтіре кетейін, балам.

1933 жылы 12 миллион күрделі қаржы бөлінсе, 1934 жылы - 23,4 миллион, 1935 жылы - 31,3 миллион сомға дейін өскен.

Комбинат та, Жезқазған руднигі мен Байқоңыр шахталары да жаңа техникамен жабдықталып, еңбек қарқынын еселеуге көп мүмкіндіктер туғызылды.

Тағы да салыстырайық.

1930 жылы Жезқазған шахталарында бұрғышылар қайламен 700-800 килограмм кен қопарса, енді перфоратормен бір сменада 8-10 тонна руда өндіретін болды. Еңбек қарқынын еселеп тасуы осы емес пе!

Қарсақпай кәсіпорнын бүкіл ел салды. Халықтар достығының арнасы осы арада түйісті.

Олар Орал металлургтері мен кеншілері еді.

Олар ленинградтық инженерлер мен Татариядан келген тас қалаушылар, балташылар еді. Олар Атбасар шаруалары мен Қызылорда диқандары еді. Олар - Спасскінің темір шеберлері мен Арқаның малшылары мен батырақтары болатын.

Ұлытау өңірінің ұлылығын танытқан Қарсақпай ырыс бұлағын осылай ағызған. Қазақстан индустриясының алқызыл туын аспандата көтерген. Қазақ жұмысшы табының қалыптасуына ұйтқы болып, ерлік пен еңбектің алтын шежіресіне өз атын мәңгі өшпестей, жоғалмастай қашап жазған.

“Мыс толғатып, жез туған Қарсақпайдың” даңқына бас иіп, перзенттік жүрегімнің алғысын сендермен

бірге бөліскім келеді, жас достар, дер едім сенің замандастарыңа, балам!

* * *

Жезқазған... Жез қоңыраудай сыңғырлаған қандай әуезді сөз! Ауыз толтырып айтқан сайын көз алдыңа бүгінгі алып комбинаты бар, үлкен қала, мәдениет пен өнер ошағы, облыс орталығы - жаңарған, гүлденген, көркейген Жезқазған тұра қалып, алып шахталарымен, жасанды көлімен, зәулім үйлерімен, қуатты завод, ТЭЦ-терімен, мәдениет сарайларымен, стадиондарымен кеудеңді лүпілдеткен қуанышқа бөлейді.

Жезқазған... Бабаларымыздың мал ғана бақпай жез қазып, кен өндіріп, металл балқытқан кәсіпкерлігінің әдемі айғағы. Тарих беттеріне алыс күндердің әрекетін халық атынан шегелеп, бекітіп кеткен кеншілігінің куәсі.

Жезқазған... Тұрмыстық қажетін өтеп, елін қорғауда садағының жебесін, найзасының ұшын берік қылған айбыны, құдіреті.

Жезқазған аты аталған жерде Қаныш Сәтбаевтың есімі қабат айтылады кейде. Қатар тұруы лəзім. Өйткені 40 жылға жуық өмірін Ұлытау - Жезқазған өңірінің байлығын зерттеп, аса мол қазына кенін ашып, сол есепсіз байлықты ел игілігіне айналдырудың ұтымды тәсілдерін көрсетіп берген академик Қаныш Сәтбаевтың еңбегі - ұрпаққа үлгі.

1926 жылы Томск политехникалық институтын бітірісімен Атбасар түсті металдар тресіне қарайтын Жезқазған өңіріне келген жас инженер кен барлау ісіне бел сыбана кірісіп кетеді.

1928 жылы Қарсақпай комбинаты жанынан құрылған геологиялық кен барлау бөлімін енді Қаныш Сәтбаев басқарады. Зерделі жас ғалым содан бір жыл бұрын Жезқазғанның зор болашағын бағдарлап, аса бай кені барын ғылыми тұрғыда тұжырымдап беріп еді. Сонда-ақ ол “Қарсақпай - Үлкен Жезқазғанға баратын даңғыл жолдың алғашқы сатысы ғана.



Ұзамай-ақ бұл өлкеде үлкен индустриялық орталық орнайды”, - деп кесіп айтқан-ды.

Үлкен Жезқазған... Екі сөзден ғана құралған ғажайып тіркес. Ол - Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көрегендігінен туған, ғылыми болжамынан жаратылған, кен барлау жұмысындағы жанқиярлық еңбегімен дәлелденген.

Үлкен Жезқазған үшін күрескен геологтар бөлімі осы өңірдің тауын шарлап, қырын кезіп, сайын жағалап, еңісіне ылдилап тыным тапқан жоқ. Шағын қана топ жеткіліксіз құрал-жабдыққа қарамастан маңайдағы ауылдардан жергілікті жігіттерді кен барлау жұмыстарына тартып, еліктіріп, ертіп әкете де білді.

Бірақ қиындықтар мен кедергілер көп болды. Кен барлау саласындағы маманданған кадрлар жетіспеді. Оған мойыған Сәтбаев жоқ - ауыл арасынан іріктеп алған ондаған қазақ жігітін Ленинград пен Москваға, орталық облыстардағы қысқа мерзімді курстарға жөнелтіп жатты.

Өндірістік құрал-саймандар табылмайтын - оданбұдан құрастырып, бұрғылау станоктарын бір тоқтатқан жоқ.

Ол ол ма, жанар май да, жағар май да тым тапшы еді. Оларды таситын транспорт та жоқ болатын - оған да қажыған жоқ, жергілікті жердегі ауыл азаматтарымен келісіп, үгіттеп, үміттендіріп, сенімімен сендіре біліп, солардың күш-көлігі - ат, түйемен тасытып алғызды.

Инженер мен техниктерді айтпағанда, бұрғылау станогын басқаратын мастерлер, алынған кен рудасының құрамын тексеретін коллекторлар, лаборанттар жоққа тән еді, - оның да амалын тапты. Өз шәкірттеріне ауыл жастарына қамқорлық жасауды тапсырып, оларды әлгі мамандықтарға тез арада баулып, үйретіп шығаруларын тапсырды. Үлкен Жезқазған үшін осындай үлкен де маңызды әрекеттерге бару қажет болған еді.

Ұлына ат қоя білген әкеден бақытты жан болмайды. Ал болашақтың алып комбинатының құдіретін болжап біліп, зеректікпен “Үлкен Жезқазған” атаған Сәтбаевтың перзенттік бақытын жүрекпен ғана сезіну қажет

шығар. Қаныш Имантайұлының патриоттығын құптаған, аса ауыр барлау жұмысының қиындығын қоса көтерісіп, қол ұшын созған жолдас, дос, әріптестері инженер-геологтар - Таисия Алексеевна Кошкина, Иосиф Николаевич Богданчиков, Саид Сейфуллиндер - сол бақытты бірге бөліскен жандар.

Төрт-бес жылдың ішінде осынау шағын барлаушылар тобы 80-ге жуық инженер-техник қызметкері мен 400-ге тарта жұмысшысы бар үлкен коллективке айналған еді.

“Көл - бұлақтан басталады” дейтін нақылдың дұрыстығы осы емес пе. Жұмыла кірісіп, ұйымдаса қимылдап, тас түйін боп бірауыздылық танытқан кен барлаушылар экспедициясы төрт жыл ішінде 554 скважина бұрғылап, Жезқазғандағы шексіз мыс қорының көлемін нақты цифрмен дәлелдеп берді.

Еңбек қуанышынан өтер қуаныш болар ма!? “Еңбегің жансын!” дейтін аталар батасы осындай қуаныштан түйінделген ғой.

Үлкен Жезқазғанның тағдыры мен болашағына үлкен сеніммен қарап, баса назар аударған республикалық жоспарлау органдарының серпілісі экспедиция адамдарын тағы да бір көтеріп тастады.

Жұмыс қарқыны толастаған жоқ. Енді бұрғылау станоктары бұрынғыдай қыста тоқтап қалмай, жыл бойы жұмыс істейтін болды.

Оның да амалын Қ.Сәтбаев тапқан-ды. Бұрғылау станоктарын қазақтың киіз үйімен қысқы ызғырық желден қорғап, ішіне темір пеш қойып жұмысты қыста да жалғап әкетті. Сол киіз үйлерді маңайдағы ауыл ақсақалдары өздері жинап берген еді.

Ел үмітін ері ақтайды. Ол үшін елінің сеніміне кіре білетін ілгері тартар қажыр-қайратың, тәуекелің және дәлелің мол болсын.

Бірақ жұмысшылар қуанышы көпке бармады. Москвадан кен барлау экспедициясына жайсыз телеграмма келеді. Мырзабек Тұңғышбаев, бұрынғы бұрғышы-мастер былай дейді:

“Бас мыс басқармасы (Главцветмет) 1933 жылдың сметасында Жезқазған - Ұлытау ауданында кен барлау жұмысына бөлінетін күрделі қаржының мөлшерін



бұрынғысынан елу еседей кемітіп бекітіпті” деген телеграмманың хабары бүкіл кеншілер арасына лезде тарап кетті. Күндіз-түні істейтін 27 станокты жүргізетіндер бар, басқалары бар, жеті жүзге жуық жұмысшылар мен инженердің бұл қаржы бір айлық жалақысын төлеуге де жетпейтін еді. Бәрінен де бұрын Жезқазғандағы барлау жұмысын ұзақ мерзімге тоқтатып қою қауіпі төнді. Жаңадан ғана ұйымдасқан іскер коллективті таратып жіберуге мәжбүр ететін шешім еді бұл.

Сол жылдың қысы сондай қатаң болды. Ысқырып желі, азынап бораны, жаланып үскірігі күннен күнге ұласып, айдан айға созылып берді дейсің. Мұндай қыстың аяғы бұрындары жұтқа айналатын. Малымыз да, күнкөріс беріп, ырзығымызды айыратын барымыз да бұрғылау станогы болған біздерге бұл қыс жұттан кем тимеді. Себебі күні-түні басы-қасынан шықпай тетігін бұрап, бөлшегін майлап, бұрғысын сақылдатып қойған станогымыз үй-ішімізді асырап, сақтайтын жалғыз ғана жебеушіміз еді. Бізді станоктан ажыратса, жұт емей немене.

Әлі есімде. Бәрімізді бір күні Қарсақпайға шақырды. Жайдан жай шақыртпайтыны белгілі. Ә дегенде үрпиісіп қалдық. Дегенмен тегін шақырыс еместігін ұғамыз ба, әрқайсымызда ішті билеген ауыр күдік бар. Жұмыстың тоқтамауын қатты қадағалайтын Қанекең (Қаныш Сәтбаев) қауырт кезеңде станоктарды тоқтатқызбайтын.

Амал не, келдік. Көрдік. Анау Байқоңырдан да, сонау Қияқтыдан да түгел жиналыпты.

Қанекең еш нәрсені бүкпестен барлық сырды жайып салды.

“Өздеріңіз де біліп келдіңіздер, барлық барлау жұмыстары тоқтайтын болды. Неге тоқтатқаны маған мәлімсіз. Бірақ үлкен Жезқазғанның бай қазынасын ешбір бұйрықпен жасыруға болмас”.

Қанекеңнің қиналғанын да, біздерге сенгенін де, үмітін үзгісі келмегенін де айтып жеткізу қиын. Қолдан келгенше көмек-жәрдемімізді беруге тырыстық. Сенімін ақтауға ұмтылдық. Үмітінің үдесінен табылуын тіледік”.

Бірлесіп бастап, ұйымдаса жалғастырып Үлкен Жезқазғанның бай болашағына көздері жеткен серіктері Қаныш Сәтбаевқа сол кезде үлкен медеу болғаны бүгінде коллективтік ұйымшылдықтың, ынталы жігердің, өз істеріне деген сенімнің ақиқат үлгісіндей көрінеді. Ақысыз-пұлсыз барлау жұмысын жалғастыра беруге келіскен жетпіс шақты бұрғышылар мен геологтар Сәтбаевты Москваға шығарып салады.

Жан-жақтан келіп, жұмысшы боп орналасқандар айлығы тоқтаған соң кете бастайды. Ал жергілікті жігіттер болашақ үлкен өндіріс орны болар кенді Жезқазған үшін қолынан келгенін аямауға уәдесін берді және сол уәделерінде тұра да білді. Төрт-бес ай бойы еш жалақысыз барлау жұмысын жүргізіп, бұрғылау станоктарын тоқтатқан жоқ. Ликбезде сауатын ашып, жай жұмыскерден бастап бұрғышы-мастер мамандығын игеріп алған жігіттер жанқиярлық отаншылдық танытты.

"Қаныш Москваға жүрер алдында, -дейді бұрғылау саногы тұңғыш мастерлерінің бірі, Ахмедия Төлекбаев қария, - Жезқазған, Байқоңыр төңірегіндегі бұрғылау станогын аралап келіп, мен кен мастері болып істейтін станок жанына біраз аялдады. Ол өзінің ежелгі кішіпейіл, инабатты әдеті бойынша үлкенмен де, кішімен де атын атап, қол алысып амандасқаннан кейін:

- Ал жігіттер, еңбекақысыз үш-төрт ай станокта істеп, скважина бұрғылауға шыдамдарың жете ме, жоқ, ұшқан ұяларыңды тастап, бөгде кәсіп іздейсіңдер ме? Ондай ойларың болса, ертерек ашып айтыңдар, -деді әзіл-шыны аралас.

- Істейміз, өзімізді өсірген станоктан өмір бойы кетпейміз, - жұмысшылардың тоқтамы осы болды"

Қаныш Сәтбаев Москвадан біраз қаржы бөлгізіп оралды. Сөйтіп Жезқазған - Ұлытау өңірінде мыс қорын зерттеу жұмыстары одан әрі жүргізіле берді.

Осы 1934 жылдың күзінде КСРО Ғылым академиясының жанындағы қазақстандық базасының ғылыми кеңесі өтіп, атақты ғалымдар, инженерлер мен геологтар кенді Жезқазғанның бүгінгісі мен ертеңгісін сарапқа салады.



Сол кеңесте ғалымдар төмендегідей қорытындыға келеді:

Біріншіден, Жезқазған кен қоймасы - байлығымен, ғажайып мол қорымен табиғатта аса сирек кездесетін құбылыс.

Екіншіден, Жезқазған кенін өндіру онша қиынға түспейді. Себебі кенді алу үшін қымбат тіреу қойып, бекітудің қажеті шамалы.

Үшіншіден, кен жылғаларының кей тұстарда жер бетіне өте жақын жатуы ашық әдіспен - карьермен алуға өте қолайлы.

Төртіншіден, жер асты суы болмағандықтан, шахтадан су шығаратын құрылыс салуды қажет етпейді.

Бесіншіден, мыспен бірге жүретін қорғасын мен күмісті, молибден мен күкіртті, тағы басқа сирек металдарды қосымша шығынсыз өндіруте және тиімді.

Осындай пайдалы жақтарымен қоса Жезқазған кенін өндірудің ең бір қиындығы - жол қатынасынан алыста, қиян түкпірде жатуы еді. Осы қиындықты жеңудің негізгі шарты - Жарық-Жезқазған темір жолын салуды тез арада қолға алу.

Ғылыми кеңес Үлкен Жезқазған құрылысын кешіктірмей бастау керек деп бірауыздан шешім қабылдап, болашақтағы алып комбинаттың тұсауын кескен еді.

Осы жылдың 31 декабрінде Қаныш Сәтбаев КСРО Ауыр өнеркөсіп халық комиссары Серго Орджоникидзенің қабылдауында болып Жезқазған кен орнының мол қорын дәлелдеп, осы өңірдің мысын өндірудің экономикалық тиімділігіне көзін жеткізді.

Серго Орджоникидзенің 1935 жылдың басындағы ВКП (б) Орталық Комитетіне жазған хатына сәйкес КСРО Халық Комиссарлар Советі Жезқазған - Нілді темір жолын салу туралы арнайы қаулы қабылдады.

Тың даланы еңбек дабылы дүбірлетіп оятты. Ұшқан құстың қанаты талатын, жүгірген аңның тұяғы тозатын алыстықты жақындататын темір жол - өмір жолы басталып та кетті. Еңбек жарысын күнделікті тірліктің мерекесіне айналдырған теміржолшылар алғашқы күннен бастап-ақ жұмыс қарқынын еселеп үдетті.

Соның арқасында қысқа мерзімнің ішінде төрт жүз қырық километрлік Жарық - Жезқазған темір жолы салынып бітті. 1937 жылдың 11 ноябрінде Жезқазғанға алғашқы паровоз арқыраған гудогімен еніп, болат магистральдің есігін ашты. Орталық Қазақстанның үш өнеркөсіп алыбы - Қарағанды, Балқаш және Жезқазған темір жол арқылы жалғасып, темір жол арқылы бір-бірімен құшақ айқастырды.

1936 жылдың 25 марты - Жезқазған үшін, жалпы Арқа өңірі үшін аса маңызды күн. Өйткені бұл күні Серго Орджоникидзе жолдас Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастауға рұқсат етілген қағазға қол қойған. Көне Ұлытаудың қазынасын қойнына көмген баурайына бүгінде әлемдегі ең ірі мыс алыптарының бірінен саналатын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Жезқазған мыс комбинаты солай орнап, социалистік дамудың өскелеңдігі мен өрістілігінің ақиқат шындығына айналды. Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің көрегендік саясатының арқасында кешегі йен далада көрікті қала орнап, жер қойнында жатқан асыл қазына ел игілігіне асып, отанымыздың түкпір-түкпірінен келген бауырлас халықтардың өкілдері ортақ мүдде үшін туыстық пен ынтымақтастықтың туын көтеріп, ерлік еңбектің адамзатты бақытқа, теңдікке, бірлікке, қуанышқа, жеңіске бастай беретін құдіретін айғақтады.

Кенді қазыналы Жезқазғанның алып комбинаты үшін мол су қоры қажет еді. 1934 жылы 13 ноябрьде өткен КСРО Ғылым академиясының ғылыми кеңесінде су мәселесі де жан-жақты қаралды. Кеңесті Днепрогэстің бас құрылысшысы, академик Веденев басқарды.

Осы ғылыми кеңесте: “Жобаланып отырған Үлкен Жезқазған мыс комбинатын техникалық және ішетін сумен қамтамасыз ету үшін Кеңгір өзеніне тоған салу қажет” - деген ұсыныс қабылданды. Содан кейін “Водоканалпроект” қызметкерлері зерттеу жұмысына қызу кірісіп кетіп, ақыры жаңадан жасалар су қоймасын Досмырза сайында жасауды лайық деп табады. Өйткені бұл ара - ойпаңды, терең тұс.



Табиғаттың өзі әдейі икемдегендей екі төбенің арасына сұғына кіріп, астауланып жатыр. Ұзындығы 622 метр, биіктігі 26 метр болатын плотинаны тұрғызғанда бұл өңірге 245 миллион текше метр су сыятың бөген пайда болады екен. Сонда айдынның аумағы 37,5 шаршы километр аймақты қамтып, жағасында салынатын қала мен комбинатты ауыз су мен техниқалық судан тарықтыра қоймайды.

1936 жылдың жазында Наушабайдағы Бекболат аулына машинасының шаңын көш жерден шұбатып бір топ қонақ сау ете қалды.

Конақ келмесе қоңылтақсып отыратын қазақ машиналы меймандарды сыртқа шығып қарсы алып, дабырласып амандасып жатыр. Әсіресе ауыл иесі Әбдірахман Қаныш Сәтбаевты бұрыннан танитынына насаттанып, үйіне қарай бастай жөнелді.

Конақтар ас үстінде өздерінің не жұмыспен жүргендерін - осы Наушабайдағы жазыққа тез арада кала салынатынын, ол қаланың Қарсақбайдан он есе үлкен әрі сәулетті, әрі биік, көшелері оқтаудай түзу социалистік жаңа қала болатынын айтқанда Бекболат ауылының бар-жоғы жеті үйінің жеті азаматының - Әбдірахманның Сәметтің, Әлімнің,Балғымбайдың, Байсымақтың, Жанділданың, Әубәкірдің көздері кең ашылып кетті. Алғаш нанар-нанбас күйде үнсіз қалғанмен, Қаныштың өздерімен ойнамайтынын да, алдамайтынын да ұғынып, бастарын шұлғысты.

Иен далаға, кең жазыққа Қарсақпайдан да он есе үлкен қала орнайды дегенге иланар-иланбас күйде бірі насыбай атып, бірі тіс шұқып ойланқырап қалғанмен, көңіл төрінде болашаққа деген құмарту да, қызығу да, асығу да бар. Өйткені көз алдында қыбырсыз жатқан сахараға жан бітіріп, Байқоңырды қайта ашып, Карсақпайдағы заводтан мыс ағызып, Жезқазған руднигінде барлау-бұрғылау жұмыстарын жүргізіп машина станок үндерімен ескі өңірдің өмір күйін жаңғыртып жіберген социалиста құрылыс Ұлытау-Жезқазған аймағына кеуделеп еніп қеле жатыр. Бір жұттық байдың, бір оқтық батырдың талайын көрген туған жер, бүгінде қайта түлеп, иісініп, еміреніп сала берсе - ол құдірет пен сиқырдың, ғажайып тылсымның

әсері емес, құдіретті жұмысшы табының, шаруа адамының қамқорын жеген үкіметтің арқасы. Ендеше, таңданатын несі бар. Ғаламат қала орнар. Шалқыған көл жасалынар. Қараайғыры түтінін будақтатып, буын атқылап темір жолмен жүйіткір. Көсегеңді көгертем деген өкіметіме онда мың да бір алғыс. Әкемнен де артық тілеулесім болған партияға рақметтен басқа айтарымыз жоқ деген ой мен қиялға берілген жергілікті жігіттер екі білекті сыбанып әр түрлі жұмыс орнына түсіп, сан алуан мамандықты игеріп кетті.

Жезқазған проблемасы әділ шешімін тауып, осы мәселенің басы-қасында жүрген алғашқы қазақ кен инженерлерінің бірі Қаныш Сәтбаевтың көкейкесті арманы, үздіктірген үміті жүзеге аса бастады.

Болашақ президент, асқан ғалым, тәжірибелі ұстаз бұл кезде өзіне қанат-құйрық болатын жастарды талмай іздеп, үйретіп, өсіріп, тәрбиелеп қанаттандырудан жалыққан жоқ. Солардың бірі - инженер-геолог Саид Сейфуллин. Енді Қ. Сәтбаев пен Саид Сейфуллиндер көмірлі Қияқтыны, темірлі Найзатасты, марганецті Жезді өңірін бұрынғыдан да гөрі түбегейлі зерттеп, соның нәтжесінде осы кен орындарынан әр түрлі минерал алуға болатынын дәлелдеп берді.

- Сонда осы арамен мынау сай, анау белде Қаныш ағай талай жүрген-ау... - Алмас жан-жағына ойлана көз қыдыртты... - Бүгінде Қаныш ағаның атын естімеген ел жоқ шығар.

- Иә! Еңбек ер даңқын шығарады. Ер даңқы елімен бірге өседі. Елі көркейгеннің ері марқаяды. Елі үшін аянбаған азамат ел аузына ілініп, көптің құрметіне бөлінеді. Туған жердің топырағынан торта айырып, әр түйіршігін қымбат металлға айналдырып, халықтың әлеуметтік, экономикалық әл-қуатын арттыруға үлес қосқан ұлдарын Отаны әрқашанда ардақ тұтқан. Әрқашанда мақтаныш еткен. Еңбегін бағалап, бағын жандырған. Ел - Ана. Анасына қызмет еткен ұланға еміренбес ана болмайды. Ана шын еміренеді. Шын тебіренеді. Аялы алақаны ондайда маңдай сипағыш. Азаматым деп мейірленіп арқадан қаққыш. Жылы алақан жігер еселейді. Ыстық мейірім қанат бітіреді.



Алға ұмтылтып, ілгері оздырады. Ойға нәр, бойға қуат қосады. Ел-Ана - ең ұлы есім. Ең ардақты есім. Ел-Ананың бар қасиетін жанымен ұғып, Ел-Ананың қамқор құшағының ыстық табы үшін өзін Отан алдында мәңгі қарыздар, борыштармын деп сезінген Азамат, үлкен әріппен жазылатын Азамат әманда сол биіктен көрінуге тырысады. Көріне де береді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай аяулы Азамат еді. Үлкен Жезқазғанның мол қазынасын, бай кен қорын іздеп, талайлардың сенбеушілік білдіріп, кен қоры аз, өндірістік пайдалануға жарамайды дейтін кертартпа пікірлерін іс жүзінде жүздеген терең скважиналар жүргізіп жоққа шығарған оның табандылығы көпке үлгі. Жезқазғанның Отан картасындағы алатын елеулі орнын нық көрсетіп, отызыншы жылдардағы алғашқы бесжылдықтардың алып құрылысына айналдырып, Отан көгінде жарқыраған жұлдызын жағып берді. Еліміз сондай зәру боп отырған түсті металдың жаңа бір отауын көтеріп, қыруар байлықты тезірек игеруге қайрат-қажырын аямады. Осындай елеулі еңбегі үшін Қаныш Сәтбаев диссертация қорғамай-ақ геология-минерология ғылымдарының докторы деген ғылыми атаққа ие болды. Жезқазған - Ұлытау пайдалы қазбалары туралы жазылған монографиясы үшін ол КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Төрт рет Ленин орденімен, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен наградталған Қаныш Сәтбаев ұзақ жылдар бойы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті боп қызмет істеп, талай мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесіне және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

Жезқазған кен металлургия комбинаты бүгінде Сәтбаев атында. Қазақ КСР Ғылым академиясының Геология институтына Сәтбаев есімі берілген. Алматының бір әсем көшесінде Сәтбаев деген фамилия жарқырайды.

Соғыс дүрбелеңінің қалай келгенін білмеймін, балам. Көрген жоқпын. Бірақ 1941 жылдың дәл 22 июнь күні ұлы Отанымыздағы бүкіл совет халқының патриоттық сезімінің күрт өскенін өте жақсы сезінем.Ол жайында әлденеше кітаптардан оқығам. Әлденеше ұлт өкілдерінің әңгімесінен естігем. Жерлестерімнің сәби кезімде есімде қалған жанқиярлық еңбек ерліктерінен ұққам. Сол күні өзім туғам.

Ұлытау өңірінің ұландары да соғыстың алғашқы күнінде-ақ тас түйін бекіген, ыза-кегін кеудесінде қайнатып, майданға өз еркімен баруға өтініш білдіріп, әскери комиссариатқа тұс-тұстан ағылған.

"Барлығы да майдан үшін", "Барлығы да жеңіс үшін" деген партияның тарихи нұсқауына сүйенген Қарсақпай - Жезқазған жұмысшылары мыс балқытуды соғысқа дейінгі көлемінен 11 процент, кен өндіруді екі есе арттыруға міндеттеме қабылдады.

Барлығы да жеңіс үшін!..

Жеңіс үшін қиыншылықтарды жеңді. Екпінді еңбектің тамаша үлгісін танытты. Жеңіс үшін заводты күрделі қаржысыз қайта жабдықтап, жарақтап шықты. Жеңіс үшін майданға аттанған ерлерінің орнына әйелдер тұрып, шофер, тракторшы, мыс балқытушы мамандықтарын тез арада игеріп әкетті.

Тағы да салыстыра кетейін.

Соғысқа дейін Қарсақпай заводында істейтіндердің 7 процентін қамтитын әйел жолдастар енді жұмысшылардың 40 процентін құрайтын болды. Ал байыту фабрикасындағы қыз-келіншектердің үлес салмағы 70 процентке жеткен еді.

Жеңіс үшін қарсақпайлықтар ай сайын бір күндік жалақысын Отан қорғау қорына аударып тұрды. Жеңіс үшін Қарсақпай заводының екінші шарпу пеші 1943 жылдың сентябрінде іске қосылды. Жеңіс үшін Жезқазған кен басқармасының коллективі 1941-42 жылдардың өнім өндірудегі мемлекеттік жоспарын асыра орындады. 1943 жылы өнімді жоспардан да артық тапсырды. Балқаш пен Орал заводтары



Жезқазған шикізаттарын бұрынғыдан 4 есе көп көлемде алып отырды.

Жеңіс үшін ерлікпен еңбек еткен жезқазған-дықтарға 1943 жылдың октябрінде КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы алғаш рет берілсе, кейіннен бұл туды олар 16 рет алған еді. Осы ту қазірде кеншілердің қаһармандық еңбегінің символы ретінде Жезқазған қаласында мәңгі сақтаулы тұр.

Жеңіс үшін...

Жеңіс үшін қан төгілді. Жеңіс үшін жезқазғандықтар мен қарсақпайлықтар социалистік жарыстың қарқынын үдетті. Қайсар рухтың қажырын танытты.

* * *

- Алмас, алдыңа қарашы балам. Не көріп келесің?

- Биік адырлар... Іркес-тіркес созылған қыраттар, - деп ұлым көк мұнарда дірілдеген көкжиекке көзін ұзатты. Сәлден соң "сұрағыңыздың мәнісін пайымдай алмадым" дегендей бетіме бұрылды.

- Осындай өлке қақаған қыстың ақ қар, көк мұзының астында жатсын. Анау темір жол, мынау асфальт жол болмасын. Шетсіз-шексіз дала дейік. Ал осы қыратты қопарып рудник ашып, қалашық орнату қажет болсын. Соған қанша уақыт кетер еді?

Алмас қиналып қалды.

- Транспорт жоқ... Қыс кезі дейсіз, ә? Екі-үш жылсыз біте қояр ма екен...

Мен үндегем жоқ. Кабина ішінде ұзақ тыныштық орнады. Жүйіткіген "Жигули" сәлден соң кішігірім қаланы дөңгелетіп жақындата түсті.

Бұл - Жезді руднигі еді.

Машинаны рудник кеңсесінің алдына тоқтатып, сыртқа шықтық. Ұлымды соңымнан ілестіріп келіп, кіре берістегі мәрмәр тастың қасына жақындадым.

- Оқышы, балам.

"Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде жезділіктер ерлікпен еңбек етіп, рекордты қысқа

мерзім, небәрі 38 күн ішінде, 1942 жылғы 12 июньде, марганец руднигін салып бітірді", - деген тасқа ойып жазылған сөздерді оқыған баламның жүзі бал-бұл жанды. Бал-бұл жанған жүзде мақтаныш сезімі де, таңданыс күйі де тұна қалды. Әденені іштей күбірлейді.

Кеңсе алдынан екеуміз де көңілді аттандық.

Жұмыс уақыты бітіп, жұрт тарап кеткеніне өкінсек те, ренжіген жоқпыз.

Жерінің тарихын ұлы білуге тиіс. Елінің еңбек шежіресін білген ұрпақ әкелер мен аталар даңқына еміренуі тиіс.

Ұлымның толқыған көңіл күйіне қарап, мен сондай түйсікті іштей пайымдадым.

1942 жыл. Неміс фашистерінің алғашқы қарқынмен ұлы Отанымыздың біраз жерін басып алып, елге, Отан қорғауға қажетті өндіріс және кен орындарынан үзіп тастаған ауыр кезең еді ол.

Әсіресе Никополь пен Чиатура марганец рудниктерінің жау қолында қалуы бронь жасау ісінде қиындықтарды көбейткен.

- Папа, марганецтің броньға қажеті қанша?

- Себебі марганец - темірге қосылатын аса құнды металл. Темір мен маргенец қоспасын металлургияда ферро-марганец деп атайды. Ферро-маргенец - танктің броні, самолеттің жау оғына мойымас берік қалқаны, бронь бұзар снарядқа табылмас материал.

Отан қорғау үшін бронь қажет. Бронь - өжеттік. Сенімділік. Беріктік.

Дәл осы кезде Жезді кен орны туралы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінде шұғыл сөз қозғалды.

Жезді кенін соғысқа дейін Қаныш Сәтбаев бастаған геологтар экспедициясы ашқан болатын. Жезді кенінің соғысқа аттанар, солдат боп айқасар күні туды. Ұйықтап жатқан алыптың ұйқысынан оянып, дүр сілкініп, қанат-құйрығын қомдар сәті соқты.

Жезді марганец боп балқып, бронь боп тұтасып, снаряд боп жарылып, танк боп жүйткіп, самолет боп самғауға дайындалу үшін жан-жақтан ұландарын шақырды.

Сол 1942 жылдың қызыл шұнақ қысында Жезді өзенінің жағасына ақ шатырлар мен қараша киіз үйлер



жапсарласа тігіле қалды. Оларда Жезді. руднигін тездетіп іске қосуға асыққан жұмысшылар тұрды.

Қойынға құйылған қар, қас-кірпікке қатқан мұз еңбек қарқынын бөгей алған жоқ. Үскірік аяз ішкі жалынды, жүрек жалынын жеңе алған жоқ.

Тау боп үйілген қарды тазалау - оңай дүние емес еді. Бірақ Отан мүддесі, ел қорғау дейтін ел тілегі қар емес ондаған метр тереңдікке кеткен тау жынысын да бұйым қылған жоқ. Қар да ашылды. Тоңы қатқан топырақ та қопарылды. Қабат-қабат аршылған жер астынан - сол кезде қазіргі алтыннан да әлденеше рет қымбат - марганец рудасы да көрінді. Ашық карьер дайын болды.

Алғашқы марганец рудасы Жезқазғандағы темір жолға машиналармен тасылып жеткізіліп, поездарға тиелді.

Ауыр составтар ыңырана қозғалып, іле жеделдете сырғып, сәлден соң арындай жүйткіп, марганец кенін заводтарға тарта жөнелді.

Жезді марганеці майданға солай солдат боп аттанды. Жеңіс солдаты боп аттанды.

Марганец қат еді. Машинамен тасып үлгіре алмайтын болғандықтан енді темір жол құрылысын бастауға тура келді.

Жанқиярлық еңбек үлгісін көрсеткен құрылысшылар Жезқазған мен Жезді арасын кешіктірмей темір магистральмен жалғастырып, марганец - солдаты бірден вагонға тиеп, жөнелтіп жатты.

Магнитогорск металлургия комбинаты Жезді кеніне қарық боп қалды.

Арада бір-ақ жыл өткенде 1943 жылы Магнитогорск комбинаты Жездіден өзіне қажетті марганецтің 60 процентін алды. Ал келесі жылы Жездіде марганец өнімі 4 есе өсті.

Жезді кені ардагерлерінің есімін елі ұмытпайды, жадында мәңгі сақтайды. Жездіні қаз тұрғызған әр халық өкілін аялайтын ұрпағы сендерсіңдер, жас дос, дер едім мен сенің замандастарыңа, ұлым.

Туған жердің тасы мен топырағы оқ пен қалқан

болып, бірі жау кеудесіне қадалғанда, бірі қаһарман совет жауынгерінің кеудесін оқтан қалқалап қалған.

Сол туған жердің тасы мен топырағын Отан қорғау сапарына сақадай сай ғып аттандыруға бүкіл елдің ұлдары жиналған. Оларды Отанға деген сүйіспеншілік, ел басына түскен ауыр қасірет бастап келген. Сондықтан суыққа төзіп, аязда бетін үсітіп, белін шойырылтып жүрсе де, беріктігі мен достығын, ынтымағы мен бірлігін шыңдаған қазақ, орыс, украин, грузин, армян т.б. халықтардың өкілдеріне алғыс-ризашылығымыз әрдайым шексіз. Қиын кезеңде еңбек ерлігін танытқан сол азаматтарға соғылған мәңгі ескерткіштей - Жезді қалашығының оттары жарқырап тұр.

Олар - рудниктің тұңғыш директоры Николай Федорович Михайлов, инженер Әбдірахман Тоқтыбаевтар.

Олар - проходкашылар: Баймағанбетов, Қыстаубаев, бұрғышылар: Грипас, Сейткенов, Сухарев, Ленин орденді Арыстанбек Әлімбаевтар, шоферлар: Ділманов, Рожнев, Коваленколар. Олар - Ақеділов, Коваленко, Саранов сынды инженерлер. Әшім Саранов осы рудникте бүгінде директор боп істейді.

Жеңіс үшін Жездіде карьер ашылды, шахталар қазылды. Мұнаралар бой көтерді.

Жеңіс үшін ақ шатырдан басталған рудник көп кешікпей аппақ қалашыққа айналып еді, енді қазір Жезді ауданының берекелі орталығы болып отыр.

* * *

- “Бәрі де майдан үшін!” деген ұранға Ұлытау өңірі тағы қандай үлес қосқан, папа?

- Ұлытау аймағының ұлылығын танытқан бір көрініс осы ұранға ілесе үн қосуы еді.

Әр жұмысшы Совет Армиясына көмек беру үшін өз есептерін ашқан. Сол ашқан есептеріне Отан қорғау мүддесіне арналған жоспардан тыс өнімдерін маңдай тер, ыстық жүректерімен жазған.

Жезқазғандық бұрғышы Гинатуллин төрт мың алты



жүз тонна қосымша руда өндірген. Бұл - сексен вагон деген сөз. Сексен вагон қосымша өнім. Бір жұмысшының Отан қорғау қорына арналған жеке есебі осындай болған.

Патриотизмнің бұдан асар есебі, бәсі, мөлшері бар ма екен? Капиталистік елдің қай адамы осындай отаншылдығымен даралана алады?

Төрт мың тонна! Бұл - Шаталюктың есебі.

Үш мың бес жүз тонна! Бұл - Ақшаловтың үлесі.

Коллективтік үлес пен қаржы қаншама рет жиналып, қаншама рет Отан қорғау қорына құйылды десеңші.

Жезқазған мен Қарсақпайдың металлургтері мен кеншілері “Қазақстан металлургі” атты танк колонасы үшін сегіз миллионнан астам қаржы жинап, жоспардан тыс мыңдаған тонна кен, бір мың тонна көмір, ондаған тонна мыс берген.

“Қазақстан металлургі” Курск доғасында атақты танк шайқасына қатынасып, жеңіс күнін жеделдеткен.

“Қазақстан металлургі” танк колоннасы Прага, Вена, София қалаларын азат етуге қатынасып, азаттық солдаттары мінген темір тұлпар сол қала тұрғындарының ыстық ықыласымен ұсынған құшақ-құшақ гүлдерге бөленген.

Жезқазғандықтар бүкіл совет халқымен тізе қосып, майдан мен тылда дүниенің тыныштығы үшін күрескен. Әлемнің бейбіт тірлігі үшін шайқасқан. Сәби жүздеріндегі күлкінің жоғалмауын тілеген. Ұлы Отанның ашық аспаны үшін аянбай еңбек еткен.

Тағы да дерек келтірейін. Мә, мына жазуды оқып жіберші.

- “Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы соғысады. Тылда олардың әкелері, аналары мен жұбайлары майдан үшін жұмысты аянбай жақсы істейді. Қазақстан өз жерінің барлық байлықтарымен, тауларының барлық асыл кендерімен майданға қуатты тірек болып отыр”, - деп “Правда” газеті 1943 жылғы 8 февральдағы бас мақаласына жазған екен.

- “Тірек болып отыр”...

Отаныңа еңбегіңмен де, жауынгерлік ерлігіңмен де тірек бола білуден артық бақыт болар ма, ұлым!

Отан алдындағы азаматтық борышыңды ақтауда ел алғысына бөленуден қадірлі сыйлық болар ма, ұлым!

Көп тілегі - көл. Жеңіс көп тілегімен келген. Көптің арқасында келген. Көптің еңбегімен келген. Әділ ісіміз, бейбіт тірлікке деген сүйіспеншілігіміз әкелген.

275 милион халқымыздың жүрегіне жазылған жеңіс жыры мәңгі жырлана береді.

* * *

- Алмасжан, әкең білетін шығар. Сен жақсылап тыңда. Еңбектегі ерлік - елдің, халықтың үлесі, - деп Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші секретары Ошақбай Асылбеков сыр шертті. Ойлы, пікірлі, әдебиет пен өнерді терең түсінетін, өзі де жанымен жазушы, жігіт ағасы екен.

- Ұлы Отан соғысы аяқталысымен Үлкен Жезқазған кен-металлургия комбинатының құрылысы қызу қолға алынды. №3 шахта мен “Петроцентр” шахтасы - соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдықтың нәтижесі. Бұл жылдары №51 шахта мен байыту фабрикасы салынып жатты.

1954 жылы 20 декабрьде Үлкен Жезқазған поселкесіне Жезқазған қаласы деген атақ берілді.Ұлытау өңірінің шын мәніндегі өндіріс, мәдени орталығы Отан картасынан өз орнын осылай алды. Әсем көше, әдемі үйлермен, көрікті келбет, мәдениет сарайларымен, көк желекті көркем тұрғысымен алды.

Қарсақпай заводы қайтадан жабдықталды. Соның арқасыңда 1975 жылы жұмысын тоқтатқанша бұл завод қара мыс өндіруде тамаша жеңістерге жетіп, жылдық жоспарын үнемі орындаумен келді.

Жер бетінде істейтін әр түрлі қуатты техниканы көріп жүрсің ғой, ал жер астында осы қуатты техниканы жұмысқа қосуға бола ма? Оған ертегінің Ертөстігі қажет дейсің ғой, Алмасжан. Бірақ біздің дәуір болмасты болдырып, қиялдағаны шындыққа айналдырғанда ертегі де, сиқыр да ілесе алмай қалатынын біліп қой!

№ 44 шахтаның бастығы Темеш Садуақасов пен бас маман Далабай Ешпанов бастаған топ өздігінен



жүретін алғашқы кен бұрғылау кареткасын жер астына түсіріп, сынақтан өткізді. Байқап қарасақ, қуатты техника жер астында да жер бетіндегідей істей алады екен. Кейін №51 шахтаға экскаватор түсірілді. Алып самосвалдар жіберілді. Еңбек қарқыны үстемелеп өсті.

Жер асты машиналары мен жабдықтарын Жезқазғандағы ғылыми-жобалау эксперименттік лабораториясы жасаған болатын.

Қазіргі Жезқазғанның алып шахталары метродан бір де кем емес. Жылжып, қозғалып, кен рудасын кесек-кесек қопарып жатқан кареткалар, руданы самосвалдарға тиеп жатқан алып экскаваторлар, ерсілі-қарсылы зымырап, руданы скипке төгіп, жоғары жөнелтіп жатқан самосвалдар бүгінгі ғылым мен техниканың іске асқан, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жегілген құдіреті.

Үкіметіміздің соңғы жылдардағы қаулы-қарарларына байланысты облыс бойынша атқарылып жатқан істер өте көп, - деп Ошақбай Асылбеков қолға алынып, тындырылып жатқан жұмыстарға назар аудара әңгімесін жалғастырды.

- Еңбекшілердің еңбек және тұрмыстық жағдайларын жақсарту, мәдениет, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін өркендету жөнінде белгіленген шараларға сәйкес қыруар жұмыс жан-жақты игеріліп жатыр. Сондай-ақ социалистік жарысты одан әрі дамытып, өнім сапасын жақсарту жолында да облыс жұртшылығы сапалы еңбек етуде.

Облыс еңбеккерлері өз міндеттерін межелеп алды. Азық-түлік программасын орындау бүкіл халықтық іс екенін жас та болсаң сен жақсы білесің, Алмасжан. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” дейміз ғой. Ендеше, Отан қоймасына құйылар астықта да, жұмысшылар мен колхозшылардың дастарқанына түсер ет пен сүтте де жезқазғандықтардың өзіндік еселі үлесі боларына сенімдіміз. Өйткені металлургтеріміз де, кеншілеріміз де, малшы, диқандарымыз да белгіленген экономикалық және әлеуметтік программаларды жүзеге асыруда елеулі үлес қосуда. “Қашаннан салтымыз сол" дегендей, біз ертеңгі күнді де мол еңбек тартуларымен қарсы алатынымызға сенімдіміз, Алмасжан.

Бұл сапарларыңда Жезқазған шахталарын түсіп көруің керек. Жер асты сарайларын аралап, кенші-лердің қажырлы еңбегін өз көзіңмен тамашалауың керек, Алмасжан! Сапарың сәтті болсын!..

Кен өндірудің әлгінде Ошекең айтқан тиімді тәсілін ұсынып, техникалық прогресті өркендеткені үшін кен-металлургия комбинатының директоры В.В.Гурбаға, директордың орынбасары Т.М.Урумовқа лаборатория меңгерушісі Ю.Б.Башиловқа, Шығыс Жезқазған руднигінің директоры Д.О.Ешпановқа, рудник басқармасының бұрынғы бастығы М.К.Бөпежановқа, Жезқазған шахта проходкалау тресінің бастығы Г.О Омаровқа 1970 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген құрметті атақ берілген, - деп әңгімені жол бойы мен жалғастырдым. - Еңбек жанды деген осы емес пе?!

Еңбек жану үшін білімің мен қажырыңды аянбау қажет. Мен сол ұғымды бүгінгі Балқаш кен-металлургия комбинатының бас директоры Далабай Ешпановтың бойынан үнемі көремін. Азамат ағаның іскерлігі мен қабілеті - ұстай білген, үйрене білген жанға үлкен мектеп, үлгілі өнеге.

1971 жылдың бірінші марты - жезқазғандықтар үшін ұмытылмас күн. Бұл күні мыс заводының бірінші кезегі іске қосылды. Ал 1974 жылы завод сапалы сары мыс алатын толық циклмен істей бастады.

99,99 процент таза мыс - Жезқазған мысы Лондондағы металдар биржасында сақтаулы тұр.

Себебі ол - таза мыстың дүниежүзілік эталоны деген сөз.

Байқайсың ба, балам, Қазақстан мысы Ұлы Отан атынан сөйлеп, бүкіл әлем алдында аса сапалы белгісімен дүниежүзілік аренаға шықты.

Жезқазған даңқы алты құрылықты аралап кетті. Әлем түкпірлерінде бүгін Балқаш пен Жезқазған мысы бейбітшілік миссиясын атқарып, ұзақ та бақытты сапарға аттанды.

Бұдан артық мерей болмас! Бұдан өтер еңбек қуанышы болмас!

Сондықтан да мен жезқазғандықпын деп кеуде кере мақтаныш білдірем.



## Жайраң Жәйрем

- Жәйрем... Жәйрем? Мағынасын түсіндіріңізші, папа?

- Бұл атаудың қайдан, қалай шыққаны туралы айтыс-талас та көп. Қиял, болжам да көп балам. Біреулер “Жайраң” деген сөзден туған дейді. Біреулер “жайылымнан” таратады. Енді бірде “киік” тектес “джейран” - “жайраннан”да бастау алғысы келеді. Түптеп келгенде “Жәйремге” құлақ үйреніп, көз қанып, машықтанып қалғанымызды әбден сезінеміз. Жәйремнің кезінде мыңғырған малға жайылым болғаны да рас. Мал баққан қазақтың ырысын айырған өлке бүгінде берекесінің жайылымына айналғаны да рас.

Жәйремнің джейран боп ұзақ жылдар бойы асылын ұстатпай, қазынасын көрсетпей ізіне түскен геологтарды біраз шаршатқаны да ақиқат. Бірақ Жәйрем жайраң мінезін танытып бір-ақ күн, бір-ақ сәтте пердесін серпіп жіберіп, қазынасын жарқ еткізгені ақиқат.

Жәйремді бір сағат, бір сәтте туды деу, әрине, айтуға ғана оңай. Жәйрем туралы болжамдар осы ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ геологтар арасында жиі айтылған.

Жәйрем туралы Қаныш Сәтбаев та көп қиялдапты.

“Ер егіз туады. Алып алыпқа арқа сүйейді. Оқшаулық табиғатқа жараспайды. Жезқазған сынды қыруар қазынаның жалғассыз, жүйесіз кілт үзіліп қалуы мүмкін емес. Арқа өңірінің сайы мен жырасы, қырқасы мен төбесі тұнған байлық. Іздей білу керек. Үшқатын, Бестөбе, Жомарт маңайын ғана шарлай бермей, Жәйрем, Батыс Жәйремге жылжу қажет” - деген екен ол.

Соғыстан соңғы жылдарда Орталық Қазақстанның индустриясы күрт өрледі. Теміртауда Қазақстан Магниткасы салынды. Бұл заводқа қажетті темір кенін Қаражал бере бастады. Бірақ Қаражал кені аздық ететін болғандықтан елуінші, алпысыншы жылдары Жәйрем төңірегінен темір рудасын іздеген геологтар Бестөбе, Жомарт, Солтүстік Қылыш маңын шарлай беріпті...

Жалпы Жәйрем қазынасы да бірден ел игілігіне асырыла қоймаған. Осыған дәлел ретінде бірер деректі әңгіме айтып берейінші саған.

1959 жылдың күзі. Қаражал геология-барлау экспедициясының бастығы Евгений Семенович Меерсон қолындағы бір жапырақ қағаз - телеграммаға сенер емес. Қайта-қайта үңіліп оқиды.

“Қаражал. Меерсонға. Қаржы жоқ. Участоктың келешегі жоқтығына байланысты Жомарттағы жұмысты тоқтатуды ұйғардық. ЦКТГУ (Қазақстан геология басқармасының орталық тресі) Фишман”.

Меерсон ертелетіп Жомарттағы геологтар партиясының жапырайған үйіне жетіп келді.

- О, бастық келіп қалыпты, - деп аға геолог Анатолий Александрович Рожнов орнынан күлімсірей тұрды.

- Мә, оқы.

Меерсон Рожновқа телеграмманы ұсынды.

- Бәрі дұрыс. Жомартта біз істейтін ештеңе қалған жоқ, - деп Рожнов телеграмманы қайтарып берді.

- Ал аналарды қайтпексің? - деп Меерсон терезеден көрінген шағын поселкаға иек қақты. - Адамдардың тағдырын ойладың ба?

- Біз - геологпыз. Жұмыссыз қалмаспыз.

Бұлардың үстіне Строителева кірді. Алматыдан келіпті. Меерсон енді телеграмманы Строителеваға көрсетті.

- Антонина Васильевна, сіздің дегеніңіз болды. Жомартты жаппақ.

- Дұрыс істеген. Әлгінде ғана керндерді көрдім. Бұл арадан еш нәрсе таппайсыз.

Әрине, А.В.Строителеваға да бұл хабар оңай тиген жоқ еді. Әрең-әрең қалыптастырған коллективтен айырылып қалу оп-оңай. Шетінен әбден ысылған мамандар. Таратып жіберуге болмайды.

- Евгений Семенович, менің бір белгілеп жүрген нүктем бар еді. Қане, бері жақындаңыздар, - деп Строителева аудан картасының екі сызық түйіскен тұсына сұқ саусағын қадады. - Міне, мына жер - Жәйрем!

Жәйрем!...



Антонина Васильевна үшін Жәйремнің маңызы зор. 1950 жылы көктемде Атасу геофизикалық экспедициясының бірінші партиясы Жынғылдыкөлдің жағасына шатырларын тіккен-ді. Ол кезде А.В.Строителева Атасу экспедициясының бас инженері еді. Ал партия басшысы Таңсұлу Қаймирасова болатын. Көз тірелер тауы жоқ, көлеңке көлбетер төбесі жоқ мидай жазық дала көкжиекпен астасып, “шексіздік деген мен болам” деп қыбырсыз көсіліп жататын.

Жаз бойы үздіксіз жер шұқылаған геологтар ақыры темір аномалиясын тапқан. Оны өздері Жәйрем деп атаған.

Енді, міне, Жомарттан отыз шақырымдай жерге Строителеваның өзі бастап келіп, қолымен бір дөңесті көрсетті.

- Осы араны бұрғылаңдар. Қаймисарова екеуміздің сеніміміз алдамаса, осы жерден темір табылады.

- Қаржыны қайдан аламыз?

- Сіз, Меерсон, экспедиция бастығысыз. Жә, жарайды, ренжімеңіз. Алматыға барысымен қарастырып көрермін.

Көп кешікпей Рожнов Жомарттағы бір бұрғылау станогын Жәйремге көшірді. Ашық аспан астында қыбырсыз мелшиген далаға жалғыз барак орнап, бұрғышылар жұмысын бастап та кетті.

1959 жылдың соңғы күндері. Уілдеген боран апталап соғып, айдаладағы бұрғышыларды былайғы өмірден бөліп тастады.

Жұмысшылар аязға да төзді - шыдады. Бұрғышылар шөлге де төтеп берді - қарды ерітіп, су алды - шыдады. Азық-түлік тапшылығына да мойымады. Жұмыс қарқынын жүрек бүлкіліндей дүңк-дүңк ұрғылаған станок бұрғысымен тоқайластырып алды да, тапсырылған істі тоқтатпай жүргізе берді. Станок маңайы жер астынан шыққан керндерге - тау жынысына толып кетті.

Бұрғылау тереңдігі елу метрге жетті. Әлі де түк жоқ. Бос жыныс.

Бұрғы жүз метрлік деңгейге жетті. Керндерден металл сыбысы білінбейді.

Жүз елу... екі жүз метр бойлаған бұрғы әлі де көңіл демдетер емес.

Екі жүз елу... Үш жүз метр тереңдеген скважинадан руда табыла қоймады.

“Сонда шынымен-ақ Орталық Қазақстан территориялық геология басқармасы мамандарының бұл аймақта кен жоқ деген қорытындысы рас болып шыққаны ма?” дейтін қауіпті ой Рожновты құрсай бастады. “Строителева мен Қаймирасовалар жүргізген зерттеулер батыс және шығыс участоктерінің бұрғылау қажеттігін көрсетіп бермеп пе еді?! 1951 жылы Атасу экспедициясының аға геологы Ю.Анашин басқарған бұрғылау отряды өндірістік қуаты бар полиметалл кенін тапқаны қайда?! Бірақ сол аға геологтың жасаған актысына Шығыс Жәйремнің көрсетілмей қалуы тегін болмаса игі еді. Строителеваның барлау партиясы жүргізген кені мол деген батыс Жәйремнің бес скважинасынан ештеңе табылмауы Жәйремге деген ықыласты суытып тастамады ма екен?”

1958 жылы бұл өңірді зерттеу қайтадан қолға алынды. Мына жалғыз бұрғылау станогы қыстың қақаған аязына қарамастан, дамылсыз жер дүңкілдетіп жатыр. Ал бірақ әлі ешқандай нәтиже жоқ.

Қыс көктемге қарай аунап түсті. Аспаннан жаймашуақтанған күн көзі көбірек көріне бастады.

Рожнов бұрғышылар отрядына келді. Жұмысшылар скважинадан керн көтеріп жатыр екен.

- Тереңдік қанша? - деді Рожнов.
- Үш жүз жетпіс метр.
- Қане, кернді көрелік.

Рожнов өз көзіне сенер-сенбес. Шайқалып қалып, түзелді. Геологтың кәнігі көзі алдамаса керек еді.

“Темір! Нағыз темір!”

Ертеңінде Қаражалдан экспедиция бастығы Меерсон да асығыс жетті. Кернді көрісімен ол да темірді бірден байқады. Көңілі көншігендей болған Меерсон Алматыға, геология министрлігіне бірден тартып кетті. Көп ұзамай тағы төрт скважина бұрғылауға қаржы босатқан телеграмма келді.

Бұрғышылар жұмысын тоқтатқан жоқ. Темір қабаты 12 метрге дейін барды да, кілт үзілді. Тағы жүз



елу метр тереңдеген скважинадан темірдің әлсіз белгілері ғана білініп, кернге бос тау жыныстары іліне берді.

Рожнов енді бұрғыны басқа жерлерден конверт тәсілімен салуды ұйғарды. “Төрт скважинаға рұқсат бергенде, бесіншісін де бөгеп қалмас” деген сенімі мол.

Енді Жәйремде алты бұрғышылар бригадасы істейтін болғандықтан сатып алған жиырма бес құрастырмалы үйден жәйремдіктер қырық үй тұрғызып, Жомарттағы бала-шағаларын көшіріп әкелді.

Елсіз далаға болашақ үлкен Жәйремнің алғашқы көшесі орнады.

Аға бұрышы - мастер Кәмал Мусин сменасын тапсырып жатып, аға бұрышы Иван Иванович Злобинге кішірек цилиндр тектес кернді көрсетті.

- Қарашы, көкшіл түс анық байқалмай ма?

Злобин қабағын түйе, бас бармақтың тырнағымен кернді тырнап өтті. Тырнақ ізі жолақтанып түсті.

- Иә-ә, темірге онша ұқсай қоймайды. Мүмкін, балшық шығар, - деді де, станокты іске қосты.

Алғашқы керн бәрін абыржытып тастады. Не темірге, не бос жынысқа ұқсамайды.

Злобин күлімдеп кеп, кернді қолына алды.

- Қорғасын! Қорғасынның өзі!

Сол бетте геолог Валерий Яковлевич Середаға келді. Серадада күдік қалған жоқ. Қаражалға кернді ала жөнелді.

Көп кешікпей рудада өте көп құрамы бар қорғасын табылғаны туралы Қарағандыдан лаборатория анализі жетті

Жәйремдегі полиметалл кенінің хабары тұс-тұсқа тарап жатты. Бірақ сенгендерден сенбегендер көп еді. Жәйремге бөлінетін қаржы да бұрынғы көлемінен өскен жоқ.

Анатолий Александрович Рожнов алған бетінен

қайтпады. Өз ойын дәлелдеп, өз пікірін жеткізіп қаншама кеңестерде Жәйремнің үлкен болашағы туралы қызына сөйлемеп еді ол. Ақыры сегіз жыл бойы талмай еңбектенген жәйремдіктер осы төңіректегі мол байлықтың шексіз мөлшерін анықтап та, дәлелдеп те берді.

- Геолог. Папа, геолог жақсы мамандық, ә...

- Геолог... Ол қала тұрғызбайды. Кен де қорытпайды. Бірақ геолог жүріп өткен жерде үлкен қалалар орнайды. Алып заводтар салынып, металдар қорытылады. Жер қойнындағы қазына ел игілігіне айналады.

Геолог - үміт пен күдіктің ағайыны. Оның күдігінен үміті көп. Үміті ілгері сүйрейді. Алға жетелейді. Іздеу, жалықпай талмай іздеу - геологтың күнделікті жұмысы. Табу, ашу - ғұмырлық мақсаты. Жер қойнындағы көмбені көре білу, сезе білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін табандылық, қайсарлық, қажырлылық қажет.

Геолог...

Ол туралы ән де көп. “Жаңбыр мен желдің бауыры - геолог’ сол төпелеген жаңбыр мен құтырынған желдің өтінде қаншама шақырымды жаяу жүріп өтті дейсің?! Қаншама тасты кішкене балғасымен уатып, қаншама тасты жол қапшығымен үйшігіне тасыған?!

Геолог - үміттің ғана жолдасы. Сенімнің ғана серігі. Үміті мен сенімін жоғалтса, геолог деген атаудан жұрдай болады. Сондықтан да геологтарға деген ел құрметі ғаламат. Күнделікті ісімен геологтар келешектің жарқын күндерін жақындатып жатады. Келешекті иығымен көтеріп әкеле жатады. Ал оның жүріп өткен жерлерінде Отан картасында бесбұрыш болып жарқырайтын екпінді алып құрылыстар самсап бой түзейді. Геолог еңбегінің жеңісін айғақтайды.

Ойымызды дәлелдеу үшін тағы да сарғайған документтің құрғақ жолдарына үңілейік, балам.

Оқы.

*“Қазақстан геофизикалық тресі комиссиясының мәжіліс хатынан көшірме ”.*

*7 июль 1971 жыл.*



...Жәйрем барит-полиметалл кен орнын бірінші ашушылар:

1.Антонина Васельевна Строителева - Казгео-физтрестің Атасу геофизикалык, экспедициясының бұрынғы бас инженері;

2.Таңсұлу Гемаловна Қаймирасова - бұрынғы Атасу геофизикалық экспедициясының барлау партиясының бастығы;

3.Анатолий Александрович Рожнов - Жәйрем геофизикалық-барлау экспедициясынын бас геологы,

4.Евлампий Игнатьевич Бузмаков - Жәйрем геологиялық-барлау экспедициясының аға геологы,

5. Мағауия Виталиев - Жәйрем геологиялық-барлау экспедициясының аға геологы;

6.Валерий Яковлевич Середа - Жәйрем геоло-гиялық-барлау экспедициясының аға геологы, деп саналу туралы мәжіліс қаулы етеді.

Осы аталғандарды кен орнын ашып, өрістетуге ат салысқандары үшін мемлекеттік наградаға ұсыну қажет...”

- Көріп отырсың ба, Алмас, еткен еңбек еленбей қалған емес. Ел құрметіне бөленген ерлер мерейі нұрын тек Жәйремге ғана емес, бүкіл Отанымызға таратып тұрған жоқ па? Кешегі геолог А.А.Рожнов - бүгін Социалистік Еңбек Ері. Оның жүріп өткен ізінде бүгін жастық қаласы - Жәйрем оттары жарқырайды.

- Бүгінгі Жәйрем - Отан игілігіне жөнелтіп жатқан руда. Заводтарда Жәйрем кенінен қорғасын мен мырыш, молибден мен темір қорытылып жатса да, Жәйрем төңірегіндегі айтыс-тартыс әлі күнге дейін толастай қойған жоқ.

- Неге толастамайды. Кенді алып та, пайдаланып та жатыр ғой.

- Ендігі таластың мәні өзгеше, балам.

Жәйрем кен орнының қуатына ешкім шек келтір-мейді. Ол анықталған аксиома. Бүгінгі талас Жәйрем кенінің түзілуі туралы. Талас тудыратын ыңғайы да бар.

Жәйремнің үстіңгі темір қабатының дәл астында құйрық-бауырдай араласа орналасқан барит, қорғасын, цинктер қалай пайда болған? Оның үстіне Шығыс

Жәйремдегі кен тереңде жатса, батыс Жәйремдегі руда жер бетіне тым жақын болуы неліктен? Мүмкін, Шығыс участоктегі кендер шөккен тау жыныстарынан құралса, батыс бөлігіндегі руда вулкандар арқылы туындаған шығар.

Геологтар осы соңғы болжамға тоқтапты. Соның арқасында Жәйрем қазынасының кілтін де тауыпты.

1971 жылы Жәйремге алғашқы құрылысшылар отряды келіп, кен байыту комбинатының құрылысын бастап та кетті.

Жеңіс станциясынан Жәйремге бет алған машиналар тізбегі алғашқы алты шатырды құрып бола бергенде, болашақ рудниктің директоры Иван Петрович Бабанин де түнделетіп жеткен еді.

- Ал, жігіттер, уақытты созбайық. Карьерді ашу, аршу жұмысы жоспарға кіріп те кетті. Неше экскаваторшы бар?

- Үшеу. Геннадий Мальцев, Довголенко Анатолий және Строкин Николай.

- Ал шоферлер ше?

- Олар да үшеу - Ветлугаев, Князев, Жуган.

- Бір смена құрастыруға жетеді екен. Шатырда көп тұра коймаспыз. Осыдан он шақырым жерде құрылысшылар орналасып жатыр. Ұзамай үйлер де бітер. Тек, бәрін бірінші боп өзіміз бастайтынымызды ұмытпаңдар. Ал мына жамбасымыздың дәл астында жатқан байлыққа біз бірінші боп жететінімізді ескерсеңдер - одан артық бақыттың түрін білмеймін, достарым! Осы алапта орнаған қаланың көшелерінде, бәлкім, аттарың да қалар.

Ертеңіне Бабанин, прораб Бобров және парторг Ветлугаевтар болашақ карьердің орнына келгенде, осы арадағы барлық техника жиналған екен.

Ат байлар қазықтай кішкене ағаш сына ақ селеудің арасынан көрінер-көрінбес қылтияды. Сол ағаш сына - алғашқы шөміш түсетін белгі. Кеншілердің кіндігімен жалғасқан ат байлар еңбек қазығы.

Директор қолын сермеп қалды.

Іле мотор дауысы гүрілдеп қосылып, экскаватор шөміші әлгі ағаш сына тұрған тұсты түп орнымен



қопара көтеріп тастады. Уралаған дауыс даланы жаңғырықтырып жіберді.

Бұл Жәйрем даңқының алғашқы екпіні еді. Бұл алғашқы шөміш - рудаға жетер жолдың бірінші баспалдағы еді.

Жәйремдіктер талай қиындықтарды да көрді.

Карьерді жер асты суы басып кеткен. БелАЗдар тоқтап, экскаваторлар су ортасында да қалған. Бұл кезде рудник директоры болып Садық Қасымович Асатов тағайындалған еді. Жаңа директор ең алдымен барлық күшті карьерге баратын жолды жөндеуге салды. Содан соңғы әрекет карьерді судан тазартуға жұмсалды. Өйтіп-бүйтіп жүріп оны да жеңген болды.

Отанға Жәйрем рудасын беретін күн де алыс емес еді. Карьер шұңқыры дөңгеленіп, ауқымы кеңейіп, көлемі көз тартып тереңдеп барады. Бірақ кен қабатына жету оңайға түспеді. Өйткені кен қабатын алып тасбақадай бауырына басып жатып алған қалыңдығы он бес метрге жететін тас сауытын тек қана қопарылыс жасап бөлшектеуге болатын еді.

Асатов бұрын өзі істеген Солтүстік руднигіне барып, Барышников пен Деев тәрізді аса тәжірибелі екі бұрғышы-мастерді уақытша сұрап алды. Кеңесші ретінде қопарғышшы Василий Иванович Петряевты және босатқанда Садықтың төбесі көкке жеткендей қуанды.

Карьерге бұрғылау станогын орналастырып, екі жүзге тарта скважина тескізді.

Қопарылыс Ұлы Октябрьдің 58-жылдығы қарсаңында өтетін боп ұйғарылды.

1975 жылдың 7 ноябрі. Қопарылыс жасайтын қопарғышшылар күндізгі сағат үште барлық дайындықты бітірді. Сол сәтте рудниктің бас инженері Ержанов қауіпті аймақтан жұрттың тез кетуіне бұйрық берді.

Сағат төрттен жиырма минут өткенде жер сілкіндірген күшті дүмпу білінді де, лезде құлақ тұндырар қопарылыстың дауысы естілді. Аспандап кеткен шаң-тозаң басылмастан-ақ асыға күтіп тұрған халық БелАЗдарға жармасып, карьерге лап қойды. Қуаныштарында шек жоқ еді.

Сол күнгі бейбіт қопарылыс отыз үш мың текшеметр жартасты ұсақтап, ұнтақтап, Жәйрем кеніне шабуыл жасаған алып экскаваторларға жол ашып берген болатын.

1975 жылы Жәйрем руднигі кен байыту комбинаты боп құрылды.

Ендігі жұмыс көлемі де, жауапкершілік те күрт өсті.

Жаңа құрылысқа деген партия мен үкіметіміздің қамқорлығы күшейді. Күрделі қаржы бұрынғысынан мол бөлініп, болашақ үлкен кен орнының тезірек іске қосылуына қажетті көмек-жәрдемді барынша тез жеткізуге тырысты.

* * *

Су...

Өмір бастауының екі көзі болса, ұлым біреуі - су, бірі - от. От бар жерде өмір бар. Су бар жерде тірлік бар. Ата-бабаларымыз от-құдіретке табынған. Су-құдіретке жалынған. От пен су ошағын жылу мен жарыққа бөлеген. Нәрі мен қорегін айыртқан. “Сусыз жер - нусыз”.

Қазақстанның шөлейтті аймағы үшін судың құны алтыннан да қымбат. Суды тандыры кеуіп, тақыры тілімденген дала сұрайды. Суды жазығын құм басқан, жусанын шаң қапқан сағымды сахара сұрайды. Тамып түсер тамшысы жоқ бедеу аспанның мелшиген ақ сұр шаңырағына арса-арса бұтағын арбита созған сексеуілді құм жоталары сұрайды.

Су... Қасқалдақтың қанындай зәру ол.

Кеуіп, қаталап жарылған еріннің талай ғасыр күбірлей қайталаған ынтығы да “су” болған.

Суды анасындай қадірлеген халық. Баласындай аялап мәпелеген. Тіміскілеп іздеп жүріп, ши түбі мен саздауыттардан құдық қазған. Өзен табынан жырмалап бұрып, арық тартып, атпа салған. Ирелеңдетіп өрге сүйреген. Құлдилатып ойпатқа жамыратқан. Өйткені су нәрі еді, жаны еді. Ыстық күнде денесін салқындатар, терін үгер салқын су арабтың “зәмзәм” суынан артық көрінетін.



Мөлтілдеп, мөлдіреп, елжіреп, шымырлап шығар көздерге ат қоюда да қазақ алдына жан салмаған ғой. Мысалы, бұлақ деп те атаған. Тұма деп те ат қойған. Қайнар деп те азан шақырған. Бәрі-бәрі су қасиетін жүрегімен ұғынған көңілдің ықыласы. Бұлағын өзен қылуға әрекет жасаған. Тұмасын тұман жұтпасын деп жанталасқан. Қайнарын айдынға ұластыруға ұмтылған.

Бірақ жігерді құм, талапты тұл қылған қол қысқалығы еріксіз бармақ тістетумен ғана келген. Үмітін үзбеп еді. Ақыры арман орындалар уақытқа да жетті. Ол заман - бүгінгі социалистік дәуіріміз екен.

Жәйремдіктерді де су мәселесі көп қинады. Қала тұрғызу үшін де, қала тұрғындары үшін де, комбинатқа да тұщы су аса қажет болған. Жер асты суы минерал тұзы көп, әжетке жарағысыз болған соң, гидро-геологтар Жәйрем төңірегінен тұс-тұсқа бұрғы салып, су іздей бастады.

Ақыры тапты да.

Селеулі даланың дәл ортасында тостағанға құйған тосаптай Тұзкөл тұнжырап жататын. Тұзкөлдің жыр-тылып-айырылып ұшып-қонатын құсы аз. Тұзкөлдің дөңгеленген жағалауын шиырлаған аңның ізі сирек.

Тұзкөлдің суы ащы.

Тұзкөл - тұзды көл болатын.

Бірақ Тұзкөл - құнды көл екен. Төбесіне тұзы мол суын төңкеріп ұстап, төменіне тұщы суын жасырып келген ғой. Мүмкін, тұщы суым буға айналып құрыр, тұманға айналып сейілер деген малсақ жанның артына тықпалағыш мінезіне сайған шығар. Әйтеуір, бауырына басқан базарлысын балаларына берер күн туды.

Тұзкөлдің астында тағы да тұщы сулы көл бар екен. Қарағандының “Союзшахтаосушение” басқармасы-ның бұрғышылары әр тұстан 26 скважина бұрғылап, оларға қуатты насостар орнатып, құрылысшыларға мол су көзін тауып берді.

Ендігі істі Казмедьстройдың номері алтыншы жылжымалы механикалық колоннасы қолға алды. Мақсат - Жәйремге қажет гидрокомплексті тездетіп бітіру. Ол үшін артезиан скважиналарынан шапшыған өмір нәрі - суды құбыр арқылы қалаға тарту қажет.

Табиғат құрылысшылардың жоспар-жобасымен санаспайды. Ол бірде аязын құтырындырады - түкірігің жерге түскінше мұзға айналады. Мұрныңды бір уқалап қойып, күйбең-күйбең қимылдай бер - үскірігін үдетпесе, азайтпайды.

Ол бірде аңызағын молайтып, аптабын күшейтеді - таңдайыңа жабысқан тіліңді аузыңа сыйғыза алмай түкірігіңді тамағыңа жұтын - бәрбір ілікпейді.

Бірақ табиғатқа табынған таланынан айырылады. Жылжымалы механикаландырылған колонна жұмысшылары Жәйремнің аязы мен аптабына қарамай су құбырын қалаға жеткізді. Өмір нәрі өзектерге жүгірді. “Су” дейтін арман, ғасырлар арманы крандар арқылы әр ошаққа кірді, түтіктерде жүгірді, қазандарда буға айналды, жұмысшы боп жегілді.

Трассаны салған жұмысшыларды атап кетуді парыз санаймын, балам. Бұл есімдер сенің де есіңде қалсын. Олар - М.Яковишин басқарған балташылар бригадасы. Олар - Н. Савинов басқарған монтажшылар бригадасы. Олар - құбыр салушылар В.Чередниченко мен А.Мұсаевтар, тас қалаушылар Л.Серкова мен И.Матачунас, жұмысшылар В.Савченко, А.Кармышев, Л.Русан, Сәбит Нұрғалиев т.б.

Көріп отырсың, Алмас, әр ұлттың, әр халықтың өкілдері тағы да бас қосқан. Тағы да тізе қоса жұмыла жұмыс істеп, абырой тапқан. Ел игілігін еселеген. Бұл да өскелең социалистік заманымыздың құдіреті. Халықтар достығының мызғымас қасиетінің айшықты куәсі...

Жәйремнің ең биік тұсына шығып алып, асықпай отырып жан-жағыма бажайлап көз жіберіп, тамаша бір көріністерді көріп, еріксіз көмейіме тығылған қуаныш жасын - марқаю, масаттану жасын қылғына жұтындым...

Тұс-тұстан тарау-тарау өмір тамырларындай Жәйремге тік тартып, ат басын бір-ақ тірейтін темір жол ол. Автотрасса ол. Электр торабы ол. Тұзкөл су жолы ол.

Баған бастарына желілеп сымын тартқан электр торабымен қала мен комбинатқа қуатты жоғары кернеулі ток келіп, күндіз-түні тынбай жұмыс істеп



жатыр. Әр үйден, әр терезеден өмір шырағы боп жарқырап, кешке қарай жас қаланың отауларынан күлкі мен ән жамыратып, шаңырақ оттары тұтанады.

- Мен бір кезде Киік руднигіндегі “Жүндітөбеден” жан-жағыма ұзақ үңіле қарайтынмын, балам. Сағымды төбелердің тасасынан Балқашты іздейтінмін. Қиялыммен бүкіл Отанды көретінмін. Енді, міне, мынау биік тұстан айналама қарап отырып, сол ұлан-байтақ Отанның бір арнаға тоғысып жатқан құдіретіне куә боп тұрмын. Мен ол кезде кішкене төбеден арман-үмітімді туған жердің өзім көрмеген түкпір-түкпіріне ұзатқан жолаушы едім. Ал бүгін сол ұлы Отанның тең жартысын шарлаған маған Жәйремнің жаңа, өскелең көрінісі ерекше әсер қалдырып тұр. Қалай еміренбессің! Қайтіп толғанбассың!

Анау алып БелАЗ-дар - белорус туысқандардың, КАМАЗ-дар татар бауырлардың, экскаваторлар орыс ағайынның жібергендері.

Бізде “Асар” деп аталатын жақсы дәстүр бар. Асарда бір отаудың шаңырағын бір ауыл бір-ақ күнде жиналып келіп, қауымдасып көтеріп береді.

Бірақ ендігі “асарымыздың” мәні де, мағынасы да ғаламат боп өзгерген. Қазіргі асарға бүкіл Отан қатысады. Жүзден астам ұлттың өкілдері БАМ-ды салып жатыр. Ондаған халықтың ұлы мен қызы шөлейіт даладағы жастық қаласы Жәйремнің шаңырағын көтеріп, уығын қадады. Анау темір жолмен - Жәйремге арнайы тартылған өмір жолымен енді Отанымыздың түкпір-түкпіріне ел қазынасы - полиметалл ауыр состав болып шеру тартты. Ол - кешегі түйе керуені емес, бүгінгі жүйткіген поезд. Қарқынды заманның қарышты қадамы - жылдамдық, молдық, береке.

Берекелі Жәйремнің мерекесі көбейе берсін деп тілейік, балам.

Облыстың негізгі байлығы - мыс. Жезқазған облысы аталған кезде көз алдына мыс елестемейтін советтік азамат болмаса керек. Жезқазғанның мыс қоры одағымыздағы алдыңғы орындардың бірін алатынын қайталай беруде артық. Оған Қоңырат пен Саяқты қоссақ - кеудеңде мыс теңізі толқығандай бір

әсерлі күйге бөленесің. Ол - елің мен жеріңе деген перзенттік мақтаныштың шарпуы. Ал осы кендердің байытуға өте қолайлы сульфидті болатынын тағы ескертсек және бұл мыс рудасында қорғасын мен мырыш, темір мен алтын, күкірт пен рений, индий мен вольфрам сияқты металдардың қапталдаса жүретінін және естеріңізге салсақ - облыстағы кен орындарының қаншалықты құндылығын өзің де пайымдай білерсің, балам...

* * *

- Машинамыздың ендігі бағыты Атасу - Қаражал,
- деп әңгімені әрі жалғастырдым. - Бұл өңірді ғылыми кітаптарда Өспен кенді аймағы - кенді белбеуі деп атайды. Халық шаруашылығы үшін бұл Өспен кенді аймағының маңызы ересен. Ол Қаражал руднигінен басталып Қарқаралы тауларына дейін созылып, жүздеген километр жерді алып, бауырына байлық біткенді басып жатыр.

Жәйрем комбинаты да, осы облыстағы Ақжал кен байыту комбинаты да іске қосылды.

Бұл екеуі республикада алдыңғы орындарғы шықты.

Ал Атасу темір және марганец кен орындарын атамай кетуге болар ма? Ұйқыда жатқан болашақ алыпты елемеу қиянат қой.Аяқ-қолын жинап, бауырын көтеріп дүр сілкінгенде, бұл өңірде ғажайып өндіріс ошағы қыз-қыз қайнайтын күн де алыс емес. Әсіресе-Батыс Қаражал төңірегіндегі кен орындарының орны бөлек. Олардағы магнит-гепатит кендері 50-55 процентке жететін темірімен, 25 процентке дейін жететін марганецімен байытусыз-ақ қорыту пештеріне сұранып тұр. Экскаваторыңды әкел де, поезыңа тиеп, жөнелте бер дейтіндей.

Молибденді соғыс қажетіне кезінде артығымен берген Шығыс Қоңырат руднигі әлі де қарқынын тежей қойған жоқ. Оған Ақшатау молибденін қоссақ
- облыстың құдіреті асқан үстіне аса түспек.

Молибденнің қасиетін білесің, балам. Жезқазған



облысынан тағы бір молибден кен орны ашылды. Ол - Көктіңкөл. Көктіңкөл молибденінің бағасын көтеретін артықшылығы - бұл кенде молибденмен бірге аса құнды металдар - мыс, висмут және вольфрам бар. Көп ұзамай Арқаның төсінде жаңа қаланың жұлдызы жарқырайтыны ақиқат. Ол қала - Көктіңкөл қаласы болмақ. Көктіңкөл молибдені Отан кәдесіне асуға сұранып-ақ жатыр.

Жезқазған облысы - тұнып тұрған кен орындары. Ендігі мақсат - кен базарларының өркендеуі мен шикізатты дайындаудың арасындағы кереғарлықты азайту. Кен байыту фабрикаларын жолға қою. Сонда ғана мол байлығы кезек күтіп жатқан Алайғыр, Қарағайлы, Ұзынжал кен орындарын пайдалану мүмкіндіктері туады. Сонда ғана күні кеше желі азынап, құмы бораған, құйыны ұйтқыған сары даланың өр тұсынан Балқаш пен Жезқазғандай зәулім қалалар бой көтереді.

Сонда ғана бүгінгі Киік сияқты кішірек поселкалардағы қолы бос жастар экскаватор мен алып самосвалдардың құлағында ойнап, Отан байлығын еселейді. Сонда ғана үлкен Жезқазғанның ұлы жұлдызы барынша жарқырайды. Сонда ғана еліміздің мыс магниткасы атанған Жезқазған облысы одан сайын кемелденіп, күш-қуаты толып, қазіргі шар тарапқа кетіп жатқан атағына атақ қосады. Бүгінгі Балқаш пен Жезқазған мысы Польша станоктарында, чех автомобильдерінде, алыстағы Куба мен бауырлас Вьетнам, Болгария, Венгрия заводтарында қолданылып жатыр. Балқаш пен Жезқазған мысын капиталистік елдер - Англия мен Франция, Бельгия мен Голландия т.б. елдер аяқ-қолын жерге тигізбей сатып алып жатыр. Бұл - бүгінгі социалистік өзгерістің жемісі, облыс еңбекшілерінің ақыл-ойы мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Жерлестерімнің табысы - менің мерейім, сенің мерейің! Менің мақтанышым, сенің мақтанышың, балам!

Жерлестерім - балқаштықтар, киіктіктер ғана емес екен, бүгін бүкіл жезқазғандықтар туысыма айналды. Сатылап өскен биіктен алыс аймақ кеңейіп көрінеді. Ауылда туған азамат айналасын кеңейтуге тырысады.

Ол елімен бірге өседі, елімен бірге қанат жаяды. Елінің даңқымен мәртебесін өсіреді. Бір кезде Киікте тудым деп марқайсам, Балқашта өстім деп қуандым. Жезқазғандықпын деп кеуде керсем, қазақстандықпен деп мәртебелендім. Шетелге шықсам Совет Одағынанмын, совет азаматымын деп бүкіл Ұлы Отанды, алып елімді арқа қыламын. Ол - бүгінгі қол жеткен мерейім. Заманымның жақсылығы. Отан-анасына еміренген әр азаматтың құлшына айтар, қайталап отырар дұғасы, алғысы. Совет Одағында туғаныма бүкіл ар-ұжданыммен мақтанам!

Менен біреу: - Отаныңның түсі қандай? - деп сұраса.

- Отанымның түсі қызыл! - деп тақ ете қалар едім.
- Неге? - десе,
- Туым - қызыл! Баламның мойнындағы галстугі - қызыл. Кремльдің жұлдыздары - қызыл. Армиямыз да - Қызыл Армия. Алаңымыз да - Қызыл алаң. Республиканың алғашқы астанасы да - Қызылорда. Қызыл түс - қанымызда. Ол туған жердің ойы мен қырына, тауы мен төбесіне сауылдап құйылған. Қызыл түс - мартендегі алаулаған металл түсі. Паспортымның сырты да ал күрең қызыл. Қызыл шұғылалы таң сәулесі Отанымды үнемі көмкеріп тұрады. Қызыл түс - Алматының апортында. Алаулаған шәкірттер жүзінде. Сондықтан Отанымның түсі қызыл! - деп тақ етіп жауап берем.

Тағы да менен біреу:

- Қай жерде тудың? - десе,
- Киікте тудым, Балқашта өстім, Қарағандыдан ұштым, Қазақстанда қанаттандым, Москвада оқыдым, КСРО-ның азаматымын, - дер едім.

Себебі, алғашқы ізіңнен жолың басталады. Сол жолды қайда тарттың, қалай тарттың - ол азаматтығыңа байланысты. Сол жолыңда көңіл қуанышыңды бөлісер, өз қуанышына ортақтастырар туған еліңнің қалалары мен ауылдары бар. Селолары мен деревнялары бар. Бәрі тілеулес. Бәр-бәрі тілектес.

Бірақ әсіресе үнемі көзін қадап, жолыңа сарыла қарап, тосып отыратын анаңның орны ерекше. Сол анаңдай көрінетін туған жер - және ыстық. Мен



Киікке сондай сағынышпен оралам. Мен Жезқазғанға сондай аңсаумен жетем. Енді Жәйремім бар. Атасу, Қаражалым бар. Арқам бар.

Арқаның атырабы - байлықтың отаны, балам. Қойны-қонышын ақтара білсе, аша салар қазынасынан көз тұнады. Сол байлықты ашып жатқан геологтарға тәнтімін. Кенді өндіріп жатқан кеншілерге разымын. Кеңінен металл қорытып ел ырысын еселеп жатқан металлургтерге қарыздармын. Еңбектерін жырлай алсам деймін. Еліне, халқына жеткізе алсам деймін. Балаларыма, ұлдарыма, ұрпақтарға үлгісін таратып, ұғындыра берсем деймін. Сол үшін тағы да екеуміз сапарымызды әрі қарай жалғастыра түсейік, балам.

## Даладағы оттар

Дала... Ұлан дала. Қанша жүрсең таусылмайды-ау. Қанша жортсаң бітпейді-ау. Алдың жеткізбей, артың алыстамай ұзақ күн бойы қимылдағанда, көкжиекпен қойындасқан мидай жазықтың көз талдырар жер ортасында қалғандай шексіздік атты ұғымды еріксіз есіңе түсірерсің.

Дала кең. Дала - шалқар.

Сағымы сусыған қойнауынан көгілдір шымылдық көтеріп, дірілдеп қапталында қалып бара жатқан шоқ-шоқ сілемге назарынды ұзақ қадайсың. Сол көгілдір перденің тасасынан үзік-үзік көрінетін мүлгіген орманын, мөлдіреген көлін ұшыратқанда кеудеңді туған жердің ұлылығы мен алыптығына деген мақтаныш кернейді.

Сол дала бірде қарағайлы тауларға шалқая иін артып, тынығып дамылдап кетсе, бірте талы мен шілігі, мойылы мен терегі, қайыңы мен қарағашы мол өзендерге құлап, шел басып алады да, қайтадан көсіледі.

Дала. Жай дала емес, маң дала. Ұлан дала. Батысында жантая созылып, Ұлытау мен Арғанаты, Желадыр тауларының сілемдері ұштасып кетсе, содан шығысқа қарай Айғыржалға дейін жазық боп

жайылып, орта тұстағы ұсақ шоқылы аймаққа аяқ басады. Оңтүстігінде Шұнақ, Желдітаулар серейсе, Ақтау алыстан мен мұңдалайды. Тағылы, Бұғылыны қарауылға қойған Қызылтас пен Қызыларай таулары шығысын көмкеріп жатыр.

Осы таулардан бастау алатын өзендер көп. Сарыарқаның екі жағына, екі тұсына қатарласа жарысады. Олар - бүкіл облысты көктей өтетін Сарысу, Сарыкеңгір мен Қаракеңгір, Жыланды мен Жезді, Сарытоғай мен Терісаққан, Атасу мен Шажағай, Құланөтпес, Сарыбұлақ пен Мойынты, Жәмші мен Тоқырауындар.

Таулар осы байтақ даланың әр тұсынан тік шаншылып, қойнау-қолатына, адыр, беліне, сай-жырасына қонған елінің сақшысындай көрінсе, өзендер сол халықтың ырзық-несібесін танытып, жан-жақтан таспалана ағып, малына құт, жанына нәр беріп жатқан берекесі іспетті.

Тауы желден, өзені шөлден қорғаған бұл өңірдің ежелден негізгі ата кәсібі - малшылық болған ғой.

Жер ұйықты алыстан іздемей айналасынан тапқан ата-бабаларымыз төрт түлікті түгел өсіре білгенде, төбеде отырып төменге көз жіберіп, табиғатпен тілдесіп, көші-қон мерзімін анықтап, жайлау, күздеу, қыстауларын қамдаған. Көшпелі ел табиғатқа телміреді. Жыл маусымына тәуелді болады. Қыста қысылса, жазда жадырайды. Төлі тұяқтанады. Өрісі толады. Өрісі толса, ырысы еселенеді. Малы - қойы, түйесі, жылқысы, сиыры байлығы, бары. Жүнінен киім-бұйым тігеді, тоқиды. Киіз басып, сырмақ сырады. Терісінен: илеп - тон, ыстап былғары да дайындайды. Еті мен сүті - қорегі. Мүйізі мен сүйегінен ыдысы мен әшекейлік, зергерлік бұйымдарын жасайды. Мінсе - күлігі, жексе - көлігі.

Арқа өңірі малшы қауымды алдаған емес. Қойнауында шалғынды бұлағы мол, жазығында шабындығы мол. Қыста сайын паналатқан, жазда өзегін жағалатқан.

Бүгінгі Жезқазған облысы малшылық дәстүрді жаңаша жалғастырып келеді. Облыстың жер қоры орасан. Ауыл шаруашылығына қолайлы 25 миллион



гектардан астам жердің жарты миллион гектарына астық егіледі. Оның біраз бөлігі суармалы. Осы жер қорының көпшілігі жайылым үшін пайдаланылып, облысты республиканың мал шаруашылығы өркендеген ірі ауданына айналдырып отыр.

Сарыарқа өңірінде егін шаруашылығы, ет пен сүт өнімін беретін мал шаруашылығы даму үстінде. Өндіріс ошақтары көбейіп, қала саны артқан сайын, сол өндіріс орталықтарын азық-түлікпен қамтамасыз ететін қала төңірегіндегі ауыл шаруашылық орындары - колхоз, совхоз, подхоздар көбейді. Ауылды коллек-тивтендіру кезеңінде Жезқазған облысының солтүстік-шығыс аудандарында техникамен жақсы жабдықталған егін шаруашылығы қалыптасты.

Облыс жеке өз алдына шаңырақ көтерген тоғызыншы бесжылдық кезінде ауылшаруашылы-ғының барлық саласын өркендетуге жүз қырық миллион сом қаржы бөлінген еді. Өндірістік қор екі есе молайған болатын. Совхоздардың энергетикалық қуаты әлдеқайда артқан-ды. 1971-1975 жылдары шаруашылықтар екі мың сегіз жүз трактор, тоғыз жүз астық комбайнын, бір мың екі жүз автомашина және басқа да көптеген техникалар алып, минерал тыңайт-қыштармен қамтамасыз етілді.

Осының арқасында астықтың шығымы жақсарып, еңбек өнімділігі артты, тоғызыншы бесжылдықтын, қорытындысында ауылшаруашылық өнімдері сегізінші бесжылдықден салыстырғанда отыз алты процентке асып түсті. Облыстың еңбеккерлері астық тапсырудың бес жылдық жоспарын үш жылдың ішінде орындап, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын, ет және жұмыртқа дайындауды мерзімінен бұрын бітірді.

Әсіресе қой шаруашылығы қауырт өсті. Зоотех-никалық және ветеринарлық жұмыстар дұрыс жолға қойылып, мал тұқымы жақсартылды. Жемдеу мен семіртуді ұйымдастыру күшейтіліп, жас төлдің қосылуы көбейтілді.

Жақсыға ұмтылу, өнегені алу, тәжірибені қабылдау халқымыздың қанына сіңген қасиет емес пе, балам? Үйренем дегендерге, үлгі тұтарлық шаруашылықтар бұл өңірде көп-ақ.

Асыл тұқым өсіретін “Просторненский” заводындағы сойыс малдың сапасын жақсартуды үйрену қай шаруашылыққа көптік етер еді?

Немесе “Көктіңкөл” совхозындағы ірі қара малдың орташа тірідей салмағын төрт жүз елу-бес жүз килограмнан өткізетінін айтып мақтанбасқа болмас па?

Сүт бұлағын ағызған “Красная поляна” завод-совхозы әр сиырдан сауылатын сүт мөлшерін үш мың үш жүз килограмға жеткізгенін, “Қызыларай”, “Қаракеңгір” совхоздары жыл сайын еділбай қойының әр жүз саулығынан жүзден астам қозы алатынын, XXII партсъезд атындағы совхоз бен “Қызыларай” совхозының жылқышылары әр биеден құлын алатынын, Балқаш құс фабрикасының әр тауықтан екі жүз жетпіс жұмыртқа алатынын неге айтып кетпеске?

“Просторненский” асыл тұқымды мал өсіретін завод - республикамыздағы ең алдыңғы қатардағы шаруашылықтардың бірі. КСРО және Қазақ ССР Ауылшаруашылығы жетістіктері көрмелерінің көптеген дипломдары мен медальдарін алған бұл заводтың малын Монғол Халық Республикасының шаруашылықтары сатып алады.

Мал шаруашылығын өндіруде облысымызда аты әйгілі малшылар да көп қой, балам.

Олар - шопандар, Социалистік Еңбек Ері Сатан Ысқақов, Орынбай Райымбаев, Үмітбек Сұлтанбеков, Мыңбай Берденов, Тұрмағанбет Әлжібеков, Қалдыбек Орынбаев, Мұрат Исин, Әбділдә Хасенов, сауыншылар Полина Юрочкина, Марина Черкашина, Анна Приступа, бақташылар Нығиман Жақсыбеков, Төкен Сүлейменов, жылқышылар Сәмет Имухаметов, Болатбек Мұқашев тағы басқалар.

Облыстық партия комитеті ауылшаруашылығын одан әрі өркендетуге үлкен көңіл бөліп, астық пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға үнемі қамқорлық жасап келеді.

Ол қамқорлық - ауылшаруашылығын техникамен жабдықтау.

Ол қамқорлық - семинар-кеңестерде іріленген комсомол-жастар шопан бригадаларының үлгілі тәжірибесін көпке тарату.



Ол қамқорлық - асыл тұқымды малды сұрыптау және ветеринарлық жұмысты алға шығару.

Ол қамқорлық - еңбек өнімділігін арттыру үшін малшылар жұмысындағы қиындықтарды азайтуға күш салу, малды бордақылау технологиясының прогрессивті әдісін табу.

Осының арқасында “Нұраталды”, “Көктіңкөл”, “Бидайық”, “Шет”, “Ұлытау” совхоздарында механикаландырылған сүт фермасы салынып, іске қосылды. “Кеншоқы” және “Қаракеңгір”' совхоздарында - механикаландырылған қой комплексі, “Путь к коммунизму” совхозында сиыр бордақылау комплекстері салынып, жұмыс істеп жатыр.

Соңғы жылдары қой санын екі миллионға жеткізу үшін облыста елуден астам комсомол-жастар шопан бригадалары құрылып, олардың қарауына жүз отыз мың қой бағып, күтуге берілді.

* * *

- Тоқтаңызшы!
- Жайшылық па, Алмас?
- Тормоз майы қызған болу керек. Әне, қызыл шам жыпылықтап жанып, белгі беріп келеді.
- Рас, ей! Қалай байқамағам?

Машинаны тоқтатып, капотын шалқайта ашып тастап, үңіліп жатырмыз.

- Майы азайыпты. Қазір құйып жіберейін, - деп Алмас машинаның қобдишасынан кішірек құтыны алды. - Пәлі, мынау бос қой. Түк жоқ.

Екеуміз бір-бірімізге аңырая қарап қалыппыз.

Тежегіш майынсыз тәуекелге басуға болмайды. Айдалада май табу - көңілге сыймайтын нәрсе. Күн болса одан сайын ысып, күйдіріп барады.

- Не істейміз?

Алмасқа қарап, өзімше далбасалап жатқаным бұл. Әрине, кінә менен. Жол жүргенде ұсақ-түйек, керек-жарақты түгендеп алмасаң - машақат көруің аяқ астынан. Менің шоферлығымның “мықтылығы” осындай.

- Біреу-міреу кездесіп қалар, папа...

Дәл соны күтіп тұрғандай арт жағымыздағы айнала тұмсықтан қызыл “Жигули” шыға келді.

Қолдарымызды ербеңдете көтеріп, “дауыс беріп” тұрмыз.

Машина қатарласа бере жүрісін баяулатып, жол шетіне бұрыла тоқтады.

- Ассалаумағалейкум! - Орта бойлы, шымыр денелі жүзі күнге әбден тотыққан жігіт қолын ұсынды.

- Әлейкумсәлам. Ділгер боп тұрғанымыз...
- Ә-ә... Қай жері?

- Тежегіштің майы азайып...

- Оның жарасы жеңіл онда. - Жігіт машинаның багажнигінен бөтелкесін алып, біздің көлігімізге жақындады. Майды құйды. Моторға саусағын тигізіп көрді.

- Қызып кетіпті. Тасолдарыңыз да мөлшерінен біраз төмендепті. Алыс жолға сайланып шығу керек қой.

- Оныңыз рас... - Күмілжігеннен басқа амалым жоқ.

Бейтаныс “жарылқаушымыз” бөтелкені Алмасқа ұсынды.

- Құтыңа толтырып құйып ал, - деді де, асықпай адымдап барып, машинасынан он литрлік канистрді көтеріп оралды.

- Жезқазғаннан әрең тауып едім. Бүгінде тасол - қасқалдақтың қаны ғой, - деп ыржия күлді. - Алматыдан келе жатыр екенсіздер. Қонақ сыйлайтын дәстүрімізден жаңылмайын.

Машинамызға майды да, тасолды да құйып берген азамат қайтадан қол алып қоштасып, жүріп кетті. Әкелі-балалы екеуміз қызыл “жигулидің” соңынан үн-түнсіз қарап, ұзақ тұрып қалдық.

- Қандай жақсы кісі еді!

Баламның жүзіне көз тастадым. Ризалық тұнған көздерде адамның адамға деген ішкі еміренген пейілі жарқ етуі керек те. Өзімнің де елжірегіш бір жүрек қылымның күмбірлеп кеткенін сезінгендеймін. Туған жер қандай аяулы едің! Құдіретіңді ұлдарыңның көкірегіне құйып, азаматтың қасиетін әр мінезінен



көрсетіп, әр әрекетінен танытып, осылай баулисың-ау. Жаңағы жігіттің адамгершілігін ұлым ұмытар ма. Өнегесін өзі де сабақтамас па.

- Қап! Атын да сұрамаппыз-ау.

Өкінгеннен не өнсін. Машинаны “суытып, баптап алған соң тағы қозғалдық.

Ендігі беталысымыз - Жаңаарқа ауданындағы Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз.

Көшенің шетінде қарсы кездескен қарттың қасына тоқтап, амандасып, Нариман Ыбрахимовтың үйін сұрадық.

- Ә-ә. Нариман үйінде... Әлгінде ғана келген. Жолдарың болады екен. Әйтпесе, Нариманды табу қиын. Отырмайды ғой ол, отырмайды. Қашан көрсең, жұмыс деп жүргені.

Қария жөн сілтеді. Сілтеген бағытпен еңселі үйдің қасына келдік. Көзімізге қызыл “жигули” бірден шалынды.

- Әке, дәл жаңағы машина. Номерін байқап қалғам, - деп Алмас мәз.

Сол екі арада бейтаныс “жарылқаушымыз да шыға келді. Көптен күткен туысын тосып алғандай жайраңдап тұр.

- Ә-ә, сіздер екенсіздер ғой! Үйге кіріңіздер.

Іздеген Нариман Ыбрахимовымыз осы жігіт екен. Шөл басып, сәл дамылдаған соң сапарымыздың жөн-жосығымен таныстырдым. Нариман Алмасқа күлімдей қарады.

- Алмасжан, туған жерді аралап, еліңнің ой-қырын көзіңмен көрмек болған ниетің жақсы екен. Келешек ұрпақтың әкелер мен аталар дәстүрін іздеуі ғанибет қой. Ұрпақ пен ұрпақтың жалғасы, байланысы бірін-бірі түсінуден, ұғынудан туындайтыны ақиқат. Осы өңірдің ыстығына күйіп, суығына тоңып, даласын дәнге, өрісін малға толтырып жатқан да еңбек адамдары. Олар - анау малшы, анау диқан, анау механизаторлар. Бәрінің тілегі - ел ырысын еселеу, Отан байлығын арттыру, бейбіт өмірді көркейту.

...Өзім туралы не айтайын... Көптің бірімін. Жұмысшы семьясында туыппын. Содан да еңбекке ерте араластым. Сегіз класты бітірісімен “Алғабас”

колхозында жұмыс істедім. Бірақ бір мамандықтың тұтқасын ұстаудың қажеттігін көп ойлаушы едім. Негізгі кәсібің болмағаны қиын. Ақыры Саран қаласындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесіне түсіп, бітіріп шықтым. Содан соң Жаңаарқа машина-трактор станциясы мені "Алғабас" колхозына механизатор етіп жіберді.

Еңбек өтеуі - қажыр мен жігерде. Ынтаң мен пейіліңде. Не нәрсеге де құштарлық пен құлшыныс қажет. Механизатор бола жүре оқуымды жалғастырып, он жылдық білім алдым.

Нариман кідірді. Өзі туралы көп айтуды жаратпай ма, сұрақ қойып, қозғау салмасаңыз кібіртіктей береді.

- Аға, тәлімгер-механизатор көрінесіз. Жастарды баулу қиын ба? Олардың арасында да кейбір керенау тартатын жалқаулары кездеседі ғой, - деп Алмас әңгімені ұштай түсті.

- Әрине, ондайлар да бірен-саран кездесіп қалады. Дегенмен, біздің механизаторлар өз міндеттемелерін асыра орындаумен келеді. Еңбекке баулу деп мен өз тәжірибеңмен жігерлендіруді айтар едім. Жастар әсіресе алдыңғы ағалар әрекетін арқа тұтқыш. Солардың өмір тәжірибесіндегі жетістіктерін пайдаланып, өздері де еңбектегі көрсеткіштерін үнемі өсіріп отыруға тырысады. Кейде озып түсіп жататын кездері де бар. Әйтпесе болар ма, Алмасжан. "Ат тұяғын тай басар" дейміз. Ендігі сүйенеріміз де, сүйінеріміз де сенің құрбыларыңның арасынан шығары рас. Ауыл тұтқасы - жастар. Болашақ солардікі. Сондықтан жастарға деген сеніміміз зор.

- Өзіңіз, Нариман аға, Жезқазған облыстық партия конференциясына үш мәрте делегат болып қатысыппыз. 1973 жылдан 1978 жылға дейін облыстық партия комитетіне мүше болыпсыз. Қоғамдық жұмыстарға уақытты қалай табасыз?

- Өзің мен туралы бәрін біліп алыпсың-ау, Алмасжан. Иә, облыстық конференцияларға да, аудандық конференцияларға да үзбей қатысып тұрам. Аудан, облыс көлеміндегі істер мен мәселелерді бірігіп, кеңесіп шешуге азды-көпті септігім тиер болса, оған марқаюыма хақым бар ғой. Уақыт таппайтындар - уақытын босқа сарп ететіндер ғана. Қоғамдық жұмыстар - коммунисті шыңдау мектебі. Өзіңнің еліңе, халқыңа керек екеніңді жаныңмен түсініп, сол ел мүддесі үшін еңбек ететініңді ұғынсаң - тау қопарардай құлшынатының анық. Өйткені рухани байлық, рухани қазына - адамдармен, бүкіл бейбітшілік сүйгіш азаматтармен бірлігіңде, тұтастығында. Сонда ғана үнемі ілгері адымдап, болашақ күндердің жарқын нұр шуағы үшін аянбай қызмет етесің.

Наримен Алмастың иығына қолын салды.

- Көп сөйлеп кеттік білем. Алмасжан, жүр. Машинаңды екеуміз бір қарап, тексеріп өтейік. Май ағуына қарағанда, манжеті жыртылған болар.

- Онда не істейміз?

- Е-е, механизатор емеспін бе мен? Манжетін ауыстырамыз. Саған да тәлімгерлік жасайын...

Ленин орденді атақты механизатор жастардың тәлімгер-ұстазы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Нариман Ыбрахимов екеуімізбен тағы да қол ұстасып қоштасты.

Еңбекте шыныққан алақанды әкелі-балалы біздер сүйсіне қыстық.

* * *

Күн талма түс. Машинамыздың іші ысып кетті.

- Папа, алдымызда көпір көрінеді. Өзен бар шығар. Сәл аялдап, суға бір сүңгіп шықсақ қайтеді? - деп Алмас тер жуған бетін алақан сыртымен сүртіп тастады.

Үндегем жоқ. Көпірді өзім де көріп келе жатырмын. Бірақ сол көпір астынан су табарымызға күмәндімін. Талай көпірдің үстінен өтіп, талай өзеннің ескі арнасын қиып кетсек те, жылтыраған нәр кездеспеп еді. Тағы да кездеспейтініне сенімдімін.

Жайлап, жол шетіне бұрыла тоқтадық.

Алмас машинадан шыққан бойда жүгіре жөнелген, көпірге жетер-жетпесте кілт бұрылды. Ұнждырғасы түсіп, ренжіп оралды.

- Папа, бұл өзендерге не болған?!

Балама не деп жауап берерімді білмеймін.

Иә, өзендер неге тартылып кеткен? Сай сайын ағатын бұлақ қайда? Ши түбін түртып қалсаң, сырғанай жөнелетін көз қайда?

"Суды жер тартып кетеді" дегенді ертеректе үлкендерден естуші ем. Шынымен жер тартып кеткені ме?

Отыз жылдай бұрын осы өзендер мол сулы болатын деп көз көргендер айтады. Өзім де талайын көргем. Талай өзенге шомылғам. Ал бүгінде торғай ішерлік суы болмай, табанының құмы тақырланып кеуіп, кеберсіп жатқаны.

Ғалымдар осынау жаппай құрғап бара жатқан өзен-көлдердің мүсәпір халіне қандай себеп айтар екен? Ғалымдар сол мүсәпір өзендердің мүшкіл халіне көмектесудің, суын көбейтіп, нуын көгертудің қандай жолдары бар екенін қашан көрсетер екен?

Жезқазған облысында ескі арна көп-ақ. Кейбір ғалымдардың есептеуіне қарағанда бұл облысты үш мыңнан астам өзен мен өзен сағалары бар екен. Ал үлкенді-кішілі көлдерінің саны да 2-3 мыңға жетіп жығылатын көрінеді. Оны біз құрғақ арнадан, сорланған көл табандарынан көріп те келеміз. Бірақ су жоқ.

Қайран су!..

"Су!... Су..." деп тұрған даланың тақыры тілім-тілім. Сорының тұзы бетіне теуіп, бетпақтанып жатыр. Бір кездегі ат бауырын сипайтын шалғыны, түйе жасыратын көк шиі, қой жасыратын қарағаны таусылып-ақ біткен.

Бұл өңірде тұщы сулы айдын аз. Жер асты сулары минерал тұзға бай. Әлгі тарау-тарау өзен сағалары көктемде ғана қар суымен бір толып қалады да, бей-берекет тасып, қос жағасын кеміре жұлқылап-жұлқылап барып, айналасы бір-ақ айдың ішінде жуасып, жіңішкеріп сала береді. Осы өзендердің 70-80 процентке дейінгі қоры қар суымен жиналады екен де, жазғы ыстық басталысымен буға айналып, жерге сіңіп, жым-жылас жоғалады екен. Тіпті облыстағы ең үлкен өзен Сарысу да әр жерде бір мөлдірейтін дөңгеленген қарасуларға айналып, үзіліп-үзіліп қалады. Бір-біріне жапақ-жапақ көз сүзген егіз баладай әлгі



қарасулар анда-санда жауатын жаңбырда жылап көріссе, Мойынты, Тоқырауын, Жәмші өзендерінің халі тіпті мүшкіл. Торғай жалдап өтердей тарылып, тартылып таспалана жіңішкереді.

Су!.. Ол малға да керек, жанға да қажет. Әсіресе өркендеп бара жатқан өндіріс орындарына қажет. Су болса, әлі күнге дейін пайдаланылмай жатқан Арқаның жайылымы мен шабындығы кәдеге асар еді. Ақтылы қой, алалы жылқы мыңғырып өсіп, байлықты еселер еді. Азық-түлік программасын жүзеге асыруда мол мүмкіншілік туғызар еді.

Су!.. Ол - өмір нәрі, тірлік сөлі.

Су қорын көбейту үшін облыс көлемінде қаншама әрекеттер жасалмады. Қаншама тоғандар байланып, бөгендер салынбады. Қаншама су қоймалары жасалмады. Артезиан құдықтары қазылып, шаңыраулар шегенделмеді. Бәрібір су проблемасы толық шешіле қоймады.

Су!.. Осы суылдаған үн жел суылынан естілгендей. Сиреп бара жатқан ши шуылынан естілгендей. Ін аузында қылтиған саршұнақ пен суырдың ысқырығынан жететіндей. Сары адырдың қайқаңынан сары бауырын, жез сауырын жалтыратып, жылт-жылт көрініп, жарқ-жұрқ секірген киіктердің сарсыла жүйткіген аласапыран тірлігінен сезілетіндей.

Су!. Таңдайымыз кеуіп, тіліміз аузымызғы сыймай, жортқан жолаушының аянышты халін кешіп келе жатқанымызда алдымыздан көл айдыны көз тұндырды. "Су! Су!"- деп ұлым екеуміз қосыла айқайлап жібергенімізді де байқамаппыз.

Бәсе! Су болмаушы ма еді! Су жарықтық қандай әсерлі еді! Машинадан түсе қалып, салқын суға бас қойдық. Бетімізді жуып-шайындық.

- Жезқазған жеріне су келе жатыр, - деп сәлден соң ұлыма әңгіме бастадым. - Кәрі Ертістің қасиетті суы енді Ертіс - Қарағанды каналынан бері қарай жаңа арна таппақ. Ендігі канал аты - Қарағанды - Жезқазған. Бұл су жолының ұзындығы сегіз жүз жетпіс километрден де астам болмақ. Канал салынып біткен кезде секундына жүз текшеметр су береді екен. Ал ол үшін елу миллион текшеметр топырақты тысқа

шығарып, жүз жетпіс бір миллион текшеметр бетон мен темірбетон қалап, жүз жетпіс бес мың тонна құбыр салу қажет.

Қазір Ақтасты су қоймасы салынып жатыр. Бұл қоймада жетпіс жеті миллион текшеметр су қоры жиналмақ. Ақтасты су қоймасы айдынының аумағы он алты шаршы километр жерді алып, аққу-қазы төсінде қалқитын күн таяу.

Арқадағы алып құрылыстың жағдайы осындай. Бұл да бүгінгі құдіретті дәуірдің жемісі ғой, балам.

Алыпты алып туғызғанына көзіміз жеткені сондай, мына кең алқапта орнайтын ондаған көкөніс пен сүт өндіретін жаңа совхоздарының келешегін қызыға ойлап, әрі қарай аттанып кеттік.

- Әрине, Қарағанды - Жезқазған каналы облыстағы суармалы жердің көлемін екі еседей өсіргенімен, шексіз, шетсіз ұлы даланы жарылқай алмайды. Облыстық су құрылысы тресі басқа ресурстарды да кеңінен қарастырып жатқаны белгілі. Соңғы жылдарға шейін облыс көлемінде тұщы су аз деген жорамал көп айтылып келген еді. Бірақ гидрогеологтардың жанқиярлық еңбегі арқасында бұл пікірдің жаңсақтығы анықталып, әлденеше артезиан құдығы қазылып, жер асты тұщы суының мол бассейндері табылды. Осы суларды дұрыс пайдалана білсек - ондаған миллиард текшеметр су қоры балансқа кіреді екен.

Сарысу, Мойынты, Жәмші, Тоқырауын, Талды сияқты өзендердің сағасындағы тұнба суларды болашақта кәдеге асыруға мүмкіндік мол. Сондай-ақ зерттеулердің нәтижесінде Бетпақдаладағы жайылымдық жерлер мен Торғай ойпатының оңтүстік-шығысы жер асты суына бай екен. Қазақ КСР Ғылым академиясының мәліметтері бойынша облыстағы жер асты суының жалпы қоры - жүз миллиард текшеметр де, артезиан суының қоры - жүз отыз миллиард текшеметр.

Байқап отырсың ба, осы суды ел мүддесіне дұрыстап жарата білсек, шөлге гүл өсіп, шөлейтке бақ орнап, құм нуға айналып сала бермей ме?!



* * *

- Папа, қайда бұрылдық?
- Қазір дала профессорымен кездесеміз.
- Профессор деймісіз?
- Иә, балам. Бүкіл ғұмырын ел ырысын көбейтуге жұмсаған, даланың ой-шұқырын бес саусағындай біліп, табиғатпен тіл табысқан адам бар алдымызда. Ол - шопан Сатан Ысқақов. Профессорымыз - сол кісі.

Тарам-тарам күре тамырдай жамыраған дала жолының бірінен біріне ауысып төтелей тартып келе жатқан машинамыз бір кез шоқырақтап жолсызбен тіке салды. Сәлден кейін сағыммен мұнарлана көтеріліп, ақ шаңқан киіз үйдің күмбезі дірілдеп көзге шалынды.

Сусап кеп салқын қымызға мейір қандырған соң, тысқа шықтық. Отарын науаға жауып тастап, қойларды балаларына табыстаған Сатан аға бізбен шүйіркелесе амандасты.

Үшеуміз әңгімелесіп отырмыз. Қол басындай бозторғай көкке шаншылып алып, әлдебір таусылмас әнін ұзақ сайрады. Содан кейін лақтырған кесектей кілт құлдилап, шек-шек шырылдаған құмның бозына жасырынды.

Сатан жазық даланың аспан мен жердің біреңкей сарғылт бояуымен ұштасқан көкжиегіне қадалып, сөйлеп отыр.

- Мен өткенді орағытып тірілтіп, келешекті төндіріп әкеп сәуегейлік білдіруден аулақпын. “Жұлдыз” беттерінде ақын аға Әбділда “Есімдегілер” деген естелігін берді ғой. Менің де айтарым: есімде қалғандар. Шопандық еңбегімде азды-көпті тәжірибем мен көргендерім. Біреуге: “Әй, шіркін, сен де сондай екенсің-ау!” - деп тікірейген жерім жоқ. Біреудің маған: “Сені де көрерміз!” деп көңілі қалып налығанын естімей келем. Ақыл-кеңесім болса аянбадым. Өзімде жетпегенді елден алдым. “Ел іші - алтын бесік” дейді. Сол рас. Үйретеді, өсіреді. Түзетеді, адам, азамат қатарына қосады. Еңбегің сіңсе, еркелетпес ел де, қадірлемес халық та болмайды. Құдіретін танып, қадірін ақтай білсең, абыройың да аспандай береді

екен. Алмас балам, мына әкеңе айтып отырған әңгімеме сен де құлақ сал. Артық етпейді, қарағым...

1928 жылы туыппын. Аласапыран кез ғой. Кәмпескенің оңды-солды балта сілтеп, жаңа тірліктің пәрменді ене бастаған дәуірі.

Әке-шешем енді-енді есе тиген шаққа жеткенде бірінің артынан бірі дүние салды. Мені нағашы апам Қалима тәрбиеледі. Сол кісінің қолында жүріп соғысқа дейін жетінші класты бітірдім.

Біздің жерді Түгіскен деп атайды. Туған жерден ыстық, туған жерден қадірлі де қасиетті еш нәрсе жоқ. Украин үшін - терек, орыс үшін - ақ қайың, қазақ үшін - дала туған жер деген ұғыммен бір болар. Далада туып, далада өскен маған Түгіскеннен артық жер жоқ. Түгіскен мекенінен ыстық мекен жоқ.

Соғыс басталды. Халыққа ауыр салмақ түсті. Ауыртпалықты әркім әр түрлі көтерді. Біреу қиналды, біреу қажырланды.

Майдан Түгіскенге жеткен жоқ. Бірақ Түгіскеннен майданға кеткендер көп еді. Туған ағам Алматыда институт бітіріп, елге оралған болатын. Соғыстың алғашқы күндерінде - ақ майданға аттанды. Сталинград шайқасында хабарсыз кетті. Есімде елесі қалды. Мейірлі күлкісі қалды. Кетерде маңдайымнан сүйген ернінің жылы табы қалды.

Ерді ел өсіреді. Қиындық шыңдайды. Соғыс басталысымен мені ФЗУ-ға - фабрика-завод училищесіне шақырды. Сөйтіп Жезқазған қаласындағы он төртінші ФЗУ-ды бітіріп, шахтаға жұмысқа кірдім. Кәсібім - бұрғышы.

Қазір қарап отырсақ, ол кезде соғыспаған жан болмапты. Солдаттар майданда соғысса, елдегі бала-шаға, қатын-қалаш, жас өспірімдер тылда қажырлы еңбек етті. Ыстықты да, суықты да көрдік. Төздік. Халық бәріне төзді. Жеңісті де халық қажыры тездетті...

Москва түбіндегі жеңіс.

Сталинаградтағы жеңіс...

Азат етілген адамдар...

Қалалар...

Осы хабарлар қуантатын бізді.



Мұндай хабарларға сол кезде елең ете құлақ түрмейтін ешкім болмаса керек. Ел тілегі жеңіс үстінде шырылдаған кезді ана сүтімен біздер де сіміріп өстік қой. Содан да болар, ес біліп, етек жаппаған шағымыздың сол бір желпініске толы үміт аулаған күндері дәл өз басымнан өткендей сезініп, іштей толғандым мен аға әңгімесін тыңдап отырып.

- 1943 жылы елге оралып, колхозда жұмыс істей бастадым. Бірақ еңбек майданында жұмыскер жетіспей, Қарағандыға шақырылып, шахтада навалоотбойщик болып істеп жүріп, жеңіс күнін қарсы алдым.

Солдаттар қайта бастады.

Қайтпағандар қаншама...

Мен де елге оралдым.

“Коммунар” колхозында әр түрлі жұмысты атқарып жүрдім.

Соғыс біткенмен, зардабы бірден арылып, кете қоймады. Ауылда астық тапшы, тұқым аз. Колхоз басшылары біраз адамды Нұра ауданынан тұқым тасуға жөнелтті.

Қыс қатты. Үскірік бет-аузыңды жалап, түкірігіңді жерге түскенше мұзға айналдырады. Ол кезде шаруашылық қайбір жетісіп тұр еді. Ер-азамат майданда болып, жүдеу халге ұшыраған колхоздың ат-шанасы да жоқ. Тұқымды түйемен тасимыз. Жануар босаса бүгіндері босады ғой. Қазір машина да, трактор да жеткілікті. Ал ол кездің бар көлігі - түйе.

Түйеге астықты теңдеп, кері қайттық. Ұбап-шұбап келеміз. Шапан жыртық, етіктің жұлық, өкшесі тесік. Ұйтқыған қар қойын-қонышымызға кіріп соқталанып жатады. Қысқы жол қандай ұзақ. Бір боран, бір үскірік...

Соның бәрі көрген түстей өте шығыпты-ау. Қар сынып, көз қарығып, өзек талып өзің араласпаған соң, осынау ардагер ағалардың бастан кешкен қиындығын қайта екшеп, сәл-сәл ауырлағандай боласың да, бүгінгі шадыман тірліктің дүрмегінде лезде ұмытып шыға келесің. Өздері де ұмытты ма екен?

Ойымды оқып білгендей Сатан ағай сөзін менің

әлгі іштей ғана бүлк еткізген сауалыма жауап қайтара сабақтап әкетті.

- Жоқ! Біз ұмыта қойған жоқпыз. Ұзақ түндерде шойырылған белдер мен сыздаған балтыр ұмыттырмайды.Біздің солай еңбек еткенімізді кейінгі жеткіншек інілерім мен балаларым білсе екен деймін.

Біреулер ерлік деп айтар. Бірақ ел істегенді мен де істеппін. Ерекшеленбесем, ерінбесем, басқадан артықпын деп қалай мақтанайын. Адамның күні адаммен. Адамгершілікті де содан үйрендім. Азаматтықты да солардан алдым. Ажалдан да адамдар аман алып қалды...

Басымды көтеріп қасымдағы серігіме алғаш рет бажайлай қарадым. Ат жақты қоңырқай жүздің сәл қанын ішіне тартып, сұрлана беріп, қайта сабасына түскенін шалып қалдым. Көкжиекке үнсіз телмірген енжарлау жанардың кірпіктері бір-бір изендесіп алды да, кең маңдайдағы жалғыз сызықты тереңдетіп жіберді. Ол ойланып қалды. Әлдебір қым-қуыт шақты қайта тірілтіп, біраз үндемей отырды. Еңкейіп бір тал жусанды үзіп алып, әлденеге көзіне тосты.

- Ол бір еш уақытта есімнен кетпейтін оқиға. Арқаның қысы қатты болады. Колхоз басшылары қарулы жас жігіт деп мені жылқы бағуға қосты.

Сол жылдары қасқыр көп еді. Тіпті маза бермейтін. Бір күні ертемен қостан шығып, жылқыны түгендеуге аттандым. Келсем, бір байталды қасқыр жеп кетіпті. Астымдағы ат жарамды. Табыннан тағы бір тың айғырды ұстап, жетегіме алып, қасқырдың ізіне түстім. Сар желдіртіп келем. Бір құм төбеден асып түсе беріп, қасқырдың қарасын көріп қалдым. Айқай сап тура қудым, Үстімде шолақ жыртық қара тон. Басымда тері құлақшын. Қолғапсыз жалаңаш қолмен сойылды қыса ұстап, қос атқа кезек ауысып мініп, қуып келем. Әлде жастық, әлде жыртқышқа деген өшпенділік бойды буды ма, әйтеуір, шығандай беріппін. Қасқырдан қалмаппын.

Күн ұясына еңкейе қасқырды соғып алдым. Кек қайтты. Сонда барып аңғардым: терлеген соң шолақ



тонды бір жерге, құлақшынды бір жерге шешіп тастап кетіппін ғой.

Аяз буып барады. Тер қатып, бойымды суық қысты. Ол аз болса, самайыма сауыстанып мұз қатып қалды. Ойпырым-ай, сондағы жанталасқаным-ай! Екі шекеме қыл бұрау салып сығымдап жатқандай.

Күн ұясына қонып барады. Күп-күрең. “Жылуың қайда, жылуың?!” Солай ойласам керек.

Адамның ең осал жері - белі. Оны суық алды дегенше, тұла-бойыңдағы бүкіл сүйек-сүйегің сырқырайды.

Қайдан келіп, қайда тұрғанымды да білмеймін. Мидай меңіреу дала. Кешкі ымыртпен кішірейіп, тоқымдай боп бүрісіп барады ол да.

Жан дәрмен бет-ауызды, құлақ-шекемді. уқалаймын. Бірде сырқырап ауырса, бірде тызылдап ашиды.

Бет алды жүріп келем.

Мүмкін өмір туралы ойлаған шығармын. Қыршын жас өмірді оңайлықпен қияр ма?

Мүмкін өлім туралы ойлаған шығармын. Ештеңе тындыра алмағаныма өкіндім бе екен.

Астымдағы ат оқыранды бір кезде. Қарайған көрінді. Жылқышы Мақажан екен. Мені адасып далада үсіп өлер деп іздеп шығыпты. Расында да, Мақажан болмаса, менің сол түннен аман калуым екіталай еді. Бар киімді бөліп киіп, далада түнедік.

Әне, ажалдан осылай аман қалдым.

Мақажан марқұмды әрдайым қимастықпен еске аламын. Сол жолы ол менен кем тоңып, менен кем қиналмап еді. Өзін-өзі өлімге тігіп, біреуді медиен даладан іздеп шығу нағыз адамгершілік қой.

Жақсылық ұмытылмайды.

Жаттанды тіркестей жалпылама ести берген соң мән бермейді екенсің. Өмір тәжірибесінен талай рет кездестіріп барып “мидың мың градустық домнасында” қорытып шығарып, сол ып-ыстық, сап-салмақты қалпында құлағыңа құя салғанда, еріксіз бас шұлғисың. Ендеше, жақсылық ұмытылмайды. Жақсылық жақсылыққа бастайды.

Ал жамандық ше?.. Оның да қарымта қайырар ұрымталын аңдып жүретін кезі болмаушы ма еді? Жамандықты қалай қабылдады екен?

Тағы да ой үстінен дөп түскендей Сатан аға бетіме жалт қарады. Көзі күлімдеп тұр екен.

- Жамандық... Жоқ, өз басым ешкімнен жамандық көрмедім. Барлап отырсам, өмір жолымда ізгі жандар көп кездесіпті. Солардың бірі - Ысқақ ақсақал. Мен ол кісіге 1948 жылдан бастап көмекші шопан болдым. Ешкім іштен туа шебер болмайды. Жүре үйренеді. Оның өзі баулығыш ұстазға да байланысты.

Ысқақ ақсақал қой бағудың сан алуан сырын үйретті. 1950-1956 жылдары Арқадан Шуға қой айдағанда үнемі сол кісіге көмекші болдым.

Қой бақтым. Күзеттім. Қырықтым, емдедім. Күйекке салдым. Төлдеттім.

Көмекшіліктен әрі аспадым.

Колхоз іріленген кезде тағы да әртүрлі жұмыспен айналыстым. Шөп шаптым. Қора жөндедім. Үй салдым.

Әр жерде бір істегенім баз біреуге ұнамады. “Еріншек, ұшқалақ” дегендер де болды.

Өзіме де ұнамады. Әр жұмысты істеп, әр мамандықты игергеніме баз біреулер риза болды... “Сатан - нағыз жігіт. Бесаспап. Қолынан бәрі келеді”,- дейтіндер де табылды.

Үйренгеніме өзім де ықыластымын.

Кейіннен колхозымыз совхоз болды. Шаруашылығымыз ірі, абыройлы. Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданындағы “Жеңіс” совхозы шынында да тамаша жеңістердің ордасы.

Бірнеше фактілерге жүгінейік.

Совхоз 1966 жылы сегізінші бесжылдықтың бірінші жылын табысты аяқтағаны үшін Қазақстан Компартиясы, Қазақ КСР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Ескерткіш туы мен ақшалай сыйлығын алды.

Колхоз 1967 жылы да, 1968 жылы да КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

Совхозымыз 1969 жылы Қазақстан Компартиясы



Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар Советінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің Ескерткіш туын иелік етіп, Еңбек қызыл Ту орденімен наградталды.

Совхоз құрылған кезде біразға дейін көмекші шопан боп жүрдім. Әлі де үйреніп, тәжірибе жинайын дегендік еді оным. Бір күні сол кездегі совхоз директоры Ыдырыс Жұмабеков өз алдыма жеке отар алуым керектігін айтты. Бұл пікірді бөлімше бастығы Төлбай Ашықбаев да құптады.

Олай ойлап, бұлай ойлап - келістім. 750 ұрғашы тоқтыға жеке өзім ие болдым. Бұл 1966 жылдың күзі болатын. Жарғақ құлағым жастыққа тиген жоқ. Қайтер екем, қыстан аман алып шыға алам ба деген күдік те бар. Әйтеуір, бел шешіп, жайланып ұйықтаған күнім аз.

Көктемде тұсақ қоздатқанда, жүзінен 115-тен қозы алдым. Тұсақ қоздаған қазақы қойдан мұншама төл алу рекорд болады екен. Маған рекорды керек емес, малымның шығынсыз, аман болуы керек. Әркім мақтай бастады. Дәріптей бастады. Әлі де тоса тұрайық, келесі жылы қандай болар екен деушілер табылды. Мен де соны күтемін. Сонымен 1968 жылы жүзіне 119-дан қозы алдым.

Сенім күшейіп, алғыс молайды...

Басымды изей берем. Адам ғұмыр бойы өз көңілінен кен іздеген геолог сияқты. “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан” деген ақын ойы өмірдегі өз орнынды алданбай, тура тап деп мегзеген ғой. Әркімнің талабы мен таланты дөп келсе, қандай абзал. Сондайда өз орнын тапқанға не жетсін! Талай қайнар көзі ашылмай, талай бастау күн нұрына шағылыспай кеткенде, сонау сәтіне сай келер сағатын қапы жібергенінен емес пе екен?

- Жауапкершілік артты.

Мүддеден шығу. Міндет, Парыз. Үміт. Бәр-бәрі қат-қабат. Іштей шырығып, іштей түлегендей болам.

Бұрын күдіктене қарайтындар енді күлімдей қарайтын болды. Ақыл-кеңес беретін тәжірибелі үлкендер де көбейді.

Қай жұмыс, қай мамандықтың болса да басты тірегі - еңбек. Жалқаулық жағаңа жармасса, енжарлық етегіңнен алады. Оларды жұлып тастап қағып кететін құдірет - еңбек, тек қана еңбек. "Еңбегі бардың өнбегі бар",- дейді халық. Соны анық ұғындым. Ұғындым да тыншымадым.

1968-1969 жылдың қысы бүкіл республика үшін ауыр жыл болды. Несін жасырайық, отарын жұтатып, ақ таяғын ұстап қалған шопандар да болды. Ал дәл осы қатаң қысты артқа тастап, 1969 жылдың көктемінде мен отарымды шығынсыз аман алып шығып, саулықтың әр жүзінен 122-ден төл алдым. Сегізінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылы. 1970 жылы жүзіне 140-тан айналдырып, осы көрсеткіштерім үшін Ленин орденімен наградталдым...

Награда. Құрмет.

Еңбегің еленсе - құрмет те сол, награда да сол. Басқадан артық тұрайын, оқшау, ерекше көрінейін деген тілекпен ешкім мұратқа жетпейді. Жетпек емес. Әркімнің өз жұмысы, өз тірлігі оңдалып, қисыны келіп, бабы табылса, қанат бітіреді. Бағын жандырады. Ол үшін соған құлай берілуі керек. Ол үшін оған атақ, даңққа бола емес, жүрегіңнің қалауымен еңбек етуің керек.

Награда. Құрмет. Құрмет қадірін еңбек адамы жақсы түсінеді. Өйткені ол өз еңбегінің ыстығына күйіп, суығына тоңып қолынан келгенше қоғамдық қазынаның молая беруіне барынша ат салысады.

Награда - еңбегіңнің жемісі, болашақ жұмысыңа міндет те жүктеуші. Осы талаптан төмендемесе, үдеден ұдайы шыға берерiне көңіл тоқ.

Шекшек шырылдайды. Боз жусаннан атылып аспандап кеткен бозторғай дірілдеген үнмен тынымсыз сайрайды.

- Тоғызыншы бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға Бүкілодақтық социалистік жарысқа қатысып, міндеттеме қабылдадым. Соған орай



бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын 3 жыл 8 ай ішінде орындап шығып, республика озат шопандарының алдыңғы легінен көріндім.

Мен 1970 жылы қайтадан бір отар тоқтыға ие болғанмын.

1971 жылы отардағы қойдың әр жүзінен 115-тен қозы, 1972 жылы - 120-дан, 1973 жылы - 140-тан, Ұлы Жеңістің 30 жылдық мерекесі құрметіне 150-ден қозы алдым.

Жалаң цифрларды айтып кеттім білем. Бірақ табыс нақты санмен өлшенбей ме? Ендеше тоғызыншы бесжылдықта келтірген пайдамды да айтайын. Отарымнан 3 мың 853 қозы аман өсіп, мемлекетке 53 мың 222 килограмм қой еті, 9 мың 680 килограмм жүн тапсырылды.

Жеткен үстіне жете берейін, табысты еселей берейін деген жігер болады екен. Ол - қожырауға да, масайрауға да ерік бермейтін серігің. Соны ойлағанда бүгінің ертеңнің басы боп, бүгінгі биігің келешек асудың етегі боп елестейді де, еріксіз ілгері сүйрейді. Ертіп кете береді.

" Сатан-ау, осынша нәтижеге қалай жеттің.Сенің осы қандай сиқырың бар?" деп сұраушылар кездеседі.

Менің оларға айтар жауабым біреу-ақ. Ол - еңбек! Еңбегім жансын десең, ерінбе. Ерте тұр, кеш жат. Еңбекті қадірлесең, елің сені қадірлейді.

Менің қыстауымды Аралқұм деп атайды. Жайлауым - Тереңкөл. Осы екі атау мен үшін күндіз ойымнан, түнде түсімнен шықпайды десем, бір өтірік емес. Аралқұм да, Тереңкөл де құмды жер. Жазық жер. Құмда алабота, боз, шағыр, изен, жусан мол. Мұның бәрі - қой малы сүйсініп жейтін шөптер. Қандай қуаңшылық жыл болмасын, құмның шөбі үзілмейді. Тырбиып жусан өсіп, алабота, шағыр шығады. Ал енді осы шағыр август айында қойды жақсы семіртеді. Қой өсіру оңай емес. Ыстығына күйіп, суығына тоңып, қиынына көнбесең, өсімі аз, шығыны көп.

Басымнан кешкен бір жайды айтайын.

Мешін жылы қыс қатты болып, көктем шыға жауын құйды да тұрды. Бір толастаған емес. Ол кезде Тереңкөлден үш шақырымдай жерде - Тоғжан моласы

басындамын. Жұмысшы қолы жетпей көмекшімді алып кеткен.

Күндіз-түні жалғыз өзім. Көмекшімнің жоқтығы жаныма қатты батты. Майдың 20-сынан июньнің 5-не дейін күні-түні жауған жаңбырдың астында отармен бірге болдым. Жерге қақ тұрды. Әйтеуір, бір абыройы оты мол. Түнде қойдың қасында болып, күндіз екі мезгіл үйге кеп, ыстық шай ішіп жүрдім.

Ол да ұмытылды...

Есіме металлург боп істеген кезім оралды. От-жалынның арасында тұла-бойды шып-шып жуған қара терді кеудеңді қайта-қайта желдеткіштің алдына тосып, үгіп алып, тұзды суды шелек-шелек сіміргенде, жаның дәл мұрныңның ұшына келгендей көрінуші еді. Байқап отырсам, оным шалалық екен. Өйткені қалжыраған түрімді көріп қап, сменалық достар әредік көмекке келіп, тыныс алдыртатын. Ал қасыңда көлеңкеңнен басқа көмекшің болмай, тыныс алдыртатын сменалық достарың да жоқ кең далада жалғыз өзің сыр білдірмей, қажырлылық белбеуін қатайта буып ап, төзімділік көрсету, меніңше, нағыз ерлік. Басқа балама іздегім келмейді.

-Жоқ! Ұмытылған жоқ. Үйретті. Шыңдады. Төзімді етті. Бағуын білсе, күйін тапса, қой семіргіш. Аяқты мал өрістеп жайылғанды ұнатады. Ыстық күнде суық су қоң байлайды. Өзім қолдан қазып алған құдықтарымның суы мол.

Тастай суға мейірімі қанған мал жақсы оттайды. Күніне үш мезгіл суарам. Бұл - машықты дағдым. Қол тимейді, бап келмейді деп тартынып қалған күнім жоқ. Ертемен, азанда, түсте сағат 2-де, кешке 10-11- де науаға жауып, әбден қандырам.

Қойда ауру көп болады. Әсіресе жиі кездесетіні - өкпе ауруы. Құрғақшылық жылы шаң көп болады да қойдың өкпесі кетеді.

Өкпе ауруын болдырмау үшін мен қозыларды жеке бағам. Осында көп шопандар қойдан төлді бөлуге ерініп бірге бағады. Төлді қой алысқа ұзай алмайды. Еріксіз шаң қабады. Шаң жұтқан қой боз өкпе болады.



Мен төлді азаннан бөлем. Әйтпесе қой оттан қалып қояды. Таң қылаң бере үй-ішімен оянамыз. Тездетіп қозыларды айырамыз. Содан да қойларым да, қозыларым да семіз болады.

Аз нәрсеге ерініп, көп нәрседен құр қалуға болмайды. Жаңа айттым ғой, азаннан тұрып төл бөлудің машақатын. Ал енді осы қой, қозы күйлі болса, қыстан шығынсыз аман шығады. Еңбек өтеуі - сол.

Кейбіреулер қыстауының маңайындағы жердің шөбін сақтауға аса мән бермейді. Жердің шөбін соны сақтау - үйіп қойған маяңнан артық. Қазақ"Ер қолынан құс топмас" дейді. Аяқты малды қамап қойып, шөп шашумен семірту қиын. Өз басым үйдің қасындағы соны жерді алтындай сақтаймын. Қар түсіп бекігенше, қойды тебінге салам. Бұның екі жақты пайдасы бар. Біріншіден, қой жақсы тойынады. Екіншіден, аяқты мал жайылып оттаса, семіреді.

Бұл әдеттен жаңылып көрген емеспін. Тіпті боранды, жауын-шашынды күндері де толас-толаста қорадан шығарып, желге қарсы айдап жайып, тойындырамын.

Бір-ақ рет түске дейін шығара алмадым.

"Келісіп пішкен тон келте болмас" Ақылдасып-кеңесіп отыратын достарым бар. Мәселен, Әбділда Хасенов шопан. Кезінде менде көмекшілік міндет атқарған Оразбаев Бектұрсын, Мұқанов Алдаш, Қабаров Балакелер де бүгінде белгілі мамандар. Мұқанов Алдаш Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің грамотасын алып, елеулі еңбек етіп жүр.

Өтірік, өсекке қыбым жоқ. Өтірікке бармаймын, өсекке иланбаймын. Ағынан жарылғанға ақ көңі-ліммен ашылам. Қолымнан келгенше көңілінен табылам. Көмек сұрағанға жәрдемім, кеңесім дайын. Осы біздің совхозда екі комсомол-жастар бригадасы құрылды. Оларға да ақылымды айтып, тәжірибемді үйретіп жүрем. Кейде үйренем де. Әр күннің өз сабағы, өз салмағы, өз сыбағасы бар. Тоқып, біліп алып, көтеріп кету керек. Әйтпесе тоқырап қалу оп-оңай.

Өмір - үйрену, іздену мектебі. Қанша жасасаң, сонша үйрен дейді. Дүниеде ең жарасымсыз қылық - енжарлық. "Өз ақылым ақыл-ақ, кісі ақылы -

шокдырақ” дейтіндер құлшынып қырға шыға алмай, тебініп төбеге көтеріле алмай жол шеті, жар жиегінде күңіреніп, бықсып қала беретінін біле алмайды-ау.

Шекшек шырылдайды. Бозторғай сайрайды. Дала еңбек күйін шертеді.

- Адамға қанат беретін - қамқорлық. Партиямыз бен үкімітіміздің маған көрсеткен сый-құрметі де көл.

Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің төрт медалін алдым. Осы көрме маған “Москвич” машинасын сыйға тартты.

Тағы да бір қуанышты жағдай болды. Малдан келсем, жұбайым Несіпбала гүл-гүл жайнайды. Қолыма бір газетті ұстата берді. Тоғызыншы бесжылдықтағы жоспарымды мерзімінен бұрын орындауыма байланысты Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Советінің хаты екен.

Еңбегің жанғаны осы емес пе?

“...Өзіңіздің семьяңыз бен еңбектес жолдастарыңыз сау-саламат, зор бақытты болып, 1975 жыл мен алдағы оныншы бесжылдықта жаңа жетістіктерге жете берулеріңізге тілектестік білдіреміз!” - делінген.

...Тілектестік білдіреміз.

Еңбегіңнің нәтижесіне мол сеніммен қарап, бүкіл елің, үкіметің тілектестік білдірсе, одан артық бақыт бар ма?!

Семьяңызға бақыт тілейміз...

Рақмет! Зор бақыт!

Іштей қосылам. Іштей қайталаймын. Алғыс деп соққан жүректің толқыны әр кеудеде аунаса керек. Ол - ғаламат. Әр тамшысына күн сәулесі ойнаған кемпірқосақтың жеті түрлі бояуынан басқа, қуаныш, сүйініш, мейірім, ықылас, сенім тәрізді маркайған мезгілдің нәзік сезімдерін сіңірген алғыс толқыны шынында да ғаламат.

Қойлардың алды көтеріліп, өріске бет алған екен.
Сатан тұрып барып балаларының бірін атқа қондырды
Қайта-қайта қай жаққа жаярын қадағалап айтып,



пысықтап жатыр. Шалғайына жармасқан кішкенесін құшақтап маңдайынан сүйді де үйіне жіберіп, қасымызға оралды.

Әке жанарында мейірім мол. Тақырлатып шашын алдырған төбесін жайлап сипап қойып және сөйлеп кетті.

- Мен семьяда да аса бақытты жанмын. Жұбайым Несіпбала екеуміз он төт бала өсіріп, тәрбиелеп отырмыз. Несіпбала “Ардақты ана” орденін алды.

Тұңғыш балам Жезқазғанда институтта оқыған. Алты бала мектеп қабырғасында жүр. Қалғаңдары жас.

Балалы үй - базар. Осылар көмекшілерім де, көз қуанышым да, қолғанатым да.

Біздің “Жеңіс” совхозында жүз мың қой бар. Жеріміз Бетпақдаламен пұшпақтасып жатыр. Әттең, су тапшы. Осы жерді суландыратын болса, нағыз қой өсіретін-ақ жер. Суы мол болса, шөп те жетер еді. Сондықтан да суландыру мәселесі - бірден-бір басты мәселе.

Совхозымыздың басшы мамандары - іскер жігіттер. Совхоз директоры да, партком секретары да тындырымды, білімдар басшылар. Олар совхоз еңбекшілерінің мәдени демалысы мен тұрмыс жағдайына айрықша көңіл бөледі.

Совхозымызда клуб үйі, кітапхана, жаңа жобамен салынған он жылдық мектеп, мен еңбек ететін бөлімшеде сегіз жылдық мектеп бар. Орталық мекен көгалдандырылып, су құбыры тартылған. Грейдерлі жол салынды.

Өз басымның жетістіктері де, мерейлері де көп. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Указы бойынша 1975 жылы 10 февральда маған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Еңбек Ері... Шексіз құрмет. Жаңа міндет.

Халық білді, елің білді. Ендеше еңбегіңді еселей түс. Міндеттемеңді асыра түс. Ерлік биіктен көріне бер, соған лайық бола біл деген сөз.

Артымды шолсам - ұзақжол жүріппін. Ұзақ еңбек жолынан өтіппін. Бір тәуірі, жалтақтап, жалтарып қалған жерім жоқ екен. Қиынды жеңіп, қызық та

көріппін. Еңбек ете жүріп, зейнетін де тауыппын. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттағына лайық көрген халқым бұдан былай да үнемі зор талап қоя берер. Талап көбейсе, міндет артады, табыс өседі. Жігер ұшталады.

Екі көзін алысқа қадаған қарсы алдымдағы адамға қызыға қараймын. Еңбек десе жанып түсетін шын қайраткер осындай болса керек-ау. Сатан аға әңгімесін жалғады.

- Құрмет тегін берілмейді. Берілген құрметті әманда ақтап отыруға тырыспасаң және босаңсып кетесің. Соны мен мықтап түсіндім. Намыс - жан қайрағы. Жанып отырмасаң намыс та мұқалмақ. Бәрінен де бұрын азаматтық парыз кеудеңде шырақ орнатуы қажет. Шырағын өшірсең-ақ, адасуың оңай. Намыс пен парызды қабат жегіп оныншы бесжылдықтағы міндеттememді орындауға барымды салдым.

Нәтижем төмендеген жоқ. Бесжылдықтың әр жылында орта есеппен әр жүз саулықтан 134 қозы алып, жоспардағы 3175 қозы орнына 4528 қозыны аман сақтап өсірдім. Әр қойдан 4 килограмман жүн қырқып, бесжылдық жоспардағы 10210 килограмм орнына, 14400 килограмм жүнді мемлекетке өткізіп, парыз уәдесінен шыққаныма қуандым. Отарымнан жоспардағы 137,4 мың сомның орнына 191,5 мың сомның өнімі алынды. Осы еңбектерім үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атандым.

Он бірінші бесжылдықтың алғашқы жылында 916 қозы алдым. Бұл - жоспардағыдан 313 қозы артық. 1982 жылы жүз саулықтан 145 қозы шықты. Намыстың жанығаны осы емес пе?!

Түгіскен топырағын жалаң аяқ басқан бала едім. Ер жеттім. Марқайдым. Бүгіндері қай жақта болмайын туған жер - Түгіскенге сағынып оралам. Өйткені еңбекпен ер атын шығарған әркімнің өз елі, өз мекені, өз жері бар. Менің алтын бесігім - Түгіскен. Бұл арадан қазыналы Жәйремге таяқ тастам ғана. Бұл арадан Жезқазған мен Қарсақпай да алыс емес. Бұл арадан Байқоңырдан ғарышқа аттанған батырлардың



ракеталарының жарығы көрініп тұрады. Иә, бұл арадан ұлан-байтақ Отанның бейбіт өмірлі барлық түкпір-түкпірі көрініп тұр.

Бәр-бәріңе сәлем! Түгіскеннен сәлем де.

Ендеше Сатан ағаңның сәлемін жеткізгеніміз осы болсын. Жас достар, аға үлгісін жадыңа тұт..

Жүрейік деп тұрмыз. Естелік болсын деп атақты шопанның үй-ішімен-бірге суретке түстік. Сатан ағайдың омырауында қос Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз жарқырайды. Жүзінде жарқын күлкі табы бар. Дәл осы қалпында жұмыр жердің ізгі ниетті бар азаматына Түгіскеннен сәлем жолдап, Осы Түгіскен топырағында қайыра қауышуды аңсап тұрғандай көрінді.

Шегірткелер шырылдап, бозторғай әніне басты. Дарқан даланың еңбек күйін тоқтаусыз шертіп жатқандай сезілді.

Дала отының тағы бір алаулаған жалыны артта қалып барады.

* * *

Тал-шілігі әлі де сақталған, ойдым-ойдым шоқ орманы қойнау қуалаған ұзын аққан кең сайды өрлеп келеміз. "Шіркін, су мол болса, мына сала бұдан да гөрі құлпырып кетер еді-ау!" - деген құштарлықпен жан-жағымызға жалтақ-жалтақ көз тастаймыз. "Ертеде анау төстабанда әр тұста бір мөлдірейтін өзен сағасы тұщы суға мөлдектеп жатқанда, бұл араның шалғыны белден кеп, тоғайы тұнып тұрды-ау. Нағыз жер жаннаты болған ғой" дейтін қиялды тамсана жұтып, аздан соң қабырғасының жобасы ғана қалған ескі қыстаудың қасына тоқтадық.

- Неге тоқтадық? Мынау әбден тозған қыстау ғой, папа!

- Бұл қыстау - Сәкен Сейфуллиннің дүниеге шыр етіп келіп, болашақ ғұмыр жолының сан қилы соқпағын бастатқызған кіндік кескен жері. Атақты ардагер ақын, көрнекті қайраткер, қажырлы большевик,

кемеңгер жазушы Сәкеннің өмір қақпасын ашқан мекен-жайы осы Қарашілік.

Алмас енді елегзи қалып, қыстаудың тасын алақанымен сипалады. Бірақ көңілінде құлазу мол. Көңілімде құлазу бар.

Барымызды бағалай алмай жүрген қырсыз-дығымызға деген өкініш әлде осынау сұлу өлкенің сұрқын алардай тастан қашаған қабырғаның әбден жүдеуленген тұрпатына деген өкпе ме, балам екеуміз тіл қатпаймыз.

Елім деп еңіреген Ерін елі ұмытуға болар ма? Мына ұмытылмас жерді жаңғыртып, белгі қойып, жұрт жадында қайта тірілтер естелік "Сәкен Сейфуллин біздің ауылда туған", "Жоқ, біздің ауданның тер-риториясында туған",- деп әлі күнге дейін таласып жүрген Жаңаарқа мен Ақадыр аудандарының басшыларына жетер ме? Жетпесе, құлаққағысымыз осы болсын. Революция солдаты, Ақмола совдепін құрушылардың бірі, атаман Анненковтың азап вагонын бастап кешкен, Омбы түрмесінен қашып шығып, Бетпақ арқылы Түркістан асқан қазақтың аяулы ұлы, аса көрнекті ақыны, республика Халық Комиссарлар Советінің председателі болған Сәкен Сейфулиннің қазіргі Ақадыр ауданының тер-риториясында жатқан, дүниеге келген, кіндік қаны тамған қыстауын жөндеп, басына белгі қоятын мезгіл баяғыда жеткен еді ғой...

- Сәкен - ақын еді, балам... Сәкен - азамат еді. Ол ақындықты елінің болашағына арнады. Күрес жолында ту ғып ұстады. Ақындықты өз дәуірін халыққа түсіндіру үшін таптырмас серік етті. Ақын азаматты қалай дәріптеуте де сыяды.

- Мұқатай Жәнібеков ше, папа? Ол да осы өлкенің азаматы ғой.

- Иә. Ақынды да, батырды да, жалынды рево-люционерді де туғызған өлкең осы, балам. Мұқатай туралы еске жақсы түсірдің.

- Ол кісіні Угар деп те атайды ғой.

- Жауына қатал, дұшпанына қырғидай тигендіктен достары солай атап кеткен. "Угар" яғни ұлы газдай, түтіндей қаһарлы болған ғой. Мұқатай Жәнібековтың



жасынан көрмеген құқайы аз емес екен. Он жасында-ақ байдың жалшысы болса, арман қуған асқақ тілегі Омбыға жетелеп апарған. Темір жолда істеткен. Он сегіз жасында 1905 жылы Чита маңындағы Замятин шахтасында істеп жүріп жұмысшылар ереуіліне қатысқан. Шахтадан қуынған соң Лена кеніне жұмысқа орналасқан Мұқатай 1912 жылғы атақты жұмысша қозғалысы - "Лена қырғынына" араласқаны үшін он екі жылға жер аударылған. 1917 жылы босанып шығысымен Жәнібеков Омбыдағы совдеп жұмысына белсене араласып, азаттық таңын туған жерге тезірек атқызуға күш-жігерін аямай жұмсаған. Қазақ жігіттерін Қызыл гвардияға кіруге қызу үтіттеген жас коммунист Омбы маңында ақ бандылармен болған шайқаста тұтқынға алынып, ату жазасына кесілген. Қамаудан қашып шығып, Ақмола облысындағы астыртын большевиктік ұйымның басшыларының бірі болған Мұқатай Жәнібеков өмірінің соңғы жылдарына шейін милиция бөлімдерінде қызмет еткен.

- Өмірі ерлік пен күреске толы қандай аяулы азамат болған, папа!

- Иә! Азаматын ардақтауды, асылын құрметтеуді халық ескеріп отырған ғой. Сәкен Сейфуллин де Мұқатай Жәнібековты қатты қадірлеп, оның өмірін жас ұрпаққа үлгі қылып айтып та, жазып та кеткен. Ал Сәкен Қазақстандағы саяси-қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан, жауапты қызметкерлердің көбіне адамгершілік, мінез-құлық жағынан қатты ықпал жасаған қоғам қайраткері еді.

Сәкеннің өмір жолы - әдебиетіміздің жолы ғана емес, республикамыздың өсу, өрлеу, кемелдену кезеңдері. Сәкеннің өлеңдерін қайталап оқып отыр-ғанда жаның тебіренеді. Ол мүмкін оның роман-тикалық поэзиясының әсерінен де шығар. Сол жырларындағы заңғар таудың шыңында ғана сақтар сыр сандығының баршаға тегіс ашылған өзектес құпиясында шығар. Сәкеннің "Тар жол, тайғақ кешуін" оқығанда, Қазақстанның алғашқы жылда-рындағы мәдени және қоғамдық өмірі жақындап келіп, құлағыңа тіл қатып тұрғандай сезінесің. Мүмкін ол ұлы жазушының жүрек қылымен жүрек қанын сия

етіп жазған өсиеті мен өнегесінің жүректерде қалтқысыз сақталуынан болар.

Сәкенді көргендер әлі де көп. Көрмегендер ол туралы қаншама аңыз-естеліктерден біледі. Бірақ көрмегендердің өкінішін, көргендердің ынтығуын ескеру қажет қой.

Ауылының ғана емес аймағының ардақтысы еді. Ол үнемі көш басында жүрді. Жаңаға жол салу оңай болмайтын. Үкімет басшысы, газет редакторы, жаңа ашылған жас журналдың да тұңғыш бас редакторы болған жалынды қаламгерді ел есінде мәңгі жаттату - баршамызға борыш. Осындайда, Алмасжан, ақын атындағы совхоздың республика Жазушылар одағына айта-айта әбден жалыққан бір тілегі ойға оралады. Ол тілек - Сәкен Сейфуллин атындағы әдебиет сыйлығын совхоздың өзі тағайындап, жыл сайын соған лайықты лауреаттарды өздері белгілеп отыру. Осындай ізгі тілектер оң қабақ кездестіретін болса, онда Сәкен сынды әдебиет алыбының кіндік қаны тамған туған жерінде де, Алматыда да, ескерткіштер қойыларына еш шүбәланбас едік.Жезқазған өңірі әнші мен күйшіге, ақын мен жыршыға ешқашанда кенде болмаған. Ол - жыр кені, күй кені, ән кені.

Ақын Тайжанды бүгінде ел біледі. Жырынан сусындайды. Ақын, әнші Шашубайды халқы ардақтайды. Әнін аспандата салады. Ал Сәкен - жазба әдебиетіміздегі шыңымыз. Қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі.

Шашубай, Тайжан - көмекейі бүлкілдеген, шашасына шаң жуытпас жүйріктер.

Сәкеннің “Тау ішіндегісін” тау ішінде келе жатып үзілте, үздіктіре созғанында өзіңнің ішкі жан сарайың кеңіп, дүние асқарланып сала бермей ме? Әрине, сазына сөзі, сөзіне сазы сай әнге қалай елжіремессің?

Алдыңнан ақ қайың жасыл желегін бүркеніп сыландап шыға келеді сондайда. Шашубайдың “Ақ қайыңын” қалай ыңылдап кеткеніңді білмей қаласың. Қамығасың, мұңаясың. Өткен өмір жолына зерденмен көз жібересің. Қайтадан ширығасың. Қажырлана түсіп, қайсарлық жалына жармасасың.

Ән - құдірет.



Туған жыр туған жердің жебеушісі екен-ау. Ол уайым төкпеген, қайрат сепкен, қажыр еккен. Олар - Сәкеннің әні мен жырында, Шашубай мен Тойжанның толғауларында.

Жыр - көңіл күйдің лықсып, түйдек-түйдек төгілген ыстық шарпуы. Өмір тәжірибесін түйіндеп, өшпенділік пен кекті, сүйіспеншілік пен әрекетті жүрек қанында балқытып, кесек-кесек маржанын халқының кеудесіне құяды.

Ескі өлеңде жаңа мазмұн бар. Ескі әуенде жаңаша үн бар. Оларды ел ұлдары туғызған. Олар қара түнектен жылтыратып шырақ жаққандай көңіл күмбезіне әні мен жырынан жарық түсіреді.

Ән - өмір серігі, жан іңкәрі. Жылқышы құрығына сүйеніп айлы түнде ән салғанда белес-белестің астындағы ауылдың ақ боз үйінде тыпыршыған бойжеткеннен ұйқы қашатын. Қой күзеткен қойшының қоңыр әуенінде үміт пен күдік арпалысы шарпысып, талайдың жанына елегізу енгізетін.

Ән мен жыр - арманшыл халықтың қос қанаты. Талықсып жер түбінен жеткен әнді жеті қараңғы түнде кірпік қақпай тыңдаған талай мұңлықтар өтпеп пе еді. Бірақ оларды да тыншытқан, құмар сусынынан қандырған ән әуені ғой.

Халықтың арманынан туған ән көп. Ерiннiң еміренуінен басталған әуен көп. Ол аспанға тік шаншылып, еркіндік аңсаған. Қазақ әндерінің ә деген нен биік шырқауға басатыны содан. Тәкаппарлық - теңдіктің, бостандықтың ағайыны. Сондықтан шу асудай аспанға шапшитын ән-әуендерімізде азаттықтың бұлқынысы басым.

Сағыныш саздары да бөлек бітіммен өмірге келеді. Сәкеннің көп әуені сол сағыныш сезімнің мөлдірінен жаралған. Онда аңсау мол, зарығу бар. Бірақ бәрінен бұрын намыс шарпысы алаулайды. Күйректікті емес, жігерді ұштау көп. Жастықты емес, жарғыласуды уағыздайды. Содан да болар, ол әндерді айтқанда еріксіз шамырқанасың, еріксіз тебіренесің. Өйткені туған жерге деген махаббаттан ерлік туындайды. Ерлік әрекетке бастайды. Азаматтығыңды шыңдайды.

Ән - әділет. Күй - құдірет. Екі ішекте әлем үні

тоғысқан. Боздаған, бебеулеген, уілдеген, уһілеген, ашынған, шамырқанған, елжіреген, емінткен, ділдеткен, қалтылдатқан, құрсантқан, қалшылдатқан құдірет қос желідей қатар сұлаған қос ішекте.

Тыңдай білген, сезе білген, түсіне білген жанға домбыра қасиеті керемет. Ол - қу қарағай емес, халық тілі, шежіресі, тарихы. Домбыра шанағында ғасырлар тылсымын бауырына басқан құпия қойма бар. Тиегін дұрыс қойып, пернелерін орнына орналастырып, он саусақты жүйткіте білген адам әлгі тылсым қоймаға сүңгіп кетеді. Құпиясын ашады. Қазынасына енеді. Шежіресін ұғады, тарихын таниды. Әр күй сол сырдың кілті екен. Ақтарылып кетер шешен тілі екен.

Күй - күндер елесі, жылдар жазбасы, ғасырлар куәсі. Жазу-сызуы болмаған халқымыз өткен ғұмырлық баянын әні мен күйіне сыйғызған. Күйді тыңдағанда күңіренген елдің күрсінуін естуіңіз де сондықтан. Күйді тыңдағанда сапырылысқан елдің атойлаған айбатын ұғынуыңыз да сондықтан.

Күйді күйші туғызған. Күйшіні ел күйі туғызған.

Әр адам әр түрлі шамырқанады. Әр түрлі сес қылады. Біреу күйрейтін жерде біреу құдіреттенеді. Құдіреттенген көңілден шабыт еседі. Шарқ ұрып көкке ұшады, кеудеде шарпысады. Содан он саусаққа оралып, қос ішектен намыс боп, кек боп, арман боп, қиял боп, үміт қуалап төгіледі. Жігер егіп, жұртының алыс болашағына тілек көзін қадалтады.

Жезқазған өңірінде сондай ұлы күйшілер көп болған. Ол - атақты Тоқа күйші. Олар - қызық үшін емес, қыздыру үшін, құлшыну үшін күй шалған Қыздарбек пен Әбдилер.

Тоқаның төрт "Қосбасарын" Мұхамеджан Тілеуханов шерткенде, өмір иірімдерінің қат-қабатына жаныңмен, жүрегіңмен қалай араласып, қалай елжіреп, қалай ширығып, қалай қамығып, қайтадан қалай буырқанып шыға келгеніңді білмей де қаласың. Тәттімбет мектебі - шертпе күй десек, сезім қылында ойнайтын жүйрік саусақтар, Тоқа саусақтары арқылы көңіліңнің нәзік пернелерін түрткілеп, шымырлатып жатпай ма!

Мұхамеджан Тілеуханов - Жаңаарқа ауданының



экономисі атақты Тоқаның өзі боп, көзі боп сергек "Қосбасарлармен", ақыл мен сезім түйсіктерін қос-қосымен майда сипай басып, елжіреген жаныңды көз ұшында дірілдеген жаспен әлдебір ұшпаққа шығарып бара жатпай ма!

Әне, күй - құдірет дегенде мен осындай әсерлерге жүгінем. Тоқаның "Қосбасарларына" бас ием. Тілеухановтың домбырашылығына тізе бүгем. Маған әншілік пен күйшілік, жалпы әсемдік шыңы - серілік облыстың Жаңаарқа ауданына тұрақтап, мекендеп қалғандай жарқын ой қалдырады. Өйткені осы ауданның қай совхоз, қай ауылын араламаңыз - әні мен күйі, жыры мен жыршылығы алдыңыздан тосады да отырады. Таңдайынан бал тамған Шабал Бейсекова мен көмейінде қоңырау сылдыратқан Қайрат Байбосыновтардың осы ауданнан шыққаны сөзімізге дәлел. Әншілік дәстүр жаңаарқалықтардың басқалардан гөрі басымырақ еншілеген сыбағасы сияқты көрінеді де тұрады. Содан ба Игілік Омаровтың ән шырқау мәнері қазақтың дербес өнерін сақтап қалған ерекшелігімен маған қатты ұнайды.

Қыздарбек, Әбди.

Бұлар - Тәттімбет шәкірттері. Шертпе күй сарбаздары. Бүлкілдеп жорғалаған нәзік үн қиялыңа қанат байлап, өмір-тірліктің қай-қай қиырына жетектемейді. Қыздарбек пен Әбди күйлері сондай. Кеш естіп, кеш ұғып, кеш іздеп, кенжелеп жүргеніміз болмаса, Әбди мен Қыздарбектерден алатын қазына қаншама. Жезқазған өңірінің асты тұнба қазына болса, халқы, халқының ұлдары сондай өнер қазынасының, өнер кенінің дариясы ғой.

Ауылда ән айтылмаса - сәні қашады.

Әні шырқалса - сәні, салтанаты оралады.

"Ауылдың алты ауызы" мен "қонаққәделері өнерпаз елдің өнерін шыңдаған дәстүрі.

Ол - ана әлдиінен басталады.

Жел суылы ана әлдиінің қайырмасын көтермелеп әкетеді. Ши шуылы, боран ызыңы, қамыс-құрақ сыңсуы ән-әуенге ұласады. Дала мен қырдың табиғатының өзі-ақ тұнып тұрған саз. Үйрене білу қажет, ұғына білу ләзім.

Майталман күйші Әбікен Хасенов Ақадыр ауданынан шыққан. Әбікеннің күйші, домбырашылығына Сәкен Сейфуллин аса тәнті болған.

Ал Сәкеннің талғампаздығына шүбә келтіру артық шығар.

Ән мен күй ылғи да әсем. Әсемдікке еліткен көңіл әманда сыршыл. Сыршыл Сәкен Әбікенді түсінген. Сырбаз күйлеріне ұйыған. Сырлы жүрегіне табынған. Он саусағына елжірей телміргенде, өз көңілінен де өміршең жырлары ақтарылған. Үміт пен сенімнің тілі - күй. Ол - рух пен жанның елшісі. "Күймен ауызданған сәби құрыққа ұмтылмас" деп әкем айтатын. Құрық дегенде мал ұстап, қауға тартатын шыбықты емес, шеңгелдеп қысып, шеке жаратын сойылды ескертетін. Ән шығарғанның жаны нәзік болатынына еш күмәнім де жоқ.

Бүгінде еркін елдің әнін тауымыз бен даламыз қосылып айтады. Бүгінде азат халықтың қуанышты күйін көліміз бен беліміз қосылып шертеді.

Өйткені шаттанған жүректен өтер шабытты жүрек болмайды. Ән - өкініш пен қуаныштың перзенті. Күй - күйік пен шаттықтың сығындысы.

Бұрын ән жас төгізетін. Күй күрсініс беретін. Ал бүгін әнде күлкі көп, бүгін күйде серпін мол. Ол бүгінгі жасампаз тірлігіміздің әсерінен.

Өлеңді бүкіл ел түсінсе ғой, барлық жұрт, бүтін әлем халқы түсінсе ғой. Сонда "Елім-ай" айтылған кезде жоңғар шапқыншылары тоқтар еді-ау. Қырғын-сүргін басылып,туысқандық сезім орнар еді-ау.

Амал не, қанжар қақтығысы найзағайдай от шағылыстырып, найза шыңылы жүректегі әнді қорлаған кездер көп болған. Талай қылыш талай басты қиып түсіп, алыстан үміт күткен талай аяулы арманды үзіп кеткен. Көкірекке кірш етіп қадалған сесті көк сүңгі талай кеудеден құйылар тәтті әуенді бұзып кеткен. Соғыс қатыгездігі де сол.

Бірақ жүректі жүрек ұғынады екен. Жүрек үні - жүрек әнін ән жатырқамайды екен. Октябрьде туған революция әуендері қазақ даласына кең тарады. Еркіндік аңсаған қуатымен, азаттық көксеген серпінімен қанат жайды.



Сол өршіл әуендердің көшбасында "Интернационал" тұр.

"Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан", -

деп әкем қоңыр даусымен айтатын.

"Интернационал" шын мәніндегі интернационалды қазақ даласына жеткізді.

Өнердің нұры шұғыла шашты. Сол нұрдың сәулесі көп жүректерді жаңаша сайратты.

Сол жаңаша сайрағандардың бірі - әнші Манарбек Ержанов. Сол жаңаша сайрағандардың дүрі - балқаштық Күләш Байсейітова. Көкше теңіздің маңында туған жас бүлдіршін жаңа заманның тәрбиесінен өтті. Жаңа дәуір Күләшті бүкілодақтық сахнаға шығарды. Жиырма төрт жасында КСРО халық артисі атағын алған Күләшті - шығыс бұлбұлы деп ұлы Отанымыз аялап алақанына көтерді.

Әнді ән ұғады екен. Әншіні әнші түсінеді екен.

Атақты орыс әншісі Барсова Күләштің даусына ғашық еді. Қызығуын, құрметтеуін, алғыс сезімін жасырмай, ашық жазып отырған. Бұл шын таланттың бірін-бірі қолдауы, көтермелеуі, дем беруі. Қызғаныш жүрген жерде күйкілік қосарлана ілесетінін сезінген үлкен жүректің риясыз мерейленуі.

Күләш - қырда туып, түзде талпынып, Алатауда қанаттанып, әлем көгіне көтерілген қазақтың тамаша дарынды қызы.

Жезқазған облысында Күләштің ізбасарлары көп. Халық - қайнар көзі. Буын-буын ұрпақ өкілдері толқын-толқын көтерілетін таланттарын туғызып та жатыр. Әлі де туғыза бермек.

Облыс құрылысымен-ақ облыстық филармония шаңырағын көтерді. Халық творчествосы үйі мен облсовпрофтың көркемөнерпаздар үйі жұмыс істей бастады. Облыстық кітапхана, екі тарихи өлкетану музейі ашылды. Бүгінгі Жезқазған облысында үш жүзден астам клуб пен мәдениет сарайлары, 420 кітапхана, 50 автоклуб, 190-ға тарта киноқондырғы бар.

Жезқазған өнерінің жаңа отауы - облыстық қазақ драма театры ұйымдастырылып, өз спектакльдерін жұрт назарына ұсына бастамақ.

Өнер шаңырақтары... Тағы да дерекке жүгінейік. 1906 жылғы “Вестник просвещения” журналының сарғайған беттерін парақтағанымызда әлгі журналдан мынандай сәуегейлікті оқып, таң қалғанбыз: “...При таких темпах образования общая грамотность в России будет достигнута к 2186 году, а в Туркестанском крае - к 4600 году”...

Таң қалғанбыз. Әрине, бүгінгі дәуірдің, социалистік құрылыстың қарышты қадамымен өлшесек, таң қалмасқа шарамыз да жоқ. Ал осы ғасырдың алғашқы жылдарында патшалық Россияның түнек қойнында қыбырсыз жатқанын ескерсек, онда Россияда жаппай сауаттылықтың патша заманында 2186 жылы, ал Түркістан өлкесінде, яғни бүгінгі Орта Азия республикалары мен Қазақстанда 4600 жылдары орнайтынына дауымыз жоқ.

Жаңғырған өміріміздің құдіретінің ықпалды көрінісі де осы мысалдан анық ашылмай ма.

Біздің жаппай сауаттылықты місе тұтпай, өнер мен мәдениеттің жаппай дәуірлеуіне құлшына кірісіп жатқанымызды бүкіл әлем біледі.

- Атақты ғалымдар, ақын-жазушылар, белгілі спортшылар, артистер Жезқазған облысынан көп шыққан ғой, папа, - деп Алмас намысқа қызды.

- Иә. Ғылым шыңына көтерілген бұл өңірдің азаматтары жеткілікті. Олар Қазақ КСР Ғылым академиясының академиктері - Өмірхан Байқоңыров пен Орынбек Жәутіков, КСРО Педагогикалық ғылым академиясының корреспондент мүшесі Серік Қирабаев, филология ғылымдарының докторы Әсет Болғанбаев, белгілі жазушылар Ісләм Жарылғапов, Қамал Смайылов, Жеңіс Қашқынов, Ақселеу Сейдімбековтер...

Спорттан да облыс түлектері ел аузына жиі ілініп жүр. Мұнда, әсіресе Жаңаарқа ауданындағы “Жас сұңқар” спорт мектебінің үлесі ерекше. Самбо мен қазақша күрестен бірнеше КСРО спорт шеберін даярлаған жаттықтырушы Диқанбай Биткөзев пен



мектеп директоры Ғазымбек Жарылғаповтың еңбектерін ерекше атап өту керек.

- Папа, Киікте туған Берік Нұрмағанбетов ше?

- Иә, есіме жақсы салдың! Ініміз Берік Нұрмағанбетов - еліміздің абыройын талай шетелде қорғаған үздік боксшылардың бірі. Киік аты тағы аталған соң қазақтың халық әнін домбырамен аса мәнерлеп, құлпыртып айтатын Ләззат Сүйіндікова апайымызды ұмытуға болар ма? Ол кісі де Киік топырағының, Жезқазған облысының перзенті. Көрдің бе, Алмас, білім мен өнер шарықтаған жерде азаматтарының даңқы қалай қалықтайтынын.

Мұндай табыстарымызға қастарымыз күйінеді, достарымыз қуанады. Сол қуанышты еселейтін жезқазғандық өнерпаздар арасынан әсіресе үгіт бригадалары мен автоклуб жұмыстарын ерекше атап өтер едім. Облыс құрылғаннан бергі уақытта клубтарда 500-ге тарта көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді екен. Бұларда жеті мыңнан астам өнер әуесқойлары бар. 1972 жылмен салыстырғанда ауылдық, селолық, өндірістік талапкер артистердің саны төрт есе өсіпті. Он шақты өнерпаздар коллективіне халықтық деген құрметті атақ берілген. Музыкалық-хореографиялық “Ұлытау” ансамблі және Ақтоғай ауданының “Тоқырауын толқыны” атты ән-күй ансамблі алғаш рет Жеңістің 30 жылдығына арналған республикалық байқауда лауреат атанған болатын.

Осындай мақтаулы ансамбльдер: “Балхашские зори”, “Жезді жұлдыздары” (Жезді ауданы) “Ақсу-Аюлы” (Шет ауданы), “Арқа самалы” (Ақадыр ауданы), “Жаңаарқа” (Жаңаарқа ауданы) және қазақ хоры “Тау гүлі” көптің ықыласына бөленген.

Әсіресе “Ұлытау” ансамблін ерекше атап өтуді ләзім көрем. Халықтың дәл ортасынан шыққан нағыз дарындарды ұйымдастыра, ұйыстыра білсе, шын өнер құдіреті құлпырып сала береді. “Ұлытау” - сондай ансамбль. Асыл матадан ескі үлгімен олпы-солпы киім тігуге болады. Етегің шұбатылып, жеңің тізеңді соғып, жағаң жайлауға кетіп, ұсқыныңды қашырмай ма ондайда? Асыл матадан жаңа үлгімен тігіліп, денеңе құйып қойғандай қонымды әрі лайықты, белі бүрілген,

етегі сырылған, зері жүргізілген әсем бешпент, шапан қандай жарасар еді!? Ескі ән жырдың жаңаша мазмұнын тауып, мағынасын кеңейтіп, ұлттық әрін тың нақышпен жеткізгенде халық әуені қалай құлпырмас екен! Өйткені ән мен жыр - халықтың жаны мен сезімі. Жанын жайып салып, жүрек сезімін ән-жырымен, көңіл-күйімен жеткізіп жатқан халықты бүкіл әлем түсінсе керек.

"Ұлытау" ансамблі осындай шеберлікке жете білген. Жүрек тілін қыл ішектер мен клавиштерде ойнатқан. Жан сезімін жаңа ішектер арқылы жаңаша лүпілдеткен. Ендігі әуендерінде мұң жоқ. Мұңсыз тірліктің лепірген қуанышы ғана бар. Ол - көңіл қоздырар тамаша биінде. Еңбек мерекесін жырлаған шабытты әнінде. Он саусақтың сезімді ұшынан төгілген сергек күйінде.

"Ұлытау" ансамблінің артистері - қарапайым еңбек адамдары - малшы, егінші, тігінші, есепші, мұғалім, дәрігер - әуесқой өнерпаздар. Бірақ "Ұлытау" ансамблінің әр мүшесі шын мәніндегі жанымен артист жандар. Себебі Ұлы Ұлытау өңірінің атын тағы да алдымен республикаға, содан кейін Отанымызға, тіпті шетелдерге танытқан да осы "Ұлытау" ансамблі.

Ұлылықты ұғына білген жан ұлылық туғыза алады. "Ұлытаулықтар" - ұлы өлкесінің бай тарихын, жомарт мінезін, кең құшағын, қазыналы қойнын, ырысты өңірін түсінген жандар. Өйткені бірі астығын, бірі малын, бірі кенін өндіріп жүрсе, кейбірі тарихын зерттеп, өнегесін ұрпақтардың зердесіне құйып жүрген азаматтар. Қуанышына ортақтаса алмаса, қуанышқа толы сазды сала алар ма еді?! Табысына тасымаса, тасқынды күйді құйқылжыта алар ма еді?! "Ұлытау" ансамблінің ауызға ілінуінің ең басты себебі де туған жердің қасиетті қадіріне исініп, сол туған жердің қасиетін шарықтатқан ән мен күйді жүрегімен жеткізе білуінде.

" Ұлытау" ансамблін алғаш рет Алматыда Қазақстан комсомолы XIII съезінің делегаттары тыңдаған. Тыңдаған да, шеберліктеріне аса тәнті болған. Құлшына қол соққан.

Бір ғана жағдайға ой жіберейікші.



Жас ансамбль. Жастар, комсомолдар. Бірі - орындаушылар. Бірі - тыңдаушылар.

Өмірдегі сәйкестік дейсің бе? Сәттілік дейсің бе? Әйтеуір, жас ансамбльдің жұлдызы жануға соншама дөп келген аудиторияны байқайсың ғой.

Жастық әуен жас кеуделерге шымырлап құйылып, өнерге талпынған жас шеберлердің қуанышына ортақтастырған. Мақсаттарына жігерлендірген.

Әрине, "Ұлытау" ансамблін басқа аудитория тыңдаса да дәл сондай ықыласқа бөленер еді. Дегенмен жас ансамбльдің тұсаукесерін жасаған жас құрбы-құрдастардың кездескенін өз басым жақсы ырымға балаймын.

- "Қанат қаққан сайын қатаяды" демей ме, папа?

- Иә! Бұл нақылды қанша қайталасақ та артық емес. Алматыдан әсерленіп қайтқан ансамбльге көп ұзамай сүйініш хабар жетеді. Өнерпаздардың шеберлігін байқаған республикамыз енді жас ансамбльді Москваға жібермек болыпты.

"Ұлытау" ансамблі астана жұртшылығына творчестволық есеп беруі тиіс екен. Бұдан артық сенім болмас. Ұлытау шыңдарында жаңғырған ән Москва сахнасынан қайта самғамақ.

"Ұлытау" ансамблі москвалықтарға да қатты ұнады. Асқақ әнімен Сарыарқа көшіп келгендей болып еді сонда. Ән құдіреті талғампаз астаналық көрермендерді сүйінтіп еді сонда. Құйқылжыған күй көп домбыраның күмбірлеген ішектерінен үйлес шығып, үндесе төгілгенде, жаңарған өлкенің жасампаз тамыры тулай соғып тұрғандай болып еді сонда.

"Жезкиік" арман әр кеудеде бұлықсыған-ды. "Жезкиік" жылдамдық өміршеңдікті алға ұстаған.

Өрнегі мол, иірімі көп халық билері ұлттар достығының символын мадақтаған. Достық пен туысқандықтың құдіретін пайымдатқан.

Ұлытаулықтар сонда бүгінгі күннің асыл шуағына бөленген жүректерінің лүпілін ән-жыры арқылы москвалықтарға сыйлаған. Халқының жомарт жанының кеңдігін, кереметтігін жеткізген.

Москвалық жұртшылық жас ансамбльді жылы қабылдап, тебірене ризашылық білдірген-ді.

Сол сапарда "Ұлытау" ансамблі Жұлдызды қалашықта космонавтар алдында концерт беріп, үлкен ілтипатқа бөленген-ді. Ұлытаулық - космонавтар ұлытаулық жерлестеріне шын көңілден алғыс айтып, жаңа творчестволық табыс тілеген еді.

Ғарышқа жол салған космонавтар өнер өріне талпынған шын мәніндегі жерлестерін солай қуана қарсы алған. Солай тілектес боп қалған. Тілектес, дос тілегінен өтер демеу болған ба?! "Ұлытау" ансамблі Герман Демократиялық Республикасының 25 жылдық тойына қатынасып, қазақ əні мен күйін неміс жерінде шалқытқан. Сонда əнпаз Арқаның мəні мен сəнін неміс халқы əбден түсінген. Күй боп күмбірлеген кең даланың лебізін ансамбль арқылы ұғынған.

Халықтар бірін-бірі түсіну үшін де жыр тілімен табысуы керек екен.

Ұлы Отан атынан сайраған "Ұлытауды" ұлы елдің ұл-қыздары құшақтарына қысып, төсіне басқан. Өнерімен исінтіп, өнегелі ісін абыроймен аяқтаған.

Ауылдан шыққан "Тоқырауын толқындары" ансамблінің де жеткен жолы ұзақ, алған биігі ауқымды.

Тоқырауын суындай сыңғырлаған əсем əнін, Қызыларай шапағындай асқарда дамылдайтын шырқау сазын, буырқанған күйін, мың бұралған биин бірінен-бірін асыра орындайтын бұл ансамбльдің мүшелері сайдың тасындай іріктелген майталман өнерпаздар.

Ұлы жеңістің 30 жылдығын тойлау кезінде творчестволық есеппен Москва жұртшылығына концерт қойған, Исландияға еліміздегі ансамбльдер ішінен екінші боп барған "Тоқырауын толқыны" ансамблінің келешегі мол.

Арқа елі - əн мен жыр елі. Əн мен жыр бұл өңірді еліне танытты. Əлемге атын шығарып, əр елден туыс, дос тапқызды.

Ұлытау мен Қызыларай шыңдарында бүгінгі шаттық өмірдің екпінді қайырмасы жаңғырады.

Көкше теңіз - Балқаштың толқыны күй ырғағымен толқиды.

Кенді Қоңыраттың, кеніштi Жезқазғанның, жомарт Жəйремнің, кішкентай Киіктің қыры мен қырқасы, төбесі мен белесі жыр боп кеудеге құйылады.



"Арқа өңірінің мəңгі аяқталмас əн мен күйінің күмбірін жүректеріңіздің дүрсіліне қосып алыңыздар, ағайын! Арманға жеткізер əуен аз ба еді!"- дер едім мен бар даусыммен.

## Ыстық жүрек, бай көңіл - Байқоңыр

- Байқоңыр... Неге солай аталған?
- Байқоңыр... Қоңыр желі көп болған деседі, балам.

Байқоңыр өңірі. Қоңыр желі мол, шуағы аз, сынағы көп мекен. Көшпелі елдің қонысы, аяқты малдың өрісі ғана болған. Қатаң табиғаты, қытымыр қысы, аптап жазы даланы өгейсітсе де, бауырындағы халқына өгейлік жасаған Байқоңыр болған емес.

Байқоңыр басқаға қатал көрінсе де, құт мекен күйін өзгертпеген. Жайлаған жұртының ырзығын айыртқан, несібесін ұсынған, ырысын ортайтпаған.

Байқоңыр қоңыр салқын желімен ғана емес, көңілі түссе қоңыр самалымен де бай. Бірақ патшалык Россия тұсында ол "сенімсіздерді" жер аударатын алыс түкпір, жатбауыр мекенге айналған. Білім шырағы тұтанбаған жердің қараңғы қапасы саналған Байқоңырға саналы азаматтар көптеп айналып келіп, өз көңілінің нұрынан сəуле түсірген.

Солардың бірі - 130 жыл бұрын Айға ұшуға болатынын айтып "діни ұғымға қарсы сəуегейлік соғып, шатпақтағаны үшін" Байқоңырға жер аударылған Никифор Никитин дейтін мещанин.

Қарашы, балам, "Айға ұшуға болады" деген Никитин "сандырағы" үшін қараңғылықтың ордасы - Байқоңырға аластанған.

Патша чиновниктері осыдан жүз отыз жыл бұрын адам ойының ең батыл пікірін білдірген орыс мещанинін қазақ даласына жөнелткенде, дəл осы өңірде - қараңғылық пен надандық ортасы көрінген Байқоңырда дəл сол батыл ойдың - адамзаттың ғасырлар бойғы арманы жүзеге асарын білмеген ғой. Менсінбеушілік пен астамшылықтың қайда соғарын көрдің бе?

Сенімсіздік пен секемшілдіктің қандай кесепат туғызатынын пайымдадың ба, балам?

Қазақ даласы - патшалық Россия үшін мешеуліктің символы ғана боп қалса, ол кезде үміт сауған көңілдің тас қорғанға кездесе бергені түсінікті емес пе?

Байқоңыр. Ғасыр қойнынан жарқ етіп туар ашық күнін халқымен бірге қажымай күткен төзім шежіресі ол.

Күннің қызыл сәулесі Байқоңырды түннің қараңғы түнегінен суырып алды. Октябрьмен бірге таң шұғыласы Байқоңыр шахталарына нұр қойды. Өмір әрекетінің сан қилы дыбысын, әр түрлі қимыл-қозғалысын әкелді.

Байқоңырға түрлі ұлттың азаматы енді өз еркімен келді. Өз жүрек қалауымен оралды. Байқоңыр - еріксіздік қапасынан, еркіндік мекеніне айналды.

Асығыстық күлкіге душар етеді, төзімділік мақсатқа жеткізеді. Сол мақсат сағаты Байқоңырда шырылдады. Қараңғылық пердесін ысырған советтік дәуірдің алтын нұры енді Байқоңырда ерекше алаулады. Байқоңырдың аты - жұмысшы атымен қатар естілді. Байқоңыр даңқы Ұлытау, Жезқазған даңқымен қоса жаңғырды.

Бірақ Байқоңырдың өлемге тегіс ардақты, әлем азаматтары үшін “Жер” деген ұғыммен тең тұратын, кейде сол ұғымды алмастыратын бақытты сәті, қайырлы кезені жақындап қалған еді.

Малшы Байқоңыр жұмысшы Байқоңыр боп еңсе көтерсе, көп ұзамай космонавт Байқоңыр, космодром Байқоңыр болып, ғарыш пен планетаны жалғастыратын мәңгілік Көпіріне айналатын күні таянған-ды.

1955 жылдың апрелінде Қызылорда облысындағы қазақтың көне Байқоңыр қыстауына алғашқы құрылысшылар десанты аяқ басты. Қоңыр самалы желпіген даланың жаңа тарихының өзгеше бетінің алғашқы әліппесі солай басталды.

Ызғарлы көктемді алмастырып аңызақты жаз жетті. Дала табиғаты жуасыған емес, ыстық жазды ызғырақ желді күз қуып, артынша-ақ үскірік аязды, қатаң қыс оралды.



Жұмыс қарқыны бәсеңдемеді.

Шөлейттегі екі жыл, еңбек бәсекесімен дүбірлеген екі жыл өте шыққанда, қала орнап, космодром салынып та бітті.

Байқоңыр космодромын қабылдау күні туды.

Жайшылықта мақтау сөзге сараң, талап қоюға шебер академик Бас конструктор С.П.Королевтің:

- Құрылысшылардың бізді бөгемейтініне сенімім күшті еді. Бірақ дәл осындай қысқа мерзімде осыншама үлкен құрылысты әрі шапшаң, әрі тыңғылықты орындай қояр деп күтпеп те едім, Қадірлі жолдастар, сіздерге көп-көп алғыс айтамын! - деуі тегін емес.

Байқоңыр жұлдызы солай жанған.

Өмірдегі бақыт кешігу де, кенжелеу де емес, кезінде көзге түсу, жұлдызың жану.

Жұлдызың жанса - кенжелегенің кешірімді. Тек дүниеден үнсіз өтуден артық өкініш жоқ, елеусіз қалудан өтер қиянат жоқ.

Байқоңыр жұлдызы дер кезінде туды.

Шөлейт жапанның жұлдызды тағдыры бар екен.

Арада отыз жыл уақыт өтіпті. Бүгінгі Байқоңыр мүлде адам танымастай түлеген құт мекен. Елу мыңнан астам халқы бар жаңа қаланың оқтай түзу көшелерінің бастау алар жерінде гүлзармен көмкерілген орталық алаң бар. Сол алаңда космодромға бетін түзеген Лениннің ескерткіші тұр.

1975 жылы Байқоңырда болғанда “Аполлон” кораблінің командирі, американ астронавы Томас Стаффордтың пресс-конференцияда сөйлеген сөзінде: “Осыншама қысқа мерзім ішінде дүлей шөлейтте әсем қала мен тамаша космодром орнатқан совет адамдарының ұлы жеңісіне бас иеміз”, - деуі социалистік құрылыстың өміршеңдігін еріксіз мақұлдаудың айғағы.

Оны мақұлдатқан бүгінгі Байқоңыр.

- Білем, папа. Жер серігі мақұлдатқан оны...

- Байқоныр даңқы алғаш рет 1957 жылғы 4 октябрьде бүкіл әлемге бір-ақ сәтте тараған.

Ол алғашқы жер серігінің ғарыштан лүп-лүп жеткен дыбысымен, адамзат ойының құдіретіне бас иген барлық халық өкілдерінің жүрек дірілімен естілген.

Ол Байқоңырдағы космодром комлексінің қасын-

дағы жердің бірінші жасанды серігіне арналған обелис-кідегі “Осы арада совет адамы данышпандығының космосқа батыл шабулы басталған (1957 ж)” - деген жазудың мәңгілік қуатымен тасқа қашалып қалған.

Байқоңыр болашаққа қызмет етеді.

Ал сол болашаққа алғашқы баспалдақты салған Юрий Алесеевич Гагарин еді.

Космодромның қасында жалғыз қабатты жатаған үй тұр. Сол үйдің кіре берісінде мемориал тақтаға: “Бұл үйде дүние жүзінде космосқа бірінші боп ұшар қарсаңында Юрий Алексеевич Гагарин түнеп шыққан. 1961 жыл 11-12 апрель” деген жазуды оқығанда тұла бойыңды еліңе, Отаныңа, советтік халқыңа деген мақтаныш сезімі билейді.

Жеңістің қырық жылдығы қашан, қай жылы болатынын білесің ғой, Алмас?

- Неге білмеймін... 1985 жылы.

- Дұрыс, 1985 жылы. Бұл жыл Юрий Алексеевич Гагарин есіміне байланысты көп оқиғаларды еске салады, балам. Фашистік Германияға қарсы совет халқының Ұлы Жеңісіне қырық жыл толса, Гагариннің өмір жолының да кейбір мүшелді жылдары еріксіз ойға оралады. 1985 жылы Ю.А.Гагарин атындағы Саратов-тағы индустрияльді-педагогтік техникумның құрылға-нына қырық жыл толады екен. Гагариннің осы техникумды бітіргеніне де отыз жыл, ең алғаш самолет штурвалын ұстап, ұшқанына да отыз жыл болады. Байқоңыр космодромының ірге тасын қалаған күннен бері аттай отыз жыл өтсе, Гагариннің ерлігі мен ісін жалғастырып жатқан космонавтар тұратын “Звездный” қалашығының орнағанына жиырма бес жыл толады екен. Ал осы қалашықтағы музейде Гагариннің 08909627 номерлі партиялық билеті сақтаулы тұр. Сол билеттің дәл қасында, 1976 жылғы апрельде қазақстан-дықтар арнайы тапсырған Байқоңырдың бір уыс топырағы кішірек шыны шөлмекте жатыр.

Байқайсың ба, балам, халық өз перзентін қалай қастерлейді? Қалай ардақ тұтады. Юрий Алексеевич Гагарин тек совет Одағының космонавы емес, Жер атты жасыл планетаның бүкіл адамзатына бірдей ортақ азаматы.



Гагариннің ғарышты игерудегі ерлігінің мән-мағынасын Америка астронавы Джозеф Кервиннің:

- Біз, барлығымыз ғарышта Гагарин ашқан ұлы қақпа арқылы болып қайттық, - деген бейнелі сөздерінен айқын ұғынамыз.

Гагарин салған ғарыш жолы Байқоңырдан басталып, күні бүгінге дейін оның ізбасарларын космос кеңістігіне жөнелтіп жатыр. Содан бері де біздің және басқа елдердің жүзден астам космонавы ғарышта болып қайтты.

- Папа, ғарышқа ұшудың негізгі мақсаты неде? Әлемдік суық Кеңістікке тек әуестік үшін ғана біріншілікті бермейміз дейтін әрекетпен ұшатын болса, ондай әуесқойлық адамзатқа өте қымбатқа түспей ме?

- Сұрағың өте орынды, Алмас. Салыстырып көруің үшін бір-екі мысалды айта кетейін. Американың бірінші астронавы Джон Гленнің орбитада болған төрт сағаттық ұшу сапарының әр минуты бір миллион 680 мың долларға түскен екен. Ал екі сағат қырық минут айда болған “Аполлон - 12” экипажының әр секунды 30 мың доллар қаржы қажет етіпті.

- Сұмдық көп қой?!!

- Иә. Бірақ жыл өткен сайын әлгі шығындар өзін ақтап, керісінше, пайда түсіре бастады. Әсіресе біздің жоспарлы социалистік құрылыста космосты зерттеуге бөлінген әрбір сом қаржы бірнеше еселеп қайтады.

Космосты зерттеудің халық шаруашылығына тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Олар - телефон-телеграфтық байланысты космос арқылы жеделдету әрі оңайлату;

телевизия хабарларын “Орбита” жүйесі бойынша еліміздің түкпір-түкпірінде көрсету;

ауа райын алдын-ала болжау;

табиғи байлықты спутниктер арқылы анықтау;

әр түрлі халық шаруашылық мәселелерін шешу үшін спутниктер арқылы географиялық зерттеулер жүргізу;

сондай-ақ, Айды және Күн жүйесіндегі планеталарды ғылыми тұрғыда зерттеу...

- Шынында да, керемет екен! Соның бір-екеуіне мысал келтірмес пе екенсіз? - деп Алмас ентеледі.

- Отанымыздың минералдық қазбаларға өте бай екенін өзің де білесің, балам. Бірақ соны дәстүрлі геологиялық әдістермен анықтаудың өте қиындығын, кейде мүмкін еместігін айтып жату артық. Бүгінде сол минералдық қазынаны табуға космонавтика кеп жәрдемін тигізе бастады. Соның арқасында зерттеу, іздеу мерзімі қысқарып, тиімділігі әлденеше есе артты.

Геологиялық барлау жұмыстары үшін ұшырылатын космостық аппараттардың он күн ішінде жинайтын мәліметін самолеттерді пайдалансақ, он жылда да ала алмайды екенбіз.

Маңғышлақ түбегін қаншама геологтар шарлады. Қанша мәрте геологиялық партиялар барлау жасады. Ал "Салют - 3" орбитальды станциясында түсірілген суреттер бұл өңірде мұнай мен газдың, жер асты тұщы суының мол қорын, полиметалл кенін анықтап берді.

Өзбекстандағы Ферғана алабын алпыс жыл бойы зерттеген геологтар газ бен мұнай табылған 102 жерді картаға түсірсе, "Салют - 3" станциясы үш-ақ айдың ішінде осындай мұнай мен газдың 84 жаңа орнын ашып берді.

Станциядан алынған мәліметтерді Байкал-Амур магистралін жобалау кезінде инженерлер мен конструкторлар тиімді пайдаланған.

Ауыл шаруашылығы мен кеме қатынасы үшін космостық зерттеулердің етер ықпалы ерекше. Экономистердің есептеуінше, құрғақшылық пен бұршақтың, құм дауылы мен қатқақ суықтың кесірінен еліміздің ауыл шаруашылығы кей жылдары бес миллиард сомға жететін зиян шегетін көрінеді. Сондықтан да табиғат тәлкегіне ұшырамау үшін ауа райының құбылуын алдын-ала болжаудың маңызы өте зор. Осындай болжам мәліметтерді Байқоңырдан ұшырған "Метеор" спутниктері дер кезінде беріп тұрады.

Жерді бір ғана айналып шыққанда "Метеор" спутнигінің жинайтын мәліметі планетамыздағы бүкіл метеостанциялардың беретін мәліметінен жүз есе артық екен. "Метеор" спутниктері жүздеген циклондардың басталатын тұсын алдын-ала көрсетіп, жүздеген кемелерді апаттан сақтайды. Ол авиацияға



да жәрдемін тигізеді. Бір сөзбен айтқанда жыл сайын халық шаруашылығының миллиардтаған қаржысын үнемдейді

Москвада өткен жиырма екінші Олимпиядалық ойындарды көріп едік қой.

- Иә, ғаламат рекордтар болған.

- Сол ойындардан репортаж жүргізген 1200 радио және телеком-ментаторлар бір сағатта қанша халықаралық байланыс жүргізгенін білесің бе?

- Білмеймін...

- Алты мың. Осы алты мың байланысты сағат сайын өткізу үшін спутниктер көмекке келген, балам.

- Спутниктер - адамның нағыз қолғанат жәрдемшілері екен-ау! - деп Алмас таңдай қақты.

- Иә. Космос техникасын жасау, ғарышты зерттеу адамзаттың ой-өрісін кеңейтеді, техника мен ғылымның одан әрі дамуына мүмкіндік жасайды, кадрлардың мамандығын арттыруға үлкен әсер етеді.

1967 жылы социалистік тоғыз елдің ғалымдары "Интеркосмос" программасын қабылдаған. 1971 жылы СССР-дің қолдауымен халықаралық "Интерспутник" ұйымы құрылған болатын. Соның нәтижесінде осы ұйымға кіретін елдер біздің "Молния" жүйесін телефон-телеграф байланысы үшін және телехабарлар программасына пайдаланады.

- Социалистік елдер космонавтарының біздің космонавтармен бірге ұшуында осындай мән бар екен ғой.

- Иә. Ғарышты бірігіп зерттеуді, бүкіл адамзаттың бақыты үшін еңбек етуді прогресшіл адамдар өздеріне парыз санайды. Сондықтан да социалистік елдер, сондай-ақ француз, үнді ғалымдары космосты одан әрі игеруде біздің совет ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеп жатыр.

- Әке, Байқоңырды - достық бесігі деп атауға әбден болады. Ол - Отанымыздың ұл-қыздарын ғана ғарышқа шығарып қоймай, туысқан социалистік елдердің тұңғыш космонавтарын да аялап аспанға ұшырды ғой.

- Дұрыс айтасың. Герман Демократиялық Республикасының, Чехословакияның, Венгрияның,

Монғолияның, Польшаның, Болгарияның алыстағы азаттық аралы - Кубаның бұл күндері өз ‘Гагариндері” бар.

- Үндістанның космонавы Ракеш Шарманы қосыңыз. Өзі сондай алғыр. Бар болғаны екі-ақ жыл дайындалып, мынау даламыздан, Байқоңырдан, сонау ғарышқа көтерілді. Қандай еңбекқор адам! “Совет халқы мен үнді халқы жер шары адамының төрттен бірін құрайды. Совет халқы да, үнді халқы да бейбітшілік үшін күреседі. Жасыл планетамыздың тыныштығын армандайды. Соғыс өртін тұтандырмақшы болғандарға батыл қарсы шығады”- дегенін оқығанда мен Ракеш Шарманы сондай ұнатқам. Бейбітшілікті қорғайтындардың алдыңғы легінде космонавтардың жүргені қандай жақсы! Екі ұлы елдің асыл азаматтарын табыстырған Байқоңырдың аты ұрпақтан ұрпаққа кетті емес пе?..

“Байқоңыр” қонақүйінің балконынан қарап тұрмыз. Кенет Алмас бөлмеге кіріп кетіп, қойын дәптеріне әлденелерді жаза бастады.

Жұмысынан бөлгем жоқ. Кім білсін, “Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер”- дейтін нақылдағыдай ұлым да өзінше толқып, қағазбен “жекпе-жекке” түсіп жатқан болар. Несі бар космонавт болам десе де, немесе жазушы болам десе де еркі өзінде. Аспанымыз ашық тұрғанда совет азаматының қай-қайсысы да қалаған мамандығын игеруге толық праволы.

Күн батып барады. Қиғаш сәулелердің көкжиекпен астасқан тұсында Байқоңыр космодромы бар. Сол тұстан кешкі аспанды жарқыратып тағы бір ракета ғарышқа самғап ұшар.

Алмас қасыма келді.

- Папа, осы номерде космонавт Береговойдың түнеп шыққанын білесіз бе?

Естіген жоқ едім. Естімесем де бас изедім. Баламның сол сәттегі алабұртқан жүзіндегі мақтаныш сезімін, жүрегімен шырмалған жауапкершілік жүгін түйсінген халін үзгім келмеді. Береговой жатқан бөлмеде ұлым түнеп шықса, Береговойлар шыққан ғарышқа ұлым, қазақ ұлдарының бірі ұшар күн де алыс



болмас. Байқоңыр... ана - Байқоңыр ұланын төсінде аймалар, құшағына қысар.

Адамның мақсаты көп-ақ. Ол - дәулет, ол - даңқ, ол - шындық.

Бүгінде бізде сол мақсаттың бәрі де бар. Дәулетіміз шалқыған. Даңқымыз әлемге кетті. Шындығымыз - темірқазығымыз.

Дәулет - Балқаш пен Жезқазған мысында. Жәйрем мен Ақшатау полиметалында. Ақтоғай мен Шет аудандарының төрт түлік малында. Жаңаарқаның “Айнабұлақ” сынды тың совхозының астығында.

Даңқымыз Байқоңырда. Алғашқы жер серігінде. Гагарин бастаған космонавтар ерлігінде.

“...Қазір стартқа дейін санаулы-ақ минуттар қалды. Алыс жолға аттанарда адамдардың бір-біріне айтатын “Кездескенше” деген сөзін мен сендерге айтамын, қымбатты достарым. Таныстар мен бейтаныстарды, алыстағы һәм жақындағы баршаңызды құшақтап, кеудеме қысқым келетінін білсеңіздер ғой!

Қайтадан қауышқанша!”

Бұл сөздер - Юрий Алексеевичтің ұшар алдындағы магнитофонда жазылынып қалған сөздері.

Өмірдегі ең бір ыстық ғанибет жаныңа жақын адамыңмен қайтадан қауышу болар.

Біз Гагаринмен үнемі іштей, көңілмен, жүрекпен кездесіп тұрамыз. Өйткені Гагарин - біздің, баршамыздың адал арымыз, мұқалмас жігеріміз, кір шалмас намысымыз.

Гагарин - Байқоңырда. Байқоңыр - қазақ даласында. Ендеше ол өлген жоқ, баршамызбен мәңгі бірге.

Байқоңырдағы старт алаңы.

Ол еңбек жеңісінің старты. Даңқ самғауының шыңы.

Старт алаңы - Роберт Рождественскийше айтсақ:

Жасыл төсін күз тонаған,
Жайып салып төбелерін.
Тосып алар ізгі алақан
Жұлдызға ұшқан кемелерін.
Сергіп әлем бай көңілмен,
Белін жазды көп бүгілер!

Аты естілсе Байқоңырдың
Планета көкке үңілер.

Жезқазған Байқоңыры - селеу даланың ортасынан шын мәнінде космостан оралатын ұлдарына сенімді алақанын емірене ашқан алтын бесік. Бүгін ғана аты белгісіз совет азаматы Қызылордадағы Байқоңыр космодромынан көтеріліп, Жезқазғандағы Байқоңыр даласына қонған сәтте-ақ бүкіл әлемге аян болады.

Бұрын Қазақстанды шетелдіктер тұрсын, балам Ресей мемлекетінің тұрғындары жөнді білмейтін. “Қайсақ” деп те атаған бізді. “Қырғыз” деп те атаған бізді. Енді ше? Қазақстан даңқы жұмыр жердің түкпір-түкпіріне кең жайылды. Себебі бүгінгі Қазақстан - түгел старт алаңы. Ол тыңымен дүбірлеп тұр. Малымен шалқып тұр. Кенімен кемелденіп келеді. Бірақ бәрінен де бұрын адамымен, жасампаз халқымен құдіретті ол.

Жезқазған облысы - байтақ Отанның бір отауы. Бұл отаудың ошағында маздаған оттың жылуы халықтар достығын күшейтуде. Бұл отаудың жиһазы - ел игілігіне айналуда.

Сондықтан да облыс атынан бәр-бәріңізге бақытты өмір, баянды тыныштық, бейбіт тірлік тілеп, “хош келдіңіздер!” деген қонақжай тілекпен тәмамдағым келеді Алмас екуміздің осы сапар барысындағы әңгімемізді.

*1983 жыл.*



# ТҮЙСІКТЕР

## ҚАЛАМГЕР ПАРЫЗЫ - АҚИҚАТҚА ЖҮГІНУ

Жазушы - әрі өткен күндердің, әрі өз заманының шежірешісі, әрі өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Сондықтан да әр қас қаламгер ел шетінде, жау бетінде тұрады. Сондықтан да шынайы талант елдің үні боп сөйлейді. Халықтың тілегі боп көптен бұрын көзге түседі. Ұлтының ары мен намысы боп алға шығады.

Сондай ұлы тілекті жазушы ұлтының қамын жейді. Мүддесін ойлайды, Арманын алға сүйрейді. Өйткені ұл мүдделерінен ұлт мүдделері құралары ақиқат. Ер білегімен ел тілегі орындалары шындық. Ендеше әр шынайы жазушы елінің әрі перзенті, әрі ұлы, әрі ері. Ол оның бүгінін көркейтіп, өткенін ескеріп, келешегін көксеп отыруға тиіс. Сонда ұлтымыздың қасиеті өсіп, қадірі артып, құрметі көбейеді. Ұлы халықтың ұрпағы құнды, ұландары сыйлы боларын естен шығармалық.

Осындай тілек мені халқымыздың тарихына үңілтіп, өткеніне көз жібертіп, жазушылық қаламға перзенттік парыздың тебіренген жүрегінің қанымен жазылар міндет артқан еді. Мен соған бас байлап, тәуекел етіп кірісіп те кеткем. “Елім-айдың” бүгін екі-ақ кітабы бір-бір реттен ғана жарық көрді. Оқырмандарға осы екі кітаптың тигені бар, тимегені де бар. Бірақ бұл арада кінә жазған менен емес, шығарушы баспалардан. Баспаны басқарып отырған азаматтардан.

“Елім-ай” романының екі кітабының жарық көргеніне де бірнеше жыл өтті. Содан бері оқушылармен талай рет кездесіп, көптеген сұрақтарға жауап беруге тура келді. Сондағы бір байқағаным: “Бұл романды жазуға сізге қандай себеп түрткі болды?” деген сауалдың өте жиі қойылуы.

Меніңше әр шығарманың, әр туындының өз өмірбаяны бар. Ол қай жанрда болмасын кездеседі. Автордың іштей тебіренуі, толқуы, елігуі, жүрексінуі қат-қабат араласып жатуы әбден ықтимал. Оларсыз творчество “толғағы” мардымсыз. Ал, себепсіз салдар жоқ дегенге сайсақ, әр істің, сәтімен аяқталған істің әу баста тілеулес түрткісі болатыны және ақиқат.

Менің мамандығым - инженер-металлург. Москва-ның Болат және қорытпа институтында оқып жүргенімде астанадағы қазақстандық студенттердің мереке тұстарында жиі-жиі кездесуі дәстүрге айналған еді. Сол кештерде біз мәжіліс-отырысымызды “Елім-ай” әнін қосылып айтып ашып, сол әнмен той тарқарды жасайтынбыз. Сондай кездерде менің көз алдыма туған даламның ақ селеуі жыбырлай толқыған жұпыны бейнесі оралатын.. Балаң жігіттің жас жүрегі іңкәр сағынышқа көбірек берілгіш келе ме, мұңлы ән маған ерекше әсер ететін. Әсіресе “Елім-айдың” сөзсіз әуенін қоңыр даусымен көмейден егілте төгетін мәдениет институтының Серік атты студентін (фамилиясын ұмытыппын) тыңдағанымда тұла бойыма туған елге деген перзенттік сағыныш, сәбилік іңкәр сезім шымырлап құйылатын. Содан ба мен “Елім-ай” әнінің шығуын тексеріп, тарихын түсіндіруді алдыма мақсат қып қойдым. Москвада оқыған жылдарда Ленин атындағы кітапхананың сирек кездесетін кітаптар мен документтер қорында, Мемлекеттік ежелгі актілер және тарих архивтарында болып, біраз деректер мен дәйектер жинадым. Кейін Қазақстанның ұлан-байтақ даласын талай аралап шығып, көнекөз қариялардың. қарлығыңқы үніне құлақ боп тосылдым.

Тарихи шындыққа негізделмесе, көркемдік шын-дық туралы сөз қозғаудың өзі де артық. Ойдан шығарылатын шындық болмайды. Және тарихты бұрмалау жеке адамның қолынан келмейді. Өйткені тарих - көптің, қоғамдық өмірдің бастан кешкен дәуірі. Оны қанша бұлталаққа салғанмен, уақыт әмәнда аршып алып отырады. Сондықтан да ұлы мәртебелі Тарих алдында әрдайым адал көңіл, таза жүрекпен жүгініп отыру ләзім.

Отанға деген кіршіксіз махаббатыңнан, шексіз



даланың ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, мейлінше бай тіліне, құлазыған қорым, үнсіз қорғандарда жатқан ата-баба рухына деген сүйіспеншілігіңнен тарихқа деген шынайы көзқарасың қалыптасуы мүмкін. Егер халқымыздың осыдан екі жарым ғасыр бұрынғы халіне көз жіберсек, онда сонау ақтабан шұбырынды болған қанды жолымен қыбырлап кеудесін әрең сүйреткен қайғылы елдің азалы тарихын көрер едік. Жан-жағынан анталаған жау қыспағында қалған қазақ хандығы аса бір трагедиялық ауыр кезеңге тап болған. 18-ғасырдың бірінші ширегінде Бірінші Петрдің бұйрығымен қазақ даласында Тобыл, Ертіс және Жайық өзендерін жағалай ақ патшаның форпостары мен бекіністері (Тобольск, Омбы, Жәміш, Семей, Өскемен, т.б.) салынады. 16-ғасырда фашистік-феодалдық мемлекет боп дәуірлеген Жоңғар хандығы қазақ даласының шүйгін жайылымдарына көз тіге бастады. Ақыры, 17-ғасырдың аяғы мен 18-ғасырдың бас кезінде қазақ жеріне шапқыншылық жасаған Жоңғар мемлекеті Алтайды, Жетісуді, Арқаның тең жартысын жаулап алып, қазақ хандығының орталығы - Түркістан қаласына басып кірді. Атышулы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” оқиғасы төнді. Тоз-тоз болған ел тұс-тұсқа шұбырды. Хиуа мен Қоқан хандығын сағалады. Бұқара мен Самарқанды жағалады. Бірақ пана таба алмады. Батыстағы қалмақ ханы Аюке тұтқиыл шабуылдап, қазақты Жайық, Жем, Сағыз бойындағы жерлерінен және айдап шықты. Бұрынғы йен даланы емін-еркін жайлаған азат ел енді Қаратау, Телікөл, Ұлытау төңірегіндегі аядай аймаққа ұйлықты. Билікке таласқан хан-сұлтандарлың әрекеті іштен іритті. Жоңғар, қалмақ шабуылы аз болғандай, ендігі қауіп шүршіттен төне бастады. Қазақ халқының алдына тарихтан біржолата өшіп, жоғалып, құрып кету немесе қайткен күнде де далбасалап елді сақтап қалу дилеммасы жан алқымға тіреле қойылды. Осындай түрлі қоғамдық, әлеуметтік, тарихи себептер қазақ халқын Россия мемлекетіне қолын созуға мәжбүр етті. Әрине үлкен елдің панасын саялаудың өзіндік қиындықтары мол еді. Көркемдік шындықты іздегенде

мен осынау тарихи шындыққа арқа сүйедім. Тарихи шындықты нысана қылып ұстадым.

“Елім-ай” диологиясын жазуда мен қолымнан келгенше осы жағдайларды қамтып, халқымыздың басынан өткен 17-18 ғасырдағы қазақ болмысындағы ұлттық қаһармандардың ерлігі мен күресін, елдің шыншыл реалистік фонын арқау еттім.

Тарихи: дәйектілік, саяси жағдайды, әлеуметтік мәселелерді көрсетудегі дәлдік, ұлттық әдет-ғұрып пен халықтық характерлердің өзіндік ерекшеліктерін нақты беру - адастырмас құбылнамама айналды.

Тарих керуенінде ерсілі-қарсылы шұбырған халықтың бастан кешкен тағдырын елестету үшін сол ұзақ өмір көшінің ең болмағанда қиялыңмен не жолбасшысы, не түйекеші, не кірешісі болуың қажет. Боздаған түйесінің, ақырған түйекешінің, жігерлі даусымен ән салған жолаушысының, қаралы жоқтауымен аңыраған кейуанасының қым-қуыт араласқан үндерін естіп, алдаспанның жарқылынан от тұтатқан сарбаздың жанкештілігін, қара көзден жан шуағын шашыратқан қарындастың сүйіспеншілігін, қара қанжарды сәби жүрегіне кірш бойлатқан жаудың озбырлығын көріп, сезіп барып қаламға ерік, сөзге еркіндік, қиялға кеңістік беруге болар. Сонда өгіз терісіндей кең жайылған Далаңның тұс-тұсынан көкке тік таншылған таулары көз алдыңа зымырап оралып келіп, қазақ халқының бастан кешкен қайғысы мен қуанышына, өкініші мен сеніміне, күдігі мен үмітіне куә болғандығын айғақтар. Өйткені дала мен тау бүгінде әр қазақтың қанына араласып, кітап беттерінен, ән-күйінен, сурет-графикасынан, тарихынан үнемі қылаң беріп тұрады. Сондайда ұшы-қиырсыз Далаң қазақтың жомарт жайылған дастарханындай немесе ашылған бауырмал құшағындай сезілсе, ұшар басын қар басып, бұлт шалған Таулары тәкаппар кеудесін имей, еркін тұлғасын барынша көрсетуге ұмтылған, азаттықты әлі де аңсаған халықтың бүгінгі бейнесін елестететін тәрізді.

Халық тағдыры - оңай ашылар сыр сандық емес. Оны сарыла іздеп, терең зерттеп, әріден бүгінгісіне дейін көңіл көзімен шолып өту керек. Тарих тереңіне



бойлаған қаламгер әр тапқанын қайта-қайта тексеріп, әрі күмәндана, әрі толғана отырып, жүрек қанының ыстық ағысынан өткізуі қажет. Сонда ғана бүгінгі егеменді Қазақстанның кешегісін де, көне кезеңін де сезіне аласың. Сонда ғана қазақ халқының басынан өткен сан қилы тарихи естелікті, күресіп жүріп жеңіп алған тірлігін, туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігі арқылы ізгілік пен үмітті, еркіндік пен әділетті әлі де аңсаумен жүрген ғұмыр жолын жаныңмен түсінесің.

Тарих керуенінде қазақ халқының жоғалтқаны көп.

Тапқаны да бар.

Жоғалтқаны: талай қанды қырғын шапқыншылыққа ұшырап, бір кезде дәуірлеген мәдениетін құм жұтқан қалалардың көмбесінде қалдырып, көршілерінен кешеуілдеп қалғаны.

Жоғалтқаны: ыдыраған орталықтың ырқына көнбей, тұс-тұсқа шұбырған елдің ауыз бірліктен ажырап, дербестігі мен тұтастығын шашыратып алғаны. Тарих кітабының ақтарылмай қалған беттерінде аңыз бен ертегіге, әні мен күйіне ғана арқау болған ерлігі мен еркіндігі.

Тапқаны: құм жұтқан қалалардың үйіндісінде қалған көне мәдениетін ұмытпай әні мен күйіне, аңызы мен ертегісіне сіңіріп, ұрпақтан ұрпаққа аманат қып тапсырып, еркіндік деп шарқ ұрып, азаттық деп арпалысып төккен жасын бірін-бірі алмастырған әулеттерінің қанына құйып беріп, ілгері ұмтылдырғаны.

Тапқаны: ғасырлар бойы қалыптасқан достықтың бүгінгі игілігі. Бүгінгі шапағаты.

Ендеше халқымыздың жоғалтқаны да, тапқаны да қымбат. Екеуі де қасиетті. Өйткені, Байрон айтатын “әлемдік қасіретті” әр адам өз халқының басынан кешкен қасіретін түйсініп барып, ерекше сезінуге тиіс. Себебі әр халықтың қасіреті әлемдік қасіретті құрайды ғой. Сондықтан да халқымыздың бастан өткерген тағдыры маған тапқанымен да, жоғалтқанымен де, азасымен де, қуанышымен де, бар болмыс - бітімімен де қымбат.

Көркем әдебиет - халық өмірінің айнасы. Ол кешегі мен бүгінгіні, бүгінгі мен болашақты салыстыра

отырып, сабақтай отырып ілгері дамиды. Өткенге үңілмей, келешекті болжау қиын. Бағы заманның қытымыр қойнында жатқан талай тылсымды ашып, жайып салып замандастарымыздың игілігіне айналдыру - абройлы жұмыс. Халқынның тарихын зерттеп, сол кезең оқиғаларын бүгінгі және келешек ұрпаққа таныту - әрі тәрбие, әрі өнеге.

Сондықтан да мен роман желісін негізінен тарихи оқиғалардан құруға тырыстым. Ең алдымен қазақ пен ойрат, ойрат пен Шығыс Манғолия, ойрат пен Қытай, Жоңғария мен Россия патшалығының, қазақ елі мен Россия араларындағы әртүрлі қатынастарды көрсетіп, қазақ хандығының, сондай-ақ, Жоңғария мемлекетінің өз іштеріндегі қайшылықтар мен күрестердің түп тамырын толық аша алсам, дилогияның идеялық бағытын айқындайтынымды сезіндім.

Орыс-қазақ қатынасы, атап айтқанда дипломатиялық, әлеуметтік, керек десеңіз, құдандалық қатынастар өте ертеден басталады. Ол анау Тәуекел, Есім тұсында да, Жәңгір, Тәуке заманында да сабақтасқан.

Көршілес екі ел сол кездерде-ақ бірін-бірі тең тұтып, алыс-берісті күшейтіп, сауда-саттықты мықтап дамытқан. Бір-біріне керуен жөнелтіп, төбеден төменге қарамай, иыққа иық тірестіріп, елші алмастырып жатқан. Тек Россиядағы Солтүстік соғыс кезеңінде және қазақ даласындағы жоңғар бүліншілігіне байланысты 18-ғасырдың алғашқы ширегінде бұл қарым-қатынас сиреңкіреп қалды. Бірақ өзектестік үзілген емес. Байланыс бұзылған емес. Тобыл,Ертіс линияларына келген орыс мұжықтары мен қазақ шаруалары тіл табысып кетті. Мәселен, Тобыл бойына келген орыс крестьяндары мен қазақ шаруаларының арасындағы қарапайым тірліктегі байланыстардың болғанын дәлелдейтін деректерге сүйене отырып, орыс жігіті Федосий Махов пен қазақ кедейі Сұртайдың достық, жолдастық қарым-қатынасын біршама жазып шықтым деймін.

Себебі өмір иірімі күні бір, мұңы бір еңбек адамдарын тез табыстырады. Үлкен елдің кең құшағы - орыс халқының, орыс крестьяндарының бар-бар



әрекетінен анық көрінген. Халықтар тағдыры сабақтас. Азаттықты орыс халқы да, қазақ халқы да көксеген. Орыс халқы да, қазақ халқы да көксеумен келеді. Халықтар тағдыры ұқсас. Ол ұқсастық тірлігінде, арманында. Ол ұқсастық еркіндік үшін күресінде, ортақ жеңісінде, ортақ жемісінде.

“Елім-айдың” кейіпкері - халық. Әр таптан, әр жіктен құралған өкілдердің дені қарапайым диқан, тесікөкпе малшы, ел бірлігін жырлаған ақын, еркіндікті қорғаған батыр. Тарихты халық қана жасайтыны ақиқат, сондықтан романымда халықтан шыққан қаһармандарды көбірек көрсетуімді өзімше әбден заңды деп ойлаймын.

Тағы бір қиыншылық: тарихи фактілерді дұрыс сұрыптап ала біліп, сол қыруар деректердің жетегінде кетпеу. Документ-дәйектерді шығарманың ұрымтал жерлеріне дәл қолданып, сол заманның қайшылық, дағдарысқа толы, қақтығыс, күреске толы шынайы суретін жасауды борыш тұттым. Қазақ елінің таптық, әлеуметтік қайшылығы, билеуші топ пен езілуші көптің арасындағы бітіспес кереғарлықты реализм негізіне сай көрсетуге талпындым.

Тарихи шығарманы жазу оңай дүние емес тәрізді. Ол үшін кейіпкерлермен әрекетіңмен, идеяларыңмен бірге өмір сүріп, бірге тыныстауың керек. Кеңістікті шарлаған қиялың “Кім? Қайда? Қалай? Не үшін?” дейтін сұрақтарды жиі түрткілеуі ләзім. Сонда әрі тарихшы, әрі этнограф, әрі археолог, әрі географ қызметтерін азды-көпті бойыңа сіңіруге тырысасың. Оларсыз шығарма шындығын жеткізу қиын. Алыс күндер мен бүгінгі тірлікке лайық көпір салып, ақиқат пен аңызды жалғастыру - шебердің еншісі. Қаламгер қиялы.

Шындық - қаңқасы, сүйегі. Қиял - еті мен терісі, киімі мен бұйымы. Өнделмесе, әрлемесе құр сүйек - сүйек қана.

Негізгі кейіпкерім - Жомарт батыр, оның тоғыз баласы. Бұлар өмірде болған адамдар. Жомарттың өмір сүрген ортасы, мекен-жай географиясы және қайғылы қазаға ұшыраған кезеңі деректерден белгілі. Осынау шағын дәйектерге сүйене отырып, мен осы бір үйлі

жанның тарихына байланыстырып, 18-ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ даласындағы өмір-тірлік көріністерін біршама дәл беруге тырыстым. Әлгі ауызекі деректерді негізге алып, қиял қанатымен сол заманның салт-дәстүрін, тұрмыс күйін, әлеуметтік қатынастарын, обьективті шындықты жеткізген болдым. Өйткені Жомарт батыр мен Қазыбек бидің, Құлнияз диқан мен Тәсібек жылқышының туған жерге - тауы мен даласына деген перзенттік махаббаты оларды үнемі қайрап, үнемі шыңдап, ерлік рухқа баулып отырса керек. Өйткені олар елінің дәстүрін, салтын, арманын, мүддесін жүрегімен жалғастырып, азаматтығын ардақтаған жандар.

Тарихи дилогияны жасаудың тағы бір ерекшілігі - сол дәуірдің бар бітім-көрінісін дәл бере білу.

“Елім-айда” осыдан екі-үш ғасыр бұрын өмір сүрген орыс, қазақ, ойрат, манғол халықтарының тұрмысы суреттеледі. Ендеше, сол заманға лайық сөз, сол кезеңге сай реалдар болуы шарт. Бұл тұста жазушының ізденімпаздығы, талғампаздығы, эрудициясы жан-жақты іске қосылмаса, үдеден шығу мүмкін емес,

Ойрат, манғол халықтарының тұрмыс күйін, салт-дәстүрін көбірек, тереңірек зерттеуге тура келді. Сөзім жалаң болмау үшін бірер мысал келтіре кетейін. Ойрат, манғол халықтары бәтуаға келіп, татулықты қуаландырғанда біздер құсап төс қағыстырмайды екен, біріне-бірі мұрындарының ұшын тигізіп, бекіседі екен. Немесе, ақ тілеулі ана жауынгер ұлын жорыққа аттандырарда баласының аман барып, сау қайтуын ырымдап, ұлының мінер жақ үзеңгісіне ақ сүт жағады екен. Осындай ұлттық, елдік дәстүрдің үлгісіндей көркемдік шарттылықты шығармама сыналап отыруды жөн көрдім.

Тарихи туындының құнын өсіретін бір парасы - тіл деп ұғынам. Өйткені тіл - ойдың қызметшісі, ділдің елшісі. Қазақ- сөзбен сайысып, уәжге тоқтаған халық. Даналықтың мөлдір тұнығынан сусындаған ұлт өкілдерін биін бише, батырын батырша, ақынын ақынша сөйлету қаламгерлік парызымның шыңына айналды десем артық болмас. Сондықтан да бейнелі сөз,образдылық,астарлы диалогтар,шешендік дәстүр



“Елім-айдың” көркемдік қасиетін айқындайтын компоненттер болуын армандадым. Әйтеуір ниетім түзу.

Әр жазушының негізгі өмірлік кітабы болады.Мен үшін ол кітап “Елім-ай”. Осы кітапты жазған менің бір ғана кінәратым - ол алғашқы кітапты отызға да жетпей жазуым. Содан да болар, мені қалың оқырман бірден қабылдағанымен, қызғаншақ жазушылар мен бәтуасыз басшылар үрке қарады.Үрпиісе бөлектеді. Еңбек бағаланбады, баға берілмеді. Құрмет көрсетілмеді. Ол - сол кездегі тоқырау заманындағы бойкүйез әдетіміздің салдары ғой.

Мен бірінші кітапты жастықтың сезімімен лапылдап жаздым. Арындап артық кетсем, лепіріп ұзақ төгілсем - сезімтал жүректің ой мен ақылға тізгін бермеуінен болар. Бірақ жастыққа ол жарасымды. Бірінші кітаптың құндылығы да, кемшілігі де осында.

Екінші кітапты мен отыздың ішінде, қырыққа жақындаған кезде жаздым. Бұл кез - сезімге тежеу салып, ақылға кезек беретін, қаламгердің ой тоқтатқан дәуірі. Сол себепті екінші кітапта салмақты ой, байсалды көріністер, салиқалы пікірлер басым.

Ал халық көкейінде - үшінші кітап жазылар болса, ол қай күйде, қай мәнде жазылар екен деген сұрақ тұрғанын сезем.

Мен үшінші кітапты жазып, орталап тастағам. Екінші кітаптың жарық көргеніне он бір жыл өтсе де, үшінші кітап әлі шықпай жатыр. Себеп не?

Себеп, жариялылық кейін ғана кірді. Бірақ әлі толық жеткен жоқ. Ал ол кезде тарихи тақырыпқа қалам тербеген әр қаламгер қыл үстінде жүретін.Оған ұлтшыл, жершіл, ескішіл дейтін айдар тағылып, әртүрлі жамау жапсырылатын.

Жариялылықтың көкесі демократиялық принцип

дейміз.Демократиялық принцип ... Осы екі сөзден соң қаламым әрі қарай онша сырғыр емес. Себеп пе “Таяқты көп жеген түйе бақырауық деген бар. Сондай күйді өз басымнан өткергендіктен де демократиялық принципті әр қаламгер қаншама аңсап, қаншама зарығып іздесе, мен оны солардан да әрман көксегенімді айтып та, жазып та жеткізе алмаспын.

Жазушы - өз заманының шежірешісі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл - шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Соны әманда ұға білсек қой, түсіне білсек қой. Азаматын ардақ тұтар іргелі елдер ақын - жазушысын алақанында ұстайды екен. Көрмесем де ... соған сенгім, иланғым келеді.

Ал, бізде ... Жанымен жылап, ет жүрегі езіліп, көп пен топ сезбеген кей жай мен күйді жеке өзі танып, жеке өзі талдап, жеке өзі жазып шығар кейбір алғыр да көреген жазушыларымызға "диссидент" деп айдар таққанымыз ұмытыла қойған жоқ. Ал республикамызда ондай шулатуға бара қоймасақ та, әлгіндейлерге ит қосып, балтыр қапқызып, балақ жыртқызуға жеткенімізді жасыра алмаспыз.

Мысалға өзімді атаймын. "Елім-ай" романының бірінші кітабын 1970 жылы баспаға тапсырдым. Араға аттай сегіз жыл салып, ол 1978 жылы әрең-әрең жарық көрді.

Сонда осы кітапты шығармау үшін нені сылтауратушы еді: "Ойбай, темір - терсектің оқуын бітірген инженер тарихи тақырыпқа не бетімен барады екен, ей!".

..."Өткенді көксеп, хандық дәуірді аңсап, бүгінгі өркендеген социалистік тұрмысымызды мансұқ етпек. Гүлденген өмірімізді кім көрінгенге мансұқ еткізбеспіз " .

Тағы біреулері:

... "Әй, ол әлі жас қой. Отызға да жетпей тарихты қозғап, қалың роман жазып несі бар еді. Күте тұрсын"- десе, үшінші дөкейлері:

... "Әлдебір металлургтің кітабы түгілі майталман жазушының да сүбелі еңбектерін басып шығаруға қағаз таппай жүрміз. Келімсектер дәндемесін. "Иттен де сүйек қарыздар" сұрамшақ дәмесіне болайын",-деп күпілдесе,

Саққұлақ қырағылары:

••• "Ойбай-ау, "Елім-ай" деп күңіренетінін қайтерсің бұл Сматаевтың. Тіпті одан басқада ел жоқтайақ. Мына қалпымен Россияға біз өз еркімізбен қосылған жоқпыз деп бұл шіркін сүттей ұйып, бауырдай қатқан интернационалдық достығымызға іріткі салып, тұтастығымызға сына қағуы мүмкін-ау. Осының өзі байқаңдар, ұлтшыл болмасын. Кезіндегі анау "Жас тұлпар" дейтін бүлікшіл топты құрушылардың бірі емес пе ол? Байтұрсыновтар да баяғыда ұлтшыл ұйым құрудан бастаған бар сұмдықты"- деп қақсаса,

Әліптің артын бағушы секемшілер:

... "Бір Есенберлиннің қазақ пен қырғыз арасына салған дауынан құтыла алмай жүргенімізде енді қалмақ пен қазақ, орыс пен қытай арасына от тастатып неміз бар. Біз, оның ішінде мен, баспаның бір бастығы ретінде әдебиеттен де бұрын елдің қауіпсіздігін көбірек ойлаймын. Сондықтан да бұл қолжазба күте тұрады"...

Қош. Ұзын сөздің қысқасы, Орталық партия Комитетінің сол кездегі Үгіт-насихат бөлімімінің меңгерушісі, тәңір жарылқағыр Плотников жолдастың тікелей араласуымен "Елім-айдың" бірінші кітабы оқырмандардың қолына тиді-ау. Бірақ...

"Әне жерін" қырнатты. "Мына тұсын" опыртты. "Дүмбілездеу тарауын" кескізді. "Талас пікір туғызатын, ұлт пен ұлттың арасына шоқ тастап, от тұтататын" жерлерін қидалатты. Әйтеуір шығарды. Кескен жерін, тескен жерін, үзген тұсын, ойылғанын, опырылғанын толықтырып қайта шығарғым-ақ бар. Тағыда бірақ дейін. Себебі демократиялық принцип, жариялылық әлі менің "Елім-айыма" онша жетіңкіремей тұр. Баспалар жоспарына енгізер емес.

Ал үшінші кітаптың жөні мүлде бөлек. Оның негізгі қаһарманы - Абылай хан болмақ.Әр ұлттың, әр халықтың сан ғасырлық тарихында халқының алғыс құрметіне бөленген шоқтығы биік, еңсесі тік, кеудесі шалқақ, тұлғасы асқақ ұлы перзенті, үлгілі адамдары болары шындық. Қазақ халқы үшін атына әруақтай табынып, есімін есінде мәңгілік сақтап, рухына мінәжат етіп өтер бір ұлы болса -оны мен Абылай хан дер едім. Қазақтың қазақ боп бүгінге жетуіне, ұлтымыздың ұлт боп қалыптасып бүгінге өтуіне, сонау ойрат жұртындай түгел дерлік қырылып, тарихтан

біржола өшіп кетпеуіне бірден бір себепкер жан бар болса - ол Абылай хан ғана. Халқымыздың мәңгі ардақтар аяулы азаматы ол. Ұлтымыздың ұрпақтан ұрпаққа ұранындай табыстайтын қасиетті ұланы ол. Жер бетінде қазақ дейтін бір адам тірі жүрсе Абылай аты, Абылайға деген сүйіспеншілігіміз, парызымыз, дұғамыз, құлшынуымыз ұмытылмауы керек. Себебі он сегізінші ғасырдың екінші жартысында от жалынды аузын арандай ашып, жұтқалы келе жатқан айдаһар мен темір шеңгелін тарбита, бүріп тастағалы ұмтылған Қос басты самұрықтың ортасында көжектей бүгежектеген қазағын кемеңгерлікпен, көрегендікпен, саясаткершілігімен, іскерлігімен құтқарып қалған Абылай ғана болатын. Ендеше мен “Елім-айдың” үшінші кітабында осы данышпан Абылайды, ел үшін торға да, түрмеге де түскен Абылайды, бірде орыс патшасына қол ұстатып, бірде қытай хуандиінен билік алып, ұлт тәуелсіздігін көзінің қарашығынан да артық қорғаштаған Абылайды, мансабы үшін Мәликесін де төсекке салып беретін бұрынғы хан-сұлтандарға, бүгінгі кейбір күлдібадам әкімдерге мүлде ұқсамайтын Абылайды өмір сахнасына шығаруым керек. Ол - нардың жүгінен де ауыр жүк. Жардың тілегінен де құдіретті тілек. Құлшынуым да бар, құмарлануым да мол, ізденуім де біраз, ал Абылайға деген ілтипатым өзгеше. Екінші кітапта ол әлі де Әділ бала, Әділ бозбала боп жүрсе, үшінші кітапта халық қамқоры, ел басы, мемлекет қайраткері боп бой көрсетуі қажет. Сонда шындық пердесі ашылып, ақиқат сөйлеп, әділет тірілер еді.

Әрине шындықтың анасы - уақыт. Уақыт аршымайтын, тазартпайтын көмбе жоқ. Хан-сұлтанды құбыжық санап, би мен байды кінараттап келгенімізді жасыруға болмас. Халқым деп жарғақ құлағы жастыққа тимей өткен Қазыбекті би болдың деп күйдіруге кімнің жүрегі дауалар.Хан деп Абылайды енді қаралар адам табыла қоймас дегім келгенімен, әй, онша сенімді айта алмаймын. Бізде әлі де әділетке жүгінгісі келетіндер аз да, заманның әуеніне, уақыттың ыңғайына бейімделгіш айғайшыл ұраншылдар көп. Солар бүгін Абылайды да, Райымбекті де, Төлебиді де, Бөгенбай



батырды да құрметтегенсіп, ат-атағына тәу еткенсіп, тіпті тойын өткізіп, аттарын көшеге қойғызып қарық қылғандарымен, күні ертең-ақ басқа жақтан жел тұрса, басқа тұстан бұйрық жетсе, құйрық қыса қойып, өзгеше әуенге баса жөнелері айдан анық. Олар әділетті де, ақиқатты да өз пайдаларымен, өз дәрежелерімен, өз лауызымдарымен түсінеді ғой.

Ал бізге шын мәніндегі жариялылық керек-ақ. Ал әдебиетке жариялық тіпті қажет-ақ. Өйткені ол өлгенді тірілтіп, өкшкенді жандыруға бірден-бір себепкер. Адамзат кешегісін келешегімен қатар қоя алғанда ғана кемелдене түседі.

Жариялылық адалдықтың - айнасы ғой. Адалдық — азаматтықтың белгісі. Ал сол азаматтық пен адалдықты біздер, қаламгерлер, үнемі өз бойымыздан таба білдік пе? Таба білеміз бе?

Қайдам... Өйткені біздің арамызда беделді орындарға бір топтың өкілдері тұтаса отырып алғандд ғана әлгілердің өкілін, туысын, жерлесін жаппай әрі жанталаса жадағай алып қашпа мақтау бар. Немесе шын мықтыны (таланттыны айтам) әлдебір себептермен (не үй бермей, не жұмыс бермей, не творчестводағы тиесілі бағасын бермей) ертерек өлтіртіп алып, жылаған болып, әділет пен шындық іздеген болып жабыла мақтауымыз, жұмыла жоқтауымыз бар. Мақтап отырып та, жоқтап отырып та сол өлген классиктің іштей “сыбағасын сыйлап'' отыратынымыз да өтірік емес. Сөзімді дәлелдеу үшін Қасым Аманжоловтың биылғы сексен жылдық мерей тойын баспасөз бен басқа сөздерде жариялаудың жұтандығын көлденең тартам. Апырау бүкіл қазақ үшін, Ахаңы мен Жақаңынан (Байтұрсынов пен Дулатовты айтам), Мағжаны мен Жүсіпбегінен, Шәкәрімнен көз жазып қалған қазақ үіпін Қасым Аманжолов әдебиеттің бір ғасырындай болған алыбы емес пе? Сол Қасымның шинелінен, басқасын былай қойғанда, Мұқағали да шықпап па еді? Ендеше осы жылды жалғыз Мақатаев жылы демей, Аманжолов, Мақатаев жьшы деп екеуін де бірдей дүбірлетіп, думандатып, екеуіне де бірдей көңіл бөліп жатсақ, маңдайымызға симас па еді? Кезінде екеуін де, екі асылымызды да өзіміз шеттетіп,

өзіміз өгейсіретіп, өзіміз ертеректеу аттандырып жібергеніміз де рас қой. Ендеше ағыл-тегіл еміреніс, ағыл-тегіл қошемет, ағыл-тегіл құрмет Мұқағалиға ғана емес, екі арысқа, екі ұлы ақынға, елдің екі ұлына бірдей төгілсін де. Сонда ғана біз шын мәнінде адалдықтың құлы, Әділеттің жоқтаушысы боламыз. Сонда ғана Жазушылар одағы дейтін мекеме өзінің бар екенін мойындатады. Ал әзірше Жазушылар одағының аты бар да заты жоқ. Дүбірі бар да, ғұмыры жоқ. Өйткені ол дәл қазіргі кезеңде Қазақстан жазушыларының қамын жейтін ұйым емес. Қазақ жазушыларының басын қосайын дейтін игі тілектен мүлде ада, не өзіндік бағыты мен бағдары, не жазушыларға көрсетер қызметі мен құрметі жоқ шөре-шөре дүние ғана. Меніңше, дәл бұл қалпында Қазақстан жазушылар одағынан мәдениетке деген, әдебиетке деген жанашырлықты таба қоям деп айта алмаймын. Маңайындағы жандайшаптарымен топ-топ боп аттанып, той-тойлаудан басқаға жарамай жүр.

Өйткені бізде қаламгерді жақтырмаса оның шығармасы туралы жұмған аузын ашпайтын басшылар көбейді. Сондықтан да тірілеріміз тірідей өліп, өскен туындыларымыз өрістемей өшіп кетуі әбден мүмкін. Неге дейсіздер ме?

Себебі бізде көркем әдебиетті насихаттау, көркем әдебиетті ер-тұрманын сайлап, тыпыршыған сүйгүліктей баптап өткізу жағы мүлде жетіспей жатыр. Ұлы Пушкинді жалпақ Россияға жағалай таныстыру үшін ұлы Белинский қажет болса, бізде тереңге үңілместен тек ақ пен қараны ғана ажыратар қарапайым сыншының өзі де табылмайтыны құпия емес. Жалт етіп көрініп, болашағынан үлкен үміт күткізіп қылаң беретін жас сыншылар отызға ілінер-ілінбестен не әдебиет зерттеуге қарай бейімделеді де, не сыннан басқа жанрға ер салып, ауысып мініп, алғашқы соқпағына қайта жанаспай қояды. Егер Асқар Сүлейменов, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Серік-қалиев, Сағат Әшімбаевтар алғашқы қарқындарынан танбай, біріңғай сын жанрымен айналасып жүргенде, бүгін қазақ совет әдебиетінің өркені өсіп, маңдайы жарқырап кете берер ме еді. Себебі бұлардың



әрқайсысы өз үнімен, өз көзқарасымен, өз пайымдауымен туылған сыншылар еді.

Әттең не керек, әділ сыншылардың аздығынан барымыз базарланбай, жоғымыз ізделмей, кемісіміз толыспай, ашылып-шашылып жатқанымыз. Құнтсыздық па, қырсыздық па, қырқылжыңдық па бұл? Қалай ажыратсақ та, әзірше пайдасынан зияны мол тірлігіміз осы.

Әйтпесе әдебиеттегі шоғыр-шоғыр алыптар тобын берген қазақтың киелі топырағына тәуап етер ме едік... Сол шоғыр-шоғыр алыптар тобының жаралуына, тууына, дамуына қандай қасиеттер, қандай сүбелі жағдайлар әсер еткенін зерттер ме едік...Шоғыр-шоғыр алыптар тобының бір-бірімен рухани, мәдени байланыстарын ашып, бір-біріне тигізген ықпалын жіліктеп, жіктеп көрсетер ме едік. Сол алыптар тобының бүгінгі әдебиетке, әдебиетшілерге тигізген немесе тигізер дауасын пайымдар ма едік...

Ол алыптар тобының алғашқы легі - елуінші жылдары тұңғыш ақталған Сәкен, Ілияс, Бейімбет. Елуінші жылдардың аяғында мектеп бітірген менің буыным, менің алдымдағы буын-ұрпақ қандай асылдан мақұрым қалып, қандай кәусардан сусын қандыра алмаған. Өкінішті-ақ емес пе. Ананың уыз сүтімен бірге қанға сіңетін бесік жырлары Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің сыршыл өлеңдерінсіз тым тақыл да тым жұтаң ғой. Әдебиет ауылын бетке ұстаған, алпысыншы жылдарда алғашқы тырнақалдыларымен қаламгерлікке жолдама алған менің тұстастарым Сәкеннің, Бейімбеттің, Іляистың шығармаларымен мектеп қабырғасында бұғанасы қатпай тұрып ауызданбағандықтан қаншама сүбелі сөздің сөлінен, татымды тілдің мәйегінен кенде қалған. Обал-ақ емес пе.

Алыптар тобының кейінгі шоғыры - Ахаң (Байтұрсынов), Жүсекең (Аймауытов), Шәкәрім қажы, Мағжан, Міржақып. Бұл шоғыр - меніңше, әдебиеттің нағыз пайғамбарлары. Қазір осы рухани аталарымның кітаптарын оқып отырғанымда өкіністен де артық өзек өртер қиналысты қыжыл кеудемді бір босатпайды. Мынау кітаптарда қазақтың шұрайлы тілінің түпсіз

терең мұхиты бар екен. Даласындай кең даналығы бар екен. Тау бұлағындай таза мөлдірлігі бар екен. Заңғар көгіндей асқақтығы бар екен. Ал, біз бейбақыт қазақ оқырманы, алпыс жылдан астам тұнықтан жүзіп іше алмаппыз. Дәмдіні тұшынып тата алмаппыз. Сыйлы сыбағымыздан сымпиып қағылып келіппіз.

Неге?

Осы сұрақ миымды шағады. Егер басқа халықтардай әдебиеттің өткен-кеткенін, бүгінін-болашағын түбегейлі зерттейтін дәрежеге жете алған болсақ, онда орны толмас өкінішке ұрынар ма едік? Қордалы қазынамызды өзімізден ұрлап жасырып, аузымызды құр шөппен сүртіп келе бермес пе едік?

Орыстар өз Бунинын баяғыда-ақ том-том қылып шығарып алмады ма...

Мен тез жазатын жазушымын. Содан ба, әлде өзімді талайдан талмаусыратқан шытырман ойдың осынау жариялылық дәуірде бу болып атылып, қағаз бетіне түсуге асыққандығынан ба, бір роман, бір пьеса жазып бітіргеніме де екі жыл болды. Тағы да “бірақ” демеске лажым жоқ. “Әліптің артын бағa тұрайық” дейтін сақтық пен жасқаншақтық жойыла қоймаған ба, екеуіне де әзірше не баспадан, не театрдан жол ашылмай тұр.

Жарайды, ол да бүгінгі тайталас уақыттың нышаны болар.

Тақырып аясы кеңи қойды деп ауыз толтырып айту қиын. Әсіресе бізде. Сөз жүзінде қай жанрда қай тақырыпқа қалам сілтесең де - кеңшілік. Әй, бірақ... Жоғарыдағы өзімнің романым мен пьесамның тағдыры осының айғағы.

Ұсақ жанрда, публицистикада батыл қадамдар баршылық. Ал республика баспаларынан шыққан кітаптардың арасынан әзірше елең еткізерлігін көрсете алмаймын. Оны бұрын әр қаламгердің желкесінде тұратын цензураның тиым салғыш әрекетіне таңсақ, бүгін өзіміздің салғырттығымыздан көруіміз қажет болар. Әйтеуір ұқсатып, өндіріп, оқырманның сұранысын қандырып жатқанымыз шамалы.

Бұл өз алдына жеке әңгіме керек етеді. Ал, шынтуайтына келсек, тақырып ауқымын кеңіту үшін



жалаңаштанған жаның, елжіреген жүрегің, бір сәт қалғымас ар-ожданың, ұлт жандылығың болуы абзал. Сонда ғана ой - ұшқыр, қиял - ғажап, қалам - жүрдек. Гәп осында. Осында ғана. Басқа шешім, басқа жауап іздеп бекер адасу- күнә.

Қай насихаттың болмасын негізі - шынайылықта, шеберлікте, қажеттілікте. Кітап насихаты да осы арнаға саяды. Көркем дүние, асыл шығарма, айшықты туынды дүбірлі, шуылды, шұбырындылы насихатты керек етпейді. Мұхаңның (М.Әуезов) Ілекеңнің (І.Есенберлин), Мұқағалидың, Төлегеннің, Олжастың кітаптарының аяқ-қолы жерге тимейтіні содан. Әрине мүшелерінің ұзын саны 600-ге жақындап қалған Қазақстан жазушыларының, мүшелікке өтем бе деп жүрген тағы да 600 талапкердің жыл сайын топырлап, тоқтаусыз шығып жататын кітаптарының үштен екісі күлдібадам дүние екенін ескерсек, онда кітап насихаты дейтін далбаса тірлікке еріксіз құрық созатынымыз ақиқат. Бірақ арзанды алдап, болымсызды бұлдап, құнсызды қадірлеп өткізетін базар парқын алға ұстасақ, мәдениеттің деңгейін құлдыратып жібереріміздi де ескеретін шақ жетті.

Насихаттауға да адалдық, тазалық керек. Жілігі татымайтын жылбысқыны авторының қызмет дәрежесіне бола өңмендете ұсынуды қою қажет.

Кітапты насихаттауды жүйеге түсіргенде ғана тиімділікке жетеміз. Ол үшін кітап саудасы қызметкерлері, баспалар және кітап палатасы бірігіп жұмыс атқарғаны жөн. Әзірше ондай одақтасудың ауылы алыста жатыр. Баспалар мен кітап саудасы тираж жинауға арналған бас қосуларына, тақырыптық жоспарды жасау кезеңдеріне Мемлекеттік кітап палатасы қызметкерлерін араластырмай келеді. Содан барып, бұл игілікті істе әртүрлі келеңсіздіктер күні бүгінге дейтін бел алып отыр. Кітап палатасында оқырмандардың кітап сұранымын анықтайтын социология бөлімі бар. Егер әр баспа кітап насихаттау жұмысында біздің осы бөліммен бірлесіп жұмыс жасаса, меніңше, әжептәуір нәтиже шығарар деп ойлаймын.

Тағы бір қатты ескерер жағдай - мәдениетті,

әдебиетті пайда көзіне айналдырмау. Әдебиеттің онсыз да тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Ал бізде... біздің қаржы министрлігінде әр баспа табақтан түсетін таза пайдаға қатты көңіл бөлінетін көрінеді. Ал оның моральдық зиянын ойлай ма? Әй, білмеймін.

Дәлел ме?

Мәселен Агата Кристидің кітабының бір баспа табағынан түсетін пайда біздің қазақ кітабының бір баспа табағынан түсетін пайдадан әлдеқайда көп екен. Соған қарап, қаржы министрлігіндегілер (баспа қызметкерлері де кет әрі емес) қазақ кітаптарына бөлінген бүгінде аса зәру қағаз есебінен “Королева Марго”, “Спруттарды” көбірек шығаруды уағыздайтын тәрізді. Егер бізге тек қана тиынның шылдыры қажет болатын болса, онда күннен күнге құлдырап бара жатқан ұлттық мәдениетімізді жылы жауып қойғаннан басқа түк қалмайды. Оның ар жағында үңірейіп қара қуыс... мәдениетсіздіктің, мәңгүрттіктің араны тоса берсін дейміз де...

Кітап саудасындағы кадр мәселесіне тірелетін кикілжің көп. Себебі облыс орталықтарындағы кадрлердің басым көпшілігі - қазақша оқымақ түгіл қазақ жазушыларының бір де бірін білмейтін кездейсоқ дүмшелер. Осыдан кейін қоймаларында буулы күйінде шіріп жататын ұлттық тілдегі роман, повесть, дастандарды шет шалғайдағы қолы қысқа оқырмандардың үйінен көре қоярсыз. Бұл қырсыздық қана емес, бұл - қылмыс. Әдебиетке деген, мәдениетке деген күнделікті күйбеңдіктен құралатын күрделі шабуыл.

Мәдениетке деген, оның ішінде ұлттық мәдениетке деген бүкілхалықтық бетбұрыс болмай, идеологиядағы чиновниктердің бюрократтық, көзқарасын, немқұрайлылығын жеңу қиын. Өз басым әзірше олардан түңілумен келем.

-Ал біздерге сілкініс керек-ақ. Халықтың тілі мен үні аталған ақын мен жазушы елдің алдында топ бастап, адымдап бара жатса, сол елдің мерейі үстем, еңсесі әманда жоғары. Ылайым солай болғай!

*1991 жыл*



## БАРЫМЫЗ АЗ, ЖОҒЫМЫЗ МОЛ

*(“Қазіргі әдебиеттің күйі қалай?” деген газет сауалына жауап)*

Империя ыдыраған, күйреген кезеңде жын-перияның (пері дүниесінің) жамырап, дәуірлейтіні ақиқат. “Бұқаралық мәдениет” дейтін бүркеуді жамылып алып сахнадан, экранная, эфирден, баспасөзден жалаңаш тәндер мен әуенсіз әндердің, шынжыр жүйкелер мен жезөкше бикелердің, атыс-шабыстар мен еңбексіз табыстардың қаптап кететіні және аян. Ондайда ең алдымен келеден қалып, кәдеден тоналатындар - кәсіби суреткерлер. Өтпелі кезеңнің қомағайлығы, ынсапсыздығы, имансыздығы, әулекілігі, анайылығы, хұқықсыздығы иненің көзінен өтетін ептілер мен тоқырау заманында уылдырық жеп қалған “тектілердің” фирмашыл ұрпағын және арсыздар мен пірсіздерді топырлатып жіберетінін көзімізбен көріп жүрміз. Заманды адам билемей, адамды ақша илеген заманда әдебиет пен өнердің күлі көкке ұшарын тарих-шал талай дәлелдеген.

Әдебиетте дәл қазір әлем бар ма?.. Әлемі түгіл сәт сайын әдебиеттің ауыл, үйі де азайып бара жатыр ғой... Бүгінде орташа көлемді кітап шығару 4 - 5 миллион сом қаржы қажет болса, “пайда! пайда-а!” дегенде көкесінің кеңірдегін жұлып алатын қалталы жас мырзалар алақаныңды созбақ түгіл, табанының астына кеудеңді тастасаң да, әй, көре қояр ма екен...

“Әдебиеттің күйі қалай?” деп сұрау үшін де оның күйі болуы шарт. Ал өшіп бара жатқан күйден күй таңдау - мәйітті мазалаумен парапар.

Өткен жылға өкпе тағуға әддім жоқ.

Алдағы болжамсыздық шығармашылық күйді

күрмеп, шабытты шабандатса да, “қалам ұстамаған қарым сынсынды” желеулеттім бе, әлде жұрт алдындағы қаламгерлік борыш шылбыр созды ма, немесе айналайын министр ағамыз Ерекеңнің (Рахмадиев) Таутүргендегі шығармашылық үйіне жетектеп апарып, бір ай “жалынып” жаздырғанының әсері тиді ме, Абылай хан туралы пьеса бітіріппін. Бұрын тез жазып, “өндіртіп” тастайтын мен үшін бұл - әрине бір жылға мол сыбаға емес. Зерде мен көз қағазға тесілмей, жүрдек қалам ақ қағазға еркін көсілмей, қысыр күндер көңілді қоңылтақсытып өтіп жатыр.

Ал азаматтық, пенделік тірліктің қуаныштары біраз болды.Ұлым үйленіп, келін түсіріп, ауыл атандым. Алаш сыйлығының ең бірінші иегері атанып, еңбегім еленіп, тәубаммен табыстым.

Біз бұрын барды жоқ қылуға, жалынды шоқ қылуға баршамыз болып барымызды салатынбыз. Дананы бала ғып құлдилатқан, шаланы дана ғып шарықтатқан “құдіреттіліктің” талай куәсі де болдық. Бүгін біз жоқтан бар іздеуге әуеспіз. Болымсыздан байлық, толымсыздан бастық жасап, өнімсізден ырыс айырамыз деп тыраштануға дайынбыз. Ауадан дән де, дауа да табамыз деп өзімізді-өзіміз алдағанда зәрулік азаяр ма, тапшылық жойылар ма?

Бұрын жыл сайын жүздеген әдеби кітап шығарсақ, бүгін аузымызды құр шөппен сүртіп отырып, әдебиеттегі жылт етер құбылыс түгіл, жай жылтырауыққа да жылап көрісер халге жеткенімізді қашанғы жасырамыз.

Адамзаттың даму барысында қоғамдық формациялардың ықпалының айрықша екендігі мектеп оқушыларына да жақсы мәлім. Ендеше, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін қоғамдық формацияның жоғарғы сатысынан төменгі сатысына домалау қажет дейтін қисынды санаңызға қалай сыналап ендіре аларсыз. Сол жол сілтегіш Америка, Батыс Европа елдері “төбеңізден алтын нөсері құйылады!” деп қанша уағыздасаңыз да, бүгінгі капитализмінен кешегі феодализміне ауыса қояр ма екен. Сондықтан да елдің өз ішінен таппаған



қажеттілікті сырттағы “білгіштердің” сандырағы арқылы жасаймын деу - жаңсақтық қана.

Сенбейсіз бе? Айналаңызға қараңызшы. Белең алып бара жатқан қайыршылық пен қолында билігі барлардың ісініп-кебініп, асқынып-тасынып байып бара жатқан үрім-бұтағының үркердей тобы қорқытпай ма? Нарықтық экономикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазіргі жабайы экономикамыз республиканы ұшпаққа шығарады деуге үш ұйықтасам сенбеймін. Елбасы мен үкімет басшыларының саны көп, сапасы жоқ сапарларынан пайда аз. Ашқарақ көзді Батыс пен аяр күлкілі Шығысқа қол жайып, көз жаутаңдата бергенше, өз мүмкіндігімізді барынша пайдалана білген әлдеқайда дұрыс.

Дәл осы қалпында мемлекетіміз мәдениетті (әдебиетті) қорғамақ түгіл, қолдамайды да. Өйткені билікке таласқан демократтарды ауыздықтайтын құдірет меніңше, әй, жоқ сияқты-ау. Ал олар әдебиет деп аузын да қышытпайды. Парламент пен үкіметті үрейлі немқұрайдылық жайлаған кезеңде әдебиеттің мүшкіл халі мен әдебиетшінің міскіндігін жайлап айтып қана емес, жалаулатып, аттандатып та айқайлап ешкімнің құлағына енгізе алмайсың. Қазіргі саясат - алдымен өзінің қойны-қонышын, қоржын-қамбасын толтыру, өзінен артылса ғана халыққа жем тастау. Одан кейін...Одан кейін мәдениетке қолұшын созудың кезегі келеді. Бірақ сол кезек келе қояр ма екен... Өйткені оған дейін осынау мәдениетіміздің қалт-құлт етіп тірі жүре қоюы неғайбыл-ау... Империя ыдыраған кезде бірінші болып мәдениет, әдебиет күйрейтінін ескерер кім бар екен?.. Ал, қайта дәуірлеу дәуірі... қайта өрлеу кезеңі он жылдап, жүз жылдап күттіртіп қойса қайтеміз?!.

Демеуші, меценат дейсіз бе? Демеушілерден де қайыр жоқ. Дәлел ме? Араб әрпімен жазылған “Қазақ”, “Сана”, “Таң” тәрізді баға жетпес газет-журналдарды халықтың игілігіне айналдыру үшін кириллицамен шығармақшы боп Ұлттық кітап қазынасы (палатасы) “Жезқазғантүстіметалл”, “Балқашмыс” өндірістік бірлестіктеріне демеуші болыңдар деп қаншама жалынды. Аздаған тиын-тебен

береміз деген уәделеріне де екі-үш жыл толып қалды. Көк тиын ұстатар емес.Ал осы екі бірлестік өздеріне "қажетті" ," құдіретті" қорларға ондаған миллион қаржыны лақтырып тастап отыр. Қастерлі көкең, қадірлі жәкең болмаса, кітап шығарамын деп иегің қышымасын...

“Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ” деп өкінішпен өзегі қарс айрылған қазақ қаламгерлерінің қабағына қарар қайырымды жан табылар... табылып қалар деумен үміт үзгім жоқ әлі. Әй, бірақ...

*18 ақпан 1993 жыл*
*“Егемен Қазақстан" газеті*

## АЛМАТЫ ТЕМІРЖОЛ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ ЕРБАЙ БОРАНБАЕВ ЖОЛДАСҚА АШЫҚ ХАТ

Сәті түсіп, сапарға шығып, жылына кемінде он шақты рет жолаушы болмайтын адам бүгінде аз кездеседі. Ал жазушы, журналист ағайындардың көптеген қымбат уақыттары самолет пен поезд тостырған перрондарда жоғалып жататыны жұрт білмейтін жаңалық емес.

Осындай арнайы сапарлардың бірінде өзім куәсі болған кішкентай станциялардың үлкен проблемалары туралы Сізге құлаққағыс етпек жайым бар.

Вагондағы жолаушы тірлігі - терезеге қараған аңдампаз көңілдің айналадағы болмысқа деген ықыласты ынтығуы. Оның байқамайтыны, оның елемейтіні жоқ. Екпіндете жүйткіген жүйрік поезд даламызға сағат сайын кеуделеп еніп жатқан жаңа тұрмыстың, қарқынды ғажайып өзгерістердің жасампаз көріністерін жайып салады да отырады. Әсіресе, Шуға дейін салынып біткен қос жол тіпті ғаламат. Дәл алдыңыздан - терезеден бағып қалсаңыз - ерсілі-қарсылы қайшыласқан жүк поездары не тасымайды! Оқтай түзу, жұп-жұмыр құрылыс материалдарына арналған сібір самырсындары мен қарағайлары, заводтан шыққан бойы қаздай тізіліп тың астығына бет алған комбайндар, мұнай цистерналары, астық пен руда, көмір, тағы да көмір!...

Өмір - қозғалыс. Өмір - жылдамдық пен ұшқырлық. Сол қозғалысты, сол бүгінгі өмір тынысындай жүйрік жылдамдық пен жүйткіген ұшқырлықты қас қағымға болса да тоқтатпай, тірлік қарекетін жол қатынасының график кестесімен мүлтіксіз тоқайластырып, күндіз-түні дамыл таппайтын

теміржолшылардың еңбегіне шын жүректен тәнті болып, риза көңілдің құрметін білдірмеуіңе тағы да әддің жоқ.

Енді осы құдіретті теміржолшылар әулетінің кейбір кішірек станциялардағы қарапайым тұрмысында кездесіп қалатын кейбір қиыншылықтарын Сізге ескерте кетейін.

Алматы темір жолының Мойынты, Киік, Босаға, Айран станцияларында отызыншы жылдары Балқаш-Қарағанды темір жолын салған байырғы құры-лысшылар мен солардың ұрпақтары тұрып жатыр. Бүгінгі қос жолды іске қосып, жүк айналымының тоқтаусыз өсуіне барынша еңбек сіңіріп, жүйткіген ауыр составтар мен көк жебедей суырылған жүрдек жолаушы поездарын кідіртпей жөнелтіп жүрген де сол азаматтар. Бірақ сол азаматтардың да кей-кейде талап-тілектерімен санасып, мұң-мұқтаждарын ескеріп тұрғанға не жетсін.

Киік, Босаға, Айран станциялары Жезқазған облысының Ақадыр ауданының территориясына кіреді. Облыс та, аудан да жетпісінші жылдары жаңадан құрылған. Сол себепті де асфальт жапқан шоссесі тұрмақ, табанына құм мен тас төселген грейдер жолдары да жоқ. Сондықтан жергілікті тұрғындардың жармасатын жалғыз көлігі - поезд ғана. Дәл осы арада теміржолшылардың күн сайын шегіп жүрген қиыншылықтарын көлденең тартуға тура келеді.

Аудан орталығы - Ақадыр станциясында. Киіктен 89 шақырым (километр). Босағадан 45, Айраннан 22-ақ шақырым жерде. Осылардың әрқайсысынан ауданға барып қайту үшін бір жарым тәулік уақыт кетеді екен. Егер әлдебір шаруамен, әлдебір тығыз жұмыспен осы аталған станциялардан Ақадырға бара қалардай болған адам, онда да тек қана түнде жүретін бір ғана поезды - “Балқаш - Қарағанды” шолақ поезын түн ұйқысын төрт бөліп тосуына тура келеді. Ақадырға түнделетіп жетеді де, таң ертеңгі сегіз, тоғыздарда жұмысын бастайтын кеңселердің ашылуын күтіп, вокзалда бүрсеңдеп отырады. Айналасы бірер сағатта тығыз жұмысын бітіріп алып, күні бойы тағы да вокзал күзетеді.



Түнгі он екіде Целиноград жақтан келетін пошта мен жүк таситын поезд ілбіп кеп тоқтайды. Жолаушыларға арналған жалғыз вагонға шыдамы таусылған жұрт лап қояды. Бірақ шын азап енді басталады. Неге екені белгісіз, пошта поезының жүрісі өнбейді. Кез келген разъезде ет пісірім, сүт пісірім аялдап, 89 шақырымдық Киік станциясына 6 сағат жүріп әрең жетеді. “Поезд-жылдамдық!” деп түсінетін ұғымымызға соншама кері әсер ететін осынау пошта поезына соншалық немқұрайды қарайтын темір жол графигінің орасан “жомарттығы” кімді болса да қайран қалғызғандай. Осы арада Жамбыл қаласында тұратын досымның 26 декабрьде салған құттықтау хатының Алматыдағы маған 12 январьда әрең жетуіне осы пошта поезына деген әлгіндей салқындықтың кесірі тимеді ме екен дейтін ой еріксіз туындайды.

Екі күн қатарынан ұйқы көрмей, ертемен жұмысына шығатын теміржолшылардың халін қанша ойлағанмен, қолдан келер жәрдемім жоқтықтан, Өзіңізге осы хатты жазуға мәжбүр боп отырмын. Өз қолымен орнатқан темір жолда жүйрік поездар не Киік, не Босаға станцияларына тоқтамай, екпінімен жел суырып, байырғы ардагерлердің мысын басып, көзін сатқызып, дәл қастарынан зымырап өте шығады. Және бүгінгі өскелең дәуіріміздің жарқын көрінісіндей жүйрік жолаушы поездары да көбейді ғой. Осы станциялардың үстінен өтетін “Алматы- Қарағанды”, “Алматы-Ленинград”, “Алматы-Петропавл” поездары алысқа қатынайтын жолаушыларға өте тиімді болғанымен, жергілікті тұрғындарға, ең алдымен темір жолда істейтін азаматтарға жалын сипатпайтындықтан реніштен басқа ризалық әкелмейді. Бұрын Алматыдан Қостанайға қатынайтын 107/108 поезы болушы еді. Осы станциялардың үстінен күндіз тоқтап өтіп, әжеттеріне жараушы еді. Енді сол поезды “Алматы-Ленинград” жүрдек поезына айналдырып, кішірек станцияларға тоқтатпай зымыратып қойғанда, материалдық жағын білмеймін, еңбекшілер алдында моральдық жағынан ұтылыс таппас па екенбіз?

Сондай-ақ, әлгі аталған станция тұрғындары Алматы яки Москва тәрізді қалаларға бару үшін

Мойынты немесе Ақадырға күні бұрын “Балқаш-Қарағанды” поезымен түнделетіп жетіп, жүрдек поездарға ауысып мінеді екен. Солай-ақ болсын делік. Алыс жолға күнде шығып жатқан жоқ қой. Бірақ күнбе күн тығыз жұмыстарымен Ақадыр, Мойынтыға қиналмай қатынаудың тиімді жолдарын қарастыру аса қажет. Естуімше, Қарағанды мен Жарық стан-цияларының екі арасында үш-төрт вагондық дизель поезы жүреді екен. Еңбекшілердің орынды тілек-талабын ескеріп, осы дизель поезының маршрутын жаңағы станциялардан тек қана күндіз өтетіндей етіп Мойынтыға дейін ұзартса деген ұсыныс білдіргім келеді. Сонда ғана жергілікті тұрғындардың қажетін өтеуге біршама мүмкіндік туар еді.

Екінші, үстіміздегі жылы Алматы темір жолының осы бөлімшесінде электровоздар іске қосылмақшы. Бұл жетістіктерді қуана құптаймыз. Жүк айналымының дәрежесі бұрынғыдан да әрі өсетіні көңілге медеу. Бірақ сағатына 70-90 километрлік шапшаңдықпен жүйткитін осы поездардың кедергісіз қозғалысын реттеуде әлі де есепке алынбаған жайлар бар. Киік, Босаға стандияларындағы елді мекен темір жолдың екі жағында орналасқан. Мектепте оқитын бүлдіршіндер, дүкенге баратын бала-шаға, поезға мінетін қариялар вагондардың астынан өтіп, жол қауіпсіздігін бұзуға себепкер болуда. Бұл станцияларда не аспалы көпір, не жер асты туннель салынбаған. Осының ащы да ауыр шындығындай бір оқиға таяуда ғана болып өтті. Босаға станциясында өткен жылдың ноябрінде аяулы бір азаматтың асыл анасы вагон астынан өтем деп қайғылы қазаға ұшырады. Бұндай жағдайлар осы екі станцияда талай рет кездескен. Біздің социалистік қоғам: “Адамнан өтер байлық жоқ” дейтін қағиданы берік тұтынады. Осы қағиданы ескерер болсақ, Киік және Босаға станцияларында азаматтардың амандығы мен жол қауіпсіздігін күшейтетін - жер асты туннелі ме, аспалы көпір ме екеуінің бірін тезірек бастауды тілейді.

Үшінші, “Алатау”, “Жетісу” және “Сарыарқа” тәрізді жүрдек жолаушы поездарының көбеюі - бүгінгі республикамыздың қол жеткен табыстары мен



мүмкіншілігінің көрінісі екеніне баршамыз мақтаныш білдіреміз. Ал, осы жақсы бастаманың барлық жағынан көңілден шығып, ойдан табылуын Сіз бен біз болып қарастырмасақ-азаматтығымызға борыш. Осы ретте әлгі поездардың жолаушыларға қалтқысыз қызмет көрсетуі үшін әлі де біраз мәселелерді шешу қажет.

Ең алдымен жолсерік (проводник) жолдастарды таңдауға қатты назар аударса дер едім. Өйткені өз міндетін билет тексерумен ғана шектеп, жолау-шылардың орынды тілек һәм өтініштеріне айқайлап дүрсе қоя беретін, билетсіз мінетіндерді төбелеріне хан көтере құрметтеп, ең жақсы орындарға жайғастыруға құлшынатын “қалта сықағыштардан” құтылатын кез жетті.

Тағы бір аса ескертетін жай - вагондардағы радиоторабының жұмыс жүйесі. Алматыдан шығар-шықпастан құлаққесердей шаңқылдап ала жөнелетін шуылдық музыкасымақтардың уақытын қысқарту қажет-ақ. Оның орнына халқымыздың тамаша ән, күйлерінен құрастырылған концертті қосып, жол-жөнекей кездесетін үлкен станциялар мен қала-ларымыздың тарихына тоқтап, аз-кем мағлұмат беріп отырса, нұр үстіне нұр болмас па. Қазақстанның көптеген қалалары - Ұлы Октябрь жемісі. Халықтар достығының нәтижесі. Терең тамырластыққа 250 жыл толып отырған кезеңде ынтымақтық пен бірліктің берік символындай социалистік қалаларымыздың кешегісі мен бүгініне көз жүгірткен қысқа хабар қай жолаушыға да әсер етпеуі мүмкін емес. Шуылдақ, қырылдақ, дарылдақ әуендерден жолаушыларды арашалау керек сияқты.

Сондай-ақ осы жүрдек поездардың вагон-ресто-рандарындағы дастарқан мәзіріне жеткілікті назар аударылмай жүр. Ішімдік жағын азайтып, тағам түрлерін көбейтсе деген даусыз пікірді айтушылар өте көп. Оның үстіне осы поездарда, ең алдымен “Сарыарқа” жүрдек поезындағы вагон-ресторан Шудан өтер-өтпестен есіктерін тарс бекітіп тастайды. Азанда Алматыға келіп түсетін жолаушылардың арасында іссапардан оралатын азаматтар, ресторан ашық тұрса, жеңіл-желпі ауқаттанып алып, мекемедегі

жұмыс, қызметтеріне алаңсыз кірісіп кетер еді. Бірақ ондай мүмкіншілік әзірше болмай тұр.

Бәрі де адам игілігі үшін дейтін ізгі үмітпен жазған хатыма қажетті шара қолданарсыз деген сеніммен,

*КСРО Жазушылар одағының мүшесі*
*Софы СМАТАЕВ.*

*(12 март 1982 ж. "Қазақ әдебиеті" газеті)*

## ОРДАБАСЫҒА ОРАЛҒАНДА

Азат елдің бүгініне жалғасар арайлы ертеңі туарына үміттене сенсек, кешегісінің болғанына кәдімгідей бас изейміз. Өткенсіз бүгіннің басталмайтыны, қазіргі тіршіліктің ертеңгі келешектің баспалдағы екені дау туғызбас ақиқат. Осынау мезгілдің үш өлшемімен тарихтың тұтасып кететініне кеңестік кезеңде қиянат жасап, Қазақстан тарихы... жалпы қазақ халқының тарихы Октябрьден басталады дейтін солақай қисынға бас шұлғып келгенімізді де ұмыта қойған жоқпыз.

Тәуелсіздіктің бір жемісі, әлде үлкен жеңісі - осы қисынның қисықтығын түзетуі де шығар.

1992 жылдың күзінде Елбасы өзінің ордасына ақсақалы бар, атақтысы бар, атақтан дәмелісі бар он жеті жазушыны арнайы шақыртып үлкен әңгіме - дүкен өткізген еді. Егемен боп еркіндеген, тәуелсіз боп талпынған Еліміздің бүгіні мен ертеңі туралы сабақтасқан кеңесіміз бір сәт өткен күндердің алыс көне тауарихына ұласқан.

"Ері болмаса ел құралмас. Елі болмаса ер тұралмас. Ер деп жердің шетінде, жаудың бетінде жүретін батырды ғана айтпайды. Елдің шиеленіскен мәселесін шешер даудың өтінде тұратын биді де айтады" деген Нұрекеңнің аяқ астынан туындаған айшықты сөзі көбіміздің көңіліміздегі көп түйткілді ысырып кеткен болатын. Бүгініміз тиянақты, ертеңіміз берекелі болу үшін кешегіні іздеу, сезіну, түсіну қажеттігіне барынша ден қоюға бұл кездесу үлкен әсер еткен-ді.

1993 жылдың көктемінде сол кездегі республика вице - премьеры М.Жолдасбеков, үкіметтің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А.Сәрсенбаев, Ақпарат және баспасөз министрі Қ.Сұлтановтар Үкімет үйіне бір топ жазушылар мен тарихшыларды жинап, қазақ мемлекеттігінің сақталып қалуына аса қажырлы қайрат

көрсеткен үш ұлы биі - Төлеге, Қаз дауысты Қазыбек-ке, Әйтекеге арналған ұлы жиын өткізу туралы Елбасының тапсырмасымен хабардар еткен. Алдымен жиынның қайда өтуі керектігін біраз талқыладық. Алаш кіндігі - Ұлытауда ма? Қасиетті Мәртебеде ме? Құдіретті Ордабасыда ма? Ақыры жоңғар басқын-шылығына қарсы шабуыл ұйымдастыру үшін 1726 жылы Ордабасыға оралған үш бидің ұлұғ мәртебесін, тәуелсіздік жолында жан пида деген ұлтымыздың ұлылығын қайта жаңғырту һәм азаттық рухын енді - енді сезіне бастаған халқымыздың ой дүниесін, сана - сезімін бір сілкіндіріп алу үшін салтанатты жиынды тап сол Ордабасында өткізу дұрыс деп шештік.

Ордабасыда өтетін жиын мен театрландырылған дала көрінісінің сценарийларын жазу маған жүктелген еді. Көкек айында біз - ішкі саясат бөлімінің жауапты қызыметкері Әлібек Асқаров, тамаша режиссерлер, қазақтың аса бір аяулы ұлдары Жақып Омаров, Қадір Жетпісбаев төртеуміз Шымкентке келіп, одан Ордабасыға жетіп, болашақ салтанатты жиын мен театрландырылған ойын өтетін жерлерді және Елбасы Ордасы тігілетін орындарды облыс басшыларымен бірлесе отырып белгіледік.

Содан кейін - ақ Шымкент облысындағы "Ордабасыға қайта оралу" атты салтанатқа дайындық қызу жүріп кетті. Қазақ тұтастығының белгісіндей боп 1726 жылы ұлы байрағы көтерілген оқшау төбеге енді үш ғасырдай аңсатқан тәуелсіздігіміздің көк байрағы тігілді. Ол төбе - арман төбесі, азаттық төбесі, елдің биік мәртебесі мен ұлт айбынындай асқақтық төбесі еді! Сол төбенің ұшар басына дейін тіке тартылған ағаш сатымен Президентіміздің жападан жалғыз көтеріліп бара жатқанына қуана әрі мейірлене, шаттана әрі мақтана, емірене әрі мерейлене қараған мың сан жұрттың кеудесінде ел болашағына деген үлкен сенім де, ертеңгі күніміздің таңын қайтсек жарқыратып атқызамыз деген жауапкершілік те, өткен тарихымыз бен бүгінгі тәуекелшіл өміріміздің, ертеңгі күрделі болашағымыздың сабақтаса қалып, жымдасып кеткенін бүкіл жан дүниеңмен түйсіну де бар еді. Дәл сол сәттің Елбасы үшін де әлденеше есе сондай әсерлі, сондай жауапты болғанын сезінбеген жан болмаған да шығар - ау. Елі мен Елбасының жүрек тынысы бір леп, бір деммен үндесе, бірлесе соққанына үнсіз қап, тебірене толқып ұйыған жұртшылықпен бірге мен де куә болған едім.

Ордабасыға оралу - халқымыздың тас түйін тұтастыққа, ата - бабалардың жаугершілікте аққан тер, тамшылаған қанымен қорғап қалған Туған Жерге, ұлттың сана - сезімінің тұнбасыз таза мөлдіріне, ана тіліңмен ардақталған Отаныңа деген перзенттік сүйінішке қайта оралуы еді. Бәлки содан ба, сол күні қазағымыздың әкімі ақынымен, ақыны әкімімен, батыры жақынымен, жақыны алысымен қуана қауышып, құшақтары мәңгі ажырамастай мамыражай күй кешен-ді. Бәлки содан ба, әлде Елбасының ол кездегі демократтағы басымдығынан ба, түс ауа Нұрекең мені радио арқылы штабқа шақыртып алған еді. Ордабасыдағы жиынның әсерлі өтуіне сіңірген азынаулақ еңбегіме қатты ризалық білдіріп, қолымды қысқан.

- Сіздер Сәкеңнің бүгін бәрімізді Асанқайғыша тебіренткенін көрдіңіздер. Бұл Софы ат мініп, шапан киюден кенде емес шығар. Ендеше қаламгерді Асан бабасының желмаясына мінгізіңдер,- деп әзіл - шынын араластыра сөйлегені әлі есімде.

Ордабасыда оралған киелі тәуелсіздікке деген ұлы тағзым, құдіретті елге деген құрмет пен жүректермен матасқан ұлт тұтастығы мәңгілікке ұласқай.

*1998 ж "Егемен Қазақстан " газеті.*

# Р. ИБРАГИМОВТЫҢ "КӨШПЕЛІ" КИНОСЦЕНАРИІ ТУРАЛЫ АЗ-КЕМ ПІКІР

Осынау киносценарийді қазақша аударып отырғанда көңілге түйткіл боп тиген жайларды айта кетпесем, ертең сәтімен кино түсіріліп, экраннан көрінгенде, әсіресе қазақ көрермендерінің: "Апырай, ә, осы киноны түсірер алдында сценарийді тағы да дұрыстап қарап, білікті, көзқарақты жандарға, тарихшы ғалымдарға, этнографтарта көрсетіп, електен өткізіп алмағандары қалай?" деп өкініш білдірмеуі үшін өз пікірімді жұқалап қана жеткізуді жөн көріп отырмын.

Ең алдымен сценарийдің аты ә дегеннен - ақ жүрекке дүрс еткізіп періп қалғандай, біразға дейін демінді алғызбай есеңгіретіп тастайтындай әсер етеді. Әрине "Көшпелі" ("Көшпенді" емес) анықтамасы халқымыздың ғасырлар бойы тұрмыс-салт, тіршілік әрекетімен еншілеп алған ат-атауы, былайша айтқанда паспорты екенінде дау жоқ. Ал осының дөрекілеу, тұрпайылау аударма - жамауы "Номад" та онша көңілге қонып тұрған жоқ. Кезінде халқымызды кемсіте, қорлай сөйлегенде осы "көшпелі", "номад" сөздерін көзге шұқи, қадай айтып, сүтке тиген иттей ғып маңайына жолатпай қуалайтын отаршыл озбырлардың сол сілекейлі сілімтік сөзін бетімізге қайтадан таңбалатқызатынымыз қалай? Өз туындымыз болған соң өзімізді өзіміз өңмеңдете бермей, өзгелерге де айбындырақ сес білдіре: "Біз -қазақпыз", "Алаш, алаш болғалы...", "Егеулі найза қолға алдық" т.б. тәрізді атасақ болмас па еді.

Енді сценарийдің ішкі мәні мен құрылым - түзілімінен кездескен кейбір тұстарға ат басын бұрайық.

Біріншіден, "Бұл кино ғой, авторға мүмкіндігінше еркіндік беріледі" деген күнде де, осынау болашақ өнер



туындысы қазақ халқының басынан кешкен аса бір күрделі кезеңіне арналғандықтан уақыттық мезеттер мен белгілі тұлғалардың тарихтан алған орындарын ауыстыру һәм шатастыру-меніңше, тарихымызға да, әлгі тұлғалардың өзіне де, кейінгі ұрпақ - біздерге де көрінеу көзге қиянат болмақ.

Мәселен, Абылай ханның атасы Қанішер Абылай да, әкесі Уәли сұлтан да Абылайдың нәресте кезінде өлгені (өлтірілгені), Абылайдың жетім қалғаны исі қазаққа ежелден белгілі. Ал осы қанішер Абылай мен Уалиді тірі қалдырғанда сценарий авторы да, сценарий де ештеңе ұтып тұрған жоқ. Бір-екі эпизодты бір екі адамын өзгертіп қана, әлгі екеуінсіз - ақ оп - оңай өңдеп жіберуге әбден болады. Мәселен, Уали сұлтан арбадағы жұбайы мен болашақ ұлын қорғап жүріп (күзет бастығының орнына), Шарыштың қолынан өлсе, шындыққа сәйкес келер еді.

Екіншіден, "Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламадан" кейінгі тұс - тұсқа бытырап, әр сұлтанның жемтігіне айналып, есеңгіреп қалған алаштың басын қоспақ боп үш жыл бойы үш жүзге сауын айтып, есінен танған елінің басын құрап, азаттық үшін әділет күресіне үндеген сахарамыздың екі саңлақ азаматы тарихтан мейлінше мәлім. Олар - Қаздауысты Қазыбек би және Бөгенбай батыр. Керісінше, қазақтың азат басын қартыс ноқтасы, кіріптарлық ноқтасы-тауансыз тәуелсіздікке, орыс бодандығына мықтап байлап берген Әбілқайыр сұлтан, неге екені белгісіз, бірінші орынға шығарылған. Әбілқайырдың отан тәуелсіздігі үшін ұлы күресте ешқашанда ролі күшті болмаған. Қайта өз халқын өз құлқыны үшін (яғни тарлау да болса тәж қию, аласа да болса таққа отыру үшін) озбыр басқыншының обыр өңешіне кептеп тыға салғанын сол кезде де, бүгінде де кешірмейтін бұқара жұртшылығымыздың жазылмас жан жарасы бар.

Тағы бір өрескел міні - сценарийдегі Төле би Әбілқайырдың төлеңгітінің біріндей болып, елеусіздеу кейіпке енуі. Бүкіл Ұлы жүздің билеушісі, азуы алты қарыс атақты Төленің Әбілқайыр сұлтанның сөзін сөйлеуші, керек десеңіз, өз қызын сұлтанның қойнына тоқал ғып салып беріп, қан-жыны араласқан, ымы -

жымы жымдасқан жанашыры ғана боп шыға келуі мүлде қисынға жанаспайды.

Сценарийдегі Төленің төбе биліктің биік төрінен айтылар елдік уазипалы сөздерінен айрылып қалғанына ішім удай ашиды. Содан ба, аудармада көбіне көп Төлені өз тарапымнан бише толғантып, бише сөйлетуге тырысқанымды жасырмаймын.

Ал Қабанбай батыр біразға дейін реквизиттің бір бөлшегі ретінде ғана қатысады. Соны өзі де сезе ме: “Апырай! Менің мұнда келіп нем бар еді - ау?” деп сценарийдегі өзінің бүкіл харакетсіз тірлігінен түңілгендей еріксіз әлгі бір ауыз сөзбен тұжырым жасайды.

Қабанбай батыр жөнінде де ғұмырбаяндық қайшылықтар бар. Тарихта Қабанбай Бөгенбайдан кіші. Ал мұнда Қабанбай ә дегеннен (яғни 1723 ж) шау тартқан қария кейпінде.

Сондай бір уақыттық қателік Қалдан - Серен (Галдан-Церен, Царен емес) жөнінде де ұшырасады.

Қалдан - Серен Жоңғар хандығына 1726 жылы Сыбан-Рабтан (Цеван-Рабтан) өлгеннен кейін отырған. Сценарийде басталатын оқиға кезеңінде, яғни 1710 - 11 жылдары Сыбан - Рабтан ойраттарға ұлы билеуші болған. Жә, бұл әрине онша маңызды да емес дейік. Десек те, Қалдан - Сереннің ұлдары үшеу болғанын, олардың ішінде Шәңірек аттысы болмағанын ескерген де жөн. Тарихтағы біреуінің атын берсе жарамас па еді.

Ең негізгі әңгіме сценарийдің құрылымында жатыр. Автордың шарт та шұрт шапшаңдыққа әуес голливудтық тәсілмен қойылатын киноның сценариін жазғанын ұққандаймыз. Әлемдік экранға кедергісіз шығару үшін осындай шытырман оқиғалы сценарийдің қажеттігін де мойындаймыз. Алайда кино қазақтар туралы, қазақ халқының басқыншы жауларына қарсы азаттық күресі туралы болғандықтан, тарих - анадан, тарих - шежіреден, тарих - куәден аттап кету әбестік түгіл, кешірілмес қателік болмас па?

Абылай сұлтанмен бірге тарихымыздың төл баласына айналып кеткен Ораз-құлды, Ораз-Атаны, Ораз - Адамды Тибеттің ламасына айналдырып



жібергенде не ұттық? Осы Ораз Тибетте - ақ болсын, соның көп оқуын, көп сырын, күресінің көп тәсілін үйреніп - ақ келсін. Оған қарсы емеспіз. Бірақ қазақ боп қалса, қазақ боп айшықтанып тұрса, құба құп болар еді. Ораз - сәуегей, Ораз - бақсы десек, неден үркеміз? Әр халықтың өз білгірі, өз көргені болған ғой. Сондай білікті адам Самарқанд пен Бұқарада (Бұқарда) неге оқымасқа? Ұлықбектің планетарийында неге білім ұштамасқа? Тибетке неге бармасқа? Сол мол білімі арқылы жұлдызшы болуы да хақ қой. Осылай Ораз басын аршып алар едік.

Екінші Ораз егіздің сыңарындай екеуді - Әбілмансұр мен Жәнібекті (Жәнібек атын өзгертсе, тіпті Әлібек десе де болады - ау) шеберлікке дайындасын дейік. Ондағы Ораз ойы, мақсаты - Жәнібекті Әбілмансұрға қалқан ғып (двойнигі ғой) Абылайды қорғаштап отыру дейік. Сондықтан да Әбілмансұрды Қытай, Тибетке емес қырықпышақ сұлтандардың тамырын басып, алауыздықтың төркінін анықтау үшін қазақ даласына, қазақ арасына жіберсе. Ол обыр сұлтандарды көріп солардың бір-екеуін (көрерменнің айызын қандырарлық апыр-топыр төбелес қажет болса) бүрістірген үш саусағымен-ақ ұрып соқсын. Үш жүзге сауын айтып, алашының айбарына айналған Қаздауысты Қазыбекпен кездессе, елім, жерім деп еңіреген жас пері батырлар Жәнібек, Есет, Наурызбай, Байғозы, Жидебайларды ілестірсе, айдыны аспас па. Сценарийдің соңғы жағындағы бай аулына топтанып келсе, қадірі өтпес пе. Өз білгенін әлгі достарына үйретіп, топтанып айқасса, талайды топырлатпас па?

Үшінші бір көңіл бөлерлік тұс-географиялық атауларды нақтылап атап, көрсетіп отырудың аса қажеттігі. Қазақтардың тарихы осынау ұлан даласының тауы мен тасының, бұлағы мен өзен-көлдерінің, бұтағы мен орман-тоғайларынында бедерленіп қалған. Қаншама “Қалмақ қырылған” жері, қаншама “Жау қашқан” төбесі, қаншама “Сұмқайтты” сайы, қаншама батыр атындағы тауы (“Жасыбай” көлі, Малайсары тауы, Болаттауы, Абылай асуы т.т) бар. Болашақ өнер туындысы қазақтар туралы болған соң соларды (ат-

атауларыды) нақтылап енгізіп отыру аса қажет.Әйт-песе “Неизвестные горы”, “Безымянная сопка деп киносценарийдегідей дүмбілезденіп желдірмелету-кешегі еңіреген ерлер атына, аттың жалы, атанның қомында осынау байтақ та алып жайын даламызды қорғап қалған бабалар рухына қылмысқа татырлық қиянат жасау болады. Мәселен 1726 жылғы Қаратау сілемі - Ордабасыда ыдыраған қазақ бірігіп, жоңғар басқыншылығына қарсы айқасу үшін сардар етіп Әбілқайыр сұлтанды, ту ұстаушы бас батыр етіп Бөгенбай батырды сайлағаны баршаға мәлім. Сол Ордабасыны, содан кейінгі ілесе болған алғашқы шайқас - Бұланты шайқасын нақтылап өту парыз. Әбілмансұр - Абылайдың соңындағы жас батырлар жасағы жеңісті айқасын осы Бұланты бойында көрсетсін - ақ. Сонда Қазақияның киелі топырағының қанға бөккен әр түйіршігі өз қасиетті мекенін тауып, мерейі асар еді. Бүкіл Қазақияның тұс - тұсы тұтаса, жоталана көтерілгені айқындалар еді.

Ендігі бір мән берер, айрықша ықылас аударар түс - ұлттық салт - дәстүрдің көрінуі, өз бейнесімен ерекшеленуі. Әңгіме өзіміз, өз халқымыз жайында болған соң, сырттан әлеміштеп басқа жұрттың жа-мауын жапсырмай, өз төл тіршілігіміздің дәстүрлерінің керектілерін бетке ұстау ләзім. Мәселен, қарааағаш-тардың бұтақтарына Сібірдің ұсақ халықтарының әдетінше мәйітті теңге орап, салбыратып байлап қоюдың қажеті қанша еді.(Оларда, Сібірде, тоңы қалың жер қаздырмайтын болғандықтан, еріксіз сөйтетін). Сол қараағаштар тұрған жерді мәңгі ұмытпастай ғып ағаштарға әлем - жәлем байласа жетіп жатыр ғой.

Ұлттық ерекшелікті көрсету үшін отпен аластау рәсімін енгізуге болады. Ол рәсім -лапылдата жаққан екі оттың арнасынан ардақ тұтқан жандарды (нәресте, келін, күйеу, жасақ, батыр, бағылан) өткізіп, Алас, алас, алас! Қарамдық отпен талас! Тазалық мәңгі қонғай, Жамандық біткен қалас! Алас, алас, алас! т.т деп дауылдата жөнелсе.

Сондай - ақ Ораз арқылы бақсылық кереметті де сыналап кіргізіп жіберуге болмас па еді. Мәселен,



Абылайға толғатып жатқан ананың тезірек босануы үшін Ораздың бірер шұғыл да тосын бақсылық құбылыстарды көрсеткені абзал болар еді. Сол сияқты сонау Қалдан - Серен мен Ораз шарпысуы кезінде аспандағы тоқымдай қара бұлттан өздігінен тұтанатын найзағайды Ораз тарапынан, Ораз бақсылығынан туғызса, тіпті ұтар едік. Сонда сырттан келіп, қазақпен онша кірікпей тұрған Ораз айдынданып шыға келмес пе еді.

Ақбураны сценарийде ойнату керек. Ақбура - Абылайдың киесі ғой. Сол бура Абылайды бір жерде ғана емес, әр кезде қолдап, қорғап отырса. Жаяу шаршап, шалдығып келе жатқанда бұйдасын шұбатып, кездесе кетсе... Шым - шытырық дала жолынан адасып, бағыт - бағдарын таба алмай тұрғанда көз ұшынан сәулеленіп шалынса, т.т (бұлар штрихтар ғана, бірақ кинода қатты ойнап кетеді).

Шарыш пен Жәнібек (мүмкін Әбілмансұрдың өзінің) жекпе - жегін де қайта ойластырған жөн - ау. Тым жеңілдетіп, желпілдетіп жіберу - тарихқа да, жүздеген жылдар бойы халықтың санасында қалып-тасқан ұғымға да қонымсыз болуы мүмкін.

Бұлар аударма жасаған кезде көкейге келген пікірлер ғана. Кейінгілерін кейін де білдіре жатармыз. Біздікі - өнер туындысының жұтынып тууына баса көңіл аудару қажеттігін сездіру ғана ғой.

*2003 жыл*

## МАЗМҰНЫ

### ПОВЕСТЕР

Дүние өтерінде шыр айналды........................................... 5
Аймаңдай.....................................................................56
Алау.....................................................................
Ғарышқа көз тіккен жер................................................204
Беташар.................................................................... 204
Көкше теңіз туралы аңыз.......................................... 209
Нұрлы Балқаш, құнды Балқаш...................................233
Өмір аты - Қоңырат.....................................................274
Ұлы Ұлытау, үлкен Жезқазған...................................288
Жайраң Жәйрем..........................................................323
Даладағы оттар........................................................... 339
Ыстық жүрек, бай көңіл - Байқоңыр.......................... 379

### ТҮЙСІКТЕР

Қаламгер парызы - ақиқатқа жүгіну................................389
Барымыз аз, жоғымыз мол................................................ 407
Алматы теміржол басқармасының бастығы
Ербай Боранбаев жолдасқа ашық хат..............................411
Ордабасыға оралғанда.......................................................417
Р. Ибрагимовтың “Көшпелі” киносценариі
туралы аз-кем пікір.......................................................... 420



### “ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ - 2008 жылда

Бұл жылы Қор жанынан мынадай кітаптар жарық көреді.

**“Мәдени мұра”** бағдарламасы бойынша
**“Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы” көптомдығы**

8- том. Тұтас һәм мәңгі Түркістан идеясы.
9- том. Тұтас Түркістан идеясы үшін күрескендер.
10- том. Жетісу. 1916 жыл.
11- том. Жетісудағы жер мәселесі.
12- том. Ресей Отаршылдығы және дін мәселесі.

**“Алаш мұрасы”** сериясымен:

1. Алаш қозғалысы. Движение Алаш, 4-том.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Көптомдық шығармалар жинағы, 7 - 8 - 9-томдар.
3. Телжан Шонанұлы. Шығармалар жинағы.
4. Тұрсын Жұртбай. Ұраным - “Алаш”. 1 және 2-том.
5. Кәрібай Таңатарұлы. Шығармалар жинағы.
6. Қайым Мұхамедханов. Көптомдық шығармалар жинағы. 6 - 7-томдар.
7 Шерубай Құрманбайұлы. Алаш және терминтану (1910-1930)
8. Диқан Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры.

## “ЕЛ-ШЕЖІРЕ” ҚҚҚ

“Ел-шежіре” қайырымдылық қоғамдық қоры (ҚҚҚ) әдеби, мәдени ортадан алыста жүрген қаламгерлер мен кітап шығарғысы келетін кез-келген азаматқа көмек ретінде, олардың жазған шығар-маларын 20 - 30 % шамасындағы жеңілдікпен кітап етіп шығарып беретінін еске салады.

Кітап шығаруға байланысты кез-келген мәселе бойынша мына мекен-жай мен телефондар арқылы хабарласуға болады:


050009 Алматы қ., Абай даңғылы, 143-үй,
528 және 609-бөлмелер.
Телеф. 2-43-33-44.; 2-77-92-89.
Электр, почта **elshezhire@mail.ru**



ИБ № 40

Теруге 18.04.2008. берілді. Басуға 27.06.2008. қол қойылды. Пішімі 84х $108^1/32$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Times Kaz”. Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 22.6 Есептік баспа табағы 22.5

Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № 205.

*“Ел-шежіре"  қоғамдық қорының президенті*
*Дидахмет Әшімханұлы*

**Софы Қалыбекұлы Сматаев**

**Аймаңдай**

Редакторы Н. Мұратқызы
Техникалық редакторы А. Сайдахметұлы
Суретші Ж. Айдос
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы

“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы. 143-үй, 609-бөлме

ЖШС „Жедел басу баспаханасы”,
050030, Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.

ISBN 978-601-7011-43-7

9 786017 011437